


3167



**ҚАЗАҚ  
ТІЛІНІҢ  
ДИАЛЕКТОЛОГИЯЛЫҚ  
СӨЗДІГІ**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ —  
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ  
ТІЛІНІҢ  
ДИАЛЕКТОЛОГИЯЛЫҚ  
СӨЗДІГІ

I КІТАП  
(А—Е)



АЛМАТЫ  
«ҒЫЛЫМ»  
1996

гірші-  
ыз —

йгілг  
түсі-

сан  
чда,  
ра-  
ле-

ия-

ды  
к»  
е,  
к-  
эн  
т-  
а  
с  
і  
і

Құрастырушылар:

Ә. Нұрмағамбетов (А әрпі), С. Омарбеков (Г, Ғ, Д әріптері), Ф. Әлиев (Б әрпі),  
Ғ. Қалиев (Ә әрпі), А. Иманбаев (Е әрпі).

Жауапты редакторлар:

Ш. Сарыбаев, Ә. Нұрмағамбетов.

Рецензенттер:

филология ғылымдарының докторлары  
Е. Жанпейісов, Ә. Ибагов

Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1996. —  
200-б.

Қолыңыздағы сөздік жоспарланып отырған үш томдық диалектологиялық сөздіктің алғашқы томы. Мұнда қазақ тілі говорларының ерекшеліктері жайында біраз мәлімет беретіндей 5 000-ға жуық сөз қамтылып отыр. Бұл сөздіктің бір ерекшелігі — құрамында сирек кездесетін фонетикалық құбылыстарды қамтитын сөздер де енгізіліп отыр.

Сөздік ғылыми қызметкерлерге, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, мұғалімдерге және баспа қызметкерлеріне арналды.

К 4603010000—014  
407(05)—96 157.96

ISBN 5—628—01088—X

© Қазақстан Республикасы ҒА  
А. Байтұрсынов атындағы  
Тіл білімі институты, 1996

## АЛҒЫ СӨЗ

Әр халық үшін тіл — табиғаттың тұңғыш та таптырмас тамаша тартуы; тіршілік тірегі мен тот тигізбес тіні. Тіл құндылығын, қасиетін қастерлейтін халқымыз — «дінінді жоғалтсаң да, тілінді жоғалтпа» дейтіні де содан.

Тілдің жаны — оның құрамындағы сөздер. Сөз қадірін құрметтей білген әйгілі ғалымдар мен жазушылар өткен ғасырлардың өзінде-ақ тиісті ой-пікірлерін қағазға түсіріп, кейінгі ұрпақтарға үлгі есебінде қалдырды да.

Қазіргі заманымызда тіл білімінің дамылсыз дамуына сәйкес сөздік түрлері де сан алуан. Ғылымның әр саласына байланысты жасалып жатқан сөздіктерді айтпағанда, жалпы қолданысқа қажетті академиялық, энциклопедиялық, түсіндірме, екі тілді, фразеологиялық, этимологиялық, диалектологиялық және басқа да көптеген сөздік түрлерін санап жатудың ділгерлігі бола қоймас.

Осынша көп сөздіктер ішінен біздің ден қойып, діттей түспегіміз — диалектологиялық сөздік болмақ.

Арамызда дәл осы кезге дейін «тілімізде диалект жоқ» деушілер табылмайды емес. Ондай некен-саяқ, ілуде бір кездесетін пікір иелеріне «диалектологиялық сөздік» атауы түрпідей тиюі таңдандырмайды. Өйткені, олардың ойынша «диалекті жоқ тілде, бұл аттас сөздік болуы да мүмкін емес». Алайда, біздің тілімізде де жергілікті ерекшеліктер, ғылым тілімен айтсақ, диалектизмдер барлығы — анық та айқын. Көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектері мен баспадан шыққан кітаптары соның бұлтартпас айғағы. Әрине, біздегі жергілікті тіл ерекшеліктері жалпы халықтық тілден айырықша бөлектеніп, түсінікке онша қиындық тудырмайтыны рас. Дәл осындай жағдай орыс тіліне де тәндігін мына бір үзіндіден сеземіз: «Орыс тілінің қандай да диалектілері уәкілдерінің өзара қатынас жасауына олардың тілдері неміс, итальян тілдеріндегідей айтарлықтай кедергі жасап отырған жоқ»<sup>1</sup>.

Әр кезде диалект — жалпыхалықтық тілдің құрамындағы бір саласы ғана деп ұғынған жөн. Мына бір сөз осының куәсі болғандай. «Диалектінің жеке-дара тіл болмай диалект аталуының себебі — ол жалпы бір тілге тән ортақ ерекшеліктермен қатар сол тілдің бір тармағы болып саналатын диалектінің өзіндік ерекшеліктерін қамтиды»<sup>2</sup>.

«Тіліміз диалектісіз» деп бұра тартып, біле тұра түсінгісі келмейтін бірлі-жарым жандарға ұғымына жеңіл, тарихи шындықпен шындалған мына бір деректерді ұсыну ұнамсыз бола қоймас. Біріншіден, қазіргі кездегі әр халық ертедегі ру, тайпалардың бірігуінен қалыптасқаны дау тудырмаса керек. Демек, кейін пайда болған халық тілі — ежелгі ру, тайпа тілдерінен құрылған. Олай болса, әрбір ру, тайпаға тән тілдерден сақталып қалған іздің қазіргі халық тілінде көрінісі болуы заңды; екіншіден, қалыптасқан халық мұхит ортасындағы аралға көшіп кетпейді, сол ата мекенінде дәл өздері

<sup>1</sup> Атлас русских народных говоров центральных областей к востоку от Москвы. М., 1957. С. 20.

<sup>2</sup> Бұл да сонда. 9-б.

снякты ру, тайпадан калыптасқан басқа да халықтардың қоршауында көрші есебінде түрлі қарым-қатынаста өмір сүріп қала береді. Сол қатынастың бәрі тіл арқылы жүзеге асса, араларында сөз ауыс-түйісі болмады десек, жаңылысқан болар едік. Басқаны былай қойғанда, осы көрсетілген екі деректің өзі-ақ тілде ерекшелік туғызудың басты себебі бола алады.

Енді диалектілік сөздерді (лексиканы) құрастыратын қабаттарға сәл түсінік берумен бірге, қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінен, мысал ретінде, бір-екі сөзді көрсете кетпекпіз.

Бірінші қабат — диалектілік архаизм, түсініктірек айтсақ, қазіргі кезде күнделікті қолданудан қалып бара жатқан ескірген, көнерген сөздер. Мұндай сөздер қатарына: «деңмент» немесе «дегмент» жатады. Мағынасы — күміс белбеу, күміс жапқан әшекейлі белбеу: «жолым үй» — тік уықты кішкене киіз үй. «Деңмент», «жолым үй» ерте кездерде жиі қолданылғанмен, осы күндері тек кейбір өңірдегі қазақтар тілінде ғана сақталған.

Екінші — диалектілік неологизм — бұрынғы бір заттарды басқаша атаудан немесе кейін пайда болған нәрсеге не ұғымға түсінік беруден туған жаңа сөздер мен сөз тіркестері. Мысалы: «жар газеті» — қабырға газеті; «тәсілен шай» — цейлон шайы т. б.

Үшінші — меншікті тіл ерекшеліктері — ежелден түркі тілдеріне меншікті сөздер көп жерлерде ұмытылса да, кейбір аудан, аймақтар тұрғындары тілінде осы күнге дейін сақталып, жергілікті тіл өзгешелігін тудыруға себеп болған: «Жарын» — келесі жыл; «саранау» — сүтті сиыр, т. б.

Төртінші — адстрат ерекшеліктер немесе көрші не аралас отырған халықтар тілінің әсерінен пайда болған сөздер: «бадыраң» — қияр; «жозы» — аласа дөңгелек стол; «зәңгі» — баспалдақ, саты және осы сияқтылар. Мұндай сөздердің тілімізде ұшырасуы — көрші, аралас отырған өзбек, ұйғыр тілдері әсерінен. Ең соңғы, бесінші қабат — географиялық варианттар, түсініктірек айтсақ, белгілі бір зат атауының әр жер тұрғындары тілінде өзгеше дыбыстық құрамда көрінуі. Мысал үшін мына бір-екі нәрсені атап өтпекпіз. Екі шелекпен су таситын құралды көбіне «инағаш» дейміз. Осыны бір жерде «әпкіш», екінші жерде «күйенте», үшіншісі «суағаш» десе, оттан шөк қысып алатын құралды қазақтардың көпшілігі «шымшуыр» қалпында атаса, кейбір облыс, аудан тұрғындары «әтшікр», «жәмке», «мәстемір», «шаттауық» және де басқа дыбыстық құрамдарда айта береді.

Көрсетілген бес түрлі қабаттың қай-қайсысындағы сөздер ішінде жүйесі басқа — араб, иран, т. б. тілдерден ауысып, жергілікті тіл ерекшелігін тудырған тұлғалар да баршылық. Әрине, олардың тарихын, шыққан тегі қай тіл екендігін анықтап беру — өз алдына бөлек зерттеуді талап етеді. Дәлірек айтсақ, бұл іспеттес міндеттер — этимологиялық сөздікке жүктелмек, дегенмен диалектологиялық сөздікте де этимологиялық талдаулардың жұқанасы болуы заңды құбылыс.

Қазақ диалектологтары бұдан бұрын да сөздіктер жасап шығарған еді<sup>3</sup>. Оның ең көлемдісі Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты тарапынан 1969 жылы, «Ғылым» баспасы арқылы жарық көрген «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі»<sup>4</sup>. Бұл көлемі 30 баспа табақ қысқаша сөздікті жұртшылық жақсы қабылдады. Баспасөз бетінде бірнеше реттен жарияланды<sup>5</sup>. Мысалы, Мұзафар Әлімбаевтың мақаласындағы «Қазақ тілі диалектологиялық сөздігін» құрастырушылар халыққа пайдалы еңбек шығарған. Бұл «асыл толы алтын сандық» іспеттес жылы лебіз аса ар-

<sup>3</sup> Аманжолов С. «Вопросы диалектологии и истории казахского языка». Алма-Ата, 1959. («Диалектологический словарь» деген тақырыппен берілген. 353—439 беттердің аралығындағы сөздікті қараңыз); Досқараев Ж. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Лексика, Алматы, II бөлім. 1955. 154-б.

<sup>4</sup> Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Құрастырушылар: Ж. Досқараев, Ш. Сарыбаев, Ә. Нұрмағамбетов, Ж. Болатов, С. Омарбеков, О. Нақысбеков, Ғ. Қалиев, Ш. Бектұров, Қ. Айтазин. Алматы, 1969. 426-б.

<sup>5</sup> Әлімбаев М. Алтын сандықтағы асылдар // Лениншіл жас. 1970. 7 қаңтар; Кәрімов Х., Серғалиев М. «Диалектологиялық сөздік» // Жетісу, 1970. 8 қаңтар.

тық, асыра айтқан бағалау болмаса керек. Сөздіктің алғы сөзі «...диалектологтардың алдында келешекте толық диалектологиялық сөздік құрастыру міндеті тұр» — деген сөйлеммен тұйықталған еді. Осы міндетті жүзеге асыру мақсатымен диалектолог-ғалымдар соңғы жиырма жыл бойы бұрын назардан сырт қалып, тілдік деректер жиналмаған Қазақстанның орталық, солтүстік облыстары, Тәжік ССР-і, Монғол Халық Республикасындағы қазақ тіліне мәліметтер жинау мақсатымен сапар ұйымдастырып, жиналған-тергендерін бөлімдегі қорға әкеліп қосқан. Бұдан басқа бұрынғы кездердегі зерттеу жұмыстарындағы тілдік ерекшеліктер де қамтылып, карточкаға түсірілуі де қордың қоматтана тұсуіне әсерін тигізді. Осылар іспеттес өзге де қыруар жұмыстар жүргізу нәтижесі — аталған сөздікке қарағанда көлемі жағынан 3—4 есе мол үлкен «Диалектологиялық сөздікті» көпшілік қауымға ұсынуға мүмкіндік беріп отыр.

Құрылысы жағынан ДС-тер<sup>6</sup> түсіндірме сөздіктерге жақын тұратындығы Г. Мельниченконың «Түсіндірме сөздіктің ерекше бір түрі»<sup>7</sup> деген пікірінен айқын танылып тұр. Мысалы, жергілікті тіл ерекшелігінде кездесетін белгілі бір сөздің мағынасын түсіндіру барысында оның әдеби тілдегі мағынасы тең сөзбен (синоним) ұғындырамыз. Ал мағыналас сөз табылмаған жағдайда бірнеше сөздер тіркесі арқылы сипаттауға тура келеді: «жорап» — шұлық; «сапқы» — кеспе жейтін істік екі таяқша. Мысал үшін алынған екі сөздің (*жорап, сапқы*) алғашқысын әдеби тілдегі синонимімен түсіндіруге болса, соңғысын — тек бірнеше сөзбен сипаттай отырып қана ұғындыра аламыз. ДС-тің түсіндірме сөздікке өте жақындығы осыдан-ақ көрініп тұр. Оның бұл қасиеті тек қазақ тілінде ғана емес, басқа да тілдерге ортақ. Бұл — ДС-тің жан-жақтылығының бір ғана қыры.

Сөздің түп-төркінін, этимологиясын ашып беру ДС-тің мақсатына жатпайды. Дегенмен, сөз төркінін, оның шығу тарихын көрсететіндей материалдарымыз болса, оларды тиісті жерде беріп отыруды мақұл көрдік. Осы мақсатпен жергілікті тіл ерекшеліктерінің бір қатарының қазақ тіліне қай тілден ауысып келгендігі, шыққан түп-төркіні, тарихы жөнінде, бар мүмкіндігімізше, мәлімет берілген. Қазақстанның батысы мен оңтүстік облыстары тұрғындарының тілінде «байтаба» дыбыстық құрамындағы сөз әдеби тіліміздегі «шұлғау» мағынасында қолданылады. Көрсетілген өңірдегі қазақтармен көрші аралас отырған басқа түркі тілдері деректерін діттеп қарасак, мына жағдайларға тап боламыз. Жергілікті тіл ерекшелігіндегі «шұлғау» мағынасында көрініп отырған «байтаба» өзбекше — «пайтама», ал түркі тілдерінен жүйесі басқа болып саналатын тәжіктерде — «пойтоба» тұлғаларында кездесіп, мағынасы бірдей («шұлғау») екендігін байқаймыз. Одан әрі іздене түссек, сөз төркіні, тегі — парсы тілі дерліктей дерекке тап боламыз. Оларда: «пай» — аяқ, ал «таб» — орау деген мағыналарды меншіктенеді. Осыларды ой өлшеміне салып, одан туған жорамалды қорытындылай келе пікір айтқан адам парсы тіліндегі екі сөздің бірігуі (*пай — таб*) біздің түсінігіміздегі «аяқты орау» дегенді ұғындырады екен деп шамалайды. Ізденістің бұл түрі тіл білімінде «этимология» делінетіні белгілі. Қолдарыңыздағы ДС мұндай ізденістерден де құр алақан емес. Демек, бұл сөздіктің екінші қыры этимологиялық сөздікпен ұштасып, оған да қолғабысын тигізерлік қабылеті бар. Бұл жерде ДС-тің терминологиялық, синонимдік, т. б. сөздіктермен де жалғасып жататындығын тек атап қана өтеміз.

Тағы бір еске салатын жағдай — ДС түсіндірме сөздікке тек құрылысы жағынан ғана сәйкес келіп қана қоймай, құрамындағы сөздер арқылы да байланысып жатады. Дәлірек айтсақ, жергілікті тіл ерекшеліктеріндегі сөздердердің, түсіндірме сөздіктен де орын алуына еркі бар. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінен мұны айқын көреміз. Алайда, өкінішке орай, тіл ерекшелігі (диалектизм) екендігі дау тудырмайтын біршама сөздердің тұсына, кейбір авторлардың жауапсыз қарауынан, дәстүрге айнал-

<sup>6</sup> Осыдан былай қарай «Диалектологиялық сөздік» атауы қысқартылып «ДС» күйінде беріледі.

<sup>7</sup> Мельниченко Г. О принципах составления областных словарей // Уч. Зап. Ярославского гос. пед. ин-та им. К. Д. Ушинского. Вып. XXVI (XXXVI) Русский язык. Ярославль, 1957. С. 6.

ған «диал.», «диалектизм», «жерг.», («жергілікті ерекшелік») белгілерінің бірі де қойылмаған. Шынын айтсақ, сөздікте осы екі белгінің (*диал.* не *жерг.*) біреуін ғана тұрақтандыру керек еді. Ол да ескерілмеген. Жалаң дәлелсіз болмас үшін осы екі белгінің де қойылмай түсіндірме сөздікке кірген жергілікті тіл ерекшеліктерден, мысал ретінде, бір-екеуін көлденең тартайық: «АШТЫ» сын. 1. Ауызды, тілді қуырып (ашытып) жіберетін дәм; тәтті емес. Бір дәмді, бір дәмсізді қосып шайнап, *Ашты* ма, тәтті ме деп талғадың ба? Пенденің жұмыр басы не болмайды. Жетнесе жетем деген арманына (Айтыс); 2. Диал. Ащы, удай. Сорпаның тұзы ашты екен»<sup>8</sup>.

Әділдігіне жүгінсек, бұл жердегі «ашты» — республикамыздың оңтүстігінде, кейбір аудандарда тұратын қазақтар тіліндегі диалектизм — әдеби тілдегі «ащы»-ның баламасы. Сөздікте оның еншісіне екі мағына беріледі де, алғашқысы әдеби тілге телініп, соңғысы «диал.» деген белгі тағылып, жергілікті тіл ерекшелігіне жатқызылған. Оның үстіне «ашты» сөзіне даралай меншіктеген мағыналарынан айырмашылық таба қою қиын-ақ. Түсіндірме сөздікте тек «ашты» сөзі емес, басқа да бірқатар диалектизмдер дәл осы жағдайда сипатталады. Мысалы, «СЫМ» зат. Матадан тігілген шалбар. Қызылордаға барғанда Алматы жігіттерімен бірге болдым. Ол жақта көйлекті жейде, шалбарды *сым* дейді екен (Х. Есенжанов, Көп. жыл.)<sup>9</sup>. Көркем әдебиеттен келтірілген мысалдың өзінен-ақ «сым» сөзінің диалектизм екендігі көрініп тұрса да, сөздікте «диал.» немесе «жерг.» сияқты белгісі қойылмаған. Бір нәрсе ғана анық — «ашты», «сым» іспеттес сөздерді қалай сүйресек те әдеби тіл қалпының қатарына енгізу қиын. Өйткені, бұл тәрізді сөздердің тұрақтаған, бекіген, қалыптасқан «ащы», «шалбар» секілді баламалары бар.

Біз түсіндірме сөздікке сын пікір жазып отырған жоқпыз. Сондықтан оның ДС-пен байланысын баяндау барысында көзге шалынған кемшілік жақтарын бірді-екілі мысалдар арқылы шарпумен ғана шектелеміз.

ДС-тің негізгі объектісі — диалектизмдер, әдеби тілде қолданылмайтын, белгілі бір таралу шегі бар сөздер. Авторларға реестрлік сөздерді іріктеуде белгілі бір қиындық келтірген жай — жарыспалы сөздер мәселесі. Әртүрлі диалектілердегі сөздерден құралған атаулардың бір сыңары әдеби тілде норма болып қалыптаспай, екі немесе бірнеше вариант күйінде жарыспалы түрде қолданылып жүрген фонетикалық және лексикалық дублеттер көп.

Осыған орай тіліміздегі фонетикалық, лексикалық вариант, дублеттерді үш топқа бөлдік:

1. **Әдеби дублеттер.** Бұл топқа изоглостық шегі жоқ, бірақ әдеби тілде қатар, жарыса қолданылып жүрген сөздер жатады. Мысалы: *разы // риза // ырза; жалғыз // жаңғыз; залал // зарар; мысалы // мәселен*, т. б.

2. **Әдеби-қарапайым дублеттер.** Бұл топқа бір сыңары әдеби тіл нормасы ретінде анықталып, екінші сыңары қарапайым сөз дәрежесінде қалып қойған *себен // сәбән; егер // эгар; еден // иден; уәде // уағда; мысалы // мисалы* сияқты сөздер жатады.

Әдеби дублеттер де, әдеби-қарапайым дублеттер де диалектизмдерге қатысты болмағандықтан, біз оларды сөздікке енгізген жоқпыз.

3. **Әдеби-диалектілік дублеттер.** Бұл топтағы сөздердің алғашқы екі топтағы дублеттерден айырмашылығы — мұнда белгілі бір изоглостық таралу шегі болады. Оларды әдеби тілге қатысына қарай іштей екі топқа бөлдік:

1) **әдеби варианты анықталған дублеттік қатарлар.** Бұл топқа жататын дублеттік қатардың бір сыңары әдеби тілде норма болып қалыптасып, қалғандары диалектизм дәрежесінде ғана қолданылады. Мысалы, *жугері // борми // көмбеқонақ* сөздерінің алғашқы *жугері* сөзі әдеби тіл нормасы да, қалғандары диалектизмдер екендігіне ешбір дау болмаса керек. Сол сияқты *кебек // ұрпақ // буызы // күрпі* деген синонимдік қатардағы алғашқы *кебек* сыңары әдеби тіл компоненті анықталған синонимдік қатардан не фонетикалық варианттардан реестрлік сөз ретінде оның әдеби сыңары алынбай, тек диалектілік сыңары алынып отырды.

<sup>8</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1-том. Алматы, 1974. 517-б.

<sup>9</sup> Бұл да сонда. 8-т. 1985, 471-б.

2) Әдеби варианты анықталмаған дублеттік қатарлар. Бұған әдеби компоненті анықталмаған, сынарлары әдеби тілде қатар қолданылып жүрген синонимдік қатарлар мен фонетикалық дублеттер жатады. Мысалы; *әтеш // қораз, кесе // кәсе, атауыз // кемпірауыз // тістөуік, сақпаныш // сақманыш, палуан // балуан, пияз // бияз, әтір // иіс су // иіс май, көкейтесті // көкейкесті, айқай // айғай* т. б. Сөздікті жасау үстінде авторлар коллективіне, әсіресе, көп қиыншылық туғызған осы алуандас сөздер. Бұл дублеттік варианттардың мына сынары әдеби тіл, ана сынары диалектизм деп кесіп айту қиын. Олар әдеби тілде қатар, жарыса қолданылып жүрген сөздер. Субъективтік көзқарастың шылауында кетпес үшін әдеби тілде қатар, жарыса қолданылып жүрген дублеттердің бәрін де сөздікке енгізуді мақұл көрдік.

Біздің әдеби тіл лексикамыздың белгілі бір бөлегі әлі де болса қалыптасу, әлі де болса баю, өсу, жетілу үстінде екенін ескерсек және екі тілді сөздіктерді, терминологиялық, түсіндірме, әсіресе, орфографиялық сөздіктерді құрастырушылардың қолында мұндай варианттардың бәрі тігелі қол астында болу қажетігін ескерсек, дублеттік варианттардың бәрі де диалектологиялық сөздікке енгізілуі орынды сияқты.

Сөздікте ең алдымен реестрлік сөз берілді. Одан кейін іле-шала жақшаның ішінде сол сөздің жазылып алынған облысы мен ауданының аты көрсетіледі. Бұл документациядан түсіндіріліп отырған сөз тек сол ауданда ғана қолданылады, басқа көрші аудандарда не көрші облыстарда қолданылмайды деген ұғым тұмау керек. Өйткені, бұл документация реестрдегі сөздің таралу шегін көрсету мақсатымен беріліп отырған жоқ, ол сөздің жазылып алынған ауданын ғана көрсету мақсатымен беріліп отыр. Сөздің таралу шегін, изоглосын көрсету — диалектологиялық атластың міндеті.

Қолданылу аймағын көрсететін деректерден кейін реестрдегі сөз әдеби тілдегі балама синониммен түсіндіріледі. Егер әдеби тілде бұл сөздің баламасы болмаса, онда реестрлік сөз баяндау түрінде бірнеше сөзбен сипатталады да, экспедиция материалдарынан мысал беріліп, сонында жақша ішінде сол мысалдың қай жерден жазылып алынғандығы жөнінде географиялық деректеме келтіріледі. Одан кейін қолда бар болса, көркем әдебиет пен мерзімді баспасөз материалдарынан алынған мысалдар беріледі.

Диалектілік тіркестер сөздік мақаласының (словарная статья) ішінде берілмей, жеке реестр ретінде беріледі. Мысалы, *жұмыс жасау, не зат? Жер шығып кету, я ма?* т. б.

Егер тіркестегі не мақал-мәтелдердің құрамында кездесетін диалектілік сөз сол тіркес не мақал-мәтелдерден тыс, жеке қолданылатындай қабілеті болса, ол сөз жеке реестрге шығарылады да, тіркес, мақал-мәтелдер сол сөздік мақаласының ішінде келтіріледі.

Белгілі бір аймақ, аудан көлемін мекендеген қазақтар тілінде солардың өздеріне ғана тән дерлік тұрақты сөз тіркестері (фразеологиялық тіркестер) де біршама табылып қалады. Мысалы: әдеби тіліміздегі: «*Шаршап, жүдеп жүру*» мағынасын — «*айшығы айналып жүру*»; көрместей болып өкпелегенде «*жүзін бабалы көру*»; қоңды, күйлі жылқыны — «*қыл мойыны ішінде*» іспеттес тұрақты сөз тіркестері арқылы түсіндіреді. Мына құрастырылып отырған сөздікте осылар тәрізді фразеологиялық тіркестер де орын алған. Бұл қырынан қарағанда, ДС-тің фразеологиялық сөздікпен де тамырластығы танылады.

Әдеби тілде норма болып қалыптаспаған, таралу шегі (изоглосы) бар белгілі бір мамандықпен, шаруашылық түрімен байланысты қолданылып жүрген жергілікті кәсіби сөздер бар, олар мақта, егіншілік, балық, т. б. шаруашылыққа байланысты қолданылатын *діңке* (қауын); *борми // порми* (жүгері); *бәдірең* (қияр); *гүлше* (гүл шығара бастаған мақтаның шанағы); *күләбі, болбол, қызыл ұрық* (қауын түрлері); *жұтпа* (үлкен қармақ) сияқты сөздер.

Қолдарыңыздағы ДС-тің бұрынғы басылымнан (1969 жылғы) басты ерекшелігі және көлемі жағынан еселене көрінуінің мәні мынада. 1969 жылғы сөздікте «Диалектологиялық сөздікке кірмейтін сөздер» дей келіп, жеті бөлімнен тұратын ескертпе тізілген. Соның бірі: «ә) құрамында фонетикалық ерекшеліктері бар сөздер»<sup>10</sup>.

<sup>10</sup> Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969. 9-б.



Ал, мына сөздікте құрамында дыбыстық ерекшеліктері бар сөздер кіріп отыр. Бірақ, ондай сөздер жаппай, енгізілмей, сараланып, іріктеліп енгізілді. Қазақ диалектілерінде кездесетін фонетикалық ерекшеліктер жүйесі жағынан, жиі не спрек айтылуы жағынан, белгілі бір сөздерді қамту жағынан бірдей емес. Мысалы, «ч» — шыл (чокание), «дж» — шыл (джокание) құбылыстары жүздеген сөздерді қамтығандықтан сөздікте көрініс тапқан жоқ. Мысалы: *чал (шал), чыбыртқы (шыбыртқы) малчы (малшы), джалшы (жалшы), джыл (жыл)*, т. б. Бұл құбылыс тек лексикалық диалектизм деп танылып отырған сөздердің құрамында кездессе ғана есепке алынады: (*чорағай — жас шағынан шортаннан кіші түрі, чоң — үлкен, зор* т. б.).

Сөздікке енгізіліп отырған құрамында дыбыстық ерекшеліктер бар сөздер сан жағынан аса көп емес. Мысалы, сөз ортасында дыбыстардың сақталып қалуы (*қумған — куман, шаңғарақ — шаңырақ, бірдеңке — бірдене, еге — ие* т. б.), «д» мен «л» дыбыстарының алмасуы (*маңлай — маңдай, таңлай — таңдай* т. б.), сөздің жуан-жіңішке айтылуы (*ләзім — лазым, әбіржу — абыржу, адауыр — әдеуір* т. б.).

Әрине, мұндай дыбыстық құбылыстардың белгілі бір аудан, облыс тұрғындары тілінде қолданудағы жайылу шекарасының барлығы ескерілді. (Мысалы, Қазақстанның батыс аймағында ұшырасатын: *құрытынды* («қорытынды» орнына), *орпақ* (ұрпақ) немесе республикамыздың оңтүстік өңіріндегі тұрғындар тілінде айтылатын — індеу («үндеу»). Реестрлік сөздің түсіндіруде оны сипаттайтын иллюстративтік материалдарды іріктеп алуда — диалектологиялық экспедициялардың материалдары негізгі нұсқа болды. Ал, көркем әдебиет, шығармалары мерзімді баспасөз деректері тек қосымша материалдар ретінде берілді. Жергілікті тұрғындар тілінде кездесетін мақал-мәтел, жұмбақтар да мысал ретінде пайдаланылды. (*Атау — арал: ауылымыз атауда, аяқ-қолымыз матауда; Бозбайтал — өсекші: арадағы бозбайтал, андағыны мұнда айтар, мұндағыны анда айтар: жап — арықтың кішірек түрі. Жылай-жылай жап қазсан, күлекүле су ішерсің, құмған: меш алдында құмған, екі көзін жұмған (шешуі — мысық); Пияда — жаю адам: Өзі түйе үстінде жүріп, пиядағы бүк дейді* т. б.).

Мағына жағынан бірдей, бірақ дыбыстық құрамы жағынан әртүрлі сөздер 1969 ж. ДС-те жарыса қолдануды білдіретін белгі (//) арқылы әріп ретімен бір реестрде берілген болатын: *әндірлән // ұртташ* (Орын.: Ад., Бөр.). Бауыры ақ, сырты қызыл тышқан; *Көлшімек // көлмек* (Орал: Қазт., Чап.) азырақ суы бар ойпат, ояң жер; *Қақпыш // төшелкі* (Орал: Чап., Жымп.), самауырдың өшірткісі. Мына, жаңа сөздікте бұл тәрізді сөздер бірінен бірі ажыратылып, әріп тәртібімен тиісті жерінде дербес реестрде орналасқан. Сөйтіп, ұсынылып отырған «ДС» — дәстүрлі таза лексикалық сөздік емес, фонетика мен лексикалық құбылыстарды қамтитын жаңа типті сөздік.

Кей тіл болмасын оның диалектілік лексикасын жинап, зерттеудің маңызы зор. «Кей асылы жерде, сөз асылы елде» дегендей, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі бір аудан не бір облыс көлемінде ғана айтылатын, көпшілікке бимәлім, бірақ әдеби тіл терминологиясын байытуға қажетті сөздерді жарыққа шығарып, әдеби тілге еңгізу арқылы көпшілік қауымның игілігіне айналдыруда да бұл сөздіктің пайдасы мол. Мысалы, *зембіл* (носкин), *арасан суы* (минеральная вода), *дәліз* (сени), *бармаққан* (галушки), *ләтта* (макулатура), *кәрәм* (капуста), *пендір* (брынза), *жеңсе* (нарукавник) сияқты атаулар әдеби тіл лексикасының баюына аса, қажетті сөздер. Халықтың сөйлеу тілінде көне тілдің сарқыншағы, көрінісі ретінде сақталып қалған ертедегі тайпа тілдерінің қалдықтары, көнеленген қат-қабаттары бар. Оның ішінен қазақ халқының әр түрлі дәуірде көрші халықтармен қарым-қатынасын көрсететін ауыс сөздер де табылады. Сол көнесімен бірге кейінгі дәуірде, тіпті кеңес өкіметі тұсында пайда болған сөздер де кездеседі. Ұсынылып отырған сөздікте тіл білімпаздарына, әсіресе, тіл тарихын зерттеп жүрген мамандарға қажетті көптеген тың, соны материал бар. Бұл сөздік — қазақ говорларының атласын жасауда әдеби тіл мен говорлардың ара-қатынасын анықтауда көп мәлімет береді.

Кейде дублет-варианттарды семантикалық дифференциация арқылы бір сыңарына бір мағына, екінші сыңарына екінші мағына беріп, екеуін екі басқа мағынада жұмсау арқылы кәдеге жарату — әдеби тіл дәстүрімізде бар нәрсе. Мысалы, *ілім* — учение, *ғылым* — наука, *білім* — знание, *салыстыру* — сравнение, *салғастыру* — сопоставление, *өкімет* — власть, *үкімет* — правительство, *жиылыс* — собрание, *жиналыс* — сбор. Сол сияқты кейде әр жерде, әр өлкеде бір мағынада айтылатын бірсыпыра сөздердің бірін алып, екіншісін тастамай, мағыналық дифференциация үлгісімен әдеби тілге жа-

ратуға болады. Мәселен, *одеколонды* да, *духиді* де оңтүстікте *әтір* десе, батыста *иіс су* дейді, солтүстікте *иіс май* дейді. Осы сынарлардың бірін алып, бірін тастамай, мағыналық дифференциация принципі негізінде әдеби тіл қажетіне пайдалануға әбден болар еді. Ол үшін журналист Ә. Қарағұловтың ұсынғанындай *одеколонды* — *әтір*, *духиді* — *иіс су*, репейное масло тіркесін — *иіс май* деп алу керек. Сол сияқты *биялай* мен *қолғап* сөздерінің бірін *варежки*, екіншісін *перчатки* мағынасында тұрақтандыруға болар еді. Осы ретте бұл сөздік тіл мәдениеті мәселелерімен шұғылданушыларға бай материал беретіні сөзсіз. Сөздік құрастырумен, текстологиямен шұғылданып жүрген филологтарға да бұл сөздік пайдалы құрал болып, белгілі бір дәрежеде көмегін тигізер деп ойлаймыз. Жоғары оқу орындарында оқып жүрген студенттерге қосымша оқу құралы болумен қатар, мектеп мұғалімдері үшін оқушылардың жазба жұмыстарындағы әдеби тілдің нормасын тануға, кейбір диалектілік сипаттағы сөздерден аулақ болып, тіл мәдениетін арттыруға да сөздіктің септігі тимек. Сонымен қатар сөздік этимологиялық ізденулерде, жалпы қазақ тілінің лексикология мәселелерін зерттеуде ескерусіз қалмас.

Бұл сөздікті әлі де толық сөздік деп есептеуге болмайды. Өйткені, Қытайдағы 1 000 000, Монғол Халық Республикасындағы 140 000 қазақ тұрғындарының тілдеріндегі зерттеуден тыс қалып отыр.

Сөз соңында диалектология бөлімінің қызметкерлері Б. Тлепин, Г. Е. Әжібекова және Б. Д. Мұхамеджановалардың осы жұмысты баспаға дайындауға белсене қатысқанын еске саламыз.

Ш. САРЫБАЕВ,  
Ә. НҰРМАҒАМБЕТОВ

## А

**АБАДАНДЫҚ** (Қарак. қаз.) байлық. **АБАДАНШЫЛЫҚ** (Қ. орда, Арал) жақсылық, жетісушілік, жабдықталған. *Октябрь революциясынан кейін бізге абаданшылық болды. Біздің шаруашылық, тұрмысымызда да абаданшылық көп* (Қ. орда, Арал) Әзірбайжан тілінде: абад — 1) ел қоныстанған; 2) жабдықталған (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 33). Түрік тілінде: *абадан* — 1) жақсы жабдықталған; 2) гүлденген сияқты мағынада қолданылады (Тур.-рус. сл., 1977, 19) да, өзбек тілінде *ободонлик* немесе *ободончилик* — жақсы жабдықталған; *ел қоныстанған дегенді ұғындырады* (Узб.-рус. сл., 1959, 293). Осы тілдегі соңғы «ободончилик» көрші отырған қазақтар тіліне ауысып, «абаданшылық» тұлғасында қалыптасқан. «Абадан» тұлғасын біз көрсеткен мағыналарда ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен де кездестіреміз. Онда бұл сөздің төркіні парсы тілі екендігі белгіленген (ДТС, 1969, I).

**АБАЖА I** (Түрікм.: Көнеур., Таш., Тедж.) кебеженің үлкені. *Бізде абажада ыдыс-аяқ, ауқат сақтайды* (Түрікм., Көнеур).

**АБАЖА II** (Гур., Маңғ.) үлкен. *Ендеше, мынау күнде-күнде жатып-өріп жүрген абажа бөлме... — бұл үшін атымен жұмбақ* (Ә. Кекіл., Күс қан., 1978, 29).

**АБАЙ** (Орал; Жымп., Шыңғ.) ынта, ықылас, зейін. *Әрине, абай қойып оқы-маса, түсіну қиын* (Орал, Жымп.). *Үйден шаршап барып, кластағы сабаққа да дұрыс абайын, ырқын тоқтатып тыңдай алмайды* («Қ. ту», 8.VI.1941).

**АБАЙДАУ** (Сем., Аяғ.) абайлау. **АБАЙ-ҚОКАЙ** (Орал, Жән.) кокан-лоқы. *Қабдыр абай-қоқай мен қорқыта алмайды* (Орал, Жән.). *Бұрын Жоңғарға алыстан абай-қоқай жасап қояды екен, қазір қол жиып кеп соғысып жатқан түрлері бар сияқты* (Ә. Кекіл., Үркер, 1981, 172).

**АБАЙМА** (Қар.) шен темір.

**АБАҚ I** (Қ. орда, Арал) жылымның (қ) бір бөлегі. *Абақ жылымның арқаны оралмауы үшін байланады* (Қ. орда, Арал). *Қыс болса имеңдеп прагон айдап, жаз болса қайықпен абақ жағалап, шырышты (қ) қолын судан шығармайтын қызу еңбек майданы басталады* (Ә. Нұрп., Күг. күн., 266). Орыс тілін-

де — *абака*. Жылымның бұл бөлігі Каспий балықшылары тілінде — «кіләш» делінеді (КТТ мен ДМ, 1-шығ., 1958, 116).

**АБАҚ II** (Сем.: Абай, Шүб.) түрме; абақты. *Сығалап қана қарар саңылауы, ас күйған аяқ қана сияр тесігі бар бітеу тас абақ* (М. Мағ., Алас., 1988, 507).

**АБАҚОҢЫР** (Торғ., Аман.) орташа күй. *Сенің атыңның абақоңыр күйі бар* (Торғ., Аман.) ... *атағы шыққан зергердің алдына мал түспейді емес, бірақ сол баяғы төрт қанат шатпа, көк ала түтін, әбеқоңыр күн көріс* (Ә. Кекіл., Үркер, 1981, 482).

**АБАҚЫ** (Шымк., Арыс) түрме; абақты. *Абақыда да жатты* (Шымк., Арыс). Өзбек тілінде — *авахта*, ал осы тілдің ауызекі қалпы — *авакти* (Узб.-рус. сл., 1959, 20). Өзбектермен іргелес қоныстанған қазақтар осы сөздегі «т» дыбысын түсіріп айту нәтижесінде «абақы» тіл ерекшелігі пайда болған.

**АБАЛАҚТАУ** (Сем., Акс.) абдырау, сасқалақтау. *Көңілің қатер жайлағанымен, түршігіп қорыққан да жоқ, абдырап, аба лақтаған да жоқ* (М. Мағ., Алас., 1988, 642).

**АБАТШЫЛЫҚ** (Қ. орда, Арал) теңдік, кеңшілік, бостандық. *Октябрь революциясы ғана бізге абатшылық әперді ғой* (Қ. орда, Арал). Түрік тілінде бұл сөздің тұлғасы «абат» қалпында көрініп, мағынасы — 1) жақсы, жайлы жабдықталған; 2) гүлденген дегенді түсіндіреді: (Тур.-рус. сл., 1977, 19). Өзбек тілінде де осы мағынада, «обод» тұлғасында көрінеді (Узб.-рус. сл., 1959, 293). Бұл сөздің «абаданшылық» сөзімен түбірлестігін әрі төркіні иран тілі екендігін ертедегі түркі жазба ескерткіштері арқылы білеміз. Онда «абад» қалпында берілген (ДТС, 1969, I), Қазақтар жергілікті тіл ерекшелігінде мағынасына біршама өзгеріс кіргендігі байқалады.

**АБДАН** (Алм., Шел.; Тау., Кош.) әбден. *Қызыл дөненді жарысқа абдан жаратып қосқанда алдымен келді* (Алм., Шел.).

**АБДАП** (Қ. орда, Арал) әсері, ықпалы. *Бұл жердің салқын болуы, теңіздің абдабы бар ғой* (Қ. орда, Арал).

**АБДӘСТЕ** (Шымк.: Мақт., Шәу.) дәрет құман, қолға су құятын құман. *Абдәстені алып, апам тысқа шықты* (Шымк., Мақт.). Өзбек тілінде: *обдас-*

те — дәрет алуға қажетті мойны жіңішке, шүмегі ұзын құман (Узб.-рус. сл., 1959, 293), қыр.: *абдесте* — ұзын шүмекті құмыра (К. Юд. КРС, 1965, 18). Сөз төркіні иран тілі екендігі көрсетілген.

АБДЫРА (Алм.: Кер., Нар., Жам.; Қар.: Ағад.; Павл.; Көкш.: К. ту.; Жамб.: Шу, Қорд.). Үлкен ағаш сандық. Үйде бір айбат *абдырам бар* (Алм., Нар.). *Абдырадағы жейдемді алып берші* (Алм., Жам.). *Абдыраға киім көп кетеді* (Көкш., К. ту.). *Ескі абдыраны ақтарып, кемпір Рабиғаның тәуір киімдерін әперген боп жатыр* (Б. Майлин, Шығ. V, 239). *Кішкене ғана қараша үй, төрінде бір-екі ескі абдыра* (Б. Майлин, Шығ., III, 1962, 234). Қырғ. *абдыра* — үлкен жәшік, үлкен сандық (К. Юд. КРС, 1965, 18). *т.ув. аптара не аптыра* — сандық (Рус.-түв. сл., 1980, 572); хак. *абдыра* — қобдиша (кішкене (сандық) сандықша) (Хак.-рус. сл., 1953, 13); монғ. *авдар* — кебеже, сандық (Монғ.-каз. сөз. 1954, 13); қалм. *авдр* — сандық, (Рус.-қалм. сл., 1964, 693); тунгус — мань. тілдерінде *абдо-ра* — сандық, жәшік. Осы тұлғалы сөз (*абдари*) парсы тілінде де кездеседі, мағынасы — саквоаж (қол сумка) (Пер.-рус. сл. I, 1983, 35). Әрине, бұларға монғол не түркі тілдерінен ауысқан. Сөз төркінін тунгус-маньчжур тілдерінен деп шамалаймыз. Өйткені маньчжур тілінде «абдари моо» тіркесі емен тұқымдас ағаш атауын береді (ССТМЯ, I, 1975, 5). Алғаш кебеже, сандық сияқты нәрселер осы ағаштан жасалып, кейін «абдари» атауы сол ағаштан жасалған затқа көшкен тәрізді. Мұнда сол тілде «ағаш» мағынасын беретін «моо» сөзі түсірілген. К. әбдіра.

АБДЫРИЯ (Жамб.; Сар., Тал.) жастықтың астына қоятын ағаш. *Абдырия болмаса, жастық аласа болады* (Жамб., Тал.).

АБЕТАЙ (Алм., Гв.) таза, тазалыққа мықты. *Омардың әйелі абетай кісі ғой* (Алм., Гв.). К. әбетай.

АБЖАУҚЫН (Жамб., Қорд.) мардымсыз, болмашы, жартымсыз, азғана. *Абжауқың ауқаттың үстіне келдіңдер, дастарқанға отырыңдар, бәрімізге жетеді.* (Жамб., Қорд.).

АБЖОР (Түрікм.: Ашх., Таш., Бекд.) тентек, бұзық, төбелескіш. *Адай абжорлығын қойды ғой қайта* (Түрікм. Бекд.). Иран тілінен ауысқан бұл сөз қырғыздарда «абжор» қалпында айтылып, «пысық, епті» мағынасында қолда-

нылады (К. Юд. КРС, 1965, 18) да, дәл осы мағынада өзбектерде — «абжир» қалпында кездеседі (Узб.-рус. сл., 1959, 19). Қазақ тілі жергілікті ерекшелігінде сәл мағына өзгерісіне ұшыраған.

АБЗАЛЫ (Қар.) кей уақытта.

АБЛАЙДЫҢ КАРА ҚОСЫ (МХР, Баян.) уықты шаңыраққа шаншып жасаған керегесіз қос.

АБРАЙ-ӘЖЕТ (Маңғ., Гур.) абырой-әдет. *Абрай-әжеттен жұрдай, құр қалған жігіт* (Гур., Маңғ.).

АБҰЙЫР (Сем.: Абай, Шүб.; Павл.) абырой. *Абұйыры бардан түңілме* (Павл.). *Отырғанда ауы сөгіліп кетіп, абұйырымызды ашып қалып жүрмейміз бе?* («Жұлдыз». 1988, № 4. 5—6-б.). Қ. *абырай; әбиір, әбүйір, абыри.*

АБЫ ЖАУҚЫН (Алм., Жамб.) азғантай. *Абы жауқың ауқат болды* (Алм., Жамб.).

АБЫЗДАНУ (Сем., Көкп.) маңыздану. *Баяғысы есіне түсті ме, аспандай қарап, абыздана шіреніп, басу айтты* (О. Бөкеев, Өз от. өш., 1981, 139).

АБЫЗДЫ (Жамб., Сар., Тал.) білімді, ақылды адам. *Бекен абызды адам* (Жамб., Сар.).

АБЫЙ (Қарак. қаз.) ақкөңіл.

АБЫЛАЙША (Жамб., Шу) қос, шаңыраққа уықтың өзін ғана шаншып тұрғызатын керегесіз кішкене үй. *Абылайша ілгеріде болған екен* (Жамб., Шу). *Айдалада, эппақ қар үстінде, қар жамылған жалғыз абылайшадан көк түтін ұйтқи ұшып жатты* (Ғ. Мұс., Дау. кейін, 1959, 203). Дәл осындай үйді азерб. — *алачык* (Азерб.-рус. сл., 1986, 100); түрік. — *алажык* (Тур.-рус. сл., 1977, 42); өзб. — *олачиқ* (Узб.-рус. сл., I 1959, 300); хак. — *алачых* (иб) (Хак.-рус. сл., 1953, 22) қалпында қолданылса, ертедегі түркі тілдерінде қостың бұл түрін «алачу» деп атаған (ДТС, 1969, 33).

АБЫЛАҢҚЫ I (Орын.: Ад., Бөр.; Гур.: Бақс.; Шығ. Қаз.: Мак., Ұрж.) ерте туған төл. *Мынауың тайынша ма, баспақ па дегенде, жоқ абылаңқы дейміз* (Орын., Ад.). *Қолхозда абылаңқы қозы да бар* (Гур., Бақс.). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінен: *авлак* — қозы, кейде: *оғлақ* — қозы (Ат-тухфа, Ташкент, 1978, 259, 353). Қазақ тілінің жергілікті ерекшелігінде осы тұлға сәл дыбыстық өзгеріске түсіп әрі-қы қосымшасы арқылы «абылаңқы» болып қалыптасқан.

АБЫЛАҢҚЫ II (Орал, Жымп.) сөзі

көп, сөзуар адам. *Абылаңқы адам* (Орал, Жымп.).

**АБЫЛАҢҚЫ** III (Гур., Есб.) аңыру, таңғалу. *Бағытжан абылаңқылан-ды да қалды өзінен-өзі* (Гур., Есб.).

**АБЫЛАУ** (Шығ. Қаз., Зайс.) жан-жағынан айнала қоршап, камалау. *Аңдарды ұстаудың ең бір қолайлы әдісі — абылау жасау болатын, бүгінде бұл қойылды* (Шығ. Қаз., Зайс.). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: абла — аң аулау (С. Малов, ПДПМК, 1959, 88.). Бурят тілінде *ау* — қоршап, камалау (Ц. Буд., Лекс. бур. диал., 1978, 255.). Сөздің түбірі осы «*ау*» тұлғасы болса керек. Мұны дәлелдейтін тағы бір дерек түркі тілінен кездеседі; *аблатия* — ұзындығы 150 метр, ені төрттен 10 құлашка дейін жететін балық аулайтын құрал — *ау* (Тур.-рус. сл., 1977, 20). Құрал, сөз жоқ, балықты қоршап, камалап ұстауға арналған.

**АБЫЛ-ҚҰБЫЛ** (Акт., Ырғ.; Қар., Ағад.; К. Орда., Арал; Жамб.). асығыс, ылдм-жылдым. *Ол етті абыл-құбыл жейді* (Акт., Ырғ.). *Ол үйден абыл-құбыл шықты* (Жамб., Жамб.).

**АБЫЛЫҒУ** (К. Орда, Жаңақор.) еңтігу. *Жанұшыра абылығын үн «э» дегеннен жетегінен алып, дедектетіп сүйрей жөнелгендей күй кешті* (Жұлдыз, 1978, № 9, 28).

**АБЫЛЫҚТЫРУ** (К. Орда: Қарм., Сыр., Шиел., Арал) еңтіктіру, деміктіру. *Малды жайлауға абылықтырмай еркімен жайып айдаймыз* (К. Орда, Қарм.). Атты көп абылықтырмай мінсе болады (К. Орда, Арал).

**АБЫЛЫП БІТУ** (К. Орда, Арал, Қарм.) арықтау, күйі кету. *Былтырғы семіз қара бура биыл абылып біткен екен* (К. Орда, Қарм.).

**АБЫҢ-КҮБІҢ** (Сем.: Көкп., Ақс.) күтпеген кезде, мезгілсіз. *Іргеқұмның жазығында отырған Өтеміс ауылы бүгін бесін кезінде абың-күбің болды да қалды...* (Жұлдыз 1978, № 3, 91).

**АБЫРАЙ** (Акт.: Байғ.; Түркм.: Таш., Ашх., Красн.; Гур., Манғ.; Қарак. Қаз.) абырой. *Баққан малдың аман болуы — үлкен абырай* (Акт., Байғ.). *Өтірік айтқан адамның абырайы бола ма?* (Гур., Манғ.). *Әзір Шахидың абырайы ешкімнен кем емес* (Түркм., Таш.). *Бишараның абырайы бар екен, аман-сау баласының келгенін қарашы* (Қарак. Қаз.). Түркм. — *абрай* (Рус.-түркм. сл., 1956, 18); Қырғ. — *абийир* (К. Юд., КРС, 1965, 18); өзб. —

*обрү* (и) (Узб.-рус. сл., 1959, 294); түрік. — *абыри* (Тур.-рус. сл., 1977, 19); ұйғ. — *аброй* (Ұйғ.-рус. сл., 1961). Көрсетілген түркі тілдері мен қазақ тіліне бұл сөз парсылардан кірген онда: *аб* (э) *ру* — ар, намыс (Пер.-рус. сл., I, 1983, 36). Парсы тілінің өзінде бұл сөз екі түбірден құралған: *аб* — *су*, *ру* — бет (осы сөздіктің 31, 734-беттері). Екі сөздің біздің тіліміздегі мағынасы — беттің суы. Тіліміздегі «беттің суын бес төгіп» мәтелі «абырой» сөзіменен мағыналас екен. Қазақ әдеби тілінде «абырой» дыбыстық құрамы қалыптасқан. Қараңыз, **АБҰЙЫР**, **ӘБҰЙІР**, **ӘБИІР**, **АБЫРИ**.

**АБЫРАЙЛЫ** (Қарак. қаз.) абыройлы. *Абырайлы істің басына, жақсы келер қасына* (мақал).

**АБЫРЖЫ** (К. Орда, Арал) мұз кетер, мұз қатар уақыт. *Қазір оңай, әлі абыржы болған кезде қиын болады* (К. Орда, Арал). *Уа, мына менің балам біледі... Біздің балықшылар мұз қатар шақ пен мұз бұзылып, ірімтік ақ сең жүрген кезде де «абыржы» деп атайды* (Ә. Нұрп., Курлян., 421). *Осы аласапыран абыржы айырықша балықшыға батады* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 25).

**АБЫРИ** (Акт., Шалк.) абырой. *Біздің колхоз бастығы абырилы жігіт* (Акт., Шалк.). Түрікше — *абыри* (Тур.-рус. сл., 1977, 19).

**АБІ-ТӘБІ** (Талд., Ақсу) аса жуан да, жінішке де емес, орташа ағаш. *Үйге салатын ағашты абі-тәбі болса матша дейміз* (Талд. Ақсу).

**АВТОКЕРУЕН** (МХР, Баян) жүк тиелген автомашина тізбегі. *Автокеруенде даяшылық жасайтын орын жетіспейтін де кемшілік арылған жоқ* («Ж. өм», 8.VI.1987).

**АГРЕК** (Көкш.: Еңб., Щуч., Қызыл.; Орал: Жымп., Жән., Шығ.) жыртылмай қалған жер (ат жал). *Агректі жал деп те атаймыз* (Көкш., Еңб.). *Ол бір ұқыпты тракторшы, жыртық жері бойлай агрексіз болады* (Орал, Шығ.). *Жерді тегіс, сапалы, ешбір агрексіз жырту керек* («К. ту», 27.11.1937).

**АГУРШІК** (Шығ. Қаз., Құрш., Көкш.; Еңб., Қызыл) қияр. *Бұл қыз агуршікті ағартқан алған ғой* (Шығ. Қаз., Құрш.).

**АҒА I** (Сем., Ұрж.) әке. Ағамның бешпеті ғой мынау (Сем. Ұрж.). Азербайжан тілінде «аға» тұлғасы кейде «әке» мағынасын береді (Азерб.-рус. сл., I,

1986, 48). Ал хакашша: аға — ата дегенді білдірсе (Хак.-рус. сл., 1953, 15), якут тілінде бұл тұлғадағы сөз біздегі әрі «аға», әрі «әке» мағынасында қолданыла береді (Як.-рус. сл., 1972, 29).

АҒА ІІ (Қар., Ағад.) бойлай, қуалай. Өзенді аға жүр. (Қар., Ағад.).

АҒА ДӘРІГЕР (МХР, Баян.) бас дәрігер. Бугат сұмындық мал дәрігер бөлімшесінің меңгерушісі аға дәрігер Ж. Сейтмұрат 1978 жылдан бері осы сумынға жұмыстап келеді («Ж. өм», 17.1.1983).

АҒА КОММУНИСТ (МХР, Баян.) ардагер коммунист. ...Қатарынан төрт жыл жеңіп алған...қызыл туын аға коммунист, шопан Көлпек пен жолдама иесі Гүлмира алып кіргенде жиынға қатысушылар ду қол шапалақтады («Ж. өм», 6.IV.1983).

АҒАЛА (Қ. орда: Тер., Қаз., Арал) ең жақсы, алдыңғы. Бұл тұрған машинаның бір ағаласы (Қ. орда, Тер.).

АҒАЛАП ШЫҒУ (Сем., Абай) аралап шығу. Жүз үйді ағалап шықтық (Сем., Абай).

АҒАЛДАНУ (Торғ., Жанг.) ауыру. Қызыл қасқа өзін ағалданып жүр білем, тым қатып кетіпті (Торғ., Жанг.).

АҒАЛ-ЖАҒАЛ (Гур., Бейн.) алба-жұлба. Кеше қонған самолеттен байырғы жүктен бөлек үсті-басы ағал-жағал, зобаланып біреу түскен (Ж. Нәжім., Кішк., 1975, 48).

АҒАРҒАН (Түрікм.: Красн., Небид., Таш., Мары; Гур., Маңғ.; Жамб., Жамб.) сүттен жасалған сусындар. Түйенің сүтінен басқа ағарған жасайтын іші заттың реті жоқ (Түрікм. Красн.). Қара жоқ маңда жайылған, ағарған жүзін көрмедік, болмады бір мал сауылған (Аралбай акын). — Рахмет, асығыспын. Ағарған ауыз тигізеңіз болды — деді... Кәлен (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 217). — Қой, құнажынды қайтесің ағарған ғой. Тұтан болса, ағарған ақсап келеді (Ш. Мұрт., 41 — ж. кел., 1972, 25). Түрікм. — ағарған (Рус.-туркм. сл., 1956), қарак. — ағарған (Қарак.-рус. сл., 1958), азерб. — ағанты (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 48). Ертедегі жазба ескерткіштердің бірінде: ағарбағ — бидайды келіге түйіп, су қосып жасалған ішімдік (боза) (М. Қашк., III, 446).

АҒАРЫ (Қарак. қаз.) азырақ, аз ғана. Қасқалдаққа бір ағары май бітсе, қарқылдасып ұшқан көлін танымас (Мақал) (Қарак. қаз.). Қарақалпақ ті-

лінде: ағары — 67 грамм; түрікше: асары — өте аз, мардымсыз (Тур.-рус. сл., 1977, 67). Сөздің алғашқы төркіні араб тілі: харруба — сиымдық өлшемі — 1/16 қадақ немесе 0,129 л. тең. Осы сөз кейбір түркі тілдеріне ауысқанда дыбыс заңдылықтарына қарай өзгеріске ұшыраған (Ә. Нұрм., Жер, тіл ерскш. төрк., 1985, 5).

АҒАС (Гур., Маңғ.) жыра, су орып кеткен жер. Доллапа қаратай беттей бергенде, мәшініміз жолсызда бір ағасқа соғып, кері оралдық (Гур., Маңғ.).

АҒАТАЙ (Шығ. Қаз., Больш., Тау., Қош.) аға. Бүгін қаладан менің ағатайым келеді (Шығ. Қаз., Больш.). Сенің ағатайың үйде ме? (Тау., Қош.).

АҒАУЫЗ (Орал, Чап.) шортанның ірісі. Ағауыздың еті дәмді, өзі салмақты келеді (Орал, Чап.).

АҒАШ АЙЫР (Павл., Ерт.) ағаштан жасалған айыр.

АҒАШ АРА (МХР, Баян) ара.

АҒАШАТ (Жамб., Шу) табыт, қайтыс болған кісіні салып көтеретін ағаш. Сөйлеп қал тіршілікте қызыл тілім, жаны жоқ ағашатқа мінбей тұрып (Жамб., Шу).

АҒАШ АЯҚ (Қар., Ағад.) екі сырық ағашты аяғына іліп алып жүреді, соны ағаш аяқ дейді.

АҒАШ БЕЛСЕНДІ (Қост.: Аман., Жанг.) жағымсыз, жаман белсенді. Сен осы ағаш белсенділігіңді қашан қоясың (Қост., Жанг.) Ол ол ма, қазір аузынан нақ жалын шашып тұрған ағаш белсенді (А. Нұрманов, Құл. ажалы, 1987, 110).

АҒАШ ОРАҚ (Көкш., Қ. ту) ағаш жонатын, екі жағында тұтқасы бар құрал (сүргі). Ағаш орақпен жонылған ағаш өте жақсы шығады (Көкш., Қ. ту.).

АҒАШ САБАН (Орал, Қазт.) ағаш соқа. Ағаш сабан осы күнде жоғалды ғой (Орал, Қазт.).

АҒАШТЫҢ ҚАЛЫНДЫЛЫҒЫ (Тау., Қош.) ағаштың қалыңдығы.

АҒАШ ТІС (Алм., Гв.) ағаш соқа. Бұрынғы кездің ағаш соқасын ағаш тіс деп те айтамыз (Алм., Гв.).

АҒАШ ҰСТАСЫ (Шымк., Арыс) ағаш шебері. Ағаш ұстасы да қысқа әзір (Шымк., Арыс).

АҒАШ ҮЙ. (Ақт.: Ойыл, Ырғ., Жамб., Жамб. Түрікм.: Красн., Бегд., Небид., Жеб.; Орал; Гур; Маңғ., Есб.; К. орда; Жал., Қарм.) киіз үй. Осы ағаш үйді

былтыр Гурьев жақтан алдырдық (Түрікм., Красн.). Анау көрінген екі ағаш үй — біздің қой фермамыз (Ақт., Ойыл). Чопандар ағаш үйде тұрады (Жамб., Жамб.). Жаз кезінде көбінесе ағаш үйде отырамыз (Гур., Маңғ.). Ағаш үйді осы күнде сирек тігетін болдық (К. орда, Жал.).

АҒАШ ШАЙЫ (Орал, Чап.) грузин шайының бірінші сорты.

АҒАЯҚ БИДАЙЫҚ (Торғ., Жанг.) бидайықтың ақ түрі. Анау табандағы ағаяқ бидайықты бүгіннен қалдырмай шауып алу керек (Торғ., Жанг.).

АҒДАРҒЫЛ (Торғ., Жанг., Аман.) шешен, ақын адам.

АҒЕДЕН (К. орда: Қаз., Қарм.) ақ көңіл. Бірақ оны білетін бұл өңірдің халқы — «шофер бала» дейді. Ағеден жигіт оған арланбайды (Ә. Нұрп., Сең, 1983, 38).

АҒЗУ (МХР, Баян) матаның ақ түсі.

АҒИМА 1. (Гур., Маңғ.) сырт киімге арналған жұқа мата. Ағима шекпеннен су өтпейді (Гур., Маңғ.); 2. (Түрікм.: Красн., Бекд.) қойдың биязы жүнінен тоқылған киімдік бұйым. Ағима шекпен өте жылы болады (Түрікм., Красн.).

АҒИУ (Қарак. қаз.) ағу. Су құмырдан ағиу тұрыпты (Қарак. қаз.).

АҒЛАН (Сем., Ұрж.) суға түсетін иірім. Ағланшылар келді чарчачалығып (Сем., Ұрж.).

АҒЗОН (Түрікм., Небид.) жұқа, ақ мата.

АҒЫЛӨК (Орал, Қазт.) жетек. Арбаның ағылөгін көтер (Орал, Қазт.). Қараныз: ағылөп.

АҒЫЛӨП (Орал: Чап., Жымп., К. орда, Арал) арба жетегі. Мұз үстіне алдымен прогон сырықтарды, ағылөп, сүзгілерді қойып, оған қамыс төсейміз (К. орда, Арал). Үйдің сыртында ағылөптер: көтерулі екі көк арба мен шетен қоралты тарантас тұр («Жұлдыз», 1987, № 3, 26). Қараныз: ағылөк.

АҒУА (Орал: Жән., Шыңғ., Орда) әңгіме, үгіт. Жас балаларға ондай ағуаң әсер ете бермейді (Орал, Шыңғ.). Сармалаев Раушан сияқты колхозшылар: «енді оқып біз әкім болмаймыз» — деп колхозшылар арасында ағуа тұғызып жүр («Коммунист», 18.VII.1939).

АҒҰРҰҚ (Шымк., Қызылқ.) түсі ақ, қабығы жұқа қауынның бір түрі. Ағұрұқты қыста сақтауға болады (Шымк., Қызылқ.).

АҒҰСАҚ (Шымк., Мақт.) күріштің

ұсағы. Дукенге бүгін ағұсақ түсіпті (Шымк., Мақт.).

АҒҰЙ (Жамб., Шу) тұтқын, кепіл. Түске дейін жау шауып, түсте ағұйге өтегенді ұстай қалып, басын саудалайды (Жамб., Шу).

АҒЫЗАМ САУ (Торғ., Жанг.) тамағым сау.

АҒЫЗУ I (Түрікм.: Көне ұр., Тедж., Гяур, Таш.) құю. Шайға шелектен су ағызып әкел-ау (Түрікм., Көнеұр.). Өзбекше — охизмок (Ұзб.-рус. сл., 1959, 312).

АҒЫЗУ II (МХР, Баян.) сырғыту. Сондықтан бір сағатта 10500 тонна көмір ағызатын лента жұмыстатылатын болды («Ж. өм.», 31.X.1983).

АҒЫЛ (Түрікм.; Красн., Небид., Таш., Ашх.) қамыстан жасалған төбесі ашық мал қорасы. Кеште жандықтарды ағылға қамауды ұмытпаң (Түрікм., Таш.). Азерб.: ағыл — мал қорасы (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 55.); түрікше: ағыл — мал қора, қой қора (Тур.-рус. сл., 1977, 28); өзб.: оғил — қора, сиыр қора, мал қорасы (Ұзб.-рус. сл., 1959, 314); монғол тобындағы бурят тілінде: айл — қора (Т. Берг., К иссл. лекс. монг. яз., 1961, 93). Сары ұйғ.: ағул — қора (Ә. Тен., ССЯ, 1976, 174); түрікм. — ағыл (Рус.-туркм. сл., 1956, 827). Ағул — ағыл — мал қора (А. Бор., ЛСТ, 1963, 37).

АҒЫМ (Жамб., Шу) саясат, өкімет. Облысым Жамбылым үш жүз адам, Еңбегі бағаланды ағымменен («Кн-ровшы» газ., 1941, № 82, Шу ауд.).

АҒЫМҒА ТҮСІРУ (МХР, Баян.) өз бетімен жіберу. ...Мал отарлату жұмысын ағымға түсіріп, ...төл аяқтандыру дайындығын тым қанағатсыз жасағандықтан 7000 ірі мал 10700 төл шығындалды.. («Ж. өм.» 4.VIII.1983).

АҒЫН (Сем.: Көкп., Ақс.) екпін. Машина ағынымен келе жатқанда оны тоқтату қиын (Сем., Ақс.).

АҒЫН-ТЕГІН (Шығ. Қаз., Қатон.) ағыл-тегіл, өте көп. Көл дария көзін жасы ағын-тегін, Сарғайып күні-түні іздегенде, Немене еді сонда сенің іздегенің («Екпінді Алтай» газ., 27.VIII.1938).

АҒЫП-БҰҒЫП (Алм., Кер.) оғып-бұғып. Көзім ауырып, ағұп-бұғып қалаға бардым (Алм., Кер.).

АҒЫП КЕТУ (Алм., Талд.) шықпай қалу, жоқ болу. Былтыр кейбір жерлердегі бидай ағып кетті (Алм., Талд.).

АҒЫС (К. орда: Арал, Қарм.) оқыс. Осы қып-қысқа ағыс қараста оның на-

зарын аударған және бір нәрсе немістің М. Г. А. пулеметі болды (Ә. Нұр., Курл., 90).

АДА-ГҮДЕ (Сем.; Абр., Акс.) түгел, бәрін; мүлде. Әрбір сағатты, әрбір минутты ораққа дайындық жұмысын қысқа сроктө а да-гүде аяқтау күресіне жұмсау қажет («Соц. шаруа» газ., 2.VIII.1941). Исатай өзі де бұдан а да-гүде хабарсыз емес еді, ханның бұл сапарын ол өзінше жорыды («Жұлдыз» 1978, № 3, 116).

АДАҒЫ (Орын.: Ад., Бөрт. Домб.; Орал, Жән.; Торғ., Жанг.). аяғы, соңы. Оспанның үйі көшенің а дағында (Орын., Ад.). — Қыз Жібек жырының а дағы бар еді — дейді Керей жырау. (Орын., Домб.). Посевтің а дағы июньге шекті (К.) келді (Орал, Жән.). Бұл жұмыстың а дағы айналып келіп, тағы өзіне соғады (Торғ., Жанг.). ... А дағында күйіншіті халмен барып бітті («Қыз. Қаз.» журналы).

АДАЙ ҚӨЙЛЕК (Түрікм., Таш., Көнеүр.) жағасы үш бұрышты әрі иыққа дейін түсіп тұратын көйлек. А дай көйлекті қазір кейбір үйлерде болмаса таба алмайсың, бірақ осыдан 7—8 жыл бұрын «мәдә» деп бүкіл жастар киген болатын (Түрікм., Көне.).

АДАЙ ТЫМАҚ (Түрікм.; Көнеүр., Таш.) төбесі томпақ, екі құлағы мен артқы жағы тұтас тігілген, желкені жауып тұратын ықшам бас киім.

АДАЙ ШАЛБАР (Түрікм., Көнеүр.) қойдың иленген қырықпа терісінен тігілген, сыртын ақ не сары бояумен бояған шалбар. Қыста ат үстінде отырғанда а дай шалбары адамның аяқ, тізесін мұздатпайды (Түрікм., Көнеүр.).

АДАЙ ДОМБЫРА (Түрікм., Таш.) күжім ағашынан істелетін, шанағы дөңгелектеу, кішкене домбыра. А дай домбырасының даусы шыққыр келеді де әнді, күйді орындауға өте ыңғайлы, қолға алып жүруге ықшам (Түрікм., Таш.).

АДАҚАРБА (Қарақ. қаз.) жас баланы жүруге үйрету үшін жасалған аяқ арба.

АДАҚҚЫ (Орын., Ад., Бөрт.; Кост., Жетік.), аяққы, соңғы. Жә, а даққы, жә басқы дыбысы бөлек айтылады (Орын., Ад.) ұйғыр тілінде: а даққи — соңғы (Ұйғр.-рус. сл., 1961, 12); өзб.: одоқ — соны, ақыры (Ұзб.-рус. сл., 1959, 296); туба-кижилерде: а дақ — соны (Н. Баск. ДЧТ, 1966, 97). Монғол тілінде: а дач — соны, ақыры; сағасы (өзен-

нің) (Монғ.-каз. сөз., 1954, 15); сары-көлше: аду — соңы (Т. Пах., Сар.-рус. сл., 1971, 7).

АДАҚТАУ I (Орын.: Ад., Бөрт.; Жамб., Шу; Қ. орда, Қарм.) бітіру, аяқтау, тауысу. Етті жеп а дақтаған кезінде әйелдің ері келді (Орын., Ад.). «Кеңес» колхозынан бері қарай а дақтап келеді екен бұл бала (Жамб., Шу). Түк қоймай а дақтап айтты ғой (Қ. орда, Қарм.). Бертайдың азасын а дақтап болмай жатып, Елтайыма ауыз салғаны несі бұл соқырдың, ойбой (Ш. Мұр., Ин. наны, 1974, 41). Ертедегі түркі жазба ескерткішінде а дақтақы — соңғы, ақырғы (ДТС, 1969, 9).

АДАҚТАУ II (Алм.: Кег., Жамб.) атау, атап өту. Бұл соғысқа қатысқандарды а дақтап өтейін (Алм., Кег.).

АДАҚТАУ III (Шымк., Шәу.) орындау. Үкіметке берген сертті а дақтаймыз (Шымк., Шәу.).

АДАҚТАУ IV (Қар.) озу.

АДАҚТАУ V (Қ. орда: Арал, Қарм.) аралау. Бұның екеуі де бүтін Европаны әскерімен таптап, а дақтап өткен жауынгер, жақсы генералдар (Ә. Нұрп., Құт. күн., 1958, 170). Арал, Қарақоға. Жәшітал жақтың бәрін а дақтап шықтым (Қ. Қараманұлы, Алт. изд., 1987, 76).

АДА ҚЫЛУ (Қ. орда: Сыр., Жал., Қарм.; Жамб.: Шу, Қорд.) бітіру, аяқтау. Біздің отряд жұмысын а да қылды. (Жамб., Қорд.). Ұйғырша: а да қилмақ — орындау, орындап болу (Ұйғр.-рус. сл., 1961, 12). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: а да қыл — зиян келтіру, бақытсыздық (ДТС, 1969, 7).

АДАЛ (Орал: Жән., Орда) біркелкі, біртегіс, өңкей. Қарабөлектің шөбі а да ал бидайық екен (Орал, Орда).

АДАЛ ЗАТ ЖОҚ (Гур., Шевч.) малы жоқ. Қозыдан басқа а да л з а т ы м ж о қ (Гур., Шевч.).

АДАЛЫН ШЕШКІЗУ (Орал; Орда, Қазт.) сырын, шынын айтқызу. Сіз оның бар адалын шешкіздіңіз (Орал, Орда). Барып адалын шешкіз (Орал, Қазт.).

АДАМ БЕТІ КҮШАЛА (Орал: Шыңғ., Орда, Жән.) адам бетінің өзгермеуі, беті бүлк етпеу. Оның ұялғанын бет әлпетінен білу қиын «а да м беті күшала» (Орал, Шыңғ.). «А да м беті күшала» деген сияқты, бәрі ауыз біріктіргендей ұялмай-қызармай «оқи алма-



дық» ...деп қарайды да отырады («Коммунист», 28. XI. 1939).

**АҚА** (Жамб.: Жам., Тал.) аға. *Акасы колхозда тұрады* (Жамб., Жам.). Ұйғ. — *ака* (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 14), өзб. — *ака* (Узб.-рус. сл., 1959, 29), сары ұйғырларда — *ака* (С. Малов, ЯЖУ, 1957, 13), сиың. ұйғырларында — *ака* (С. Малов, УНС, 1961, 92). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: *ака* (А. Бор., «Бадаи...», 1961, 63) — ұл мен қыздың үлкені, ал тағы бір ескерткіште: *акә* — қыздың үлкені (апа) (А. Бор., ЛСТ XII—XIII вв., 1963, 72). Парсы тілінде: *ак* — аға (Пер.-рус. сл., 1, 1983, 53), арабша: *ак* — аға (Ар.-рус. сл., 1, 1970, 31).

**АҚАТҚА** (К. орда, Қаз.) бөшке қақпағына қаратын ағаш. *Ақатқа қақпа-са бөшкенің қақпағы шығып кетуі мүмкін* (К. орда, Қаз.).

**АҚТ САЛУ** (К. орда, Арал; Көкш.: Руз., Зер., К. ту.) акт жасау. *Колхоз фермасының малы өлсе акт салады* (К. орда, Арал). *Малды сауықтыруға жеткілікті көңіл бөлмей, тек қана өлген малдарға акты салумен тынып отыр* (ҚД, 1, 1965, 124).

**АҚУШКЕЛЕУ** (Жамб., Жуалы) егіс жерін жұмсарту, босату. *Мен ақушкелеуге барамын* (Жамб., Жуалы).

**АҚ** I (Алм., Жамб.) сауылатын малдардағы ауру. *Ақ тиді ме, сүт шықпайды* (Алм., Жамб.).

АҚ ІІ (Алм., Жам.) анық, айқын, шын. Бір өтірігі жоқ, бәрі ақ, батыр жаудың қол-аяғын байлап, осында алып келді (Алм., Жам.).

АҚ ІІІ (Жамб., Жам.) тек, тек қана. Мұндай еңбек үстінде Ұлтайдың ойлайтыны ақ: «бір іс екі іс болмасын, жақсы істелсе ол өзіме де, колхозыма да әбiр». Ұлтайдың бір мінезі — еңбек үстінде сөйлеу дегенді білмейді, білетіні ақ: аршындап қимылдау, норманы асыра орындау, қалғандарға көмек беру («Кол-шы» газ., 1935, № 67).

АҚА І (Алм., Шел.; Шығ. Қаз., Зайс.; Жамб., Жам.) айыр. А қ а с ы н ы ң с а н ы н а қ а р а й е к і а қ а , ү ш а қ а , т ө р т а қ а деп шөп жинайтын құралды айтамыз (Алм., Шел.). Бізде ағаштан жасалған үш тармақты айырды ғана ақа дейді, ал темір айырды аша дейді (Шығ. Қаз., Зайс.). Үшақа, бесақа дегендегі «ақа» айыр, тармақ деген мағынада да қолданылады (Жамб., Жам.).

АҚА ІІ (Гур.: Махат. Маңғ., Есб.; Орал: Жән., Орда, Қазт.; Түрікм., Красн.) аға, кейде өзінен үлкен кісіге де айтылатын қаратпа сөз. Балам, а қ а ң н ы ң а т ы н а л ы п к е л (Орал, Жән.). А қ а , үйге кіріп жатыңыз (Гур., Есб.). — А қ а , сіздің бұл сөзіңіздің жаны барекен (Түрікм., Красн.). Бәсе, Қайырбек а қ а м ғ о й... (Ғ.Сл., Шалқар, 1954). Білесің бе бұл сенің Дауыл а қ а м а берген конфеттеріңнің қағаздары (Ә. Сәрс., Толқ. туг., 309). — Тек, әй! Ойбай-ай, мына баланы-ай! А қ а м а айтайын ертең! Көргенсіз екен бұл! — дейді (Ж. Нәжм., Кішк. 1975, 13). Туваларда — ақы (Рус.-тув. сл., 1980, 52), тофалар тілінде — аха (В. Расс. ФЛТЯ, 1971, 152), хакасша — ача (Хак.-рус. сл., 1953, 37), якуттарда — аға (Як.-рус. сл., 1972, 29), алтайлықтарда — ақы, ача (Н. Бас., ДК, 1972, 204; ДЧТ, 1966, 100). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: ақа — аға (С. Малов, ПДП, 1951, 359). Монғолша: ах — аға (Мон.-каз. сөз, 1954, 359), тунгус-маньчжур тілдерінде — ака, аха, ага, ағ, агу тұлғалы сөздер — туыстардың үлкені, аға деген мағыналарда қолданылады (ССТМЯ, 1, 1975, 23).

АҚА ІІІ (Гур., Маңғ.) әке .

АҚАБА І (Қарак. қаз.) арықта қалып қойған су.

АҚАБА ІІ 1. (К. орда; Сыр., Жал.) тоқтау су, жаңбыр суы. А қ а б а н ы ң а й н а л а с ы с а з (К. орда, Сыр.); 2. (Шымк., Сайр.; Жамб., Шу) бау-бақша, егінге жіберілген судың мөлшерден асып сырт-

қа шыққаны. Арықтан жіберілген судың а қ а б а с ы н т у р а л а (Шымк., Сайр.); 3. (Жамб., Жам.) егін суы жайылған жердің орны. С и ы р а қ а б а д а . А қ а б а н ы ң ш ө б і к ө к т е п қ а л ы п т ы (Жамб., Жам.). Өзбек тілінде «окова» сөзі тек сөз тіркесі ішінде келіп (сувно окова қилиш) мағынасы жағынан жоғарыда көрсетілгендерден алшақ кетпейді (Ұзб.-рус. сл., 1959, 313).

АҚАБА ІІІ (Акт., Қараб.) сүттің іріп кетуі. Шелектегі сүт а қ а б а болып тұр. А қ а б а болған сүттен құрт қайнатамыз (Акт., Қараб.).

АҚАЙ (Акм., Еркін.) ірі, сақа. Бұл тай 28-ноябрь күні орам өлді, оның өлуі, ашығын айту керек, а қ а й аттардың тізесіне салып, қатты жүргендіктен болып отыр («Еңб. туы», 1940, № 98).

АҚАЙДАР (К. орда, Қарм.) ыстық сокқан дақылдың ағаруы.

АҚАЙ ЖОҚ, НОҚАЙ ЖОҚ (Сем., Абай) айт-үйт жок, ай-шайға қарамау. А қ а й ж о қ , н о қ а й ж о қ , с е н і ң м ы н а у ы ң н е ? (Сем., Абай). Аз ойлағанда Бөжей өз ішiнен «шариғат та жөнге, шынға қарайтын шығар, а қ а й ж о қ , н о қ а й ж о қ , көрінгенге бұйда бере бермес» дегендей (М. Әуезов, «Абай жолы», 1, 1961).

АҚАЛА (Гур., Маңғ.; К. орда, Арал) зат түсін білдіретін сөз. Бұл тұрған бір машинаның а қ а л а с ы (К. орда, Арал).

АҚАЙ ЖОҚ, ТОҚАЙ ЖОҚ (Талд., Қапш.) айт-үйт, ай-шай жок. Бұл күні тіпті Әнипа алайымызды көзіне де ілмеген күйде, біздің сабақ оқып отырғанымызға да пысқырып қарамастан, а қ а й ж о қ , т о қ а й ж о қ бірден Санатқа таяп: «бол, жинал, колхоз бастық тез жетсін деп жатыр», — деп қолды-аяққа тұрғызбай дігірлеп жөнелді (Жұлдыз, 1988, № 2, 59).

АҚ АЙРАН (Алм.; Нар., Кер.) боранның бір түрі. А қ а й р а н боранның арасынан қараңдап екі ит шыға келді (Б. Соқп., Жекпе-жек, 169).

АҚАН АУ (К. орда, Арал) қызыл балық аулайтын аудың бір түрі — ұзындығы — 18—20, ені — 2,5 метрдей. Ақан ау торы мықты жіптен жасалады (К. орда, Арал). Орыс тілінде «ахан» немесе «охан» (Б. Даль, ТС. Т. 1, 1955, 30). Чуваш тілінде: 1) ахан — балық аулайтын құрал; 2) юха — охан (балық аулайтын құрал) (Чув.-рус. сл., 1985, 48, 643).

АҚАНШЫ (К. орда, Арал; Гур., Тен.) қызыл балық аулаушы. А қ а н ш ы қы-

зыл балықтарды, көбінесе, қыстыгүні аулайды (Гур., Тең.). Чуваш тілінде: *юхаджа* — тиым салынған құралмен балық аулау (браконьер) (Чув.-рус. сл., 1985, 644).

**АҚАР-ШАҚАР** (Гур., Манг.) ұзынды-қысқалы. *Ақар-шақар* құз жартас-тардың арасынан элем-жәлем боп бұл шыға келгенде жұрт жын көргендей қашатын болды (Ә. Кекіл., Үркер, 1981, 558).

**АҚ АСТЫҚ** (Гур., Манг.) бидай, сұлы сияқты дәнді астықтар. *Кенеп қоржынға салған ақ астығы аттың терімен қамыр боп, қабына жабысып қапты* (Ж. Нәжим., Кішк., 1975, 11).

**АҚАУЫЗ І** (Көкш., Қ. ту.) қол сау-сақтарының басына шығатын жара. *Ақ ауызбен ауырсаң көрер едім* (Көкш., Қ. ту.).

**АҚ АЯҢ БИДАЙЫҚ** (Торғ., Жанг.) бидайықтың ақ (әппак) түрі. *Анау табандағы ақ аяң бидайықты бүгіннен қалдырмай шауып алу керек* (Торғ., Жанг.).

**АҚ БАЙПАҚ** (Орал, Қарат.) сиыр малының індеті. *Ой, ақ байпақ келгір!* (Орал, Қарат.).

**АҚБАЙТАЛ І** (Қарак. қаз.) естігенін жұртқа жаятын, әсекшіл, аузы жеңіл адам.

**АҚБАЙТАЛ ІІ** (Көкш.; Щуч., Еңб.) үскірік, боран. *Қыста ақбайтал күндерінде өте суық болады* (Көкш. Щуч.).

**АҚ БАЙТАЛ ІІІ** (Қост., Об.; Торғ., Жанг.) кесе қар; қалың бораннан кейінгі күртік қар. *Қыстыгүні қатты борандарда әр жерде ақбайтал болып қар тұрып қалады* (Торғ., Жанг.). *Ақбайтал қарға түссең шыға да алмайсың* (Қост., Об.).

**АҚ БАҚАЙ БОЛҒЫР** (Орал, Чап.) жылқыға айтылатын қарғыс.

**АҚ БАЛДАҚ** (Қарак. қаз.) екі жасқа дейінгі түйе ботасы.

**АҚ БАЛТА** (МХР, Баян.) ағаш шабатын балта.

**АҚ БАЛШЫҚ** (Орал: Жымп., Чап; Сем., Абай; Көкш.: Щуч., Еңб., Қ. ту; Акт., Тем.; Қар.: Ж. арқа, Шет; Торғ.: Жанг., Аман.), үй ақтайтын зат (әк). *Маған да ақ балшығыңнан ауысышы* (Орал, Жымп.). *Ауылымыздың жанында ақ балшық бар, солай болса да Қазиев үйі... майланбаған* («Қ. ту», 8. VI. 1941). *Мынау ақ балшық жақсы екен* (Сем., Абай). *Ақ балшықты да дайындап қойыпты* (Көкш.,

Қ. ту). *Үйдің қабырғаларын бұрын сылаған ақ балшық қазір кірленіп айғызданған, кей жері тіпті қабыршықталып, құлап түскен* (С. Сейф., Шығ., V, 1963, 40).

**АҚБАЛЫҚ І** (Гур., Манг.; К. орда, Арал; Жез., Ұлы, Түрікм., Красн.) балықтың бір түрі — түсі ақ. *Ақ балықтың егі дәмді, бағалы* (Түрікм., Красн.). *Бұйырса, ертең ақбалық жейтін боламыз* (Ә. Сәр., Тол. ту., 1953, 38). *Ақбалықтың аппақ денесі күміспен құйғандай* (Ә. Нұрп., Сен., 1983, 277). *Азерб. ағбалық* — белуга (Азерб.-рус. сл., 1, 1986, 50); *туваша ақ балық* — орысша «елец» делінетін балық түрі (Рус.-тув. сл., 1980, 151), *түрікше ақ балық* — головля (Тур.-рус. сл., 1977, 36), *үйг. ақбелиқ* — белуга (Үйг.-рус. сл., 1961, 25), *якутша ат балық* — белуга (Рус.-як. сл., 1968, 34).

**АҚ БАЛЫҚ ІІ** (Орал., Чап.) табан, сазан, т. б. балықтардың кептірілгені.

**АҚБАНА** (Қарак. қаз.) мал су ішетін астау.

**АҚБАН-ДОҚБАН СОҒУ** (Орал, Қазт.) ат құлағы көрінбейтін, алай-түлей боран. *Атынан айырылып, өзі ақбан-доқбан соғып тұрғанда қасқырға кез болды* (Орал, Қазт.).

**АҚБАР** (Гур., Манг.; Торғ., Жанг., Аман.) мәлімет. *Шөп науқанының 10 күндік ақбарын атқару комитетіне жібердім* (Гур., Манг.).

**АҚБАРШЫ** (Акт., Ойыл) хат-хабар жеткізуші. *Біздің колхоздың ақбаршысы бүгін Ойылға жүреді, мәліметті содан беріп жіберсең де болады* (Акт., Ойыл).

**АҚБАС І. 1.** (Түрікм.; Красн. Тедж., Мары) басын жара қаптап, төсі ісетін түйе ауруы. *Биыл ақбаспен ауырған түйе көп болып тұр* (Түрікм., Тедж.); 2. (Жам.: Шу, Жамб.) аяғына күш түсіп, тұяғы бүрісе түсетін жылқы ауруы. *Ақбас құндыздықтан түседі де, сол жері іседі* (Жамб., Шу). *Ақбас адамда, малда болады* (Жамб., Жамб.). **Қ. бақай құрт.** *Ақбас — бұзаудың басындағы ауру* (В. Радлов. Опыт..., 1, 130), *қырғ.: ақ баш* — жылқы аяғында болатын ауру (К. Юд, КРС, 1965, 38), *түрікше ақбасма* — ауру түрі (катаракта) (Тур.-рус. сл., 1977, 36).

**АҚБАС ІІ** (Орал, Чап.; К. орда, Арал; Көкш.: Щуч., Еңб.) бидайық тәріздес ащы шөптің бір түрі. Кейде оны «тауықбас» деп те атайды. *Бұл жерде ешкі ақбас жеп күн көреді* (К. орда,

Арал). *Ақбас шөбі біздің жақта өседі* (Көкш., Шуч.).

АКБАС III (К. орда: Арал, Карм.) ұйтқымалы жаяу боран. *Ауық-ауық ішін тартып үйіріп соғып кетсе... ақбас шаңғытып кетеді* (Ә. Нұрп., Курл., 339).

АКБАС ЕР (Гур., Маңғ.; Акт., Жұр.; Қарак. қаз.) сүйектен әшекейлеп жасалған ер. *Ақбас ерді жақсылар мінетін* (Гур., Маңғ.).

АҚ БАСҚҰР (Қарак. қаз.) үлкен басқұр. *Киіз үйіміздің ақ басқұры жоқ, тоқтып жатыппыз* (Қарак. қаз.).

АҚ БАСҚЫН (К. орда, Арал) жаяу борасын. *Ақ басқын боп жылқы ығыпты* (К. орда, Арал).

АҚ БАСПА (Гур., Маңғ.) қалың жауған қар. *Қалың қар жаудырып, ақ баспа болып, малды шұбыртыпты* (Гур., Маңғ.).

АҚБАС ШӨП (Орал, Чап.) ащы шөптің бір түрі.

АҚ БАУЫР ТАРЫ (Алм., Талд.; Жамб., Мерк., Шу) ақ, қызыл тарының ұсақ түрі. *Ақбауыр тарының дәні толық болады* (Алм., Талд.).

АҚ БИКЕШ (Орал, Жән.) ақталған тары. *Ақ бикешті шайға салып жесе, ірә жақсы болар еді* (Орал, Жән.).

АҚ БОЗ (Орал, Чап.) биік болып, бас жарып шығатын шөп түрі.

АҚ БОЛУ (МХР, Баян.) желін ауруы.

АҚ БОЛЫП КЕТУ (Гур., Маңғ.) суалып кету. *Жер қу болған соң, мал ақ болып кетті* (Гур., Маңғ.).

АҚБОН-ДОК (Гур., Маңғ., Есб.) күшті, қатты боран.

АҚ БҮРКҮ (МХР, Баян.) бәйгеден озып келген ат сауырына сүт, қымыз бүрку. *Жаратқан-ай, неткен жақсылық еді, алдынан шығып, ақ бүркейікші* (МХР, Баян.).

АҚБІЛЕК (Қарак. қаз.) құрт түсіп, сабағы солып, қауынның бұзылуы.

АҚ ГҮЛҚАЙЫР (Жамб.: Мерк., Жам.) өсімдік аты. *Ақ гүлқайырлар арасында... бір түп қызғалдақ жылжып жүрген сияқты* (Ш. Мұрт., 41-ж. кел. 1972, 9).

АҚДАҢҒЫЛ I (Торғ., Жанғ.; Жез., Ұлы.) шешен, ақын адам. *Толға айта-тын ақдаңғыл емес пе?* (Торғ., Жанғ.).

АҚДАҢҒЫЛ II (Гур., Маңғ.) аккөңіл, акпейіл.

АҚДИГЕР I (Орал, Орда) қостың бір түрі. *Жолым үйдің орнына ақдигер болса, рә жақсы болар еді* (Орал, Орда).

АҚДИГЕР II (Орал; К. орда: Карм., Жал.) үлкен. *Ақдигер үй екен* (К. орда, Жал.).

АҚ ЕГІС (Жамб.: Мерк., Шу) бидай, арпа, сұлы егістігі. *Ақ егіс бригадасы жұмысты аяқтап қалды* (Жамб., Шу).

АҚЕДЕН (Қост., Об., Затоб.) аккөңіл. *Аңқылдаған бір ақеден кісі. Ернар оны іштей қатты сыйлайды, ең бір жақын туысындай көреді* (Ө. Қанахин, Құдірет, 1979, 91).

АҚ ЖАЗДЫҚ (Қарак. қаз.) өзі де, ұны да ақ бидай.

АҚЖАЙМА I (Сем., Абай; Гур., Маңғ.) төсек үстіне жаятын ақ мата. *Мынау ақ жайма жуылған, таза екен* (Сем., Абай). *Аппақ ақ жайма жабылып жағалай қойылған болскей керует* (Ф. Дін., Ұшқын, 46)... *астына ақ жайма төсеп, керуетінің аяқ жағындағы тақтай төсекке әкеп салады* (Ә. Кекіл., Құс қан., 1978, 222).

АҚЖАЙМА II (Сем., Шұб.) сұлгі. *Нәзік, ұяң Пелагея ақ жайма мен сабын әкеліп берді* (Чехов өңгім. Аударушы — Ж. Тіл., 1952, 80).

АҚ ЖАЛАУ I (Гур., Маңғ.) егіннің ақсабан болуы.

АҚ ЖАЛАУ II (Павл., Ерт.) тоғайда өсетін биік шөп, басында ақ тармағы болады. *Ақ жалау сулы жерге шығады* (Павл., Ерт.).

АҚЖАПА (Гур., Маңғ.) сиыр тезегі. — *Қатын, Қадырбайдың жұртынан ақ жапа көріп ем, теріп үйіп қой* (Ж. Нәжімеденов, Кішк., 1975, 239).

АҚ ЖАПЫРАҚ (Гур., Маңғ.) малға сүтті көп беретін өсімдік түрі.

АҚ ЖЕР (Гур., Маңғ.) егіннің орылғаннан кейінгі орны — аңыз. *Жиналған егіннің орнын ақ жер дейді* (Гур., Маңғ.).

АҚ ЖОРҒА (МХР, Баян.) жаяу борасын.

АҚ ЖҮСАН (Көкш., К. ту) жусан түрі.

АҚ ЖҮРЕК (Шығ. Қаз., Зайс.) теріскен төрізді шөп, ем үшін пайдаланады. Дененің қызуын қайтару үшін ішеді. *Бір жерден ақ жүрек табу керек болды* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АҚ ЗОН (Орал, Чап.; Акт., Ойыл) шыт, жұқа ақ мата. *Ақ зоннан көйлек тігіп алыпты* (Орал, Чап.). *Дүкендегі ақзоннан 15 метр алайын десем, ақшам жетпей тұр* (Акт., Ойыл).

АҚЗОН ТЕМІР (Түрікм.; Красн., Невд.) шелек, леген (К.) жасайтын темірдің ақ түсті түрі. *Не көп, ақзон темір көп, содан жасатың* (Түрікм.,



Красн.). Түрік тілінде: *аһен* — темір, болат, ал *аһсен* — жақсы, өте жақсы мағыналарын білдіреді (Тур.-рус. сл., 1977, 33, 34).

АҚИҚЫ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) шын, рас. *Мен арқайын (қ.) отырсын десең, ақиқы сөзінді айт* (Түрікм., Ашх.). Түрікменше — *хакыкат* (Рус.-туркм. сл., 1956).

АҚИҚЫ СУ (Түрікм.; Таш., Тедж., Мары) мақтаға берілетін су. *Пақтаның ақиқы суы уағында суыстамалы (қ.)* (Түрікм., Тедж.).

АҚ ИРЕК (Қар.; Акад., Ж. арка) омбы қар. *Қия-қиғаш, кесе-кесе жатқан ақ иректердің үстінен ырғып түсіпті...* (Ғ. Мұс., Оян. өлке, 137).

АҚИ-ТАҚИ (Түрікм.; Таш., Тахта, Көне ұр., Красн., Ашх.) үзілді-кесілді, бір жола. *Осыны шыннан да ақи-тақи қойғаның ба?* (Түрікм., Тахта). *Мен бүгінде ол кәсіпті ақи-тақи қойған кісімін* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 110). *Ауыр ойдан ақи-тақи айыға қоймағандікі ме, бұл әлі де түкке түсінген жоқ* (Ә. Нұрп., Сең, 1983, 56).

АҚ ИЫҚ БОЛУ I (К. орда: Арал, Қаз.) жария; таныс болу. *Бірақ Сатаев та, Қожақаев та жартымды ешнәрсе айта алған жоқ, ұзақ қиыр айтыла-айтыла ақ иық болған факты* («С. А» газ., 15. VII. 1943).

АҚ ИЫҚ БОЛУ II (К. орда; Қарм., Сыр.) шаршау, қажу. *Жұмыста ақ иық болуға болмайды* (К. орда, Қарм.).

АҚКЕ (Қар.; Ағад., Ж. арка) «Аға-еке» деген сөздің айтылуы. — *Ақке, тысқа шығып кетші! — деді әкесіне* (С. Сейф., Шығ., IV, 1962, 50).

АҚ КЕРІШ I (Сем.: Абай, Аяғ., Шүб., Ақсу, Көкп.; Қост., Семноз.) эк. *Үйді ағартып алайық деп едік, соған ақ керіш іздеу керек болып тұр* (Сем., Абай). К. эк. Көрсетілген жерлерде оны «ақ балшық» деп те атайды. *Шамасы, үйлеріңді мен әкеп берген ақ керіш пен ақтағансыңдар ғой* (Қост., Семноз.). Тіркестің екінші сыңары — керіш басқа түркі тілдерінде былайша дыбысталады: *ноғ — киреш, тат — керэч, құм. — киреч*. Ертедегі түркі тілдері сөздіктерінде *кіреч, кирач, керэч* болып тұлғаланған. Кейбір еңбектерде бұл тұлғаларды «кірпіш» сөзімен байланыстыра қарап, екі түбірден құралғандығына топшылау айтады. Біріншісі: *кир*//кірлай, саз; екіншісі, *ипиш*//біш//пәң — пісіру, күйдіру мағыналарындағы сөздер. Екі түбірдің

қосылуынан керіш//керпіш пайда болса, мағынасы — «күйдірілген лай», «пісірілген саз» дегенге нұсқайды. Араб тілінде: *калес* — извесьт мағынасын беретіндігін де зерттеушілер еске салады (Ә. Нұрм., Жерг. тіл ерекш. төрк., 1985, 6, 7).

АҚ КЕРІШ II (Жамб., Тал.) сар балшық. *Жерді терең айдаса, астынан ақ керіш шығады* (Жамб., Тал.).

АҚ КЕСЕ (Көкш.: Шуч., Еңб.; Қост., Фед.) күртік қар. *Барғанша жолдың бәрі ақ кеселенген екен, атымыз болдырып әрең жеттік* (Қост., Фед.).

АҚ КИІКТИҢ БҮРКАСЫНЫ (Түрікм., Красн.) киік лақтаған кезде соғатын ызғарлы жел. *Кешке қарай бүйір тұстан ақ киіктің бұрқасыны ұрып тұрады* (Түрікм., Красн.).

АҚ КӨБЕЛЕК (Шығ. Қаз., Больш.) ақ көңіл, аңқылдақ. Мұның кей жердегі географиялық синонимі «ақ көйлек» қалпында да көрінеді. Тіркестің ең негізгі, алғашқысы «ақ» сөзі болса керек те, «көйлек», «көбелек» сөздері кейін халық қосқан қосалқы тұлға деуге болады. «Ақ» сөзінің осы күнгі түркі тілдері мен ертеректегі мағыналарынан мынаны байқаймыз: түрікше *ақы* — мейірімді, жомарт (Тур.-рус. сл., 1977, 36), хакас тілінде *ах* — тамаша, өте жақсы (Хак.-рус. сл., 1953, 35). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: *ақы* — жомарт, мейірімді (Ә. Надж., ИСТЯ, 1, 1979, 219), *ағы* — жақсы, рақымды (Ат-тухфа, 1978, 271), *ахы* — ақкөңіл, жомарт (ДТС, 1969, 71, 48).

АҚ КӨЗДЕНУ (Гур.; Шевч., Ман.) алды-артын білмейтін даңғой. *Ол ақ көзденіп барып Каспий теңізіне түсіп еді, суға кете жаздады* (Гур., Шевч.). *Ол қызды екінші қайтара айттыратын кісі шықса — не ақ көз ер, не есуас, бөтен, аралық баға жоқ* (Ж. Нәжм., Кішк., 1975, 60). Азербайжан тілінде «ағкөз» тұлғалы сөздің бірнеше мағынасы бар. Солардың ішінде қазақ тіліндегі мына ерекшеліктің тууына себепші болғаны мына екеуі деуге болады: 1) батылсыз, қорқақ; 2) жалқау (Азерб.-рус. сл., 1, 1986, 59).

АҚ КӨЙЛЕК I (Торғ., Жанг.; Жез., Ұлы.; Сем.; Абай, Шүб., Тау., Қош., Павл., Үрлі.) ақ көңіл, аңқылдақ. *Қәдір шал ақ көйлек жақсы адам* (Торғ., Жанг.). *Оның ақ көйлек екені көрініп-ақ тұр* (Жез., Ұлы.). *Біздің райисполкомның председатели ақкөйлек адам* (Сем., Абай). *Сапарбек ақ көй-*

лек адам еді (Павл., Үрлі.). Айтан ақ көйлек адам екен (Тау., Қош). Сол кісінің өзі мен балаларының шылауында жүрген ақ көйлек, аңғал сорлы ғой (М. Әуезов, Абай жолы, 1, 312). (К. ақкөбелек).

АҚ КӨЙЛЕК II (Сем., Ұрж.; Қар., Шет; Көкш.: Шуч., Енб., Шығ. Қаз., Зайс.) бидайдың қабығы. Ақ көйлектен ажыраған бидай өнбейді (Сем., Ұрж.). Бидайды ұшырғанда, ақ көйлегі бөлініп шығады (Көкш. Шуч.). Тазаламаған бидайдың ақ көйлегі көп болады (Шығ. Қаз., Зайс.).

АҚКӨРПЕ (МХР, Баян.) көрпеге кигізетін тыс (сейсеп). Әйелдер мен балалардың ішкі-сыртқы киімі, ақкөрпеге неге жеткілікті өндірілмейді? («Ж. өм», 22. XII. 1983).

АҚ КІРЕУКЕ (Қарак. қаз.) бедерсіз ақ мата. Қарағай найза байлаған, ақ кіреуке ки дейді (Қарак. қаз.).

АҚ КІРПІШ (Қарак. қаз.) ақ топырақ, бор. Ақ кірпіш үй майлауға өте жақсы болады (Қарак. қаз.). (Қ. ақкөріш).

АҚ КІС (Гур., Маңғ.) ақ балшық, әк. Есік алды у-шу. Топ-топ бала. Алыс-жұлыс. Үсті-бастары ақ кіс, шаң (Ж. Нәжім., Кішк., 1975, 119).

АҚ КІСІ (МХР, Баян.) ақ тышқан.

АҚ ҚАЙРАҢ I (Шығ. Қаз., Құрш., Гур., Есб.; Қар., Қарк.; Орал: Қарағ.) балық түрі. Ақ қайраң балығы жеуге сүйкімді, өзі аса семіз тәтті балық (Шығ. Қаз., Құрш.). Новобогаттықтар Жайықтан ақ қайраң, сазан, тағы басқа балықтар аулап жүр (Гур., Есб.). Жайықтан ақ қайраңды балдар қармақпен де алады (Орал.). Барлығы бір кісідей күліп-ойнап, Дүзиді ақ қайраңша тұнық суда («К-шылар үні», 20. VII. 1937).

АҚ ҚАЙРАҢ II (Гур., Маңғ.) айдын. Одан әрі ақ қайраң көрінеді (Гур., Маңғ.). Ақ қайраң үстін түгел жауып аппақ құстар отыр (Ә. Сәр., Тол. туғ., 1953, 207).

АҚ ҚАЙЫҢ (Түрікм.: Красн., Таш.; Гур., Маңғ.) шытырға ұқсас, басының гүлі жоқ, ұзындығы 20—25 см., мал жейтін шөп. Есіктің алды ақ қайың, Жапырағын баспайын, Бұл үйден былай кеткенсін, Балалықты тастайын (Түрікм., Таш.). Бұл жерде жылқының сүйіп жейтін шөптері: ебелек, мортық, ақ қайың т. б. көп («Маңғ.» газеті, 1954, 22 октябрь).

АҚ ҚАЛАЙ (Орал, Жән.) шай қал-

быр. Ақ қалайдан шай алып, тасқұманға шай салшы (Орал, Жән.).

АҚ ҚАЛҚЫ (Гур., Маңғ.) ақ қалтқы.

АҚ ҚАПТАЛ (Алм.: Нар., Кер.) білімпаз. Тоғай ақ қаптал ғой, біледі (Алм., Нар.).

АҚҚАПШЫҚ ЖЫЛ (Қарак. қаз.) ашаршылық жыл.

АҚ ҚАСЫҚ (Қарак. қаз.) үлкен қасық, ожау. Ақ қасықпен құйың (Қарак.).

АҚ ҚОБАҢ (Гур., Маңғ.) ақ бидай. Біздің ел ертеде Арқадан ақ қоб ақ бидай әкеп салып жүрді (Гур., Маңғ.).

АҚ ҚҰЙРЫҚ ТЫШҚАН (Көкш.; Шуч., Енб.) тышқанның бір түрі.

АҚ ҚҰЙРЫҚ ШАЙ (Орал, Орда, Шыңғ.) жапырақ шайдың бір түрі. Аш қалмасың, ақ бөзден көйлек кимегенмен, ақ құйрық шай ішпегенмен өлмесің (Жұлдыз, 1987. № 3. 86).

АҚҚҰЛА I I. (К. орда: Жал., Карм.; Шымк.: Тұл., Қызылқ.; Қар., Ағад.; Жамб., Шу; Акт.; Жұр., Тем., Ырғ.; Торғ.: Жанг., Аман.; Қарак. қаз.) ерте кездерде қырманды бидайды қызылдағанда жұртқа беру үшін бөлініп қойылған бидай, кеусен. Қырманнан сураған адамға бір шелектей ақ құла береміз (Акт., Ырғ.). Ақ құла сұрау да ырым болушы еді (К. орда, Жал.). Бұған тиме, ақ құлаға шығарылған бидай ғой (Шымк., Қызылқ.); 2. (Қарак. қаз.) қырманнан бөлініп қойылған 1—2 пұт бидай. Қырман болған соң ақ құла бөлінбей тұрмайды (Қарак. қаз.).

АҚҚҰЛАҚ I (Қарак. қаз.) балықтың бауырындағы қанатшалар.

АҚҚҰЛАҚ II (Сем.; Шұб., Тау., Қош.) қой, ешкіде болатын жара, қотыр. Малда ақ құлақ ауруы бар (Сем., Шұб.).

АҚҚҰЛАҚ ШЕЛЕК (Гур., Маңғ., Шевч.) айран, сүт құятын ағаш ыдыс, күбі. Ақ құлақ шелекте шұбат бар (Гур., Шевч.).

АҚ ҚҰМАН (Көкш., Қ. ту, Уәлих., I-май; Торғ., Жанг.; К. орда, Арал; Қар., Ж. арка.; Акт., Ойыл; Түрікм., Красн.; Жамб., Шу) шай шығаратын шөйнек. Отаудың ақ құманын да ала кел (Жамб., Шу). Ақ құманға шай сал (Көкш., Қ. ту). Ақ құманға шай салдың ба? (Акт., Ойыл). Ақ құманға шай сал, шайы сұйықтау екен (К. орда, Арал). Ақ құманға су құю керек (Қар., Ж. арка.). Гүлнар, шешен ақ құманға шай сал деді ғой (Торғ., Жанг.). Самауырының үстіндегі ақ құман-

ның буы бұрқырап тұр (Түрікм., Красн.). Қамқа шайды бірге әзірлесін, ақ құманды демдеп жайнаған шоққа қоя бергенде, есіктен Имаш пен өкіл кірпін келді (Б. Майлин, Шығ., IV, 118).

АҚ ҚҰН (Түрікм., Таш., Небид., Красн., Гур., Маңғ.) құнның жақсы малмен өтелетін түрі. Есентемірлер ақ құн төлеп, жаладан зордан құтылды (Түрікм., Таш.). Әкеңнің ақ құны менде болмаса айтшы, кәне? (Ғ. Сл., Дөн ас., 118). Ертеде құнның бірқатары ірі (өсіресе, жылды) малымен төленген. Алтай, хакас тіл деректеріне назар аударғанда ғана тіліміздегі жергілікті ерекшелік болып отырған «ақ құн» тіркесінің қалай қалыптасқанын білеміз: «ақ» (ірі мағынасында) немесе «ах» (мандай алды) түсінігіне ие. Осыларға парсы тіліндегі «құн» («қан» мағынасындағы) тіркесе келіп, «ақ құн» пайда болған.

АҚ ҚҰРТ I (Түрікм., Красн.) тұз салып істелген құрт түрі. Шайға тістеп ішуге ақ құрт жақсы болады (Түрікм., Красн.).

АҚ ҚҰРТ II (МХР, Баян.) малды індетке ұшырататын құрт түрі. Сиыр оқырасы, ақ құрт қатарлы індеттердің шығуына әр шаруашылық 60-тан төмен емес процентпен азайтады («Ж. өм», 10. XI. 1983).

АҚ ҚҰС (Түрікм.: Красн., Небид.; Гур., Шевч., Маңғ.) иленген терінің етін түсіру үшін жұмсалатын ақ түсті тас. Бір мезгіле ақ құсыңды берші? (Гур., Шевч.).

АҚҚЫ (Қарак. қаз.) ағыны күшті су. АҚҚЫЛТЫҚ (Қарак.) шортан.

АҚ ҚЫНА (Сем., Ұрж.) тауға, тасқа шығатын өсімдік. Тауда аққына көп (Сем., Ұрж.).

АҚҚЫТАЙЫ (Қарак. қаз.) қауынның бір түрі.

АҚЫРА (Қарак. қаз.) жаптың екі арқасы.

АҚЛАЙ ҚҰДА (Қарак. қаз.) ұлы, қызы ержеткен кісілердің бір-біріне құда түсіп, жіп байлап, үйлендіру.

АҚ МАЙ I (Орал: Чап., Жымп.) күз айларында қураған шөп жеген мал сүтінің майы. Бұл жерде палауды көбіне ақ майға басады (Орал, Жымп.).

АҚ МАЙ II (К. орда, Арал, Қарак. қаз. Түрікм.: Ашх., Таш.) мақта майы. Бір шүйше (қ.) ақ майдан қалғаны осы ғана ма? (Түрікм., Таш.). Мақталы аудандарда ақ май көп болады (К. орда, Арал). Шөп майының ішінде мақталы аудандарда көбі ақ май ғой (Қарак. қаз.).

АҚ МАМЫҚ (Орал, Қарат.) өте жұмсақ ақ шөп. Ақ мамығы аралас бидайық ораққа түспейді (Орал, Қарат.).

АҚМАРҚА (Қарак. қаз.) еті қызыл, марка балық.

АҚ МӘНӘТ (Гур., Маңғ.) күміс ақша. АҚМӘНЖІН (МХР, Баян.) редиска.

АҚ МИЯ (Сем., Ұрж.) шөп түрі. Тарбағатай өлкесіне ақ ми я шығады (Сем., Ұрж.).

АҚМҰРТ (Шығ. Қаз., Зайс.) етіктің ішкі ұлтаны, ішкілігі. Етіктің ақ мұртын салу керек (Шығ. Қаз., Зайс.).

АҚМЫЛТЫҚ (Қар., Қарқ.) 1. Мерген. 2. Сөзуар, тілмәр. Қара сөздің ақмылтығы (Қар., Қарқ.). Ауыл арасындағы шолақ бәйгеге өзіміз де ақмылтық — деп бұ да өзінің бұқпа құлығын көрсетпей, басын бұркегенде, бөкесі көрініп жатты (Ғ. Мұс., Дау. кейін, 1959, 126).

АҚНАБАТ (Алм, Шел.) жұмсақ, тәтті ақ қауын. Ақнабат тәтті қауынның бір түрі (Алм., Шел.).

АҚ НӘУАТ (Жамб., Шу; Алм., Шел. Қарак.) үлкен сары қауын. Ақ нәуат сулы келеді, ауыр болады (Жамб., Шу).

АҚОРДА (Түрікм.: Көнеур, Таш.) алты және одан да көп қанатты киіз үй.

АҚ ӨЛЕҢ (Көкш., К. ту.) қоға, қамыс арасында өсетін ұзын шөп. Шошқа ақ өлеңді жерде көп болады (Көкш., К. ту.).

АҚПА I (Сем., Абай) 1. Ұшы, сүйір таяқ. Ақпа дегеніміз таяқтың бір түрі (Сем., Абай); 2. Алғашқы көбік қарда лақтырысып ойнайтын ойын түрі. Қыста ақпа ойынын ойнаймыз (Сем., Абай).

АҚПА II (Шығ. Қаз., Зайс.) көбіне үлкен өзендерде қолданылатын аудын бір түрі. Балықшылар қайыққа мініп, ақпа ау салды. (Шығ. Қаз., Зайс.). Арал балықшыларының сөйлеу тілінде «ықпа ау» түрінде қолданылады. Мұнда а~ы дыбыстарының сәйкестігі көрінеді.

АҚПА III (Жамб., Жам.) азбан (піштірілген мал). Айғырдан кестірілген я қошқардан тарттырылған малды ақпа дейді (Жамб., Жамб.).

АҚПА ҚҰДЫҚ (Қар.: Қарак., Ақад.) суы мол құдық.

АҚПАЛУ (Алм., Шел.) алып қалу. Пытыраның жарымын ақпалсаң, ақпал (Алм., Шел.).

АҚПАР (Гур., Маңғ.) екпін. Ақпарым күшті арнамын, Аяғым айдың шалқыған. Миуалы дарақпын, Бұтағын бұлт шарпыған (Аралбай ақын, 1910 жыл).

АҚПИЯ (Шымк.: Түл., Сайр.; Қар.,

Шет.) ұдайы егін салынатын жер. *Мынау ақпияның бидайы ғой* (Шымк., Сайр.).

**АҚ ПЕН ҚЫЗЫЛДЫҢ АРАСЫНДА** (Гур., Маңғ.) қас пен көздің арасында, лезде. *Ақ пен қызылдың арасында солаң етіп кіріп келген әлгі қаба сақал суық хабарын Бараққа да жеткізіпті* (Ә. Кекіл., Үркер, 1981, 526).

**АҚ ПОРМИ** (Шығ. Қаз.; Сем., Мак., Ұрж.) сабағы үлкен, ұзын жүгері. *Ақ порми тұқымын көп егу керек* (Сем., Ұрж.).

**АҚҒЫР** (Алм., Шел.) үлкен кесе. *Ақпырмен қымыз ішіп едім, маңдайымнан тер шыға келді* (Алм., Шел.).

**АҚ САБЫН** (Гур., Маңғ.; Жезк., Ұлы.; Торғ., Жан.) ніс сабын. *Ақ сабынды бас жууға қалдырдым* (Жезк., Ұлы.). *Кооперативке әйдік ақ сабындар келіпті* (Торғ., Жанг.).

**АҚСАҚ** (Түрікм., Небид.) бақай арасына жара шығып ауыру.

**АҚ САҚАЛ** (Жезк., Ұлы.) бидайдың дән алмай ағарып, сеңуі. *Биыл Байсалбай маңайындағы бидай ақсақалға айнала ма деп тұрмыз* (Жезк., Ұлы.).

**АҚ САҚАЛДЫ, САРЫ ТІСТІ БОЛУ** (МХР, Баян.) көп жасау. *Ақ сақалды, сары тісті бол, қарағым* (МХР, Баян.).

**АҚСАҚАЛ ШАПАН** (Түрікм., Краснов.) ауылдың ең үлкен ақсақалына құдалары жағынан кигізетін сый шапан. *Ақсақал шапан киім ішіндегі ең қымбат киім болады* (Түрікм., Краснов.).

**АҚСАҢ БАТУ** (К. орда, Тер., Жал.) кеш болып, күн бату. *Ақсаң батып, ымырт жабылды* (К. Орда., Жал.).

**АҚСАР БАС** (Шымк., Арыс) ителгінің бір түрі. *Қаршыға салсаң нар бастан, Ителгі салсаң ақсар бастан, Шамал салма, тынық сал, Алыс салма, жуық сал* (Шымк., Арыс, Фольк.).

**АҚСАРЫ** (Гур., Маңғ.; Қарак.) басы сары, сарғылт жыртықш құс. *Бір ақсарының ұясы бар екен, көріп кел дедім* (Қарак.).

**АҚСАРЫМСАҚ** Қ. айылжуа.

**АҚСАУЛАҚ I** (Қарак. қаз.) сыйлы қонаққа беретін жұқа нан.

**АҚСАУЛАҚ II** (Алм., Шел.; Қарак. қаз.) қауыннан істелген тамақ. *Ақсаулақ істеуге көп күлбгі қауын әкелдім* (Қарак.).

**АҚСЕҢ** (Орал, Жән.) аласапыран, әуре-сарсаң кез. *Колхозшылар шөп басында ақсең болып жүр* (Орал, Жән.).

**АҚСЕҢ БОЛУ** (Орал, Орда) жұмыстан қолы тимеу. *Колхоз активтері пішен басында ақсең болып жүр* (Орал, Орда.).

**АҚ СОНА** (Торғ., Жанг.) боз сона, сонаның кішкентай түрі. *Ағустың ақ сонасы, мал түгіл адамды да шыдатпайды* (Торғ., Жанг.).

**АҚСУЫРТПАҚ** (Гур., Шевч.) егіннің ақсабап болуы. *Егін ақсуыртпақ боп малдың аяғына ергенде қопсытады* (Гур., Шевч.).

**АҚСҮП** (Ақт., Ойыл.; Түрікм., Красн. Таш., Орал; Чап., Жымп.) ақ шыт, ақ сиса. *Дүкенге ақсүп та көп түсіп пе?* (Ақт., Ойыл.). *Балама көйлекке 3—4 метр ақсүп керек еді* (Түрікм., Таш.). Ұйғ. — *ақсүрүп* (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 26).

**АҚ СҮТ** (Орал, Жән.) киім-кешекті жауып қоятын ақ мата. *Ақ сүттерің қанша метрлік мата* (Орал, Жән.).

**АҚСЫЗ** (МХР, Баян.) сүтсіз. *Енесі ақсыз туған төлді сиыр сүтімен, қосымша жеммен жемдеу шаралары белгіленді* (Ж. өм», 23. V. 1983).

**АҚСЫРҚЫН** (Қарак. Қаз.) қарасора сияқты ашы шөп.

**АҚТАБАН СОЙЫЛ** (Кар., Карк.) сойыл түрі. *Басында ескілеу кішкентай ақ елтірі тымақ, қолында ұзын, жуан ақ сапты қамшы, сол жақ қарында қайыс бүлдіргелі ұзын, жуан ақтабан сойылы бар* (С. Сейф., IV, 1962, 37).

**АҚ ТАҒАМ** (МХР, Баян.) сүттен жасалған тамақтар (құрт, ірімшік, айран, май т. б.)... *қажетгі картопты өз күштерімен егін, ауруларды ақ тағаммен қамтамасыз етуге ешкі өсіруде* («Ж. өм», 9. VI. 1983).

**АҚТАЛ** (Қарак. қаз.) теректің жасырақ кезіндегі атауы.

**АҚТАЛАУ** (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) пішу, тарттыру. *Былыр көктемде ақталап жіберіп едік, жарықтық жақсы-ақ ет алыпты* (Түрікм., Көнеүр.).

**АҚТАНА** (МХР, Баян.) кішкене ақ түйме.

**АҚТАСПА** (Жамб., Шу; Алм., Жам.) теріскен тәрізді шөп. *Ешкіге бола шөптің денін түйесіңің мен ақтаспадан алдым* (Жамб., Шу). *Қоян сасқанда ақтаспаға қашады* (Алм., Жам.).

**АҚТАУ I** (Торғ.; Жанг., Аман.; Орал; Жән., Шыңғ., Чап., Жымп.) үйдің қабырғасын ақ түсті балшықпен ағарту. *Бұл үйді ақтамағалы көп болды* (Торғ., Жанг.). *Үйлерді майлату, ақтау жұмыстары жүктелсін* («Соц. жол», 27. IV. 1939). Қырғ. — *ақта* (К. Юд.

КРС, 1965, 39), түрікм. — агартма, агар-дыш (Рус.-туркм.: сл., 1956, 497).

АҚТАУ ІІ (Сем., Көкп.) аралау. *Шулы жагақханадан безіп, пәтерден пәтер ақтап жүрген шақ* (М. Мағауин, Көк кеп., 1979, 13).

АҚТАУ ІІІ (Орал, Жымп.) ұшыру, тазалау. *Менің қызметім — қырман басында тары ақтау еді* («Қызыл ту» газ., 4. XI. 1941).

АҚТАУШЫ (Түрікм., Красн. Небид., Ашх., Таш., Мары) қорғаушы. *Колхозды үйтіп (қ.) қойса да, ақтаушысы күшті болып, құтылды* (Түрікм., Мары). Түрікменше — *аклавчы* (Рус.-туркм. сл., 1956, 19), өзбекше — *еқловчи* (Ўзб.-рус. сл., 1959, 148), қарақалпақша — *ақлаушы* (Рус.-карақ. сл., 1947).

АҚТАЯҚ І (Торғ., Жанг.) мұрап. *Баяғыда біздің ел су бөзеп, аяқ егін (суармалы егін) салғанда мен ақтаяқ болып істедім* (Торғ., Жанг.).

АҚТАЯҚ ІІ (Жамб.: Шу, Мерк.) шабарман, уәзір. *Күніге келеді ақтаяқ, бұрақ оны қайтарып жібереді екен* (Жамб., Шу.).

АҚТАЯҚ ІІІ (Жамб., Сар.) көрші ойыны.

АҚ ТӘТТІ (МХР, Баян.) кант.

АҚ ТЕКЕМЕТ (Түрікм., Красн.) ақ жүннен басылған текемет. *Адайлар ақ текеметті қыздың жасауына да қосып береді* (Түрікм., Красн.).

АҚ ТЕРЕК (Сем., Ұрж.) терек. *Тарбағатай тауларында ақтерек көп* (Сем., Ұрж.).

АҚ СҮТ (Орал, Жән.) машинадан өтпеген сүт. *Колхозшыларға ақ сүт берсе болмай ма?* (Орал, Жән.).

АҚ СЫРҒАҚ (Орын.: Ад., Бөрт.) қурай шөп. *Ақ сырғақ у шөп болады. Ақ сырғақтан шеке құрт бірден жазылады. Аксырғақты дару ретінде ішсе, қапыл өледі* (Орын., Ад.).

АҚТА І (Шымк.: Сайр., Қызылк.; Алм., Шел.) сүтті қарынға құйып, күннің қызуымен ұйытылған айран. Мұны, көбіне, қойшылар жасап ішкен. *Бұрын қойшылар далада қой сауып, ақта ішетін* (Шымк., Қызылк.).

АҚТА ІІ (Шымк., Түлк.) қойыртпақ, қойшының асы.

АҚТА ІІІ (Көкш., К. ту) ел кезіп, қайыр сұрау. *Ол бұрын ел ақтап жүретін* (Көкш., К. ту).

АҚТА ІV (Шымк., Арыс.) шөберенің баласы.

АҚ ТАЛҚАН (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) жүгеріні келіге түйіп жасаған

талқан. *Сендерде ақ талқан істей біле ме?* (Түрікм., Тедж.).

АҚТАМАҚ І (Тау., Кош., Шығ. Қаз., Больш.; МХР, Баян.) айран, сүт және солардан жасалған тамақтар (құрт, ірімшік, қаймақ, қымыз т.б.). *Ол кез көктемнің туып, ақ тамақтың шығып қалған кезі еді* (Тау., Кош.). *Ақтамақ қыста да үзілмейді* (МХР, Баян).

АҚТАМАҚ ІІ І. (Жамб., Сар.) құнажын сиыр; 2. (Шымк., Арыс) тайынша.

АҚТАМҒАҚ ІІІ (Акт., Ключ.) түйенің іш ауруы.

АҚТАН ІШКЕН (Гур., Шевч.) туа болған.

АҚТАРЫЛЫП ТҰРУ (Қост., Об) аңтаң болу. *Ол не қыларын білмей, сол жерде ақтарылып тұрып қалды* (Қост., Об).

АҚТАС І (Орал, Жән., Қазт.) кішкене ақ түйме. *Мәрия, дүкеннен ақтас ала келі* (Орал, Жән.). *Көйлегіңнің ақтасы үзілген екен ғой* (Орал, Қазт.).

АҚТАС ІІ (Шығ. Қаз., Зайс.) кенді тас. *Біз мұндайды ақ тас дейміз* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АҚ ТЕР-КӨК ТЕР (К. орда; Арал, Қарм.; Гур., Маңғ.) кара тер. *Осы ысыда онсыз да ақ тер-көк тер боп, зәмбіл көтеріп,... айқайға басып жүр екен* (Ә. Нұрп., Сен, 284). *Шайхат... екі жағасы екі жақта, ақ тер-көк тер, быршып отыр* (Ә. Кекіл., Құс қан., 1978, 18). К. көк тер болу.

АҚ ТИИН (К. орда, Арал) құмдағы, даладағы тышқан түрі. *Артқы екі аяғымен ақ тиін тік тұра алады* (К. орда, Арал).

АҚ ТОН (Сем., Абай, Шүб.) бидайдың қабығы, қауызы. *Бидай ақ тонынан әлі айырылып болмаған екен* (Сем., Шүб.).

АҚТОПЫРАҚ (Қар., Қарк.) эк.

АҚ ТОРТА (Торғ., Жанг.) ақ қайран. *Ақ торта деп ақ шабақты айтады* (Торғ., Жанг.).

АҚТУША (Қарак. қаз.) балықтың бір түрі.

АҚТҮЙЕ БАС ҚЫЛУ (К. орда; Қаз., Қарм.) жұрт алдында ұялту, күлкі қылу. *«Кашан үйленесің? Соңыра тойыңа шақыруды ұмытпа», — деп, Арал балаларының көзінше ақтүйе бас қылғаны есінде* (Ә. Нұрп., Сен, 1983).

АҚ ТҮЙМЕШ І (Орал, Чап., Жымп.; Акт., Ырғ.) тұз салып істелген құрт түрі. *Ақ түймешті түйіп, ботқа жасаймыз* (Акт., Ырғ.).

АҚ ТҮЙМЕШ ІІ (Акт., Қараб.) шикі

тарыны актау. Күзде тарыны ақтүй-  
мештеп алғасын, үкіметке жөнелтеміз  
(Акт., Қараб.).

АҚ ТҮГІН (Түрікм., Красн.) бұрқа-  
сын. Аустен кейін ақ тутін тұрып, ай-  
нала алыт-түлей болды да кетті (Түрікм.,  
Красн.).

АҚТЫҚ I. (Түрікм.: Ашх., Таш.; Қа-  
рак. қаз.) немере. Ақ ты қ т а н туған ба-  
лам да ер жетіп қалды (Түрікм., Таш.).  
Нөкістегі оқып жүрген ақ ты ғ ы м ды  
сағындым (Қарак. қаз.). Түрікм. — агтик  
(Рус.-туркм. сл., 1956, 73), қарак. — ақ-  
лық (Рус.-қарак. сл., 1947), түрікше:  
аһфат — немере; ұрпақтар (Тур.-рус. сл.,  
1977, 33), сары ұйғ.: аты — немере; кіш-  
кеңтай (С. Малов, ЯЖУ, 1957, 19). Өт-  
кен ғасырдағы сөздіктерде: ақтуқ — не-  
мере (Л. Буд., Справ., I, 68), ақтық —  
немере (В. Рад., Опыт., I, 119). Ертедегі  
түркі жазба ескерткіштерінде: ағдуқ —  
бөге, бөтен (таныс емес) (М. Қашк., I,  
125), ахтық — немере (А. Бор., Бадан.,,  
1961, 39), аты — немере (ДТС, 1969, 67).  
Монғол тілдерінде: монғ. — ач (мон.-каз.  
сөз., 1954, 29), қалм. — ач (рус.-қалм.  
сл., 1964, 71) буря. — аша (Ц. Буд.,  
Лекс. бурят. диал., 1978, 94). Осы көрсет-  
ілген тұлғалар монғол тобындағы тіл-  
дерде «немере» мағынасында қолданы-  
лады.

АҚТЫҚ II (Торғ., Жанг.) кездеменін  
бір түрі — болатнай. Әйелдер бастары-  
на а қ т ы қ т а н жаулық салады (Торғ.,  
Жанг.).

АҚТЫҚ III (Жамб.: Мерк., Шу) дәнді  
егіске арналған жер.

АҚТЫҚ IV (Акт.: Шалк., Ырғ.; Сем.:  
Шұб., Акс., Көкп., Ұрж.; Шығ. Қаз.,  
Ұлан) қалың болып өскен қуаң шөп. Сар-  
құдықтың түбі ақтық қой, бұзауға  
жаман болмас (Акт., Шалк.). Біздің  
жақта а қ т ы қ биыл бітік болды (Сем.,  
Ұрж.). Бүгін а қ т ы қ т ы шауып жатқан  
көрінеді (Шығ. Қаз., Ұлан).

АҚТЫҚ V (Гур., Маңғ.) мұрит жо-  
лын ұстаушы. Мен Бекет әулиенің а қ т ы  
ғ ы м ы н (Гур., Маңғ.).

АҚТЫҚ VI (Орал: Жән., Орда, Шыңғ.;  
Сем.: Абай, Шұб.) соңғы. Енді жоқ, осы  
алғаның а қ т ы ғ ы (Орал, Жән.). Көр-  
сетілген колхоздардың председателдері-  
не а қ т ы қ ескертті..., осы көрсетілген  
сурекке тұқын айырбастау жұмысын бі-  
тірмесе... қатаң шара қолданылатыны  
а қ т ы қ рет ескертілсін («Коммунист»,  
11. 1. 1938). Жұмысы нашар болғандық-  
тан оған а қ т ы қ сөгіс берілді (Сем.,  
Абай). Қырғ.-ақтық (К. Юд., КРС, 1965,

40), қалм. — отхн (Рус.-қалм., сл., 1964,  
508).

АҚТЫҚ VII (Гур., Есб.) акыры. 9 ай-  
дың ішінде мал сойған 12 адамның қыл-  
мыстық ісі а қ т ы қ бітіп, халық сотына  
берілген болатын («Соц. мал шар.-ғы»  
газ., 20. X. 1940, № 95).

АҚТЫРАН (Акт., Шалк.; Алм., Шел.;  
Қ. орда.; Қарм., Сыр., Шиелі) кішкене ақ  
балық. А қ т ы р а н н ы ң құйрығы қы-  
зыл болады (Акт., Шалк.). Бұл сөз Кас-  
пий балықшыларының тілінде де бар.  
Гурьевте — «тыран», Авалда — «айна-  
гөз» болып айтылады (Ж. Дос., КТЖЕ,  
II, 1955, 20).

АҚ ТІКЕН (Орал, Қарат.; Алм., Жам.)  
өсімдік түрі. Әулиенің аты өшіп «А қ т і-  
к е н әулие» атаныпты (Орал, Қарат).  
Қара бура өзіндегі а қ т і к е н ұрып тұр  
екен (Алм., Жам.).

АҚУА (Жамб., Шу.) ақымақ. А қ у а  
адам бейпарық, Сөйлейді сөзін баланың  
(Жамб., Шу).

АҚУАЛ (Шымк., Кел., Қарак. қаз.)  
хал-жағдай. А қ у а л жақсы. Тұрмысы-  
мыз жылдан-жылға оңалып келеді (Қа-  
рак. қаз.).

АҚҰН I (Гур., Шевч.) акын. Абыл  
сырып салма ақұн болған (Гур.,  
Шевч.). Қырғыз тілінде «акын», «акун»  
деп те айтылады (К. Юд. КРС, 1965, 40).

АҚҰН II (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн.,  
Таш., Ашх.) медреседе бала оқытатын  
молда. Біз не білеміз, а қ ұ н ға оқыма-  
ған адамбыз (Түрікм., Ашх.). Түрікм.:  
ахун — үлкен молда (Туркм.-рус. сл.,  
1940), өзб. охун — үлкен молда (Ұзб.-  
рус. сл., 1959, 310), азерб. ахунд — мұ-  
сылманлардағы діни атак (Азерб.-рус.  
сл., I, 1986, 166), ұйғ. ахун — діни дәре-  
желі адам (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 23),  
акун — мұсылманның діни адамы. оқы-  
тушы (молда) (Л. Буд., Слав., I, 19),  
акин — үлкен молда (В. Рад., Опыт.,  
I, 109). Парсыша ахунд — 1. діни адам;  
2. Ескі бастауыш мектептердегі оқыту-  
шы (Пер.-рус. сл., I, 1983, 56).

АҚҰРЫҚ (Шымк.: Қызылк., Тұл.,  
Арыс.; Жамб., Жам.) түсі ақ. қабығы  
жұқа қауынның бір түрі. Ақұрықты қыс-  
та сақтауға болады (Шымк., Қызылк.).  
Өзб. оқуруғ — қауынның бір түрі (Ұзб.-  
рус. сл., 1959, 313).

АҚ ҰСАҚ (Шымк., Мақт.) күріштің  
ұсағы. Дүкенге бүгін а қ ұ с а қ түсіпті  
(Шымк., Мақт.). Өзб. оқшоқ — күріш-  
тің ұсағы (сечка рисовая) (Ұзб.-рус. сл.,  
1959, 313).

АҚ ҮЙ (Жамб., Шу) тұтқын, кепіл. Түске дейін жау чауып, түсте ақ үйге Өтегенді ұстап қалып, басын саудалайды (Жамб., Шу).

АҚ ҮЙЛІ БОЛЫП КЕТУ (Орын.: Ад., Бөрт.) азып-тозу.

АҚ ҮЙМЕ (Гур., Маңғ.) түйе жүні. *Үстінде ақ үйме шекпені бар, астында қазунаг аты бар, белінде деңменті бар* (Гур., Маңғ.).

АҚ ХАН (Гур., Маңғ.) шахматтағы ақ ферзь. *Ақ ханды шабуылға шығара алмадым* (Гур., Маңғ.).

АҚЧАМ (МХР, Баян.) балауыз шам.

АҚ ЧЕГІР (МХР, Баян.) жасыл түсті көз.

АҚША АЛУ (Гур. Шевч.) ат үстінен теңге алу. *Ат үстінен жердегі ақшаны шауып келе [ж] атып алып кетуді, ақша алу деп айтады* (Гур., Шевч.).

АҚША БҰЗУ (Орал, Чап.) ақшаны майдалау, ұсақтау. *Сен мына ірі ақшаны бұзып берші* (Орал, Чап.).

АҚШАҒЫЛТАҢ (К. орда; Арал, Қарм.) ағарған, ақшыл тартқан. *Қанша қараса да көзі әйелдің шашына түспей, жұп-жұмыр әдемі иегінен жаңа ғана сырғанап ауып бара жатқан ақшағылта ақ ай сәулесіне ұсталып қала бергені* (Ә. Нурп., Сең, 1983, 305).

АҚШАДАЙ (Көкш.; Щуч., Енб., Қост., Семиоз.; Павл., Қар., Ағад.; Торғ., Арк.; Шығ. Қаз., Мақ.) ақшалай. *Мен істеген жұмысыма ақыны ақшадай алдым* (Көкш., Енб.). *Колхоз басқармасы Е. Бекішевке тегін путевка және 500 сом ақшадай көмек көрсетті* («Ком. жолы», 28 ноябрь, 1957). *Біздің бір уез 146 мың сом ақшадай берілді* (С. Мұқ., Танд. шығ., III, 221). *Ол кезде еңбек күнді ақшадай да беретін* (Қост., Семиоз.). *Оларға ақшадай сыйлық берілді* (Шығ. Қаз., Мақ.). **Қ. ақшалай.**

АҚША ЖІЛІК (Шымк., Мақт.) көрі жілік. *Ешкімнің ақша жілігі сынып қалыпты* (Шымк., Мақт.).

АҚША КҮЮ (Сем.: Абай, Шұб.) ақша төлеу, ақша аудару. *Машина үшін шотыңызға ақша құямыз* (Сем., Шұб.).

АҚШАЛАЙ (Гур., Есб.; Қост., Жетіғ.; Орал: Жән., Орда.) ақшадай. *Жалақыны ақшалай алушы едік* (Гур., Маңғ.). *Сөйтіп барлық істелген еңбегіміздің ақысын ақшалай алатын болдық* (Қост., Жетіғ.). *Салық агенттері мен заем үзкілдеріне ақшалай сыйлық берілді* («Соц. жолы», 18. XI. 1939). *Артель бастығы болып осы Ерман сайланып еді. Ауданға барып тіркетіп, ақша-*

*лай, тұқымдай көмек те алып еді* (Б. Майлин, Шығ., IV, 57).

АҚ ШАЛАҢ (МХР, Баян.) құйрығы жіңішке әрі қысқа түлкі тектес аң.

АҚШАЛАУ (Орал: Жымп., Жән.) ақша табу, ақша түсіру. *Сұпығали не заттан да сатып, ақшалау жағын билетін адам* (Орал, Жымп.). *Колхоздың шабындық жерінен... шөп шауып алып, малына жегізген, артығын сатып ақшалаған* («Коммунист», 3, VIII. 1939).

АҚ ШАЛМАЛТЫ (Алм., Жам.) ақ сәлделі. *Біраз жүргеннен кейін алдымнан ақшалмалы қарт шықты* (Алм., Жамб.).

АҚШАМ 1. (Қарак. қаз.) өткен күн. *Ақшам ет әкелдім. Ақшам машина болмады* (Қарак.); 2. *түнде. Ақшам жылыста ауданнан келген уәкіл Сабыров көп жаңа хабарды біздерге сөйлеп берді* (Қарак.).

АҚШАМ БОЛУ (Алм.: Кег., Нар.) ақ көбік болып терлеп-тепшу. *Базарбайдың ал [а] аяқ аты ақшам болып тұр [а] алмай тұр екен* (Алм., Кег.). *Ол елге ақшам боп бардық* (Алм., Нар.).

АҚШАМДАСУ (Қ. орда; Сыр., Жал.) қону, түнеу. *Қарағым, осы үйге ақшамдаса қал* (Қ. орда, Жал.).

АҚ ШАНДОЗ (Орын.: Ад., Бөрт.) аққу. *Ақшандоз көлге барса, таң атады, Тунеріп түн [ге] айналса, күн батады. Түн түгіл күндіз келіп сөйлесуге Мұндайым Раушанға кім батады* (Орын, Бөрт.).

АҚШАНЫ АЙЫРУ (Көкш., К. ту) ақшаны ұсату, майдалау.

АҚШАНЫ БҰЗУ (Орал: Чап., Жымп.) ақшаны майдалау. *Сен мына ірі ақшаны бұзып берші* (Орал, Чап.).

АҚШАНЫ УАТУ (Орын.: Ад., Бөрт.) ақшаны майдалау.

АҚША САЛУ (Гур., Маңғ.) базарлау. *Ертеде Төменгі Адайдың ақшасалатын жері Кетік болды, Жоғарғы Адайдың — Қарақамыс болды* (Гур., Маңғ.).

АҚША САУУ (Гур., Маңғ.; Қарак. қаз.) ақшаны көдеге жарату, орнына жұмсау. *Гурьевке барып, ақшасуып қайттым* (Гур., Маңғ.).

АҚШАТАУ (Гур., Маңғ., Түрікм.: Таш., Небид., Тедж.) бұталы шөп түрі

АҚША ТАУЫП ЖҮРУ (Көкш., К. ту.) жалға жүріп ақша табу. *Бейсен қалада ақша тауып жүр, ол жалданып, шілік шауып жүр* (Көкш., К. ту.).

АҚ ШӘЙНЕК (Орын; Ад., Бөрт.) шай шығаратын құман. *Дүзтөбе жақта ақ*

шәйнекті «тас құман» дейді екен (Орын, Ад.).

АҚ ШӘЙНЕК (Павл., Леб.; Кар., Қарқ.) акқұман.

АҚ ШӘЙГӨН (Орын.: Ад., Бөрт.) шай кайнататын құман.

АҚ ШЕЛЕК I (Талд.; Сем.: Абай, Шүб.) ақ көңіл.

АҚ ШЕЛЕК II. 1. (Көкш., К. ту) түйе ауруы. *Мал дәрігерін шақырту керек, болмаса мына түйе ақ шелек қой* (Көкш., Қызылту); 2. (Түрікм., Красн.) түйенің токатай жілігі.

АҚШЕЛЕГІҢ ШАҒЫЛҒЫР (Ақт., Ойыл; Түрікм., Красн.) малға айтылатын қарғыс. *Ақ шелегің шағылғыр, өрістен әлі келмеді, қасқыр жеп кетер м(е) екен?* (Ақт., Ойыл).

АҚШЕЛЕК ҚҰДЫҚ (Гур., Манғ.; Орал, Жән.; Қ. орда: Жал., Қарм.) кен, суы мол, тайыз құдық. *Ақ шелек құдықтан 500 қой суды еркін іше алды* (Орал, Жән.). *Ақ шелек құдықтан мал суарамыз, үйткені суы мол болады* (Қ. орда, Жал.).

АҚ ШЕҢГЕЛ (К. орда, Қарм.) шөп түрі — тікенекті жыңғыл. *Ақ шеңгелдің дәні қарамықты, оны ешкі мен қой сүйсініп жейді* (К. орда, Қарм.).

АҚШИАМПУ (МХР, Баян.) ақ мата. *Ақ шиампудың жібi жуан* (МХР, Баян.).

АҚ ШИИТ (Шымк.: Түркіс., Сарағ.) түгі алынбаған, түбітті шиіт.

АҚШОМ I (Сем.: Абай, Шүб.) ұзақ жолға жүрген керуен. *Ақшоммен олар жолға шықты* (Сем., Абай.). *Қар сөгіле егінші жігіттерді арнайы жасақ, ақшомды керуенмен Арқаға аттандыратынбыз* (М. Мағауин, Аласап., 1988, 75).

АҚШОМ II (Шымк.; Сарағ., Кел.) түнде.

АҚШОТАУ (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх.) сабағы мықты, тікенсіз, жұмсақ, қыста да көк түсін өзгертпейтін өсімдік. Әсіресе, ешкі сүйіп жейді.

АҚЫЙЫР (К. орда, Арал) ахрет. *Бәрі жазылған ақыырда болатын іс қой* (К. орда, Арал).

АҚЫҚ (Орал, Орда) көйлекке тағатын ақ түйме.

АҚЫЛ ЖАРАСЫП АЛУ (Шығ. Қаз., Больш.) ақылдасып, кеңесіп, алдына ала келісіп алу.

АҚЫЛЗАҒЫП (Қарак. қаз.) ақылсыз, ессіз.

АҚЫЛҚОҒЫШЫ (Орал, Чап.) ақылгөйші.

АҚЫЛМАН (Алм., Кег.) ақылды, білімді. *Оразалы ақылман адам* (Алм., Кег.). — *Қымбаттым, қазақ халқы бұгінде ақылманға кенде емес, — деді* (Б. Койш., Дүние — кілт, 1987, 26).

АҚЫЛЫ КЕТУ (Гур., Манғ.) есі кету.

АҚЫЛЫ ҚАШУ (Сем.: Шүб., Ақс., Көкп., Абай) алжу, ақылы кему. *Әлде ол кісілердің қартайған соң, ақылы қашты ма?* (Сем., Абай).

АҚЫЛЫНАН ШАШЫЛУ (Түрікм.: Красн., Небид., Таш.) ақылынан айырылу, адасу. *Пиян болып, ақылынан шашылады да жүреді* (Түрікм., Красн.). *Мас болып қызметке келеді екен де, не істерін өзі білмей, ақылынан шашылып, бір отырып, бір жүреді* («Жұмысшы» газ., 3. VII. 1939). Түрікм. *чашмак* — абыржу, сасу (Рус.-туркм. сл., 1956, 644), түрікше *шашыламақ* — әбігерлену, есі шығу (Тур.-рус. сл., 1977, 805).

АҚЫЛЫ ТАМ (К. орда: Арал, Қарм.) ақылды, ақылы мол. *Ол деген ақылы там адам еді ғой* (К. орда, Арал).

АҚЫМ (Сем.; Мак., Ұрж.; Шығ. Қаз., Тарб.) қабірдің түбіндегі бір жағынан ұзынша, кеулеп, қазылған қуыс — лақат. *Ақымға Әлекең ұста* (Сем., Ұрж.).

АҚЫН (Ақт., Ырғ.; Алм., Шел.) ескіше оқыған, көп білетін адам. *Шалқарда Жоламан дейтін ақын бар* (Ақт., Ырғ.). *Бұрын ойғырда бір ақын болатын* (Алм., Шел.).

АҚЫР I (Алм.: Жам. Гв., Кег.; К. орда: Сыр., Жал.; Шымк., Қызылк.; Жамб. Св., Шу) малға шөп салатын орын. *Ақырға шөп сал, ат жесін* (Алм., Кег.). *Атты ақырға байладым* (Алм., Гв.). *Ақыр шөпті таппап баспау үшін пайдаланылады* (Шымк., Қызылк.). *Бет алдыңыздағы ұзынша қабырғада талдан тоқылған ақыр түр* (Б. Сок., Біз де бала бол., 82) *Ат байлаған ақырға, Өзім жаттым тақырға, Ашық болдым мен саған, Қарамадың пақырға* (Жамб., Св.). *Сол сияқты күш көліктер бағылатын қораның ішіндегі ақырлары жеткілікті болғанымен, ол қораның мүлдем бір қанаты жабусыз қалған* (Мерке ауд. газеті, 6. 1. 1942). *Ат қораның әрегірек түбінде басын ақырға сүйеп, мүлгіп тұрған торы төбел бірақ былқ етпес еді* (Ә. Нұрп., Сен, 1983, 24). Азерб. — *ахур* (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 166, кырг. — *ақыр* (К. Юд., КРС, 1965, 42), түрікм. — *ақыр* (Рус.-туркм. сл., 1956, 874), түрікше *аһыр* — ат қора, сарай (Тур.-рус. сл., 1977, 33), ұйғ. *оқур* — атқа шөп салатын



орын — ясли (Уйғ.-рус. сл., 1961, 144), өзб. — *охур* (Узб.-рус. сл., 1959, 310). Ертедегі түркі ескерткіштерінде *ахур* — ат қора, сарай (А. Кұрыш., ИЛТас, 1970, 88), *ақур* (ДТС, 1969, 49). Парсы тілінде *ахор* — ат қора ішіндегі атқа жем салатын орын (Пер.-рус. сл., I, 1983), арабша *ахур* — ат қора (Ар.-рус. сл., I, 1970, 31). Осы деректер бойынша сөз төркіні — араб, парсы тілдері.

**АҚЫР II** (Торғ., Жанг.) қыстыгүні қардан жасалған қораның ық жағындағы қар түсіртпей тазалап тұратын алаң. *Біздің шана ақырда тұр, сол жерден жегерсің* (Торғ., Жанг.).

**АҚЫР III** (Түрікм.: Красн., Жеб., Невид., Ашх.) әйкел (қ). мен астауды жалғастыратын тастан немесе ағаштан ойып жасалған құдық жабдығы. *Асылы ақырды тастан қашап жасаған мақұл* (Түрікм., Красн.). Түрікменше *ахыр* — малды жемдеуге арналған астау (Түрікм.-рус. сл., 1940), өзбекше *охур* — малға жем беретін ыдыс (Узб.-рус. сл., 1959), қарақалпақша *ақыр* — малға жем беретін ыдыс (Қарак.-рус. сл., 1958).

**АҚЫР IV** (Ақт., Жұр.; Көкш., Қ. ту) кірпіш құю үшін қазылған жер. *Ақыр дайын болса, жұмысқа кірісейік* (Көкш., Қ. ту.).

**АҚЫР V** (Жез., Шет) қырман, қырман орны. *Бір-екі жігіт ақыр қырышып жатыр* (Жез., Шет.).

**АҚЫРА** (Қарак. қаз.) жаптың екі жағындағы үйінді топырақ.

**АҚЫРАП БОЛУ** (Орал: Жән., Орда) таусылу, біту. *Төкеннің қиындығы ақырап болыпты* (Орал, Жән.). *Жем ақырап болса, машинамен жем жеткізу керек* (Орал., Орда).

**АҚЫР-АУАН** (Түрікм.: Ашх., Гяу., Анн., Тедж., Мары) ақыры, кейін. *Ақыр-ауан сол түйе қалпына келді* (Түрікм., Гяу.).

**АҚЫРДА ТҰРУ** (Қарак. қаз.) терен арықтан қазып алған лайды жоғары қарай тарту.

**АҚЫРЕТ I** (Сем.: Мак., Ұрж., Аяғ.) дәке. *Ақырет алаң сүт сүзуге жарар еді. Дүкенге ақырет тай-тай болып түсіпті* (Сем., Ұрж.) К. бөлер.

**АҚЫРЕТ II** (Қ. орда, Арал) қиыншылық, азап. *Арнаулы мектеп үйдің жоқтығынан әркімнің тастанды үйін иеленіп, оқушы мен оқытушылар өте ақырет көріп келеді* («Екп. балық». № 46. 1932).

**АҚЫРЕТІНЕ ЖЕТКІЗУ** (Шымк., Арыс) қатты ұрсу, сөгу. *Ол жағымсыз*

*сөздермен балағаттап, ақыретіне жеткізді* (Шымк., Арыс.).

**АҚЫР ПІСІРУ** (Көкш., Қ. ту) балшықты мал аяғымен басып, иін қандыру. *Бесеу ақырын пісіріп болған көрinedі* (Көкш., Қ. ту).

**АҚЫРСЫНДА** (Қ. орда: Қаз., Қарм.) ақырында, соңында. *Ақырында шашала мен ызыңдардың одан, бұдан бастары қосылып, үйге кіріп тықпақтап ала қарғаның сақылы көңілдің ашылғаны» деп тойды тойға ұластырғанын бір-ақ білдік* («Больш. к-з үшін» 1937. № 7). **Қ. ақырысында.**

**АҚЫРТАҚТАЙ** (Гур., Бакс.) ақырында. *Ақыртақтай келіп, осы істің соңы маған тиіп отыр* (Гур., Бакс.).

**АҚЫР-ТАҚЫРЫНДА** (Алм., Шел.) ақыр аяғында, ең соңында. *Әзір жүр дегеніме көнбесең, ақыр-тақырында алуға өзің келерсің* (Алм., Шел.).

**АҚЫРЫСЫНДА** (Көкш.: Руз., Зер.) ақырында. *Ақырысында өшпенділікке айналып, Нұрпейісті түрмеге жабады* (Көкш., Зер.). *Ең ақырысы сарқытын да беруге аялтың...* (Б Майлин, Шығ., IV. 113).

**АЛАБАҚАН** (Алм., Жам.) киіз үйдің ішіне көлденең асып қойған сырық. *Ана дорбаны алабақанға іле салшы* (Алм., Жамб.).

**АЛАБАРЫС I** (Гур., Шевч., Манғ.) бұйырғын ғана шығатын тақыр жер. *Алабарысқа мал тоқтаушы ма еді?* (Гур., Манғ.).

**АЛАБАРЫС II** (Түрікм., Красн.) жолбарыс. *Сүйліде алабарысты өлтірген аңшы тұрады* (Түрікм., Красн.).

**АЛАБАУЫР** (Түрікм.: Красн., Ашх. Таш.) түйенің іші өтіп, қаталап ауруы. *Түйең алабауыр болса, су ішір* (Түрікм., Ашх.).

**АЛАБАШАҚ** (Гур., Манғ.) күнбағыс дәні.

**АЛА-БӨЛЕ** (Гур., Манғ.) ерекше, айырықша. *Мұғалім сабақты алдымен осыдан сұрайды, үйге берген тапсырманы да өзгеден ала-бөле талап етеді* (Ж. Нәжім., Кішк., 1975. 20).

**АЛА-БӨРТУ** (Қар., Жарка) адам жүзінің күреңденуі, қызара түсуі. *Ертеңінде, аппақ болып таң атып, жер жүзін жарқырап көрінген кезде олар ала-бөрттіп, «олжалы» болып келе жатты* (С. Сейф., V, 1963, 59).

**АЛА БУЫНДАУ** (Гур., Манғ.) ақымақ, жарым естілеу. *Алабуындау бір баласы бар еді, онысы оқу оқып та береке*

қылмады, қолынан жұмыс та келмей жүр ғой (Гур., Маңғ.).

АЛАБҮТА (Гур., Маңғ.) алабота. Қырғ. — алабата (К. Юд., ҚРС, 1965, 44), өзб. олабута — орысша «марь» деген өсімдік түрі (Узб.-рус. сл., 1959, 300).

АЛА БҮЙРЕК I (Түрікм., Красн.) түйе малында болатын ауру. Сонда ала бүйрек болып, біраз түйе шаруаға жарамай қалды (Түрікм., Красн.).

АЛА БҮЙРЕК II (Жезк., Ұлы) бидай түрі. Бізде ала бүйрек, қарабас бидайлар бар. Ақбастың ала бүйрегі жақсы бидай (Жезк., Ұлы.).

АЛАБҮЙРЕК ТАРЫ (К. орда: Қарм., Жал.; Акт.; Тем., Жұр.) тарының бір түрі. Ала бүйрек тары түгілі жай тарының өзін аздап егетін болдық (К. орда, Қарм.). Ала бүйрек тары ғой мынау (Акт., Тем.).

АЛАГЕҮІМ (К. орда: Жал., Тер.) алакөленке.

АЛАГӨБЕДЕ (Сем.: Абай, Шұб.; Кар., Ағад.) елең-аланда. Жұмысқа алагөбеден тұрып кеткем (Сем., Абай).

АЛАҒАДАЛЫҚ (Қарак. қаз.) қауып; ой, көңіл.

АЛАҒАЙ-БҮЛАҒАЙ (Түрікм.: Көне ұр., Тахта, Таш., Красн., Қиян., Небид., Ашх.; К. орда: Арал, Сыр.) аласапыран, алай-түлей, дүрліккен. Ертеде алағай-бұлағай кезде келген едік (Түрікм., Ашх.) ...есі бар адам дәл осындай алағай-бұлағайда әлдебір ізді іздеп, сонан мән-мағына таппақ боп әлек бола ма? (Ә. Нұри., Сен, 1983, 372). Alang bulan — кенеттен көтерілу, дүрлігу (СС, 250): Алаң-булан тынышсыз (В. Рад., Опыт., 1, 358). Шашы да дода-дода, алағай-бұлағай, екі көзі аппақ күнде көп отырғаннан оңып кеткен екен дейді (Ж. Нәжм., Кішк., 1975, 240).

АЛАҒАЙЫМ (Қарак. қаз.) ұшқалақ, жеңіл мінезді.

АЛАҒАНДАЛЫҚ (Қарак. қаз.) қауіп. АЛАҒАНШЫҚ I (Көкш.: Щуч., Еңб.; Кар., Қарк.) бір ашылып, бірде қайта соққан боран. Қысты күні алағаншық боран жиі болып тұрады (Көкш., Еңб.).

АЛАҒАНШЫҚ II (Жамб., Шу.) суық жел. Бізде күншығыстан соққан желді алағаншық дейді. Алағаншық соққанда күн суытады (Жамб., Шу.).

АЛАҒАРЫН ТАРЫ (Сем., Шұб.) ала шашақты тары. Мынау жайқалған алағарын тары шығар (Сем., Шұб.).

АЛАҒАТ (Шымк., Шәу.; Жамб., Жам.) ала-құла. Соңғы күндерде болған ауа

райының қолайсыздығы — мақтаның жер бетіне тез арада өніп шықпауы бір қалыпта болмай, алағат болып шығу сияқты жағдайларға кездестірді («Соц. Шәуілдір» газ., 1940, № 45).

АЛАҒАУДАН (Жамб., Сар.) шала-шарпы, болар-болмас. Түрікпенше білмесек те, кей сөзіне алағадан түсініп қаламыз (Жамб., Сар.).

АЛАҒАУДАН БОЛУ (К. орда; Сыр., Жал.; Шымк., Ленг.) ренжу, алакөңіл болу. Кейде адам алағадан болып жүреді (Шымк., Ленг.). Содан бері көңіліміз алағадан болып тұр (К. орда, Сыр.).

АЛАҒҰР (К. орда, Арал) ұзындық өлшейтін лента. Біздің жинаған шөбіміз өлшенбейді, өлшеушілер алағұрды дұрыс салмайды (К. орда, Арал).

АЛАҒҰРТ (Түрікм., Ашх.) құрт түріне сәйкестеліп теңбіл-теңбіл болып жасалатын кілем өрнегінің түрі. Ең болмаса алағұрт салу қолыңнан келмей ме? (Түрікм., Ашх.).

АЛА ДОЙЫР (Гур., Маңғ.) жуан қамшы. Қолына ұстаған ала дойыры бар (Гур., Маңғ.).

АЛА ДОРБАСЫ АЛДЫНА ТҮСУ (Гур., Маңғ.) қайыр сұрау. Ит жылы талайдың-ақ ала дорбасы алдына түсті (Гур., Маңғ.).

АЛА-ЕЛЕНДЕ (Сем.: Көкп., Ақс.) елең-аланда. Мен Көкпектіге ертең алаелеңде жүріп кетпектін (Сем., Ақс.).

АЛАЕТЕК (МХР, Баян.) жол-жол мата.

АЛАЖАБЫР (К. орда, Қарм.) у-шу, дабыр-дүбір. Кісі көп, алажабыр болып әңгімелесті, ести алмадым (К. орда, Қарм.).

АЛАЖАҚ (Акт.: Ойыл, Ырғ.; К. орда, Арал; Гур.: Маңғ., Есб.; Орал: Жән., Орда, Жымп.) аласы. Оспанда менің алажағым бар (Акт., Ырғ.). Менің Медеубайдан алажағым, Қаһарға березағым бар (К. орда, Арал). Новобогат ауданындағы алажақтың осы кезге дейін түспеуі неліктен? (Гур., Маңғ.). Алажағың болса алып тың да, маза бер (Орал, Жымп.)...колхоздың алажақтарын жинап, мүшелерге тиісті ақшаларды төлеп бітіру керек («Соц. жол», 4, VIII. 1939). Түрікше — алажақ (Тур.-рус. сл., 1977, 42).

АЛАЖАУЫЛ (Жамб., Жам.) ала-құла, әр түрлі. Егін біздің ауданда биыл алажауыл болды (Жамб., Жамб.).

АЛАЙ (Гур., Маңғ.) сосын, я.

АЛАЙТАН (Алм., Шел.) жеке, бөлек,

оңаша. *Сенімен алайтан сөйлескім келіп тұр* (Алм., Шел.) Ұйғыр тілінде *Алайтан* немесе *ала идә* — ерекше, айырықша (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 15).

АЛАЙТУ (Шығ. Қаз., Больш.; Сем.: Абай, Шүб.; Павл.) аларту. *Ол маған көзін алайтты* (Сем., Шүб.).

АЛА КЕУГІМ (Қ. орда: Қаз., Қарм., Арал) ала кеуім, күн батып, қараңғы түсе бастау. *Зина Ивановтың ала кеуімімде келгеніне қуанып, ішінен алғыс айтумен тұр* (Ә. Нұрп., Күт. күн., 1958, 67).

АЛАКИІЗ (Жамб., Жам.) текемет. *Алакиізді төсеп қой* (Жамб., Жам.).

АЛАКӨБЕН (Түрікм.: Таш. Тахта, Көнеүр.) алакөлеңке, таңертеңгі мезгіл. *Мына балаң алакөбеңнен бизар етті ғой жұртты* (Түрікм., Көнеүр.). *Қарак. — алакеугим* (Қарак.-рус. сл., 1958).

АЛАКӨЛЕҢ (Алм., Шел.) таң алдында, таң сәріде. *Біздің колхозшылар алакөлеңде жұмысқа кіріседі* (Алм., Шел.).

АЛА КӨЛЕУІМ (Жамб., Шу) таң сәріде. *Кеше үйге ала көлеуімде келдім* (Жамб., Шу).

АЛАКӨНЕК (Алм., Жам.) сүті кейде аз, кейде көп сиыр.

АЛАКҮЛІК I (Гур., Маңғ.; Қ. орда, Арал; Алм., Қасқ.) жер құртының бір түрі. *Ішіне алакүлік кеткен түйе су ауру болады* (Гур., Маңғ.). *Жүрмек болып көңілі бітті дейді, Малға айналып өмірім өтті дейді, Желі толған түйеңді жан шешеке, Алакүлік әкетсін депті дейді* (Қозы Көрпеш — Баян сұлу). *Қазір барлық колхоздарда алакүлік қоңыздары пайда бола бастады* («Соц. майдан» газ., 7. VII. 1946).

АЛАКҮЛІК II (Гур., Шевч., Маңғ., Акт., Ключ.; Орал., Қарат.) түйе ауруының түрі *Ой, алакүлік тиіп, аяғың аспаннан келсін* (Орал, Қара төбе).

АЛАКҮЛІК КЕЛГІР (Көкш.: Шуч., Еңб.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) түйе малына айтылатын қарғыс. *Қоңсының бурасы, алакүлік келгір, ана тайлақтарға маза бермей қойды* (Түрікм., Көне үр.).

АЛАҚ (Жамб., Тал.; Қарак. Қаз.) олақ. *Оңша алақ емеспіз* (Жамб., Тал.).

АЛАҚАҒЫС (Қарак. қаз.) аттын мойнына салатын қайыс.

АЛАҚАМБА (Қарак. қаз.) қауын түрі.

АЛАҚАНҒА ТҰРУ (Сем.: Ақс., Көкп.) бағыну, мойын ұсыну. *Шахмат ойынында ферзіні алдырған соң, алақанға тұру керек* (Сем., Ақс.).

АЛАҚАН СОҚПАҚ (Қост.: Қараб.,

Об.) жастардың той-томалақта жүргізетін ойын түрі. *Алақан соқпақ ойынап жатыр екен. Бір қыз бен бір жігіт белбеуді шиыршықтап есіп алып, жұрт-аралап жүр* (Б. Майлин, шығ., III 1962, 258).

АЛАҚАНШЫҚТАУ (Қар., Нұра) әлсіз желден қардың борай бастауы. — *Иә, байқадыңдар. Алақаншықтап жатыр ғой. Боран болып кетпесін кім біледі...* (Ғ. Мұст., Дау. кейін, 1959, 203).

АЛАҚАНЫҢ КЕҢ САЛУ (Гур., Маңғ.) арқасын кенге салу. *Қазан отқа ілінгесін-ақ, қонақ алақанын кең салып отыра беріпті* (Гур., Маңғ.).

АЛА ҚАРЫН ТАРЫ (Сем.: Абай, Шүб.) ала шашақты тары. *Мынау жайқалған ала қарын тары шығар* (Сем., Абай).

АЛАҚАТ (Қост.: Тар., Об., Семноз.) шала-шарпы, болар-болмас. *Енді сол маңдағы бұталардың алақат көлеңкелерінің өзіне шүкіршілік еткендей, бір-бірлеріне тұмсық тыға тақасып жерге жата бастады* («Жұлдыз». 1987, № 9, 60).

АЛА ҚАУДАН (Қ. орда: Сыр., Шнелі; Жамб., Жам.) ішінара, сирек. *Күріштері кәзірде ала қаудан пісті де* («Ленин туы» газ., 1940, I. IX. № 76). *Үйткені ол төгілген көңдерді қардың еруі мен жаңбырдың суы езіп, шайып кетеді. Сондықтан кейін ала қаудан болады* («Қолшы» газ., 1936, № 17).

АЛАҚИҒАШ (Түрікм.: Таш., Мары) әлек, әбігер. *Оларға бойлай алақиғаш салудан басқа пайдаң жоқ* (Түрікм., Таш.). *Міне, мына хатта да жалаңаяқ қалдым, оқуға бармаймын деп алақиғашты салып жазылты* (Ә. Нұрп., Күт. күн., 16).

АЛАҚ-ҚҰЛАҚ (Қарак. қаз.) алақ-жұлақ.

АЛА ҚОРЖЫН (Көкш.: Шуч., Еңб.) тышқан түрі — аламан.

АЛА ҚҰР (Қ. орда, Арал.) ұзындық өлшейтін лента. *Осы біздің жинаған шөбіміз жөндеп өлшенбейді, өлшеушілер ала құрды дұрыс салмайды* (Қ. орда, Арал).

АЛА ҚҰРТ (Қост.: Семноз., Фед.) күнбағыс дәні. *Ала құртты ермекету — жұмысы жоқтық деген сөз* (Қос., Фед.).

АЛАҚШЫН I. (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тахта) пештің аузына шоқ жаю үшін кірпіштен қалап жасалған орын. *Зәті алақшынды биігірек жасаған жөн* (Түрікм., Таш.); 2. (Қарак. қаз.)

ошақты қоршаған тақтай. *Білмедік еліңнің сырын, біз жедік алақшынның қырын.* (Қарак. қаз.) Қарақалпақша алақшын — киіз үйде төсектерді оттан сақтау үшін, от орнын үш жағынан қоршаған тақтай (Қарак.-рус. сл., 1958).

АЛАҚЫЗБА (Гур., Маңғ.) қызба, жеңілтек. ...қуанышын жасыра алмайтын алақызба, жел-өкпе, ұшқалақ, алаңғасыр балалық мінезбен қайта табысты (Ә. Кекіл., Құс кан., 1978, 59).

АЛАЛ (Шығ. Қаз., Күрш.; Сем.: Абай, Шүб., Аяғ., Ақс., Көкп.; Гур., Маңғ.; Алм., Кег.; Тау., Қош.; Түрікм.; Таш.) адал. *Алалдықтың түбі адамдық* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Істің алалына келгенде мәселе осылай шешілу керек* (Сем., Көкп.). *Бүгін «алалдық сыны» деген кино болады* (Гур., Маңғ.). *Өкіметке әйтеуір, шамамыз келгенше алал еңбек еттік* (Түрікм., Таш.).

АЛАЛБАҚАН (Алм., Жамб.) киіз үйдің ішіне көлденен қойылған сырық. *Ана дорбаны алалбақанға іле салшы* (Алм., Жамб.). Қ. адалбақан

АЛАЛДЫҚ (Шығ. Қал., Күрш.) адалдық. *Қандай іс істесең де алалдықпен істе* (Шығ. Қаз., Күрш.).

АЛАЛЗАДА (Сем., Аяғ.) таза, әділ.

АЛАЛЫМ (Жамб., Сарс.) әйелім. *Менің алалымда жұмысың болмасын* (Жамб., Сарс.).

АЛАМ (Ташк.) элем. *Алым болсаң, алам сенікі* (мақал, Ю. Абд., ҚД, 1967, 244).

АЛАМАЙ (Торғ., Жанғ.; Жезк., Ұлы.) айнала, төңірек. *Ат осы аламайда жүрген шығар* (Торғ., Жанғ.). *Аламайда ешнәрсе көрінбейді, айналып шықтым* (Жезк., Ұлы.). *Осыдан екі күннен кейін ауыз үйдің терезесі аламаймен ойылып тасталды* (Ғ. Мұс. Оян. өлке, 274).

АЛАМАН I (Гур., Маңғ.) сарбаз, шапқыншы қол. *Таң сарғайып атқанда, Иса-Досан бастаған Алпыс кісі аламан, Айналасын жау қамаған, Астына мінген аттары Қаз мойын тұлпар жараған* (Сәт-тіғұл). *Қара Мәмбет залымның аламаны көп еді.* (Н. Байғ., Шығ., 1957, 140). Азерб. *алабан* — тонау, талау; *аламан* — шапқыншылық жасау, тонау (Азерб.-рус. сл., 1, 1986, 96, 99), қырғ. *аламан* — кей-берекет шабуыл, шапқыншылық (К. Юд. КРС, 1965, 45). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *аламан* — үйсіз-күйсіз, қаңғыбас (А. Бор., Бадан..., 1961, 75).

АЛАМАН II (Қарак. қаз.) көпшілік, халық, тобыр. *Базардағы аламан-дардың ішіне барып, мен де қойып кеттім* (Қарак. қаз.). *Қара қасқа ат мінген, құйрық, жалын шарт түйген, Алдына дабыл өңгерген, Артына сауыт бөктерген, Аламанға дем берген. Азды көпке теңгерген* («Алпамыс батыр»). *Аламанға дем бердік. Аса жұртты меңгердік Қара қазақ баласын Хан ұлына теңгердік* (Махамбет). Өзб. *оломон* — тобыр, көпшілік (Ұзб.-рус. сл., 1959, 303). Монғолиядағы қазақтарда *аламан* — көпшілік, тобыр деген мағынада қолданылады (Қаз.-монғ. сөз., 1977, 23).

АЛАМАН III (Қ. орда: Қарм., Сыр., Арал; Көкш.: Шуч., Еңб.; Торғ.: Жанғ., Аман.; Жезк.; Ұлы.; Ақт., Ырғ.; Тау., Қош.; Қоста., Об.) сауыры ақ сары ала, кішкене тышқан. *Тарысын аламан сыртқа тасыпты* (Ақт., Ырғ.). *Төбе жағы сопақша, сонысына қарамай аса үлкен, ақ жарғақ, аламан құлақ* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 205). *Аламан бидайды ұртына толтырып, ініне тасып әкетеді* (Жезк., Ұлы.). *Бұл сарайдан жоғалған бидай өте көп, жай тышқан түгіл аламан да мұндай таси алмайды.* (Қ. орда, Арал). *Бидайды аламан тасып әкетті* (Қост., Об.). *Егінді аламанға жегізбе* (Торғ., Аман.). *Бала кезімізде ылғи аламан аулайтынбыз* (Тау., Қош.).

АЛАМАН АУ (Гур., Маңғ.) көзінің кеңдігі 8 мм. майшабақ аулайтын аудың бір түрі. *Соңғы кезде майшабақты аламан аумен аулаймыз* (Гур., Маңғ.).

АЛАМАНДЫҚ I (Орал: Маңғ., Жән., Орда) тәртіпсіздік. *Ей, бала, мұндай аламандығыңды қой* (Орал, Жән.). *Колхозшылар аламандыққа салынып, еңбекке дұрыс қатынаспай келеді* («Соц. жол», 1939, 4. IX.). Қырғ.: *аламандық* — тәртіпсіздік (К. Юд., КРС, 1965, 45).

АЛАМАНДЫҚ II (Жамб., Шу) опасыздық. *Біздің елімізге Гитлер аламандық шабуыл жасады* (Жамб., Шу.). Қырғ. *аламандық* — былық, тәртіпсіздік, шатақ (К. Юд., КРС, 1965, 45).

АЛАМАТ I (Қ. орда: Сыр., Тер., Жал.; Қарак. қаз.) ғажап оқиға. *Ерте заманда көп аламаттар болып өтіпті* (Қ. орда, Тер.). Қырғ. *аламат* — халық басына түскен ауыртпалық, жұт (К. Юд., КРС, 1965, 45). өзб. *аломат* — ғажап, ғаламат (Ұзб.-рус. сл., 1959, 32). Сөздің шық-

қан тегі араб тілі: *ғаламәт* — таңқаларлық, тамаша (Ар.-рус. сл., II, 1970, 684).

АЛАМАТ II (Түрікм., Небид.) ағыл-тегіл, көп. *Қорғалыда биыл алма ала-мат екен* (Түрікм., Небид.).

АЛАМЫШ (Көкш.: Шуч., Енб.) алаба-жақ, алашұбар. *Күйқасының әр жерінде аламыш төбелі болғандықтан, басына үнемі кестелі тақия киіп отырады* («Жұл-дыз». 1988, № 4, 43).

АЛАНАС (Шымк.: Түлк., Сайр.) түсі сарғыш қауын *А л а н а с жүдә үлкен бол-майды және ол ерте піседі* (Шымк., Түлк.).

АЛАҢ (Сем.: Ұрж., Мак.) балалар бақшасы. *Әнет баласын алаңға әкетіп-ті* (Сем., Ұрж.).

АЛАҢ-ҒҰЛАҢ (Гур., Маңғ.) алак-жұ-лак. *Көзі алаң-ғұлаң болып кетті* (Гур., Маңғ.). *Қызбала сүт пісірімнен соң есін жиды. Алаң-ғұлаң, біраз уақыт ештеңеге көзі тоқтмай қойды* (Ж. Нәжм., Қішк., 1975, 130). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінің бірінде: *алас булас — бұлдыр көрінетін нәрсе* (Ат-тухфа, 1978, 265). Жергілікті ерекшеліктегі «алаң-ғұлаң» осының дыбыс-тық көрінісі болуы ықтимал.

АЛАҢ-БЕРЕҢ (Акт.: Шалк., Ырғ.) таң сәрі, елан-алан. *Қала транспортының алды енді жүре бастаған алаң-берең шақта-ақ Гүлнұрдың айтқан жерінде болды* (Ө. Қан., Күдірет, 1979, 112).

АЛАҢҒЫТ (К. орда: Арал, Жал.) күн-гірт. *Көк мұз бен қыз жамылған тон алаңғыт тартып қалды* (Т. Ахтанов, Дала сыры, 223).

АЛАҢ-ДАЛАҢ (Талд., Аксу) қалай болса, солай.

АЛАҢҚАЙ (Талд., Акс.) кішкене алаң жер. *Шельковтың көзіне тек орман маңындағы кішкентай ғана алаңқай түсті* («Ленин жолы» газ., 1941, № 80).

АЛАҢҚЫ I. (Гур., Маңғ.) сирек. Же-рінің шөбі алаңқы (Гур., Маңғ.); 2. (Қост., Жетіғ., Тар.) ашық жер, алаң *Жүр, асықты алаңқыға барып ой-найық* (Қост., Жетіғ.). ... *Жыртқы ет-гің сумен малшып, ана бір қары кеткен алаңқы да асыр салып, топай ойнап жатыр* (Б. Майлин, Шығ., V, 116).

АЛАҢҚЫ-ҒҰЛАҢҚЫ (Гур., Маңғ.) алак-жұлак. *Мінезі алаңқы-ғұлаңқы бір жан* (Гур., Маңғ.).

АЛАҢҚЫ ЖЕР (Торғ., Жанг.; Жезк., Ұлы.) шөбі сирек, ала-қула жер. *Сары-қопа шөбі алаңқы көрінеді* (Торғ., Жанг.). *Жауыннан ба, әлде басқа ма,*

*анау ой алаңқы жер екен* (Жезк., Ұлы.).

АЛАӨКПЕ (Торғ., Жанг.; Түрікм., Красн.) ешкі малында болатын ауру, кебенек. *Түзеубайдың үш ешкісі алаөк-педен өлді* (Торғ., Жанг.). *Көктемде алаөкпе болып, ешкілердің бірсыпы-расы қырылып қалды* (Түрікм., Красн.).

АЛАП I (Торғ., Жанг.; К. орда, Қарм.; Жезк., Ұлы.) рыдван арбаның қанаты. *Жүк салуға алабы бар Қайнолланың арбасы қолайлы* (Торғ., Жанг.). *Алап жасатуға маған келді. Алапсыз арба-ның сәні болмайды* (Жезк., Ұлы.). *Әлім-бай арбаның алабын толтырып, бидай тиеп жатыр* (К. орда, Қарм.).

АЛАП II (МХР, Баян.) өріс, ауқым.— *Алданышың аз, алабың тым тар бол-ғандықтан солай* (МХР, Баян., Құрман., 41).

АЛАПА I (Гур., Маңғ.; Арын., Дом.; К. орда: Сыр., Жал.) олжа, пайда, пара, табыс. *Егін жақсы шықса, халыққа үл-кен алапа* (Гур., Маңғ.). *Бұрын қыз-ды күйеуге бергенде, әйелдер алапа алатын. Біреуден алапа алма* (Орын., Дом.). *Күріш жақсы шықса, халыққа бір алапа болып қалар еді* (К. орда, Сыр.). *Ал мына хан: «ант жағын ауызға алма, әуелі әр қайсысына алапа үлестір» — дейді* (Ө. Кек., Үркер, 1981, 336). *Азерб. алаф — жемшөп, мал азығы* (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 99).

АЛАПА II (Гур.: Маңғ., Шевч.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) кәде. *Ертеде күйеу кел-генде жеңгелері алапа аламыз деп ба-ратын* (Гур., Маңғ.). *Көненің сондай алапасының көбі ұмытылып барады* (Түрікм., Көнеүр.). *Азерб. алафа — жұ-қа жібек мата* (Азерб.-рус. сл., 1986, 99).

АЛАПА III (Сем.: Абай, Шұб.) қалың мал. *Осы күні қыз бергенде алапа ал-маймыз* (Сем., Абай).

АЛАПА IV (Жамб., Шу) адамгерші-лік. *Біреудің алапасы асық, біреудікі кем болады* (Жамб., Шу.).

АЛАПА V (Қарак. қаз.) әйел босан-ған, келіншек түскен тойларда берілетін ақшалы орамал.

АЛАПАР I (Алм., Жамб.) бұлбұл тә-різді торғай. *Мәрәсұлдың баласы ала-пар торғайды былтырдан бері қанасқа салып, асырап жүр* (Алм., Жамб.).

АЛАПАР II (Жамб., Жам.) бажырай-ған, аларған. *Ауданнан мінген поездың басын Ақыртөбеден бір-ақ тартқан, ала-пар көзді алпамсадай қара кісі стан-цияға дік ете түсті* («Қол-шы» газ., 1936, № 37).

АЛАПАТ (Қар., Қарқ.; Талд., Ақсу) элемент, керемет. *Душпанға алапатың ажал берген, Орнатқан бостандықты бабам қолдан* («Ленин жолы» газ., 1942, № 18) *...алапат дауылдың азбас толқыны шайқап, ...теңіз түбін көргендей болды* (Ә. Нұрп., Курл., 1950, 74).

АЛАПАТТЫ (Сем., Абай; Көкш., Еңб.; Жезк., Шет) беделді, абыройлы. *Үмбет— осы өңірдегі алапатты кісі болған* (Сем., Абай). *Осындай алапатты адам кездесе бермес* (Көкш., Еңб.). *Бір кезде ол алапатты кісі еді* (Жезк., Шет.).

АЛАПОШАК (Қарак. қаз.) қарбыздың ала тұқымы.

АЛА-ПӨЛЕ (Гур., Маңғ.; Қост.; Тар., Об.) ала бөтен. *Басқалардан алапөле бұрын Шөкеңнің үйі тігіліп, жас кемндер өз үйлерін тігуге содан кейін кірісер еді* (Б. Майлин, Шығ., V, 189).

АЛАПТЫ ЖЕР (Қ. орда: Жал., Арал) тегіс жер. *Қазалыға қарай жер алапты болып келеді* (Қ. орда, Жал.).

АЛАС (Алм.: Кег., Нар.) адал.

АЛАСА (Алм.: Шел., Нар.) аласы. *Менің онда аласам бар* (Алм., Шел.). *Бірінші декабрьден бастап колхоздағы заттай мүліктер есепке алынып, жеке адамдармен аласа және бересе жөнінде есеп айырысу... толық аяқталу тиіс* («Советтік шекара» газ., 1955, 1. I. № 1).

АЛАСАН (Гур., Маңғ.) қарасан — сиыр ауруы. *Аласанмен сиыр жаз күнінде ауырады* (Гур., Маңғ.).

АЛАСАТ I (Акт., Ырғ.) аласапыран; бүлік. *Қарағым, бірін-біріне аласат салып, неге бүлдіріп отырсың?* (Акт., Ырғ.). *Тым орайсыз тыныштық боп кетіп еді, артында аласат дау тұр екен ғой* (Ә. Нұрп., Курлян., 429). *Шіркін, мынаны баяғы аласатта боздақтарынан айырылған жыртық өкпе аналар естір ме еді!* (Ә. Кекіл., Үркер, 1981, 305).

АЛАСАТ II (Қ. орда, Арал.) ойда жоқ жерде пайда болған жұмыс.

АЛАСАТ САЛУ (Акт.: Ырғ., Қараб.) бүлдіру, бірін-біріне араластыру. *Қарағым, неғып аласат салып отырсың* (Акт., Ырғ.).

АЛАС-ҚАПАС (Гур., Маңғ.) алас-құлас. *Осы алас-қапасты пайдаланды білем, ілуде бір болмаса есіктен қарамайтын сыпайы, сирек қоңақ қызыл ит— Қорашылда кіріп келді* (Ж. Нәжім., Қішк. 1975, 23).

АЛАСПАН (Гур., Маңғ.) өсекші.

АЛАСУАН (Түрікм.: Красн., Таш.,

Тедж.; Акт., Айыл) құбылмалы, алаяқ адам. *Өзін бір аласуан жігіт екенсің ғой* (Акт., Ырғ.). *Асы аласуанды-ғыңды қашан қоясың, Омар!* (Түрікм., Таш.).

АЛАТАҒАНАҚ (Гур.: Шевч., Маңғ.; Қ. орда: Арал, Қаз., Қарм.) сор мен тақыры аралас жер. *Алатағанақ жерде бұйырғыннан басқа шөп аз болады* (Гур., Шевч.). *Теңіз өңірінің тұз сепкен тері тулақтай алатағанақ жерін күтір-күтір басып, желіп келеді екен дейді* (Ә. Нұрп., Сең, 1983, 301). *Түйенің тулағындай қатпар-қатпар алатағанақ дала таусылар емес* (Ә. Кекіл., Құс қан., 1978, 35).

АЛА ТҰЯҚ (Жамб., Жам.) ала аяқ, сұм. *Құттықожа ұлы бірнеше алатұяқ достарымен тұтқынға алынған* («Колшы» газ., 1935, № 81).

АЛАТЫН АЛДАШТАЙ КӨРУ (Сем.; Ақс., Көкп.) бас ию, жоғары тұту, қадірлеу. *Ол Ахметті алатын алдаштай көреді* (Сем., Көкп.). Діни ұғымға байланысты шыққан сөз. Алтай тілінің құманды диалектінде: *алдачы* — ажал періштесі, өлген адамның жанын алатын рух (Н. Бас. ДҚ, 1972, 200). Мына ерекшелік, сыйлағандықтан емес, өзінен күштіден қорқу нәтижесінде пайда болған қадір тұтушылық. Демек, құманды диалектіндегі сөздің ауыспалы мағынасы.

АЛАУАН (Сем., Көкп.) алуан. *Неше алауан пайдалы істер шешіп жатыр* («Ленин туы» газ., 1939, № 74).

АЛАУ-ДАЛАУ (Акт., Шалк.; Қ. орда, Арал) алба-жұлба, алқа-салқа. *Мына қасқа байыса да алаудалау боп жүреді екен* (Акт., Шалк.). *Бір кезде ол жаппадан есі шыққан кісідей алаудалау боп жүгіре шықты* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 211).

АЛАША I (Алм., Жамб.) шие тәрізді жеміс. Қырғ. *алча* — шие (Қ. Юд., ҚРС, 1965, 53), түрікм. *үлдже* — шие және шие ағашы (Рус.-түркм. сл., 1956, 70), ұйғ. — *алича* (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 16), өзб. — *олча* (Ұзб.-рус. сл., 1959, 303). Түркі жазба ескерткіштерінің бірінде: *алыч* немесе *алычын* — адам жеуге жаратарлық өсімдік (ДТБ, 1969, 41).

АЛАША II (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.) асыл түйе мен жабы түйе арасынан шыққан будан. *Алаша тұқымын танытпас, жүк тасып көште жарытпас* (мақал) (Түрікм., Ашх.). Азерб. *алаша* — көтерем, арық (ат) (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 100)

АЛАШАҒУ I (Орал: Қазт., Орда) күнбағыс. *Біздің колхоз алашағу салмайды* (Орал, Қазт.).

АЛАШАҒУ II (Орал, Жән.) ала-құла. тегіс емес. *Жетібайға биыл шөп алашағу шығыпты* (Орал, Жән.).

АЛАШАҚ (Көкш.: Щуч., Еңб.; Жезк., Ұлы., Қост., Затоб.; Торғ.; Аман., Жанг.) аласы. *Менің сенен алашағым бар* (Қост., Затоб.). *Үсенбайда 75 сом алашағым бар еді, әлі алғаным жоқ* (Торғ., Жанг.). *Алашақ ақшам бар еді, сол түспей тұр. Совхоздан да алашақпын* (Жезк., Ұлы.). Азерб. — *алачаг* (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 100):

АЛА-ШАПҚЫН (Жамб., Мерк., Жам.) әуре-сарсаң. *Елдің бәрін алашапқың қылып, жұмыстан қалдырған бригадир өзіне тиісті жазасын алды* («Ст. жолы» газ., 1936, № 34). *Ст. Участкесінде бір арбамыз алашапқың болып жүр* («Кол-шы» газ., 1935, № 45).

АЛА ШАТЫРАШ (Гур., Маңғ.) ала, алала. *Шағаның ар жағындағы ойлықтың да суы алашатыраш көрінеді* (Гур., Маңғ.).

АЛА-ШОЛАҢ (Қарак. қаз.) дақпырт. *Айқайдың алашолаңы мен жүрген апай ғой* (Қарак. қаз.).

АЛАШОПАҚ (Қарак. қаз.) қарбыздың ала тұқымы.

АЛАШЕМЕКІ (Орал: Чап., Жымп.) күнбағыс.

АЛА ШЫБЫН (Гур., Маңғ.) шыбындың бір түрі. *Қойды шағатын шыбынды «ала шыбын» дейміз* (Гур., Маңғ.).

АЛАШЫҚ (Орын.: Ал., Бөрт., Домб.) жеңіл киіз үй. Азерб. *алачыг* — киіз үй (көшкенде алып жүруге жеңіл киіз үй) (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 100).

АЛБАР (Көкш.: Щуч., Еңб.; Қ. орда: Сыр., Тер., Жал.; Қост., Семиоз.; Қар., Қарк.; Торғ., Жанг.) ашық қора. *Жұбаныш, албардағы сиырларға көз салдың ба?* (Қост., Семиоз.). *Албарда тұрған көк шолақ ат күректің тыңырымен Егеубайды танып, жем іздеп, оқыранып қойды* (Б. Майлин, Шығ., 260) — *Қағынғыр, сүйенесің тіл мен жаққа. Тықылдақ қылған сені сор ма, жақ па? Бұзауды тауып алып, суғарып кел, Тез барып албардағы шөп сал атқа* (Б. Майлин, I, 1980, 283). *Ақырын басып, таяққа сүйеніп, албарға қарай келе жатқан Сүңгірәліні көрді* (Ғ. Мұс., Оян. өлке, 350). *Ушаковтың кеңсесі мен қонақ үй түгел албарына дейін тастан қалаттырған* (Ғ. Мұс., Оян. өлке, 373). *Албар ішіне он шақты бала жи-*

*налып қалды* (Ғ. Мұс., Дау. кейін, 1959, 123). Түрік тілінде *амбар* — қора, койма (Тур.-рус. сл., 1977, 52), якутша *олбуор* — сарай (Як.-рус. сл., 1972, 269). Чуваш тілі диалектінде *амбар* — қора (Л. Серг. ДСЧЯ, 1968, 10). Жазба ескерткіштерде *анбар* — сарай (Ә. Надж., ИСТЯ, 1979, 240), *азбар* — мал қорасы (А. Курыш., ИЛТАС, 1970, 78), *анбар* — койма, қазына сақтайтын орын (А. Бор., ЛСТ, XII—XIII вв., 1963, 51), парсы тілінде *эмбар* — склад, койма, зат сақтайтын орын (Пер.-рус. сл., I 1983, 128).

АЛБАРЛЫ БОЛУ (Торғ., Жанг.; Гур., Маңғ.) әбігер болу. *Баратын жеріне жүр [е] алмай не орнығып қалмай албарлы болды* (Торғ., Жанг.).

АЛБАР-ШАЛБАР (Алм., Шел.) етті шалбарға салу (Ұрылар жаргоны).

АЛБАРЫНДЫ (МХР, Баян.) әуре, сандалыс. *Бір кезде рецептедегі дәрі-дәрмекті аймақ орталығынан іздеп албарындыға түсетін едік* («Ж. өм.» 14. X. 1985).

АЛБАТЫ I (Тау., Қош; Сем.: Ұрж., Абай; Шығ. Қаз., Больш.; Алм., Кег.) беталды; кездейсоқ. *Албаты жүре бергенше шаруамен айналысаңғы* (Тау., Қош.). *Албаты машинаға түсті де кетті* (Сем., Ұрж.); 2. (Сем.: Ақс., Көкп., Шүб) бөтен, жат. *Мынау албаты кісі кім өзі* (Сем., Шүб.). *Бұрынғыдай емес, бақ таласына албаты өшіккенінен де түк шықпасын білген* (О. Бөкеев, Өз от. өшірме, 1981, 277).

АЛБАТЫ II (МХР, Баян.) кез келген. *Сәт болғанда түн қараңғылығы үйіріліп қалған, албаты адам таныла берер емес екен* (МХР, Баян., А. А. Сүй., Мен., 1983, 30).

АЛБАТЫ III (МХР, Баян.) текке, бекер, босқа. *Әттең, осы жігіттер махабатқа жеңіл қарап, әйел жанын албаты жараламаса екен* (МХР, Баян., А. А. Сүй., Мен., 1983, 78).

АЛБАТЫ IV (МХР, Баян.) бос. *Онда албаты орын бола бермеуші еді* (МХР, Баян., А. А. Сүй., Мен., 1983, 58).

АЛБАТЫ КЕТУ (Талд., Гв.) есі кету. *Баламның албаты кетіп, ауырып жатыр* (Талд., Гв.).

АЛБЫРТ (Сем.: Абай, Мақ., Көкп., Ақс., Ұрж.) делбе. *Жылы ауруының бір түрі. Албырт ауруы жылқыда осы уақытта сирек кездеседі* (Сем., Абай).

АЛБЫТ (Орал, Жымп.) албырт, пысық. *Албыттыққа салынбай әрнәр-сені ойланып жаса дейміз бойлай* (Орал, Жымп.) *Тілеуқабыл секілді албыт,*

күшті жастар да... бар («К. ту», 14. VI. 1941).

АЛБЫТ ЖЫЛҚЫ (Сем.: Абай, Шүб.; Шығ. Қаз., Больш.) ауру жылқы. *Албыт тиген ат» сияқты деген мәтел де бар* (Шығ. Қаз., Больш.).

АЛҒА ҚАРАЙДА (Гур.: Маңғ., Мах.) алдыңғы қатарлы. *Олар алға қарайда бригада болып, еңбек өнімін арттыруда қарқынды күшейте түсіп отыр.* (Гур., Мах.)

АЛҒАН ЖОҒЫМ (Торғ., Аман.) алған жокпын. *Мен хатты алған жоғым* (Торғ., Аман.).

АЛҒАУ I (Алм., Шел.) күпті болу. *Үсеннің ішіне алғау түсіп, беймазала-на бастады* (Алм., Шел.).

АЛҒАУ II. 1. (Гур., Маңғ.) ашы, кермек. *Алғау су екен* (Гур., Маңғ.); 2. алғау: *алғау жасау — тұз салу. Тамақтың тұзы кемдеу екен, шамалы алғау жасап жіберетін* (Гур., Маңғ.).

АЛҒАУ III (Орал, Жымп.) жақтау. *Орайы келген бір жиындарда бастықтардың емеуірімен біреуді алғап, біреулерді беталды қарғап өтетін* (Ф. Сл., Замандастар, 1958, 249).

АЛҒАУ IV (МХР, Баян.) қанағат. *Көпшілігі көн етіктің қоңшын, көн тоқымын суға жібітіп, шайнап соны алғау етіп жүр еді, бүгін су да жоқ* (МХР, Баян., Құрман., 124).

АЛҒАУЛЫ (К. орда: Сыр., Жал.) кермек дәмі бар су. *Сырдарияның суы алғаулы болмағанымен, кейбір құдықтың суы алғаулы* (К. орда, Сыр.).

АЛҒАУ СУ (Түрікм.: Таш., Ашх., Таш.; Гур.: Шевч., Тең.) ашы су. *Жебелдің алғау суынан тақыл (қ.) шығар* (Түрікм., Красн.).

АЛҒЫ I (Шымк., Сайр.; Сем.: Ұрж., Мак.; Жамб., Шу.) пияз сияқты өсімдік. *Алғының дәні басында болады, Қаратаудан көп болады* (Шымк., Сайр.). *Тамдының бойында алғы көп болғандықтан масатыдай жайнап тұрады* (Сем., Ұрж.). *Жаз бойы жан сақтағанымыз жаяужұмыр мен алғы еді.* (Ш. Мұрт. Жұл. көп., 1984, 8, 36). *Өзб.— алғи* (Узб.-рус. сл., 1959, 32), *қырғ.— алғы* (К. Юд., КРС, 1965, 47), *ұйғ.— алкы* (С. Малов, УНС, 1961, 93).

АЛҒЫ II (Гур., Маңғ.) аласы. *Сайынның бізде былтырдан алғысы бар* (Гур., Маңғ.). *Азерб. алғы — сатып алу* (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 101).

АЛҒЫНШЫ (Орал, Чап.) алғашқы.

АЛҒЫРТ-САЛҒЫРТ (Гур., Есб.)

алым-салык. *Біздей кәрілерге алғырт-салғырт аз түседі ғой* (Гур., Есб.).

АЛДАҒАНДАЙ (Гур., Маңғ.) әлдеқандай.

АЛДАЙ-ЖАЛДАЙ (К. орда, Арал; Қарак.) алда-жалда. *Алдай-жалай келіп қалса қайтеміз* (К. орда, Арал).

АЛДАҚАШАН (Гур., Маңғ.) әлдеқашан. *Ал мен құдайыңа да, шайтаныңа да сенуді алдақашан қойған адаммын* (А. Нұр., Құл. ажалы, 1987, 154).

АЛДАМШЫ (Алм., Қаск.) алдағыш. *Оның өзі алдамшы бала* (Алм., Қаск.).

АЛДАРҚАТУ (Орын.: Ад., Бөрт.; К. орда: Арал, Қаз; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) алдау, жұбату. *Ей, алдарқатсаңдаршы мына баланы* (Орын., Ад.). *Әй, қу екен, мені де алдарқатып соқты* (Түрікм., Таш.). *Ата-анамды алдарқатпақ боп жүріп, өзімді де алдап кетіпін* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 168). *Aldarmag — алдау* (А. Бор., Бадаи., 1961, 74).

АЛДЫ (Солтүс. Қаз., Совет) алда. *Коммунистік тәрбие беруде басқа комсомолецтерден үздік алды келеді* («Соц. еңбек» газ., 6. IV, 1941), № 28).

АЛДЫ-АЛДЫНА (Орал: Т. өкпе, Жымп.; Түрікм.: Тедж., Мары, Таш., Көнеүр.) бег-бетіне. *Айтқанға көнбей, алды-алдына кете барды* (Орал, Жымп.). *Осы кемшіліктің салдарынан артель мүшелерінің алды-алдына ажырап кету қаупі тұр* («К. жолы», 27. IX. 1938). *Жиналып отырғандар алды-алдына бытырап жүре берді* (Ф. Сл., Дөң аск., 1941, 35).

АЛДЫГҮНІ (Алм., Кер.) алдыңғы күні. *Бәсе, мен сені «Қарабұлақтан» алдыгүні көрген тұғынмын* (Алм., Кер.).

АЛДЫҒА (Алм., Шел.; Талд., Аксу.) *Чайды алдыға қойғаннан кейін ішіңіз* (Алм., Шел.). *Алуан табыспен алдыға өрлейді* («Ленин жолы» газ., 1941, № 1).

АЛДЫМ ЕМЕС ПЕ (Алм., Кер.) алған жокпын ба, алдым ғой. *Бұрын ел ауғанда біреудің жетім баласын тауып алдым емес пе?* (Алм., Кер.).

АЛДЫНАН (Түрікм.: Красн., Небид., Таш.) алдын ала, күні бұрын. *8. класқа алдынан шара көру* (к.) керек (Түрікм., Таш.). *Өзбекше — алдында* (Рус.-узб. сл., 1954), *қарақалпақша — алдын* (Рус.-қарак. сл., 1947).

АЛДЫНАН КЕСЕ ӨТУ (Тау., Қош.) келісу, алдынан өту. *Сен осылай етейін деп алғаш сол кісінің алдынан кесе өтіп алмадың ба?* (Тау., Қош.).



АЛДЫН АҒАЛАУ (Сем.: Акс., Көкп.) алдына шығу, озу. Жақсы киімдерін киіп шықса, бұл кісі көптің алдына ағалайды (Сем., Акс.).

АЛДЫНДА I (Сем., Аяг.) таяу, жуық. Колхоз малы 25 мыңның алдында (Сем., Аяг.).

АЛДЫНДА II (Сем., Аяг.) бұрын. Мен ол елде 2-3 жылдың алдында болдым (Сем., Аяг.).

АЛДЫН КЕШТЕ (Түрікм.: Красн., Таш., Небид.) кештете, кешке қарай. Күннің ыссылығы (қ.) басылғансын, алдын кеште жүресіңіз (Түрікм., Небид.). Осыдан олар алдын кештете Шалқарға жетеді (Ә. Нұр., Кан мен тер, 102)... күндізгі аптаптың беті қайтқасын алдын кештете аңға шықтық (Ә. Нұр., Сең, 1983, 255). Өзбекше алдин — дейін, бұрын (шығыс септігіне қолданылатын шылаулар) (Узб.-рус. сл., 1959, 301). Ертедегі түркі тілдері ескерткіштерінің бірінде алдын — бұрын, ерте (Э. Надж., ИСТЯ XIV в., 1979, 229). Әдетте, «алдын» сөзі қазіргі әдеби тілімізде «алдын ала» сияқты тіркесте ұшырайды. «Алдын кеште» сөзін қазіргі түсінігімізге аударсақ — «кештің алдын» деп ұғынамыз.

АЛДЫН ТОСУ (Сем.: Абай, Шұб., Акс., Көкп.) жолын тосу, алдынан шығу. Майра әкесінің алдын тосты (Сем., Көкп.).

АЛДЫН ТҮН ҚЫЛУ (Қ. орда: Арал., Қаз.) түнге қарай. Күннің қызылы сембей, алдын түн ғып жүріп кететін болғансын балықшылар да жол қамына шұғыл кірісті (Ә. Нұр., Сең, 1983).

АЛДЫҢҒЫ АЯҒЫН БАСУ (Түрікм.: Красн., Жеб., Небид., Бекд.) пәлеге қалу. Нұрмен дауласып алдыңғы аяғымды баса алмаймын (Түрікм., Красн.). Ауырып өлгендігіне акт жасап, алдыңғы аяғымды баса алмаймын деп желкесін бір-ақ көрсетті («Жұмышы», 17. II. 40).

АЛДЫҢҒЫ КҮНІ (Қост., Семиоз.) кешегі күннің алдындағы күн (бұрнағы күн). Директор Қостанайдан алдыңғы күні келген (Қост., Семиоз.).

АЛДЫРАУ (Алм., Шел.) асығу, сасу. Колхозшылардың жиналысынан қап қоям ба деп, алдырап келдім (Алм., Шел.).

АЛДЫСЫ (Жамб., Жам.) алды. Дүнгендердің алдысы бұрын келген (Жамб., Жам.).

АЛЕЙТАН (Алм., Шел.) әдейі. Сізге

Зұлқарнайды алейтан жібергенмін (Алм., Шел.).

АЛЖА-АЛЖА (Сем.; Кар., Ку.) мылжа-мылжа. ...тізесі алжа-алжа боп бәрі бөлек қалыпты (Ж. Тіл., Қайнар, 1953, 61). Уполкомзағ тұрған үйдің астыңғы тақтайы алжа-алжа болып жатыр. Аудан басындағы клуб үйі алжа-алжа болып мүжілген («Больш. жол» газ., 1939, № 24).

АЛЖАПҚЫШ (Түрікм., Небид.) алшалғыш, белдемше. Қырғ. — алжапқыш (К. Юд., КРС, 1965, 50), ұйғ. — аляпкуч (Уйғ.-рус. сл., 1961, 17).

АЛЖАРЫС (Торғ., Жанг.) талас, айтыс. Осы алжарыс сөзді қойып, жұмыс істейік (Торғ., Жанг.).

АЛЖАСТЫРУ (Гур., Маңғ.) шатастыру. Бұл сұрағандарыңды билмеймін, ал өтірік айтып, сені алжастыруға болмайды, шырағым (Гур., Маңғ.).

АЛЖАУЫЛ (Жамб., Жуалы) алақұла, әр түрлі.

АЛЖАСЫЛДАНУ (Шығ., Қаз., Больш.) жасыл тарту. ...кеудесін көтерген дала әне ол да алжасылданған шөптен көйлек киіп, төркініне баратын қыздай жетіседі (О Бөкеев, Өз от. өшірме, 1981, 212).

АЛКА I (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) жыны, топ. Бұл алқаға түсіп жүрген адам (Түрікм., Таш.). Түрікменше халқа — шенбер қалыпты зат (Рус.-туркм. сл., 1956, 277), Қырғ. алқа — диуаналардын алқа-котан жиыны (К. Юд., КРС, 1965, 51), алқа — бір жерге жиналу; жиылыс; алғын — жиналыс (В. Рад., Опыт., I», 389, 394).

АЛКА II (Сем.: Көкп., Акс.) сырға. Мойынға салатын алқа, құлаққа салатын алқа (Сем., Көкп.). Сарыкөл тілінде алқо — шығыршық; сырға (Т. Пах., Сар.-рус. сл., 1971, 9), чувашша алқа — сырға (Чув.-рус. сл., 1985, 30).

АЛКА III (Гур.: Маңғ., Есб.; Орал, Қазт.; Кост., Фед; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) құлып Кілт жоғалған соң, алқаны аша алмай қалдық (Гур., Маңғ.). Кілттің алқасы қайда кеткен? (Орал, Қазт.). Балалар есікті алқалап, кілтін жоғалтып алыпты (Қост., Фед.). Жабық екен десем, мынау жөне (қ.) тұрған алқа екен ғой (Түрікм., Таш.). Айтқанымыздай қызыл бұрыш есігіне үлкен алқа ілінген («Жұмышы» газ., 15. V. 1955). Бірақ, дәл осы мезетте қыздар камерасының есігіндегі алқада кілт шылдырлап, камераның есігі ашылды... (А. Фад., Жас гв. Ауд. Ғ, Сл.,

678). Сонсоң еңкейіп дүкенге қарады. Ал қасы бирмақтай, шегемен тұртіп қалса ашылып кететін көңілшек машина. (Ж. Нәжім. Кішк. 1975. 112).

АЛҚА IV (Алм., Жамб.) түрлі түсті моншак. Ал қаның әйбәтін-ай! (Алм., Жамб.).

АЛҚА V (Қарақ. қаз.) диаметрі 4,5 сантиметірдей шығыршық темір, мал оралып қалмас үшін, малдың мойнына жақын жерге байланады да, ол айналып тұрады.

АЛҚАҒАНЫ-АЙ (Сем.: Акс., Көкп.) алғыс айтқаны-ай, риза болғаны-ай! Мен ол кісіге баласының хатын апарып бергенімде, риза болғанынан алқағаны-ай (Сем., Көкп.).

АЛҚАЛАУ (Орал, Орда.) қоршау. Арнаның кең алқабын Алқалай қаптай ел қонып, Кәрі мен жас баланың Шабыты шалқар көл болып (Ж. Тіл., Акс. ат., 1948, 35).

АЛҚАНА-САЛҚАНА (Акт., Байғ.) алқам-салқам. Колхозда қысқа дайындық жұмысы да артта, қай түлік малдың да қорасы алқана-салқана, ашық-тесік (Акт., Байғ.).

АЛҚАПТАУ (К. орда, Арал) түгел толтұру. Бір қасық суға тапшы болған шөлдi жердi каналдардың мөлдір сулары алқаптады (К. орда, Арал).

АЛҚАС (Қарақ. қаз.) екі тағамның басын қосып жеу. Шайға алқас қылғандай үйінде не бар, әкелші турған етпен әзірінше алқас қыла беріңдер (Қарақ. қаз.).

АЛҚАУ (Сем.: Аяғ., Шүб.) мақтау. Алғашқысының алқауға жетер не еңбек, соңғысының қарғысқа ұшырар қылмысы бар. Достық емес қастық, алқау емес арандату деп білген (М. Мағ., Ала-сапыран, 1988, 516, 581).

АЛҚОРЫ (Жамб., Луг.) шабдалы. Алқордың дәмі тәтті, үлкендігі өркітей (Жамб., Луг.) ...«запорожецін» қоңызша тоңқаңдатып, алма, алқоры тиеп базарға жөнелді (Ш. Мұр., 41-ж. Кел., 1972, 204). — Алып келе жатқан алма, жүзім, алқорым бар еді... (Ш. Мұр., Ин. наны, 1974, 122). Кырг. алкорот — тауда өсетін өсімдік түрі (К. Юд., КРС, 1965, 51), өзб. олхұри — кара өрік (Узб. рус. сл., 1959, 303).

АЛҚЫНДЫ (Жезк., Ұлы.; Торғ., Жанг.) сабын қалдығы. Бас жуатын алқындың жоқ па? Алқынды болса да әкел, қол жуалық (Жезк., Ұлы.). Қарағым, сенің жейдеңді сабынның алқындысымен жудым (Торғ., Жанг.).

АЛҚЫНДЫР (Торғ., Жанг.; Жезк., Ұлы.) орындауға жақын. «Құлақтал» колхозы пыланын алқындырып қалды (Торғ., Жанг.). Алқындырып-ақ қалдым-ау бұл кітапты (Жезк., Ұлы.).

АЛҚЫН-ЖҰЛҚЫН КЕЛУ (Шығ. Қаз., Больш.; Жамб.: Жуалы, Шу, Қорд.) асығыс, шұғыл келу. Біз осы хабарды естісімен алқын-жұлқыны келдік (Шығ., Қаз., Больш.). ...мылтық даусына бәрі де жүгіріп, алқын-жұлқыны алқынысып жеткен (Ш. Мұрт. Қара мар., 1976, 177).

АЛҚЫ ОРАК (Жамб.: Шу, Луг., Мерк.) имегін қолдан шегелемей, тұтас соғылған орак. Алматы облысының аудандарында алқы орақты «сарт орак» деп айтады (Жамб., Шу.).

АЛМАБАС ҮЙРЕК (К. орда, Қарм.) үлкен бозғыл үйрек.

АЛМА КӘДІ (Түрікм.; Көнеүр) ойыншық жасайтын аскабак түрі. Алма кәдімен құрттай балалар ойнайды (Түрікм., Көнеүр).

АЛМАК (Орал: Жымп., Чап.; Гур., Манғ.) аласы. Есенғалида қанша мәнет алмағым бар дедің? (Орал, Чап.). Қаташ дегенде алмақ ақшам бар еді, Жаңалықта Садықовты... кездестіріп алмағымды сұрағанымда... мені сөкті («К. ту», 15. V. 1937). Менен алмағым бар еді... Сөйтiп, алмағым болса, алғаны жақсы.. енді менен алмағым алсын да, бұ шіркін! (Ғ. Сл., Арм. ағ., 1940, 109). Олар шынында да, бұнда алмақтарын бардай-ақ сұқтан қарайды екен (Ә. Кек., Құс кан., 1978, 202). Ертедегі жазба ескерткіштерінде: алмақ-алу (Ат-тухфа, 1978, 265).

АЛМАҚАБАК (Түрікм., Таш.) насыбай салатын, шакша тәрізді бұйым. Ол алмақабаны алды да алақанына бір атым насыбай салды (Түрікм., Таш.).

АЛМАҚДАЙ (Алм., Талд.) алам деген, алайын деген. Алмақдай басқа ойың жоқ, Қорада жатқан қойың жоқ, Жалайырды жисаң да сіз саған тойым жоқ (Майкекыз ақынның Бақтыбайға айтқаны) (Алм., Талд.).

АЛМАЛАТУ (К. орда, Арал; Орал, Қарат.) кезектестіру, алмастыру. Екеуін шақырып, алмалатып оқытып отырдым (К. орда, Арал). Семіз биелерді алмап мініп жүр.

АЛМА МОЙЫН ҚҰБА ҮЙРЕК (К. орда, Арал) діни ұғымда береке дарығанға көрінетін қасиетті елес мағынасында қолданылады.

АЛМАН (Гур., Манғ.) ер азамат.

АЛМАС (Гур., Маңғ.; Акт., Ойыл.) ұстара жүзі. *Алмасың болса, маған да бір-екеуін берші* (Акт., Ойыл.).

АЛМАСУ (Сем.: Абай, Шұб.; Тау., Кош.) ұрысу, төбелесу. *Әй, алмаспай отырыңдар!* (Сем., Абай).

АЛМАС ӨРКЕШ (Түрікм.: Краснов., Таш., Тедж.; Орал: Чап., Жымп.) екі өркештің екі жағына жығыла қисаю. *Мен Үбіден «алмас өркеш түйе көрдің бе?» деп сұрадым* (Түрікм., Тедж.).

АЛМА ТАЛҚАН (Торғ., Жанг.) бидай талқаны. *Біздің үйде алма талқан көп-ақ* (Торғ., Жанг.).

АЛМАҰРЫҚ (Алм., Шел.) үлкен қауын. *Алмаұрықтың чопығы (қ.) кішкене болады* (Алм., Шел.).

АЛПАРЫСУ (Шығ. Қаз., Больш.) арпалысу.

АЛПАУЫЗ (Акт., Ойыл; Гур., Маңғ.) сары ала тышқан. *Алпауыз егінді қиып тастайтын зиянды мақұлық* (Акт., Ойыл). ...*Әлгі бейуақ көлеңкенің еркек екенін, әйел екенін ажыратып үлгергенше, алпауыз қақпа оны бір-ақ қақшып, қайтадан бедірейіп тұра қалар-ды* (Ә. Кекіл., Құс қан., 1978, 174).

АЛПЫС ЕКІ АҚЫЛ (Гур., Маңғ.) ойы бөліну. *Ақылым алпыс екі бөлінгені-ай!* (Иса).

АЛПЫ-СОЛПЫ (Жамб., Шу) олпы-солпы, қиқы-жиқы. *Ахметтің ісінде алпы-солпылық бар* (Жамб., Шу).

АЛ-САЛ (Сем., Көкп.; Гур., Маңғ.) дел-сал. *Түн ортасы ауғанша отырды. Сосын ал-сал боп орнынан тұрды* (Ә. Кекіл., Құс қан., 1978, 339). ...*тұла бойы ал-сал болып тұрған Мария Әділмен бірге қосқа қайтты* (Ж. Тіл., Қайнар, 1953, 145). *Қырғ. — алы саал* (К. Юд., КРС, 1965, 617).

АЛСЫН (Торғ., Жанг.; Акт., Жұр.; Көкш., К. Ту.) балауса, шапқан жерге қайта шыққан шөп. *Биылғы жылы алсында ашабуға болады* (Көкш., К. ту.). *Обаған табанының алсын шөбі қандай жақсы ашыққан* (Торғ., Жанг.).

АЛТАҚТА (Қарак. қаз.) арба алдындағы адам отыратын тақтай.

АЛТАЯҚ (Алм., Еңб.; Жамб., Шу) керегесіз, уық пен шаңырақтан тұрғызылған киіз үй. *Қыста жайлауда алтаяқ тігіп отырамыз* (Алм., Еңб.). *Қыста да қазақ алтаяқ үйде отыра беретін* (Жамб., Шу.).

АЛТМЫШ (Алм., Жамб.; Қарак. қаз.) алпыс. *Жуз алтмыш сомға бір етік алдым* (Алм., Жам.). *Інім, қазір алтмыш*

*жетіге келдім, ендігі қалған жасты неғылайын* (Қарак. қаз.).

АЛТЫ АҚЛЫМ (К. орда, Қаз.) алты құрлық жер. *Әлемді алты ақлым салыстырсам, СССР тұрған жоқ па биік шыңда* («Ст. туы» газ., 1937, № 94—95).

АЛТЫҚАНА (Жамб.: Шу, Мерк.) ала-бота тәрізді өсімдік. *Алтықана отқа жана береді* (Жамб., Шу).

АЛТЫҒУ (К. орда, Арал) алқыну, еңтігу. *Есекке өкпем өшіп, алтығып зорға жеттім* (К. орда, Арал).

АЛТЫ МОЙЫН ТІГУ (МХР, Баян.) кету. — *Жоға, алты мойымды тіксем де, алпысқа келген ақ бурлы басымды өздерің тұрғанда оның алдына апарып қайдан иейін* (МХР, Баян., Күрман., 15).

АЛТЫНҚАБАҚ (Гур.: Маңғ., Есб.; Орал: Жән., Чап., Қарат.) Жамбы. *Тойда алтынқабак аттырыпты* (Гур., Есб.). *Бұрын мергендер алтынқабакты атып түсіретін* (Орал, Жән.). *Тирде алтынқабак ату жарысы өткізіледі* (Маңғ. аудан газ., 7. XI. 1955). *Дүйсенғали атқышыл, алтынқабакты дәйімшілікке атып түсіреді* (Орал, Қарат.). *Алтынқабак ату, балуан күресі болады* («К. жолы». 24. IV. 1938).

АЛТЫН ШАЮ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) алтын жалату. *Алтын шайған ер-жүген, түрлі заттар табылған* (Түрікм. Ашх.). *шайламақ* (шағат.) — безеу, эшекейлеу, жалату (Л. Буд., I, 662).

АЛТЫНШЫ АЙ (МХР, Баян.) маусым. *6-айдың бірі күнгі мәліметпен аймағымыздағы төлдеуге тиісті барлық енектің 89,3 проценті төлден, төл 97,8 процент аяқтануда* («Ж. өм», 8. VI. 1987).

АЛТЫ ТАБАН (Жамб.: Сар., Тал.) асық ойынының бір түрі. *Алты табан ойнай-ойнай күнге күйіп кетіңсің ғой* (Жамб., Сар.).

АЛТЫ ТАСПА (Жамб., Шу) алты таспадан өрген қамшы.

АЛУ (Түрікм.: Красн., Таш., Ашх.) түсіру: суретке түсіру. *Мен фотоаппаратты алуды да білмеймін* (Түрікм., Таш.). *Қарар болсам, әдеміленіп алынған халық батыры Амангелдінің ...суретіне көзім түсе қалған екен* («Жұмысшы» газ., 18. III. 1939). Түрікм. алмақ — сурат (Рус-туркм. сл., 1956), өзб. олмақ — суратқа (Рус.-узб. сл., 1954).

АЛУ-ДАЛУ (Гур., Маңғ.) алба-жұлба. *Киіз үй қайткенмен екі керегені қуыстырып, итарқалай салған киіз қос, не алу-*

далу шөп көранадан тәуір ғой (Ж. Нәжм., Кішк., 1975, 35).

АЛУ КОМИССИЯСЫ (МХР, Баян.) қабылдау комиссиясы. Құрылыстың сапасын бағалап пайдалануға алу комиссиясы жұмыстың сапасымен ғана есеп жасайды («Ж. өм», 30. III 1987).

АЛЧАЛҒЫ (Жамб., Шу) алжапқыш, белдемше. Алчалғы ұстап сау, чашырамасын (Жамб., Шу).

АЛЧЫ ОМПА (Түрікм., Таш.) үйіріп тастағанда асықтың түп жағымен тік тұруы.

АЛША I (Шымк., Мақт.) өсімдік.

АЛША II (Алм., Жам.) шие тәрізді жеміс. Қырғ. алча — шие (К. Юд., КРС, 1965, 53), ұйғ. алича — шие (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 16), өзб. олча — шие (Ұзб.-рус. сл., 1959, 303). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: алуц — алыча; алуцын — жеуге жарамды сабақты өсімдік (ДТС, 1969, 41).

АЛШАЛҒЫШ (Алм., Кег.; Павл., Леб.; Шығ. Қаз.: Марк., Күрш.; Кост., Фед.) алжапқыш, белдемше. Алшалғышсыз сыйыр саумайды (Алм., Кег.). Сыйр сауғанда алшалғышыңды ала жүр (Шығ. Қаз., Күрш.). Алшалғышымды таба алмай жүрсем, мал қорада қалыпты (Кост., Фед.).

АЛШОҢҚАЙ I (Гур., Маңғ.) сұлу мүсінді, денелі адам. Ораз — жігіттің алшоңқайы (Гур., Маңғ.).

АЛШОҢҚАЙ II (Гур., Маңғ.) сулы жерге өсетін түбірлі шөп. Алшоңқайды ашаршылық жылдары адам нан қып пісіріп те жеген (Гур., Маңғ.).

АЛШЫН (Көкш., Қ. ту) көл жағасындағы шөбі шабылған жерге қайтадан шыққан шөп. Жаңбыр көп жауса, алшын биік еді (Көкш., Қ. ту.).

АЛЫҚ (Гур., Маңғ.) аласы. Менің Жетібайда бір мың мәнет алығым бар (Гур., Маңғ.).

АЛЫҚ-БЕРІК (Жамб., Шу; Сем., Аяғ.) алыс-беріс. Бізбен алық-берігі бар жігіт еді (Жамб., Шу). Қазақ, алық-беріктерге зауқы жоқ, еті тірі, қолы шебер жігіт (Ғ. Мүс. Дау. кейін, 1959, 27). Ертедегі түркі сөздіктерінде алық-берігі — алыс-беріс есебі (А. Бор. Бадан.. 1961, 70.), алум-берум — бересі салық төлеу (С. Малов, ПДП, 1951, 357), алым-берім — борышпен есеп айырысу (ДТС, 1969, 35).

АЛЫМ I (Кар., Ағад.; Кост.: Об., Жетіғ.) аласы, алатын нәрсе. Құдайдан алған алымыңыз бар ма? (Кар., Ағад.). Алым ақшасын сұрап ауылнай

бір жағынан дігірлейді (Б. Майлин, Шығ., III, 1962, 30). Қырғ. алым — салық (тарихи сөз) (К. Юд., КРС, 1965, 53), хак. алым — борыш, аласы (Хак.-рус. сл., 1953, 25), ұйғ. алым — аласыны алу (С. Малов, ЯЖУ, 1957, 15). Ертедегі түркі тілі сөздіктерінде: алым — борыш, кіріс (ДТС, 1969, 35).

АЛЫМ II (Кост., Семиоз., Тар.) пара. Алым бермей тамағына, Қарар ма ол сенің әліңе (Кост., Тар.).

АЛЫМ III (Гур., Маңғ.) ғалым. Алым болып, не болар, Оқығанын жұтқан соң. Әми(қ) болып жат болмас, Естігенін тұтқан соң (Гур., Маңғ.).

АЛЫМДЫ (Орал, Жән.) адымды. Қарысуға тиісті I кең алымды, 7 өздігінен жүретін машиналардан бес күндікте тек 50% қана қатынасты (Орал, Жән.).

АЛЫМСАҚ (Шымк.: Түрік., Сайр., Түлк., Арыс) сатып алушы. Бүгінгі базарда мал алымсақ болмады (Шымк., Түрік.).

АЛЫМСЫМБАУ (Шығ. Қаз., Ұлан) менсінбеу. Бағылан деген кісі Бұтабайға құн дауына барғанда, Бұтабай Бағыланды алымсымбапты (Шығ. Қаз., Ұлан.).

АЛЫМ ТАС (Қарак. қаз.) өлшеуіш тас.

АЛЫП ЖЕУ (Жезк., Шет.) ұтқан асықты алу. Менің сақам алыш түсті, мен алып жеймін (Жезк., Шет.).

АЛЫП СОҒУ (Көкш., Қ. ту) сақаларды віру. Алып соғатын кезек, сенің кезеңің (Көкш., Қ. ту.).

АЛЫП ШЫҒУ (Түрікм.: Таш., Мары., Тедж.) бітіру, орындау. Қырқымды алып шығу үшін не керек? (Түрікм., Тедж.).

АЛЫС АРЫҚ (Алм.: Шел., Іле; Жамб., Шу) негізгі, бас арық. Алысарық Шелектен алынады (Алм., Шел.) Қырғ.— алыш (К. Юд., КРС, 1965, 54), өзбекше алыш — суды бөгеу (Ұзб.-рус. сл., 1959, 31).

АЛЫСТЫРУ (Орал: Қарат., Жымп.; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Мары, Тедж.) айырбастау. 5 қойға бір тайөгізді алыстырды (Орал, Жымп.). Жетпестік тұқым қорларын жасақтау... жабайы тұқымдарды... мемлекеттік фондадан алыстырып алу... аяқталып шығатын болсын («К-зшылар үні», 23. II. 1938). Скіләтқа барып қара жүнге ақ жүн алыстырып қайттым (Гур., Маңғ.). Сыйрымды түйеге алыстырам ба деген ойым бар (Түрікм., Ашх.). Оларды бақылаушылықтан түсіру аорынды

алыстыру республика бақылаушысының еркінде («Қызыл Қаз.» журнал). Түрікм. — алышмак (Рус.-түркм., 1956, 532), өзб. — алыштирмок (Ұзб.-рус. сл., 1959, 31), қырғ. — алыштар (К. Юд., КРС, 1965, 55), чувашша — улааш (Чув.-рус. сл., 1985, 511), хак. — алыстар (Хак.-рус. сл., 1953, 25).

АЛЫШТАС (Қарак. қаз.) өлшеуіш тас.

АМАКІ (Жамб., Жам.) аталас туыстардың үлкені. Ол кіші бізге амакі болады (Жамб., Жам.).

АМАЛ I (К. орда: Сыр., Жал.) ауа райының салқындауы. Күндегіден бүгін күн амаал екен, балам (К. орда, Сыр.). Қырғ. амаал — жылдың алғашқы айы (22 март — 21 апрель аралығы, араб тілінен ауысқан сөз) (К. Юд., КРС, 1965, 55).

АМАЛ II (Орал: Чап., Жымп.) қылмыс. Ол жауыздың істеген амалдары шексіз (Орал, Жымп.). ...бұл амалы үшін Орақовқа комсомол жиылысы тиісті амалын алды («Соц. еңбек», 10. X. 1936). ...мал тамағын даярлап алуда... бұл колхоз сұрақы амалдар жасап отыр («Соц. еңбек», 23. VIII. 1938). Ертедегі түркі жазба ескерткішінде амәл (араб сөзі) — жұмыс, іс, қылық (ДТС, 1969, 41).

АМАЛ АЛУ (Орал: Орда, Шыңғ., Жән.) шара қолдану. Баланы жастан дегендей, оларды тәрбиелеу үшін алдынала амал алу дұрыс (Орал, Жән.). Сайлау науқанының маңызына түсіне тұрса да, жауапсыз қарап жүрген... Құрманғалиевке партия ұйымы бір амал алуы жөн («Соц. жол», 29. XI. 1939).

АМАЛҒА АЛЫНУ (Орал: Орда, Жән., Шыңғ.) жауапқа тартылу. Колхоз есепшісі көп ақша жеп қойып, амалға алынғалы жүр (Орал, Жән.). Бірнеше түйе, жылқы қазаға ұшыраса, ол айыпкер сот арқылы амалға алынып, 3 жылға үкімге ұшырайды. Бұл колхоздар мен кеңестердің қатерінде болсын («Ж. жол», 7. I. 1932).

АМАЛДАР I. (Жамб., Шу) ерте кездегі дәрежелі адамдардың қызметшілері, шабармандары. Ілгеріде датқаның көп амалдары болатын (Жамб., Шу); 2. (Шымк., Сарағ.). Өкімдер, басқару жұмысындағы адамдар. Бұрынғы кездегі әкімдерді амалдар дейтін едік (Шымк., Сарағ.). Өзб. амалдор — дәрежелі адам, чиновник (Ұзб.-рус. сл., 1959, 33), ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде амәл — жұмыс істеуші; амач — сыйлы, дәрежелі (ДТС, 1969, 41).

АМАЛКЕСІН ІЗДЕУ (Талд.) амалын іздеу. Қырғ. амалкеш — айлалы, ку, епті (К. Юд., КРС, 1965, 55).

АМАЛКАСЫ (Алм., Кег.) шара, амал. Тананы жотаға жеткізуге амалқасын істеп жүрмін (Алм., Кег.).

АМАЛ ҚҰЛДАНУ (Орал: Чап., Жымп.) шара қолдану. Бұлай бетімен жіберуге болмайды, амал құлдану керек (Орал, Жымп.). Қылмысын қымтап отырған Қошаевке тиісті амал құлдануды заң орындарынан күтемін («Соц. еңбек», 23. II. 1936).

АМАНАТ КАССАСЫ (Түрікм.: Ашх., Красн., Небид., Тадж., Мары, Таш.) жинақ қассасы. Оның аманат қассасында пұлы болса керек (Түрікм., Таш.). Аманат қассасында осы уақыттарда бірнеше ондаған вкладчиктер бар («Жұмысшы» газ., 25. XI. 1949). Түрікменше — аманат қасса (Рус.-түркм. сл., 1956); өзбекше — омонат қасса (Ұзб.-рус. сл., 1959); қарақалпақша — аманат сақлау қассасы (Рус.-қарак. сл., 1958). Аманад — сақтауға берілген зат (Л. Буд., 1, 91).

АМАНҒА КЕЛУ (Сем.: Көкп., Ақс.) құданың қылдырып, амандық білуге келуі. Ағайшалар біздің ауылға аманға келіпті (Сем., Көкп.).

АМАНҒЫ (К. орда: Қаз., Қарм.) ежелгі, ескі, дағдылы. Жер бетімен төмендеп ұшқан снарядтың өстіп дыбысы естілмей, жарылғанын бір-ақ аңғаратын аманғы әдеті еді (Ә. Нұрп., Курл., 1950, 125).

АМАНДА (Орын.: Ад., Бөрт.) әуелден, баяғыдан, кашанда болса. Аманда қымыз ішіп тұрдық (Орын., Ад.).

АМАНДАУ I (Жамб., Сарс.; Алм., Кег.) амандығын білу, түгендеу. Жылқыны, амандап келейіні (Жамб., Сарс.). Малды амандап келдім (Алм., Кег.).

АМАНДАУ II (МХР, Баян.) амандығын білдіру. «Кәрі жілік» деді Қауметбай мал мен басты амандайды (МХР, Баян., Құрман., 201).

АМАН ӨРДІНІЗ БЕ? (Гур.: Шевч., Есб.; Ақт., Ойыл; Орал: Чап., Жымп.; Түрікм., Красн.) жақсы жатып, жай тұрдыңыз ба? Аман өрдіңіз бе? (Гур., Шевч.). Бала, жақсы ұйықтап, аман өрдің бе? (Ақт., Ойыл.). Ол кісіні әлгі әзірде көріп едім, аман өрдіңіз бе? — деп өте шықты (Түрікм., Красн.).

АМАН-САУ ӨРУ (Орын., Ад., Бөрт.)

аман-сау тұру. Я, аман-сау өрдің бе? (Орын., Ад.).

АМАНСОҚ (К. орда, Арал) аман-сау Амансоқ барып келгендерің жақсы болды (К. орда, Арал).

АМАН-ТҮГЕЛІ (Гур.: Маңғ., Шевч.; Орын.: Ад., Бөрт.; Түркм.: Таш., Ашх., Көнеүр., Мары). аман-есен Ерештікіне барып аман-түгел айттың ба? (Гур., Маңғ.). Былай аман-түгел отырғанда ағайынның қадірін қайдан білесің (Орын., Ад.) ...өз білетіндерінің аман түгелін сұрастыра отырды (Ж. Тіл., Қайнар, 1953, 208) Сағиларға аман-түгелін білуге барармын (Түрікм., Көнеүр.). Аман-түгел сұрасты, қу ғой. Сенің шешеңе сәлем беруге кетіп барады екен (Ә. Нұрп. Сен. 1983, 341).

АМАН-ТҮГЕЛСІЗ (Сем.: Акс., Көкп.) аман-есендік білісу, амандық сұрау. Бұл аудандардың өкілдері өзара амандасқанда «аман-түгелсіз» деп қол алысады (Сем., Акс.).

АМАШ (Шымк., Мақт., Қызылқ., Арыс.; Карак. қаз.) ағаш соқа. Мүтән амашпен жер айдап жүр (Шымк., Мақт.). Бердібай сен бүгін ана жерге амашты сал (Қарак. қаз.).

АМЫРАҚ (МХР, Баян.) үйір, әуес, құмар. Жалғызға жау қандай амырақ, өзін өлтіріп, оны-мұнысын олжалап әкелді (МХР, Баян., Құрман., 202).

АНА БОЛУ (Орал, Жән.) біреуді көп ойлап, көңілі бұзылып, ғашық болу. Бозекең ақ кемпірге ана болып жүр (Орал, Жән.).

АНА ИАҚ (К. орда: Сыр., Тер., Жал.; Жезк., Ұлы.) ана жақ. Ана йақтағы біздің үй (К. орда, Сыр.). Ана йақта отырғанымызда болған еді (Жезк., Ұлы.).

АНАИЫ I (Жамб., Шу) оқымаған, қараңғы. Әкеңіз анайы адам еді, сол сияқты болма деп маған ұрыса бастады (Жамб., Шу).

АНАИЫ II (Орал, Жән.; Қ. орда., Арал.; Орын.: Ад., Бөрт.) арнайы, ерекше, әдейі Исатай көпке басшы болуға лайық анайы туған адам екен (Орал, Жән.). Мен конторға сізді іздеп анайы келіп ем (К. орда, Арал). Комсомолда жоқтарды комсомолға тарту үшін комитет составынан анайы кісі бөліп, БЛКЖС-тың ұстаз, программасымен таныстыруда («Қызыл ту» газ., № 84, 1938). Анайы іздеп келгеніңде біраз айтып берейін білгенімді (Орын., Ад.). Өлеңді қоя бердім ал дегенге, Несіне тоқталайын жар дегенге. Анайы той де-

генге келдім іздеп, Осында бір-екі ақын бар дегенге (Орын., Ад.).

АНАҚЫ-МАНАҚЫ (Жамб., Корд.; Алм.: Нар.; Жамб., Кег.) ондай-мұндай, анау-мынау. Ол анақы-манақы деп жөнді жауап бермеді (Жамб., Корд.).

АНАҚ-МҰНАҚ (Алм., Кег.) анау-мынау. Жәкен, сен базарға барып, қонақтардың чайына салатұғын анақ-мұнақ әпкелгін (Алм., Кег.).

АНА МАЛ (МХР, Баян.) ұрғашы мал. Ана малдың өз ұрпағына және басқаның ұрпағына қарауы алуан түрлі («Үгітші», 1987, № 3, 25).

АНАНАЙЫН (Шығ. Қаз., Күрш.) айналайын. Айналайын, сәулем (Шығ. Қаз., Күрш.).

АНАН-МҰНАН (Алм., Жам.) одан-будан. Ел анан-мунан жиылып, теңіздей толқыды (Алм., Жамб.).

АНАР I (Алм., Жам.) жеміс түрі. Біз анарды көп пайдаландық (Алм., Жам.). Қырғ. — анар (К. Юд., КРС, 1965, 56), түрікм. — нар (Рус.-түркм. сл., 1956, 125).

АНАР II (Алм., Шел.) ажар, көрік. Анарсыз әйел (Алм., Шел.). Мынау адамның көзі түсетін анар қыз екен (Алм., Шел.).

АНАР III (МХР, Баян.) пәле. Құмармен ерегесіп, аңғалдықпен анарға ұрынды білем (МХР, Баян., Құрман., 81).

АНАУІР (Алм., Ұзын.) ана бір.

АНДА (Сем., Шұб.) дос, жолдас. Бейтаныс жігіттер білісе келе анда болады (М. Мағ., Аласап., 1988, 109).

АНДАҚ-МҰНДАҚ (К. орда: Карм., Сыр., Арал; Алм., Шел.) ондай-мұндай. Андақ-мұндақ шаруам болып, қалаға бара жатырмын (К. орда, Сыр.). Айтсаң турасын айтқын, андақ-мұндағыңның керегі жоқ (Алм., Шел.). Тува тілінде: «ындыг», «мындыг» тұлғалы сөздер — сондай; ондай мағыналарында қолданылады (Рус.-тув. сл., 1980, 576), ұйғ. андақ-мұндақ — ондай-мұндай (Үйғ.-рус. сл., 1961, 18), өзб. андоқ — сондай, мундоқ — бұндай (Узб.-рус. сл., 1959, 35, 271), хак. андағ-мындағ — ондай-мұндай (Хак.-рус. сл., 1953, 26), якут тілінде оннук, манник — сондай, ондай (Рус.-як. сл., 1968, 632), алтайша андақ — сондай (Н. Бас., ДК, 1972, 201). Ертедегі түркі сөздіктерінде антег — сондай (Ә. Надж., ИСТЯ. XIV в., 1979, 241), андағ, мундағ — ондай, сондай (С. Малов, ПДП, 1951, 358, 401), андағ, антағ — сондай (ДТС, 1969, 44, 45).

АНДАҚ-МҰНДАҚТА (Гур.: Шевч.,

Маңғ., Бакс.) анда-санда. *Андақ мұндақта келіп тұр* (Гур., Шевч.).

АНДАК-МЫНДАК (Гур., Бакс.) онда-мұнда. *Басың бос болса андақ-мындақ жүре берер едік* (Гур., Бакс.).

АНДАМА-ДІЛМАЛА (К. орда; Қарм., Сыр.) үй сылайтын темір қалақ. *Андама-ділмаласыз-ақ сылаушы(ы) ек*, бұл күнде бұнсыз үй сыламайды (К. орда, Қарм.).

АНДАҒАЙЛАУ 1. (К. орда: Сыр., Жал., Қарм., Қаз.) жабыла, ентелеп қарау. *Осы каналға су жіберерде андағайлап көргелі тұрған адам өте көп болды* (К. орда, Сыр.). *Адамдар андағайлап тұрған көріп, Тұрғызып әдегенше алды келіп* (Рус. даст., 115); 2. (Торғ., Жанг.; Жезк., Ұлы.) топтану. *Андағайлап қырдан төрт-бес кісі шыға келді* (Торғ., Жанг.). *Андағайламай бытырап-бытырап кетіңдер* (Жезк., Ұлы.). Бұлар аттың басын жіберген кезде, андағайлаған қара иу ете түсті (Б. Майлин, Шығ., IV, 129).

АНДАЙ-ПЫНДАЙ (Алм., Кег.) андай-мұндай. *Айтсаң, турасын айт, андай-пымдайыңның керегі жоқ* (Алм., Кег.).

АНДАТ (Кост., Об.) ку. *Әлгі біздің андат қайда жүр, шақыршы мұнда* (Кост., Об.).

АНДАУ (К. орда, Қарм.; Қар., Ағад.) қаптау, көбею. *Андаған үйдің ішінде неден қорқасың* (К. орда, Қарм.). *Бір кезде аяқ астынан шу көтеріп, аралар андап қоя берді* (Ғ. Мұс., Дау., кейін, 1959, 70).

АНДУА (Шығ. Қаз., Зайс.) үй сылайтын темір қалақ. *Өзің үй сылауға келіп, андуаңды тастап кетіңсің* (Шығ. Қаз., Зайс.) Өзб. — андава (Ұзб.-рус. сл., 1959, 34).

АНДЫЗ (Гур., Есб.; Орал, Қарат.) өсімдік түрі. *Андызды жылқы керім жейді* (Гур., Есб.). *Атыңның сулығына андыз байла, ыстығы тарқайды* (Орал, Қарат.). Қырғ. — антыз (К. Юд., КРС, 1965, 58), түрікше — андыз (Гур.-рус. сл., 1977, 55). Жазба түркі тілі ескерткіштерінде — андуз (ДТС, 1969, 47).

АНДЫЗДАУ (Шымк.: Түлк., Сайр.) озып шығу. *Ахмет андыздап келеді* (Шымк., Сайр.). *Қырандар көкте сарылған, Андыздап өрген өзендер, Сапырып сайдан ағылған* (Н. Байғ., Танд. шығ., 1957, 426).

АНДЫЗДАП СУАРУ (К. орда, Шиелі) егістік жерді тегіс суару.

АНЖЫ І (Шығ. Қаз., Тарб.) жауырға

өткізетін қыл. *Бұрын жауыр жылқының жарасынан анжы өткізетін едік* (Шығ. Қаз., Тарб.). К. әнжі.

АНЖЫ ІІ (Жамб., Шу) құйысқан байлайтын темір.

АНИЖАН ЖАУЛЫҚ (Түрікм.: Таш., Мары) басқа тартатын үлкен жібек ормал. *Мынау анижан жаулығы бар Шахидың әйелі* (Түрікм., Таш.). Ұйғыр тілінде *андижан* — ұйғыр руларының бірі (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 16).

АННАН (Орал, Қазт.) ана жақтан. *Сенің ауырғаныңды аннан естіп келдім* (Орал, Қазт.).

АНСАН (Ташк.) онай. — *Мұның дауасы ансан*: Бір үлкенірек мышықты (қ) тауып, силап жұтасың, — деді (Ю. Абд., КД., 1967, 250).

АНСАТ ЕМЕС (К. орда, Қарм.) онай, жеңіл емес. *Қартайғанда шөп шабу бізің үшін ансат емес* (К. орда, Қарм.). К. ансат.

АНТЕК-ТАНТЕК (Қарак. қаз.) әлтектәлтек. *Оның мені антектантект еткісі келеді* (Қарак.).

АНЧА-МҰНЧА (Алм.: Шел., Кег.) азды-көпті. *Қолымызда анча-мұнча малымыз бар* (Алм., Шел.). Ұйғ. — *анчә-мунчә* (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 18), хак. *анча-мынча* — аздапа, азын-аулақ (Хак.-рус. сл., 1953, 27).

АНШЫК (Қарак. қаз.) топса. *Қалының аншығы сынып кетіпті* (Қарак. қаз.).

АНЫҚ СЕМИЗ (Гур., Маңғ.) нағыз семіз. *Анық семіз емес жылқыға «есер жабық» дейді* (Гур., Маңғ.).

АНЫҚЫ-МЫНЫҚЫ (Гур., Маңғ.) анау-мұнау. *Анықы-мынықы дегенді қой да, тез жұмысқа бар* (Гур., Маңғ.).

АНЫ-МҰНЫ (Сем.: Абай, Шұб., Көкп.) оны-мұны. *Есіман қалаға барып, аны-мұны алып қайтыпты* (Сем., Көкп.).

АНЫСЫН-МҰНЫСЫН (Гур., Маңғ.) онысын-мұнысын. *Бізге кім айтса да бәрі бір, анысын-мұнысын тексермейміз. Бар деген жұмысқа жүре береміз* (Гур., Маңғ.).

АҢ І І. (Шымк.: Қызылк., Сайр.) шұңқыр, жыра жер. *Белбұлақ деген жерде аң көп* (Шымк., Қызылк.). *Кейбір аңның ұзындығы бір километрге дейін барады* (Шымк., Қызылк.); 2. (Шымк., Түлк.) аңыз жер, егіндік жердің орны. *Малды аңға жай* (Шымк., Түлк.).

АҢ ІІ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары,)

ес, ақыл. *Аңың қайда сенің?! (Түрікм., Ашх.). Түрікм. — аң (Туркм.-рус. сл. 1940), өзб. — онг (Ұзб.-рус. сл., 1959, 304), қарак. — аң (Қарак.-рус. сл., 1958), қырғ. — аң (К. Юд., КРС, 1965, 58), түр. — аны (Тур.-рус. сл., 1977, 55), ұйғ. — аң (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 26), чув.— аан (Чув.-рус. сл., 1985, 51). Түркі жазба ескерткіштерінде аңг (Э. Надж., ИСТЯ. XIX в., 1979, 247), аң (Ат-тухфа, 1978, 267), аң (А. Курьш., ИЛТАС, 1970, 85), аң (С. Малов, ПДП, 1951, 359).*

АНІІІ (К. орда, Арал, Қарм.) сақ. *Мұндай колхоз жұмысын бетімен кетіргіштерге аң болыңдар (К. орда, Арал).*

АНІІІІ (Түрікм., Красн.) жол үстіне кесе көлденең тұрып қалған қар. *Тақыр теп-тегіс болса да жолдың әр жер-әр жеріне аң тұрып қалады (Түрікм., Красн.).*

АНАЗА І (Торғ.: Жанғ., Аман.; Гур., Маңғ.) аңыз. *Басырғараның Қанапиясы жөнінде ел ішінде аңаза көп (Торғ., Жанғ.). Өтірік-шының кім білген, осылай деген бір аңаза сөз бар (Гур., Маңғ.) Қырғ. — аңаза (К. Юд., КРС, 1965, 58).*

АНАЗА ІІ (Шымк., Мақт.) аңыз, ақ, қуаңшылық жапан даланың жартусыз өсімдіктерін қуратып жіберетін («Соц. ауыл» газ., 1940, № 90).

АНАРҰ (Орал, Жән.) есі кетіп, тұрып қалу. *Ол қорыққаннан аңарып қалды (Орал, Жән.).*

АН БОЛУ (К. орда, Арал; Түрікм.: Таш., Ашх., Тедж., Мары) ескеру, байқау, сақ болу. *Колхоз жұмысына селқос қараудан аң болыңдар (К. орда, Арал). Үйде сондайға аң болып істемелі (Түрікм., Тедж.).*

АНҒА ҚҰНАР (Тау., Қош.) аңға құмар.

АНҒАЛАҚ І (К. орда: Сыр., Жал.; Орын.; Ад., Бөрт.; Орал, Жән.) көздің аясы, шарасы, тұрған орны. *Қартайған адамның көзі аңғалағының ішіне қарий еніп кетеді (К. орда, Сыр.). ...кепкіні тізесіне кептеп кигізді, мықтап есінеп алып, қол орамалын суырды, езу ұшың, көз аңғалағының алдын сипады («Жұлдыз» жур., 1986, № 4, 85).*

АНҒАЛАҚ ІІ (Гур., Маңғ.) ортасы ойыс зат... *Аңғалақ келге түйген құрлы да тарыңның жартысы далаға шашылып болады (Гур., Маңғ.).*

АНҒАЛАҚТАЙ-АНҒАЛАҚТАЙ (Орал: Жымп., Чап., Шыңғ., Қарат.) үңірейген-үңірейген. *Аңғалақтай-аңғалақ-*

*тай екі құдық... (Ғ. Сл., Ж. тау., 1945, 228)*

АНҒАР І (Орал, Фурм.) аран, ауыз. *Оның қарны ашып, аңғары ашылып келді (Орал, Фурм.).*

АНҒАР ІІ (Ақт., Ойыл.) сезім, түсінік, зейін. *Ол кісінің аңғары өте күшті (Ақт., Ойыл).*

АНҒАРЛАУ (Тау., Қош.; Сем.: Абай, Шұб.; Шығ. Қаз., Больш.) байқау, аңғару. *Ол домбырасын аңғарлап шертеді (Тау., Қош.). Түркі жазба ескерткіштерінде: аң — түсіну, ұғыну (А. Бор., ЛСТ XII—XIII вв., 1963, 55), аңа — түсіну, ұғыну (ДТС, 1969, 46); Синьцзян ұйғ. аңла — тыңдау, түсіну (С. Малов, УНС, 1961, 941), чув. аанла — түсіну (Чув.-рус. сл., 1985, 52).*

АНҒАРЛЫ (Алм., Еңб.) андайтын, білетін. *Осы жігіт аңғарлы ғой (Алм., Еңб.).*

АНҒАРЫ (Сем.: Абай, Шұб.; Тау., Қош.) шамасы, ыңғайы. *Аңғары осы жұмысқа сізді орналастырғысы келеді (Сем., Абай). Жүсіптің даусы ышқындыра түскендей боп, ірі адымдап Өмірбек өзінің аңғарына құлады (Б. Майлин, Шығ. IV, 251).*

АНҒАРЫ ЧЫЛУ (Қост., Жетіғ.; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид.) араны ашылу. *Қымыздан кейін аңғарым ашылып сала берді (Қост., Жетіғ.). Сенің аңғарың неге ашылып отыр (Гур., Маңғ.). Кешелі бері тамақ ішпегендіктен бе, менің аңғарым ашылып кетті (Түрікм., Небид.).*

АНДАЛАҚТАУ (Алм., Кег.) аңғалақтау. *Аңдалақтап жүрген бүркіт түліні ұстап қала алмады (Алм., Кег.).*

АНДЫЗ-АНДЫЗ (Алм., Кег.) бытыраңқы. *Малдар аңдыз-аңдыз келе жатыр (Алм., Кег.).*

АН-ЗАҢ (Гур., Маңғ.) аң-таң. *Неменеге аң-заң болып отырсың? (Гур., Маңғ.).*

АНЗА (Қост., Затоб.) аңыз, әңгіме. *Басырғараның Қанапиясы туралы ел ішінде аңза көп (Қост., Затоб.).*

АНҚӨС (МХР, Баян.) аңға құмар. *...жай бір аңқөс адамдар... жүні жетілмеген суырды аулап, ...жоспар орындау мақсатымен... болған («Ж. өм., II, VIII, 1983).*

АН ҚАҒҰ (Сем.: Абай, Шұб.) аң аулау. *Мен ол кезде аң қағушы едім (Сем., Абай.).*

АНҚАҚ (К. орда, Арал) аңқау. *АНҚАЛАҚТАУ (Алм., Шел.) саскалақтау. Аңқалақтап жүрген бүркіт*



түлкіні ұстап қала алмады (Алм., Шел.).

**АҢҚА-САҢКА БОЛУ** (Жамб., Жам.; Гур., Маңғ.) алкам-салкам болу. *Ол аңқ а-саңқа боп тығылды* (Жамб., Жам.). *...кебеженің алдында үйреншікті орнында енесі жатыр екен. Аңқ а-саңқа. Тесірейген екі жанарда ғана тіршілік нышаны бар* (Ә. Кекіл., Құс. Қан., 1978, 99).

**АҢҚАУСЫЗ** (Жамб., Жуалы) қапылыста. *Аңқаусыз жатқанда басып қалған* (Жамб., Жуалы).

**АҢҚАЮ** (Гур., Маңғ.) көбею. *Жәрдемге мал келгенде үй басына 7—8 жандықтан лықытып еді, 4—5 жылдықта-ақ малымыз аңқайып шыға келді* (Гур., Маңғ.).

**АНКУ** (Акт., Ойыл) ашық, айқын. *Патепонның даусы аңқып шықты* (Акт., Ойыл).

**АҢҚЫ** (Гур., Есб.) анқау. *Бейсанғали деген аңқы кісі* (Гур., Есб.). Тофа тілінде *аамай* — ашық ауыз (В. Расс., ФЛТЯ, 1971, 157), хак. *аньмай* — ашық ауыз, анқау (Хак.-рус. сл., 1953, 28). Дүние жүзіндегі көптеген тілдерде «аңқы» тұлғалас сөз — «ашық ауыз» мағынасында қолданылады (В. Пил.-Св., ОСНЯ, 1971, 244). Монғ. *ангайх* — ашу, анқаю, аңқиып қалу (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 24).

**АҢЛАМАУ** (Жамб.: Сар., Жам.) андамау. *Мен сенің айтқан сөзіңді аңламадым* (Жамб., Жам.).

**АҢЛАУ** (Жамб.: Шу, Сар.; Алм., Іле) андау. *Алыстағы жауыңнан, аңлап жүрген дос жаман* (Жамб., Шу). *Аңламай сөйлеген, ауырмай өледі* (Алм., Іле). *Ондай жағдайда Рысқұловқа бір таяқ тиерін де аңлағандай еді* (Ш. Мұрт., Жұл. көп., 211).

**АҢЛАУСЫЗ** (Көкш.: Руз., Зер.) андаусыз. *Кушеков жолдас коммунистік тәрбиені бұрмалап, аңлаусыз наданның ісін істеп жүр* (Көкш., Зер.).

**АҢЛУ** (Алм., Шел.; Жезк., Шет) аңду. *Тасқа тығылған түлкіні қанча аңлы-сақ та, чыға қоймады* (Алм., Шел.). *Касқырды қарамайды біздей аңлып, Кетсе де малын қырып, басын даңғып* (Жезк., Шет).

**АҢЛЫСУ** (Жамб., Шу) андысу. *Адасқан ер, аңлысқан елді түзеп, басшылық еткен үлгі ісін айтар* (Жамб., Шу).

**АҢСАСЫ АУУ** (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) ансары ауу. *Ашықтық дейсің бе, аңсасы ауып кетті де* (Түрікм., Таш.).

**АҢСАСЫ ҚҰРУ** (Гур., Маңғ.) ансары ауу. *Аңнан келе жатсам, жолда аңса-*

*сы құрып тұр екен, бір текені соған тастап кеттім* (Гур., Маңғ.).

**АҢСАТ** (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Тедж., Мары) оңай, жеңіл. *Ісің оңша аңсат емес* (Түрікм., Красн.). Түрікменше — *аңсат* (Рус.-түркм., сл., 1956, 286), карақалпақша — *аңсат* (Карақ.-рус. сл., 1958); *асан* (парсыша *асат, ансат*) — жеңіл В. Рад., Опыт., I, 536), азерб. — *асан* (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 148), түрікше — *асан* (Тур.-рус. сл., 1977, 67), ұйғ. — *асан* (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 21), өзб. — *осон* (Ұзб.-рус. сл., 1959, 308), чув. — *ансат* (Чув.-рус. сл., 1985, 36). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде де бұл тұлғалас сөз «жеңіл, оңай» мағыналарын береді: *асан* (А. Бор., ЛСТ XII—XIII вв., 1963, 61), *асан* (С. Малов, ПДП, 1951, 361), *асан* (ДТС, 1969, 59). Парсыша *асан* — оңай, қиын емес, күрделі емес (Пер.-рус. сл., I, 1983, 71).

**АҢСЫЗ I** (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) ақыл-ойы нашар, ессіз. *Бізбен бірге жүрген адамы аңсыз біреу екен, жөнді ешнәрсе айта алмады* (Түрікм., Көнеүр.). Қырғ. — *аңсыз* (Қ. Юд., ҚРС, 1965, 59), түрікм. — *аңсыз* (Рус.-түркм., сл., 1956, 382), өзб. — *онгсиз* (Ұзб.-рус. сл., 1959, 304). Ертедегі жазба ескерткіштерде *ангсыз* (Ә. Надж., ИСТЯ XIV в., 1979, 247).

**АҢСЫЗ II** (К. орда, Арал; Гур., Маңғ.) андамай, андаусыз, байқаусыз. *Менің аңсызымды қара, тіпті байқамаппын* (К. орда, Арал). *Аңсыз отырғанда, не айтқаныңда естімей қалыппын* (Гур., Маңғ.). *Бұл шабуыл немістерге аңсызда тас-табандатып соққан мықты соққы болды* (Ә. Нұрп., Курьян., 441)..

**АҢСЫК** (Түрікм.: Красн., Небид.) асығы. *Сонда ол айтқан екен: сендер ешкі асығы — аңсықсыңыздар ғой, біз болсақ қара құйрықтың асығы — таңсықыңыз* (қ.) (Түрікм., Красн.).

**АҢСЫҚ ОЙЫН** (Сем.: Абай, Шұб.) кызба, таңсық ойын. *Дойбы деген бір аңсық ойын* (Сем., Абай). *Еш хұқықсыз жаралған пендеміз ғой. Әлде кімнің таңсығы мен аңсығын басу үшін жасаған бір ойыншықыңыз...* (Қ. Аман., Шығ., II, 1936, 430-б.).

**АҢШЫЛ** (Сем.: Абай, Шұб.; Тау., Қош.) аңшы кісі. *Бұл маңда аңшылік кісілер көп-ақ* (Сем., Абай).

**АҢЫЗ I** (К. орда: Жал., Сыр., Қарм.; Сем.: Абай, Шұб.) тынайтылған жер. *Биыл күрішті ылғи аңызға салдық,*

өнімді мол алуға тиіспіз (К. орда, Жал.).  
Бидайды екпестен бұрын жерді аңыз-  
даймыз. Аңыздалған жерге ас-  
тық жақсы шығады (Сем., Абай).

АҢЫЗ ІІ (Торғ.: Жанғ., Аман.) орыл-  
ған егіннің орны. Қаң төгудің тапсыр-  
масы орындалған. Бірақ аңызға тасу  
ісі ұйымдастырылмаған («Лениндік жол»  
газ., 8. III, 1942). Қырғ. — аңыз (К. Юд.,  
КРС, 1965, 60), түрікше — аңыз (Тур-  
рус. сл., 1977, 56). Түркі тілдері жазба  
жырттылатын жер (С. Малов, ПДП, 1951,  
364), аңыз — орылған егін орны (ДТС,  
1969, 47).

АҢЫЗ ІІІ (Орал, Жән.) жел. Ей,  
аңызға неге шықтың?! (Орал, Жән.).

АҢЫЗҒАҚ І (Сем.: Абай, Шұб.; Гур.,  
Маңғ.; Орын.: Ад., Бөрт.) аңызак. Жау-  
ын аз болып, аңызғақ жел соғып кетті  
(Сем., Абай). Бүгін күн аңызғақ,  
үйткені мынау қызыл жел әрі ысы, әрі  
күшті, құрғақ соғып тұр (Гур., Маңғ.).  
Жазды күні ыссық жел соғады, соны  
аңызғақ жел дейді (Орын., Ад.).

АҢЫЗҒАҚ ІІ (МХР, Баян.) салқын.  
...қарлы бұрқасын, аңызғақ жел со-  
ғып малдың күйін осалдатқандығын ай-  
та келіп, малышларға жақсы қолғабыс  
көрсетіп, табысты... («Ж. өл.», I. VI,  
1983).

АҢЫЗҒАҚ ІІІ (МХР, Баян.) жазғы-  
тұрғы жылы жел. Аңызғақ соғып қар  
кетіпті ғой дейміз (МХР, Баян.).

АҢЫЛАУ (Гур., Маңғ.) аңырау, ың-  
кылдау. Сендей шыдамсызды білмедім,  
кішкентай бір жері ауырса болғаны,  
аңылап қоя береді (Гур., Маңғ.).

АҢЫЛЖУ (Гур., Маңғ.) қаңырау, құ-  
лазу. Ата қоныстың аңылжып иесіз  
қалғанына... жер үстінде тірі жүріп қай-  
тып шыдайды (Ә. Кекіл., Құс. кан., 1978,  
163).

АҢЫРУ (К. орда, Қарм.) дем алу,  
тынығу. Бағана түсте де, аңырма-  
ғандықтан әбден шаршадым (К. ор-  
да, Қарм.). Түрікше арам — тыным, ты-  
ныш (Тур.-рус. сл., 1977, 61), үйғ. —  
арам (Үйғ.-рус. сл., 1961, 19), өзб. —  
аром (Үзб.-рус. сл., 1959, 306), сары үйғ.  
амыр — тыныштық (С. Малов, ЯЖУ,  
1957, 15), Синьц. үйғ. — арам (С. Ма-  
лов, УНС, 1961, 94). Парсы тілінде —  
арам — дамылдау, тыныштық (Пер.-рус.  
сл., I, 1983, 60).

АҢЫРАЙМА (Қарақ. қаз.) мал төлі-  
нің тұмсығына кигізетін құрал.

АҢЫРАУ (МХР, Баян.) таңырқау.

АҢЫРУ (К. орда, Арал) тоқтау, бөгес-

лу. Олар осы түстен кейін ғана аңы р-  
ған шығар (К. орда, Арал). Мұнан бас-  
қа күніге шай, шекер, товар дегеніңді  
аңырмай алып, жекжатына беріп оты-  
рады («Екп. балық», № 49, 1932).

АҢЫРАЙМА І (Қарақ.) жазда бола-  
тын түйенің көмей құрт ауруы.

АҢЫРАЙМА ІІ (Гур., Маңғ.) түйенің  
оттамай шөгіп жатуы. Қазір түйенің  
аңырайма айы ғой (Гур., Маңғ.).

АПА І. І (МХР, Баян.) әкесінің ше-  
шесі; 2. (МХР, Баян.) туған шеше.

АПА ІІ (Алм., Шел.) үлкен шеше.  
Апа, сіз қайда болдыңыз (Алм., Шел.).

АПА ІІІ (Павл., Ерт.; Түрікм.,  
Красн.) балалардың туған шешесіне ар-  
нап айтатын қаратпа сөзі. Өзімнің апам  
да тоқсаннан асып қайтыс болды (Тү-  
рікм., Красн.). — Апа, неге келесің? —  
Балам-ау, сондай да сұрақ бола ма екен  
(Б. Сок., Жекпе-жек, 92). Апам жалау  
жамап бірдеңе істегенде, сол есік алдын-  
да отырып істейді (Б. Сок., Біз де бал.  
бол., 24).

АПАҒАЙ (Жамб., Жам.) апа, бірге  
туған қыздардың үлкені. Ол менің апа-  
ғайым (Жамб., Жам.).

АПАЙ І (Алм., Шел.) төскей, бет, үл-  
кен сай, тау етегі. Бір күні тауға чығып,  
апайдан арқар атып алдым (Алм.,  
Шел.).

АПАЙ ІІ (Көкш.: Щуч., Еңб.) ашық  
дала, дала. Малды апайға жаю керек  
(Көкш., Щуч.).

АПАЙ ТАПТЫРМАУ (Торғ., Жанғ.)  
ес жинатпау. Апай таптырмайды  
деген сөз — біреуден бір нәрсе сұрай  
келгенде берушінің есін шығарып, алмай  
қоймау (Торғ., Жанғ.).

АПАЙ-ТОПАЙ І (Талд.) жылдам, тез.  
Жұмысымызды апай-топай істедік  
(Талд.).

АПАЙ-ТОПАЙ ІІ (Шымк., Шәу.; Алм.,  
Жамб.; Талд.) жапа-тармағай. Мен  
апай-топай бітсін деп ойладым  
(Шымк., Шәу.).

АП-АЙЫҚ (МХР, Баян.) ап-ашық,  
бұлтсыз. Өлгий аспаны әдеттегідей ап-  
айық. Талма тұс аға бастаған мезет  
(«Ж. өм.», 21. VII, 1986).

АПАЛАС-ТОПАЛАС (Шығ. Қаз.,  
Больш.; Тау., Қош.) жедел, тез. Осы  
хабарды естісімен, олар апалас-топалас  
қашты (Тау., Қош.). К. апалас-тө-  
пелес.

АПАЛАС-ТӨПЕЛЕС (МХР, Баян.)  
жедел, тез. Апалас-төпелес кетіп  
қалды (МХР, Баян.).

АПАЛЫҚ (Шығ. Қаз., Больш.) кор-

ған соғатын қалып. Мынау ұлкен апа-  
лы қ екен (Шығ. Қаз., Больш.).

АПАНАТТАЙ-КЕНЕПАТТАЙ (Қа-  
рақ.) үлкеп, зор.

АП-АНСАҢ (К. орда, Қарм.) оп-оңай.  
Менің аялым ұл баланы ап-ансаң-ақ  
тауып алды ғой (К. орда, Қарм.).

АППАРА (Сем.: Мақ., Аяғ., Ұрж.) ашыт-  
қы. Апара қоймай, нан ашымайды  
(Сем., Ұрж.).

АППАРА ҚОҒЫП АШЫТУ (Сем.: Мақ.,  
Ұрж.) нанға ашытқы салу. Қамырға  
апара қойып ашытамыз (Сем., Ұрж.).  
орысша — опара.

АПАРУ 1. (Түрікм.: Ашх., Таш.,  
Красн.) жүргізу. Сөзед жұмысын 26/II-  
дан 2 мартқа дейін апарды («Қ. бұғ.  
көл жұмысшысы» газ. 8. III. 1937).  
Өзб. — олиб бормақ түрінде кездеседі  
(Рус.-узб. сл., 1954); 2. (Түрікм., Таш.,  
Мары, Ашх.) салу. Мектеп оқушылары  
да жекеге жігер апарып атыр (Тү-  
рікм., Мары.).

АПА-САПА (Түрікм.: Ашх., Таш.,  
Тедж., Мары.) тынышталу, жайғасу. Той  
сауылып (қ.), апа-сапа болғансын да  
екеуі кермарласа (қ.) берді (Түрікм.,  
Таш.). Апа-сапа боп, марқұмды жер-  
леп қойған соң, әлгі жайды абысыны  
енесіне айтты (Ә. Кекіл., Үркер, 1981, 6).

АПА-ТАПА (Сем.: Көкп. Акс.) тас-  
талқан. Мен бұл жағдайды білмедім ғой,  
әйтпегенде оның сөзбен ап-а-та-п-а-с-ы-н  
шығаратын едім (Сем., Көкп.).

АПАШ-ҚҰПАШ (Шығ. Қаз., Больш.)  
асығыс, апыл-ғұпыл. Апаш-құпашта  
мойың қойға бәрі жарайды деп, төлдің  
жемін тией салыпты («Жұлдыз», 1986,  
№ 4, 95).

АП ДЕУ (Торғ., Жанг.) Ә дегенде,  
алғашқыда. Ап деп мал бере баста-  
ғанда бір колхоздан көп мал келді  
(Торғ., Жанг.).

АПЕКЕ (Шығ. Қаз., Зайс.; Сем.: Ұрж.,  
Мақ.) апа. Құлзияның апекесі Алма-  
тыда оқиды (Шығ. Қаз., Зайс.). Апе-  
кеңіз ғой білерсіз, неше жаста, тәте?  
(Сем., Мақ.). К. әпеке, әпше.

АП ЕТКЕНДЕ (МХР, Баян.) ә деген-  
де, бірден. ...жолаушының көзіне әрдай-  
ым ап еткенде ілге кететін, бет-  
аузын шаң-топырақ басып, жүдеп-жада-  
ған ыдыс-аяқ көрінбейді (МХР, Баян.,  
Құрман. 222).

АП КЕТУ (Алм., Шел.) алып кету.  
Сонда, құла биемді де байлар тартып ап  
кетті (Алм., Шел.).

АПКА-САҚПА БОЛУ (Жамб. Жам.)  
алқам-салқам болу. Оның денесі апқа-

сақпа болыпты ғой (Жамб., Жам.).

АППАЗЫ (Гур., Маңғ.) 20 тын. Бір  
аппазы дегеніміз 20тынн болады (Гур.,  
Маңғ.).

АПСАҒАҒИ (Қост.: Об., Торғ., Жанг.:  
Қар.) капсағай, еңгезердей, ірі (адам  
жөнінде). Ол еңгезердей апсағай жігіт  
(Қост., Об.). Сіздің үйге апсағай ұл-  
кен біреу келді (Торғ., Жанг.). Аман  
оның апсағай денесіне, ашық мнәзі-  
не, еңбек сүйсіткісіне сүйсіне қарап, сөй-  
лете берді (Ф. Мұс., Дау. кейін, 1959,  
381).

АПСАР-ЖАПСАР (Алм., Шел.) Ет  
апсар-жапсарда тұр (ұрылар сөзі).

АПСЮ (Сем.: Абай, Шүб.) сапсию.

АПТАП ЖЕЛ (Гур., Шевч.) аңызак  
ыстық жел.

АПТАПТАУ (Гур., Маңғ.) ыстықтау.

АПУ ЕТУ (Орал: Жымп., Шыңғ., Чап.)  
ғапу ету. Есіміңізді ұмытып қалдым,  
апу етіңіз, кім еді? (Орал, Жымп.).  
Апу етіңіз, ұят болса да түсіндірейік  
(«К. ту», 20. II. 1937). Ертедегі түркі  
жазба ескерткіштерінде афу — кешіру  
(ДТС, 1969, 16). Араб тілінде ғафу —  
кешіру; жазадан арылу (Ар.-рус. сл., II,  
1970, 672).

АПЧУ (МХР, Баян.) апшу. Монғол ті-  
лінде бұл мағыналы сөз «авчих», «агчих»  
тұлғаларында айтылады (Қаз.-монғ. сөз.,  
1977, 28).

АПШУШЫЛЫҚ (Гур., Маңғ.) ренжу,  
ашулану. Бізде бала деген сөзге ішқан-  
дай апшушылық болмайды (Гур.,  
Маңғ.).

АПШЫМАУ (Гур., Маңғ.) ренжімеу,  
ашуланбау. Біздің елде өзінен бір жасы  
кіші адамды бала деп айта береді, бала  
деп айтқанға жігіттер ішқандай да а-  
шымайды (Гур., Маңғ.).

АПЫРАҚТАУ (Қост., Семиоз.) сасу,  
асығу. Мынаның өзі нағып апырақтап  
жүр (Қост., Семиоз.).

АПЫШКА (Түрікм.: Таш., Мары,  
Тедж.) терезе желдеткіші Апышқа-  
дан жел есіп тұр (Түрікм., Тедж.).

АРАБА (Жамб., Мер., Луг., Корд.)  
арба. Ат арабаға үйренбеген (Жамб.,  
Мер.).

АРА БАҚАҒИ (Гур., Маңғ.) түйенін  
топайы, бақайы. Балалар ара бақай-  
мен де ойнайды (Гур., Маңғ.).

АРАБЫ КІЛЕМ (Орын.: Ад., Бөрт.)  
түксіз кілем. Арабы кілем кіл түйе  
жүнінен жасалады. Арабы кілем-  
нің арқауы жүннен болады (Орын,  
Бөрт.).

АРАБЫ ҚОЙ (К. орда: Қарм., Жал.,

Сыр., Шиели) құйрығы ұзын қой. *Арабы қойдың кейбіреулерінің жүні тығыз болады* (Қ. орда, Қарм.). *Бағып отырған малымның көбі арабы қой* (Қ. орда, Жал.).

АРАҒЫРАҚ (Гур., Маңғ.; Қарак. қаз.) әрегірек.

АРАЗСЫМАЛ (Алм., Ұзын.) араз, қырын кабак. *Ол менімен аразсымал* (Алм., Ұзын.).

АРАҒИ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары.) береке; маза. *Мынаны қарашы, қонақтың ар айын алды* (Түрікм., Таш.) *Өзбекше ором* — тыныштық (Ұзб.-рус. сл., 1959).

АРАҒИЛАС (Қарак.) аралас-құралас. *Ауыл ар айлас, шаруа ар айлас өскен жігіттеріміз* (Қарак.).

АРА КІДІК (Алм., Жам.; Жамб.: Жуалы, Жам.) сирек, анда-санда. *Мен базарға ара кідік барамын* (Алм., Жам.).

АРАҚАТЫНАС (Түрікм.: Ашх., Красн., Тедж., Таш.) қарым-қатынас. *«Біздер көбіне өзбек, түркімендермен арақатынастамыз»* (Түрікм., Таш.). *...орталау мектеп коллективі оқушылардың ата-аналарымен ...жиылыс жасап, үздіксіз арақатынасын үзбей отырды («Жұмысшы», 30. VI. 1944).* Түрікм. — *арағатнашық* (Рус.-туркм. сл., 1956).

АРАҚ-САРАҚ (Гур., Маңғ.) арақ-ма-рақ.

АРАҚТАП ЖІБЕРУ (Гур.: Мақат, Шевч.) арақ ішкізу. *Сәлім оларды арақтап жіберіпті* (Гур., Шевч.).

АРАЛА (Қ. орда: Сыр., Жал.; Қар., Ағад.; Көкш.: Щуч., Еңб.; Ал., Жам.) дәрінің бір түрі. *Суық тиіп ауырғанда арала береді* (Қ. орда, Сыр.). *Аптектен суықтыққа ішетін арала алып кел* (Алм., Жам.). *Бұрын суық тиіп ауырғанда араламен емдейтін.*

АРАЛАУ (Қ. орда: Сыр., Тер., Жал.; Орал, Қазт.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) арашалау. *Екі адам шатасып жатса, үшінші адам аралап жібереді* (Қ. орда, Жал.). *Келінін аралап алуы дұрыс-ақ* (Орал, Қазт.). *Байқасақ, әлгі екеуінің қызыл тұмсық болатын түрі бар, дереу аралап, ажыратып жібердік* (Түрікм., Таш.).

АРАЛАС (Жезк., Шет) бәстесу. *Омар мен Оспан араласып еді, Омар ұтып шықты* (Жезк., Шет).

АРАЛАСПА ЖЕМ (МХР, Баян.) шөпке әртүрлі нәрсе қосып дайындаған мал жемі. *«КДУ» машинасымен араласпа жем дайындайды* («Ж. өм», 3. III. 1987).

АРАЛЫҚ I (Орал: Жән., Чап.; Гур.:

Маңғ., Тен.) етік тіккенде қалып пен мұрынша (үстірт) арасында қағылатын сына ағаш. *Аралық қалып пен мұрыншаның арасына салынады* (Гур., Тен.); 2. (Акт., Қараб.) сына. *Балтаның басына аралық қағу керек* (Акт., Қараб.).

АРАМ (Қ. орда: Сыр., Жал., Қаз.) егіннің шықпай қалуы. *Судың тапшылығынан кейбір жеріміз арам қалды* (Қ. орда, Сыр.).

АРАМ АҒДАУ (Шымк., Арыс.) жер қалдырып айдау. *Ол кейде егістік жерді арам айдайды* (Шымк., Арыс.).

АРАМ ЖЕР (Қ. орда: Қарм., Сыр., Шиели) жер жыртылғанда соқа тісі тимей бүтін қалып кеткен жер. *Тракторшыларға арам жер қалдырмай айда деп үнемі айтам* (Қ. орда, Сыр.).

АРАМЗА (Сем., Аяғ.; Жезк., Ұлы.; Көкш.; Қар.: Ағад., Қарқ.) ерте туған қозы. Декабрь, январь айларында туған қозы осылай аталады (Сем., Аяғ.). *Көп қойдан арамза туа береді* (Көкш.). Тува тілінде *ырымза* — әлсіз, жадау (Рус.-тув. сл., 1980, 652). *Монғолиядағы қазақтар тілінде де ерте туған әлсіз қозыны «арамза» дейді* (Қаз.-монғ. сөз., 1977, 29).

АРАМ ҚАЗАН (Гур.: Есб., Маңғ.) ауырып өлген малды көметін ор, шұңқыр. *Ау, ана түйеге қазатын арам қазаныңды алысырақ қаз* (Гур., Есб.).

АРАМҚОРЛЫҚ (Шымк., Шәу.) арамдық. *Арамқорлық ойлайтын адам болатын* (Шымк., Шәу.).

АРАМЛЫҚ (Көкш., Қ. ту) арамдық. *Молданың арамлығы сол, Сүлейман пайғамбардың жүзігін ұрлап алмақшы болады* (Көкш., Қ. ту).

АРАМ МҰРТ (Түркм.: Красн., Небид., Жеб.) мұрын астындағы су ағар үстіне ғана қойылған кішкене мұрт. *Есенғалиның төртпақ арам мұрты бар жігіт шығар* (Түрікм., Красн.).

АРАМ ТАС (Шығ. Қаз.: Зайс., Құрш.) кені алынған немесе кені жоқ керексіз тас. *Шырдаяқ өндірісінде арам тас көп* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АРАМ ШАҚА (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) мақтаның пайдалы бұтақтары. Амен таласа өсетін, бірді-екілі мақта бермейтін өнімсіз бұтақ. *Арам шақаларды да шырпу оңай іс емес* (Түрікм., Тедж.).

АРАМЫРЗА (Жамб.: Мер., Шу) күйектен бұрын туған қозы. *Бұны арамза деп те атайды. Шу бойында бұл сөздің синонимі ретінде кебе, дүбір аяқ сөздері кездеседі* (Жамб., Мер.).

АРАН I (Көкш., Қ. ту.; Қар.) шөп, қидан жасалған ашық қора. Қыста аран малға суық болады (Көкш., Қ. ту.). Оңтүстіктен солтүстікке қарай созылған биік, ұзын кірпіш аранның ішіндегі жоңышқасы аралас көк бидайық, қоян жон мая таудай, қанша жесе таусылар емес (Ғ. Мұс., Дау. кейін, 1959, 169). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде аран — мал қора, ат қора (ДТС), 1969, 51). Якутша араңдас — дүкен, қойма; бурят тілінде аранға — қалқан (үй алдындағы) (ССТМЯ, I, 1975, 49).

АРАН II (Ақт.: Ырғ., Шалқ.) атқора. Ат аранда тұр. Бұл сөз татар тілінің диалектінде де кездеседі: атны аранға аңқалы кирәк (Диалектологик сузлек, 1953, 37). Езіліп жүрген халықты, Айдап тықты аранға, Қарсы тұрған кісіні, Айдаттырды қамауға (Н. Байғ., Таңд. шығ., 1957, 171).

АРАН III (Түрікм., Красн.) ойпаң жер. Малды аранға иіріп салдық та, ауылға келдік (Түрікм., Красн.). Жанарыс балалары аранға қимап аулап алған құланның қызыл қуырдағына белшесінен бөгіп отырған Есеттің ауылында екі күн жатты (Ә. Кек., Үркер, 1981, 269).

АРАН IV (Торғ., Жанг.; Гур., Тең.), үкім, билік. Сарбаздар жеңген соң, алашордашыларға менің араным жүрді (Торғ., Жанг.).

АРАНҒА ҰШУ (Алм., Шел.) арандау, арандан қалу. Үсен үйдегі кіші қыз аранға ұшып қалмасын деп ойлады (Алм., Шел.).

АРАНҒА ШАБУ (Ақт., Байғ.) арандау. Еуропадағы соғыс барған сайын аранға шабуда (Ақт., Байғ.).

АРАНЫ ЖҮРУ (Кост., Об.; Торғ., Жанг.) айтқаны болу. Оның бұрын араны жүріп тұратын (Кост., Об.).

АРАНҒА (Кост.: Фед., Семноз; Гур., Манғ.) әрең. Қырғ. — араң (К. Юд., КРС, 1965, 64), туваларда — арай (Рус.-тув. сл., 1980, 150, 280), тоғаларда — арай (В. Расс., ФЛТЯ, 1971, 154), ұйғ. — аран(ла) (Уйғ.-рус. сл., 1961, 19), өзб. — аранг (Узб.-рус. сл., 1959, 37), хак. — арай (Хак.-рус. сл., 1953, 29), чув. — аран (Чув.-рус. сл., 1985, 39), алтайларда — арай (Н. Бас., ДК, 1972, 202). Монғ. — арай (Монғ.-каз. сөз., 1954, 25), тунгусманьчжур тілдерінде — аран, арқан (ССТМЯ, 16, 1975, 48), сарыкөл тілінде — аран (Т. Пах., Сар.-рус. сл., 1971, 12).

АРАП ПЕН САРАП (Гур., Есб.) арақ пен шарап.

АРАП ИТ (Қ. орда, Қарм.) иттің сағы, асылы, Таудағы қойшылардың иті, аран иті қой (Қ. орда, Қарм.).

АРАПШЫ (Гур., Манғ.; Кост.: Жанг., Аман.) араға от салушы, арбаушы. Бұл жолы қазақтардың әлгі арапшының айтқанына едәуір ылығып қалған түрлері байқалады (Ә. Кекіл., Үркер, 1981, 523).

АРАСАТ (Қ. орда: Қарм., Сыр.) қиындық, аласаныран. Жұмыс арасында осы үйімді арасатпен бітірдім (Қ. орда, Сыр.). Сонау арасат кезде сол үшін басын оққа байлаған солдатын сатып кеткен жоқ па еді (Т. Ахт., Дала сыры, 24).

АРАТ (МХР, Баян.) малшы. Програмада өкімет билігін араттар тобының қолына беру... қоғамдық әртүрлі таптармен ...қалай байланыс жасау керек екені айтылады («Ж. өм», 17. I. 1983).

АРБАГЕР (Қарақ. қаз.) ыңыршақ. АРБАҒА ҚОСУ (Түрікм., Таш.) арбаға жегу. Атты арбаға қосың, тез жүрелі (Түрікм., Таш.).

АРБАҒА ТҮСУ (Алм., Жам.) арбаға міну. Арбаға түсіп баруға да болады ғой (Алм., Жам.).

АРБА ЗӘҢГІ (Қарақ.) арба айдаушының отыратын тактайы.

АРБАКЕШ (Торғ., Жанг.) арбаға жегілген көлікті айдап отыратын адам. Арбакеш деп, арбашы адамды айтады (Торғ., Жанг.).

АРБА ҚАМШЫ (Жамб., Шу; Шымк., Мақт.) ұзын қамшы, шыбыртықы. Үйден арба қамшыны әкелші (Шымк., Мақт.).

АРБАЛАҚ (Торғ., Аман.) шарық жіптің ағашы. Арбалақты жоғалтпа (Торғ., Аман.).

АРБАНЫҢ ШЕНІ (Жамб., Сар.) арба дөңгелегінің темірі. Арбаның шені сынып қалыпты (Жамб., Сар.).

АРБАҢ-ҚАРБАҢ (Қарақ.) асығыс қимыл.

АРБА СОҒУ (Қ. орда, Арал.) арба жасау. Өлген малдың өлімтігін көметін жерге алып бару үшін ауыл кеңестері, қалалық кеңес те әдейі арнап арба соқтырып алуы керек («Екп. больш». газ., 1932, № 23).

АРБАТАХТА (Қарақ.) арба айдаушының отыратын тактайы.

АРБЫЗ (Көкш.; Щуч., Еңб.) қарбыз. Тұрғын халық оларды арбыз деп орысша атайды (Көкш., Еңб.).

АРҒЫ ҚАБАК, БЕРГІ ҚАБАК (Қар., Қарк.) арғы жақ, бергі жақ.

АРҒЫЛЫҚТЫ-БЕРГІЛІКТІ (Қ. ор-

да, Арал) арғы-бергі, барлық. Сонан арғылықты-бергiлiктi сөзін айтып жатты (К. орда, Арал).

АРҒЫС (Қарак.) мәтке, қары. Біздің жерден арғысқа жарайтын ағаштар табыла бермейді (Қарак.).

АРҒЫТ (Қарак.) үй төбесіне салатын бөрене, белағаш.

АРДА I 1. (К. орда: Сыр., Жал., Қар.; Қост., Семиоз.; Гур., Есб.) ерте туған бұзау. Биылғы арда бұзау келесі жылы жақсы тана болды (К. орда, Жал.). Арданы етке тапсырғалы отырмын (Қост., Семиоз.). Мұның өзі марқайған бұзаулардың ежелерін арда еміп жүдетуге соқтырады («К-з жолы» газ., 1956, 8.1. № 3); 2. (Жамб., Шу) бір, бір жарым жастағы тайынша; 3. (Қарак. қаз.) екі биені бірдей еметін құлын мен екі қойды қатар еметін қазы.

АРДА II (Гур.: Маңғ., Есб.) надан, түк білмейтін адам. Шырағым, мен түк білмейтін ардамын ғой (Гур., Маңғ.).

АРДА III (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) арна (өзеннің) Жазғытұрым өзеннің ардасы суға молаяды (Шығ., Қаз., Зайс.).

АРДАП I. (Гур., Маңғ.; Акт., Жүр.) қаталаған жылқыға ішкізетін ұннан жасалған көже сияқты сұйық зат; 2. (Қарак. қаз.) ащы айран (мал емдеуге қолданылады).

АРДОМ (Қост., Семиоз.; Жамб.: Шу, Мер., Луг.) түрме, абақты. Мен жақында ардомға барып қайттым ғой (Қост., Семиоз.). Ардомда болғанда жазып алған екен (Жамб., Мер.).

АРЖА (Сем.: Шұб., Абай; Торғ., Жанг.: Жезк., Ұлы.) жұқа тақтай; жіңішке жұқа жәшік. Аржадан істелген жәшік болады (Сем., Абай.). Аржаға салып балаға пәселке жібердім (Торғ., Жанг.). Терезенің сынған жерін аржаменен бітедім. Аржа сынып қалыпты (Жезк., Ұлы.).

АРЖАЙЫ (К. орда: Қаз., Қарм., Арал; Орал, Орда) жайдары, жарқын мінезді. Бұрын үнемі жарқылдап жалын атып жүретін аржайы барлаушының қапелімде бүйтіп көңілсіздене қалуы комсореты қатты таң қалдырды (Ә. Нұр., Қурл., 226).

АР ЖАК (Гур., Маңғ.) әр жақ.

АРЗА (Шымк., Шәу.; К. орда: Сыр., Жал., Қарм.; Қарак.; Түркм., Қрасн.; Жамб., Шу) арыз. Бір арза жазғызып алайын Жамб.; Шу). Пенсияға шығу үшін арзамды алып ауданға бардым, арзам бұрыштама соғып берді (К. орда, Сыр.). Айтатын кейқысырауға арза-

мыз, Келгенде жүдеп-жадап сонша бар жерден (Рұст., Даст., 298). Қолхозға мүше болғыңыз келсе, арза беріңіз (Шымк., Шәу.). Біз ілгеріде өз қолымызбен арза жазуды да білмейтін едік (Қарак. қаз.). Түрікмен ішінде қызмет бабындағы адам артынан арза беру деген болмайды (Түрікм., Қрасн.). Қырғ.— арз (К. Юд., КРС, 1965, 67), түрікм.— арза (Рус.-түркм. сл., 1956, 207), түрікше — арыза (Тур.-рус. сл., 1977, 63), өзб.— ариза (Ұзб.-рус. сл., 1959, 38), сарыкөл тілінде — арза (Т. Пах., Сар.-рус. сл., 1971, 13). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде арз (С. Малов, ПДП, 1951, 360). Араб тілінде ғәризә — өтініш, тілек (Ар.-рус. сл., II, 1970, 649).

АРЗАНДЫРАҚ (Шығ. Қаз., Больш.) арзанырақ.

АРЗАНИЮ (Қарак.) арзандау. Жақында, таза жылдың басында, мата арзанитын бопты (Қарак.).

АРЗАНСЫТУ (К. орда: Жал., Тер.) арзандату. Еңбек өнімділігін арттырып, продукцияның түсер бағасын жоспардағыдан 4% арзансытты («Соц. құрылыс» газ., № 130, 17. VII. 1949).

АРЗУ: АРЗУ БОЛУ (Гур.: Шевч., Маңғ., К. орда: Сыр., Тер., Жал., Қарм.) ынтық болу, құмар болу. Ол баладан келген хатты оқуға арзу болды (Гур., Шевч.). Олар бір-біреуін көруге арзу (Гур., Маңғ.). Туысымды бір көруге арзумын (К. орда, Сыр.). Азерб.— арзу (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 139), қырғ.— арзы (К. Юд., КРС, 1965, 67), түрікше— арзу (Тур.-рус. сл., 1977, 66), ұйғ.— арзу (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 19), өзб.— орзу (Ұзб.-рус. сл., 1959, 306). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: арзу (Ат-тухфа, 1978, 267), арзу (А. Бор., ЛСТ XII—XIII вв., 1963, 57), арзу (С. Малов, ПДП, 1951, 360), арзу (ДТС, 1969, 59). Парсы тілінде: ар/э/зу — арман, үміт, ынта (Пер.-рус. сл., I, 1983, 63).

АЗЫМАУ (Жамб.: Сар., Шу.; Шымк.: Қызылк., Арыс.) тұрмау, татымау. Жүруге арзымайтын кішкене ғана жер қалды (Жамб., Шу). Бұл жазып алуыңызға арзымайтын сөз (Шымк., Арыс.).

АРҚА I (Торғ., Жанг.) сүйенері, сиынары. Өзі айқайламай да жүгіріп кетеді дейді, арқасы бар болу керек (Торғ., Жанг.).

АРҚА II (Түрікм.: Аш., Гяу.) түкті кілемнің сырты.

АРҚА-ЕТЕК (К. орда: Қаз., Қарм.) өзін еркін ұстау. Бақизат күлкісін әзер

тиды. Сен де арқа етегің кеңіп, жадырап сала бердің (Ә. Нұр., Сен, 1983, 223).

АРҚАЙЖАҚТАН (Алм., Шел.) әр жақтан. Арқайжақтан келген балалар бар (Алм., Шел.).

АРҚАЙСЫ (Гур., Маңғ.; Қарак. қаз.) әрқайсы. Түйенің арқайсы ар жерде жүр да (Гур., Маңғ.).

АРҚАЙЫН (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Жеб., Таш., Мары., Тедж., Байр.; Гур., Маңғ.) емін-еркін, жайбарақат. Мәшиніңе мінгізетін болсаң, соны айтышы, біліп алып, арқайын отырайын (Түрікм., Красн.). Жұмағұлов Елемес... қарасын сағып, өзі арқайын үйінде ақшасын жеп жатыр («Қарабұғаз көл жұмысшысы» газеті, 26. X. 37). Арқайын отырмыз (Гур., Маңғ.). Түрікм. — арқайн (Түрікм.-рус. сл., 1940), азерб.— архаин (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 146), Қазақ үшін қай заманда да ашылып-шашылып жатқан арқайын дүние енді, міне, аяқ астынан қуықтап қуырылып шыға келді (Ә. Кекіл., Уркер, 1981, 66).

АРҚА ҚАЛАШ (Қарак.) балықтың арқасындағы қанаты.

АРҚАЛАНУ (Сем.: Абай, Шұб.) арқа түту. Талғатбек мені арқаланып, оларға барып тағы да тиісті (Сем., Абай).

АРҚАЛДЫҚ (Павл., Леб.) үйдің төбесіне салатын бел ағаш. К. арқалық.

АРҚАЛЫ (Кост.: Семиоз., Фед.: Гур., Маңғ.; Орал: Жән., Орда: Қарак.; К. орда, Сыр.) арқалы. Әлімбаймен мен арқалы сөйлеспей-ақ, өзің сөйлес (Қарак.). Солар арқалы күн сайын саяси сабақ өткізіп отырды («Ленин туы» газ., № 37), Каспийге Жайық өзені арқалы да тез жетуге болады (Орал, Орда). Олар арқалы... істер талқылансын («Үлг. кең. ауылы», 13. VII. 1931). Қырғ. — арқалуу, арқылуу (К. Юд., КСР, 1965, 68, 69), өзб. — орқали (Узб.-рус. сл., 1959, 307).

АРҚАЛЫҚ I (Жамб., Шу; Көкш., К. ту; Орал: Жәнб., Жаңқ., Чап.; Қар.) үй төбесіне салатын бел ағаш. Арқалықтардың жақсы екен (Жамб., Шу). Мына арқалықты тапқан-ақ екенсің (Орал, Жән.). Арқалық ағаштар жетпей тұр (Көкш., К. ту). Саралжын советінің кеңсесінің арқалығындағы құстың ұясы..., өрмекішінің крестен тартқан желісіне адам оралғандай («Соц. еңбек», 26. IV. 1936). Төбедегі арқалық, сырғауыл, шырпылардың арасына жұмарлақтап жүн, қыл тыға беріпті

(Ғ. Мұс., Дау. кейін, 1959, 253). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: арқару, арқуру — көлденең (А. Бор., ЛСТ, XII—XIII вв., 1963, 59), арқуқ — көлденең салынған ағаш, бөрене (ДТС, 1969, 55).

АРҚАЛЫҚ II (Орын.: Ад., Бөрт.) бел көтеретін қайыс. Арқалығын байлап жатырмын (Орын., Ад.).

АРҚАНДЫ ШИРЫҚТЫРУ (Қарак.) арқанды ширату.

АРҚАРДЫҢ ЕШКІСІ (Түрікм., Небид.) арқардың ұрғашысы.

АРҚАР ЖУСАН (Жамб.: Шу, Мер.; Алм., Жам.) таудағы жусан түрі. Арқар жусанды арқарлар күзде жейді (Жамб., Шу). Арқар жусанды аздап қой, түйе жейді (Алм., Жам.).

АРҚА (Тау., Кош.) соң, арт, Ол да Қошағашқа сіздің арқаңыздан кеткен (Тау., Кош.).

АРҚАСЫ ҚАМЫРДАЙ (Жамб., Жам.) семіз, арқасы жұп-жұмыр. Тас төбедегі «Бес жылдық» колхозына үкімет тарапынан өсіруге берген қойлардан 13 майда ортан қолдай, арқасы қамырдай екі семіз қойы жоғалды («Колхозшы» газ., 1934, № 24).

АРҚАСЫНА ҚАҒЫП, АУЗЫНА ЖАҒУ (Гур., Маңғ.) мәпелеу, әлпештеу

АРҚАСЫНА ҚАҒЫП, АУЗЫНА ҮРУ (Қарак. қаз.) мәпелеп өсіру. Арқасына қағып, аузына үріп отырған малымды алдырып алдым (Қарак.).

АРҚАСЫН БЕРУ (Орал: Қарат., Тал-өк., Орал) теріс қарау. Ой-бой, оның қырсығы мол шал, жөн айтсаң да арқасын береді (Орал, Т. өкпе.). Астық одағы... өндіріске арқасын берген («Үлг. кең. ауылы», 5. VII. 1931)

АР ҚЫЛУ (Алм., Жам.) ар көру. Би-реуден бір қайнатым чай сұрауды тегі арқылады (Алм., Жам.).

АРҚЫРАУ (Шымк.: Түлк., Қызылқ.) сарқырау. Арыс өзені жазғытұрым арқырап ағады (Шымк., Түл.).

АРЛАН (Орал: Жән., Орда.) еркек тазы. Арланды ертіп шығып, киік алдырдым. Киік арланнан құтыла алмайды екен (Орал, Жән.).

АРЛЫ-БЕРІ (Гур., Маңғ.) әрлі-берлі.

АРМА (Түркм.: Таш., Ашх., Мары, Тедж.; К. орда, Арал) қуат, қайрат беруге айтылатын сөз немесе қошаметтеу, құрметтеу. Іске сәт, арма, Құлеке! (Түркм., Тедж.). О, орақшылар, армаңыз, ораққа береке (К. орда, Арал). Түрікм. армақ — шаршау (Рус.-тур. сл., 1956); қарак. — харма (Қарак.-рус. сл., 1958); өзб. — хормане (Узб.-рус. сл.,

1959); *Ар* — шаршау (С. Малов, ПДП, 359); *арды* — шаршау (М. Қашк., I, 183); *ачтад* — шаршау (А. Бор., 40); *арма* — шаршамайтын (СС, 250). Бұл деректер бойынша, сөз түбірі «ар», мағынасы — *шарша*, осыған болымсыздық көрсеткіші — *ма* қосылып, «арма» тұлғасы туындап, «шаршама» ұғымы қалыптасқан.

**АРМАНАДА ҚАЛУ** (Тау., Қош.) әрі-де қалу.

**АРМАН-БЕРМЕН** (К. орда, Арал; Қарак.) әрлі-берлі. *Сол жерде арман-бермен бір түлкі салаң-салаң жүруші еді* (К. орда, Арал).

**АРНА** (К. орда, Арал; Қарак. қаз.) қайықтың алдындағы қуыс орын. *Сутөгетін шелекті қайықтың арнасына қой* (К. орда, Арал).

**АР ОМЫРТҚА** (Жезк., Ұлы.) соғымнан көршілерге беретін сыбаға. *Ар омыртқамды алайын* (Жезк., Ұлы).

**АРПАҚАН** (К. орда, Қарм.; Қарак. қаз.) сұлы сияқты шөп.

**АРСАҚАИ** (МХР, Баян.) сойдиган, сойдақ. *...сары кісі келген адамға қуанышты бейне көрсеткісі келгендей арсақай сары тістерін ырсыта күжілдеп, ...жұмсақ орындық нұсқады* (МХР, Баян.).

**АРТУ** (Жамб., Жам.) сұрту. *Бет артатын орамалды бер* (Жамб., Жам.).

**АРСЫ АҒАШ** (Жамб., Шу) шанақтың астына қоятын ағаш.

**АРТ ҚЫЛУ** (Сем.: Ақс., Көкп.) арка тұту, сену. *Талғатбек мені артқылып, оларға барып, тағы да тиісті* (Сем., Көкп.).

**АРТҚЫЛЫ** (Сем.: Мак., Аяғ.; Шығ. Қаз., Күрш; Тау., Тұр.) арқылы. *Біз Тарбағатайдағы бесінші ферма артқылы келдік* (Сем., Аяғ.).

**АРТПА ЧАНА** (Алм., Кег.) сүйреткі, шөп таситын құрал. *Түрбек, сен маған артпа чанаңды бере тұрғын* (Алм., Кег.).

**АРТЫҒЫНША** (Тау., Қош.) артық. *Оның жасы қазір сексеннен артығынша ұзарып қалды* (Тау., Қош.).

**АРТЫҚ АУЫЗ БАЛА** (Тау., Қош.) қолы бос, елгі, жұмсауға ыңғайлы бала. *Жұмсай қоятын артық ауыз бала да жоқ* (Тау., Қош.).

**АРТЫЛУ** (Сем.: Көкп., Ақс., Абай, Шүб.) озу, асып түсу. *Өлеңге келгенде бұлар көп қазақтан артылды* (Сем., Абай).

**АРУАК** (Сем., Аяғ.) әруак.

**АРУАНА** (К. орда; Жал., Сыр.; Торғ., Жанғ.) түйенің арқасына кигізе салатын қом тәрізді жабу. *Жол бойында жүрген*

*аруаналы түйені көрдің бе?* (К. орда, Сыр.).

**АРУЛАУ** (Алм., Шел.) тазалау, тазарту. *Үйдің ішін арулап ұстағанымыз саулығымызға да пайдалы* (Алм., Шел.).

**АРША** (Қарак.) сандық, кебеже. *Арша үстіне көрпе-төсек жылған, тұстық* (К.) *ілінген* (Қарак.).

**АРШУ** (Ақт., Ойыл; Орал, Жән.; Қарак.; Қар., Қарк.) арықты, құдықты тазалау. *Әсембай құдық аршып жатыр* (Ақт., Ойыл). *Орталықтағы құдықты аршу жұмысын ұйымдастыру керек* (Орал, Жән.). *Аршу жұмысын біз әдетте ерте көктемнен бастаймыз* (Қарак. қаз.). *Қырда құдық аршығанда шыңыраудан балшық атқандай қылып, топырағын текшелеп ойған төрт бұрышты кең шұңқырда тұрып, шұңқырдың қабағындағы арбаның қорабына қара топырақты қаңбақша лақтырып тұр* (С. Сейф., Шығ., IV, 1962, 103). Түрікм. — *арассаламақ* (Рус.-түрк. сл., 1956, 550), қырғ. — *аарчы* (К. Юд., КРС, 1965, 17), хак. — *арды* (Хак.-рус. сл., 1953, 31). Монғ. — *арчих* (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 28), қалм. — *арчх* (Рус.-қал. сл., 1964, 429).

**АРШУ** (Қарак.) ашыту. *Қапырды аршығаннан кейін пісіру керек* (Қарак.).

**АРШЫЛ** (Гур., Маңғ.) намысшыл. *Өзі бір аршыл адам еді, біз үшін жанын ортаға сала таласатын* (Гур., Маңғ.).

**АРШЫН** (К. орда, Арал) адым; ұзына бойы. *Аршынынның өзі де екі тазы жүзіргендей екен* (К. орда, Арал).

**АРЫ** (Алм., Ұзын.; Жамб.: Шу, Жуалы; Қарак.) әрі. *Мазамды алмай ары жүрші* (Алм., Ұзын.). *Ары ойлап, бері ойлап... елдегі әке-шешесіне апарып тастауды жөн көрді* (Ш. Мұрт. Қара мар., 1976, 65). *...шынжырларын сықырлата ары бір, бері бір теңселіп таңқалғандай болды* (Ш. Мұрт., Ин. наны, 1974, 239). Қырғ. — *ары* (К. Юд., КРС, 1965, 72), алтай тілінде — *ары* (Н. Бас., ДҚ, 1972, 203), сары ұйғ. — *арь* (С. Малов, ЯЖУ, 1957, 17). Ертедегі жазба ескерткіштерде — *ары* (Ат-тухфа, 1978, 267). *Жанқожаның моласы Жаңа-дәриядан ары* (Қарак. қаз.).

**АРЫЗ ЕНГІЗУ** (Шығ. Қаз., Больш.) арыз беру. *Бұл мәселе жөнінде аудандық мекемелерге арыз енгіз* (Шығ. Қаз., Больш.).

**АРЫ КЕЛУ** (Гур., Маңғ.) намысы келу.

**АРЫҚ** (Шымк., Түлк.) соқамен жер жыртқан кездегі жал мен із.



АРЫҚ ҚҰЛАТУ (К. орда, Арал) арық қазу. *Танабай деген жерден 10 га тарыны сусыз айдап жатырмыз, оның арығын құлататып қойсақ та, су келмей отыр* («Екп. бол.» газ., 1932, № 30).

АРЫҚ-ТОРАҚ (Гур., Манғ.) арық-тұрақ немесе арық-тұрық немесе арық-тұрық. *Шөпті қораға төктір, арық-тораққа бөл* (Ж. тіл., Қайнар, 1953, 102).

АРЫҚ-ТОРЫҚ (Карақ.) арық-тұрық. АРЫҚ-ТҰҒАН (Жамб., Жам.) арық-тоған. *Арық-тұғандарымыз қазылып, тазаланып бітті* («Қол-шы» газ., 1935, 29).

АРЫҚ ТҰР ҒОЙ (Сем.: Акс., Көкп.) арығын қарашы. *Мынау ат шапқыш болуы керек, арық тұр ғой* (Сем., Көкп.).

АРЫЛДАҒАН (Жамб., Шу) арындаған. *Арғымақ мінді арылдаған* (Жамб., Шу).

АРЫЛДАУ (Жамб., Жуалы) ырылдау. *Ит арылдап тұр* (Жамб., Жуалы).

АРЫЛУ (Орал: Чап., Жымп.) тазару, құтылу. — *Жоқ, ол не дегенің? — деді де, қызға шұқшия бір тесіліп — арыл, қане, арыл, қалқам!* (Ғ. Сл., Шал., 1954, 100).

АРЫН I (Жезк., Ұлы.; Торғ., Жанг.) екпін, қарқын. *Арындаған қызулы кісі екен* (Жезк., Ұлы.). *Арыны бар ат деп ала жөнелетін, алып қашатын атты айтады* (Торғ., Жанг.). Қырғ. — арым (К.Юд., КРС, 1965, 73).

АРЫН II (Орын.: Ад., Бөрт.) аттың бұзылуы, ауыр жүкті тартпауы. *Арын өзінде болмайды. Арын түйе мен жылқыда көп болады* (Орын, Бөрт.).

АРЫНЫ БАР (Қост., Об.; Көкш., Еңб.) шамы бар [ат]. *Бұл аттың арыны бар, арындап жүрмейтін* (Қост., Об.). *Мына атымның арыны бар, қайта-қайта арындап мазамды алды* (Көкш., Еңб.).

АРЫС I (МХР, Баян.) жігіт. *Ау, той болған соң арыс бар, Алуан-алуан жарыс бар. Әліңе қарай жүгіріп, Озғандарың бәйгеңді ал* (МХР, Баян, Құрман, 166).

АРЫС II (Орал: Қазт., Қарат.; Жезк., Шет.; Торғ.: Жанг., Аман.; Қар.) арбаның астыңғы ағаштары. *Жүкті көп салма, арбаның арысы нашар* (Орал, Қарат.). *Күн құлақтанса, күрегіңді сайла, Ай құлақтанса, арысыңды сайла* (Торғ., Жанг.). *Мынауыңның арысы осал екен* (Жезк., Шет.). *Аумағы үш қанат үйдей апанның бетіне екі арба-*

*ның арысын жапқан* (Ғ. Мұст., Дау. кейін, 1959, 9).

АРЫС III (Көкш., К. ту; Павл., Ерт.; Қост., Об.) жетек. *Арыс сынса, атты тоқтата салып, тез тоғару керек* (Көкш., К. ту). *Арбаның арысы емес, белағашы, Ауылымның жиналыпты кәрі-жасы, Сайрайын сайра десең бұл-бұл болып, Әйелдер маған таман қараңдаршы* (Б. Майлин, Шығ., II, 254). *Түрікше — арыч* (Тур.-рус. сл., 1977, 62), қалм. — ариш (Рус.-қалм. сл., 1964, 381).

АРЫС IV (Гур., Манғ.) ата, ру. *6 арыс жары, 9 арыс тоқсанбай, 8 арыс адай деп айтылады* (Гур., Манғ.).

АРЫС V (Жамб.: Шу, Қорд., Мер., Луг.; Қар., Қарқ.) топқа түсіп айтысу. *Мен өмірімде екі рет арыстым* (Жамб., Қорд.) *Аузың ашса, сөзі фонтанша атқыған, талай арысқа түскенде қиыннан жол тапқан қарт бұл жолы ықыраңуы көп* (Ғ. Мұс., Көз. көр., 84).

АРЫС АҒАШ (Жамб., Шу) шанақты ұстап тұратын ағаш.

АРЫШ (Түрікм.: Таш., Көнеур.; Карақ. қаз.) жетек. *Арбаның арышының үстінде тұрыпты* (Карақ. қаз.).

АСА I (Орал, Жән.) таяқ. *Қолына аса ұстаған, қалақ киген басқарма болды* (Орал, Жән.).

АСА II (Алм., Ұзын.; Сем., Абай, Шұб.; МХР, Баян.) алса.

АСАБА I (Қар., Ж. арка) асу, тасу. *Заман күннен күнге бұзылып, тарылып келеді. Бұған дейін кейде әлі-пылай болып қалып жүрдік. Онымыз асаба, асқан көңіл ылаңы* (Ғ. Мұст., Дау. кейін, 1959, 356).

АСАБА II (К. орда, Арал) жиын, тойды басқарушы «тамада». *Асабасы қайда, ол не бітіріп жүр?* (К. орда, Арал). *Түрік тілінде: асаба — біреудің жолын ұстаушы; қол шоқпар* (Тур.-рус. сл., 1977, 67), Қырғ. *асаба — биік, зор* (К. Юд., КРС, 1965, 74).

АСА БАСШЫ (Гур., Манғ.) басшы, басқарушы. *Сонда бұл істің аса басшысы кім болады* (Гур., Манғ.).

АСАДАЛ I (Жезк., Ұлы.; Гур., Манғ.) кебеже. *Шешейдің асадалы ертеде жасалыпты* (Жезк., Ұлы.). *Дәл анау кемпірдің асадалында тұрған арақ ішетін стакандай мөп-мөлдір. Кемпір біткен асадалдың түбіндегі өлі астың бәрін қазанға салады* (Ә. Кекіл, Құс кан., 1978, 254, 108).

АСАДАЛ II (Жамб., Шу; Сем., Аяғ.) ыдыс салатын сырлы, оюлу ағаш шақа.

Асадалдың қақпағын өрнектеп те жасайды (Жамб., Шу). К. асалал.

АСАИ (Көкш., Еңб.) апай таптырмау, колды-аякка тұрғызбау.

АСАИ-МҮСЕИ (Жамб., Шу; Мер.) қабығы сай-сай болып өсетін ұзындығы үш метрден аспайтын ағаш. *Асай-мүсей тез жарылады. Асай-мүсей отынның ең жақсысы* (Жамб., Шу).

АСАЛАЛ I (Шымк., Кызылк.) ыдыс-аяқ қоятын текше, ашық шкаф тәрізді нәрсе қасадал. *Асалалды ағаштан істеп, киіз үйдің керегесіне іліп қояды* (Шымк., Кызылк.).

АСАЛАЛ II (Жамб., Луг.; Шымк., Түлк.; Сем., Аяғ.) киіз үйдегі тамақ қоятын орын. *Бұрынғы уақытта асалал дейтін текше болатын, оны ағаштан істеп, киіз үйдің керегесіне іліп қоятын еді* (Шымк., Түлк.).

АСАЛАУ (Шымк., Арыс) еселеу. *Асалап құя бер* (Шымк., Арыс).

АСАМ БОЛУ (Жамб., Тал.) құп болу, жөн болу, қабыл болу. *Сен колхозға кіру үшін орыс берсең, асам болар* (Жамб., Тал.).

АСАПШЫ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) есепші. *Бұрын бір ауылда бір асапшыдан болушы еді, кәзір олар өте сирек кетті* (Түрікм., Таш.).

АСАР I (Қорда: Сыр., Жал., Қарм.; Шығ. Қаз., Құрш.; Қост., Семиоз.; Жезк., Ұлы.; Жамб.; Шу, Қорд., Мер.; Алм., Жам.; Торғ., Жанг.) тамақтандыруды өз мойнына алып, көп адамды көмекке шақыру. *Там тұрғызуға жекжаттарым тегіс асар салысқан* (Алм., Жам.). *Осы елдің көп үйлері асар арқылы салынды* Үй салуды ойласақ, асарға адам жинаймыз (К. орда, Сыр.). *Қораның тек табаны ғана бітті, қалғанын асармен аяқтағалы отырмын* (Қост., Семиоз.). *Егін органда асарға шақыратын* (Жезк., Ұлы.). *Қырғ. ашар* — көмек (К. Юд., КРС, 1965, 84), түрікше *асы*, *ассы* — пайда, олжа (Тур.-рус. сл., 1977, 67, 70), чув. *усаа* — пайда (Чув.-рус. сл., 1985, 517). *Жазба ескерткіштерде асығ* — пайда (Ә. Надж., ИСТЯ XXIV в., 1979, 199, 201), *асу* — пайдалы, тиімді (Ат-тухфа, 1978, 269), *асығ* — пайда, олжа (А. Бор., Бадай., 1961, 63; ЛСТ XII—XIII в., 1963, 61), *асығ* — пайда, кіріс (ДТС, 1969, 60), монғ.: *ашиг* — пайда (Мон.-каз. сөз., 1954, 30), маньчж.: *айси* — пайда (ССТМЯ I, 1975, 22). *Арабша: аси* — жардем беру, көмектесу (Ар.-рус. сл., I, 1970, 40); (Ә. Нұрм., Жерг. тіл ерекш. төрк., 1985, 10—11).

АСАР II (К. орда, Сыр., Жал., Қарм.) ертедегі бұзылған қала орны. *Осы төңіректе асардан көп нәрсе жоқ* (К. орда, Сыр.).

АСАР-ҚҮСЕР (Жезк., Шет) тез, жылдам. *Жұмысты асар-күсер істейді* (Жез., Шет).

АСАР САЛУ (Жамб., Жам.; Алм., Жам.; Шымк., Түлк.) көмек, жардем беру. *Жүгері жинауға асар салынды* (Шымк., Түлк.). *Там тұрғызуға жекжаттарым тегіс асар салысқан* (Жамб., Жамб.). К. асар.

АСАТЫ (Шығ. Қаз., Зайс.) кенеттен, тез, ойламаған жерден. *Бір қой асаты ауырып қалды* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АСБҰЗЫЛ (Алм., Шел.; Сем., Аяғ.) асхана. *Бүгін асбұзылға барып тамақ ішейік* (Алм., Шел.): үйғ.: *ашпузул* — асхана (Үйғ.-рус. сл., 1961, 24) «Асбұзыл» екі сөздің бірігуінен пайда болған: біріншісі — түркі тілдеріндегі «ас», «аш» (тамақ мағынасындағы), екіншісі, қытай тіліндегі «ресторан» мағынасын беретін «будзо» сөзі (Ә. Нұрм., Жерг. тіл ерекш. төрк., 1985, II).

АСЖАУЛЫҚ I. (Көкш., Қ. ту; Торғ., Жанг.; Қост.; Фед., Семиоз., Жетіг.; К. орда: Сыр., Жал.; Сем., Абай; МХР, Баян.) дастарқан. *Асжаулықты жайсаңшы* (К. орда, Жал.); 2. (Орал, Чап.) қол сұртетін орамал. *Чуваш тілінде: явлаак* — орамал (Чув.-рус. сл., 1985, 645).

АС ЖЕТТІ (Орал, Орда) ас ішіп болу. *Ас жетті, ал сыртқа салқынға шығайық* (Орал, Орда).

АС ЖҮРМЕУ (Орал, Жән.) ас батпау. *Таңертең ішейін десек, ас жүрмейді* (Орал, Жән.).

АСКЕДІ (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Тедж., Мары, Таш.) аскабақ. *Палауға еттен гөрі аскедіні көбірек салып жасайтындар да бар* (Түрікм., Мары). Түрікменше — *кәди* (рус. туркм. сл., 1956), қарақалпақша — *кәди* (Қарак.-рус. сл., 1958). *Кеду* — аскабақ (Л. Буд., 11, 117). Л. Будаговтың көрсетуінше бұл сөз парсылардан ауысқан.

АСКЕЛДІ (Гур, Маңғ.; Шымк., Мақт.) аскабақ. *Биыл бір мойын жерге аскелді ектім* (Шымк., Мақт.).

АСҚА БАҒЫНУ (МХР, Баян.) асты құрметтеу. *Құрметті гүн, лама-еке, асқа бағыныңдар, алықыздар* (Құрман, 130).

АСҚАБАҚ ҚАР (МХР, Баян.) жиылып, қатып қалған қар.

АСҚАЗАН (К. орда, Арал) ас үй, асхана. Содан хан — асқазанға апарып, тамақтандырыңдар, — депті (К. орда, Арал).

АС ҚАЙЫРУ (Торғ.: Жанг., Аман.; Қост., Тоб.; К. орда, Арал; Жезк., Ұлы.; Ақт., Қараб.) бата қылу. *Кәне, ас қайырайық* (Торғ., Жанг.). *Ас қайырайық та, дастарханды жиғызайық* (Ақт., Қараб.).

АСҚАҚ (Торғ., Жанг.) артық сөз. *Құстың жүнінің бұты бұрын 45 сом еді, енді алпыс сом дейді, онысы асқақ шығар* (Торғ., Жанг.).

АСҚАРДАН КЕЛУ (Қост., Об) ойламаған, күтпеген жерден келу. *Ол мұнда қазір асқардан келіп қалып отыр ғой* (Қост., Об).

АС ҚАСЫҚ (Қарак. қаз.) үлкен қасық, ожау. *Ақ қасықпен енді бір рет құйың* (Қарак. қаз.).

АСЛАН (Орал, Чап.) асылы, тегі (қыстырма сөз қызметінде) *Аслан, сол оқуды да қол көрмейді ғой деймін* (Орал, Чап.).

АСМАН (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) балық аты. *Шүйде асман деген балық көп* (Тау., Қош.).

АС НАН (Қост.: Семиоз., Фед.) еттің наны. *Ас нанды кісі санына қарай салғайсың* (Қост., Фед.).

АСПА 1. (К. орда: Қарм., Терен.) құдық суының молдығы. *Ой, мына жердегі судың аспасын-ий! Суы аспа екен* (К. орда, Қарм.); 2. терен, шынырау құдық. *Аспаның суын шығыр арқылы тартады* (Қарак.).

АСПА АСУ (Гур., Шевч.) желбауды тартып байлау. *Қатты жел шаңырақты теңселтіп бара жатыр, аспа аса бер* (Гур., Шевч.).

АСПА БЕСІК (Жамб., Шу) іліп қоятын бесік. *Аспа бесік кейінгі кездерде қолданыла бастады* (Жамб., Шу).

АСПАЙ (Гур., Маңғ.) маянның биіктігі. *Маяның аспайын өлше* (Гур., Маңғ.).

АСПАҚ І (Шығ. Қаз., Зайс.) нәрсе ілетін ағаш. *Етті аспаққа ілу керек* (Шығ. Қаз., Зайс.).

АСПАҚ ІІ (Шығ. Қаз., Больш.) тұзақ сияқты құрал. *Аспаққа асылып өлген байлар да аз болмады* (Шығ. Қаз., Больш.).

АСПАНИ-ЗӘМІН (Қарак.) аспан әлемі. *Спутниктер аспани-зәмін айналып жүргіті* (Қарак.).

АСПАП-АНЖАМ (Жамб., Жам.) құрал-сайман, аспаптар. *Дайындықтың бір*

*түрі соқа-сайман, аспап-анжамды жинап, оны ұстаға беріп, ремонт еттіру болатын болса, бұларда көрінген жерде шашылып, қирап жатыр* («Қол-шы» газ., 1933, № 11).

АСПА-ЖАЛАП І (Қарак. қаз.) өтірікші, айтқан сөзінде тұрақ жоқ, *суқит. Ол аспа-жалаптың сөзіне ерме, қор боласың, балам* (Қарак.).

АСПА-ЖАЛАП ІІ (Түрікм.: Бекд., Бекел, Қиян., Красн., Ашх., Таш.) тез, шапшан, асығыс. *Бойлай (қ) аспа-жалап іспен-ақ шаршадым* (Түрікм., Бекд.). Өзб. *аспичаллоб* — жылқымен сауда жасаушы, пайдахор, алып-сатар (Ұзб.-рус. сл., 1959, 42), түрікмен тілінде дәл осы мағынаны беретін сөз — «ябы желлабы» тіркестерімен айтылады (Рус.-туркм. сл., 1956, 34). Қазақтың жергілікті тіл ерекшелігіндегі «аспа-жалап» мағына ауысуының нәтижесі деуге болады.

АСПАТӨК (МХР, Баян.) аста-төк, молшылық. *Диқандарымыз сары ала күздің несібесін ысырапсыз жинап, аспа-төк олжаға кенелді* («Ж. өм.», 7. XI. 1983).

АСПАУ (Орал: Жанк., Орда, Жән.) жарламау. *Шырағым, мен пенсиядамын, жұмысқа аспаймын* (Орал, Жанк.). ...бұған түскен қаражаттарды ең алдымен... жұмысқа аспайтын қарт, мүгедектерге... қаржылай, заттай жәрдемге беріледі («Соц. еңбек», 21. V. 1936).

АСПЕРИКЕН КАУЫН (Жамб.: Св., Жам.) қауынның бір түрі. *Мен биыл асперикен қауынды көп ектім* (Жамб., Св.).

АС-СУАН (Тау., Қош.) ас-су, тамақ. АСТАЙЛЫ (Жамб., Шу) тіпті, өте. *Мынау астайлы кем қылша* (Жамб., Шу).

АС ТАҚТА (Түрікм.: Таш., Көне ұр., Ашх.; Қарак. қаз.) нан ысатын тақта. *Кенжем, мынау үйдің ас тақтасын әкеле қойшы* (Түрікм., Ашх.). *Ас тақтасы адал болса, асының берекесі тасады* (Қарак. қаз.): ұйғ. — *аштахта* (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 24), өзб. — *оштахта* (Ұзб.-рус. сл., 1959, 312), қарак. — *астақта* (Қарак.-рус. сл., 1958):

АСТАМШЫЛЫҚ (Торғ., Жанг.) менмендік. *Осы күні үлкендерде астамшылық қылу жоқ* (Торғ., Жанг.).

АСТАНА І (Жамб.: Жам., Св.) есік табалдырығы. *Астанадан, жолдан былай тұр* (Жамб., Жам.).

АСТАНА ІІ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж.) халық, ел, жиын. *Жаумен жағаласып жүрмін көптен, Мен жүрген сахарادا астанамын, Лайық*

па сонша байтақ елді сөккен? (Кашаған ақын). Астана халық, қойсын ба, ақыры дегеніне көндірді (Түрікм., Таш.).

АСТАРЫНА ДА КЕЛМЕУ (Сем.: Абай, Шүб., Көкп., Ақс.) ширегіне де келмеу. Семей жақсы қала, бірақ Алматының астарына да келмейді (Сем., Ақс.).

АСТАРЛАУ (Сем., Көкп.) жақтырмау. АСТАУ I (Алм., Жам.) үлкен тегеш ыдыс. Бір қойды сойып, етін асып астауға жасап, жұмысшыларға бердік (Алм., Жам.); 2. (К. орда: Сыр., Жал., Қарм.) мал су шетін науа. Қойды бері қарай айда, балам, астауда су дайын тұр (К. орда, Сыр.).

АСТАУ II (Гур., Есб.; Еділ) қайық. Астауды жарамсыз болғаннан кейін, жем салып қойдық (Гур., Есб.).

АСТЫҚ (Орал: Жән., Қазт.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.). Азық. Ведомостьмен колхоз бухгалтері бірнеше адамға астық берді (Орал, Жән.). Біздің үйде тиірменге тарттырып келген екі қап астық тұр (Шығ. Қаз., Больш.).

АСТЫМ-ҮСТІМ (МХР, Баян.) жүрдім-бардым; жеңіл-желпі. Қабайды адам бақытын астым-үстім шолақ ойлайтын, асқан тұрлаусыз адам деп түйген... (Құрман., 213).

АСТЫҒЫ ИЕК (МХР, Баян.) бүркіттің астынғы тұмсығы.

АСТЫҢҚЫ (Тау., Қош.) астынғы. АСУ I (Торғ., Жанг.) шаптыру. Бедеу биеге айғыр асқанмен құлындамайды (Торғ., Жанг.).

АСУ II (Ақт., Ырғ.; Қ. орда: Жал., Қарм.) аса. Колхозымызда 400-ден асу жылқымыз бар (Ақт., Ырғ.).

АСУЫМЕН (Павл., Майк.) артығымен. Қасиманов, Айтасов жолдастар да жылоық нормаларын асуымен орындады («Ст. туы», 1, I, 1942).

АС ҮЙ (Түрікм., Небид.; Қост., Пресн.) ас, тамақ қоятын үй. Бұл жейттерді бөгей алмасын сезініп, Омар да ас үйге қарай кетті (Ғ. Мүс., Оян. өлке, 474).

АСЫ (Алм., Кер.; Қарак.) қыр, биік үстірт. Аттар ауыл маңайында көрінбеген соң, асыға шықтым. Жаздығүні Алатаудың асысында қар жатады (Алм., Кер.).

АСЫҒЫ (Жамб., Шу) артығы. Күріш оруды Қыдыров, Үркімбаева сияқты колхозшылар нормаларын асығымен орындап жүр (Жамб., Шу).

АСЫҚ I (Жамб.: Шу, Св.; Шымк., Мақт.) артық. Асық сөзі бар кісі екен. Ақ теңіздей толқын тасып Жерім толды төрт түлікке, Жоспар толық болып асық

Орындалды күнделікте (Жамб., Шу). Былтыр мал пыланын асығымен орындадық (Жамб., Св.). Біздің колхоз кейбір колхоздан асық (Шымк., Мақт.). Тіпті Қелдияров жолдас кейбір товарларды асық бағаға да сата салады («Мақ. стах.», 10. X. 1951, № 39).

АСЫҚ II (Шымк., Мақт.) озық, алда. Біздің колхоз кейбір колхоздан асықта (Шымк., Мақт.).

АСЫҚ III (Қост.: Об., Тар.) ғашық. Даусыңды бір шығаршы шаттанайын, Сырттан асық болғаннан өліп едім («Қаз. мек.», жур., 1961, № 10, 63).

АСЫҚ ЖАҢЫЛТПАШ (Ақт., Ключ.) балалардың асықты жасырып ойнауы.

АСЫҚТАУ (Қарак.) киім, көрпе, т. б: нәрселерді көмкеру, жиектеу.

АСЫҚТЫ КҮЛДІРУ (Гур., Манғ.) асықты иіру.

АСЫҚТЫК (Жамб.: Шу, Мер., Корд.) артық, артықшылық. Бұл жиригенің асықтық еді (Жамб., Шу).

АСЫЛ I (Түрікм.: Ашх., Таш.) атабаба. Арыдан, асылымыздан келе жатқан дәстүр (Түрікм., Таш.). Түрікм. асыл — пайда болған тегі (Туркм.-рус. сл., 1940), түрікше асыл — негіз, мән (Тур.-рус. сл., 1977, 67), өзб. асл — негізі, түбірі (Ұзб.-рус. сл., 1959, 41), татарша асыл — тамыр, ру, тайпа, тұқым (В. Пар., Опыт..., 1, 539). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде асл — негіз, тамыр (С. Малов, ПДП, 1951, 361). Арабша асил — ру, тек (Ар.-рус. сл., 1, 1970, 42).

АСЫЛ II (Түрікм.: Мары; Таш.) өнім. Бұл дәнден асыл жақсы алынады (Түрікм., Мары). Түрікм. — хасыл (Рус.-туркм. сл., 1956, 803), қырғ. — асыл (К. Юд., КРС, 1965, 76), өзб. — хосил (Ұзб.-рус. сл., 1959, 662), қарак. — хасыл (Рус.-қарак. сл. 1947).

АСЫЛУ (Қарак.) жала жабу.

АСЫЛ ШАҚА (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) саны кейде 18-ге дейін жететін мақта беретін бұтақтар. Әзір пахтаның арам шақасы (К.) мен асыл шақасы аралас өсіп келеді (Түрікм., Тедж.).

АСЫП КЕТУ (Ақт., Ойыл.) ұзап кету. Ат асып кетіпті, менің атыммен айдап келе ғой (Ақт., Ойыл).

АСЫҢНАН ҮШІР (К. орда: Арал, Қаз., Қарм.) қайыр, құдайы беру түрі. Басыңнан садаға, малыңнан зекет, асыңнан үшір, оразаңнан пітір («Екп. бал.» газ., 1932, № 18).

АСЫРАУ (Орал: Жән., Орда.) масыл. Ережеп баласы жұмыс жасамай әлі әкешесіне асырау (Орал, Орда). Сер-

ғалиев Қыдыраш сияқты бір күн де еңбек етпей, колхозға асырау болып жүргендер де бар («Коммунист», 26. VI. 1939). Туваларда — азырадықшы (Рус.-тув. сл., 1980, 284). Ертедегі жазба ескерткіштерде: *асрамақ* — жасыру, тығу (А. Бор., Бадаи., 1961, 68).

АСЫРЫМ (Гур., Маңғ.) алыс. *Асырымға кетті* (Гур., Маңғ.).

АТАБАСТАУ (Торғ., Жанг.; Қ. орда, Сыр.; Гур., Маңғ.) тары, бидай т.б. дәнді егістің пісе бастағанда ара-арасынан піскен бастарын қиып алу, масақтап алу. *Иса тарысын атабастан жүр, пісіп қалған көрінеді* (Торғ., Жанг.). *Пирман күрішін атабастан жүр* (Қ. орда, Сыр.). *Ойдағы егін де атабастан пісейін депті* (Гур., Маңғ.).

АТАБАС (Торғ., Жанг.; Қ. орда: Сыр., Жал.; Гур.: Шев., Маңғ.; Қарак.) өсіп тұрған егіннің алғаш піскен бастары. *Егін жаппай пісей тұрғанда ара-арасынан атабасын теріп алушы едік* (Қ. орда, Сыр.).

АТАБАШ (Гур., Маңғ.) егіндегі алғашқы піскен бастарды іріктеп жинау.

АТАҒАШ I I. (Гур., Маңғ.) эткеншек түрі. 2. (Гур., Маңғ.) ұзын, арық адам: *Бір атағаштай арық жегіт еді* (Гур., Маңғ.).

АТАҒАШ II (Орал, Қазт.) атбайлауыш. *Сарқытқа берген дөненді атағашқа байлап кетеді* (Орал, Қазт.).

АТАҒЫНДАҒЫ (Қ. орда: Қаз., Қарм.) атындағы. *Қаганович атағындағы колхоз малдың иш тастау індетін көбейін барады* («Ст. ту». газ., 1939, № 5).

АТА ЖАП (Қ. орда: Сыр., Тер., Жал., Қарм.) үлкен арықтан таралған кішірек арық. *Жармадан ата жап, ата жаптан егінге қолшық тарайды ғой, қарағым* (Қ. орда, Қарм.).

АТАЙ БЕРУ (Гур., Маңғ.) атой беру, ұран шақыру. *Түрікпенді құған Сүйінқара батыр жақындап келіп атай береді. Түрікпен қашады* (Гур., Маңғ.).

АТАЙМАН I I. (Қ. орда, Сыр.; Орын.: Ад., Бөрт.) өте, тым, тіпті. *Атайман алыс екен* (Қ. орда, Сыр.). *Ахмет бір сыыр сатып алыпты, оны сойып сатқан екен, атайман семіз болыпты* (Орын. Бөрт.): 2 (Торғ., Жанг.; Қост., Об.) мықты, күшті. *Атайман жылқы* (Қост., Об.).

АТАЙМАН II (Қ. орда, Қарм.) бұзық, қырсау. *Өзі де бір атайман мал еді* (Қ. орда, Қарм.).

АТАЙМАН СУЫҚ (Орын.: Ад., Бөрт.)

катты суық. *Күн атайман суық, қиыршық қар жауып тұр.* (Орын., Ад.).

АТАЙ МЕРГЕН (Қарак. қаз.) атақты, мықты мерген. *Атай мерген емеспіз* (Қарак. қаз.).

АТАҚ I (Қарак. қаз.) үй салғанда лайды күрекен алып беріп тұратын адам, үй салатын шебердің көмекшісі.

АТАҚ II (Гур.: Маңғ., Мах.; Қар., Ағад.) ат-жөн. *Менің атағымды жазып алыңыз* (Гур., Мах.). *Ерттеп сайлап ат беріп, Атағымды жазып сыртына, Бір жапырақ қағаз хат беріп* (Қашаған ақын).

АТА ҚАРЫ (Қарак. қаз.) ата кәсібі.

АТАҚ-ЖӨНДЕРІ (Гур., Маңғ., Мақат.) аты-жөндері. *Олардың көпшілігінің сайлаушылар тізіміндегі атақ-жөндерін тексеріліп болды* («Соц. Эмба» газ., 30. I. 1947, № 6).

АТАҚТАУ I (Орал: Қарат., Шыңғ., Жымп.) аталу. *Басқарма атақтама сада, еңбегіңді ел біледі* (Орал, Жымп.). *Аттары атақталғанда қайта-қайта қол шапалақтап отырды* («К-шылар үні», 6. VI. 1938).

АТАҚТАУ II (Орал, Орда) аты-жөнін сұрау.

АТАҚ-ШАТАҚ (Қ. орда, Арал) бүліну, шатақ шығу. *Сонымен күзде атақ-шатақ болып қайтады* (Қ. орда, Арал).

АТАЛА I (Жамб.: Шу, Тал., Сарс.; Алм.; Қар., Ағад.; Талд.) ұн көже. *Ол уықытта аталаны таба алмадық қой* (Жамб., Тал.). Қырғ. — *атала* (Қ. Юд., ҚРС, 1965, 78), ұйғ. — *атила* (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 22), өзб. — *атала* (Ұзб.-рус. сл., 1959, 43).

АТАЛА II (Көкш.: Қызыл ту, Щуч., Еңб.) айран араласқан сорпа. *Атала ішсең, жеген тамағыңды басады* (Көкш., Қызыл ту).

АТАЛАҚТАУ (Гур., Маңғ.; Түрікм., Көнеур.) аттың ширақ, пысық жүрісі. *Аты бір аталақтағын жақсы ат екен* (Гур., Маңғ.). *Астына мінген аты аталақтап озып кетті* (Түрікм., Көнеур.).

АТАЛАҚ-ҚУТАЛАҚ (Гур.: Есб., Маңғ.) жеңілтек. *Сарсенғали аталақ-құталақ кісі емес* (Гур., Есб.).

АТАЛАҚТАУ I (Гур., Есб.) далбаңдау, далбалақтау. *Аталақтап шаба жөнелді ғой анау* (Гур., Есб.).

АТАЛАҚТАУ II (МХР, Баян.) ұшқалақтау. *Неғұлайын деп едің оны. Аталақтап неқып жүрсің.* (Құрман., 55).

АТАЛАҚТАУ III (Орал, Жәнә.) оқалқтау. *Сыырлар озған заманда аталақтап шауып еді* (Орал. Жән.).

АТАЛАМАУ (К. орда, Сыр.) сөйле-  
меу, айтпау. *Тұрсың деп бұл арада не  
сандалып, Аузыңа келген сөзді а т а л а -  
м а й* («Рүстем-Дастан», 1961, 161).

АТАЛҒЫ (Шығ. Қаз., Қат.; Шымк.,  
Қызылқ.; Сем.: Көкп., Ақс.; МХР, Баян.)  
шапашот, жүзі имек шот. *Ершілер ердің  
қасын аталғымен шабады* (Шығ.  
Қаз., Кат.). *Аталғыны кешелі бері  
таба алмай жүрмін* (Сем., Ақс.).

АТАЛЫҚ (Орын.: Ад., Бөрт.) ата, ру.  
*Жерді аталыққа бөлгенде Жарлы  
суының бойы Ормантай аталығына тиеді*  
(Орын., Ад.).

АТА МАЛ (МХР, Баян.) еркек мал.  
*А т а м а л бағу қыры мен сыры қиын  
шаруа екен* («Ж. өм.», 4. VI. 1987).

АТАМАН (Гур., Маңғ.) итбалық ау-  
лаушылар бастығы.

АТАМ-АНАМДА (Гур.: Маңғ., Шевч.)  
айында-жылында бір, анда-санда. *Самға  
бара жатқандағы жолда су деген а т а м -  
а н а м д а бір кездесетін нәрсе* (Гур.,  
Маңғ.).

АТАНАҚ I (Қарақ. қаз.) мал төлінің  
тұмсығына кигізетін құрал.

АТАНАҚ II (Түрікм., Небид., Жеб.)  
құдықтан су тартқанда арқан жылжып  
түру үшін салынған блок. *Шығырмен су  
тартқанда а т а н а қ өте қажет* (Түрікм.,  
Небид.). Түрікменше *атанак* — крест  
бейнелес ұршық (Туркм.-рус. сл., 1940)

АТАНАҚ-БҰТАНАҚ (Орал, Жымп.)  
ойлы-қырлы, ойқы-шойқы жер. *Атанак —  
кочковатое поле* (Н. Ильминский...).

АТАНАҚТАУ (Гур., Маңғ.) тайрақ-  
тау, тайраңдау. *Тайлан а т а н а қ т а п  
алға түскен жастау жағы кейін іркіліп,  
жапа-жалғыз ақ боз үйге қарай лап қой-  
ған* (Ә. Кекіл., Үркер, 1981, 26).

АТАНА НЕКЕС (Орал, Орда) атаңа  
нәлет. *Тарғын жырында а т а ң а некес  
деп ұрсатын жерлері бар болатын* (Орал,  
Орда).

АТАП (Орал, Орда) балауса шөп.  
*Қойды атапқа апарып жаяды* (Орал,  
Орда).

АТАП БЕРУ (Гур., Маңғ.) ұран салу.

АТАП I (Сем., Ұрж.; Гур., Маңғ.;  
Жамб.; Орал, Жән.; Жезқ., Ұлы.; Қарақ.)  
отар, бір қора мал. *Әлиде бір а тар мал  
көрінеді* (Сем., Ұрж.). *Бір атар қойда  
екі шабан бар* (Жезқ., Ұлы.). *Бір а тар  
қойды Аңырақайға айда* (Орал, Жән.).  
*Біз малды а т а р - а т а р ға бөліп жаямыз*  
(Жамб., Жам.). *Әсіресе, шопан Байсы-  
баев пен Шындзулетов және Тәжиевтер-  
дің а тар л а р ы төлді көп алып жатыр*  
(«Колхоз екп.» газ. 10. IV. 1939). *Балам*

*да өскен соң бір а т а р қойға ие болады  
ғой* (Қарақ.).

АТАР II (Жамб., Шу; Гур., Есб.) жай-  
ылым. *Малдың көбі Тайсойғандағы а т -  
ар да жатыр* (Гур., Есб.). Қырғ. — *отор*  
(К. Юд., КРС, 1965, 538).

АТАР III (Қарақ. қаз.) саудагер.  
(Ар.-рус. сл., 666). Арабша ғаттар  
түрлі қол товарлар сатушы.

АТА-СУ ЖАЙЛАУЫ (Сем.: Абай,  
Шүб.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.)  
атамекен. *Шыңғыс біздің а т а - с у ж а й -  
л а у ы м ы з* (Сем., Абай)..

АТ-АТАҒЫ ШЫҚҚАН (Шығ. Қаз.,  
Больш.; Тау., Қош.) абыройлы, беделді.  
*Мәден Тәжібаев облыстағы а т - а т а ғ ы  
ш ы қ қ а н мұғалім емес пе!?* (Тау.,  
Қош.).

АТАУ I (Шымк.: Қызылқ., Түлк.) өлер  
аялдында тішетін ас, сусын. *Ол кемпір-  
дің кешегі ішкені — а т а у ы екен ғой*  
(Шым., Қызылқ.). *Ішсең а т а у ы ң д а й  
іш, ауырсаң мұрттай үш* (ауыз әдеб.).

АТАУ II (К. орда, Арал, Қарақ.) кіш-  
кене арал, құрлық жер. *Аралдың кейбір  
балық заводы а т а у д а тұрады* (К. орда,  
Арал). *Құланды маңы, Возрождение,  
Лазарева а т а у л а р ы н а балықшылар  
жесін* (К.), *сонан балық аулату, балық  
сақтайтын орындар, бөлімшелер ашу жу-  
мысы болу керек* («Екп. балық», № 30,  
1932). *Ауылымыз атауда, аяқ-қолымыз  
матауда* (Қарақ.). түрікше — *ада* (Тур-  
рус. сл., 1977, 24); чуваш тілінде —  
*утаа* (Чув.-рус. сл., 1985, 519); карақал-  
пақша — *атав* (Н. А. Бас., Карақ. яз., I,  
словарь, 1951); көне құман тілінде —  
*атов* (СС, 139).

АТАУ III 1. (Ақт., Ырғ.; К. орда,  
Арал) от жер, шөбі мол, жайылым жер.  
*А т а у ға жайылған мал семіз болады*  
(Ақт., Ырғ.). *Қыста малға а т а у жер  
жайлы жақсы болады* (К. орда, Арал);  
2. (К. орда, Арал) құм ішіндегі қалың  
жыңғыл, сексеуіл. *Келе жатып, жолда  
бұрылып, а т а у ға соқтым* (К. орда,  
Арал).

АТАУ, АЗАСЫ ЖОҚ (Қарақ. қаз.)  
дымы жоқ, құр алақан.

АТАУЫЗ (Гур.: Маңғ., Шевч., Есб.;  
К. орда, Арал, Жал., Қарм., Қаз; Ақт.,  
Ойыл, Ырғ., Қараб.; Орал: Орда, Қазг.,  
Чап.; Түрікм., Таш., Ашх., Жеб.; Қарақ.)  
тістеуік. *А т а у ы з ды әперші, шеге суы-  
райын* (Гур., Маңғ.). *А т а у ы з ағаш  
ұстасы мен темір ұстасына бірдей құрал*  
(К. орда, Жал.). *Балам, а т а у ы з ды  
әперіп жіберші* (Ақт., Қараб.). *Мыңа*

шегені суыру үшін а тауыз керек болды (Орал, Орда). *Сыбайдағы а тауызды сұрап, алып келің* (Түрікм., Ашх.). *Әрбір ұста дүкенінде а тауыз қолдан жасала береді* (Қарак.). Түрікменше — атагзы (Рус.-туркм. сл., 1956).

АТАШ I (Шымк.: Мақт., Қызылк., Арыс; Жамб., Сар.) поезд. *Ташкенге аташпен бардың ба?* (Шымк., Мақт.). *Бір а т а ш солдат өтті* (Шымк., Арыс).

АТАШ II (Қарак.) шоқ шашылмас үшін жасалатын ошақ жағалауындағы қалқан. *А т а ш т а н шоқ сіңсіп кетпесін, абайлаң* (Қарак.).

АТАШ III (Жамб., Сар., Тал., Жам) кыскаш, шымшуыр. *А т а ш п е н самауырға от сал* (Жамб., Сар.).

АТАШ КӨСЕУ (Жамб., Жам.) шымшуыр. *А т а ш көсеумен көмір, шоқ ұсталады* (Жамб., Жам.). *Өзб. оташ* — от, жалын, шоқ (Узб.-рус. сл., 1959, 309), *азерб. атэш* — от (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 156), түрікше *атеш* — от, жалын (Тур.-рус. сл., 1977, 73), гагауз тілінде *атеш* — от (ЭО; В. Мош, Гагаузы., 57). *Парысша атэш* — от. «Аташ көсеу» тіркесінің әдеби тілдегі мағынасы — «от көсеу» дегенді түсіндіреді.

АТБАЙЛАР (Қар., Ж. арка) ат байлайтын қазық. *Болыстық аткомның алдындағы атбайларда байлаулы аттар тұр* (С. Сейф., V, 1963, 65).

АТБАП (Орын.: Ал. Бөрт.) ат баптаушы. *Бізде и т б а п десе Ырғыз жақта атсейіс деп айтады екен* (Орын., Ад).

АТБАША (Қарак. қаз.) ағаш сапты айыр. *Жылымды атбашамен мұз астында айдаймыз* (Қарак. қаз.).

АТ ДОБЫРА (Маңғ., Шевч.) атка жем беретін дорба. *А т д о б ы р а ға сұлы салып, аттың басына іліп қой* (Маңғ., Шевч.).

АТ ЖАЛ I (Жамб.: Шу, Қорд., Мер.; Көкш.: Чкалов, Уәлих.) айдалмай, жыртылмай қалған жер. *Жүруге арзымайтын кішкене ғана а т ж а л қалды* (Жамб., Шу).

АТ ЖАЛ II (Жезк., Шет.; Көкш.: Руз., Зер., К. ту, Шуч., Еңб.) тырмамен жинаған шөп үйіндісі. *300гектардан астам орылған бидай а т ж а л д а қалды, бұл шығынға ұшырау қаупінде* (Көк., К. ту): *Қазір төрт жүз гектар алаңның шөбі жиналмай, а т ж а л д а жатыр* («Соц. еңбек», 10. X. 1956).

АТЖАЛМАН (Гур., Маңғ.; Ақт., Ырг.; Қост.; Об.; Алм., Жам.) құлағы үлкен, құйрығы қысқа үлкен сұр тышқан. *Қапты а т ж а л м а н тесіп кетпесін* (Алм.,

АТЖАЛМАНДАЙ ШҮЛҒУ (Жезк., Шет.) икемді, ширақ болу. *Бала дегеч а т ж а л м а н д а й шұлғып тұрмай ма екен* (Жезк., Шет.).

АТ ЖАП (Торғ.; Жанғ., Аман.) суармалы егіс жеріндегі жал боп үйілген топырақтар. *Амангелді атындағы колхоз суармалы егістің а т ж а п, кесе соғу, әуіт, арықтар қазу жұмысын сапалы етіп аяқтады* («Соц. шаруа» газ., 1945, № 21).

АТ-ЖАРАҚ (Түрікм.: Красн., Ашх., Тедж., Таш., Көнеүр.) қару-жарақ. *Хиуа хандығы сол қырық жігітті а т - ж а р а қ беріп, қолына ұстатты* (Түрікм., Көнеүр.). Түрікменше — *ат-яраг* (хазирки заман түркмен дили, Ашх., 1960, 236); *яраг* — қару (Рус.-туркм. сл., 1956).

АТ ЖЕМІ (Қарак. қаз.) кеусен.

АТЖОЛ (К. орда: Сыр., Жал.) көпір. *Поездің жолын кесіп өтетін а т ж о л - д а н өтісімен алдында вокзал* (К. орда, Сыр.).

АТ ЖҮРГІШ (Жамб.: Сар., Тал.; Жезк., Шет; Қар: Нұра, Ағад.) салт атты кісінің камшысы. *А т жүргішті қайда қойды?* (Жамб., Тал.). *А т жүргішке қол жалғап жіберші* (Жезк., Шет.). *Қалтасында ақша, бойында басы артық ітгеме жоқ. А т жүргішін ұсынды* (Ғ. Мұс., Көз көр., 186).

АТКЕЗШІ (Алм., Шел.) ертеде атпен жүріп сауда істеушілік. *Бұрынғы реттерде Қытай мен Албан елі арасында аткезшілер жүретұғын* (Алм., Шел.).

АТ КЕЛІНШЕК (Орал, Орда) отаусыз, жасаусыз түскен келіншек. *Қайсы бір сараң байлар қызын ұзатқанда отау бермей, қызын а т к е л і н ш е к атандыратын* (Орал, Орда).

АТ КӨЗ БОЛУ (Жамб., Шу, Мерк.) биіктігі ат арқасымен бірдей болу. *Көк шөп а т к ө з б о п өсіпті* (Жамб., Мер.).

АТ-ҚОНДІК (Сем., Аяғ.) ат баптаушы.

АТҚӨПЧІК (Жамб.: Шу, Мер.) ат көрпе. *Ердің үстіне салатын шағын көрпе. Жаңадан бір а т к ө п ч і к жасағалы жатырмын* (Жамб., Шу).

АТҚӨПІР (Қар., Нұра; Қост.: Аман., Жанғ.) қобырсу, көпеу. *Сезді олар адасқанын Жәмиланың, Түрткілеп түгел тіпті завод маңын, Андыздап ағылған жұрт шар тарапқа Шығарды а т к ө п і р і н кең даланың* (К. Аман., Тол. жин., 2 т., 1956, 260). *Одан бергі ашық жерге Майлық көлдің көк құрағы мен қоғасын а т к ө п і р қылып төсеп тастапты* (А. Нұрм., Құл. ажалы, 1987, 32).

АТ ҚӨРПЕ I. (Көкш., Қызыл ту; Қар., Қарак. қаз.) ердің үстіне салатын көрпе.

2. (Карак.) көрпе. *Келген меймандарға ат көрпелерің жете ме?* (Карак. қаз.).

АТКӨШЕК (Алм., Кег.) қайта көшіп келіп орнығу. *Бірқатар үйлер Қытайға барып аткөшек болып қайтып келді.* (Алм., Кег.).

АТКҮРКЕ I (Сем.: Көкп., Акс.) жеңіл, 5 кісілік шатыр. *Аткүрке жұмыс басына уақытша тигілді* (Сем., Акс.).

АТКҮРКЕ II (Алм., Кег.) қамыстан не баска заттан істелген атқора, кішкене қора. *Аткүркеде үш ат тұр* (Алм., Красн.) ат байлау үшін жерге қағылған ағаш қазық. *Ары таманда атқазық бар, соған байла* (Түрікм., Жеб.).

АТҚАҚТАУ (Орал: Казт., Чап.) жүректің қатты соғуы, лүпілдеуі. *Әлгінде бастан кешкенім қайта есіме оралып, жүрегім атқақтап кетті* (Құрм, Қар., Алт. ізд., 1987, 201).

АТ ҚАМШЫ I. (Жамб., Шу.) салт аттының қамшысы. Ұйғ. — *атқамча* (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 23); 2. (Түрікм., Красн.) алты таспадан өрген қамшы. *Ат қамшыны бір қойға айырбастан алушы едік* (Түрікм., Красн.).

АТҚАРУ ӘКІМШІЛІГІ (МХР, Баян.) атқару комитеті. *Аймақтық ХДХ атқару әкімшілігінің бастығы Қ. Қызырхан жолдас мерекелік баяндама жасады* («Ж. өм», 7. XI. 1983).

АТ ҚАТЫРУ (Тау., Кош.) ат баптау, жарату. *Ол бәйгеге қосқалы ат қатырып жатыр* (Тау., Кош.).

АТ ҚОСУ (Қост.: Семноз., Фед.; Алм., Жамб.; Түрікм., Таш., Көнеүр.) арбаға ат жегу. *Құнанды бастықсын деп әдейі жеңіл арбаға қостым* (Қост., Фед.). *Сейдазым, мынау арбаға ат қос, енді жүрейік!* (Алм., Жамб.). *Біз Мырзакеңдікіне барсақ, ол кісі арбаға ат қосып жатыр екен* (Түрікм., Таш.).

АТҚОТ (Көкш., Қ. ту.) қалдық (жарамсыз). *Егінің атқотының үстін жап, су болмасын* (Көкш., Қ. ту.).

АТ ҚҰЛАҒЫ КӨРІНБЕЙТІН БОРАН (МХР, Баян.) қар жауып, қатты жел соғып, тұқ көрінбейтін боран.

АТҚҰЛАҚ I (Шымк.: Түлк., Мақт.; Алм., Жамб., Шу; Орал, Қарат.) томар бояу. *Атқұлақтан бояу жасаймыз* (Шымк., Түлк.). *Ағайынды қоңыр таз, атқұлақтың түбін қаз* (Алм., Жам.). *Атқұлақ жапырағы қар екі жауғанша құрғамайды* (Жамб., Шу). *Атқұлақ теріні илеп те шығарады* (Орал, Қарат.). *Көнді жеріне атқұлақ, құмды жеріне*

*кісі бойы дерлік құрай өскен қара-құра арасынан ақырын қозғалып келеді* (Құрм. Қар., Алт. ізд., 1987, 354). Өзб. *отқулоқ* — 1.) қымыздық; 2.) сұлы бас (ти-мофеевка) (Ұзб.-рус. сл., 1959, 309).

АТҚҰЛАҚ II (Орал, Чап.) саңырау құлақ.

АТҚЫН (Павл., Үрлі т.) азғын, бұзылған. *Мынау атқын қайдан келген* (Павл., Үрлі т.).

АТҚЫШЫЛ (Түрікм., Таш., Көнеүр., Таш.) мерген. *Шахидың баласы атқышыл, тіпті машал құстың өзін де атып алады* (Түрікм., Таш.). *Белгіліде Бегей бар, Бег сауытты Жанақ бар, Атқышылда Кедей бар, Сүйінқара, Салақ бар, Белгілі ердің бәрі бар* (Түрікм., Көнеүр., Қуанбай қарттан жазып алынды). Түрікм., *атиджы* — мылтық атушы адам (Рус.-туркм. сл., 1956, 747); қырғызша *аткычыл* — атушы (К. Юд., КРС, 1965, 79); осы мағынада хакастарда — *атығычы* (Хак.-рус. сл., 1953, 35). Ертедегі жазба ескерткіште *атғучы* — атқыш, садақ атушы (Э. Над., ИСТЯ XIV в., 1979, 157).

АТЛАУ (Карак. қаз.) аттау. *Салмадан атлап алмадым, баялындап өтіп келе жатыппын* (Карак. қаз.).

АТ МАЛТЫС (Алм., Шел., Талғ.) суға жүзудің бір түрі. *Ит малтыс, ат малтыс, бақа малтыс, құлаштап малтыс деп, тоғыз саққа жүгіртіп малтым* (Б. Сок., Біз де бала бол., 33).

АТ ОЙЫН (Алм., Жам.) ойын түрі. *Сол күні баламның өзі тіленіп, ат ойынға кетті* (Алм., Жам.).

АТ-ӨТТІМ (Қост., Пресн.; Петроп.) жеңіл-желпі, қалай болса солай. — *Онда немене, ат-өттім болар деп жүр ме едің?* (Ғ. Мұс., Оян. өлке, 379).

АТПА (Қ. орда: Қарм., Сыр., Шиелі) салмаға (Қ.) су құю әдісі. *Атпа атып талай күнді өткізіп едік, бұл күнде сирек* (Қ. орда, Сыр.).

АТПАЗ (Торғ., Жанғ.; Жезк., Ұлы.; Қост., Об.) атты жақсы баптай білетін адам. *Атсейісті кейде атпаз деп те атайды* (Торғ., Жанғ.). *Бұл атпаз кісі. Атпаз адам қазір көп кездесе бермейді* (Жезк., Ұлы.). *Ахмет бұрын атпаз кісі еді* (Қост., Об.). *Азерб. — атбаз* (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 156).

АТПАЗШЫ (Сем., Акс.) ат күтуші, баптаушы. *Атпазшыда колхоздың аттары бапталуда* (Сем., Акс.).

АТПАЛ (Алм.: Нар., Кег.) мықты, қарулы. *Қасына сай тасындай ыңғай ат*



пал жігіттерден топ жинап берген (Р. Райым., Жап. Жаңғ., 1981, 27). — *Атпал азаматтар тұрғанда Зибашы несі, ей, мынаның?! — десіп, көпшілік мүлде гүлдесіп кетті.* («Жұлдыз» жур., 1988, № 2, 49).

АТПЕЙІС (К. орда, Арал) атты жақсы жарата білетін адам.

АТПЫРАШ (Алм., Шел.) ат сыншысы. *Әлібек атпыраш адам еді* (Алм., Шел.).

АТРАУЫШ (Гур., Шевч.) мал шаруашылығын білетін адам. *Атрауыш мал баға алмайды* (Гур., Шевч.).

АТ САБАНЫ (Орал, Қарат.) атқа жегілетін соқа. *Атсабаны мен жер жыртушы Байдалиев күнге 0,8 га орнына 1,83 га жер жыртты* («Қол-шылар үні» газ.).

АТ САҢЫС (К. орда, Шнелі) ат баптаушы.

АТ САЛУ (Торғ., Жанғ.) сөз салу, астыртын кісі жіберу, байқау. *Амаңгелді Торғайға астыртын кісі жіберіп, атсалырып байқастады* (Торғ., Жанғ.).

АТСЕЙІС (Торғ., Жанғ.; К. орда: Шнелі, Арал, Сыр., Жал., Қарм.) бәйге атын баптаушы адам. *Атсейістердің аузында «ат солығын бассын», «күн талас», «қазан суыту» деген сөздер жиі айтылады* (К. орда, Сыр.). *Ол атсейіс адам ғой* (Торғ., Жанғ.).

АТСЕРКЕ (Сем., Аяғ.) уақытша салынған қамыс қора. *Біз атсеркенің жанында тұрмыз* (Сем., Аяғ.).

АТСОҒАР (Алм.: Іле, Еңб.; Сем.: Абай, Шүб.; Қар., Қарқ.) қамшы. *Атсоғарың болмаса, шабан аттар жүрмейді* (Алм., Еңб.).

АТ СҮМЕК БОЛУ (Шығ. Қаз., Больш.) аттың күшті терлеуі.

АТТАЙ (Қост., Фед.; Торғ., Аман.) тура, дәл. *Қатарласып жүргеніне аттай бір сағат толған, әлі жүріп келеді* (Б. Майлин, Шығ. V, 10).

АТТАЙ ҚҰРДАС (Түрікм., Таш., Көнеур.) бір жылда туған адамдар. *Біз Көнежібай екеуміз аттай құрдаспыз* (Түрікм., Таш.).

АТТАҚЫР (Шымк., Түлк.; Жамб., Жуалы) жылқыға шөп салатын оттық. *Жылқыны аттақырға байлаймыз* (Шымк., Түлк.). *Тас қабырғаны жағалай аттақыр болатын* (Ш. Мұрт. Жұл. Көп., 1984, 21).

АТТАНАР ЖАҚ (Түрікм., Красн.) мінер жақ (атқа мінудегі), сол жақ.

АТТАРАҚ (Сем., Мақан., Көкп.) тырма. *Соның нәтижесінде колхозда қолда*

*бар 7 шөп машина мен 3 аттарақ сапалы жөнделді* («Қызыл жұл», газ., 10. VI, 1948, № 23).

АТТАУ I (Қарак.) сүттің қаймағын айыру.

АТТАУ II (К. орда: Қарм., Арал; Ақт., Ырғ.) сиыр мүйізінен жасалған піспек. *Аттау басындай май алдым, Атып аузыма салдым* (К. орда, Қарм.). *Күбіндегі сүтті шелекке құйып, аттаумен шайқап май аламыз* (Ақт., Ырғ.).

АТТА ШӨЛ, АДАМ ДА ШӨЛ (Түрікм., Красн.) адам мен аттың қатты шөлдеуі. *Бір тәулік қасқыр қуып, құмда атта шөл, адам да шөл болып, әрең шыққан күніміз болған* (Түрікм. Красн.).

АТТЫ ҚАТЫРУ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) атты жарату. *Колхоз бәйгеге қосқалы атқатырып жатыр* (Шығ. Қаз., Больш.).

АТТЫ МАЙЛАМАЙ БЕРУ (Шығ. Қаз., Больш.) атты тегін беру.

АТТЫҢ МАЙЫНА ТОЛМАУ (Шығ. Қаз., Больш.) аттың майына тұрмау. *Ол жерге бару аттың майына толмайды* (Шығ. Қаз., Больш.).

АТ ТЫРНАУЫШ (Көкш., Қ. ту) атпен шөп жинайтын тырма.

АТТІС (Алм., Шел.) кемпірауыз (К.), тіспеуік (К.), ұста ұстайтын құрал-қысқаш. *Балам, аттісті қайда қойғансың?* (Алм., Шел.).

АТХАНА (Қарак. қаз.) атхора.

АТУ I (Орал, Қазт., Жән.) мәсі «ичиги». *Атуды ешкі терісінен тігеді* (Орал, Қазт.).

АТУ II (Гур., Маңғ.) тура, тіке, төте. *Ондағы соға жүретін жолдан гөрі, Шетпеге қырмен баратын жол ату. Ату жөнмен жүрмей, қисық жүретін неміз бар.* (Гур., Маңғ.).

АТУ III (К. орда: Арал, Қарм.; Ақт., Ырғ.; Гур., Маңғ.; Орын: Ад., Бөрт.; Түрікм.: Таш., Көнеур.) лақтыру, ұшырып тазалау. *Бидайды жөндеп атсаңшы* (К. Орда, Қарм.). *Қырмандағы бидайды жоғары атып, шөп-шарын тазалаймыз* (Ақт., Ырғ.). *Егінді бастырып болғансын сабанын жинап, топанын алады* (Гур., Маңғ.). *Қарғам, түк атқан жоқсың, қайдан шаршайсың* (Орын, Ад.). *Біз қырманға келгенде колхозшылар астықты аттып жатыр екен* (Түрікм., Көнеур.).

АТУШЫ (Шығ. Қаз., Құрш.) кенді дәрімен копарушы. *Атушы жерге дәрі жібергенде мақайында ешкім болмауға тиіс* (Шығ. Қаз., Құрш.).

АТҮЛТАН (Сем., Аяг.) шабарман, ат-косшы. *Ол бидің ат ұлтаны болып істеген кісі* (Сем., Аяг.).

АТУРАНЫМЕН (Торғ., Жанг.) атымен, мүлде. *Сайыс бізде атұранымен жоқ* (Торғ., Жанг.).

АТ ШАБУ (Гур., Маңғ.) атқа шабу. *Атшабайын деп кетті* (Гур., Маңғ.).

АТШАЛМАН 1. (Гур.: Маңғ., Шевч.) қосаяқтың үлкен түрі. *Атшалман ініне кіріп кетті* (Гур., Маңғ.); 2. (Акт., Ырғ.) құлағы үлкен құйрығы қысқа, үлкен сұр тышқан. *Атшалман жусанмен көкпекті жақсы жейді* (Акт., Ырғ.). 3. (Қост., Об.; Торғ., Жанг.) қап тесетін тышқан. *Атшалман сенектегі қапты тесіп тастапты* (Торғ., Жанг.).

АТШАЛМАҢДАЙ ШҮЛҒУ (Торғ., Аман.) епті, икемді болу, құлшына кірісу (жұмыс туралы). *Ол атшалмандай шұлғыды* (Торғ., Аман.).

АТШАП (Жезк., Ұлы.) егінге су жіберетін кішкене арық. *Атшаптың бойын тазалау керек, су жіберетін уақыт жақын* (Жезк., Ұлы.).

АТ ШАПТЫРСА ЖЕТКІСІЗ (Акт., Байғ.) ат шаптырым. *О шеті мен бүштіне атшаптырса жеткісіз ұлайқан көп қой, көзімізге елес ете қалды* («Соц. ауыл» газ., 1940, № 86).

АТ ШЕГУ (Сем.: Аяг., Абай, Шүб.) ат жегу.

АТШОҚАЙ (К. орда, Қарм.) саңырау құлақ сияқты өсімдік. *Атшоқайды құс жейді* (К. орда, Қарм.).

АТШОҢҚАЙ (Акт., Ойыл) өзен, көл, жағасында өсетін сабақты, бүршікті өсімдік. *Осы Ойыл бойында атшоңқай деген шөп өседі, малға әбден оңды* (Акт., Ойыл). *Қыр елі тоқ қой. Тоқрыз ғой. Аралдағылар атшоңқай жеп атқан көрінеді* (Ж. Нәжм., Ақ шағ., 1973, 24).

АТШӨЛКЕ (К. орда: Қарм., Сыр., Шнелі; Акт., Ырғ.) киізден жасалған камыт. *Балам, атшөлкені жел де, атты қоса ғой* (К. орда, Шнелі). *Атқа атшөлке кигізіп, тертесіз жегеміз* (Акт., Ырғ.).

АТЫ (Алм., Жам.; Жамб., Жам.) қою нәрсеңің суын селдір шүберекпен сүзгенде үстінен қозғап тұратын ағаш аспап.

АТЫ АТАНУ (Гур., Маңғ.) аты шығу. *Аты атанған жер құр емес, Аты атанған ер құр емес* (мақал, Гур., Маңғ.).

АТЫҒУ I (Жамб., Жам.) құнығу. *Кісі еңбегін жеуменен атыққан, Арамызда*

*орын жоқ сұмға...* («Кол-шы» газ., 1935, № 5).

АТЫҒУ II (Гур., Маңғ.) ысылу, жаттығу. — *Апай, бұл бала әлі атықпаған бала* (Ж. Нәжм., Кішк., 1975, 113).

АТЫ ЖОҚ САУСАҚ (МХР, Баян.) бүркіттің үшінші тырнағы.

АТЫЗ I. (К. орда: Сыр., Жал., Қарм., Қаз.; Торғ.: Жанг., Аман; Жамб.: Шу, Луг., Мер.; Акт.: Ойыл, Ырғ.) қолдан суарылатын егістік жердің бір бөлегі. *Әрбір атыздың көлемі ширек гектарға жақын болу керек* (К. орда, Сыр.). *Сона бір атыз қауынның су ішпей қалуы қырсық болды* (К. Әбд., Тәт. Қау., 26, 36). *Мына жатқан атыздарға бүгін күні бойы су жіберіңдер* (Акт., Ойыл.); 2. (Акт.: Ойыл, Ырғ.) егіндік жерді бөліп-бөліп суаратын кішкене арық. *Шығырдан шыққан су атызға құяды* (Акт., Ырғ.); 3. (Жамб., Шу, Мерке, Луг.) жұқалап тартып кеткен жол. *Атызғып із тартып кет* (Жамб., Шу). *Арықтар мен атыздарды, тоғандар мен қоймаларды, бөгеттерді, жылғалар мен сағаларды ерсілі-қарсылы жөңкіліп есіп ат үстінде жүрген сушылар да көп, еңбегі еш болған мұраптар да көп* («Оңт. Қаз.», 30, VII. 1950, № 153).

АТЫЗ-АРЫҚ (Шым., Шәуіл.) егін суаратын кішкене арықтар. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: *атыз* — екі арық арасындағы егістік жер (ДТС, 1969, 67); *атыз* — егістік жер, егін (С. Малов, ПДПМК, 1959, 91).

АТЫЗДАУ I. (Шымк., Мақт., Қызылқ.) суару. 2. (К. орда, Шнелі, Сыр., Ж. қор.) арықтар жүргізу.

АТЫЗ ТАРТУ (Шымк., Шәуіл) арықша тарту, жүйек тарту.

АТЫ КЕЛДІ (Гур., Маңғ.) аты туыс. *Алдыңғылары әкеден соғыста айырылып, шешеден жастай қалып, аты келді жамағайынның қолындағы жетімге жаны ашитындар* (Ә. Кекіл., Құс кан., 1978, 8).

АТЫҚТЫРУ I. (К. орда, Арал) ат қойып үйрету, шақырып үйрету. *Малдағылар туғасын-ақ бұзауларға ат қойып атықтырады* (К. орда, Арал); 2. (Сем., Абай) атандыру. *Бұл жақсы атықтырмайтын жұмыс* (Сем., Абай).

АТЫЛҒАН (Гур., Маңғ.; Қост.; Камыш.) құдай атқан, жың соққан. *Баласы бір атылған көрінеді* (Гур., Маңғ.). *Ол өзі бір сондай атылған тентек кісі* (Қост., Камыш.).

АТЫМ-АҚ ЕКЕН (Қар., Қарқ.) ат-ақ

екен. *Байсейіттің көк қасқасы а т ы м - а қ е к е н* (Қар., Қарк.).

АТЫМДЫ (Көкш.: Щуч., Енб) өжет адам. *О л а т ы м д ы а д а м ғ о й* (Көкш., Щуч.).

АТЫМДЫ ЖЕР (Акт.: Ырғ., Қараб.; К. орда: Қарм., Арал, Сыр., Жал., Тер.) құнарлы шығымды, қолайлы жер. *Сіздің тарыңыз а т ы м д ы ж е р г е с а л ы н ғ а н е к е н* (Акт., Ырғ.). *А т ы м д ы ж е р г е т і к к е н қауын жақсы шығады* (К. орда, Тер.).

АТЫМЫ КЕЛМЕУ (К. орда, Қарм.) жағдайы, жөні, қисыны келмеу. *Өсер, менің ағайын аралап баруға а т ы м ы м к е л м е й т ұ р , ө з і ң ж ү р е б е р* (К. орда, Қарм.).

АТЫҢЫЗ ЖҮГІРІК БОЛСЫН (Жамб., Шу) өрмек тоқушыға айтылатын жақсы тілек.

АТЫП ҰРЫП ТАСТАУ (Акт.: Жұр., Ойыл) тастай салу. *Сатуға заттары тура келіп қалса, колхозда істеп жүрген жұмысын а т ы п ұ р ы п т а с т а п , б а з а р ғ а ж ү р е б е р е д і .* (Акт., Жұр.).

АТЫРАУ I (Сем., Ұрж.) шөп шықпайтын сортаң жер. *Ұржарда шөп шықпайтын сортаң а т ы р а у көп* (Сем., Ұрж.).

АТЫРАУ II (Гур., Маңғ.) еңсіз, ұзынша болып өскен қалың шөп.

АТЫРҒАН (Гур., Маңғ.; Орал, Қазт.) жатқан. *О л жаңа осында келейін деп а т ы р ғ а н* (Орал, Қазт.).

АТЫРЫЛУ (Жамб., Мерк., Жам.) ата жөнелу. *Үстіне Бадырақ көз мінсе, а т ы р ы л ы п а л а ж ө н е л е й і н деп тұр* (Ш. Мұрт., Инт. наны, 1974, 24).

АТЫШТАП (К. орда, Арал.) қазан-ошақ орнататын орын. *Үйдің ортасына олар а т ы ш т а п құрып қойыпты* (К. орда, Арал.).

АТЫСКА ТҮСУ (Жамб., Қорд.) топта, көп ортасында айтысу.

АУ (Алм., Кег.) ая. *Ертең а у аулауға баралы!* (Алм., Кег.). *Ит жүгіртіп, құс салып, жердің а у ы н тауысты* (Қисса-и Қамбар, 1888). Түрікше — *ав* — 1) аң аулау; 2) қыр құстары (Тур.-рус., сл., 1977, 76), ұйғ. *ав* — аң аулау (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 140), өзб. *ав* — аң аулау (Ұзб.-рус. сл., 1959, 294). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *ауу* — аң аулау (Э. Надж., ИСТЯ XIV в., 1979, 256), *ав* — 1) аң аулау; 2) жабайы құстар (Ат-тухфа, 1978, 259), *ав* — аң аулау (А. Бор., ЛСТ, XII—XIII в., 1963, 35), *ав* — аң аулау (ДТС, 1969, 68). Монғол тілінде: *ав* — ұстау (аң) (Мон.-каз. сөз., 1954, 12). Тунгус-маньчжур тілдерінде

*ава* — аң аулау, ұстау (ССТМЯ, I, 1975, 7).

АУА I (Гур., Маңғ.) әуе, аспан.

АУА II (Орал: Жән., Орда, Чап.; Гур., Маңғ.) оқиға, көтеріліс; қозғалыс. *Бисен Жанекешев совет өкіметінің алғашқы орнаған кезінде ақтарға қарсы а у а б а с т а д ы .* *Өз кезінде ханға қарсы Исатай да а у а б а с т а д ы* (Орал, Жән.). *Маймембет а у а с ы н а 70 жыл болды* (Гур., Маңғ.).

АУА III (К. орда, Арал; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары, Тедж.; Гур., Маңғ.; Қарак. қаз.) нә, я — мақұлдама мағынасындағы сөз. *Бүгін Шағадамға барасыңыз ба? — А у а , с о й а қ т а і с і м б а р е д і* (Түрікм., Ашх.). *А у а , әңгіме айта отырсаңдар* (К. орда, Арал). — *Ертең пішеншілер барасың ба? — А у а !* (Гур., Маңғ.). Түрікменше — *хавва* (Рус.-туркм. сл., 1956), қарақалпақша — *ауа* (Рус.-қарак. сл., 1947); өзбекше — *ха* (Ұзб.-рус. сл., 1959); қырғ. — *оова* (И. Бат., Грам, Қир. яз., 1940, 61). *ува* — иә (М. Қашк., I, 75); Еует (evet) — иә (СС, 251).

АУ АҒАШ (Торғ., Жанғ.) ау (дың) ағаш(ы). *Аудың ау ағашы ыңғайлы болса, адамға жайлы болады* (Торғ., Жанғ.).

АУАЗА (Қарак. қаз.) жүзім астына қойылатын саты.

АУЗАШ (Шымк., Шәу.) ауыз ашар. *А у з а ш болды ғой* (Шымк., Шәу.).

АУЗЫ БАР (Гур., Маңғ.) ойы бар, сөзі бар. *Оның Портқа қаратай барам ба деген а у з ы бар еді, әлі кеткен жоқ па?* (Гур., Маңғ.).

АУЗЫ ҚИЫНДЫ КІСІ (Гур., Маңғ.) білгіш, шешен кісі. *Қашағанның аузы қиынды кісі* (Гур., Маңғ.).

АУЗЫ ҚЫСҚАШ (Гур., Маңғ.) тілі ащы, улы. *А у з ы қ ы с қ а ш әйел* (Гур., Маңғ.).

АУЗЫНА ТӨСЕУ (Шығ. Қаз., Больш.) аузына тосу, бәрін алдына қою, ешнәрсе аймау. *Біз бәріміз соның аузына төседік* (Шығ. Қаз., Больш.).

АУЗЫ САЛП ЕТУ (Шығ. Қаз, Күрш.) құрамай қабу, құр қалу. *Талай адамның аузы салп етті* (Шығ. Қаз., Күрш.).

АУҚАМДАУ (Гур, Маңғ.) жинақтау, жинастыру.

АУҚАМДАСУ I (Түрікм.; Таш., Тедж., Мары.) бірлесу, одақтасу. *Колхозда а у қ а м д а с с а пітпейтін іс бар ма?* (Түрікм., Тедж.). Қарақалпақша *ауқам* — бірлесу, қауымдасу, қоғамдасу (Қарак.-рус. сл., 1958).

**АУҚАМДАСУ** II (Гур., Маңғ.) әңгімелесу. *Екеуіміз бір ауқамдасалық* (Гур., Маң.).

**АУҚАТ** I (Шым.: Мақт., Ленг., Арыс, Шәу., Түлк.; Жамб.: Шу, Мер., Луг., Қорд., Тал., Сар., Сам.; Алм.: Жам., Кег., Нар.; Тау., Түр.; Түрікм.: Таш., Көнеүр.) тамақ, ас. *Ауқат істеп үйде отырмыз да* (Шымк., Мақт.). *Ауқат таба алмай ыза болып отырған қаршыға кекілікті жеп қояды* (Жамб., Шу). *Ауқатты тездет, жолдан келдік қой* (Алм., Кег.). *Бұл сөзден ауқаттану етістігі де құрылады* (Сем., Аяғ.). *Пісірген ауқаттары мәніссіз, нан-ет тағы басқа жағымды ауқат дегендер тіпті де болмайды* («Соц. еңбек» газ., 13. IV. 1943). *Дұрыс отырықшы елдің көбісі 16 пұтды 2—3 ретден алып шыққанда, басқалары күн елтерілігіне кететін ауқат аламай қалатындары да бар* («Қыз. Қаз» жур.). *Болбырақ, оқуға олақ, есі-дергі ауқатқа ауып кеткен сияқты еді* (Ш. Мұрт. Ин. наны, 1974, 54). *Қырғ.—ооқат* (К. Юд., ҚРС, 1965, 573), өзб. — *овқат* (Ұзб.-рус. сл., 1959, 295)

**АУҚАТ** II (Алм.: Кег., Нар.) жұмыс, іс. *Басқа ауқатты қой, мынаны істе* (Алм., Кег.). *Қырғ. ооқат* — іс, шаруашылық (егіс, мал, қора-қопсы т. б.) (К. Юд., ҚРС, 1965, 573), ұйғ. — *оқат* (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 144).

**АУҚАТ** III (Алм., Нар.; Жамб., Қорд.) тіршілік. *Олардың көріп отырғаны ауқат емес* (Алм., Нар.). *Қырғ. ооқат* (араб.) — 1) тамақ; 2) шаруашылық (егін, мал т. б.) (К. Юд., ҚРС, 1965, 573).

**АУҚАТ АЛУ** (МХР, Баян.) тамақ ішу, тамақтану. *Шопан таңертеңгі ауқатын алды* («Ж. өм», 14. X. 1985).

**АУҚАТ ЕТУ** (Сем., Аяғ.) жұмыс істеу, кәсіп қылу.

**АУҚАТТАНУ** (Сем., Көкп., Акс., Абай, Шұб.; К. орда: Шиелі, Сыр.) тамақтану, тамақ ішу. *Олар ауқаттанып отыр еді* (Сем., Акс.). *Бүгін жақсылап тұрып ауқаттанып ал, сосын жүресің* (К. орда, Шиелі).

**АУҚЫМ** I (Алм., Шел.) жағдай. *Сыыр малының ауқымына көп көңіл бөлмесе, болмайды* (Алм., Шел.). *Аргельге кіруге қарсы боп Қасым бірсыпыра қырын тартса да, замандастары тәлкек қып, оны да ауқымға кіргізді* (Б. Майлин, Шығ., V, 1984).

**АУҚЫМ** II (Қарак. қаз.) ұйым, одақ.

**АУҚЫМ** III (Қарак. қаз.) өзара пікірлес адам.

**АУҚЫМЫ** (Жамб., Шу, Луг.) көпшілігі, дені. *Мұндағы бұрыннан тұратын халықтың ауқымы чымыр* (Жамб., Шу).

**АУЛА** I (Орал; Орда, Жән., Шыңғ.; Гур.: Шев., Маңғ.; Түрікм.: Ашх., Анн., Гяур.) қора. *Өрістен келген қойды аулаға кіргіз!* (Орал, Шыңғ.). *Тіңдәлі ұлының ауласында шөпсіз байлаулы тұрды* («Ж. жол», 20. I. 1932). *Үлкен ауланың ішінде бірі тезек күреп, бірі шөп тырмалап жүрген адамдар маған көңілі қойған жоқ* (Ә. Сәрс., Толк. тұғ., 21). *Малды аулаға қамайды* (Гур., Маңғ.). *Түрікм. — ховлы* (Рус.-түрк. сл., 1956, 132), өзб. — *ховли* (Ұзб.-рус. сл., 1959, 659), қырғ. — *авли* (К. Юд., ҚРС, 1965, 19), түрікше — *авлы, авлу* (Тур.-рус. сл., 1977, 77). *Парсы тілінде ағол* — қора, мал қорасы (Пер.-рус. сл., I, 1983, 101). *Латын тілінде аула* — қора; мал қорасы (И. Двор., ЛРС, 1976, 117). *Сөз төркіні — грек тілі аули* — үй алдындағы сарай, подъезд. *К. әулі.*

**АУЛА** II (Көкш., Щуч., Еңб.) қырман сияқты алаң. *Аула іші төбе-төбе бидай* (Көкш., Щуч.).

**АУЛА-АУЛА** (Гур., Маңғ.) топ-топ.

**АУЛЫНА АТ ЖАЙЫЛАТЫН КІСІ** (Гур., Маңғ.) аулына қонақ түсетін кісі. *Құсайын — аулына ат жайылатын кісі* (Гур., Маңғ.).

**АУМАСЫП КЕЛУ** (К. орда, Қарм.) ауысып кету. *Біздің агрономымыз ауданнан жаңадан аумасып келді* (К. орда, Қарм.).

**АУМЕСЕР** (Торғ., Жанг., Шығ. Қаз., Зай.) есерсок, есуас. *Ол өзі аумесер бала* (Торғ., Жанг.). *Ол бір жүрген аумесер ғой* (Шығ. Қаз., Зай.). *К. әумәсір.*

**АУМЫТ** I (Орал, Жән.) аумақ, көлем. *Аумытырақ қағаз алып кел. Біз сол қағазға колхоз жерінің аумытын саламыз* (Орал, Жән.).

**АУМЫТ** II (Орал, Жән.) ой жер. *Аумыт жерге егін жақсы шығады* (Орал, Жән.).

**АУНАУ** (Шымк., Түлк.) ауу, көшіп кету. *Әлімхан Алматы облысына аунап кетті* (Шымк., Түлк.).

**АУРА** (Қарак.) әуре. *Я өзбекше, я түрікменше емес, бір аура* (Қарак. қаз.).

**АУРАҚ** (Ақт.: Байғ., Ойыл.) аруақ. *Аурақ соққан* (Ақт., Байғ.). *Осы баланың аурағы сенен басым депті әйелі* (Ақт., Ойыл.).

АУРУДЫ БОЛУ (Шығ. Қаз., Күрш.) аурулы болу. *Мен қазір ауруды болдым* (Шығ. Қаз., Күрш.).

АУРЫҚСЫНУ (Сем., Акс., Абай) ауырсыну. *Қозғалған сайын шығын төмен түсіріп, аурықсынады* (К. Ораз, Жексен, 1950, 53).

АУРЫҚЧАҢ (Алм., Шел.) ауырғыш, ауыра беретін. *Мен көп жылдан бері аурықчаң болып, бері келе сақайдым* (Алм., Шел.).

АУСАР (Гур.: Бак., Маңғ.) көңіл. *Менің шопан болуға аусарым ауып кетті* («Ленин жолы» газ.).

АУСЫЛ (Торғ., Жанг.; Алм.: Жам., Қаск.) сиыр ауруы. *Аусыл болған сиырларға тұз беру керек, әйтпесе аштан өледі* (Алм., Жам.). *Көрші совхоздың сиырларында аусыл бар дейді, рас па?* (Торғ., Жанг.).

АУ ТӨГУ (К. орда, Арал) ау салу, ау құру. *Бүгін біздің зено барып, ау төгіп қайтты* (К. орда, Арал).

АУУ I (Жамб.: Шу, Жуалы; Қар., Ағад.) бидай дәнінің толыспауы. *Биыл бидайдың біразы ауып кетті* (Жамб., Шу).

АУУ II (Ташк.) алу. *Атта шауып, шыр айналып шынығып өнер ауға, ел қорғауға жұлқынған* (Ю. Абд., КД, 1967, 222).

АУ УАҚЫТТА (Жамб., Шу, Мер.) әуелгі уақытта. *Ау уақытта жаңбыр болмады* (Жамб., Шу).

АУ ШАБУ (Гур., Маңғ.) аулармен балықты қоршап алу.

АУШАҚ (Жамб., Тал.) ауа жайылу. *Біз бен сіздің аушағымыз жетеді, енді тіршілікке кірісу жөн* (Жамб., Тал.).

АУШЫ (Алм.: Нар., Кег.) аңшы. Түрікше — *авчы* (Тур.-рус. сл, 1977, 77), түрікм. — *авчы* (Рус.-туркм. сл., 1956, 456), өзб. — *овчи* (Узб.-рус. сл., 1959, 295). Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *авчы* (Ат-тухфа, 1978, 260), *авчы* (ДТС, 1969, 69).

АУАЗА (К. орда, Арал.) хабар. *Аспанның астында болды ауаза* (К. орда, Арал).

АУАЛ (Гур., Маңғ.) әуелі, әуел бастан. *Мен ауал сендерді районнан келген деп қалдым* (Гур., Маңғ.).

АУАЛАНУ I (Торғ., Жанг.; Акт., Қараб.; Жезк., Ұлы.; Гур., Маңғ.) жігерлене, құлшына істеу. *Асқар жұмысты ауаланып істейді* (Торғ., Жанг.). *Мұқаметжанның осы баласы жұмысты ауалана істейді* (Акт., Қараб.). *Мына*

*жұмысқа ауаланып кеттім* (Жезк., Ұлы.).

АУАЛАНУ II (Көкш.: Еңб., Щуч.; Орал, Чап.) әурелену, босқа талпыну. *Ол қолынан келмесе де, босқа ауалана береді екен* (Көкш., Щуч.). *Сенің онда баратын түк жұмысың жоқ, босқа ауалана ба* (Орал, Чап.). *Ол келіншекке бір кезде Тәңірберген ағаның көңілі құлап, ауаланып жүрген* (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 93).

АУАЛАНУ III (Түрікм.: Красн., Таш., Небид.) ауу, қоныс аудару. *Көбісі ел ауаланған кезде келгендер* (Түрікм., Таш.).

АУАЛАП ҚАЛУ (Гур., Маңғ.) ыстық өту. *Кеше күн ыссы болды, күн узаққа қой соңында жүріп, ауалап қалдым* (Гур. Маңғ.).

АУАМ (Қар.: Қарк., Ағад.; Жезк., Ұлы.) аңқау, надан. *Е. ол бір жүрген ауам адам ғой* (Жезк., Ұлы.). *Ақан төргі бөлмеге келіп, жайланып отырды. Оқымаған, ауам адам* (Ғ. Мұс., Дау. кейін, 1959, 123).

АУАН I (Гур., Маңғ.) су сақтау үшін қазып жасалған шұңқыр.

АУАН II (Гур., Маңғ.; Орал, Орда; Түрікм., Таш.; Қарақ. қаз.) есі ауған, есалан. *Өзің айтқанға түсінбейтін ауансың ғой* (Гур., Маңғ.). *Жанғали деген ауан болулы. Ол неге болса, соған тиісіп, соқтығып жүргені* (Орал, Орда). *Өзіне сеніп іс тапсыруға болмайтын ауан адам боп шықты* (Түрікм., Таш.).

АУАН III (Орал, Жән.; Акт., Ойыл.) еркін, өзбетімен. *Ауан жүрген мал* (Орал, Жән.). *Сен ауан сөйлем* (Акт., Ойыл.). *Ауандап жүрген нән балық, Басын соғып қайранға* (Шәңгірей, 18—19 ғ. қаз. ак. шығ., 311). *Алаңы жоқ адамның ауанына көшкендей қоңыр ғана сөйлейді* (Ә. Сәрс., Толк. туғ., 22).

АУАН IV (Орал, Орда) аңқау. *Сарсенғалшев ауан адам еді, тай өзгізіне 8 сом сұраса, 9 сом сұрап берменгі* (Орал, Орда.).

АУАНV (Акт., Ойыл) шалғай, тентек. *Сен ауан сөйлем* (Акт., Ойыл).

АУАН VI (Орал, Орда) мол, көп. *Ауан, ауан, ауан су, Ауандай балық жүзген су* (Орал, Орда).

АУАН-АҚЫЛ (Қарақ.) есі кеміс, ауысқан, жынды.

АУАНДА (Орал, Жән.) серуендеу. *Қолхоз орталығына қарай ауандап барып қайтайық* (Орал, Жән.).

АУАН СУ (Орал, Жән.) кең, үлкен,

дария су. Ауан, ауан, ауан су, Ауан-дай балық жүзген су (Орал, Жән.).

АУАША (Акт., Байғ.; Орын.: Ад., Бөрт.) оңаша. Ауашаға шығып сөйлесу (Акт., Байғ.). Өздерің ауаша екенсіңдер ғой (Орын., Ад.).

АУГЕР (Алм.: Кер., Ұйғ.) аңшылық. Ол аугерге көп чығатын адам (Алм., Ұйғ.).

АУҒАН I (Алм., Жам.) асқан. Баламның армияда болғанына жыл ауған жоқ (Алм., Жамб.).

АУҒАН II (К. орда, Арал) есуас, есінен адасқан. Сен ауған адам екенсің, мені босқа зуре қылдың (К. орда, Арал).

АУҒАРЫС (Сем.: Абай, Шұб.) ауыс. Олар өзара бұйымдар ауғарысты (Сем., Абай.). Кейін келіссөз біткен соң, мал көзі түгелімен қайтарылып, ақы-пұл өзге жолмен ауғарысатын (М. Әуезов. Абай жолы, II, 102).

АУДАН (Гур., Маңғ.) бір жерге бөгеп, жинаған су. Ауданның суын лайлап кетіпті. Бұлақ суларын ысырапсыз пайдалану үшін, салмалар мен аудандардың астына тас, саз төсеу қажет (Гур., Маңғ.).

АУДАНДАУ (Акт., Байғ.) аудандастыру. «Малды тұқымына қарай дұрыс аудандау мал күтімін оңдау арқылы мал шаруашылығының продуктивтілігі арттырылатын болсын», — деп айқын нұсқау берді (Акт., Байғ.).

АУДАНДЫ (МХР, Баян.) көптеген, көбі. Аймақтың ауданды бірлестігі экономикалық қуаты жағынан еліміз көлемінде алдыңғы қатарда («Ж. өм.», 23. III. 1987).

АУДАР (Жамб.: Жам., Жуалы) суды егін жеріне тарату. Суды жерге аударып болдым (Жамб., Жуалы.).

АУДАРЫЛЫП ҚОНУ (Акт.: Ырғ., Қараб.) қоныс аударып көшу. Біз кеше осы жерге аударылып қондық (Акт., Ырғ.).

АУДАРЫСПА I (Қарак. қаз.) төңкеріс. Біз бұ жаққа аударыспа кезінде келген едік (Қарак. қаз.).

АУДАРЫСПА II (К. орда, Жал) бірден бірге ауыстырылу, біріне бірі қосылу. Колхоз аударыспасы кезінде осында келіпті (К. орда, Жал.).

АУДАРЫСПАҚ (Қарак.) төңкеріс. Аударыспақ кезінде бұл жаққа келген едік (Қарак. қаз.).

АУ-ДӘСКЕ (Қарак. қаз.) құрал-сайман. Ау-дәскелерін сазлай алмай отырмыз (Қарак. қаз.).

АУ-ЖАДЫРА (К. орда, Арал) ба-

лықшының құралдары. Ол қайықшының жарағы, ау-жадырасы бар екен (К. орда, Арал).

АУЖАЛ ЕМЕС (Сем.: Шұб., Абай) тірлік емес. Мыналары аужал емес екен (Сем., Шұб.).

АУЖАР (К. орда: Сыр., Жал.; Шымк.: Сайр., Түлк.; Сем., Аяғ.; Жамб., Шу, Жам.; Алм., Шел.) жар-жар. Бұрын келіншек түскенде аужарды көп айта-тын еді. (Шымк., Сайр.). Ілгеріде қыз ұзатарда аужар көп айтылатын еді (Жамб., Шу). Осы күнгі ақын-жазушылар аужардың жаңа түрін ойлап шығарса, теріс болмас еді (К. орда, Жал.): Тартысқа бозбала көп жиналып, біреуі аужар айтты (Б. Майлин, Шығ., IV, 162).

АУШЫЛЫҚ (Гур, Маңғ.) ау. Тор да аушылық заңдас зат (Гур., Маңғ.).

АУЫЗ (Жамб, Шу) арықтарға су жіберетін жер, жол. Арықтың аузын кеңірек аш (Жамб., Шу).

АУЫЗ БІРЛЕНУ (К. орда, Арал) ауыз бірлесу. Сызық Жақанмен ауыз бірленіп Жақыпқа қарсы тұрды (К. орда, Арал).

АУЫЗҒА БАСУ (Гур., Маңғ.) насыбайды тіл астына салу. Бұл күнде насыбайды ерінге салмайды, ауызға басы (Гур., Маңғ.).

АУЫЗДАЙ (Гур., Есб.; Орал, Орда, Жән., Шыңғ.) ауызша. Мен Дәулетқалимен ауыздай сөйлестім (Гур, Есб.). Ауыздай нұсқауыңды құлаққа іле қоятын олар жоқ (Орал, Орда) ...қайдағы жоқ цифрларды ауыздай айтып, январь айында қанша шөп тасылғаны жайлы ауыл Советіне ақбар бермей келеді («Соц. жол», 4. II. 1939).

АУЫЗДАУ (Гур., Есб.) ән салу, өлең айту. Ауыздап жібер, қалқам (Гур., Есб.).

АУЫЗДАЙ СӨГІС (Орал: Чап., Жән.; Акт., Ойыл) ауызша сөгіс. Тәртіпті бұзғандығы үшін, Нағимаға ауыздай сөгіс берілсін (Орал, Жән.). Колхоз жиналысында ферма бастығына ауыздай сөгіс берді (Акт., Ойыл).

АУЫЗДАМА (Жамб., Шу) суды ашатын қысқа арық.

АУЫЗДАП ЖІБЕРУ I (Қарак. қаз.) дауыстап жіберу.

АУЫЗДАП ЖІБЕРУ II (Гур.: Есб., Маңғ.) ән салу. Сәкеңнің домбыраға қосып аздап ауыздап жіберетіні де бар (Гур., Маңғ.).

АУЫЗДАП ШЫҒАРУ (Гур., Маңғ.) өлеңді суырып салып айту.

**АУЫЗДЫ** (Гур., Манғ.; Түрікм., Красн., Таш., Ашх.) шешен, сөз тапқыш адам. *Байбақтыда ауызды билер көп болты* (Түрікм., Таш.). Азерб. — *ағызлы* (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 55):

**АУЫЗ ЖАРМАҒАН ҚҰНАН** (Орал, Жән.) үйретілмеген, асау құнан.

**АУЫЗ ЖЕРІНДЕ** (Гур., Манғ.) шыға берісте. *Тап ауыз жерінде отыр еді* (Гур., Манғ.).

**АУЫЗ ЛЕМИСІ** (Шығ. Қаз., Болыш.; Тау., Қош.) лебіз, емеурін. *Олар Ташкентке кетер, ауызлемістері солай* (Тау., Қош.).

**АУЫЗ ОҒ** (Көкш., Қызыл ту; Акт., Ойыл) ертедегі салық түрі. *Бұрынғы кезде жерге мал жайылғаны үшін ауыз от алатын* (Көкш., К. ту).

**АУЫЗ ТАМ** (Шымк., Түлк., Сайр.) ауыз үй. *Ауыз тамда тамақ пісіреді* (Шымк., Түлк.).

**АУЫЗ ҮЙ** (Қост., Семноз.; Көкш., Қ. ту; Жамб., Шу; Шымк., Түлк.; Түрікм., Небид.; МХР, Баян.) ас үй, тамақ істейтін үй. *Келіндер ұялып ауыз үйде тұр* (Қост., Семноз.). *Ер-тоқымды ауыз үйге қойсаң да болады* (Көкш., Қ. ту). *...ауыз үйден айқайлап, үш рет «болдыңдар ма?» дегенде «жоқ» деген жауап алып еді* (Ғ. Мүс., Оян. өлке, 435).

**АУЫЛ АИБАТЫ** (К. орда, Қарм.) күйеудің ауылға келгенде берер кәдесі.

**АУЫЛ КӨРІМДІК** (Жамб., Шу) қалыңдықты көргені үшін күйеудің қыз жегесіне беретін сыйы.

**АУЫЛ-ҚЫСЛАУ** (Қарак. қаз.) ауыл-аймақ. *Ауыл-қыслау аман-түгел ме?* (Қарак.).

**АУЫЛ-ОБА** (Орал, Жән.; Түрікм., Красн.) ауыл-аймақ. *Ауыл-обаң мен амансыңдар ма?* (Орал, Жән.). *Келген кісі» мал-жан, ауыл-оба аман ба?» — деп жай сұрасып жатты* (Түрікм., Красн.).

**АУЫЛ ҮЙ ҚОНУ** (Орын.: Ад., Бөрт.) ай мен үркердің біріне-бірі жақын келуі, тоғысуы. *Үркер мен ай ауыл үй қоныпты, қар ерте кетер дейтін бұрынғылар* (Орын., Ад.).

**АУЫМ-САУЫМ** (Жамб., Сар.) нақұр, делқұлы.

**АУЫП АЙТУ** (Гур., Манғ.) жаңылыс айту.

**АУЫП КЕТУ** (Шымк.: Қызылқ., Арыс) бұзылу. *Егін биыл ауып кетті* (Шымк., Арыс).

**АУЫП ТИЮ** (Гур., Шевч.) екінші рет

күйеуге тию. *Әлгі байын менсіңбей, ауып тиген келіншек* (Гур., Шевч.).

**АУЫРДЫҢ БАТПАНЫ** (Түрікм.: Таш., Мары) 40 кг. ауырлық өлшемі. *Арқасында ауырдың батпанындай жүгі бар, зордан келе жатты* (Түрікм., Таш.). *Қарақалпақша — ауыр батпан* (Қарак.-рус., сл., 1958).

**АУЫРЛАУ** (Алм., Ұзын.) жүкті болу, екі қабат болу. *Айалымның ауырлағанына, тегі, сегіз айдан асты* (Алм., Ұзын.).

**АУЫРМАЛЫҚ** (Алм.: Нар., Кег.) ауыртпалық. *Ол сөздің ауырмалығы саған түсті ме?* (Алм., Нар.). *Үйткені салықтың ауырмалығы аса зор еді, ауыл халқы ыңғайлы келген уақытта емес, хұкімет тарапынан кесілген, өлсе де, жерден қазса да, салықты салуға міндетті еді* («Еңб. қаз.», газетінен. Жин.; КД, I, 1965, 188).

**АУЫРТУ** (К. орда, Арал) миды ашыту. *Әй, мынау миымды ауыртты-ау* (К. орда, Арал).

**АУЫРТПАҚ І** (К. орда: Қарм., Сыр.) ши т.б. тоқитын құрал. *Ауыртпақпен ши тоқимыз* (К. орда, Сыр.).

**АУЫРТПАҚ ІІ** (К. орда: Қарм., Сыр., Шнелі; Алм., Жам.) көлдер арасындағы енсіз, тар жер. *Сырдың ауыртпақ жерінен жаз айларында жаяу-ақ өте береміз* (К. орда, Сыр.). *Екі көлдің ауыртпағында тұрып құс аттық* (Алм., Жамб.).

**АУЫРТПАЛЫҚ** (Гур., Манғ.) сүре (К.) аралығына салынған тас. *Сонымен ауыртпалықпен көтергінің атқаратын қызметі бір-біріне қарама-қарсы* (Гур., Манғ.).

**АУЫРТПАН** (Алм., Жам.) қылы, екі көлдің арасындағы жінішке, қысаң жер.

**АУЫС І** (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Небид.) ерсі, оғаш. *Не дегенмен ісіңнің ауыс жері болды* (Түрікм., Красн.). *Қарақалпақша ауыс — артық* (Қарак.-рус. сл., 1958).

**АУЫС ІІ** (Шымк., Шәуіл.) есі ауысу, ақылынан айырылу. *Ақылдың өзі ауыс болып қалған ғой* (Шымк., Шәуіл.).

**АУЫСЫ** (Жамб., Жам.) аузы. *Иттің арандай ашылған ауысына, ақсиган тістеріне қарай бір-екі рет тап берді* (Жамб., Жам.).

**АУЫСҚАН** (Жезк., Ұлы.; Торғ., Жанғ.; К. орда, Арал) есалан. *Ауысқан бұл-маса, осылай сөйлер ме еді* (Жезк., Ұлы.). *Ауысқан, менің шынымда нең бар* (Торғ., Жанғ.). *Қарасай қалай бол-*

са солай сөйлей салады, ауысқан қой деймін (Қ. орда, Арал).

АУЫСПАУ (Шығ. Қаз., Больш.) босамау. Осының жұмысынан кеше кешке дейін ауыспадым (Шығ. Қаз., Больш.).

АУЫТ I (Қ. орда: Сыр., Жал., Арал; Ақт., Жұр.; Түрікм.; Ашх., Мары) жүк артатын нар түйе жазысы. Жазы айыр өркешті түйеге, ауыт нар түйеге салынады (Қ. орда, Сыр.). Ауыттап мініп алған бір үлөкті, Сорлы ақын сонадайдан жыры жетті (Х. Ерғ. Құрм., 25). Ауытты жөндесейі (Түрікм., Мары). Сексен нар берді треске, Ауыт симас жалына («Жұмысшы», 14. I. 1941). Түрікменше — ховут (Туркм.-рус. сл., 1940), қарақалпақша — авыт (Н. Бас., II, 397); ауыт — нар түйеге жүк тиеу үшін колданылатын ер (Л. Буд., I, 161); аут — нар түйе ері (В. Рад., Опыт., I, 78). Ауут — жазы, бір өркешті түйенің жүк артатын ері (Н. Ильм, Материалы., 39).

АУЫТ II (Ақт., Ырғ.; Торғ., Аман.) шығыр суы жиналатын үлкен шұңқыр. Ауыттың суы мол. Ауытқа су өзеннен келеді (Торғ., Аман.). Қ. әуіт.

АУЫТ-АУЫТ (Гур., Маңғ.) дүркін-дүркін, ауық-ауық. Күн ауыт-ауыт күркіреп тұрды (Гур., Маңғ.).

АУЫТТАУ (Гур.: Есб., Маңғ.; Түрікм., Красн.) түйені қомдау. О кезде адайлар нарларын ауыттап ап, безетін де жүретін (Гур., Маңғ.). Түйені көп ауыт тасаң жамбасы жауыр болады (Түрікм., Красн.).

АУЫШ (Қ. орда: Қарм., Сыр., Шиелі; Қарак.) есінен адасқан, ақылы ауысқан. Ақсақалдың жалғыз ауыш баласы бар еді, жуырда өлді (Қ. орда, Сыр.). Сен өзің ауыш емесісің, жөн сөйлемейсің ғой? (Қарак. қаз.) — Мына ауыш сорлы не дейді? Қойды көрдіңдер ме, әй? — деп ентікті кемпір (Ж. Нәжм., Кішк., 1975, 19).

АУЫШҚАН (Торғ., Жанғ.; Гур., Маңғ.) есі ауған, есі кеткен.

АУЫШТАЙ (Қарак.) есер, есерсок.

АХОН АУ (Қ. орда: Қаз., Қарм.) аудын бір түрі. ...өзгелері құрулы жатқан ахон ауын қарау үшін қос басында қалды (Ә. Сәр., Толқ. тұғ., 1953, 94). Чув. юхаа — аудын бір түрі (Чув.-рус. сл., 1985, 643).

АХУН (Түрікм.; Таш., Көнеұр.) діни сауатты адам. Үстімізге келген кісі үлкен ахун болып шықты (Түрікм., Таш.).

АЧЫ (Шымк., Ленг.; Алм, Шел.) ащы.

Нанға дүз көп салыныпты жұда ачы екен (Шымк., Ленг.) К. ашты.

АШ (Қарак.) ас. Аш деп етсіз пісетін ауқатты айтамыз (Қарак.).

АША I (Алм., Гв.; Сем: Мак., Аяғ.; Шығ. Қаз., Тарб.; Қосғ., Фед.) айыр. Менің аша мды кім алды? (Алм., Гв.). Айырды тістің санына қарай үш аша, төрт аша деп атай береді. Сахнада тарелка айналдырғанда, қолыңа аша алып, қырман басындағы вейлақаға барғаның жөн болар (Сем., Мак.). Монғ. ац — айыр (Монғ.-қаз. сөз., 1954, 29).

АША II (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) аяқ. Кешелі бері бір ашам бастырмай қалды деп отыр ол (Тау., Қош.). Қырғ. ача — адам аяғының жоғарғы ішкі жағы (шат) (К. Юд., КРС, 1965, 81).

АША III (Жезк., Шет) бақан. Қигіз үйді аша мен тіреп қой (Жезк., Шет). Қырғ. ача — тарам, тарау (К. Юд., КРС, 1965, 81), ұйғ. ача — тарам, тарау (Ұйғ.-рус. сл., 1961, 23), Сыншыз. ұйғ. ача — ағаштың екі айырым бұтағы (С. Малов, УНС, 1961, 95).

АША IV (Көкш.: Шуч., Еңб., К. ту; Жезк., Ұлы.) тіреу, бағана. Үйдің ашасы ескірген екен (Көкш., Шуч.). Мына үйге аша салу керек (Жезк., Ұлы.). Сасқан Асқар жүгіріп келе жатыр еді, маңдайы ашаға тарт ете түсті, есі ауып қала жаздады, көзінің оты жарық ете түсті (С. Мұқ., Шығ., III т. 36).

АША V (Қ. орда, Қарм.) арық түрі. Аша жармадан ажырап, егіннің жабына құяды (Қ. орда, Қарм.).

АША VI (Гур., Маңғ.) екі таудың жігі. АШАК (Қарак.) ыңыршақ.

АШАЛАСЫП КЕТУ (Қ. орда, Қарм.) ажырасып, айырылысып кету. Мақамбеттің қатыны күйеуінен ашаласып кеткен ғой (Қ. орда, Қарм.).

АШАМАЙ I (Алм., Кег.; Жамб., Жам.; Гур.: Шевч., Маңғ.; Ақт., Тем.) балаларға арналып жасалған ер. Баланы ең алғаш атқа мінгізеінде ашамайға отырғызады (Алм., Кег.). Ашамайыңды тайыңа ертте (Гур., Шевч.). Ашамайды орнынан алып берші, тайға ерттейін деп едім (Жамб., Жам.).

АШАМАЙ II (Көкш.: Еңб., Шуч.) аш өнді. Жануар ашамай мал екен (Көкш., Еңб.).

АШАМАЙ АҒАШ (МХР, Баян.) айыр ағаш. Мал соятын ашамай ағаш тармен ілгек темірлер қан-жын, бесбаттам кір («Ж. өм», 5. IX. 1983).

АШАМАЯ I. (Жамб., Шу) өгізге арту



үшін жасалған ағаш ер. 2. Өгізге жүк арту үшін жасалған көрпені басып тұратын жіңішке қайыс.

**АШАР I** (Гур.: Шевч., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) кілт. *Алқаның* (К.) *ашары майысып қалыпты* (Гур., Маң.). *Есіктің ашарын жоғалтып алып, үйге кіре алмай отырғанымыз* (Түркм., Красн.). Азерб. — *ачар* (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 169), түрікменше — *ачар* (Рус.-туркм. сл., 1956, 253), каракалпақша — *ашар* (Рус.-карак. сл., 1947), түрікше — *ачар* (Тур.-рус. сл., 1977, 22). чув. — *учаа* (Чув.-рус. сл., 1985, 518). Парсы тілінде — *ачар* (Пер.-рус. сл., I, 1983, 50).

**АШАР II** (Қарак. қаз.) винт бұрайтын құрал. *Пышақ болмайды, бұған мәшіннің ашары керек* (Қарак. қаз.). **АШАСЫНАН КЕЛУ** (Алм., Кег.) санынан келу. *Әбіш жол бойында ашасынан келетін шалшық суға түсіп кетті* (Алм., Кег.).

**АШ-АРЫҚ КӨРУ** (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) аштық, қиындық көру. *Алтайлар 1916 жылы ашарық көрді* (Шығ. Қаз., Больш.). *Телеуіттер революцияға дейін көп ашарық көрген кісілер* (Тау., Қош.).

**АШ-АШЛЫҚ** (Қарак. қаз.) аштық.

**АШ ЕТКЕН ЖОҚ** (Орал, Қазт.) ашықтырған жоқ. *Сіздерді аш еткен жоқ па?* (Орал, Қазт.).

**АШЖАУЛЫҚ** (Орын.: Ад., Бөрт.) дастарқан. *Аш жаулықты жайып, шайды дайындай бер* (Орын., Ад.).

**АШКӨК** (Алм., Жам.) асқа салатын екпе шөп. *Бақшадан ашкөк әкел, асқа салайық. Ашкөк салған тамақ дәмді, жұғымды болады* (Алм., Жам.).

**АШКАБАҚ** (Шығ. Қаз.: Больш., Күрш.) асқабақ. *Биыл колхозшылар ашқабакты көп салды* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**АШҚАРЫН** (Гур., Маңғ.) таң сәрі. *Аман қызыллиттен ашқарында шығып едік, сәске болмай келіп-ақ жеткен жоқтыз ба* (Гур., Маңғ.).

**АШҚАЗАН** (Сем., Аяғ.) асқазан.

**АШҚЫШ** (Орал: Қазт., Жән.; Гур., Маңғ.; Сем.: Абай, Шүб., Акс., Көкп.; Орын.: Ад., Бөрт.; Қарак. қаз.; Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) кілт *Есіктің ашқышы жоғарыда ілулі тұр* (Гур., Маңғ.). *Мен ұстаға барып, ашқышы жасатып әкелдім* (Сем., Көкп.). *Сандықтың ашқышы н қайда қойдым екем мен, ә!* (Қарак. қаз.). *Ұрылар аш-*

*қыш іздеп жатады дегенің* (Түрікм., Ашх.). *Өзбекше — оққиң* (Ұзб.-рус. сл., 1959, 311); каракалпақша — *ашқыш* (Рус.-карак. сл., 1947); қырғ. — *ачкыч* (К. Юд., КРС, 1965, 82), ұйғ. — *ачкуч* (Уйғ.-рус. сл., 1961, 24). чув. — *учкаач* (Чув.-рус. сл., 1985, 518). Ертедегі жазба ескерткіштерінде *ачгуч* (Ә Надж., ИСТЯ, XIV в. 1979, 159), *ачкыч* (Ат-тухфа, 1978, 270); *ачкуч* (А. Курыш., ИЛТАС, 1970, 88), *ачкыч* (ДТС, 1969, 6).

**АШМАРАЛДАУ** (Гур., Маңғ.) арық, жіңішке. *Анау отырған ашмаралдау сары жігіттің атын Иманқали дейді* (Гур., Маңғ.).

**АШМҮКЕ** (Жезк., Ұлы; Торғ., Жанг.) сегіздің бірі — әшмөшке. *Бір ашмүке шайды бір салушы еді Ашмүке шай да біраз дүние болатын* (Жезк., Ұлы.). *Сенде неше әшмүке шай бар?* (Торғ., Жанг.).

**АШТЫ** (Алм.: Кег., Жам., Нар., Шел.; Талд.; Шығ. Қаз.: Күрш., Мар.; Сем.: Көкп., Акс.) ашы. *Тамақтың тұзы ашты екен* (Алм., Кег.). *Шорпа ашты екен, іше алмадым* (Талд.). *Ашты мен тұштыны татқан білер* (мақал). *Көженің тұзы ашты* (Шығ. Қаз., Күрш.). *Қымызыңыз өте ашты болыпты* (Сем., Акс.). *Осы жақын арада «Ашты су» колхозынан 5 бас мал сойылған* («Соц. шаруа» газ., I. VIII. 1939 ж.). Азерб. — *ачы* (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 175), қырғ. — *ачуу* (К. Юд., КРС, 1965, 82), туркм. — *аджы* (Рус.-туркм. сл., 1956, 123), тув. — *ажыс* (Рус.-тув. сл., 1980, 120), түр. — *ажы* (Тур.-рус. сл., 1977, 21), ұйғ. — *аччиқ* (Уйғ.-рус. сл., 1961, 24), өзб. — *аччиқ* (Ұзб.-рус. сл., 1959, 45), алтай. — *ачуу* (Н. Бас., ДЧТ, 1966, 105) Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде *ачығ* (Ә. Надж., ИСТЯ XIV в., 1979, 162), *ачы* (Ат-тухфа, 1978, 270), *ачығ* (А. Бор., ЛСТ XII—XIII в., 1963, 64), *ачуғ* (С. Малов, ПДП, 1951, 353), *ачығ* (ДТС, 1969, 4).

**АШТЫҚ-АПТАДАЛЫҚ** (Қарак. қаз.) аш-жалаңаштық.

**АШУАТ I: АШУАТ ЖЕР** (Орын.: Ад., Бөрт.; Акт.: Қараб., Ырғ.) ашы, сорған жер. *Ашуат жерге де шөп шығады* (Орын., Ад.). *Ашуат жердің шөбі малға өте жақсы* (Акт., Қараб.).

**АШУАТ II: АШУАТ ШӨП** (Акт., Ырғ.) сорған, ашы жерге шығатын шөп. *Түйе ашуат шөпті жақсы жейді* (Акт., Ырғ.).

**АШУДЫ БАЙЛАУ** (Талд.) ашуды

токтату. *Махамбет ашуды байлай аймады* (Талд.).

**АШУЛА** (Жамб., Жам.) жыр. *Ол ашула айтты* (Жамб., Жам.).

**АШУЫТ** (Орал, Чап.) ащылы шөп.

**АШУЫ ТҮСІП КЕТУ** (Шығ. Қаз.: Зайс., Больш.; Сем., Абай) ашуы келу, ашулану. *Осындай мәселені естігенде, менің ашуым түсіп кетеді* (Шығ. Қаз., Больш.). *Бекбосын Садықбектің мына сөзіне ашуы түсіп кетті* (К. Оразалин. Ақ жазық, 292 б.).

**АШХАНА** (Сем., Аяг.) асхана.

**АШЫ** (Алм., Кег.; Сем., Аяг.) малға беретін тұздың төменгі түрі. *Ашыны қойға кешке қарай береміз* (Алм., Кег.).

**АШЫҚ I** (Көкш.: Еңб., Шуч.; Қост.: Семноз., Фед.) төбесі ашық қора. *Малға қысты күні ашыққа шөп салып, күндіз сонда қоямыз* (Көкш., Еңб.).

**АШЫҚ II** (Түрікм.: Ашх., Тедж.) кілем мәнері, өрнегі.

**АШЫҚ III** (Жамб., Жам.) артық. *Планды ашығымен орындадық* (Жамб., Жам.).

**АШЫҚ IV** (Гур., Шевц.; Қарак.) асық. *Мың қойдың ашығын жұтқан өлген сытып алып, бұяққа әкеп сатты* (Қарак.). *Ашығынан сыз кешіп, Табанына су өтіп, Бірнешуей ауырған* («К-з жолы» газ., 14 I, 1944, № 2).

**АШЫҚ V** (Орал, Орда) құм арасындағы шөп шығатын алаң. *Сонау ашыққа барып, ат оттатып алайық* (Орал, Орда).

**АШЫҚ АРАН** (Павл., Ерт.) қабырғасы шөп-шалаңнан істелген төбесі ашық қора.

**АШЫҚ АУЫЗ** (Шымк., Түлк.) епсіз, ыңғайсыз адам. *Ол бір ашық ауыз нені бітіреді* (Шымк., Түлк.).

**АШЫҚ БОРАН** (МХР, Баян.) күн шығып тұрғандағы боран.

**АШЫҚ-ЖАБЫҚ** (Көкш.: Шуч., Еңб.) күйі орташа мал.

**АШЫҚ-ЖАРЫҚ** (Шығ. Қаз. Больш.; МХР, Баян.; Тау., Қош.) жарқын, ақ көңіл. *Күлшік ашық-жарық кісі ғой* (Тау., Қош.). *Ежелден ашық-жарық адам ғой* (МХР, Баян.).

**АШЫҚ ҚАЙЫҢ** (Сем., Абай, Шұб.) ақкөңіл, ашық, жарқын. *Атам ашық қайың кісі. Жеңге, құрбыларға әзіл-қой, ақкөйлек, ашық қайың боп, Абай мәжілісін бұл ауылдың барлық жанына еркін, қызық мәжіліс еткісі келеді* (Сем., Абай.).

**АШЫҚ ҚАША** (МХР, Баян.) ашық қора.

**АШЫҚ МАЙДАН** (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) кен, мидай дала. *Адаспайсың, маңдай алдың ашық майдан* (Түрікм., Таш.).

**АШЫҚ-МАШЫҚ** (Шымк.: Сайр., Арыс., Мақт.; Жамб.: Шу, Мер., Қорд.; Сем.: Ақс., Көкп.) есіктің топсасы. *Есіктің ашық-машығының шегесі босапты* (Шымк., Сайр.). *Есіктің ашық-машығы әлсіз екен, сынып қалды* (Сем., Ақс.). Түріктерде *ашоз* — жік, *куыс* (Тур.-рус. сл., 1977, 72), өзб. *ошиқ-мошиқ* — есік, терезе т.б. топсасы (Узб.-рус. сл., 1959, 311). Ертедегі жазба ескерткіштерде *ашық* — жалғастырушы құрал (Ат-тухфа, 1978, 271). Араб тілінде *ғашшақ* — тақтайларды темірмен ұстату, ал *ғашшақ вә мағашуқ* — тиек және жік (шип и паз) мағыналарын береді. Демек, сөздің шыққан тегі араб тілі.

**АШЫҚТАУ** (МХР, Баян.) анықтау. *Сол қылмысым ашықталып, мені ұстап сотқа бергелі жатқанын білдім де, қылмыстан құтылудың бір жолы деп ойладым*.

**АШЫҚ-ШАШЫҚ** (Орал: Чап., Жымп.) ашық-тесік. ...төбелері ортасына түсіп опырайған ашық-шашық ауылын жалғыз жүріп аралады (Құрм., Қар., Алт. изд., 1987, 345).

**АШЫЛУ** (Шымк., Түлк., Сарағ.) мақта талшығының шығуы. *Әрбір теріміңге күндік норма қауашақтың жаппай ашылған кезінде 60—80 килограмм* (Шымк., Сарағ.).

**АШЫЛМАУ** (Қ. орда, Арал) рұқсат бермеу. *Балық аулауға дәйра әзір ашылмай жатыр* (Қ. орда, Арал).

**АШЫМАҚ I**. (Гур., Маңғ.) ащы айран, ащы қымыз, ащы шұбат. *Шөлдесең ашымақ жұта ғой* (Гур., Маңғ.); 2. (Гур., Маңғ.) ащы құрт. 3. (Орал, Жымп.) ащытқы.

**АШЫМАЛ** (Алм., Шел., Жам) тары, бидайдан ашытқан көже. *Апа, шөлдеп тұрмын ашылмалыңыз бар ма?* (Алм., Шел.).

**АШЫМЫҚ** (Жамб., Шу., Мер.) ұн, тары, талқан және қамырдан жасалған сусын. *Абдан чөлдеп қаппын, екі жанан ашымықты ішіп жібердім* (Жамб., Шу.).

**АШЫНА I** (Қ. орда, Арал; Қарак. қаз.) жолдас, дос, көңілдес, сырлас. *Ол Сейіттің ашынасы* (Қ. орда, Арал). *Қәрім ашына ауылға келген еді, соны кеше үйге шақырдым* (Қарак. қаз.). *Қыз Назым шықты бұраңдап. Он сегіз толған*

жасына. Кәмшат бөрік келісіп, Бриллиант қойған басына. Қара мен төре қайғырды, Болса деп бізбен ашына («Қамбар батыр»). Отар мен Нияз сол өздерінің ашыналары — геолог Ахметтің пәтерінде жатты (С. Сейф., Шығ., V, 1963, 60). Мен мұнда көптен таныс, ашынамын, Сан рет штен тына толқып жаным, Көріп едім бақыттың тегершігін (К. Аманж., Таңд. шығ., II, 1965, 391). Азерб. ашна — дос, дос-жар, дос-жаран (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 182), қырғ. ашна — таныс, көңілдес (К. Юд., КРС, 1965, 84), түрікше ашына — таныс, жолдас (Тур.-рус. сл., 1977, 72), өзб. ошна — жолдас, дос; таныс (Узб.-рус. сл., 1959, 312). Парсы тілінде аш(е)на — 1) таныс; 2) дос (Пер.-рус. сл., I, 1983, 91).

АШЫНА II I. (Жамб., Шу) көрші. Ашынамыз үйінде болар, соны шақыралық (Жамб., Шу); 2. (Жамб., Шу) таныс адам.

АШАҒАР (Гур., Маңғ.) суы ащы бұлақ. Ашағардан су ішкізіп, малымызды тышқақ етер жайымыз жоқ (Гур., Маңғ.).

АШЫ (МХР, Баян.) мал жалайтын ащы топырақ. 6 тонна ащы әзірлеймін («Ж. өм», 12. II. 1985).

АШЫ ҚҰРТТАУ (Гур., Маңғ.) ащылау, ашырқану. Ешкі нарпозды ащы құрттап жейді (Гур., Маңғ.).

АШЫЛАУ (Сем.: Мак. Ұрж.) сортаң жер. Ақсуат жері ащылау, саздауыт жер екен (Сем., Ұрж.).

АЮ ЖЫЛАН (Алм., Жам.) үлкен улы жылан, адамды шақса өлтіреді. Бодықты аю жылан шағып алыпты (Алм., Жам.).

АЮАН (Шымк., Ленг.) үйдін алдығы, төбесі жабық бөлегі. Кешке таман аюанда отырып, шай ішейік (Шымк., Ленг.).

АЯҒЫ ЖАЗЫЛУ (Сем.: Абай, Шүб., Ақс., Көкп.) тақымы жазылу. Атқа мініп аяғың жазылып қалған екен (Сем., Абай.).

АЯҒЫ МҮМКІН (К. орда: Арал, Қарм.) белгісіз. Дәме қып келіп едік, береді, бермейді аяғы мүмкін (К. орда, Арал).

АЯҒЫНА МІНУ (Гур., Маңғ.) өре тұру. Таң атар-атпастан ауыл шетіне, «ой, бауырымдап» шауып кірген суыт жүргішінің айқайынан жұрт бірден аяқтарына мініп, тікесінен тік тұрды (Ә. Кекіл., Үркеп, 1981, 160).

АЯҒЫНАН ЖҰРУ (Орал, Орда.) ке-

пілде жүру. Орда сельпосының бұрынғы бастығы қазір аяғынан жүр (Орал, Орда).

АЯҒЫНАН КЕТУ (Орал: Орал, Орда.) жоғалу, жоғалып кету. Көрші ауылдың 2—3 сиыры аяғынан кетіп, таба алмай жүр (Орал, Орда.). Осы жылы апрельдің 2 күні бір бас сиырым аяғынан кетті («Үл. ауыл», 2. VII. 1930).

АЯҒЫНАН ТОЗУ (К. орда: Қаз., Қарм., Арал) тарап, ыдырап кету. Бригадада бай-қулақ мүддесін көздейтін теңгерме күшейіп, бригада аяғынан тозып кете жаздады («Екп. бал», 1932, № 34).

АЯҒЫНАН ТҰРҒЫЗУ (Орал, Жымп.) тік тұрғызу. Айтқанын істетіп, бір аз адамды аяғынан тұрғызды (Орал, Жымп.). ...оқушы жастарды қолдап соғу... аяғынан тұрғызып қою жазаларына тартқан («К. жолы», II. III. 1937).

АЯҒЫНА ОТЫРҒЫЗБАУ (Сем.: Абай, Шүб.) тыным бермеу, қолды-аяққа тұрғызбау. Осыны естігенде Бейсенбай ешкімді аяғына отырғызбады. Осыдан күн бұрын Зурға үйленуді айтқан кезде, Ережеп аяғына отырғызбаған болатын (К. Ораз. Ақ жаз., 247).

АЯЗДАП ҚАЛУ (Қарак. қаз.) суық тиіп ауру.

АЯҚ I (Шымк., Қызылқ.) атпен басытын қырман. Қырманға бастырылған тарты екі аяқ болады. 100 бау екі аяқ шығады (Шымк., Қызылқ.).

АЯҚ II (Жезк., Ұлы.) кесе, ыдыс. Аяғыңызды беріңіз, шай құйсын, ішіңіз (Жезк., Ұлы.).

АЯҚ III (Түрікм., Красн.) машинаның, мотоциклдің дөңгелегі. Әлгі мотоцикл құрғырының да аяғы сынып қалып, осы тұрған жерге жете алмадық (Түрікм., Красн.). Бұған Айтжанов жолдас машинаның төрт аяғы бірдей түсіп жатыр деп жауап берді («Жұмысшы» газеті, 30. V. 1954).

АЯҚБАУ I (К. орда, Қарм.) киіз үй уығының шашақты бауы.

АЯҚБАУ II I. (Гур., Маңғ.) етектасты байлайтын жіп. 2. (Гур., Маңғ.) кайық дінгегін бекітетін арқанның төменгі жағы. Аяқбауды мықтап байламаса, дінгек босап кетеді (Гур., Маңғ.).

АЯҚБАУ III (Гур., Маңғ.; Орал, Қазт.) бесіктің аяқ тартпасы. Жас баланың аяқбаудың дұрыс тартпағандықтан аяғы қисық болады дейді (Гур., Маңғ.).

*Мынаны не дейсіздер? «аяқ бау» дейміз (Орал, Казт.).*

**АЯК ЕГІН** (Торғ. Жанг.) суармалы егін. *Баяғыда біздің ел су бөгеп, аяқ егін салғанда мен ақ таяқ (Қ.) болып істедім (Торғ., Жанг.).*

**АЯК ЖЕРІНДЕ** (Орал: Жән., Орда) аяқ кезінде. *Оқудағы балам осы аптаның аяқ жерінде келіп қалады (Орал, Орда). Бұл колхозға ағұс айының аяқ жерінде ферма меңгерушілігіне Жиеналиев жолдас барды («Коммунист» 19. XI. 1939).*

**АЯК ЖОЛ** (Гур., Маңғ.) жалғыз аяқ, сүрлеу жол. *Черқаланың төбесіне шығатын аяқ жолы бар екен (Гур., Маңғ.).*

**АЯК ҚИІЗ I** (Сем., Абай; Торғ., Жанг.) үйдің уығы бытырамас үшін ұсталатын киіз. *Мынау аяқ киіздің әдемі-ақ екен (Сем., Абай).*

**АЯК ҚИІЗ II** (Торғ., Жанг.) түскиіз. *Кеше Самат әдемі аяқ киіз сатып алды (Торғ., Жанг.).*

**АЯК КӨПІР** (Түрікм., Красн., Небид., Жеб.) жаюу адам өте алатын ағаштан салынған жіңішке өткел. *Ене жаптағы (Қ.) аяқ көпірден өтесіңіз (Түрікм., Жеб.).*

**АЯК КҮРЕС** (Жамб., Шу) жас балалар ойыны. Шалқасынан айқасып қолтықтасып жатады да, аяғымен аударысады.

**АЯҚҚА БАСУ** (Орал: Жымп., Қарат.) жолға қойылу. *Есейген соң ақылы кіріп, оқуы аяққа басты (Орал, Қарат.). Комсомолдар қатары қызулы өсе бастады. Саяси-мәдениет жұмыстары аяққа басты («Үлг. кен. ауыл», 20. VII. 1931).*

**АЯҚ ҚАЙРАҚ** (Ақт., Ойыл) шарық. *Орақты осы аяққайрақпен қайраймыз (Ақт., Ойыл).*

**АЯҚҚАП I** (Қ. орда: Арал. Жал.) ыдыс салатын қап.

**АЯҚҚАП II** (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Мары., Тедж.) аяқ киім. *Шығарың аяққабыңды (Түрікм., Ашх.). Түрікменше — аяққап (Рус.-туркм. сл., 1956, 408), түрікше — аяққабы (Тур.-рус. сл. 1977, 80), азерб. — айаққабы (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 83).*

**АЯҚҚА ҚОЮ** (Орал: Қарат., Шыңғ.) жөнге қою, жөнге салу. *Бұл жұмысты қашан аяққа қояры белгісіз (Орал, Шыңғ.). Партия кабинетінің жұмысын дұрыстап аяққа қоя алмай отырғандығын айтты («К-шылар үні», 27. IV. 1937).*

**АЯҚҚАПТЫ ШЫҒАРУ** (Түрікм.: Ашх., Гяур., Анн., Тедж., Байр., Таш.)

аяқ киімді шешу. *Шығарың аяққабыңды (Қ.) (Түрікм., Анн.).*

**АЯҚ ҚОРАЗДАҢУ** (Гур., Есб.) аяқ ауру, аяқтың ісіп ауруы. *Аяқ қоразданып ауырып жүр. Аяқ қоразданыса, дәрігерге көрін (Гур., Есб.).*

**АЯҚ ОМЫРТҚА** (Жамб., Шу) мал сойғанда сойған кісіге берілетін омыртқа, ет т. б.

**АЯҚ ӨРЕ ТҮРУ** (Орал, Орда, Жән.) өре тұра келу. *Бастық десе, бұлар аяқ өре тұра келеді (Орал, Жән.). Отырған жұрт, ду қол шапалақтаумен аяқ өре түре келіп «уралап» айқайлады («Ж. жол», 18. XI. 1937).*

**АЯҚ САЛУ I** (Сем.: Абай, Шүб.) аяқ басу, қарау. *Мен ол кезде оннан он бірге аяқ салған едім (Сем., Абай).*

**АЯҚ САЛУ II** (Гур., Маңғ.) бейімделу, ыңғайлану. *Күн жаууға аяқ салып келеді (Гур., Маңғ.).*

**АЯҚСУ** (Орал, Чап; Сем., Абай) асқыну, аурудың ауырлай түсуі. *Кісі көп келіп, ауруы аяқсып қалды (Орал, Чап.). Біздің бала кешелі бері аяқсып жатыр (Сем., Абай).*

**АЯҚСЫЗ САБАҚ** (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) төменгі жағында үзбесі жоқ сырға.

**АЯҚСЫТПАУ** (Ақм., Ерк.) аяқсыз қалдырмау. *Сол кемшіліктерді биыл қайталанбай құрылыс жұмысын қолға алу керек, оның есік, әйнектерін дайындап, төбесін жабу жұмысын аяқсытпау керек («Еңб. туы» газ., 1940, № 57).*

**АЯҚТАЙ** (Орал: Шыңғ., Орда, Жән.) тікелей, қолма-қол. *Сенің аяқтай жәрдеміңсіз, оған бұл іс қиын (Орал, Жән.). Аудандық колхоз одағының аяқтай басшылығын күшейтсін («Ж. жол», 14. I. 1932).*

**АЯҚТАЙ БАСШЫЛЫҚ** (Орал: Шыңғ., Жымп., Орда.) тікелей, қолма-қол басшылық. *Олардың бізге дегенде аяқтай басшылығы болмай қалады (Орал, Жән.). Сондықтан ҚЛКЖС-ның аудандық комитеті ұйымдарға аяқтай басшылықтарын күшейтулері керек («Соц. жол», 14. XI. 1941).*

**АЯҚТАЙ БАРУ** (Орал, Чап.; Гур., Маңғ.) тікелей өзі бару, өзі қатысу. *Ол жиналысқа аяқтай барып, көп уақыт отырды (Орал, Чап.). Колхоз, совхоз председателдері өндіріс басына аяқтай барып басшылық жұмысын мейлінше жүргізе алмаған («Ж. жол», 9. VII. 38). ...туып-өскен ауылын ұмытпапты, демалысқа келген сайын Жаңа-*

қоныс жұртын аяқтай барып, аралап қайтатын көрінеді (Құрм., Қар., Алт. ізд., 1987, 355).

**АЯҚТАЙ ЖҮРУ** (Гур., Есб.) кепілде жүру. Әзіріне аяқтай жүр екен, кеше көріп едім (Гур., Есб.).

**АЯҚТАЙ ЖІБЕРУ** (Орал, Жән.) малды айдау. Жәнібекке малды аяқтай жібереміз (Орал, Жән.).

**АЯҚТАЙ ҚАТЫНАСУ** (Орал: Жән., Орда, Шыңғ.) тікелей қатынасу. Шынын айтсақ, аудан башшылары совхозға жиі-жиі аяқтай қатынасып тұрады (Орал, Шыңғ.). Аудандық денсаулық бөлімі келешекте колхоздарға аяқтай қатынасып, адам дәрігерлік жұмыстарын ойдағыдай жүргізіп, колхозшылар бұқарасының денсаулығын сақтау шараларын қолданған жөн («Соц. жол», 27. IV. 1939).

**АЯҚТАЙ САТУ** (Орал: Чап., Жымп.; Акт., Ойыл; Қост.: Семиоз., Фед.) тірідей сату. Малды аяқтай сату көп пайда бере қояр ма екен (Орал, Жымп. ...қалған бір сиырды аяқтай сатты («К. ту», 24. V. 1937). Өткен, 1935 жылдан бері ондаған малды сойып еттей, аяқтай айырбас ретінде алмастырып сатқандығын білмейтін адам жоқ («К. ту», 30. V. 1937). Біздің колхоз быыл мал жоспарың толық орындап, 300 қойды аяқтай сатты (Акт., Ойыл). Ауданға айдап апарып, қойды сойып, екі ешкіні аяқтай сатты (Қост., Фед.). Сұлтанғали осы қойлардың барлығын аяқтай, қымбатқа сатты («Кол. үні», 27. XI. 1956).

**АЯҚТАНУ** (Қарак. қаз.) үйлену. Осы күзге кіші балам аяқтанып кетсе, жақсы болар еді деп отырмын (Қарак. қаз.).

**АЯҚТАП САТУ** (Орал, Чап.) малды сойып сату, Ол малын Теке қаласын барып аяқтап сатты дейді (Орал, Чап.).

**АЯҚТАС** (Гур., Маңғ.) замандас.

**АЯҚТАСПА** (Түрікм., Ашх., Таш., Тедж., Мары) малдың етін ортақтасып бөліп алу. 3—4 үй бір сиырды аяқтаспа мен алған едік (Түрікм., Таш.). Түрікменше — аяқлашма (Туркм.-рус. сл., 1940).

**АЯҚ ТЕКЕМЕТ** (Түрікм., Красн.) кішкене текемет. Аяқ текеметті басқа киіздерге қарағанда бұл жақта көбірек қолданамыз (Түрікм., Красн.).

**АЯҚ ТҮЗАҚ** (Гур., Маңғ.) жылқы аяғына салатын тұсау.

**АЯҚ ҮСТІ** (Алм., Жам.) қапылыста,

кенеттен. Аяқ үсті байқамадым, айтпесе, қапы қалмас ем (Алм., Жам.).

**АЯҚ ҮСТІ БОЛУ** (Орал, Жән.) ауруынан жазылу, сауығу. Еркін аяқ үсті болып, жұмысқа кірісті (Орал, Жән.).

**АЯҚ ҮСТІ ҚАРАУ** (Орал: Жән., Т. өкпе, Қарат., Орда.) ат үсті қарау. Кейбір мұғалімдер бала тәрбиесіне аяқ үсті қарайды (Орал, Т. кпе). Бұл істерге аяқ үсті қарау...іс жүзіндегі оппортунистілік («Ж. жол», 22. I. 1932).

**АЯҚ ҮСТІНДЕ ЖҮРУ I** (Қарак.) жол-жөнекей. Аяқ үстінде жүріп істейтін жұмыс қой (Қарак.).

**АЯҚ ҮСТІНДЕ ЖҮРУ II 1.** (Орал, Чап.) бос жүру. Ол бойлай аяқ үстінде жүреді (Орал, Чап.); 2. (Гур., Маңғ.) кепілде болу, тұтқыннан уақытша босау. Орақ сотталғаннан кейін аяқ үстінде жүрді (Гур., Маңғ.).

**АЯҚТЫ САБАҚ** (Түрікм.: Красн., Невид., Ашх., Таш.) үзбелі сырға. Зергерлер неше қилы аяқты сабақтарды жасар еді (Түрікм., Ашх.).

**АЯҚ ЧЫНЫ** (МХР, Бяан.) үлкен кекесе.

**АЯҚ-ШАНАҚ I** (Қар., Қарак.) аяқтабақ.

**АЯҚ-ШАНАҚ II.** (Жезк., Ұлы.) әйелдердің соғымнан алатын үлесі. Қатындар соның аулынан аяқ-шанақ аламыз деп кетті (Жезк., Ұлы.).

**АЯҚШЫ** (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары, Красн.) шағатын масаның бір түрі. Аяқшының шағысына қарағанда пітелеріңдікі (Қ.) бұйым емес (Түрікм., Таш.). Екі аяқшы келіп іргеден Жата алмайсың бүргеден (Сүгір акын). Түрікменше — аякчы (Туркм.-рус. сл., 1940).

**АЯҚ ШЫҒАРУ** (Шымк., Арыс) егіннің бауын басу. Ол бұрын күніге бірнеше аяқшығаратын (Шымк., Арыс).

**АЯЛ** (К. орда, Арал; Гур.: Маңғ., Шевч.; Қар.: Тал., Сар.; Орал, Жән.; Сем., Аяғ.; Жезк., Ұлы.; Цел., Атб.; Торғ., Жанг.; Көкш.: Шуч., Енб., Қост.: Фед., Семиоз.; Түрікм., Красн.) әйел. Қызмет жасап жүрген аялдар да бар (Гур., Маңғ.). Ол үйде бір жас аял бар (Орал, Жән.). Колхозшы аялдар социалистік жарысқа түсті (Жезк., Ұлы.). Екі аял сиыр сауып жатыр (Цел., Атб.). Шәмеле салып жүрген аялдар, мая үюшілерге жеткізер емес (Торғ., Жанг.). Мынау ауылдың аялдары бие сауып жатыр (К. орда, Арал). Аялдың да данышпаны болған ғой (Жамб., Тал.). Бір үйдің алдында бес-алты аял

жиналып, киіз басып жатыр екен (Түркім., Красн.).

АЯЛ-ПҰЯЛ (Сем.: Мақ., Ұрж.) ілезде, тез. *Ол аял-пұялда келіп қалды* (Сем., Ұрж.). *Поезд шіркін де аял-пұялға келмей қозғала берді* («Семей правдасы» газ., № 115, VI, 1956).

АЯНДАЙЛЫ (Жамб., Жуалы) аяндайық.

АЯН ОМЫРТҚА (Жамб., Шу) мал союшыға еттей берілетін үлес.

АЯР (Жамб., Шу) айлакер, сұм. *Табатты, жерге тигізетін аяр істейді* (Жамб., Шу). *Өзінің маман саудагер аярлары арқылы өте жоғары бағамен жасырып сатты* (Б. Сок., 16 жас. чепм., 84). *Өзб. айер* — ку, алаяқ (Узб.-рус. сл., 1959, 26), азерб. *айар* — айла-лы, тапқыр (Азерб.-рус. сл., I, 1986, 85),

## Ә

ӘБДІРӘ (Алм., Кег.; Қост., Жанг.; Көкш., Шуч.) абдыра, үлкен сандық. *Бүгін әбдірәнің кілтін жоғалтып алып, күнібойы аша алмай зурелендім* (Алм., Кег.). *Әбдірә мен кебежеңе алтын толсын, Бибиғайша, Айғаным, Малға толсын аймағың, Шайқалмасын ырысың* (К. Аман. Шығ. жин. 3, 157). К. *әбдіре*.

ӘБДІРЕ (Қарак.; Алм., Кег.; Қост., Торғ.; Жамб.: Сарыс.) Үлкен ағаш сандық. *Бұл үйде шамадан да, әбдіре де баршылық* (Алм., Кег.). *Бұған жүктегі екі-үш ескі көрпе-жастық пен қара әбдірені қосыңыз* (Б. Сокп. Біз де бала бол. 82). *Тезірек барып, жиюлы жүктің астындағы дәу әбдірені ашты* (Ғ. Мұст. Дауыл. кейін. 1959, 135). *Әбдіре сандық* (Жамб., Сарыс.) киім салатын үлкен сандық. *Әбдіре сандық артқан түйе қоршаулы түйенің артынан тіркеледі* (Жамб., Сарыс.). ... *үй — ішінің саймандары: жазу жазатын стол, бір екі орындық, баланың арба бесігі, әбдіре сандық...* (Сейф., 4 т., 1982, 252). Парс. [аб-дари] азық-түлік, ыдыс-аяқ салатын қол сандық (Пер.-рус. сл., 1952). *әбдірә, абдыра*.

ӘБДІРЕҢКІ-КҮБДІРЕҢКІ (Орал, Жән.) арлы-берлі, аумалы-төкпелі. *Есенбай әбдіреңкі-күбдіреңкі сөйлейтін адам* (Орал, Жән.).

ӘБЕҚОҢЫР (Қост.: Фед., Жанг., Семноз.) орташа, шамалы, жақсы да, жаман да емес. *Біздің колхоздың егіні әбеқоңыр болып шықты. Ырыстың*

қырғ. *аяр* — сикыршы, көреген (К. Юд., ҚРС, 1965, 88), түрікше *аййар* — алдаушы, залым, алаяқ (Тур.-рус. сл., 1977, 84). Арабша *эййар* — сұм, айлакер (Ар.-рус. сл., II, 1970, 645).

АЯСЫРАҚ (К. орда, Арал) өсімдік түрі. *Жылқы аясыраққа жайылсын* (К. орда, Арал).

АЯШ (Алм.: Кег., Нар.: Жамб., Қорд.) әйелдерге құрмет көрсете айтылатын атау. *Өзі бір аяулы аяш* (Б. Койшыбаев, Дүние—кілт, 1987, 265). *Қырғызша аяш* — жасы келген әйелдерге қарата айтылатын сөз немесе ерінің досының әйелі (К. Юд., ҚРС, 1965, 88); сарыкөл тілінде *айош* — дос адамның әйелі (Т. Пах., Сар.-рус. сл., 1971, 16). Ертедегі түркі жазба ескерткішгерінде: *әвдүг* — әйел (С. Малов, ПДТ, 1951, 367).

өзіне лайықты әбеқоңыр шаруашылығы бар (Қост., Жанг.). *Әбілқайыр осы бей-берекет кездегі әбеқоңыр дастарқанның басындағы мөлтек (қ.) мәжілістен тоғайып тұрды* (Ә. Кекіл. Үркер. 1981, 270). К. *абақоңыр*.

ӘБЕССИНУ (К. орда, Арал) қымсыну, ұятсыну. *Өзімізден өзіміз әбессініп жүрдік* (К. орда, Арал). *Ал, Сәкең болса өз ерлігі жайлы айтуды әбессінетін сияқты* (Т. Тобағабылов. Жазыра. 1971, 41).

ӘБЕТАЙ // АБЕТАЙ (Талд., Гв.) таза, ұқыпты, Қ. абетай. *Омардың әйелі әбетай кісі ғой* (Талд., Гв.).

ӘБЖАЛ (Өзб., Бұх.) ықшам, епті, ыңғайлы. *Жұмысқа кірісуі, істеуі тым әбжал көрінеді* (Өзб., Бұх.). К.: *әбжіл // ебжіл*.

ӘБЖІЛІ. (Шымк., Мақт.; Өзб.: Тамд., Ташк.) шапшаң, жылдам. *Асан әбжіл жігіт* (Шымк., Мақт.). *Шіт себуді табысты өткізу — әрбір тракторшы мен жұмысшының ұймышылдықпен әбжіл жұмыс істеуіне байланысты* («Қиrowsшылар үні», 1954, № 33); 2. *Әбжіл // ебжіл* (Шымк., Мақт.) ыңғайлы, ебдейлі. *Ол жұмысқа ебжіл көрінеді* (Шымк., Мақт.). *Үшінші нөмір ебдейлі, әбжіл адам болу керек* (Жұрын ауд. газ., 1942, № 31). *Өзб. абжир* — шапшаң, епшіл (Узб.-рус. сл., 1959). Қырғ., ұйғ., өзб. тілдерінде бұл сөз екінші мағынада кездеседі (Ж. Доск. ҚТЖЕ, 1955). К. *әбжал, ебжіл*.

ӘБЖІН (К. орда, Қаз.; Орал, Орда)

азап, бейнет. *Борандағы қойдың әбжініне шыдап өлмей қалдым-ау!* (Қ. орда, Қаз.).

**ӘБЗЕ** (Көкш., Қызыл ту) сылбыр, шабан [адам]. *Қази әбзе ғой, тіпті мың салсаң бір тартпастың өзі, асын алып іше алмайды* (Көкш., Қызыл ту). К. әбзел.

**ӘБЗЕЛ** (Орал, Қазт.) Сылбыр, шабан, жалқау. *Көк ат желе жүріске әбзел* (Орал, Қазт.). *Ол әбзел адам* (сонда). К. әбзе.

**ӘБЗЕЛДЕУ** (Қ. орда: Сыр., Жал.) ерттеу. *Бұл атты маған әбзел деп бере ғой* (Қ. орда, Сыр.).

**ӘБЗІЛ** (Шымк., Алғ.) ыңғайлы, ебдейлі. *Біздің жұмысқа әбзіл жастар керек* (Шымк., Алғ.).

**ӘБЗІЛДІК** (Шымк., Алғ.) ептілік, пысықтық. *Он бес жастағы Ахметованың іске әбзілдігіне сүйсінгендігіңнен қасынан кеткің келмей, қарайсың да тұрасың* («Соц.-тік к-з», 17. XI. 1941).

**ӘБИ** (Қост., Тоб.) шеше. *Үйде әбиімі жоқ* (Қост., Тоб.).

**ӘБИР** (Шымк., Лен.) абырой. *Әбиіріңді сақта, балам* (Шымк., Лен.). *Оны да місе тұтпай, күресте қоңыраулы Торым атанған бас палуанының ең болмаса бірер жұлқысуға келмей, шалқасынан түсіп, әбиірі ашылып қалғанына жәбірленген Жәңгір хан* (Б. Аманшин. Жұлдыз, 1987. № 3. 21-б.). К. *әброй, әбүйір // әбиүр.*

**ӘБРОЙ** (Қарак. Қоң.) абырой. *Әбройың барда енді үйіңе қайта ғой* (Қарак., Қоң.). К. *әбиір, әброй, әбүйір.*

**ӘБҮЙІР** // **ӘБИҮР** (Өзб., Ташк.) абырой. *Сораудың (қ.) біріне де жауап бере алмай, отырсаң не әбүйір* (Өзб., Ташк.). *Әбиүрі Құралдың көтерілді күннен күн (сонда). Бір әбүйірі, бәрі де тәртіп беріп (қ.) тұрған милиционердің айтқанынан шығып кете қойған жоқ* (Ө. Қанахин, Жұлдыз, 1988, № 4, 117-б.). К. *әбир, әбрий, әбүйір.*

**ӘБИ:** әби нан (Өзб., Ташк.) нанның бір түрі.

**ӘБИНАУАТ** (Жамб.: Шу, Мер., Қорд., Луг.) дәу сары қауын. *Әбинауаттың суы тәтті болады* (Жамб., Шу). *Әбинауат сулы келеді, ауыр болады* (сонда).

**ӘБІР-ГҮБІР** (Қарағ., Шет) ойын аты, ширатылған орамалды айнала отырып, тізенің астынан бір-біріне беріп отырады. Ортадағы адам оның кімде екенін табуы керек. *Топ жиында әбіргүбір және*

*басқа да ойындар ойналып қалады* (Қарағ., Шет).

**ӘБІРЕТ** (Қост., Торғ.) ғибрат. *Әбірет алсаң, өзіңе пайдалы* (Қост., Торғ.). *Мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болды* (Ы. Алтынсарин. Танд. шығ., 1955, 77-б.). *Бұлай болса адамға да әбірет сол: біреуге жақсылық етсең, ол жақсылығыңды ішкімге міндет етпе* (сонда, 103-б.). К. *ыбырат.*

**ӘБІРЖУ** (Шымк.; Өзб., Ташк.) абыржу. *Іс қауырт болып әбіржіп кеттік* (Өзб., Ташк.). *Жас бала жатты күліп әбіржусіз* («Ленин жолы». 1937, № 32.). *Мақта терімі науқаны басталғаннан кейін аздап әбіржу болмай іләжі (қ.) жоқ* («К-з ұшқыны». 1952, № 24).

**ӘБІРЖУШІЛІК** (Шымк., Соз.) абыржу, абыржушылық. *Біздің баслық әбіржушілік дегенді білмейді* (Шымк., Соз.). *Шөп тасуда әбіржушілік болды* («Социалистік шаруа», 1954, № 67).

**ӘБІС** (Алм., Кег.) әбес, өрескел, қате. *Сен тағы бір әбіс істедің* (Алм., Кег.).

**ӘБІ-ТӘБІ 1.** (Талды., Аксу; Жамб., Жам.) жуан да емес, жіңішке де емес, орташа [нәрсе]. *Үйге салаты ағашты әбі-тәбі болса, мағша дейміз* (Жамб., Жамб.). *Қай дүниеде тұрғаны белгісіз, әбі-тәбі алақүлік халде... селк етіп бойын жинап алды* (Досжанов. «Жұлдыз», 1987. № 9, 27 б.); 2. (Өзб., Ташк.) тамақтың бабында болуы. *Әбі-тәбі бізде тамаққа айтылады* (Өзб., Ташк.). Тәжіктің «дер кезі» мәніндегі *обу тоб* тұрақты тіркесінен шыққан (Тад.-рус. сл., 1954). Өзбек тілінде *оби-тоб* кос сөзге айналған, мағынасы тәжік тіліндегідей кең емес (Үзб.-рус. сл., 1959). Ташкент төңірегі қазақтарының тілінде тек тамаққа байланысты айтылады. Тәжік тіліндегі *об* — «су», *тоб* — «от» мағыналарына негізделген сияқты (Тад.-рус. сл., 1954; Т. Айдаров. Лингв. георг., 1977, 79-б.).

**ӘГӘНШІЛ // ӘГЕНШІЛ** (Сем.: Акс., Көкп.) асықтың алшысы. *Әгәншіл — алы тұрғыш асық* (Сем., Көкп.). К. *әлші.*

**ӘГӘРӘКІМ** (Сем.: Аяғ., Акс., Мак.) егер. *Әгәрәкім мен болсам, осы жерге қойып кет* (Сем., Акс.). *Әгәрәкім кете алмай қалсаң, мына бір төбесіне шөп үйілген қораға кел* (Жұмаділов. Көкейкесті. 1969.). *Әгәрәкім: «Беймәлім дарын бола ма, оның әлі танылмағаны қалай?» — деген дүдәмал туса,*

Ерік: «Оған қауымның өзі кінәлі», — дер еді (Б. Қойшыбаев. Дүние — кілт. 1987. 90-б.). К. эгар, эгэр, эгәрім, эгәрда // эгәрда // эгәрдәм.

ЭГӘРДӘМ (Өзб., Ташк.) егерде. *Эгәрдәм басым кетсе де, бұ сөзді ешкімге айтпаймын* (Өзб. Ташк.). *Эгәрдә ақпа құлақ ақымақ болсаң, Қайтейн, белді болсын майырғаның* (О. Шораяков Жастарға өсиет.) К. Эгәрім, эгәрекім.

ЭГӘРІМ (Шығ. Қаз., Больш.) егер. *Эгәрім сен бір жарты сағат кешіккенде, бізді таба алмайтын едің* (Шығ. Қаз., Больш.). К. эгәрдәм, эгәрекім.

ЭГЕРДЕН (Қарак.) жабайы сары ара, бал арасы. *Ол эгерденнен қатты қорқады* (Қарак.).

ЭГҮРШІК (Шығ. Қаз., Больш., Сем.: Көкп., Ақс., Абай; Тау., Кош.; Павл., Майк., Көкш.: Шуч., Еңб.) кияр. *Бұл жерде эгүршік жақсы өседі* (Сем., Абай).

ЭГІ (Сем.: Көкп., Ақс., Аяғ.; Монғ., Жезк., Ағад.) әлгі, жанағы. *Эгі жерге ол сол мезетте жетіп те үлгіреді* (Сем., Ақс.). *Эгі адам қайда кетті* (Монғ.).

ЭГІДЕЙ (Сем., Аяғ.) әлгідей. *Эгідей қыл жаса* (Сем., Аяғ.).

ЭГЛӨК (Гур., Манғ.) жетек. *Арбаның эглөгі босап тұр* (Гур., Манғ.). Орыс. *оглобля* (С. И. Ожегов. Сл. рус. языка. 1984). К. ағылөп, ағылөк.

ЭДӘЙІ (К. орда, Арал) әдейі. *Қырманға эдәйі кеусен* (қ.) *алуға барғам жоқ* (К. орда, Арал).

ЭДӘУІР (Акт., Ырғ.; Павл., М. Горьк.; Көкш.; Қарак. қаз.) едәуір. *Трофимовка аудан орталығынан эдәуір жер* (Павл., рьк.). К. әдеуір.

ЭДДЕН: әдден тысқары (Жамб.: Тал., Сарс.) шамадан тысқары. *Әдден тысқары нәрсеге сенуге болмайды* (Жамб., Тал.). «Әд» происходит от ар. *had* (предел; мера) (С. Аманжолов. ВДИКЯ, 1959, 438-б.).

ЭДДЕН: әдден шыққан (Қарак., Қон.) шамадан, мөлшерден шыққан. *Оның қылығы әдден шыққан екен* (Қарак., Қон.).

ЭДДІ (Түрікм., Таш.) әл, шама. *Құрбақа жайындай болмаққа әддіңе бақ* (Түрікм., Таш.). *Оларға дегенде Нұрбиенің уақыты жоқ, ал басқаларға дегенде тырп етуге әдді жоқ* («Күрішішілер», 1956, № 36). *Дегенмен, ойдағы-қырдағыны оп-оңай дөңгелетіп әкеліп жататын пысықтығы мен ептілігіне тәнті болмасқа әддің қалмайды-ау* (С. Сматаев. Бастау, «Жұлдыз», 1986, № 10, 54.). *Дала*

*жұрты өзін қатты құрмет тұтады. Құрмет тұтпасқа әдді бар ма?* (М. Қаратаев. Даладағы дабыл. 1962).

ЭДЕЙІ (Жамб., Шу) әуейі, есірік. *Мәдениетке көңіл бөлмей әдейі болады екен* (Жамб., Шу).

ЭДЕПКІ (Акт., Ырғ.) алғашқы. *Әдепкі звено болған жылы мен ауру едім* (Акт., Ырғ.).

ЭДЕПТЕ (Өзб., Тамд.) әдепкіде, әуелде. *Жұмысшылар дайын тағамнан тамақтанып кетеміз деп әдепте қуанған еді* (Өзб., Тамд.).

ЭДЕТ-ҰРЫП // ЭДЕТ-ҰРЫП (Қарак., Қонр.; Өзб., Ташк.) әдет-ғұрып. *Қарақалпақтардың әдет-ұрыпы қазақтардікінен өзгеше* (Қарак., Қон.). *Ескі салт, әдет-ұрыптың Тұсаулы күңі емеспін* (Өзб., Ташк.).

ЭДИСА (Жамб., Шу) сұмдық, ғаламат (зат). *Самұрық құстың анасы келіп өліп жатқан жыланды, ұйықтап жатқан баланы көріп, бұл қандай эдиса деп таңданады* (Жамб., Шу).

ЭДИЯ (Орын.: Ад., Бөр.) киім түрінде берілетін сыйлық. *Эдия сыйлықтарынан басқа қара атанды да мініт етіпті* (Орын., Ад.). К. сарпай.

ЭДІРӘ: әдірә қалу (Жамб.: Мер., Шу; К. орда, Шиелі) адыра қалу. *Әдірә қалған ескі заманның дінінің уағызын үйренбеуіміз керек* («Сталин жолы», № 43, 1936). *Жұбаныш болар жылы сөз, Заманың әдірә қалды ғой* (Т. Ахтанов. Шырағын сөнбесін. 1973, 154-б.). К. әдіре қалу.

ЭДІРЕ: әдіре қалу (К. орда, Шиелі) адыра қалу. *Әдіре қалғыр, қайда кетті жоғалып* (К. орда, Шиелі), — *Ой, әдіре қал! — деді ол* (К. Әбдік. Тәтті қауын. 1936, 17-б.). К. әдірә қалу.

ЭЖӘЙІП (Еділ.) ғажайып. *Еділ бойы эжәйіп қой* (Еділ.). К. ажайып.

ЭЖЕ (Қост., Жанғ.; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары, Акт., Тем.; Орын., Ад.) тұған шеше. *Мұқтардың эжесі жақсы кісі* (Қост., Жанғ.). *Бір күні бір қызойнаққа барып таң ата келе жатсам, ұйықтап қалған екенмін, эжем оятады* (Б. Майлин. Шығ., III, 8-б.).

ЭЖЕТ (Ташк.; Қарак., Такт.) кажет. *Бізге оның келгені эжет болып тұр* (Қарак., Такт.). К. әжет.

ЭЖЕЙІПХАНА (Өзб., Ташк.; К. орда, Арал) музей. *Эжейіпханада неше түрлі жан-жануарды дәрімен қатырып қойған* (Өзб., Ташк.). *Облыстық балық колхоз союзы балықшылар үйінің жаңынан балық шаруашылығының эжейіп-*



ханасын ашады («Екпінді балықшы», 1932, № 55).

ЭЖЕЛ (Қарак. қаз.) ажал. *Әже л жетсе жан қалмас* (Қарак. қаз.).

ЭЖЕП (Жамб.: Тал., Сарыс.) ғажап, керемет. *Мұндай әжеп іс көрген жоқпын* (Жамб., Тал.). *Әжеп жоқ асанлықпен* (қ.) *жуап* (қ.) *берсе*. Қызметін дараһайына (қ.) *лайық көрсе*. *Дұзақпен неше түрлі азап етер*. *Егер де исабына мұһір* (қ.) *келсе* (Молда Мұса). *Біз жолаушы, кет десең әжеп болар*, *Біздейден ұялғаның әдеп болар* (Қарак., фольк.).

ЭЖЕПТӘУІР (Орал: Чап., Жән., Орда; Гур., Маңғ.; Қарак.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Тедж.; Кост., Жанг.; Алм., Нар.) нашар, келіссіз, жағымсыз. *Әжептәуір нәрсе* (Гур., Маңғ.). *Мінезі тәйтк, өзі самас әжептәуір қыз* (Түрікм., Красн.). *Оның әйелі әжептәуір кісі екен, жекіп тастады* (Орал, Чап.). Қарақалпақша — *оғаш, түсініксіз, қыңыр* (Қарак.-рус. сл., 1958). Арабтың *ғәдждәб* «таң қалу, таңырқау» және *тауыр* «тур, ажар, көрініс, үлгі, өнеге» сөздерінен жасалған (Н. Онд. АҚТС).

ЭЖЕТ (Қарак.; Таш.) қажет. *Әжет нәрсенің ауырлығы жоқ* (Қарак. қаз.) К. **әжәт**.

ЭЖЕТТЕ (Гур., Маңғ.) заматта. *Ол атты әжәтте дайын қылды* (Гур., Маңғ.).

ЭЖІ I (Өзб., Ташк.) қажы. *Бұрынғы әжілерден қалған тұқым қазірде бар* (Өзб., Ташк.). «Қызыл Октябрь» колхозының мүшесі Қәдіров Баянбайды өтірік жаламен әкең *әжіге барған деп колхоздан шығара жаздаған* («Социалистік жол», 1939, № 1). К. **ажы**.

ЭЖІ II (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх.) жер астынан қазып алынатын құмның ерекше түрінен (бозінген сахар дейтін ак түсті бос құм) жасалатын, цементтен кем түспейтін лай. *Әжімен байлаңыстырған адай халықтың мінәрлары ұзақ тұрады* (Түрікм., Красн.). Парсыша *ізбес* (известь) (Будагов, II, 121-б.).

ЭЗ I (Қарак.; Түрікм., Таш.; Жамб., Шу) маза, рахат. *Оңысың басқа, өз басқа* (Қарак.). *Әз ету — маз болу, рақаттану*. *Баланың қызығына адам әз етеді* (Түрікм., Таш.). *Әз тұту — сыйлау, қадірлеу*. *Білімді әз тұт* (Жамб., Шу).

ЭЗ II (Гур., Есб.) су шығатын жер, көз. *Мына жер әз екен* (Гур., Есб.).

ЭЗ: *әз атқыр* (Алм., Жамб.) қарғыс одағайы. *Сені әз атып келеді ғой, әз атқыр* (Алм., Жамб.). «Ара жігіміз қай-

тып кірікпестей ажырап кетті» деген жаман *әз бізден аулақ* (М. Қабанбаев, «Жұлдыз», 1986. № 4, 92-б.).

ЭЗГӘНЕ (Өзб., Ташк.) азғана. *Әзгәне болса да саз ғәне болсын* (Өзб., Ташк.).

ЭЗГӘНТАЙ (Өзб., Ташк.) азғантай. *Сияңнан әзгәнтай беріп тұр* (Өзб., Ташк.).

ЭЗДӘ (Шымк., Қызылж.; Өзб., Ташк.) жалма-жан, жылдам. *Бүгін әздә істемейді деп шыға келеді* (Шымк., Қызылж.). *Бүгін әздә істейміз деп келді* (Өзб., Ташк.).

ЭЗДІК (Түрікм.: Ашх., Мары, Таш.) ыңғайлы, лайықты. *Мынау қалтаға салуға әздік екен* (Түрікм., Таш.). пайдаға жарайтын нәрсе (МК, I, 128-б.). «Сөз түбірі қазіргі тілімізде «жақсы», «тамаша» мағынасының синоними ретінде қолданылып жүрген «ізгі», «игі» сөздеріне барып тіреледі: «әз+лік» > әзлік > әздік», -дік қосымшасы -лық жұрнағының варианты (Ә. Нұрм. Жерг. тіл. ерек. төркіні, 1985).

ЭЗДІККЕ ҒАШЫП ЖАТУ (Қарак.) рахаттанып, жаны жай тауып жату. *О, шіркіндердің әздікке ғашып жатқандарын-ай?* (Қарак.).

ЭЗЕДЕН (Қарак.) әуелден, әуел бастан. *Бұл туралы әзеден ойлау керек еді* (Қарак.) К. **әзелден**.

ЭЗЕЛДЕН (Түрікм., Таш.) ежелден, баяғыдан. *Әзелден дұспан дос болмас* дейтін мақал бар (Түрікм., Таш.). К. **әзелден**.

ЭЗІ (Гур., Есб.) мола, бейіт. *Анау көрінген Досбайдың әзісі* (Гур., Есб.). *Бұл ағаш әзідегі даруыш па, әлдекім құшатұғын құзырына!* (Х. Ерғ. Құрманғазы, 1958, 55-б.). *Болар ма бұл әулие әзі мұндай? Бар-жоқты келіп отыр аз ұғынбай* (Х. Ерғ. Құрманғазы, 1958, 52-б.).

ЭЗІЛ (Алм., Нар.) әділ. *Ол бір әзіл адам* (Алм., Нар.).

ЭЗІЛКЕШ (Өзб., Ташк.) әзілқой. *Көп әзілкеш бола берме, әзір* (қ.) *жыныма ешкім жақпай тұр* (Өзб., Ташк.).

ЭЗІЛҚОР (Гур., Бакс.) әзілқой. *Мына жігіттер бір әзілқор адамдар екен* (Гур., Бакс.).

ЭЗІЛҚОС (Гур., Есб.) әзілқой. *Неше түрлі әзілқостар бар ғой* (Гур., Есб.).

ЭЗІМКЕ (Тал., Киров) күзгі егіс. *Әзімкени орып болдық* (Талд., Киров).

ӘЗІР (Түрікм.; Қ. орда; Алм., Кег.) қазір. *Осы әзір ғана келдім* (Түрікм.). *Әзір барам, тұра тұр* (Алм., Кег.). *Түлкінің ол әзір де ауды есі, Дым құрып әлсіреді шықпай сесі* («Жұмысшы», 1937, 7 июнь). Араб-иран тілдерінен кірген сөздердің басында қ, ғ дыбыстарының бірқатар сөздерде түсіп қалуына байланысты туған аферезистік құбылыс (Ә. Нұрм. Түрікменстандағы қазақ говоры. Қолжазба, 1965. 99-б.).

ӘЗІР КЕЛУ (Гур., Есб.) дәл келу, тура келу. *О, мен деген шайға әзір келіп пің қой* (Гур., Есб.).

ӘИБӘДІК (Өзб., Ташк.) сөзшен, сөзуар. *Кейбір адамдар әйбәдік болады* (Өзб., Ташк.).

ӘИБІР (Талд., Бөр.) бұйым, нәрсе. *Үйдегі әйбірді жиын қой* (Талд., Бөр.).

ӘИДЕК I (Гур., Есб.) әйнек, кейде терезе мағынасында. *Әйдектің көзін салу керек. Сынған әйдек терезеге салуға жарамайды* (Гур., Есб.).

ӘИДЕК II (Орын., Ад.) үлкен. *Ол да бір әйдек ауыл екен* (Орын., Ад.).

ӘИДІК I (Акт.: Ырғ., Қараб.; Орын.: Ад., Бөр.; Қ. орда: Қарм., Арал, Сыр.; Қост.: Об., Жанғ., Фед., Қар: Ұлыт., Чкалов, Домб.; Қарак., Такта) үлкен, зор. *Қопаның ішінде бір әйдік өгіз жүр* (Акт., Ырғ.). *Ол да бір әйдік ақын екен* (Орын., Ад.). *Ол әйдік жігіт. Татыр бір әйдік көл. Тосынның екі жағы әйдік құм* (Қост., Жан.). *Әйдік хат жазуға айналды* («Большевиктік к-з үшін», 1939, № 24). *Комплекстегі саңғыраған әйдік сарай — спорт клубы. Жайсаң жастардың ескерткіш тартуы емей немене?* (С. Байжанов. Кеген — Қарқара, «Жұлдыз», 1986, № 11, 32-б.). *Ол — баланы әйдік көк есекке мінгізіп, отты жерге қой жаю үшін Байсеркеге жіберді* (К. Әбдікадыров. Әңгімелер, 1952, 34-б.). Ә. Нұрмағамбетов оны монғол, қалмақ тілдерінен ауысқан деп қарайды. Сөз түбірі мон. *их* («ұлы» мағынасында, оған *дэх* қосылып, *ихдэх* («молаю, кеңею» мағынасында) түлғасы шыққан. «Ихдэх» (мон.) > алдрик (қалм.) > айдрик > айд (р) *ик* > айдык > әйдік. Түркі тілдеріндегі дыбыс заңдылығына байланысты л~й сәйкестігі мен р дыбысының түсірілуі еске алынды (Ә. Нұрм. Жерг. тіл ерек. төркіні. 1985.). К. нән.

ӘИДІК II (Қост.: Обағ., Торғ.) өте, аса *Басқарманың аты әйдік жүйрік* (Қост., Обағ.).

ӘИДІК-ШӘИДІК (Торғ., Аман.) бұ-

зық, бұзақы. *Бұрынғы кезде әйдік-шәйдік адамдар көп болатын* (Торғ., Аман.).

ӘИДІНГІРДЕИ (Қ. орда, Арал) денелі, қарулы. *Әйдіңгірдей қатының болса, жұмысың қалай бітпесін* (Қ. орда, Арал).

ӘИЕ (Сем., Абай; Тау., Қош.) әпке, апа. *Ол менің әйем болады* (Сем., Абай). К. әпше I.

ӘИЕЛБЕСІН (Қарак. қаз.) кіші бесін. *Ертеңгісін құған адам күн әйелбесінде үңгіре құладым* (Қарак.).

ӘИЕЛДЕНУ (Түрікм., Бекд.) әйел алу, үйлену. *Осыдан екі жыл бұрын әйелденген едім* (Түрікм., Бекд.). *Әйел үстіне әйелденген, әйелінің аты — Үзіл* («Қарабұғаз». 1937, 15. IV).

ӘИЕЛМЕН (Өзб., Ташк.) әйел жанды. *Ол өзі бір әйелмен адам еді* (Өзб., Ташк.). Өзбекше — *аелманд* (Ю. Абдувалиев. Дисс. қолжазба. 1967. 143-б.).

ӘИЕМ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары, Тедж.) тағы. *Әйем айтарың бар ма?* (Түрікм., Тедж.). Түрікменше — *әйям* (Рус.-туркм. сл., 1956).

ӘИЕТ (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж., Байыр.) дуал. *Үлкен әйеттің ішіндегісінің бәрісі қауын мен қарбыз* (Түрікм., Тедж.). Түрікменше — *хаят* (Туркм.-рус. сл., 1940). *айат* — аула, дуал, қорашық не есік алдындағы сарай (Л. Будагов, I, 173, 523-б.).

ӘИЕШ (Сем., Абай) жақсы, әдемі (балаларға бір нәрсені мақтағанда айтылады). *Мынау бір әйеш ойыншық екен-ау!* (Сем., Абай).

ӘИЙЕМ II ӘИЕМ (Қарак., Қоң.) бұрынғы. *Әййем заманда бір қары мен бір кемпір болыпты* (Қарак., Қоң.).

ӘИКӘПІР (Қост., Жанғ.) сүйкімсіз, жекеұрын. *Ол нағыз әйкәпірдің өзі* (Қост., Жанғ.).

ӘИКЕЛ I (Түрікм.: Қрасн., Небид., Ашх., Мары, Тедж.; Гур., Манғ.) құдықты шегендеу үшін салынатын, ортасы тесік, дөңгелек тас. *Маған колхоз бастық әйкел әкелуді тапсырды* (Түрікм., Қрасн.). *Қой терісінен әдейі істелген күбідей қауғаны құлаштап әйкелге жақындатқанда, жаңағы жас әйел оны қағып алып, суды астауға құяды* («Қолхоз жолы», 1957, 30 июнь). Өзбекше — *ойкулла* дөңгелек жүзді (Узб.-рус. сл., 1959). *Әкем, Самат ағам үшеуміз астаудағы суға беті-қолымызды жуып, әйкелдің көлеңкесіне тамақтануға отырамыз* (Ә. Кекіл. Құс қан., 1978, 238-б.).

ӘИКЕЛ II 1. (Қост., Жанғ.; Акт.:

Жүр., Ключ.; К. орда: Қарм., Сыр.) балалар ойынның аты. *Балалар әйкел ойнап жатқан шығар* (Кост., Жанг.). *Келеміз қартайғанша қамсыздықпен, Балалар әйкел қаққан мұлтындай-ақ* (қ.) (О. Шораяков. Үш ғасыр жырлайды. 1965, 549 -б.); 2. Шүлдікті таяқпен бірінші рет үру (Акт., Ключ.).

ӘЙКЕЛ III (Талд., Каратал; Қарағ., Нұра) кітап-қағаз салатын сумка. *Омар қарт баласына әйкел сатып әперді* (Қарағ., Нұра).

ӘЙКЕЛ IV (Қост.: Фед., Семноз., Жанг.) ақша салғыш, күмәжнік. *Ақша салатын әйкелімді алып берші* (Қост., Фед.). *Қ. Әмиян, бүктеме қапшық, нәмиял, шилан.*

ӘЙКЕЛДІ (Түрікм., Таш.) қапатты құмырсқа. *Әйкелді, үйкелді, қара шұнақ қой келді* (Түрікм., Таш.).

ӘЙКЕЛТАРАШ (Өзб., Ташк.) мүсінші. *Әйкеш* (Алм.: Жамб., Қаск.) әйел. *Сенің әйкешің қайда?* (Алм., Қаск.).

ӘЙЛЕЗ (Жамб., Шу) бұзық. *Әйлезден біткен кемшілік тұрмышта* (қ.) *ерді аздырар* (Жамб., Шу).

ӘЙЛЕЗДІК (Жамб., Шу) бұзықтық. *Бойға біткен жалқаулық әйлездікке азғырар* (Жамб., Шу).

ӘЙЛЕҢКЕС (Гур., Маңғ.; Қарак. қаз.) мәжнүн, есуас. *Әйлеңкес адам. Әйлеңкес адам сайлауға қатыстырылмай-майды* (Гур., Маңғ.). *Баяғыда Қасым деген әйлеңкес адам болды, бұтын ашып айқай салып жүретін* (Гур., Маңғ.). *Сенің армаңың алтын іздеу емес, бас ауыртып, бас жазып әйлеңкестеніп жүру ғой* (Құрм. Қар. Алт. изд., 1987, 73). Ж. Досқараев бұл сөзді екі элементтен құралып, жергілікті халықтың сөйлеу тілінде ауыспалы мағынада қолданылған деп есептейді бірінші элементі арабша айла, екінші элементі парсыша кес, кәс «кісі, біреу» (Ж. Доск., ҚТЖЕ, 1955). *К. нәкес, нәкәс, айлакес, айлаңкес.*

ӘЙНЕМ (Қарак.) бұрынғы. *Әйнем уақыттан белгілі адамдар* (Қарак.).

ӘЙ-ПАЙ (Түрікм.; Қарак.) әй-шәй, *Мені сонда апарың деп, әй-пайға қояр емес* (Түрікм.).

ӘЙСЕ (Тау., ош.) әйтпесе, әйтсе. *Сен онда бүгін барып үлгір, әйсе ертең кеш болады* (Тау., Кош.).

ӘЙТЕГІ: ӘЙТЕГІ ҰСТАУ (Шымк., Шәу.) ұстамасы ұстау. *Оның әйтегі ұстап ауырып жатыр* (Шымк., Шәу.).

ӘЙТЕК (Шымк., Шәу.) ұстама ауру, жындану. *Оның әйтегі ұстап, ауырып жатыр* (Шымк., Шәу.). *Әйтегі ұстау, ұстамасы ұстау.* (Шымк., Шәу.).

ӘЙТЕУ (Моң.; Сем.: Абай., Шүб., Аяғ.; Тау. Кош.) әйтеуір. *Қыстай ауырып, әйтеу өлмеге соң отырмын* (Моң.). *Әйтеу қалай болған күнде де бір суқансыз адам екені бірден көрініп тұрады* (С. Мұратбеков «Жұлдыз», 1988, № 2, 41).

ӘЙТӨГІР (Өзб.: Тамд.) әйтеуір. *Қалай болса да, әйтөгір малдың жайын табуды ойлаймыз* (Өзб., Тамд.).

ӘЙТИРЕУ (Гур., Есб.; Еділ.) әйтеуір. *Әйтіреу, сол аурудан жаным қалды-ау* (Гур., Есб.). — *Бұл қай қарға? — Қарға ғой әйтіреу* (Еділ.).

ӘК I (Шымк., Мақт.; Алм., Жамб.; К. орда, Қарм.; Гур., Маңғ.; Түрікм.: Небид.; Қарак.) ақ балшық, ізбес. *Кеше атпен әк алып келдім* (Шымк., Мақт.). *Үйді ремонттауға әктейтін әк жоқ* («Қызыл ту», 1938, № 46). *Ең түкпірдегі жарылған отын, әк секілді анау-мынау сақтайтын суық бөлмеге кіргізіп, құлыптап қойды* (Б. Сокпақбаев, Біз де бала болғанбыз, 1954, 36-б.). *Әк ету* — әкпен сылау, ағарту (Жамб., Жуалы.). Парсы сөзі [аһәк] әк тасын күйдіргеннен кейін шығатын ақ зат (Н. Ондасынов, Парс.-қаз. түс. сөз., 1974). Кейбір түркі тілдерінде әр түрлі айтылады: қырғ. — акі, ұйғ. — аһак, түрік. — хек... Бұл сөз қазір әдеби тілге ауысып баранды» (Ж. Доск. ҚТЖЕ, 1955).

ӘК II (Гур., Маңғ.; К. орда, Қарм.) әк, сиырды қайыру одағайы. *Әк, былай! Қайыр ар жағын* (К. орда, Қарм.). *Бас білген өмізге әк деген өлімнің қара басы* (Гур., Маңғ.).

ӘҚ: ӘҚ ШЫҒАРУ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) бұзық, шатақ мінез шығару. *Түйе бүгін әк шығарып, сауғызбай тұр* (Түрікм., Таш.).

ӘКЕ // ӘКЕ-АУ I (Шығ. Қаз.: Тарб., Больш.; Тау., Қош.; Алм.: Шел., Кер.; Талд., Гвар.; Сем. Ұрж., Мақ., Көкп., Ақс.; Жамб.: Тал., Шу, Жуа.) қарағым, шырағым. *Бері кел, әке, қымыз іші!* (Сем., Мақ.). *Әке-ау, қайдан жүрсің түнделетіп* (Сем., Ұрж.). *О, әке-ау, мына қыз қайтеді* (Сем., Ақс.). *Әке-ау, саған не жазығым бар* (Моң.). *Өзбекше — ака, ұйғырша — ука, көне түркіде осы мағынада* (Ж. Доск. ҚТЖЕ, 1955.). *Әкем-ау, аяғыңды ауыртып аларсың, жүр* (Шығ. Қаз., Ұлан.). *Әкем, үйге жүр, мұздап қаласың!* (Алм., Шел.). *Қожа, Қожатай, әкем-ау, сен бүгін сабағыңа бармаушы ма еді?* (Б. Сокпақбаев. Біз де бала бол., 1954, 229-б.).

ӘКЕ II. 1. (Өзб., Ташк.) аға. *Әкем*

елуден асқан адам (Өзб., Ташк.); 2. (Өзб., Бұх.) ата, әкесінің ағасы.

ӘКЕМ БОЙ, ШЕШЕМ БОЙ (Түрікм.: Таш., Ашх., Тедж.) 30—40 метр шама-сындағы ара қашықтық. Адам аулынан *әкем бой, шешем бой шыққасын-ақ мүсәпір деген бар ғой* (Түрікм., Таш.).

ӘКЕНДОЗ (Өзб., Ташк.) күл алғыш. Адам *әкендозбен пештің күлін алып, от жағуға кірісті* (Ташк., Аққорған). Тәжік, өзбек тілдерінде *какандоз*— күл алғыш (Т. Айдаров. Қаз тілінің лекс. ерек., 1975, 108-б.). К. **әкөндүз**.

ӘКЕҢНІҢ ЕТІН ЖЕГІР (Сем.: Абай, Шұб., Ақс.) қарғыс түрі. *Әлгі, әкеңнің етін жегір, не деп оттап отыр* (Сем., Шұб.).

ӘККЕ // ӘККІ (Қарак. қаз.) сауысқан. *Одан кейін ол әккелерді бірінен соң бірін ата бастады* (Қарак. қаз.) Қарақалпақ тілінде *хәкке* (Н. А. Баск. Қарак. язык. I. 1951, 391-б.).

ӘҚҚУ (Қар., Ж. арқа) қарау, байқау. *Малға әкқу керек, зйтпесе егінге түсіп кетеді* (Қар., Ж. арқа.).

ӘККІС (Еділ, Астр.) әк, ізбес. *Үй ақтайтын әккісің бар ма?* (Еділ). Әк және жыш сөздерінен жасалуы мүмкін (Тасымов. Дисс. қолжазбасы. 1975, 55-б.).

ӘҚӨНДҮЗ (Шымк., Сарыағ.) күл алғыш. *Әкөндүзді ала кел* (Шымк., Сарыағ.). К. **әкендоз**.

ӘҚПЕ (Жамб.: Шу, Қор.; Павл., Ерғ.) бірге туған апа, апай. *Бұл — Дәмелінің әкпесі ғой кеп отырған* (Жамб., Шу). К. **әпеке, әпке, әпкей, әпше**.

ӘҚПІШ (Сем.: Абай, Шұб.; Алм., Жамб.; Шығ. Қаз., Тарб.) иінағаш. *Суды әкпішпен әкелеміз* (Сем., Абай). *Әкпішті әкелші, екі бақыр су әкелейін* (Алм., Жамб.). К. **әпкіш, күйенте, құрамыс, мойынағаш, ілгек, ілгіш, мосыла, әпкеш**.

ӘҚТАС (Қарак. қаз.) ақтас.

ӘҚТЕУ (Шымк.: Мақт., Түлк., Қызылқ., Сайр.; К. орда, Арал; Гур., Маңғ.) әкпен (к.) сылау, ағарту, ақтау. *Там әктелі болды* (Шымк., Сайр.). *Олар үйлерінің көлемін кеңейтіп, сырлап, әктеп мәдениетті түрде құрды* («Станхановшы», 1939, 7 ноябрь). *Жұмысшы-ұсталар сәні кеткен үйдің іші-сыртын әктеп, есік-терезелерін сырлап, аңғалсаңғал жерлерін бітеп, су құбырын жүргізді* (Т. Бердияров).

ӘҚТІ ӨГІЗ (Қост., Жанг.) үйретілген өгіз. *Нұрғалидың өгізі әкті өгіз* (Қост., Жанг.).

ӘҚТІ ӨТУ (К. орда, Арал) акт жасалу. *Ол өлген көк құнан әкті өтіп кетіпті* (К. орда, Арал).

ӘҚТІ САЛУ (К. орда, Арал) акт жасау. *Колхоз фермасының малы өлсе, дереу әкті салады* (К. орда, Арал). К. **әкт түзету**.

ӘҚТ ТҮЗЕТУ (К. орда, Арал) акт жасау. *Басқарма байталын сұрап бермегесін, әкт түзетті* (К. орда, Арал). К. **әкті салу**.

ӘҚУЧКЕЛЕУ (Жамб., Шу) қызылшаның түбін қопсыту. Қызылшаны әқучкелеу де оп-онай емес (Жамб., Шу). К. **әқушкелеу**.

ӘКІМГЕРШІЛІК (К. орда, Арал) әкімшілік. *Құрғақ әкімгершілік жасап, бостан-бос қайтып кете берді* («Қызыл ту», 1951, № 35). *Әкімгершілікке жаны құмар еді* (К. орда, Арал.).

ӘКІМ: ӘКІМ ШЫҒУ (Жезк., Ағадыр) жақсы өсу. *Житняк су болса, әкім шығады* (Жезк., Ағадыр).

ӘКІРЕ (Тау., Қош.) ренжу одағайы. *Әкіре, мұнысы несі?!* (Тау., Қош.).

ӘКІРУ (К. орда, Арал) ақыру. *Айтбек үй жанындағы есектің әкіргенінен шошып оянды* (К. орда, Арал).

ӘЛ (Орал: Қазт., Орда) әлгі. *Әл сақау не дейді?* (Орал, Қазт.).

ӘЛАЙДА (Түрікм., Бекд.) алайда. *Әлайда, бүгін-ертең кеп қалар* (Түрікм., Бекд.). *Әлайда, Айдардың баласы ойын басталып жатқанда кекесін сөзін тоқтатпай, күңкілдеді де отырды* («Қарабұғаз көл жұмысшысы», 1937, 7 май).

ӘЛАҚ (Қарак.) кош! шек! Кой-ешкіні қайыруда айтылатын одағай сөз. — *Әлақ деген біреудің қой қайырған дауысы естілді* (Қарак.).

ӘЛӘЙ (Орал: Қазт., Орда) ізет ету мәніндегі сөз. *Әләй ма, билер, әләй ма? Арғымағым жарай ма?* (Махамбет). *Алай ма, сұлтан, алай ма?* (Махамбет). К. **алай**.

ӘЛБЕТ I (Гур., Маңғ.) тәуір. *Әлбет шай. Бұл — шайдың бір әлбеті* (Гур., Маңғ.).

ӘЛБЕТ II (Орал: Орда, Жән.) сәл, болар-болмас, аз-маз. *Етік әлбет кішкене. Әлбет үлкенірегі тәуір болар еді* (Орал, Жән.).

ӘЛБЕТ III (Гур., Маңғ.) әлпет. *Құнның әлбеті жаман емес* (Гур., Маңғ.). К. **елбет**.

ӘЛБЕТКЕ: ӘЛБЕТКЕ ТҰРУ (Шымк., Шәу.) сәл тәуір болу. *Көңілім әлбетке тұрса, ептеп барып су әкелем* (Шымк., Шәу.).

ЭЛБЕТТІРЕК (Орал: Чап., Қазт., Жымп., Орда) тәуірірек. *Ауру адам кешегіден элбеттірек* (Орал, Чап.).

ЭЛГЕ (Өзб., Тамд.) әлі. *Ол элге дейін дұрыс қорытынды шығармай келеді* (Өзб., Тамд.).

ЭЛДИ (Шымк.: Түлк., Сайр.) бөпе, емшектегі бала. *Ол элдиін қолына алды. Элдиіңді алып кетейн бе?* (Шымк., Түлк.). Қ. шақалақ.

ЭЛЕБЕК (Қ. орда., Қарм.) ертеде әйелдер мұрнына таққан сырға. *Ертеде біздің аялдар (қ.) мұрнына элебек таққан ғой* (Қ. орда., Қарм.). Қ. эребек // арабек.

ЭЛЕЙ // АЛАЙ (Еділ, Сар.) «ия» мәніндегі қоштау сөз. *Элей, айта бер, тыңдап отырмын* (Еділ., Сар.).

ЭЛЕКЕЙ-КҮЛЕКЕЙ (Жамб., Сарыс.) әр түрлі әлеміш, әшекей заттар. *Элекей-күлекей тағып, маз болып жүретіндер бар* (Жам., Сарыс.). Басқасының бәрі мұны қыз-қырқыға соғып берген *элекей-күлекей індей алдамыш бірдеңе емес пе?* (Ә. Кекіл., Құс, кан., 1978, 116) Қ. *элекей-шүлекей*.

ЭЛЕКЕЙ-ТҮЛЕКЕЙ (Алм., Кег.) алай-түлей. *Күн бұлтанып, элекей-түлекей жаңбыр болды* (Алм., Кег.).

ЭЛЕКЕЙ-ЧЭЛЕКЕЙ (Алм., Шел.) элек-шөлек, әуре болу. *Уақытым жоқ, маған тамақ қылып, элекей-чэлекей болмаңдар* (Алм., Шел.). Қ. *элекей-чэлкей*.

ЭЛЕКЕЙ-ШҮЛЕКЕЙ (Сем.: Абай, Шуб.) әр түрлі әлеміш, әшекей заттар. *Үсті-басына элекей-шүлекей таға беру мәдениеттілікке жатпайды* (Сем., Абай). Қ. *элекей-күлекей*.

ЭЛЕКПЕ (Қ. орда: Арал, Қарм, Қарағ.: Қарақ. қаз.); Орал, Орда) ешкінің өкпе ауруы, ала өкпе. *Элекпе ілінсе, бірсыпыра шығын болды десеңші* (Қ. орда, Қарм.). — *Көрсетті-ау құдай көресіні! Жалғыз бала қайдан аман келсін! Әй, әк былай, элекпе келгір!* (Ж. Нәжімед. Кішкентай, 1975, 24). *Қаратаудың басынан көш келеді. Элекпеден бақырып ешкі өледі* (Қарақ., фольк.).

ЭЛЕКТЕУ (Түрікм.) әурелеу, әлегін шығару. *Сені үйден шығарамын деп, үй дүниелерін далаға шығарып электейді* (Түрікм.).

ӘШ-ПҮШ (Өзб.: Ташк., Бұх.) әне-міне,

БАБА ЖАПЫРАҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Тедж.) сабағы ұзындау, басында түймешігі бар, көк гүлді ұзынша жапырақ.

БАБАЙ (Орал, Чап.) үлкен, ақсақал адамға сыйлай айтылатын қаратпа сөз.

БАБАЙ ҚАҒУ (Гур., Есб.) бебеу қағу.

БАБЫРАҚ (Жамб., Шу) тұрақсыз, әр нәрсенің басын бір шалатын адам. *Сен бабыраққа ілескен екенсің жолың бола қояр ма екен* (Жамб., Шу).

БАГАЙ (Гур., Ман.) бір жағы ұшты, екінші жағы айыр, ұзындығы 80—100 см-дей жұмыр темір. Балықшылар мен ұсталар пайдаланады. *Багаймен сурған шеге тез шығады* (Гур., Ман.).

БАГОН БАҒЛАУ (Алм., Шел.) темекінің байламын жайып кептіру. *Звеноның бірнеше адамы багон байлайды* (Алм., Шел.).

БАГОР (Гур., Маңғ.) балықты желбезегінен іліп алатын ұзындығы екі қарыстай қармақ. *Кейде маңдайын сол қалыңдағы шалақ багор сабына сүйей, үнсіз отырып қалады* (Гур., Маңғ.).

БАҒАНАЙ (Гур., Есб.) белгі. *Жоғалған қызыңның бағанайы бар ма еді?* (Гур., Есб.).

БАҒАМДАУ (Шығ. Қаз., Больш.) бағалау. *Ұйымның жұмысын қанағаттанарлық деп бағамдады* (Шығ. Қаз., Больш.).

БАҒАН (МХР, Баян.) бағана. *Соғақ—Көкмойнақ телефон бағандарының түбі шіріп құлағалы, бері айтқанда, 2—3 жыл болды* («Ж. өм», 19. III. 87).

БАҒАНА I (Ақт., Тем.) белағаш, сілеген.

БАҒАНА II (Ақт., Қараб.) мана. *Директор бағана келіп кеткен* (Ақт., Қараб.).

БАҒАНА III (Түрікм.: Красн., Таш., Тедж.) түйе бақайларының құрттап ау-

тез. *Әш-пүш дегенше ауқатты даяр қылды* (Өзб., Ташк.). *Ақырында әйгілі Лувр әшпүш дегенше кітап жәрмеңкесіне айналып дуылдады-ай келіп* («Жұлдыз», 1987, № 9, 31-б.). Өзбекте — *аш-паш*, *хаш-паш* варианттары кездеседі (Т. Айдаров. Лингвистикалық география, 1977, 79-б.). К. *әш-пәш.*

ӘЩІ (Шымк., Сарыағ.) ашы. *Кекіренің дәмі әщі болады* (Шымк., Сарыағ.). К. *әтчі, әчі.*

ӘШІ ШАЙНАУ (Өзб., Ташк.) қиналса да шыдау, төзу, біреудің қажетін өтеу.

## Б

ыруы. *Түйедегі бағана ауруының бетін алу керек* (Түрікм., Красн.).

БАҒАНА IV (Түрікм. қаз.) қарақөл козының терісі.

БАҒАНА V (Жамб., Шу) мағына. *Сен «салаумалейкум» дедің. Оның бағанасы «нұр жаусын!» деген сөз* (Жамб., Шу).

БАҒАНАҒЫ (Жамб., Шу) манағы. *Бағананы айтқаның есімнен бір кетпейді* (Жамб., Шу).

БАҒАР (Сем.: Ақж., Көкп.) тоқылған қап. *Біз астықты көбінекей бағарда сақтаймыз* (Сем., Ақж.).

БАҒДАР (Орал: Чап., Қаз.) ою. *Білезіктің бағдары әдемі екен* (Орал, Чап.).

БАҒДАРЛАУ (Қост., Жан.) қарау, көру. *Ана қырғи барып малды бағдарлап кел* (Қост., Жан.).

БАҒДАРЛАУШЫ (Шымк., Шәу.) дем беруші. *Балалардың ой өрісінің дамуына, дүниеге көз қарасының қалыптасуына мұғалімнің білімділігі, саналылығы, мәдениеттілігі, яғни барлық жағынан үлгілілігі бағдарлаушы күш іспетті* (Шымк., Шәу.).

БАҒДАРУ (Гур.: Есб., Инд.) бағындыру. *Үлкен қызметкерлер әдетте өзінен төменгілерді бағдарады ғой* (Гур., Есб.).

БАҒУ (Қарағ.) істей алу, орындай алу. *Ол жұмыс істеп бағады* (Қарағ.).

БАҒЫН ҮЙІ (Түрікм.: Красн., Жеб., Небид.) бала бақша. — *Балдарыңыз қайда? — Бағын үйінде* (Түрікм., Красн.).

БАҒЫСТАП ҰСТАУ (Ақт., Ырғ.) кір шалдырмай таза ұстау. *Қарағым, қазанды бағыстап ұста!* (Ақт., Ырғ.).

БАҒЫТ I (Гур., Маңғ.) тұрақтылық. *Ауа райы бірде суық, бірде жылы — бір бағыт жоқ екен мұнда* (Гур., Маңғ.).

**БАҒЫТ II** (Алм., Еңб.) уақыт. *Кауынды бағытында суғарып тұру керек* (Алм., Еңб.).

**БАҒЫШ ЕТУ** (Гур., Маңғ.) меншіктеу. *Мен осы бір көйлекті өзіме бағыш етіп едім, енді Суқанға бергелі отырмын* (Гур., Маңғ.).

**БАДА** (К. орда: Шиели, Сыр.; Алм., Шел.; Шымк., Шәу.) бағудағы бір топ мал. *Сыырды ол бадаға қосты* (Шымк., Шәу.). *Шиели базарынан бір тана алып едім, бадаға үйренбей қойды. Ерте тұрып азаннан бадаға мал қосу да бір жұмыс* (К. орда, Сыр.).

**БАДА БОЛУ** (Шығ. Қаз.: Зай., Тар.) шашылу. *Бада болған бауды жинап алды. Көп шыбын дәрінің айналасында бада болып қалыпты* (Шығ. Қаз., Зай.).

**БАДАҚ** (Шығ. Қаз., Күрш.) жарып салған саржан ағаш. *Бұрын бадақты көп дайындайтын еді* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**БАДАЛ** (Жамб., Тал.) жүзі, сырты. *Кауынның бадалы жуылмаған екен* (Жамб., Тал.).

**БАДАМ БОЛУ** (Шығ. Қаз.: Тарб., Зайс., Күрш., Шем.) қол астында болу, қарау (біреуге). *Ол бадам болды* (Шығ. Қаз., Тарб.).

**БАДАМ** (Орын., Адам.) аулақ. *Ауылың бөрі жардан бадам қонсын! Ит бол, құс бол, малың мен балаң болсын* (Орын., Адам.).

**БАДАМ КӨЗ** (Жамб., Жамб.) бадана көз. *Ашық жүзді, бадам көзді* (Жамб., Жамб.).

**БАДАМ ШАЙ** (Шығ. Қаз., Зайс.) бадам өсімдігінен істелетін шай. *Өзіміз бадам шай болса, шай іздемейміз* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БАДАШЫ** (Жамб., Шу) сиыршы. *Сәлем бердім отырған жылқышы, қойшы, түйеші, бадашы шаруа жалпыға* (Жамб., Шу).

**БАДЫНАК** (Түркм.: Таш., Тедж., Мары.) меке жүгеріден қуырылып жасалған тамақ түрі. *Бадынақ жеп көріп пе едің?* (Түркм., Таш.). Түрікменше — *патрак* (Түркм.-рус. сл., 1940), өзбекше — *бодрақ* (Узб.-рус. сл., 1959).

**БАДЫНАУ** (К. орда: Қарм., Жал., Сыр.) жүгерінің не бидайдың қуырылған кезде бөртүі, іріленуі, жарылуы. *Бидайды қуырганда бадынап кетеді* (К. орда, Жал.).

**БАДЫРАК** (Көкш., Қыз.) батырак.

**БАДЫРАҢ** (Алм., Жам.; Жамб.: Шу, Св.). княр. *Бадыраңның асты көгеріп отыр* (Жамб., Шу). *Бадыран су-*

*ғаруды керек етеді* (Шымк., Лең.). **К. бәдірен.**

**БАЖАҚЫ** (К. орда.) асыл тастардың (маржан, меруерт т. б.) жинақты атауы. *Солардың бәрін тастап, Сені алармын, бажақы Нарындағы, тірі тұрсақ* (Шәңгерейдің әйелі өлгенде айтқаны).

**БАЖБАНШЫ** (К. орда, Қарм.) күзетші, қорықшы. *Ертеде біздің бажбаншымыз Ережеп деген кісі еді* (К. орда, Қарм.).

**БАЖОК ШАНА** (Ақт., Ойыл.) бір аттық жеңіл шана. *Осы бажокшана мды жасатқаныма үш жылдан асты* (Ақт., Ойыл.).

**БАЖЫҒАН I** (Қост., Жан.) алжи бастаған. *Бажыған деген сөз алжуға жақын адамға айтылады* (Қост., Жан.).

**БАЖЫҒАН II** (Қост., Тор.) ашыған. *Айран бажып кеткен екен* (Қост., Тор.).

**БАЖЫЛАУ** (К. орда, Арал) ертедегі баж салығын (зекет, садақа т. б.) жинау. *Мақан Хиуа ханының кіші жүзден бажылайтыны болған* (К. орда, Арал).

**БАЖЫР** (Гур., Есб.) бұжыр. *Бажыр бет шофер Кулагин апарып тастайтын болды бізді* (Гур., Есб.).

**БАЗ I** (Алм., Жамб.) мал қорасы. *Мына тұрған базға мың қой сыйып кетеді.*

**БАЗ II** (МХР, Баян.) база. *8 жылдық мектеп-интернатының екі бөлмесін жабдықтап, сабақтың техникалық базын нығайтуға арнап 3 мың сом жұмсаймыз* («Ж. өм.», 19/II-85).

**БАЗ III** (Гур., Маңғ.) дым, ылғал. *Заманға қарай саз керек, Айдыңға үйрек-қаз керек. Базардан пақыт сынауға Теріге де пұшқақ баз керек* (Ақтан ақын). *Үйдің іргесі баз тартайын депті* (Гур., Маңғ.).

**БАЗА I** (Гур., Есб.) маза. *Басым ауырып отыр, базамды алмашы* (Гур., Есб.).

**БАЗА II** (Гур., Маңғ.) жер жыртатын соқа ағаштың басына кигізетін темір. *Біздің ауыл шоқайға базаны кіргізе салып жер жыртады* (Гур., Маңғ.).

**БАЗАР КҮНІ** (Түрікм.: Таш., Мары) жексенбі. *Знашкистерге знашокты ендігі базар күні арасында алып береміз* (Түрікм., Таш.).

**БАЗДА** Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары) ағаш соқаның ұшындағы темір.

**БАЗ КЕШУ** (К. орда, Арал; Ақт., Қараб.; Гур., Маңғ.) күдер ұзу. *Өзің әбден баз кешкен адамша сөйлейсің! Күндердің күнінде баз кешіп жүріп тапқанымыз*

осы бала болды, — деді ағайыным (К. орда, Арал).

**БАЗ ҚАЛЫБЫ** (Алм., Жамб.) баяғы қалыбы. Жас күнінде шатақтау еді, әлі сол баз қалыбында жүр екен ғой (Алм., Жамб.).

**БАЗЫ ҚЫЛУ** (Алм., Жамб.) айту. Сыртымнан іренжігенше бәрін өзіме базы қылмайсың ба? (Алм., Жамб.).

**БАЗЫМ** (Жамб., Жамб.) би. Тойда базым жасап, керней тартылады (Жамб., Жамб.).

**БАЗЫНА** (Кост., Жан.) еркелік. Біздің жиен көзіне көрінгеннің бәрін базына қылып алып кете береді (Кост., Жан.).

**БАЗЫНА ТІС** (К. орда, Арал) түрен. Базына тісті түйеге шегіп жер айдаймыз (К. орда, Арал).

**БАЙАПАР** (Сем., Абай, Шұб.). К. бей-апар.

**БАЙБАҚ** (Жезк., Ұлыт.) машина орағының ұшар басындағы темір. Байбақты дұрыс қайрау керек (Жезк., Ұлыт.).

**БАЙҒҮШ // БАЙҒЫС** (Түрікм., Мары) байғұс.

**БАЙДА** (Сем., Аяг.; Жамб., Сар.; Түрікм., Мары) пайда. Манаурама көзіңді аш, Өнер бердім елге шаш, Зейінді болсаң, байдаға ас (Қашаған жырау).

**БАЙДАКҮНЕМ** (Тау., Қош.) пайдакүнем.

**БАЙДАЛАНУ** (Шығ. Қаз., Больш.) пайдалану.

**БАЙДАЛЫ** (Акт., Ырг.; Тау., Қош.) пайдалы.

**БАЙДАУ** (Тау. Қош.) байлау.

**БАЙДАУДЫ** (Тау., Қош.) байлаулы.

**БАЙДЕРБІС** (К. орда: Сыр., Жал., Қарм.; Жамб., Шу) тарының бірі түрі. Байдербістің қабығы ақ болады (К. орда).

**БАЙЕКЕ** (Жамб., Мерке, Қор., Луг.) аға.

**БАЙҚАСТАУ** (МХР, Баян.) байқау. Тутін сорғыш вентилятордың подшипнигінен көп май асып төгіліп қалған екен, смена слесарына ескертпекші болып жан-жағың байқастап еді, ол көзіне ілінбеді (А. А. Сүй., 1983, 107).

**БАҚ І** (Жезк., Ұлы.) бақ; бөшке. Тауға өткізу үшін бір бақ май әкетті (Жезк., Ұлы.).

**БАҚ ІІ** (МХР, Баян.) әкімшілік бірлігі. Менің округіме Толбоның 5, 6, 7, 8, 9, 10-бақтары және 3, 11-бақтарының, сондай-ақ Жарғанат Сағсай сұмының

4, 5-бақтарының жартысы кірісті («Ж. өм», 1987, 8. VI).

**БАҚАИШЫҚ ДОРБА** (МХР, Баян.) суықта мал тұяғына кигізетін дорба. 20 қос, 10 қораның қалтқысы, 360 жабу, 600 бақайшық дорбасы жасалды («Ж. өм», 1986, 29. XII).

**БАЛБАРМАҚ** (МХР, Баян.) сауыншы. Қарағантыны өрлей Цэнгэл сұмындық сүт бөлімшелері орналасқан. Мұндағы балбармақтар ұйымшылдық үлгісін көрсетіп, сүт сауу жоспарын қысқа мерзімде орындады («Ж. өм», 1983 ж. 11. III).

**БАЛБАУЫРСАҚ І** (МХР, Баян.) пещень. Азық-түлік өндірісінен өндірілген балбауырсақ, нан түрлері аз. Өндірістің болмысына сай жалғыз-ақ түрлі нан өндірілуде («Ж. өм», 1986. 29. XI).

**БАЛБАУЫРСАҚ ІІ** (МХР, Баян.) өсімдік түрі.

**БАЙҚҮШ** (Алм., Нар.) байғұс. Соны қойшы тегі, ол бір жүрген байқұш қой! (Алм., Нар.).

**БАЙҚЫС** (Сем., Абай) байғұс.

**БАЙҚЫТ** (Гур., Манғ.) тымық, тыныш. Біздің отырған жеріміз — байқыт, онда жел, дауыл, құйын болмайды (Гур., Манғ.).

**БАЙЛАНУ** (Гур., Есб.) байлану. Осы жасыма келгенше ешкіммен байланып көргем жоқ едім (Гур., Есб.).

**БАЙЛАП БЕРУ** (Шығ. Қаз.: Зайс., Марк.) қоса беру. Дүкеннен мата алып едім, бір сабынды байлап берді (Шығ., Қаз., Зай.).

**БАЙЛАУ І** (Шымк.: Сайр., Қызылк., Шәу., Түлк.; К. орда, Жал.) бөгеу, тоқтату. Судың құлағын байлап қойдым (Шымк., Сайр.).

**БАЙЛАУ ІІ** (Қар., Ағад.) баска тартатын орамал, қосынқа.

**БАЙЛАУЫШ** (Алм., Нар.; Сем.: Абай, Акс., Аяг., Көкп.; Шығ. Қаз.: Зайс., Мар.) баска тартатын жеңіл орамал. Оған магазиндегі байлауыш өте ұнады. Анау қызыл байлауышты бала менің бауырым (Алм., Нар.).

**БАЙЛЫ** (Орал, Жән.) мықты, тиянақты. Істің басы байлы болса, түбі сайлы олады (Орал, Жән.).

**БАЙПАҚ І І.** (Алм., Жам.) мәсі. Шалдар аяғына байпақ киеді; 2. (Түрікм.: Красн., Ашқ., Жеб., Небид.; Акт., Қараб.) пима. Биыл байпақ кимесем болмайды, аяғым ауырып жүр; 3. (Жамб., Жам.) шұлық. Ол магазиннен

байпақ алып келді, бірақ маған сый-  
мады (Жамб., Жам.).

БАИПАК II (Гур., Маңғ.) сарып ауруы.  
Байпақ болған мал жүре алмай қала-  
ды. (Гур., Маңғ.).

БАИПАК ЕН (Гур., Маңғ.) койдың  
құлағына салынатын еннің бір түрі.

БАИРАЗЫШЫ (Гур., Есб.) той бас-  
қарушы. Сол тойда байразышы сен  
болсаң! (Гур., Есб.).

БАИРАҚ I (Жамб., Шу; К. орда:  
Қарм., Сыр., Арал; Гур., Маңғ.) ту, жа-  
лау. Колхоз, совхозаралық байрақты  
біздің ел талай жеңіп алған еді (Жамб.,  
Шу).

БАИРАҚ II (Түрікм.: Красн., Небид.,  
Ашх., Таш., Мары; Гур., Маңғ.; Карак.)  
бәйге, жұлде. Бұл — талай байрақ  
алған жігіт. Байраққа жүз мәнет ал-  
дым. (Түрікм., Красн.).

БАИРАНДАУ (Қост., Жан.) тайран-  
дау, еркінсу. Есімізге ит біткен жоқ,  
байраңдап барады (Қост., Жан.).

БАИРЫҒЫ (Қост., Торғ.) бірнеше  
бұзаулаған. Неше байрығы сыйырың  
бар, Сәке? (Қост., Торғ.).

БАИРЫҚТЫ (Қар., Ұлы; Қост., Торғ.;  
Гур., Маңғ.) жастай, қыздай. Бұл менің  
байрықты алған әйелім ғой (Қар.,  
Ұлы.).

БАЙТАБА (Шымк.: Сайр., Қызылк.;  
Түрікм.: Мары, Байр.; Орал: Чап.,  
Жымп.; Гур., Маңғ.; Жамб., Шу; Орын.:  
Ад., Бөр.) жүннен тоқылған шұлғау.  
Бұлар дегенің байтабасын күн ыс-  
сыда да орап жүреді (Түрікм., Ашх.).  
Ілгеріде байтаба жасап киеді екен  
(Жамб., Шу). Қар жауар күн-түн оның  
қабағынан, Жамбылар байтабасын  
балағынан (Гур., Маң.). «Камбарда»:  
Байтабасын басып сүйретіп, құл да  
кетіп барады, Әзім ханға барғалы, На-  
зымға көзін салғалы (Ж. Доск., К. тіл.  
ж. ер., II, 1955). Өзбекше — пайтаба  
(Узб.-рус. сл., 1959); тәжікше — поитова  
(Рус.-тадж., сл.); қарақалпақша — пай-  
таба (Рус.-карақ. сл., 1947).

БАЙТЕСЕ I. (Жамб.: Жу., Св., Шу)  
түрегіп тұрып ағашты шабатын шот.  
Чығғи болмағаннан кейін байтесе мен  
чапқан екен (Жамб., Шу); 2. (Шымк.,  
Сайр.) жер қазатын құрал. Үйдегі бай-  
тесе қайда? (Шымк., Сайр.).

БАИ-ШАЙЫ (Алм., Шел.) әй-шайы.  
Асының биігінен қараң етіп жоқ болған,  
бай-шайы жоқ марал еді (Алм.,  
Шел.).

БАЙШЫГЕШ (Сем., Абай) бай, аukat-  
ты, тұрмысы жақсы. Бір магазинде

Абай керей тымағын киген, түйе жүн  
шекпені бар сондай бір байшыгешті  
байқады (М. Әуезов, Абай жолы, II,  
455).

БАЙЫМ ҚЫЛУ (Алм., Қарат.) хабар  
беру, білдіру, айтып бару. Патшаға  
уәзірлер байым қылды, келді деп  
екі бала сұрап сізді (Алм., Қарат.).

БАЙЫР (Гур., Есб.) тәуір. «Жылма»  
деген байыр дәрі (Гур., Есб.).

БАЙЫРҚАУ (Гур., Маңғ.) басылу.  
Ашуы кішкене байырқасын. Мал-  
дың ауруы қазір байырқайын деді  
(Гур., Маңғ.).

БАЙЫС (Қост., Ордж.) батыс. Бұл  
жерде жауын бұлты күн байыстап  
келеді (Қост., Ордж.).

БАЙЫТУ (Шығ. Қаз., Зайс.) қамау,  
қораға кіргізу. Кешкі сағат 6—7 кезінде  
қойды қораға байытамыз (Шығ.  
Қаз., Зайс.).

БАҚОС (Қост.: Фед., Семноз.) орақ,  
шөп шабу. Егінді салып болған соң көп  
кешікпей бақоске шығушы едік (Қост.:  
Фед., Семноз.). К. бәкөс.

БАҚА (Қост., Жан.; Орал, Чап.) 1.  
аласа, тапалтақ. Ол бақа адам екен  
ғой! (Орал, Чап.); 2. ең кішкене. Кестені  
тек бақа інemen тігеді (Қост.: Фед.,  
Семноз.).

БАҚАДАР ӨЛІНШЕ (К. орда, Қарм.)  
өз әліне, шамасына қарай. Әзіне тиісті  
жұмысты Алпысбай да бақадар әлі-  
ше істеген шығар-ау (К. орда, Қарм.).

БАҚАЙ I (Қост.: Фед., Семноз.) ескі  
жер ағаштың ұшындағы темірі. Біздің  
бала кезімізде егінді бақаймен айдап  
жатушы еді (Қост.: Фед., Семноз.); 2.  
(Қар., Ұлыт.) өзеннің тармағы. Бір топ  
ел үлкен бақайда отырған (Қар.,  
Ұлы.); 3. (Қар., Шет; Шығ. Қаз.: Зайс.,  
Қатон.) арба дөңгелегінің шабақтары.  
Мына арбаның бақайлары сынып  
түр ғой! (Шығ. Қаз., Зайс.).

БАҚАЙ ӘДІС (Шығ. Қаз., Зайс.) ку-  
лық, арам ой. Шығалида бақай әдіс  
күшті еді. Шын айтқанын естігенім жоқ  
(Шығ. Қаз., Зайс.).

БАҚАЙ ЕТЕК (Қост.: Фед., Семноз.)  
шымалдықтың төменгі етегі. Шымал-  
дықтың бақай етегі кірлепті, күн  
ашылысымен жуып ал! (Қост.: Фед.,  
Семноз.).

БАҚАЙЛАУ (Алм., Шел.) байлау..  
Атты бақайлап қойған еді (Алм.,  
Шел.).

БАҚАЛ I (Жамб., Шу) ұсақ-түйек са-  
татын саудагер. Чыны бақалдың қо-

лына түссе, қымбат сатады (Жамб., Шу.).

**БАҚАЛ II** (Сем.: Акс., Абай.) мықыр, тапал адам. *Алдымызда келе жатқан бақал кісі Әйтмнің бауыры. Өспей қалған нәрселерді де бақал деп айтамыз* (Сем., Акс.).

**БАҚАЛ III** (Қ. орда: Сыр., Жал., Шиелі; Жамб., Шу; Алм., Іле) бидайдың келтегі, дәні түспей қалғаны. *Зәрлі жұмысың болмаса, жүгерінің бақалын жинасып жібер* (Жамб., Шу.). *Комбайнмен қанша таза жиналғанымен бидайдың бақалы байқалады* (Қ. орда, Жал.).

**БАҚАЛ IV** (Қост., Аман.) қисық, қыныр. *Ол өзі бір бақал адам* (Қост., Аман.).

**БАҚАЛАҚ I** (Гур., Маң.) бір нәрсенің аяқ жағы, стек жағы. *Ұршықтың қаңғалағы кебеженің бақалақ жағында жатыр* (Гур., Маңғ.).

**БАҚАЛАҚ II** (Қ. орда, Арал) қарғаша, жіпсе (қ.), құранды есіктің тактайларын ұстау үшін қағылған көлденең ағаш. *Бақалақ 2—3 жерден қағылады* (Қ. орда, Арал).

**БАҚАЛАҚ III I.** (Акт., Ырғ.) қол диірменнің ортасындағы айыр ағашы; 2. (Жамб., Шу) қол диірменнің астыңғы тасының дінгегі.

**БАҚАЛАҚ IV** (Акт., Ырғ.) шығырдың тіс ағашы. *Бақалақ шығырдың дөңгелегінде болады* (Акт., Ырғ.).

**БАҚАЛАҚ V** (Алм., Талд.) бидайдың түспей қалған басы (Алм., Талд.) **Қ. бақал III.**

**БАҚАЛАҚ VI** (Орын.: Ад., Бөр.; Орал, Чап.) дөңгелектің шабағы.

**БАҚАЛАҚ VII** (Түрікм., Красн.) бүркіттің екі аяғының ортасына салатын шынжыр. *Бақалақты бүркітті жаңадан қолға үйрете бастағанда екі аяғына салады* (Түрікм., Красн.).

**БАҚАЛАҚ VIII** (Қост.: Фед., Семиоз.) шымылдықтың бау өткізетін балдағы, сырғасы. *Шымылдықтың бақалағы жалпақ болса, қосымша көрік береді* (Қост.: Фед., Семиоз.).

**БАҚАЛТАҚ** (Сем., Абай) келте, аласа. *Мына тары бақалтақ болып шығыпты. Бақалтақ егіс комбайнға ору үшін қолайсыз* (Сем., Абай.).

**БАҚАЛЫ** (Алм., Еңб.) топанның ұсағы. *Бақалы соломды бидайдың бетінен сыпырып аламыз* (Алм., Еңб.).

**БАҚАНА** (Гур., Маңғ.) шаңырақ күлдіреушінің арасындағы ағаштар.

**БАҚАНАҚ // СӨГІЛМЕ** (Жамб., Шу)

тері мен тұяқтың айқасқан, қосылған жері.

**БАҚАН САЛДЫ** (Жамб., Талд.) қыз ұзатқанда алынатын кәде. *Бүгін күйеу келеді, бақан салдысың аламыз* (Жамб., Тал.).

**БАҚА ПІСТІ** (Жамб.: Тал., Сар.) қарлымқаш (ойынның түрі). *Ойынның ең жақсысы «бақа пісті»* (Жамб., Сар.).

**БАҚА ТЕРЕК** (Жамб., Шу) тарбиып шығатын теректің түрі. *Бақа терек ақ терек пен көк теректен гөрі мықты болады* (Жамб., Шу).

**БАҚАУЫЗ I** (Алм.: Еңб., Іле; Сем.: Абай, Шүб., Көкп., Акс.) шамның решеткесі, шілтері. *Шамның басындағы бақауызындағы шаңды сұрт* (Алм., Еңб.). *Пияламыз сынып қалып бақауыз жағып отырмыз* (Сем., Абай).

**БАҚАУЫЗ II** (Жамб., Шу) арбаның октық (жетек) ағашын бекітетін алдыңғы дөңгелекке орнатылған ағаш (Жамб., Шу).

**БАҚАУЫЗ III** (Қ. орда: Қарм., Жал., Сыр., Шиелі) құрал-сайман салатын қойма. *Балам, бақауыздағы кемпірауызды әкеле ғой* (Қ. орда, Сыр.).

**БАҚЗҰР** (Қост., Жан.) босқа, жай, хабарсыз. *Ол бақзұр, жай жүрген адам* (Қост., Жан.).

**БАҚҚЫ** (Қ. орда, Арал) бағу. *Баққыдағы мал жайы жаман емес* (Қ. орда, Арал).

**БАҚҚЫҒА ҚОЮ** (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) семіртуге қою, жемге байлау. *Өткен жылы бір атанды баққыға қойып, сойып алдым* (Түрікм., Красн.).

**БАҚПА I.** (Қ. орда, Сыр.; Жамб., Луг.) балалар бақшасы. *Балалар бақпада жақсы тәрбиеленеді* (Жамб., Луг.); 2. (Акт., Ырғ.) бағу, күту, күтім. *«Коминтерн» колхозының екі жүйрік аты бақпада тұр* (Акт., Ырғ.).

**БАҚСА** (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) лайдан құйып жасаған қабырға. *Енді бір қатар етіп бақса соғу керек болып тұр* (Түрікм., Таш.). *Өзбекше — пахсақабат* (Ұз.-рус. сл., 1959), *қарақалпақша пақса — қабырға* (Қарак.-рус. сл., 1958).

**БАҚТАНШЫ** (Алм., Кер.) бақташы. *Он бес жылдай колхозда бақтаншы болып істедім* (Алм., Кер.). *Шопандар мен сақманыш, Екінші тыңда бақтаншы, Малдың басын көбейтіп, Төл өсіріп мақтаншы* (Қ. Әзірбаев, Шығар., 102).

**БАҚУАТ** (Шымк., Лен.) қуатты, күшті. *Қодар бақуат кісі* (Шымк., Лен.).

**БАҚША ШАШУ** (Кост.: Фед., Семноз.) бақша егу. *Бұл жылы бақшаны кеш шашсақта, өнімі жаман болған жоқ* (Кост.: Фед., Семноз.).

**БАҚША ШОТ** (Гур., Есб.) кетпен. *Бүгінше бақша шотыңды берші?* (Гур., Есб.).

**БАҚШИТУ** (Шымк., Түлк.) таныту, көзін аштыру. *Көзіңді бақшитамыз ғой* (Шымк., Түлк.).

**БАҚЫЛ** (Жамб., Шу) саран. *Қылмаған әлім-берім бақылдардан өзіндей нәкус бала туылады* (Жамб., Шу).

**БАҚЫЛЛЫҚ** (Жамб.: Луг., Шу) сарандық. *Қарынбай қылып өткен бақыллылық, жолдастар, әлің келсе, қыл сақылдық* (Жамб., Луг.).

**БАҚЫР I** (Кост., Жанг.; Қ. орда, Сыр.; Жамб.: Қорд., Шу.; Сем., Абай) шелек. *Суды бақырға құя ғой* (Жамб., Қорд.). — *Жаңыл-ай, күйентенді берші, екі бақыр су әкелейін* (Кост., Жанг.); 2. (Алм., Жамб.) қаңылтыр. *Бақырдан, тегі, ыдыс-аяқтың бәрін де жасауға болады* (Алм., Жам.); 3. (Гур., Маңғ.; Сем.: Акс., Көкп.; Түрікм.: Ашх., Таш., Мары; МХР, Баян.) бақыраш, үлкен ожау. *Қазанның суын бақырмен ары-бері сарқып таста!* (Гур., Маңғ.); 4. (Көкш., К. ту.) үлкен қазан. *Бақыр суға толып тұр* (Көкш., Қыз.); 5. (Алм.; Жамб., Шу) ұсақ тиын. *Бақырың бар ма?* (Жамб., Шу).

**БАҚЫР ШАЙҚАУ** (Шығ. Қаз., Зайс.) кенді тазалау, жуу. *Омаров бақыр чайқап жатыр. Біздің өндірісте бақыр чайқаушылар көп* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БАҚЫРШЫ** (Шығ. Қаз., Зайс.) кен теруші, жер бетіндегі кенді жинап, теріп алушы. *Осында бақыршылар мол* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БАҚЫРЫП КЕТУ** (Алм., Еңб.) қатты ашу. *Менің ұйытқан айраным бақырып кетіп, қонаққа сусын бере алмадым* (Алм., Еңб.).

**БАҚЫТЫМЫЗҒА ЖАРАЙ** (Шығ. Қаз., Больш.) бақытымызға қарай. *Бақытымызға жарай осылай шешілді бұл іс* (Шығ. Қаз., Больш.).

**БАЛ I** (Кост., Об.; Сем., Абай) шайылған шөптің бөкесі, жолы. *Шөпті таза жимайсың, арада бал қалыпты* (Кост., Об.). *Шөпті бал қалдырмай жию керек* (Сем., Абай.).

**БАЛ II** (Ақт., Ойыл.; Гур., Есб.) кішкене арық. *Суырмаға жүрегізген бал биылмен жеті жылға жарады* (Ақт.,

Ойыл.). *Балды реттемесе, су жүрмей қалады* (Гур., Есб.).

**БАЛА-БАЖЫР** (Гур.: Шевч., Маңғ.) бала-шаға. *Бала-бажырмен жылқы суғара алмайсың* (Гур., Маңғ.).

**БАЛАБАЙ** (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) арба дөңгелегінің кіші түрі. *Балабайдың шеңберін әлі тартпапты* (Түрікм., Таш.).

**БАЛА-БОТА** (Алм., Шел.) бала. *Сен бізге бала-бота бола ғой, әке!* (Алм., Шел.).

**БАЛАҒАН** (Қар., Карк.; Алм., Кер.) күрке. *Балағаннан басын қотитып қарап тұрған кім десем, Ақан екен* (Алм., Кер.).

**БАЛАҒАШ** (Сем., Абай) күрке, балаған. *Киіз үй жоқтар балағаш тігіп отырады* (Сем., Абай).

**БАЛАҒЫНАН ГҮЛДЕУ** (Шымк.: Түрк., Сарағ.) бұтақтардың сағасынан яғни түбінен басына қарай гүлдеуі.

**БАЛА ЖАРМА** (Қ. орда.: Қар., Жал., Сыр.) кішкене арық. *Бұл күнгі қаңалға қарағанда бұрынғылар бала жарма ғана болатын* (Қ. орда, Сыр.).

**БАЛА ЖҰБАТАР** (Түрікм., Красн.) ән, күй, өлең. *Бала жұбатыры бар жігіт* (Шағын өнері бар жігіт) (Түрікм., Красн.).

**БАЛА ИҮҒЫ БОЛУ** (Орал., Жән.) жәрдемші болу. *Зейнеш маған балаиығы болды. Енді мен жұмыс істеуді қойдым.* (Орал, Жән.).

**БАЛАҚАН** (Қ. орда, Қарм.) ботакан. *Балақандарын ертіп жүргенде көрсең түйелерді, жарасымды емес пе?!* (Қ. орда, Қарм.).

**БАЛАҚПАН** (Кост.: Жан., Аман.) сақпан (тарсылдайтын ұзын кыл бишік). *Балақпанға торғайың онша қорқатын емес* (Кост., Жан.). *Балақпанмен шошыта білсең, егінге торғай жуымайды* (Кост., Аман.).

**БАЛА ҚҰШАҚТАУ** (Алм., Жамб.) егіннің бастануы, дән салуы, толыға бастауы. *Колхоз жүгерісі бала құшақтады* (Алм., Жамб.).

**БАЛАМАҒОЛ ЕР** (Түрікм.: Көнеур., Таш.) екі басы тік келген ердің түрі. *Қазақтың өз ері баламағол ер емес пе?* (Түрікм., Көнеур.).

**БАЛАМАН ЕР** (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж., Ашх.) балаларға арналып жасалған әшекейлі ер. *Сендерде де болған шығар баламен ер* (Түрікм., Ашх.).

**БАЛА ӨНДІРУ** ((Сем.: Абай, Шүб.) балапандау. *Жыл сайын қарлығаш келіп*

осында бала өндіреді. (Сем., Абай).

**БАЛАПАН ҚАРАҒАЙ** (Шығ. Қаз., Больш.) жас, балғын қарағай. *Осы жерде балапін қарағайлар жиі екен* (Шығ. Қаз., Больш.).

**БАЛАТТЫЛАУ** (Алм., Шел.) илеу. *Теріні адыраспанмен балаттылады* м (Алм., Шел.).

**БАЛАТЫ** (К. орда, Қарм.) түсі көк, майда жапырақты, көп буынды, бойы жарты метр, алаңқа табанға шығатын ашы шөп. *Балатыны күз айында түйе жейді, жылқы, қой жемейді* (К. орда, Қарм.).

**БАЛАУ I** (Шығ. Қаз., Зайс.; Алм., Кег.). ауыру, әлсіздену. *Бойым балап тұр, тауға чыға алатын емеспін* (Алм., Кег.). *Бүгін жұмыстан кейін денем балап тұр, шаршаған болсам керек* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БАЛАУ II** (Алм., Қарат.) байқау. *Бақтының би екенін балап қалды* (Алм., Қарат.).

**БАЛАУ III** (Сем., Ұрж.) көк шөп. *Төл отыққан соң алдына балау мен тұз қоямыз* (Сем., Ұрж.).

**БАЛАУ IV** (Сем.: Акс., Көкп.) палау. *Ол қанақтарға балау әзірледі* (Сем.: Акс., Көкп.).

**БАЛАУҚА** (К. орда, Қарм.) түсі сары қызғылт, кішкене, сопақ, дәмі тәтті тағамдық ас қабақ. *Балауқа сор (лы) жерге шықпайды, көгермей шіріп кетеді* (К. орда, Қарм.).

**БАЛАШЫҚ** (Алм., Шел.; Сем.: Абай, Көкп., Акс.) аласа, жас қарағай. *Балашықтар үлкейіп қапты* (Сем., Абай). *Қашқан қоян балашықтың ішіне кірді де кетті* (Алм., Шел.).

**БАЛБЕРКЕ** (Гур., Бакс.) қолынан іс келмейтін, адам. *Бәрің де кісіні бала сияқты балберке жасайсыңдар* (Гур., Бакс.).

**БАЛБЕРКІ** (Гур., Маңғ.) ауды көтеріп тұратын қалтқы. *Құмсыз жер болмас, балберкісіз ау болмас* (мақал) (Гур., Маңғ.).

**БАЛБИДАЙ** (К. орда: Қарм., Сыр., Шиелі, Арал) астықтың жауын астында қалып бұзылған, өзі қарайған кезі. *Биыл жауын өте мол жауып, бидай балбидайға айнала бастады* (К. орда, Қарм.).

**БАЛҒАУЫЗ** (Сем.: Акс., Көкп.) шеге суыратын балға. Балғаның басында шегені іліп алып тартатын жырығы болады. *Балғауызбен аттың тағасындағы шегені де алады* (Сем., Акс.). Мұнын

теркіні «балық — ауыз» болу керек. К.: кемпірауыз, балығауыз.

**БАЛҒЫН** (Жамб., Мер.) ырғай сияқты ағаш. *Балғын тауда өседі* (Жамб., Мер.).

**БАЛДАҚ I** (Түрікм.: Таш., Көнеүр., Тедж., Мары, Байыр.) мақтаның сабағы.

**БАЛДАҚ II** (Шығ. Қаз., Күрш.) үлкен лөкет пышақ. *Сыйырды балдақпен сойды* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**БАЛДАҚ III** (Сем.: Шүб., Абай; К. орда, Жал.; Алм., Жамб.; МХР, Баян.) шалбардың белбеу өткізу үшін және шымылдықтың бау өткізу үшін жасалған ілгектері. *Сымыңның балдағы үзілген екен* (Сем., Абай, Шүб.).

**БАЛДАҚ IV** (Алм., Жамб.) пышақтың мойнына кигізетін сақина. *Пышақты саптағанда ұстағалар оның мойнына жезден балдақ кигізеді* (Алм., Жамб.).

**БАЛДАМА АШУ** (Сем.; Абай) бал ашу. *Ол балдама ашушы еді* (Сем., Абай.).

**БАЛДЫРҒАН** (Жамб., Шу) түйе жейтін шөптің бір түрі.

**БАЛЖУРАН** (Жамб., Мер.) таулы жерде өсетін адам жейтін өсімдік түрі. *Балжуранның тамырын кептіріп, тері бояйды. Балжуранның тамырын чүкір деп атайды* (Жамб., Мерк.).

**БАЛИҒЫ** (Қост.: Торғ. Жан.) ер жете бастаған кез. *13—14 жаста баланың балиғы кезі болады.* (Қост., Торғ.).

**БАЛҚАЙМАҚ** (Түрікм.: Красн., Ашх., Тедж.; Гур., Маңғ.; Павл., Ерт.) түйе сүтін қайнатып қойылтады да суығаннан кейін дөңгелек пішінге келтіріп, ортасын теседі, кебе бастаған кезде тесігінен жіпке тізіп іліп қояды. *Балқаймақты бір жеп көрсең, дәмі аузыңнан кетпейді* (Гур., Маңғ.).

**БАЛ ҚАСЫҚ** (Орал: Чап., Қазт.) шай қасық. *Моншақ, ана бал қасықты әперші!* (Орал, Қазт.).

**БАЛҚАШ I** (Орын., Ад.) балшықты, сазды жер. *Екі ауылдың арасында бір балқашты жері бар, машиненің өтуі қиын...* (Орын., Ад.).

**БАЛҚАШ II** (Көкш.: Шуч. Еңб.) оттығы, суы мол, көк майса. *Мынау бір балқаш жер екен!* (Көкш., Шуч.).

**БАЛҚАШТАУ** (Қост., Жан.) толықша, толықтау. *Бригадирлерің орта бойлы, толық балқаштау жігіт екен* (Қост., Жан.).

**БАЛҚАШ ҮЙ** (Тау., Қош.) қыш, балшық кірпіштен салынған үй. Бұл жаққа Балқаш деген тау аты да бар. Алтай тілінде *балқаш* сөзі лай, батпақ деген мән-



де қолданылады. *Балқаштау* — лайланған, кірленген деген мағаналарды білдіреді.

**БАЛҚОРҒАСЫН** (Алм., Жамб.) көк жапырақты қурай; таулы жерге де шығады. *Балқорғасынды мал сүйіп жейді* (Алм., Жамб.).

**БАЛҚОСПАҚ** (Орал, Чап.) лөк пен таза айыр інгеннен туған түйе.

**БАЛМҰРЫН** (Орал, Қарат.) итмұрын. *Балмұрын шөп жүрек ауруын кеседі* (Орал, Қарат.).

**БАЛНИСАХАНА** (Шымк., Шу.) Аурухана.

**БАЛПАК** // **БАЛПЫҚ** (Қ. орда, Арал; Орал: Қарат., Жән.; Акт., Ырғ.) саршұнақтың құмды жердегі бір түрі. *Балпақты қақпан құрып ұстаймыз* (Акт., Ырғ.). *1-Майға дейін балпақ тышқан аулауда пошсиндикат жоспарын 58,5 проц. орындады* («Екп. балық», № 23, 1932). *Балпақ — бидайдың жауы* (Орал, Қарат.).

**БАЛПЫШ** (Қ. орда, Арал) шабан, жұмысқа көп жүріп қажыған мал. *Ауылдан мініп шыққан түйелер балпыш еді* (Қ. орда, Арал).

**БАЛТЫҒУ** (Гур., Есб.) малтығу. *Бұл айғыр өткен қыста қалың қарға балтығып жүре алмаған* (Гур., Есб.).

**БАЛУАН ЖАНОЗ** (Акт., Ойыл.) мойынтұрықтың ішкі жағынан салынатын берік жұмыр ағаш. *Қамыттың балуан жанозы бар ма екен?* (Акт., Ойыл.).

**БАЛУАН ҚАЙЫС** (Орал, Қар.) сүйрейдің нәрселерді қамытқа қосатын қайыс.

**БАЛУАН СОПИ** (Орын., Ад.) мойынтұрықтың іш жағындағы қазығы. *Балуан сопи көбінесе ағаштан болады* (Орын., Ад.).

**БАЛ ШӨЛМЕК** (Гур., Маңғ.) банка. *Бал шөлмекті сындырып алып жүрме* (Гур., Маңғ.).

**БАЛШЫҚ** (Қост., Жетіғ.) әк, ақтас, извесь. *Пенжегіңді былай іл, балшық қалмасын* (Қост., Жетіғ.).

**БАЛЫҒАУЫЗ** (Қост., Жанг.; МХР, Баян.) тістеуік, шеге суырғыш. *Есік ағаштың шегесің суырайын деп едім, балығауызың бар ма?* (Қост., Жанг.).  
**Қ. кемпірауыз, атауыз, балғауыз.**

**БАЛЫҚКӨЗ** (Алм., Шел.; Жамб., Шу) ешкі малы сүйіп жейтін ащы шөп. *Балықкөз кеірек, майдың аяғында чығарды* (Жамб., Шу).

**БАЛЫҚ БАҒУ** (Шығ. Қаз., Больш.) қармаққа балық іліну.

**БАЛЫҚ ҚАРЫН АРА** (Қост., Жанг.) құрт. *Балық қарын ара деп шервекті айтады* (Қост., Жанг.).

**БАНА I** (Шығ. Қаз.; Құрш.) пана. *Жауынды ағаштың банасы жоқ* (Шығ. Қаз., Құрш.).

**БАНА II** (Гур., Есб.) мана. *Банадан бері салмаған шайдың енді керегі не?* (Гур., Есб.).

**БАНАҒЫ** (Көкш., Қ. ту.) манағы. *Көлдің шетінде банағы кісіні тастап кетті* (Көкш., Қ. ту.).

**БАП I** (Шығ. Қаз., Зайс.) жалбыз тәрізді шөп. *Мен суық ұстап ауырсам болғаны бапқа оранып жазылып кетем* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БАП II** (Жамб., Жуалы) әулие. *Сайрамда бар сансыз бап, Түркістанда бәрінен үлкен Арыстан бап* (Жамб., Жуалы.).

**БАПА** (Қост., Жан.) қамыстың басындағы үкісі, ұлпасы. *Қамыстың басы бапалап қалған екен* (Қост., Жан.). *Қамыстың бапасы аяғының шуашы бар адамға пайдалы болады* (Қост., Торғ.).

**БАПАЙЫН-САПАЙЫН** (Жамб., Қорд.) алба-жұлба. *Чашым бапайын-сапайын боп кетті* (Жамб., Қорд.).

**БАПАЛАУ** (Гур., Есб.) мәпелеу. *Баланы бапалап қалай тәрбиелейін, қызметтен қол босамайды?!* (Гур., Есб.).

**БАПАН** (Сем., Ұрж.) мықты, жүйрік. *Сәрсенбаев сапансың, Бос сөзге сен бапансың* (Сем., Ұрж.).

**БАПАНДАЙ** (Сем.: Ақс., Көкп.) маман, аса жетік. *Мен бұл жұмысқа бапандаймын* (Сем., Ақс.).

**БАПЛАУ** (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) алдау, отырғызып кету. *Ол мені баплап кетті* (Түрікм., Көнеүр.).

**БАПТАМА ТЕЗЕК** (МХР, Баян.) қолмен жайған тезек.

**БАПТАУ АГРЕГАТЫ, ТРАКТОРЫ** (Шымк.: Түркіс., Сарағ.) мақта өсімдігін баптайтын машиналар. *Баптау агрегаттарын тиімді пайдалануды ұйымдастыру үшін оларды және мақталықты механизаторларға бекітіп қою керек* (Шымк., Түркіс.).

**БАРАБАН I** (Қ. орда., Арал) мұз қоймасынан мұз тартушы құрал.

**БАРАБАН II** (Гур., Маңғ.) мұнай өндірісіндегі айналмалы тегершік. *Барабан арқылы мұнай өндіргіш қачалкалар жұмыс істейді* (Гур., Маңғ.).

**БАРАБАНШЫ** (Қ. орда, Қар.) комбайнға бидай тастаушы. *Барабаншы Жанғоспай комбайнға әкеп беріп отыр* (Қ. орда, Қарм.).

**БАРАҒЫРАҚ** (Шымк., Қызылқ.) аз-

дап бар. *Кемшілігің барағырақ* (Шымк., Қызылқ.).

**БАРАДУР** (Жамб., Қор.) барады. *Райымбек келісімен ертең Қырғызстанға барадур* (Жамб., Қор.).

**БАРАДЫ ЕДІ** (Қост., Аман.) 1. баратын еді; 2. бара жатыр еді. *Ол б-ау-ылаға барады еді* (Қост., Аман.).

**БАРАЖАҚ** (Гур., Есб.) барады, бармақты. *Қызметі боп қалмаса, Сәбит ауданға баражақ* (Гур., Есб.).

**БАРАН I** (Алм., Кег.) жария. *Бұл жұмысты ел ішінде баран қылды* (Алм., Кег.).

**БАРАН II** (Жезк., Ұлы.) берен (мылтық). *Аңшы баран мылтығымен аңға шықты* (Жезк., Ұлы.).

**БАРАНЫ ҚАШУ** (Қост., Жанг.) үрейі қашу. *Бараны қашып, сөйлей алмай тұр.* (Қост., Жанг.).

**БАРАР-ЖОҒЫ** (Қост., Торғ.) барар-бармасы. *Менің о жаққа барар-жоғым белгісіз* (Қост., Торғ.).

**BARDAK I** (Сем.: Ұрж., Мак.) үйге қойылатын тіреудің басынан өткізетін ағаш; 2. (Шығ. Қаз., Күрш.) саржандап салған кесінді ағаш. *Ағашты кесіп, саржандап бардақ қып көп үйеміз* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**BARDAK II** (Алм., Кег.; Шығ. Қаз.: Больш., Тарб., Зайс.) ауқатты, дәулетті. *Бұрын бардам адамдар ғана егін салдырған.* (Алм., Кег.). *Ол бұрын бардам адам болған* (Шығ., Қаз.: Тарб., Зайс.).

**BARDEK** (Жамб., Қор.) жүгері дәнін ұрып алғаннан кейін қалған собығы. *Бардегін бір шетіне жи* (Жамб., Қор.).

**БАРЫЗ** (Гур., Тен.) желкен. *Жігіттер, шайларынды ішкен соң барыздарыңды көтеріп Жесткийге қарай жүріңдер. Шәку, сенің барызың бүтін бе?* (Гур., Тен.).

**BARQINDY JER** (Сем., Абай) отты жер, шөбі шүйгін, суы мол, малға жайлы жер. *Бақанас маңайы барқынды жер ғой* (Сем., Абай).

**BARLAU** (Түрікм. қаз.) тексеру. *Ертең колхозға барлаушы келіп, барламалы* (Түрікм. қаз.).

**BARLAUSHY** (Түрікм.: Ашх., Тедж.) тексеруші. *Ертең барлаушы келеді. Соған таярланбалы* (Түрікм., Таш.).

**BARMAQHAN** (Гур., Маңғ.) камырын қолмен үзіп-үзіп көжеге салатын нан (кеспе орнына қолданылады).

**BARHA** (Қарак. қаз.) ылғи, әрдайым, өне бойы. *Менің балам мектепке барна барып тұрады, қалмайды* (Қарак. қаз.).

**BARSHAHALYKTYK** (МХР, Баян.) бүкіл халықтық. *Осы мүмкіндікті іс болғызу үшін барша халықтық социалістік жарыста көтеріңкі нәтижеге қабилдадым* («Ж. өм», 1985).

**BARSHYNDAYU** (МХР, Баян.) жалтақтау. *Сауда-саттықпен араласып, өзің айтқандай ебін тауып, есебінен жаңылмай да жүрдік. Енді ме, енді баршындап қалыппыз* (Құрманхан, 89).

**BARBY** (Гур., Маңғ.) бәрі. **BARYKSYZ** (Гур., Маңғ.) парықсыз. **BARYKTAU** (Алм., Шел.) анықтау, білу. *Сыырыңды қасқыр жеді ме, барықта, маған қиянат істеме* (Алм., Шел.).

**BAS I** (Алм., Қарат.) ұршық басының толған түрі. *Мен бүгін үш бас иіріп нормамды орындадым* (Алм., Қарат.).

**BAS II** (Көкш., К. ту) тігулі тұрған асықты ататын сызық. *Бастың бер жағында тұрып аттың, қайта ат!* (Көкш., К. ту.).

**BASA-BAS** (Түрікм.: Такта, Таш., Көнеур., Тедж., Ашх., Красн.) баса-баса. *Ширек аяғы ғой, пағаны баса-баса қоймаса болмайды* (Түрікм., Көнеур.). *Түрікменше баса-бас* (Хазирки заман туркмен дили, Ашгабат. 1960. 124).

**BASAJLA** (К. орда: Сыр., Тер., Жал.) тарыдан жасалған қоюлау көже.

**BAS ALMA** (Акт., Жұр.) ұршықтың басындағы қаңғалағын суырып алып толтыру. *Бас алма нән болады* (Акт., Жұр.).

**BAS ARYK // ЖЕЛКЕ АРЫК** (Жамб., Шу) он, он бес гектар немесе одан да көп я аз келген егіндік жердің басынан жүргізілген арық. *Бас арыққа екі-үш құлақ су сияды* (Жамб., Шу).

**BASAT** (К. орда, Арал) теңіздің кең қолтығы, қойнауы (теңіздің құрлық жерге қарап сұғынып бөлініп шыққан кең қойнауы. *Теңіз суы кеміген кезде, кейбір жерлердің суы басат-басат болып қалады*) (К. орда, Арал).

**BAS JUMYCS** (Сем., Абай) адамның жеке басына тән іс қағаз аты. *Екі оқушыны бас жұмысы болмағандықтан мектепке қабылдамады* (Сем., Абай).

**BAS JELKEN** (Түрікм.: Красн., Қиян., Қулы) қайықтағы желкендердің ішіндегі үлкені.

**BAS KEKESI** (Сем., Абай) араздық, *Егін жаны мен су жүретін кіші арықты бас жіп дейді* (Қост., Аман).

**BAS KEKESI** (Сем., Абай) араздық, бас кегі. *Олардың арасында ешбір бас кекесі жоқ* (Сем., Абай).

**БАС КЕСУ** (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) күдер үзу, түңілу. *Ондай болу үшін машкалаңнан бас кесу керек* (Түрікм., Красн.).

**БАС КЕҮІТ** (Түрікм.: Красн., Бекд., Киян., Кулы.) кемедегі ас пісіретін бөлме. Түрікменше *кейфут* — каюта (Рус.-түркм. сл., 1956).

**БАС КӨТЕРУ** (Шымк., Түлк.) койға шабу, койға қарау. *Сүмбіле туған соң қозы қошқар да бас көтереді* (Шымк., Түлк.).

**БАСҚАДАЙ** 1. (Сем.: Шүб., Акс., Көкп.) басқаша айту, өзгеше айту. *Біз картопия десек, оны Зайсанда басқадай айтады* (Сем., Шүб.); 2. (МХР, Баян.) тағы басқа. *Мекемелер овоц өсіруді әжептәуір жүргізсе, сұмың орталығындағы ауыл-үйлердің бірқыдыруы мал азығы үшін сұлы басқадай өсімдіктер егуді өрістетті* («Ж. өм», 1985, 7. XI).

**БАСҚАҚ** (Ақт., Жұр.) қой ауруы. *Басқақпен ауырған мал шөпті тойып жемейді* (Ақт., Жұр.).

**БАСҚАЛДАҚ** I (Қ. орда, Арал) екі-үш түйе қамыс не топырақ апарып тастап, теңіз жағасынан үкі(к.) салу үшін сайлаған орын. Үкі салатын жерде *басқалдақ болмаса, иесі жоқ дегенді білдіреді. Ертеде әркім өзіне басқалдақ иеленетін* (Қ. орда, Арал).

**БАСҚАЛДАҚ** II (Орын.) саты, баспалдақ.

**БАС ҚАНТ** (Көкш., Қ. ту) тұтас, күйма қант.

**БАСҚАН ТЕЗЕК** (Орын., Бөр.) баспа тезек. *Күрекпен ойып алған тезекті басқан тезек дейміз* (Орын., Бөр.).

**БАСҚАРМА** (Шығ. Қаз., Зайс.) бүкпе, шананың басқы бүкпесі. *Басқарамашананың илек басына салынады. Мінетін шанада басқарамаша жоқ* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БАС ҚҰСУ** (Қост., Жанғ.; Ақт., Бірғ.) бас тарту, бас жару. *Имаштың тарысы басын құсыпты* (Қост., Жанғ.). *Егіміздің бас құспағандары да бар* (Ақт., Бірғ.).

**БАСҚЫ** (Қарак.) мысқыл, қалжың, күлкі. *Басқыға түссең, басыңнан айрыласың* (Қарак.).

**БАС ҚЫЛУ** (Шығ. Қаз., Больш.) басшылық ету, ақыл айту, кеңс беру.

**БАСҚЫР** (Гур., Маңғ.) басқұр (Гур., Маңғ.).

**БАСҚЫШ** I (Шымк.: Қызылқ., Сайр.) самауырдың отын сөндіретін камфоркесі. *Басқышты алда, самауырдың үстіне қоя ғой* (Шымк., Сайр.).

**БАСҚЫШ** II (Шығ. Қаз., Күрш.) саты. *Басқыш жасап отырмын* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**БАСЛЫҚ** (Түрікм.: Ашх., Мары.) кілем тоқу үстінде екі жиегіне салынатын жиі. Кілем тоқылып болған соң, алынып тасталады.

**БАС ОРАМАЛ** (Сем., Абай; Тау., Кош.) орамал. *Анау бас орамалды қыз биыл онышыны бітірді* (Сем., Абай). *Біздерде бас орамалды әйелдер тартады* (Тау., Кош.).

**БАСПА** I (Түрікм.: Таш., Тедж.; Орын.: Ад., Бөр.; Орал, Жән.; Гур., Маңғ.) баспалдақ. *Мектептің өз баспасы бар еді, қайда жытырған* (Түрікм., Таш.). *Жүзіре ұмтылып баспаға көтерілдім* (Ә. Сәр., Қап. ұлы, 1940).

**БАСПА** II (Жамб.: Тал., Сар.) 1. есіктің ілгегі. *Біздің үйдің есігінің баспасы жоқ* (Жамб., Тал.); 2. бастырық; есік жапқанда ілгек темірге көлденең өткізетін ағаш.

**БАСПА** III (Қост., Жан.) шөп жинайтын машинаның басып тастап отыратын басқыш темірі. *Бол, бол, жылдам баспанай баса қал* (Қост., Жан.).

**БАСПА** IV (Алм., Кер.) өрнек. *Текемет көйлектің жиегіне баспа жүргізіледі* (Алм., Кер.).

**БАСПА V** (МХР, Баян) басылым (газет, журнал). *Үйге кіре назарымыз түптеліп ілінген баспаларға ауды.— Шәке, қанша түрлі баспа тапсырып тұрсыз?— дедік.— Он үш түрлі. Сегізі қазақ тілінде, бесеуі монғол тілінде. Көбінде жалғыз үй отыратын малшының ермегі баспа мен радио ғой,— деді ол жымып* («Ж. өм», 1983, 17. I.).

**БАСПА-БАС** (Түрікм.: Тедж., Мары, Тахт., Көнеүр.) жеке-жеке. *Былтыр баспа-бас осы ағаштарға тақтай қағылған* (Түрікм., Көнеүр.). *Баспа-бас айтып берейін бе?* (Түрікм., Тахт.).

**БАСПАҒАШ** // **БАСПАЛДАҚ** (Орал.: Чап., Жымыл.) баспалдақ, басқалдақ.

**БАСПА** ИНЕ (МХР, Баян.) кесте тігетін жіңішке ине.

**БАСПАҚ** I (Алм., Кер.; Жамб., Шу) мал ауруы. *Ферманың бір үлкең сиыры баспақ болыпты* (Алм., Кер.). *Семіз қой 7—8 сәтке аш қалған соң көктемде баспақ болып ауырады* (Жамб., Шу).

**БАСПАҚ** II (Түрікм.: Красн., Небид., Тедж., Ашх.) тұз салатын жылқының бас терісінен істелген ыдыс.

**БАСПАҚТАЙ** БОЛУ (МХР, Баян.) кіп-кішкене болу. *Баспақтай бол жатқанын қарашы!* (МХР, Баян.).

**БАСПАК ТАС** (Тау., Қош.) тастан жасалған тұз, астық талқандайтын құрал. *Баспақ тас екі жалпақ тастан құралады. Баспақ тас керекті құрал* (Тау., Қош.).

**БАСПА ҚҰЛАҚ СУ** (Сем., Үрж.) бір-неше гектар жерді суаратын су. *Бүгін егінге бір баспа құлақ су жібердім* (Сем., Үрж.).

**БАСПАҢХАНА** (Жамб., Жуалы) ауыз үй, сенек. *Баспахананаға төсек сал!* (Жамб., Жуалы).

**БАСПА ТЕЗЕК** (Қар., Шет.) құйған тезек. *Қолмен жайғаным қамба тезек, атпен бастырып құйғаным баспа тезек.* (Қар., Шет.).

**БАСПА ТЕМІР** (Көкш., Қ. ту.) есіктің топсасы. *Ләпкіңде баспа темір бар ма?* (Көкш., Қыз.).

**БАСПАХАНА** (Алм., Жамб.) қастық, дұшпандық. *Қожасына баспахана ойлады да, оның бар ақшасын өртеп жібереді* (Алм., Жамб.).

**БАС СЕКЕР** (Гур., Маңғ.) бас кант. *Ертеде бас секер дейтін көп болушы еді, кәзір дүкенде көрінбейді* (Гур., Маңғ.).

**БАС СОЯУ** (Көкш., Қ. ту.) бидайды бастырғаннан қалғаны.

**БАСТАБЫНДА** (МХР, Баян.) бас кезінде, әуелі. — *Раушан, сен демалысыңды қайда, қалай өткізбексің? — деген Жақып оның бетіне тіке қарап. Күтпеген сауалдан бастабында қысылып қалған ол екі беті қызара қап, сәл ойланып барып әрең жауап қатқан* (А. А. Сүймен, 1983, 49).

**БАСТАМА ЕТІК** (Орын.) қонышы ескі, басы жаңа етік.

**БАСТАМАШЫ** (МХР, Баян.) ойланушы, тудырушы. *Мұнда Ш. Тоқан, Бәделхан, Ш. Қайрат, Аңсаған, Төкен қатарлы адамдардың құрамында жаңа бастамашылар бригадасы жұмыстайды* («Ж. өм.», 1985, 22. VII).

**БАСТАМБАРАЙ** (Гур.; Шевч.) қыз бен күйеу атқанардағы ең соңғы алым. *Күйеуден ақша алудың түрлері біткенде жеңгелері одан бастамбарай деп те ақша алатын* (Гур., Шевч.).

**БАСТАН** (Сем., Абай) бастаңғы. *Ауыл-үй жастары бастан жасаймыз деп жиналыпты* (Сем., Абай).

**БАСТАУЫҚ** (МХР, Баян.) қой бастайтын серке, саулық қой. *Осы екі топтағы малдың саяғына, бастауығына, жасына, жынысына талдау жасап, «анық-*

*тама дәптеріне» белгіледі* («Ж. өм.», 1983, 17. I).

**БАСТЫ** (МХР, Баян.) сандық саны, басы бар. *Қазір ауыл шаруашылық бірлестіктері мүшесінің әр семьясы шамамен 48 басты малды* («Ж. өм.», 1985. 7. VIII).

**БАСТЫК** (Гур., Маңғ.; Ақт., Жұр.) тұз салатын дорба. Кейде тұз бастық деп айтылады. Бастық жылқының бітеу сойылып алынған бас терісінен жасалады, оның түбірінің бас болуы да осыдан.

**БАСТЫ ҚАҢҒЫТУ** (Тау., Қош.) басты ауырту, қатыру. *Осы мәселелер менің басымды қаңғытып болды.* (Тау., Қош.).

**БАСТЫРМА I** (Қ. орда, Сыр.; Жамб.: Жуа., Шу; Шымк., Қызылқ.) бір жақ қабырғасы ашық, төбесі жабық үй. *Бастырмада құман бар* (Жамб., Жуа.). *Бастырмада отырып шай ішеміз.* (Шымк., Қызылқ.). Бастырма бастыру — жер үй, жер төле салу. *Бір бастырма бастыралмыз деп едік ағаш табалмай отырмыз* (Қ. орда, Арал).

**БАСТЫРМА II** (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Тедж.) кәжекейдің (к.) өңірін бастыратын алтын жалатқан әшекей. *Ана суреттегі менің омырауымдағы сол бастырма* (Түрікм., Ашх.).

**БАСТЫРМА III** (Орал, Чап.) костюм, пальтоға тағатын ірі түйме. *Дүкеннен барып бастырма сатып әкелші* (Орал, Чап.).

**БАСТЫРМА IV** (Ақт., Жұр.; Орал, Чап.) қыстай жиналған мал көңін көктемде көлікпен бастырып, ойып алған тезектің түрі, кеспе тезек деп те атайды.

**БАСТЫРМА V** (МХР, Баян.) қапсырма.

**БАСТЫРМА ТЕЗЕК** (Гур., Маңғ.) бөлек-бөлек болып кесілген тезек, мұны кеспе тезек деп те атайды.

**БАСТЫРЫҚ I** (Қарак.) самауырдың комфоркасы. *Бастырығын салып қоймаса, самауырынан түтін шығып кетеді* (Қарак.).

**БАСТЫРЫҚ II** (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары.) бәйге атына жабатын жеңіл жабу. *Тона тұрған бастырықты ат — колхоз бастықтыкі* (Түрікм., Таш.).

**БАСТЫРЫП ЖІБЕРУ** (Көкш.: Шуч., Еңб.) қоя беру.

**БАС ШЕКЕР** (Ақт., Жұр.) Қ. бас секер.

**БАС ШҰЛЫК** (Орал: Чап., Жән.) 1. плащтың копошоны. 2. түбіттен тоқылған орамал.

**БАСЫ** (Сем., Аяғ.) орталығы, өзі. *Сем*

Алматының өз басында тұрасың ба?  
(Сем., Аяғ.).

**БАСЫБАЛДЫ** (Шымк., Сайр.; Жамб., Шу) сарғылт түсті, қабығы жұқа, ерте пісетін тәтті қауын. *Басыбалды тез бұзылатын болғандықтан көп екпейміз* (Шымк., Сайр.).

**БАСЫЛЫҚ** // **ҚАРА ДАЛАП** (Түрікм. қаз.) кілем тоқып жатқанда екі жағына салынатын жіп, кілем тоқылып болған соң алып тастайды.

**БАСЫНА КЕТУ** (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.) бетімен кету. *Баланы басына кетірген өзіңнен көр* (Түрікм., Красн.). *Зәмзәм суына қанып алып... басына кетті* («Жұм-шы» газ., 23. II. 39).

**БАСЫНАН АСЫРУ** (Орал., Жән.) орындамау. *Ол тапсырған жұмысты басынан асырып жүр* (Орал, Жән.).

**БАСЫНАН СОТ АЙНАЛУ** (Тау., Кош.) сотталу. *Ол басынан сот айналып келді* (Тау., Кош.).

**БАСЫН БҰЛҒАУ** (МХР, Баян.) абыройын төгу. *Құдабай: Сүймей тұрып бүгін алып, ертең айрылып, біреудің басын бұлғай алмаймын* (Кұрманхан, 150).

**БАСЫН ҮЙЛЕУ** (Шығ. Қаз., Зайс.) жерлеу, көму. *Ағатай-ау, жалғыз баламның басын үйлеп отырмын* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БАСЫН ШЫРҒАЙ ҚЫЛУ** (Гур., Маңғ.) басын қатыру, миын ашыту. *Қ.: басын шырдай қылу, басын шырық қылу.*

**БАСЫН ШЫРДАЙ ҚЫЛУ** *Қ. басын шырық қылу.*

**БАСЫН ШЫРЫҚ ҚЫЛУ** (Тау., Кош.) басын қатыру, басын ауырту. *Сен басты шырық қылмай қысқа-қысқа айтшы* (Тау., Кош.).

**БАСЫН СУЫҚ ҰСТАУ** (Шығ. Қаз., Больш.) басына суық тию.

**БАСЫП ЖАТУ** (Қ. орда: Қарм., Сыр.) егінге су жіберу. *Қазір егіске су бастырып жатырмын* (Қ. орда, Қарм.).

**БАСЫ ШАШЫЛУ** (Гур., Маңғ.) басы кату, есі кету. *Кемпірім ауырып, басым шашылып жүр* (Гур., Маңғ.).

**БАТ** (Жамб., Шу) судың қағы, кірі; самовардың ішіндегі қатып қалған кірі. *Самовардың ішінде баты көп екен* (Жамб., Шу).

**БАТАҒА** (Гур., Есб.) балық кәсібімен айналысатын орын. *Бұрынғы уақытта Каспий теңізінің жағаларында орыс балдарының батағалары болатын. Қазір ол батағалардың кейбіреулері ғана*

*бар. Ол бұрынғы уақытта батағада қызмет жасады* (Гур., Есб.).

**БАТАҚҰР** (Жамб., Шу) бата оқыр.

**БАТАС** (Қ. орда: Қарм., Жал., Сыр.; Жамб., Шу) қалың шөп. *Салған бидайдың орнына қалың шөп шығып, батас болып кетті* (Қ. орда, Жал.).

**БАТБАТ** (Қ. орда: Қарм., Сыр., Арал) құмда өмір сүретін кесіртке. *Батбатың шаққаны өте қауіпті* (Қ. орда, Сыр.). *Батбат құмда жүріп, құмға батып, кіріп кетеді* (Қ. орда, Арал.).

**БАТІХА** (Қост.: Жан., Торғ.) бата. *Мен сізден батиха алуға келіп едім* (Қост., Жанғ.).

**БАТНОС** (Орын., Бөр.) поднос. *Батносқа самауыр қоймайды, шыны-аяқ қояды* (Орын., Бөр.). *Қ. батынас.*

**БАТПАҚ САДЫРА** (Жамб., Шу) жердің миы шығып жатқан кез. *Осы батпақ садырада қайда барасың?* (Жамб., Шу).

**БАТПАҚТАЙ** (Гур., Есб.) өте, тіпті. *Баласы батпақтай семіз* (Гур., Есб.).

**БАТПАНЫ** 1. (Түрікм.: Мары., Тедж., Таш.) жүк. *Қанардағысы астық па, әйтәуір бір батпанын көтере алмай жатыр екен*; 2. (Қ. орда, Арал) ауырлық өлшемі (2, 5 пұт). *Сол жерден неше батпан бидай алды?* (Қ. орда, Арал.).

**БАТПАНАҚТАЙ** (Түрікм.: Красн., Ашх., Тедж.) байсалды, салмақты. *Сабырлы әм батпанақтай-ақ адам еді, неғып көтерілді екен* (Түрікм., Ашх.).

**БАТТАМА** (Сем.: Абай, Мак., Акс., Көкп.; Шығ. Қаз., Зайс.) теппе тезек. *Баттама тезектен басқа таптама, сыпырма, құйма деген тезек түрлері бар* (Сем., Мак.).

**БАТТАУ** I (Шығ. Қаз., Больш.; Алм., Еңб.) сылау, жағу, майлау. *Тезекті үйіп, қабырғаны баттап қойдым* (Шығ. Қаз., Больш.).

**БАТТАУ** II (Сем.: Абай, Шұб.) даттау.

**БАТТАУЫҚ** (Орал, Жән.; Қ. орда, Қарм.) өте ылғалды жерге өсетін өсімдік. *Орданың жанындағы құмның жиегінде баттауық өседі* (Орал, Жән.).

**БАТТЫ** (Қ. орда, Арал) құмда өмір сүретін кесірткенің бір түрі. *Батты кісіні көргеннен кейін құмға батып кетеді* (Қ. орда, Арал.).

**БАТУ** (Гур., Маңғ.) таудың, төбенің ой жері. *Таудың батуына шөп жақсы шығады* (Гур., Маңғ.).

**БАТШАЙЫ** (Гур., Маңғ.) батсайы, патсайы.

**БАТЫМ-БАТЫМ** (Алм., Қар.) үлкен-үлкен. *Мен көрдім батым-батым жердің сырын* (Алм., Қарат.).

**БАТЫНАС** (Қар., Ұлы.) поднос. *Батынаспен шай әкеле жатырғанмын. Батынасым жап-жаңа болатын* (Қар., Ұлы.). **К. батнос.**

**БАТЫР** (Көкш., Қ. ту.) бәтір; ашытпай, жұқалау етіп, майсыз қазанға пісірген нан. *Батыр бұрын бар еді, қазір жоқ* (Көкш., Қ. ту.).

**БАТЫРУ** (Гур., Маңғ.) толтыру. *Қайықты балыққа батырып қайттық* (Гур., Маңғ.).

**БАТЫР ШАЛЫС** (Қар., Қарк.) батырсымақ, батырлау.

**БАТЫС** (Қар., Шет.) тау етегіндегі өзек, терең сай. *Биелер батыста жайылып жүр* (Қар., Шет.).

**БАУ I** (Жамб., Шу) бақша.

**БАУ II** (Гур., Маңғ.) егін жинап жатқанда келген адамға берлетін сый-сыбаға (жем). *Егін бастырып жатқанда келсең, атыңа да, өзіңе де бау береміз* (Гур., Маңғ.).

**БАУ АРЫҚ** (Шымк., Қызылқ.) егіс даласына тарайтын ең кішкене арық. *Бау арық арқылы егінге су тарайды* (Шымк., Қызылқ.).

**БАУБЕК ҚУРАЙ** (Алм., Жамб.) отынға жағатын ұзын сары қурай. *Мына тұрған баубек қурай деген болады* (Алм., Жамб.).

**БАУЛАТЫНДЫ** (Жамб., Шу) тәрбиеленген, бауланған. *Баулатынды батыр болады, үйретінді шешен болады, жүре-жүре көсем болады* (Жамб., Шу).

**БАУЛЫҚ I** (Ақт., Ырғ.) тоқыған шарбақты белдеулеп байлайтын тал. *Баулықпен шарбақ байлаймыз* (Ақт., Ырғ.).

**БАУЛЫҚ II** (Қ. орда, Арал) шелектің тұтқасы. — *Қали, ана ведроның баулығын бергі жағына түсіріп қойшы!* (Қ. орда, Арал).

**БАУ СҰРАУ** (Жамб., Шу) бұрын бидай, тары т. б. орып баулап жатқан кезде сұраушыларға беретін үлес. *Бау сұрап келген кезде «Екі-үш бауын іліп әкет, іле алмасаң, тастап кет» деп жататын ілгеріде* (Жамб., Шу).

**БАУТАҒАР** (Түрікм.: Таш., Мары) қолдың басы мен білектің біріккен жері.

**БАУЫЗДАУ** (Гур., Маңғ.) егінді тазалау. *Басылған астықты бауыздап, садақа бедіңдер ме?* (Гур., Маңғ.).

**БАУЫР АЛУ** (Жамб., Шу) этн. еңбектей бастаған бала тез еңбектеу үшін бау-

ырынан тамақ салынған табакты алатын ырым.

**БАУЫРҒАЛТЫҚ** (Орал, Орда) жүк артылатын түйелердің бауырына құрдан ызып жасалатын жіп.

**БАУЫРДАҚ I** (Гур., Маңғ.) былғары бұйымдарға түсті металдан салынатын өрнек, әшекей **Қ. «бауыртақ».**

**БАУЫРДАҚ II** (Гур., Шевч.) аяқ киімнің өкшесіне салатын темір. *Етікке бауырдақ қағылады* (Гур., Шев.).

**БАУЫРДАҚ III** (Қост., Жанг.) төс айыл, ершік айыл (жегетін аттың ершігіне тағатын айыл).

**БАУЫР ҚЕППЕ** (Көкш., Қ. ту.) бір ұршық басына толған жіп. Шу бойындағы тұрғындар тілінде «бір кез толма» болып та айтылады.

**БАУЫР КӨТЕРМЕ** (Көкш.: Шуч.; Еңб.) асау атқа салатын бауыр қайыс.

**БАУЫР ҚАЙЫС** (Жамб., Шу) арбаға ат жеккенде аттың бауырынан тартып қоятын қайыс,

**БАУЫР ҚАЛДЫҚ // БАУЫРТАҒЫ** (Ақт., Ырғ.) жалғыз атты арбаға жеккенде аттың бауыр жағынан алынған қайыс.

**БАУЫРҚҰРТ** (Түрікм.: Красн., Небид., Тедж., Мары) қойдың бауыры құрттап ауруы. *Биыл бауырқұрттан қой аман* (Түрікм., Тедж.).

**БАУЫРТАҚ** (Орын.: Ад., Бөр.; Қост., Жанг.) атты жеккенде бауырдан тартатын қайыс. *Бауыртақпен арқалықты байлап жібер* (Орын., Бөр.). *Ершіктің бауыртағы үзлейін деп тұр. Арбаға жеккен атқа бауыртақ керек* (Қост., Жанг.). **К. бауыр қалдық.**

**БАУЫРЫ БІТУ** (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) бауыры елжіреу, жаны ашу. — *Ойбой, соған бауырың бітіп баратқан шығар* (Түрікм., Таш.).

**БАУЫРЫНТАҚ** (МХР, Баян) мал жабуының астыңғы бауы. *Күн жылы болса, өрісте бауырынтақ байлай қоямын* («Ж. өм», 22. VII, 85).

**БАУЫРЫ САРҒАЮ** (Қ. орда: Сыр., Тер., Жал.) қауынның пісер алдындағы кезені.

**БАҒА** (Орын., Ад.) баға. *Асылдың асылдығын шет біледі, бағасын қайдан білет өз ауылы* (Орын., Ад.).

**БАҒАДАР** (Жамб., Сар.) палуан, күшті. *Оспан — бағадар* (Жамб., Сар.).

**БАШАҒЫ** (Алм., Кег.) батсайы. *Шамаң келсе, чай киіп, башайы чұлғаның өт* (Алм., Кег.).

**БАШАҚ I** (Сем.: Ақс., Көкп., Абай)

кіші, нашар, әлсіз. *Мынауың бір башақ нәрсе ғой* (Сем., Акс.). *Кілең башақ қозы бағамын* (Сем., Абай).

**БАШАҚ ІІ** (Гур., Маңғ.) қауынның, карбыздың ұрығы. (Гур., Маңғ.)..

**БАШАЛАУ** (Қост.: Об., Жанг.) анықтау, тәптіштеу. *Қойшы, ұяттағы, башалап нең бар?* (Қост., Об.).

**БАШАНЫ ШАҒУ** (Шымк., Арыс) зорлық-зомбылық істеу. *Топ жүрсең, дұшпан қашар, Аз жүрсең башаңды шағар* (Шымк., Арыс.).

**БАШБҮРТ** (Орал, Қарат.) башқұрт тұқымдас ешкі. *Менің ешкілерім түгелдей башбүртқа айналып барады* (Орал, Қарат.).

**БАШҚЫШ** (Сем.: Абай, Шүб.) басқыш. (Сем., Шүб.). **К. басқыш ІІ.**

**БАШЫР-БҰШЫР** (Қост, Торғ.) қашыр-құшыр, қатыр-құтыр. *Күн күркіреп, нажағай түсіп, башыр-бұшыр ете қалды* (Қост., Торғ.).

**БАЮ І** (Орал: Чап., Жымп.; Қост.; Аман.; Жамб., Шу; Акт., Ырғ.; Орын.: Ад., Бөр.) бату. *Балалар күн байымай-ақ келді, Күн байығалы қай заман* (Орын., Ад.). *Сәлім ауылға келгенде күн байыған кез еді*, (Орал.: Чап.). *Күн байып баратыр екен, мен қораны бекітіп келейін* (Жамб., Шу). *Күн мана байыған* (Қост., Аман.).

**БАЮ ІІ** (МХР, Баян.) біту, аяқтау. *Төлді байыды (Төлді көгендеп бітті)* (МХР, Баян.).

**БАЯ І** (К. орда, Қарм.) сабақ (күнбағыстың сабағы). *Шекілдеуіктің баясы жуан болады* (К. орда, Қарм.).

**БАЯ ІІ** (Гур.: Маңғ., Есб.) беймаза. *Бая кемпір* (Гур., Маңғ.). *Ол үй ішіне бая болған емес* (Гур., Есб.).

**БАЯ ІІІ** (Түрікм., Көнеүр.) тентек, құсаған, күркіреуік түйе. *Баяны байлаймын дегенше үсті-басымды ақ көбік қылды* (Түрікм., Көнеүрғ.).

**БАЯҒЫСЫНДА** (Сем.: Акс., Көкп.) баяғыда. *Баяғысында мен оның әкесімен жолдас болған едім* (Сем., Акс.).

**БАЯЗ** (Сем., Үрж.) матаның түрі. *Баязды да алып жатыр* (Сем., Үрж.). **БАЯЛДАУ** (Акт., Ырғ.) кідіру, аялдау.

**БАЯЛЫШ** (К. орда., Арал; Түрікм.: Красн., Небид.; Акт., Шалк.; Жамб., Шу) құмға кейде қатқылға шығатын тікенекті, бұталы өсімдік. Жапырағын мал жейді. Жергілікті халық отынға пайдаланады, қызулы, түтіні аз. *Баялышты төрт түлік малдың қайсысы болса жейді* (Акт., Шалк.). *Баялыштың жапырағын*

*мал жейді. Баялышты отқа жақса, түтіні аз чығады* (Жамб., Шу).

**БАЯНДАП** (Шығ. Қаз., Құрш.) өзін өзі артық көрсету. *Ананың өзінің баяндай болып тұрғанын қарашы!* (Шығ. Қаз., Құрш.).

**БАЯПАР** (Қара., Ұлыт.) долы тілді, мінезі шайпау. *Бәтима бір баяпар қатын!* (Қар., Ұлыт.).

**БАЯПҰЛ** (Қарак. Қоң.). **Қ. баяпыл.**

**БАЯПЫЛ** (К. орда, Арал) арыққа салынған кішкене көпір. *Біз кітгәй (қ.) арықтан баяпыл салып өтеміз* (К. орда, Арал).

**БАЯ-ШАЯ БОЛУ** (Орал, Чап.) ашулану, тас-талқан болу. *Сен неге бая-шая бола қалдың?! (Орал., Чап.).*

**БӘДАЛЫНДА** (Шымк., Мақт.) жүзінде. *Екі айдың бәдалында көрінбей қайда кеттің?* (Шымк., Мақт.).

**БӘДАУІ** (Қост.: Жанг., Торғ.) нағыз, шынайы. *Серікбай бәдауі қараның өзі* (Қост., Торғ.).

**БӘДЕНДІ І.** (Қост., Жанг.; Сем.: Абай, Шүб.) ренді, сұлу. *Жібек бәденді келіншек қой* (Сем., Абай). *Мұхамет-жанның торысы кішілеу келген бәденді екен* (Қост., Жанг.). **2.** (Қост., Торғ.) денелі. *Мұқаштың әйелі бәденді кісі* (Қост., Торғ.).

**БӘДІК І** (Алм.: Жамб., Қаск., Шел.) есуас, мылжын. *Мынау тегі бәдік қой, аузы босалайтын* (Алм., Жамб.). *Кейбір бәдік адамдарды жек көретінім-ай!* (Алм., Шел.).

**БӘДІК ІІ** (Алм., Шел.) ауруды арбап «емдеу». *Ол бәдік айтады* (Алм., Шел.). (Бұл сөз малда болатын кейбір аурудың (айналма т. б.) атауы мағынасында да қолданылады.

**БӘДІНЕК** (Гур., Тең.) желкенмен жүретін кішкене қайық. *Матай мына бәдінекке мініп, Сейсенге барып кел* (Гур., Тең.).

**БӘДІРЕҢ** (К. орда.: Сыр., Жал.; Шымк., Мақ.) княр. *Осы колхозда быыл бәдірең аз екен* (Шымк.: Мақт.). *Біздің ел бәдірең салып машық еткен емес* (К. орда, Сыр.). **Қ. бадыран.**

**БӘДІРІН АРЫК** (Шымк., Дәу.) егіс даласына тарайтын ұсақ арықтар.

**БӘЖІРЕЮ** (Гур., Маңғ.) бажырау.

**БӘЗ І** (Сем., Аяғ.) бөз.

**БӘЗ ІІ** (К. орда, Қарм.; Жамб.: Сар., Тал.) кей. *Бәз уақытта мен дем алып аламын* (Жамб., Тал.).

**БӘЗІНДЕ** (Алм., Кег.) дер кезінде,

уақытында. *Қойымды бәзінде баптап жалмағым* (Алм., Кер.).

**БӘПЕК** (Гур., Маңғ.) шыны ыдыс.

**БӘНЕНДЕК** (Түрікм.: Тедж., Мары, Байр.) салмағы 16 кг дейін жететін, түсі көксары, қыста сақтауға болатын қауын.

**БӘЙКЕМШЕ** (Түрікм.: Таш., Тедж., Ашх., Красн.) орташа. *Өтіріктен айтпаймын Нарымның бәйкемше күйі бар* (Түрікм., Таш.).

**БӘПІКІ** (Орал, Қарат.) байқа. *Әрі берік, әрі жылы бәйкі көйлек сатып ал!* (Орал, Қарат.).

**БӘЙМӨҢКЕ** (МХР, Баян.) шеге басын тойтаратын темір тескенде астына салатын тесіктері бар пластинка.

**БӘПТЕМІР** (Жамб. Шу) су диірменнің тасы мен астындағы су ұратын дөңгелекті байланыстыратын темір.

**БӘНТЕСЕ** К. **байтесе.**

**БӘЙШІК // ЫСТЫҚ ҮЙ** (МХР, Баян.) қыста отыратын, ағаштан, кірпіштен салынған жылы үй.

**БӘПІК БОЛУ** (Гур., Маңғ.) барын аямай құрметтеп күту, бәйек болу. *Нағашымның үйіне барып едім, бәйік боп қалды* (Гур., Маңғ.).

**БӘПІТ БОЛУ** (Жамб., Жуалы) кідіріп калу.

**БӘКӘ** (Жамб., Сар.) баға. *Ол баланың бәкәсі жоқ* (Жамб., Сар.).

**БӘКӘЙ** Қ. **бәкәй.**

**БӘКЕЛ ЕТІК** (МХР, Баян.) керзі етік.

**БӘКӨС** (Ақт., Тем.) шалғымен шабылған шөп жалы. К. **бакөс.**

**БӘКӨЙ** (Орын.: Ад., Бөр.; Ақт, Ырғ.; К. орда, Арал) ат тырмамен жинаған шөп және шалғымен шапқан шөп үйіндісі. *Қол шалғының бәкөйі кеуіп қалыпты* (Орын., Бөр.). *Бәкөйді күдеге (қ.) тастаймыз* (К. орда, Арал). *Бәкөйді скіртке салып көбелейміз* (Ақт., Ырғ.). «Бәкөс» деп те айтылады (Ақт., Тем.).

**БӘҚҮН-ШҮКІН** (Сем.: Ақс., Көкп., Ұрж.; Тау., Кош.) оны-мұны, майда-шүйде, ұсақ-түйек. *Олар дүкеннен бәкіңшүкін бірдемелерді ғана сатып әкеліпті* (Сем., Ұрж.). Қытайдағы Іле облысынан келіп Ақсуатта тұратын қазақтар осы мағынада «лақы-лұқы» сөзін қолданады.

**БӘКІ I** (Жамб., Тал.) ұстара. *Дүйсеннің бәкісін алып келсең, шашыңды алып берейін* (Жамб., Тал.).

**БӘКІ II** (Қар., Шет) ашып-жаппалы кішкентай пышақ. *Магазиннің бәкі сатып алдым* (Қар., Шет).

**БӘКІ III** (Қар., Шет) шегіртке. К. **бәкішек.**

**БӘКІНШІК** (Гур., Есб.) су үстіндегі

бекет, белгі. *Бәкінішкікті су ағызып алып кетіпті* (Гур., Есб.).

**БӘКІС** (Орал: Чап., Жымп.) аяқ киім майлайтын крем. *Біздің магазинде бәкістен көп зат жоқ* (Орал, Орда. Орыстың «вакса» деген сөзі болу керек).

**БӘКІШЕК** (Жамб., Сар.) шегіртке. К. **бәкі III.**

**БӘЛІЕ** (Гур., Маңғ.) пәлс. *Бәлелігін жасамай жүрмейді ол* (Гур., Маңғ.).

**БӘЛЕ-БАТЫР** (Гур., Маңғ.) пәле-жарла. *Диқаншылық көп болса, бәле-батыр жоқ болса* (Кашаған акын).

**БӘЛЕГЕ ҚОЮ** (Түрікм., Красн.) шатқақ ұрындыру. *Келгелі бері үндемей жатып еді, тіріліп алып, бізді бәлеге қой да-ау!* (Түрікм., Красн.).

**БӘЛЕК I** (К. орда, Арал) өсімдіктің сабағы. *Асқабақтың бәлегі қау (қ.) болып қалыпты ғой* (К. орда, Арал).

**БӘЛЕК II // ПӘРЕК** (Қост.: Фед., Сем.) арбаға екі ат жегу үшін қолданылатын құрал. *Қайыңнан кептіріп бәлек дайындап, совхозға өткіздім* (Қост., Фед.).

**БӘЛЕН** (Гур., Маңғ.) пәле. *Ақтардың бұл қайтуында бір бәлен бар деп ойлап жүрмін* (Гур., Маңғ.).

**БӘЛЕН-БАЙТАҚ** (Гур., Маңғ.) бәлен-түген. *Бәлен-байтақ деп не керек, жайыңа отыр!* (Гур., Маңғ.).

**БӘЛЕН-ПӘҚҮӘН** (Алм., Шел.) пәлен-түген. *Алдыңнан шыққан бір топ арқардың біреуін атып алмаған соң бәлен-пәқүәнің керегі жоқ* (Алм., Шел.).

**БӘЛЕНТ** (Жамб., Сар.) жоғары. *Бәлентке қарай жүрсең, ауыл көрініп тұр* (Жамб., Сар.).

**БӘЛЕН-ТҮЛЕН** (Алм., Жамб.) пәлен-түген. *Бәлен-түлен дейтін несі бар, басталған істі аяқтау керек* (Алм., Жамб.).

**БӘЛКИ** (Гур., Маңғ.) бәлкім. *Ол бәлки келмей де қояр* (Гур., Маңғ.).

**БӘЛІК** (Жамб., Сар.) бәлек, арбаның ағашы. *Арбаның бәлігі жоқ* (Жамб., Сар.).

**БӘЛІШ** (Қост.: Семноз., Фед.) майға қуырып ұннан жасайтын атала. *Бір ішкеңде бір аяқ бәліш ішкенмен суық ілезде сорып алатын*. К. **төңкерме.**

**БӘНДӘ** (Орын., Ад.) пенде. *Бәндәнің ішкі сыры хаққа заһир* (Орын., Ад.).

**БӘНЕК** (Гур., Маңғ.) бөтелке, шөлмек. *Бәнектің ішіне сары май құй!* (Гур., Маңғ.).

**БӘНТ БОЛУ** (Жамб., Жуа.) байланып



калу, орынсыз кідіріп калу. (Жамб., Жуа.).

**БӘПЕКТЕУ** (Гур., Манғ.) бәйек болу, асты-үстіне түсу. *Үйіне барсаң, байғұс бәпектеп-ақ қалады* (Гур., Манғ.).

**БӘПЕЛЕУ** (Қост.: Торғ., Затоб.; Қар., Ұлы.; К. орда, Арал.) мөпелеу. *Бұл екі ат колхоздың бәпелеп отырған жылқысы* (Қост., Торғ.). *Бәпелей берсең, бала тентек болып кетеді* (К. орда, Арал.).

**БӘПЕЛЕКТЕУ** К. бәпектеу.

**БӘПШИ** (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) пайда, олжа. *Әркімге де бәпши болсын дегеннен басқа тілек те жоқ* (Түрікм., Ашх.). Түрікменше — бәхши (Турк.-рус. сл., 1940).

**БӘПКІ** (Түрікм., Красн.) папка. *Келген кісі бәпкісін ашып, ішінен бір қағаз алды* (Түрікм., Красн.).

**БӘР** (Талд., Талд.) бар, барлық. *Бәр тамағым бұл емес, бәр қонағым сен емес* (Талд., Талд.).

**БӘРӘКӘТ** (Орын., Ад.) береке. *Тәндәріңә саламәт, кәсібіңә бәрәкәт* (Орын., Ад.).

**БӘРӘКПЕЛДІ** (Тау., Қош.) бәркелді. *Бәрәкпелді сіздің мына сөзіңіз, өте орынды болды!* (Тау., Қош.).

**БӘРӘНГІ** (Қост.: Семиоз., Фед.) картоп. *Бір қиынды жерден бір қыстық бәрәнгі алдым* (Қост., Семиоз.).

**БӘРБІ** (Қар., Қарк.; Алм., Жамб.) шойын тесетін асыл біз. *Мұрат ұста қазанды бәрбімен тесіп жамайды* (Қар., Қарак.). *Бәрбіні ұсталар қолдан жасайды* (Алм., Жамб.).

**БӘРДЕК** (Жамб., Шу) жүгеріні үгітіп алғаннан кейінгі қалған ағашы. *Бәрдекті бір жағына жиып қойыңдар!* (Жамб., Шу).

**БӘРНЕ** (Шымк., Мақт.) аттың тіркеуі. *Бәрнені тастамай ала жүр, бәрне жоқ* (Шымк., Мақ.).

**БӘРНЕК** (Қост., Торғ.) аққұман, шәйнек.

**БӘРПІ** (Жамб., Шу) дәрілік өсімдік (таулы жерге шығады). *Бәрпінің тамырын қайнатып ішеді* (Жамб., Шу).

**БӘРШӘ** (Сем.: Абай, Шүб.) барша. *Алпамыс келгенде бәршә жұрт жиңалған екен* (Сем., Шүб.).

**БӘРІСІ** (Қар., Ұлы.; Ақт., Ойыл; Орын., Бөр.; Қост.: Жанғ., Зат.) бәрі, барлығы. *Мейлі мен үшін бәрісі бір ғой. Бірақ дұрысын айт! Бәрісі бір қызметтің айналасында жүр ғой!* (Қост., Зат.).

**БӘС I** (Түрікм.: Таш., Мары) жетті,

жетер. *Бәс, енді болды* (Түрікм., Таш.).

**БӘС II** (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.; Қарак.) баға, күн, нарық.— *Тіпті қиғың келмей тұрса, бұның бәсін айт, құр қалмасың!* — *дедім мен де* (Түрікм., Красн.). *Мына кітаптың бәсі қанша?* (Қарак.).

**БӘСЕКЕ** (МХР, Баян.) конкурс. *...халық шаруашылығы мен мәдени дамуы туралы көрме ашу, кітаптар шығару, бәсекелер мен кинофестиваль, ...ұйымдастыру қажет* («Ж. өм», 21, V. 1987).

**БӘСЕН ИНЕ** (Көкш.: Шуч., Еңб.; Павл., Леб.) орташа жуандықтағы ине.

**БӘС ЕТПЕУ** (Гур., Манғ.) бәстеспеу; таласпау. *Адай деген ел едік, Басқа халық бізіңмен бәс етпеген шарт ұрып* (Сәттіғұл).

**БӘСКІЛІ** (Сем., Абай) бәсең, төмен. *Бүркіт бүгін бәскіл ұшты* (Сем., Абай). *Дәл бүгінгі мынау сәскеде сол Жанбауыр қарашолақ күндегідей емес, бәскіл ұшқан сияқты* (М. Әу., Абай жолы, I, 619).

**БӘС ҚОЮ** (Ақт., Ойыл) салып калу. *Мына ауру аяғыңа бәс қоюмын да ойбайлатамын* (Ақт., Ойыл.).

**БӘС САЛУ** (Шығ. Қаз., Больш.) бәсекелесу.

**БӘСІ** (К. орда: Сыр., Жал., Қарм.; Ақт., Ырғ.) К. бәс II.

**БӘСІК** (Гур., Манғ.) баяу, бәсең. *Бәсік жел* (Гур., Манғ.).

**БӘСІҢКІ** (МХР, Баян.) жұмсақ, әлсіз. *Жүт егіз болмайды дегендей биылғы қыс жұп-жұмсақ, қар аз, жер-шөп, суық та 1985 жыл басталғалы бәсіңкі, тоқтыларымыз дін аман* (Ж. өм., 26. 07. 85).

**БӘСІРЕ** (Жамб.: Шу, Қорд.; Шымк., Арыс.) арнаулы, меншікті зат. *Мына қозыны балама бәсіре ғып беріп еді* (Жамб., Қорд.). *Майлының бала кезінде бір бәсіре тайы болыпты* (Шымк., Арыс.). *Басыңа ұстайтұғын шатыр қалды, Бәсіре мінетұғын атың қалды. Зар еңіреп шешелерің үйде жылап, Төбеде әкең байғұс отырғаны* (К. Әзірбаев, Шығ., 57).

**БӘТЕК** (Гур., Манғ.) базар ақы. *Жандықтарымызды сатқандай болсақ, оның бәтегіне де он-он бес мәнет керек болар-ау* (Гур., Манғ.).

**БӘТЕР** (Шығ. Қаз., Зайс.; Сем.: Абай, Ақс., Көкп., Мақ.) табаға ашытпай пісірілген нан. *Жазда бәтерді табаға пысырамыз* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Шешейдің бәтері өте жақсы пысқан* (к.) екен (Сем., Абай).

**БӘТӨК** (Гур., Шев.). К. бәтек.

БӘТШӘЙИ [шапан] (Түрікм., Красн.) ұзатылған қызға кигізілетін шайы (шапан).

БӘТІР (Тау., Кош.) батыр.

БӘТІР-АУ (Сем.: Абай, Шүб.) батыр-ау.

БӘТІРЕКЕШ (Шығ. Қаз.) батыр екесі (екінші жаққа айтылатын қаратпа сөз) К. бәтір-ау.

БӘТІР [НАН] (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары; Жамб., Шу) ашытпай пісірген нан. *Бәтір нан сақтауға шыдамайды* (Түрікм., Мары.). Өзбекше — *пәтир* — май мен сүтке иленіп, ашытпай пісірген нан (Узб.-рус. сл., 1959), қарақалпақша — *пәтир нан*.

БӘШӘЙ (Гур., Маңғ.) бақай. *Балам-ау, бәшәйіңді тарбитып жүгіресің де жүресің!* (Гур., Маңғ.).

БӘШЕЛЕЙ (Көкш.: Руз., Зер., Қыз.) салалай, жіктей. *Комбайндарды қолыңдағы балға, тістеуіктермен винттерін бұрап, бәшелей тексеріп жүрген орта бойлы жігіт бізге қарай бұрылды* (Көкш., Руз.).

БӘШКІ (Гур., Маңғ.) пачка.

БӘШӨК (Кош.) бөшке. *Бәшөкте су тұр* (Кош.).

БӘШПЕЙ (Қ. орда., Арал) Қ. бәшәй.

БЕГЕНУ (Түркм.: Красн., Красн.) разы болу, ұнату. *Жақсы түйені бегенгенде «айналайын, бұйдалайын, жабу жабайын!» деп айтады* (Красн., Красн.).

БЕДЕ (Алм.: Жамб., Кег.; Шымк.: Мақт.; Түркм., Красн.) жоңышқа. *Биыл колхоз жиырма гектар беде салды* (Алм., Кег.). *Беде тасып жүрміз* (Шымк., Мақт.).

БЕДЕГЕ (Гур., Тең.) үлкен балықтардың жұлыны. *Қатен қортпаны бөлгенде бедегесіне дейін қақ жарды* (Гур., Тең.).

БЕДЕЛІ (Жамб., Тал.) мөлшері, шамасы, көзі. *Бақшаны екі-үш күннің беделінде суғарып бітірер* (Жамб., Тал.).

БЕДЕЛІНЕ СЫЙМАУ (Қост., Жанг.) беделіне сатылмау. *Приемщиктер менің беделіме сыймайды, өз бағасы болса соған алады* (Қост., Жанг.).

БЕДЕН (Түркм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Ақт., Ырғ.) мүсін, тұлға, бейне. *Балқасым бедені келіскен адам еді* (Түркм., Красн.). *Шофердің жанында отырған және бір немістің беденін байқады да, көздеп атып жіберді* (Ә. Нұрп., Күт. күн., 160). Түрікменше — *беден* дене, организм (Түркм.-рус. сл.,

1940), карак. — *бадан* (Рус.-карак. сл., 1947).

БЕДЕНДІ (Ақт., Ойыл; Гур., Маңғ.) әдемі, ажарлы, келбетті. *Әлгі сен ұнатып жүрген ат өте беденді екен* (Ақт., Ойыл). *Шабаңым жүйрік атанып, Шалғайым берікке теңеліп, Әлбет болып өсіп ек, Бедені ыртық жасалып* (Аралбай ақын, Гур., Маңғ.).

БЕДЕУ (Гур., Маңғ.) жүйрік (ат).

БЕДІРЕ (Сем.: Абай, Мақ., Ұрж., Шүб.; Қар., Қарк.; Шығ. Қаз., Больш.) шелек. *Болат, арғы құдықтан бедіре мен су әкелші!* (Сем., Ұрж.).

БЕДІРЕК (Алм., Шел.) жаман, меңіреу. *Менің балам бедірек* (Алм., Шел.).

БЕДІРЕКТЕНУ (Алм., Шел.) көгілдірлену. *Тау алыстан қарағанда, көгеріп, бедіректеніп тұрады* (Алм., Шел.).

БЕЖЕРУ I (Гур., Маңғ.) аяқтау, бітіру, игеру. *Жұмысымды бежеріп келемін* (Гур., Маңғ.).

БЕЖЕРУ II (Гур., Маңғ.) безеру. *Бежеріп ұрсып жатыр екен* (Гур., Маңғ.).

БЕЖІН (Шығ. Қаз., Зайс.) алды-арты шошак, сырты иленген, терімен я былғарымен қапталған ер.

БЕЗАЯҚ (Гур., Есб.) сырты безелген, үлкен сырлы аяқ. *Безаяқпен қымыз іштім* (Гур., Есб.).

БЕЗ БАҚПАУ (Алм., Нар.) міз бақпау, *Екі-үш рет шақырып сөйлестім, без бақпады* (Алм., Нар.).

БЕЗЕЙТ (Қост., Торғ.) диірмен тасының шекіген сызаттары.

БЕЗЕК (Гур., Маңғ.) теңізден соғатын жел. *Безек теңіз беттен соғады* (Гур., Маңғ.).

БЕЗЕЛУ (Қост., Семиоз.) тапталу.

БЕЗЕНДЕУ (Гур., Маңғ.) безектеу. *Айтуым мұң екен, безең деп қоя берді* (Гур., Маңғ.).

БЕЗЕП БОЛУ (Сем.: Абай, Шүб.; Тау., Кош.) безектеу, зар илеу. *Ол қой деп безеп болды* (Сем., Абай).

БЕЗЕУ (Қост., Жанг.) диірменнің тасын қашау. *Қашаумен диірменнің тасын безе, уақыттың болса* (Қост., Жанг.).

БЕЗІРЕТУ (Қост., Тоб.) безер қылу, мазасын кетіру. *Ахметжан көп сөйлеп бізді безіретіп болды ғой* (Қост., Тоб.).

БЕЙАПА (Алм., Кег.) К. бейапар.

БЕЙАПАР (Алм.: Жамб., Кег.) мазасыз, тынышсыз, бейбастак. *Бейапар болсаң болады ақыл ысырап* (Алм., Жамб.). *Әйелің бейапар болса, жұрт-*

тың тыныштығынан не пайда? (Алм., Кер.).

**БЕЙБАЗАР КҮНІ** (Шымк., Мақт.) демалыс (базар) емес күн. *Ауданға базар күні бардың ба, жоқ бейбазар күні бардың ба?* (Шымк., Мақт.).

**БЕЙБАС** (Алм., Шел.; Сем., Абай) сотқар, бейбастак, әдепсіз. *Орынбектің баласы бейбас болып өсіпті* (Сем., Абай).

**БЕЙБҰРЖА** (Шымк., Мақт.) бейғам, бос жүру. *Кейбіреулер бейбұржа жүреді де. Сен бейбұржа болма* (Шымк., Мақт.).

**БЕЙБІЛ ЖЕЛ** (Алм., Қарат.) қатты жел. *Майда, өмірде болмаған бейбіл жел соқты* (Алм., Қарат.).

**БЕЙҒАЙБЫЛ** (Гур., Бак.) неғайбыл. *Ендігі жылы экспедиция келу, келмеуі бейғайбыл* (Гур., Бакс.).

**БЕЙҒАЙРАТ** (Алм., Кер.) енбегі (қайраты) бекер кету, жасу. *Ой, бейғайрат болмашы* (Алм., Кер.).

**БЕЙҚАҚ** (Жамб., Шу) элем. *Он сегіз мың бейқағында әртүрлі ажайып бар* (Жамб., Шу).

**БЕЙҚАСАМ** (Жамб., Шу) сарыала, көкала түсті жібек мата. *Бейқасам чапаны бар біреу үйге кіріп келді* (Жамб., Шу). Қырғызша — бейқасам (Қир.-рус. сл., 80).

**БЕЙҚҰТ** (Гур., Тен.) мұз сақтайтын орын. *Бейқұтты жерден қазып жасайды* (Гур., Тен.). Қ. Бикүт.

**БЕЙМАЗА** (Павл., Ертiс) маза. *Ардақ Ерпелестің беймазасын кетірді* (Павл., Ертiс.).

**БЕЙМАЛАЛ** (Шымк., Қызылк.; Жамб.: Мерк., Шу; К. орда, Сыр.) калай болса солай, ретсіз. *Қызыл қайнар секілді чөб чабылған жерде дәл ушот болмағандықтан, ол оның үстіне жыйналған чөптер беймалал желінгендіктен тау ушастогінде чөптің қоры болмады* (Қызыл октябрь с/советінің протоколынан, Жамб., Шу).

**БЕЙМАРАЛ** (Жамб., Шу) жайбарат, еркін. *Ақшасын төлеп машинеге мінсек, беймарал жүре береміз* (Жамб., Шу).

**БЕЙНЕК** (Шығ. Қаз., Больш.) моншада пайдаланатын сыпыртқы.

**БЕЙНАҺАЯ** (К. орда, Қарм.) өлшеусіз. *Осы қуаңның суы кей кезде бейнаһая көп болады* (К. орда, Қарм.).

**БЕЙНЕЛЕНУ** (МХР, Баян.) бейімделу. *Қошағаш жағы арысқа бейнеленіп кеткен* (МХР, Баян.).

**БЕЙОПАР** (Қар., Шет.) ұрысқак.

*Өзің нағыз бейопар болыпсың ғой!* (Қар., Шет.).

**БЕЙПІЛ** (К. орда, Арал) бейбіт, тыныш. *Әкімет орнағасын бейпіл болдық* (К. орда, Арал).

**БЕЙРАНТ БОЛУ** (Сем., Абай) бей-берекет, берекесіз болу. *Оның ісі әбден бейрант болды* (Сем., Абай).

**БЕЙСЕУБЕТ** (Орал: Чап., Жымп., Жән.; Жанг., Об.) Мезгілсіз, бет алды, ретсіз. *Егіс маңында бейсеубет шылым тартпаңыз* (Орал, Жән.). *Егінде бейсеубет жүрген мал кімдікі?* (Кост., Об.) Х. Есенжановта — *бейсеуіт*: Көшеде ешбір бейсеуіт жүріс те, қимыл да көзге түспейді (Х. Есен. Ақ жол. 44).

**БЕЙТАП** (К. орда: Сыр., Жал.; Жамб., Жуа.; Шымк., Қызылк.) әлсіз, сырқат. *Қымыз ішіп едім, бейтап болып қалдым* (Жамб., Жуа.). *Кешеден бері бейтап болып жүрмін* (Шымк., Қызылк.). *Оның бейтап болғанына 2—3 жыл болды* (К. орда, Сыр.).

**БЕЙУАЗ I** (Шығ. Қаз., Тарб.) бөгде, қалыс. *Сіз бейуаз адамсыз ғой!* (Шығ. Қаз., Тарб.).

**БЕЙУАЗ II** (МХР, Баян.) бейкам, момын, жуас. *Маңайындағы бейуаз жатқан елді тонап, өлімге, қайғы-қасіретке душар етті* (МХР, Баян.).

**БЕЙЧАРА** (МХР, Баян.) бейшара. **БЕЙШОРА** (МХР, Баян.) бейшара, сорлы. *Бейшора шал осы елдің кәрісі еді, Құрметтеген барша жұрт «дәрісі» еді* (Жәкен, Сс., 57).

**БЕЙЫШҚЫ** (Жамб., Шу) талапсыз. *Бейышқының белгісі чақ-чұқының жерінде, Тамаша жерден жиренген, Мәжілісті көрмеген* (Жамб., Шу).

**БЕЙІЛ** (МХР, Баян.) пейіл. *Жұмабай: Жайылым бар, бейіл тар болып жатыр, шырағым* (Құрманхан, 151).

**БЕЙІРАК** (Жамб., Шу) абзал жақсы. *Сөйлегеннен сөйлемеген бейірақ, сөйлеп едің басыңа тиді тырнақ, — депті* (Жамб., Шу).

**БЕЙІС АС** (Кост., Жанг.) жеңсік ас, тансық ас. *Бейіс ас дегенге жылында бір я екі рет істейтін тамақ жатады* (Кост., Жанг.).

**БЕК** (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Зайс.) гүлді шөптің тамыры, оны адам жейді, дәмі картошка сияқты, үгітіліп тұрады, жұмсақ, бос болады. *Ол таудан бек алып келді* (Тау., Қош.).

**БЕКЕ I** (К. орда, Арал) таяз, шеті бекітілмеген, қоршалмаған құдық. *Содан жолда үлкен әкелеріміздің бекесіне бардық* (К. орда, Арал).

БЕКЕ II (Ақт.: Жұр., Ырғ.; Қост., Жанг.; К. орда; Қарм., Сыр., Шиелі) қан тастау кезіндегі жылқының терісі тесіліп, қан ағып жүруі. *Жаз айында атта беке болады* (Ақт., Жұр.). Бұған байланысты «бекелеу» етістігі қолданылады. *Мына бір аттың тұла бойы бекелеп кетіпті ғой* (Ақт., Ырғ.). Қызылорданың ыстығында беке ауруымен жылқылар жиі ауырады (К. орда, Шнелі). *Сен ал(а) атты кеше ыстық қойып, бүгін үстін беке қаптап кетіпті* (Қост., Жанг.).

БЕКЕР (Алм., Шел.) тегін, ақысыз, ақшасыз. *Ол Челекке шейін машинаға бекер мініп барыпты* (Алм., Шел.).

БЕКЕРШІЛІК (Жамб., Жамб.) бос уақыт. *Қыс бекершілікте пенсия алу жұмысын іздейміз де* (Жамб., Жамб.).

БЕКЕТ I (Көкш., Қыз.) бөгет, суды тоқтатқан жер. *Әр жерден бекет жасап, қардың суын тоқтатамыз да жазда мал сугарамыз* (Көкш., Қыз.). *Бүгін бекетті су бұзып кетіпті.* (Көкш., Қыз.)

БЕКЕТ II (Көкш., Қыз.) қол шалғымен шайылған және ат тырнамен жиылған шөп үйіндісі.

БЕКСЕУБЕТ (Қост., Об.) бейсауат. *Еінде бексеубет жүрген мал кімдікі?* (Қост., Об.).

БЕКІ I (Орал, Жән.) бәкі.

БЕКІ II // БЕКЕ (Орал, Қазт.) ысып кеткен жылқының терісінен қан шығуы. *Суытуы жеткен атқа бекі шықпайды* (Орал, Қазт.).

БЕКІРЕ (Қарак., Мойн.; Түрікм.: Красн., Қиян., Бекд.) балықтың бір түрі. *Бекіре майлы балық болады* (Қарак., Мойн.).

БЕКІТУ (Түрікм.: Красн., Мары, Тедж.; Гур., Маң.) тұсау. *Атқа бекіту сал да отқа жібер* (Гур., Маң.).

БЕЛ (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб., Ашх., Тедж., Мары, Байр., Таш.; Қарак.; Гур., Маңғ) күрек. *Жап басыңа бел апарылды ма?* (Түрікм., Таш.) *...Есет сияқты жұмыскерлер де уақытын бос, белге сүйенумен өткізіп келеді* («Жұмысшы» газ., II. VIII. 42). Түрікменше — *пил* (Рус.-түрк. сл., 1956); өзбекше — *бел* (Рус.-үзб. сл., 1954), қарақалпақша — *бел* (Рус.-қарак. сл., 1947). *Осыдан шығарып күректің кішірек түрін белшік, күректің сабын белсап деп атайды* (Гур., Маңғ.).

БЕЛАҒАШ I. (Түрікм.: Красн., Небид., Жеб.; Алм., Кег.) үй төбесіне салатын арқалық. *Үй саларсың-ау, белағаш жасауға ағаш табу ірә (қ.) қыйын* (Түрікм., Красн.). *Белағашты тамның*

*төбесіне салдық* (Алм., Кег.). *Бөлменің дәл орта тұсында белағашқа салбырай байланған ап-ауыр сопақша нан* (Б. Сок., Жекпе-жек, 114). 2. (Орын.: Ад., Бөр.) есіктің тақтайын ұстап тұратын көлденең шегеленген ағаш. *Есіктің белағашын қайта салды.* (Орын., Ад.). Кейде жіпсе деп те атайды; 3. (Жамб., Шу) арбаның алдыңғы және артқы дөңгелегін байланыстырып тұратын ағаш.

БЕЛАРЫҚ (Алм., Кег.) үлкен арық. *Беларықпен егінге су жіберуге барамын* (Алм., Кег.).

БЕЛІ АУРУ (Жамб., Жуа.) жаны ашу, аяу. *Бидайды мал жеп жатыр, оған ешкімнің бөлі ауырмайды* (Жамб., Жуа.).

БЕЛБАҒЛЫ (К. орда; Арал, Қарм., Сыр., Шиелі). Ұн мен сөкті (к.) қосып, суға пісірген тамақ. *Әжібай, белбайлықды ішіп, жұмысқа бар* (К. орда, Арал).

БЕЛБЕУ СОҚТЫ (Ақт., Жұр.; МХР, Баян.) тізенің астынап орамал жүгіртіп ойнайтын ойын.

БЕЛБУАР I (Орал, Жәнб.) белбеу. *Белбуарың қалып қойды* (Орал, Жән.).

БЕЛБУАР II (Гур., Маңғ.; Қост., Об.) белуар. *Белбуар келген қалың қарға қарамастан желіп келдім* (Гур., Маңғ.). *Үйді белбуардан қалап бітірдік* (Қост., Об.).

БЕЛБІРТ (Қост.: Жанг., Торғ.) ши барқыт. *Сенің мынау қамзолыңның белбірті өте жақсы, таза екен* (Қост., Жанг.).

БЕЛГІ ҚАҒАЗ (Орал, Орда) куәлік. *Осы белгі қағазды ауатқоман бытыр алып едім, енді өзгертіп қайта алуым керек* (Орал, Орда).

БЕЛДЕ (Қар., Шет) асық ойынында асықты ататын сызық. *Асықты белдеде тұрып ат* (Қар., Шет.).

БЕЛДЕМЕ I. (Орын.: Ад., Бөр.) алдыңғы, артқы дөңгелекті байланыстыратын ағаш; 2. (Қост., Жанг.) бел омыртқа. *Белдеме басқа омыртқалардан жалпақ болады* (Қост., Жанг.); 3. (Сем., Үрж.) бел. *Белдемеден атып арқарды түсірдім* (Сем., Үрж.).

БЕЛДЕМПАЯ I. (Қост.: Жанг., Об.) кыр, белес. *Ана белдемпаяның астында мал жатыр* (Қост., Жанг.). К. *белдепая*; 2. Әр түрлі қалдықтан істелген қоршау. *Үйдің не басқа нәрсенің сыртына айналдыра белдемпая жасайды* (Қост., Жанг.).

БЕЛДЕМШЕ 1. (Кар., Шет; Кост., Сем.; Қ. орда; Сыр., Жал.) алжапқыш. *Белдемшені іздеп жүрсің бе, ол босағада ілулі тұр* (Кар., Шет); 2. (Алм., Жамб.) әйелдер киімінің бір түрі. *Тойға бара жатқандай белдемше киіп көлбеңдеуін қарашы, шіркіннің!* (Алм., Жамб.).

БЕЛДЕПАЯ (Гур., Маңғ.) белес, қыр. *Пішен ауыл белдепаяның астында* (Гур., Маңғ.).

БЕЛДІК I (Түрікм.: Таш., Мары; Акт., Ойыл) үйдің төбесіне салатын жуан ағаш, белағаш (к.). *Үйдің төбесіне белдік салып қойдық* (Акт., Ойыл).

БЕЛДІК II (Алм.: Жамб., Шел., Кег.) былғары, қайыстан жасалған белбеу. *Белдікті буынып жұмысқа кеттім* (Алм., Шел.). *Ей, менің белдігім қайда?* (Алм., Кег.).

БЕЛДІК III (Қост.: Жанг., Торғ.) білім, білік. *Өздерінің белдігі сол шығар, оларға мен тимеймін* (Қост., Жанг.).

БЕЛЕГІР (Гур., Маңғ.) белес.

БЕЛЕНЕ (Н) I (Қост.: Жанг., Об., Торғ.) талдан тоқылған қора. *Белененде жатқан қойды үйге айдап кел!* (Қост., Торғ.).

БЕЛЕНЕН II (Қост., Торғ.) қырат.

БЕЛ ЖІП (Гур., Маңғ.) құдықтан түйемен, атпен су шығарғанда түйенің, аттың беліне байлайтын жіп, оған қауғаның шығар арқанын байлайды.

БЕЛ КӨТЕРГІШ (Жамб., Шу) арбаға ат жеккенде жетекті көтеріп тұратын қайыс.

БЕЛ КӨТЕРМЕ (Көкш., Қыз.) бел қайыс. Көкшетаудың кейбір аудандарында «бауыр көтерме» деп атайды (Көкш., Қыз.).

БЕЛКҮРЕК (К. орда: Сыр., Жал., Қарм.) темір күрек. *Белкүректі қайрап алып, арық қазуға кірістік* (К. орда, Сыр.).

БЕЛҚҰЛЫ I. (Гур., Есб.) белгілі. *Белқұлы атақтылар болды ғой!* (Гур., Есб.); 2. мейлінше, барынша. *Белқұлы ақмақ ол!* (Гур., Маңғ.).

БЕЛ НЕМЕРЕ (Түрікм.: Таш., Ашх., Тедж.) әкелері бірге туған балалар, немере туыс. *Шамун мен Базарбай бел немере* (Түрікм., Таш.).

БЕЛОРАК (Қост.: Жанг., Тор., Аман.; Жамб., Жуа.; Қ. орда: Сыр., Жал.) шөп шабатын шалғы. *Белорақпен ақ талай шөп шауып алғанбыз* (Жамб., Жуа.). *Анау белорақпен шөп шапқанда есек (қ.) қалдырып кетіпті* (Қост., Жан.).

БЕЛ САП (Гур., Маңғ.) күректің сабы. *Бел сапты мықты ағаштан жасау керек* (Гур., Маңғ.).

БЕЛ ТАМЫР (Көкш., Қыз.) малды сойған кісінің ақысы есебінде берілетін ет. *Мал сойсаң бел тамыр аласың* (Көкш., Қыз.). Оңтүстік облыстарда мұның орнына «аян омыртқа» сөзі қолданылады.

БЕЛ ТЕМІР (Жамб., Шу) бел оқтық, артқы не алдыңғы дөңгелекке өткізетін темір, ағаш.

БЕЛТІР (Қост., Жанг.) аяқтың үзентілік жері. *Белтірім ауырып отыр, сенікі ше?* (Қост., Жанг.).

БЕЛТІРІН (Жамб., Жуа.) шалғының тұтқасы.

БЕЛУАР (Акт., Ойыл) күрек. *Әшен, үйдің төбесіндегі белуарды маған әкеліп берші* (Акт., Ойыл).

БЕЛШЕ (Түрікм., Таш.) кішігірім күрек. *Бала белшемен жер аударып жатыр екен* (Түрікм., Таш.).

БЕЛШЕР (Акт.: Ырғ., Қараб.; Қост., Жанг.) қыспақ жер. *Екі көлдің арасындағы қыспақ жерді белшер деп атаймыз* (Акт., Ырғ.).

БЕЛІНЕН КЕСУ (К. орда) көлденең өте шығу.

БЕРГІ (Гур., Маңғ.) бересі. *Менің мойнымда енді бергі жоқ* (Гур., Маңғ.). **Қ. берік.**

БЕРЕГІРЕК (Қост., Аман.) берірек. *Қыс ауасында берегірек келе балалардың мектепке келуі сирей бастады* (Қост., Аман.).

БЕРЕЖАҚ (Орал: Қазт., Жән.; Акт.: Ойыл, Ырғ.; Гур., Есб.) берешек. *Менің он манат бережағым бар* (Орал, Жән.). *Былтырдан колхозға натура есебімен бережағың бар* (Акт., Ойыл).

БЕРЕКЕ (Орын., Ад.) мереке. *Бұрын береке көп болған кез, айтыс көп болушы еді* (Орын., Ад.).

БЕРЕН I (Қост., Об.) асыл ата. *Ертеде береннен штан киген* (Қост., Об.).

БЕРЕН II (Көкш.: Руз., Зер., Кызыл ту.; Гур., Маңғ.) мықты, қайратты. *Жазушы, оқушы да менен шықты, Не жүйрік, өнер білер өрен шықты. Газетші, шешен, тілмар, әсем жігіт, Жұмысшы, зергер, ұста, берен шықты* (Көкш., Руз.). *Ер Шабайдың тұқымы берен батыр сазарған* (Гур., Маңғ.).

БЕРЕН-САРАН (Алм., Кег., Шел.) бірен-саран. *Өзімізге тиісті берен-саран қой-еңкіміз бар, чырағым* (Алм., Шел.).

БЕРЕСЕ (Алм., Нар. бережак.  
БЕРЕСЕН (Гур., Маңғ.) орасан, өте,  
тым, аса. *Бересен зор адамда күш  
болмайды* (Гур., Маңғ.).

БЕРЕШАК (Көкш.: Енб., Щуч.) бере-  
жак.

БЕРЕШЕК (МХР, Баян.) беретін пай-  
дасы. *Ғылыми жетістіктер мен озық тәжі-  
рибелерді қолдану жұмысын жаңа белге  
көтеру, берешегін жоғарылату, ұйым-  
дардың, ғалымдардың күшін шешуге тиіс  
басты мәселелерге шоғырландыру қажет*  
(Ж. өм., 11, XII, 1986).

БЕРКУ (Орал, Орда) беку. *Бұл қада  
мықтап беркіді* (Орал, Орда).

БЕРКІЛЕУ // БЕРКІТУ (Ақт., Ойыл;  
Орал; Гур.) бекіту. *Өзіне беркілген  
ДТ-54 тракторының жанына келді де,  
оны жүргізіп кетті* (Ақт., Ойыл). «Беркі-  
ту» болып та айтылады. *Бұл суарманың,  
басына колхозшылар Байнияз Дүзелов  
жолдасты беркітіп, оған көп міндет-  
тер жүктеген еді.* («Соц-тік ауыл», 22. IX.  
1940). *Бекбауыл партия ұясы жоғарғы  
партия ұйымдарының соңғы кездегі ди-  
рективтеріне сүйене отырып, 4 айлық іс  
жоспарын жасап беркітті* («Екп. ба-  
лық», № 65, 193).

БЕРКҰЛДА (Қарағ., Ағад.) біржолата.  
*Сәкеннің ағасы Алматыға берқұл-  
да кетті* (Қарағ. Ағад.).

БЕРМЕНИ (Ақт., Ырғ.) берісі, бері де-  
генде. *Бұл арық әрмені он, бермені  
жеті-сегіз километр жерге барады* (Ақт.,  
Ырғ.).

БЕРНЕ (Гур., Маңғ.) перне. *Домбы-  
лардағы бернелердің саны 13-ке  
дейін барады* (Гур., Маңғ.).

БЕРШІЛ (Орын., Ад.) фельдшер.  
*Бершілге бар десем, ойбай салады.  
Жыласаң бершілге апарып өкіл сал-  
ғызамын* (Орын., Ад.).

БЕРШІМЕК (Түрікм.: Краснов., Не-  
бид., Таш., Ашх.; Орын.: Ад., Бөр.; Гур.,  
Маңғ.; Ақт., Жұр.) беріш. *Аштархан түр-  
месіне асығады Бершімек қабырғасы  
бекі сорлы ат* (Х. Ер., «Құрманғазы»).

БЕРІК (Гур., Маңғ.) бересі, *Менің  
мойнымда енді бергі жоқ. Мен оған  
дүз мәнеттей берікпін* (Гур., Маңғ.).  
Қ. бергі.

БЕРІКТІК (Қост., Жанғ.) есік ағаш-  
ты ұстап тұратын көлденең екі ағаш,  
қарғаша. *Есіктің беріктігі бос болса,  
жігі ашылып кетеді* (Қост., Жанғ.).

БЕРІЛЕП (Алм., Шел.) бертінде, бері  
келе. *Тұрмысымыз берілеп келе жақсар-  
ды* (Алм., Шел.).

БЕРІЛУ (МХР, Баян.) өткізілу. *Әуелі*

*партияның орталық комитетінің мүше-  
лері мен кандидаттарына, басы қыз-  
меткерлерге жаңа сайлау жөнінде бір-  
неше рет семинар беріліп, тәлімдік мек-  
теп өткізілді* (Ж. өм., 1987 ж. 8. V.).

БЕРІМ (Жамб., Қорд.) беру. *Еріткен  
май миманға берімге жақсы* (Жамб.,  
Қорд.).

БЕРІС (Алм., Жамб.) кез. *Алғашқы  
беріс не істейтінімді білмедім* (Алм.,  
Жамб.).

БЕРІШ (Жамб., Шу) шикі. *Әкелген  
дарбызыңның бәрі аппақ беріш екен*  
(Жамб., Шу).

БЕРІШМЕК (Орын.: Ад., Бөр.) ірің  
ішінде қатқан ісік. *Беріштен беріш-  
мек кіші болады. Ұстап тұрып қарайды  
да азғантай беріш мек бар екен деп  
жатады емдеушілер* (Орын., Ад.).

БЕСАҚА (Шымк.: Қызылк., Сайр.;  
Алм., Кег.) тармақты айыр. *Сен бес а-  
қаны қайда қойдың?* (Шымк., Сайр).  
*Бес ақаны алып берші, шөп жинайың!*  
(Алм., Кег.).

БЕСАППАЗЫ (Гур., Маңғ.) ағаш шелек.  
*Кейде бесаппазы шелек делініп,  
шелек сөзімен бір тіркесте қолданылады.  
Бесаппазы сөзі басында осы ыдыстың  
бағасынан, құнынан алынған, өйткені  
жиырма тиындық ақшаны Маңғыстау  
өңірінің тұрғындары революциядан бұ-  
рын «аппазы» деп атаған.*

БЕСБАҚАН (МХР, Баян.) айыр.  
(Ушақа, бесақа деп тармағын айтпай,  
бәрін бесбақан деп атайды).

БЕС БҰРЫШТЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ  
(МХР, Баян.) бес түліктің озаты. *Сұмын-  
нан шыққан 17 бес бұрыштың жүл-  
дегерлеріне берілетін сыйлықты  
малшылар ортасында тапсырып, ынтасын  
арттырды* (Ж. өм., 1986 ж., 15/V).

БЕСЕНЕТ (Қ. орда, Арал) бейсеует.  
*Сенің үйіңе кешесі-бүгінді бесенет еш-  
кім келіп кеткен жоқ па?* (Қ. орда,  
Арал).

БЕС ЖАҚСЫ (Түрікм.: Таш., Ашх.,  
Красн.) нар, кілем, ат, қылыш, киімдер-  
дің ең тәуірлері арқылы төленетін құн  
түрі. *Көне уақытта бес жақсының  
белгілі адамдар үшін төледі емес пе?*  
(Түрікм., Таш.).

БЕСКӨЗ (Алм., Жамб.) матаның түрі.  
*Көйлек тігем деп бес метр бескөз  
алып едім, тігілмей әлі жатыр* (Алм.,  
Жамб.).

БЕС ҚАСҚА (Жамб., Шу) бес таспа-  
лы камшы.

БЕСКАДАК (Ақт., Ойыл.) сыйымды-  
лығы бес литрлік ыдыс. *Ма, сепоратор-*

дан аққан сүттің астына мына бес қа-  
дақты қой (Акт., Ойыл).

БЕСҚОНАҚ I (Түрікм., Красн.) март-  
тың 14-терінен 20—22-сіне дейін соғатын  
ыстық жел. Біз осында келгенде бес-  
қонақ соға бастады (Түрікм., Красн.).

БЕСҚОНАҚ II (Қ. орда., Қарм.) ше-  
шек ауруының жеңіл түрі. Бесқонақ  
қана болып шыққан ғой, дәрігердің көме-  
гімен (Қ. орда., Қарм.).

БЕССАУСАҚ (Шығ. Қаз., Больш.)  
асылған ет. Бұл бессаусақ өте дәмді  
болған екен (Шығ. Қаз., Больш.).

БЕСТАҚА (Түрікм.: Таш., Красн., Не-  
бил., Ашх.; Гур., Маңғ.) еркектердің  
өкшесі алас етігі. Жаяуы тұрсын, бес-  
тақа ат үстінде де әздік (қ.) нәрсе (Тү-  
рікм., Таш.).

БЕСТАС I (Гур., Маңғ.) өлген адам-  
ның моласының үстіне қойылатын тас-  
тар. Әкеме там сала алмай бестас  
орнаттым (Гур., Маңғ.).

БЕСТАС II (Гур., Маңғ.) қапқақыл  
ойыны.

БЕСТАУБАЙ (Орал, Жән.) хабаршы.  
Бұрын біздер бестаубайдан да қат-  
ты қорқатынбыз (Орал, Жән.).

БЕСТЕНБАЙ (Орал, Жән.). Қ. бестау-  
бай.

БЕСІККЕ САЛАР (Көкш., Қ. ту) ба-  
ланы бесікке саларда түбек үстіне сала-  
тын үйшік. (Қарағандыда — тышғырма).  
Бесікке салар салып алу керек  
(Көкш., Қыз.).

БЕСІК ПЕШ (Жамб., Шу) қазан ор-  
натпайтын, бесікке ұқсап келген темір  
пештің түрі. Бесік пеш қып жасат  
(Жамб., Шу). Бесік пеш Алматы облы-  
сының аудандарында да айтылады.

БЕТ ҚАРАЙТЫН ТУУ (Гур., Бак.)  
қыз бала туу. Күлан бет қарайтын  
туыпты (Гур., Бак.).

БЕТ АЛДЫРУ (МХР, Баян.) бағыт-  
тату. Қойды қорадан шығарып бет ал-  
дыра бергенде қар қайта борап, қой  
қапталдай жөнелді (Ж. өм., 1986, 15. V).

БЕТ-АУЗЫ ЖОҚ (Гур., Маңғ.) ұят-  
ары жоқ.

БЕТЕБОЗ (Қ. орда, Арал) құмда өсе-  
тін бозғыл, аласа шөп (сыр, жылқы  
жейді).

БЕТЕКЕ I (Қ. орда, Арал; Акт., Ырғ.)  
іштің ісігі. Бетеке кетіп, бет қалар  
(Қ. орда, Арал). Ол бетекеден жа-  
зылды (Акт., Ырғ.).

БЕТЕКЕ II (Талд., Қоғ.) бетеге. Біз-  
дің таулы жерде жылқы жейтін бете-  
ке көп болады (Талд., Қоғ.).

БЕТЕЛДІ (Көкш., Қ. ту) беталды.

Бетелді сөйлей беретінің не?! (Көкш.,  
Қ. ту.).

БЕТЕР: одан бетер (Алм., Жамб.) 1.  
одан әрі Алматы түгілі одан бетер  
кетсең де мен ештеңе демеймін (Алм.,  
Жамб.); 2. тым, өте (Түрікм., Красн.).  
Ол кісі маған бетер қары сияқты көрін-  
беді (Түрікм., Красн.).

БЕТЖҮЗДІК (Сем., Үрж.) сыйлық,  
тарту. Бет жүздікке шапан әкепті  
(Сем., Үрж.).

БЕТКӨРІШ (Т., Қоғ.) айна.

БЕТ КӨРІШ ҚАЙТУ (МХР: Баян.)  
көңіл айтуға бару.

БЕТ ҚАРА БОЛУ (МХР, Баян.) ұят-  
қа қалу. Байқаламай қызып, әйеліңіз бе  
деп сұрап, бет қара болдық емес  
не?! (МХР, Баян.).

БЕТ ҚОСУ (Сем., Абай) беттесу, бет-  
ге-бет, жүзбе-жүз келу. Олар бір-бірімен  
бет қосып сөйлесті (Сем., Абай).

БЕТМАЙ (МХР, Баян.) вазелин.

БЕТ ОРАМАЛ I. (МХР, Баян.) қол  
орамал. 2. (Павл., Леб.) сүлгі.

БЕТ СИПАУ (Түрікм.: Ашх., Красн.)  
бата оқу.

БЕТ СҮРТКІШ (Шымк., Түлк.) сүлгі.  
Бет сүрткішті бер! (Шымк., Түлк.).

БЕТТЕН ШАРМАЙ АЛУ (Гур., Шевч.)  
беттен алу, қарсыласу. Бірдеме десең,  
бетіңнен шармай алады (Гур.,  
Шевч.).

БЕТШЕ (Гур., Маңғ.) жауынгерлік  
листок.

БЕТИГІНДЕЙ (Гур., Есб.) кішкентай,  
аласа. Ол кезде Қасым бетігіндей  
бала еді (Гур., Есб.).

БЕТИНЕН ШЫҒУ (Қ. орда, Арал) асу,  
сыймау. Жинаған қағазы бір жәшік, тіпті  
жәшіктің бетінен шығып тұр (Қ.  
орда, Арал.).

БЕТИНШЕ АЙТУ (Орал; Жән.) көзіне  
айту. Ахметке бұл сөзді бетінше айт!  
(Орал, Жән.).

БЕҺУДА (Қ. орда., Қарм.) бекер. Қал-  
жан, сен беһуда далада жүрме, көзір  
ораққа бар (Қ. орда, Қарм.).

БЕШ I (Алм., Жамб.; Жамб., Жам.;  
Гур., Маңғ.; Қарак. қаз.) бес. Махорка  
отыз беш тыйын тұрады (Алм., Жамб.).  
Беш көлік даяр болды (Жам., Жам.).  
Балам биыл бешке шықты (Қарак.,  
қаз.).

БЕШ II (Орынб., Ад.; Орал: Қарат.,  
Жән.; Шығ. Қаз., Больш.; Гур., Маңғ.)  
пеш. Үй салқын, беш жағу керек (Орал,  
Қарат). Бешке отын салдың ба? (Гур.,  
Маңғ.).

БЕШАТАР (Қарак.) бесатар. Беш

а т а р д ы ң оғымен атыпты (Қарак.).

БЕШЕЛА (К. орда, Арал) балық ілетін жер.

БЕШКЕШ (Жамб., Шу) үлкендік. Бір ай жатып мәжіліс құрғанда жасымды бешкеш қылып сәлем бермедің (Жамб., Шу).

БЕШМЕНТ (Орынб., Ад.; Кост., Семиоз.) бешмент. Қималы бешмент киеміз біз (Орынб., Ад.). Сол жақтан қойға барам, бешментімді ала кетейін (Кост., Семиоз.).

БИАБРАЙ (Қарак.) абыройсыз. Жалқау адамға биабрай болайын десе лезде ғой! (Қарак.).

БИБАҚ СӨЗ (Гур., Маңғ.) Бос сөз.

БИБІТ (Ақт., Байғ.) бейбіт. Бибіт отырған совет территориясына ...шабуыл жасады (Ақт., Байғ.).

БИГУТ (Гур., Есб.) салық. О кез биғутшылық дәуірі ғой, айнама! (Гур., Есб.).

БИДА (К. орда: Жал., Сыр.) бас жіп (малды байлау үшін). Ақырға сиырларды бидамен байлап қоямыз (К. орда, Сыр.).

БИДАҒАТ (Орын.: Ад., Бөр.) табиғат. Екеуі шарғаттан да, бидағаттан да сөйлеседі (Орын., Бөр.).

БИДАЙ АҒУ (Талд., Қоғ.) бидайдың шықпай қалуы. Былтыр кейбір жерлердегі бидай ағып кетті (Т.).

БИДАЙ АҚСАҚ (Түрікм.: Красн., Тедж., Таш.; Гур., Маңғ.) бақайларының арасына құрт түсіп, қойлардың ақсап ауыруы. Бидай ақсақ болған қойды тұяғының тесілген жеріне бидай тығып емдейміз (Гур., Маңғ.).

БИДАЙ АУУ (Шымк., Арыс) бидайдың семуі, солуы.

БИДАЙ ҚЫРҚУ (Көкш., Қыз.) бидайды шабу. Жуырда бидай қырқа бастаймыз (Көкш., Қыз.).

БИДАЙ СОҒУ (Көкш., Қыз.) бидай бастыру. Бұрын атқа тас байлап бидай соғатынбыз (Көкш., Қыз.).

БИДЕУ (Тау., Қош.) билеу.

БИЕ БАЙЛАЙТЫН КЕЗ (МХР, Баян.) ертеңгі сағат сегіз-тоғыз шамасы.

БИЕБАУ (Жамб., Жамб.) бидай бас, ұзын сабақты шөп, бидайық. Биебау, араласып, шөп қалың шықса малға жем-шөп көп болады. Ондай жағдайда биебауды шауып алады (Жамб., Жам.).

БИЕЕМШЕК (Жамб., Сар.) қымыздық.

БИЕҚАРЫН (Жамб., Шу) басында дән бар, бие жейтін шөп.

БИЗАР ЕТУ (Түрікм.: Ашх., Таш.) зар

илету, азапқа салу. Күні бойы осы бала-ақ мені бизар етті (Түрікм., Ашх.).

БИҚАЛИ (Түрікм.: Таш., Мары) сезгіш, біреудің ойындағысын білетін адам. Ол саған алдата қоймас, биқали адам (Түрікм., Таш.).

БИҚАЯ (Орал, Орда) қазымыр. Кемпірдің бәрі бірдей емес қой, олардың биқаялары да көп болады. Олар келіндеріне тыныштық бермейді (Орал, Орда).

БИҚҰТ I (Гур., Маңғ.) бейқам, қаннен-қаперсіз. Биқұт отырған елміз (Гур., Маңғ.).

БИҚҰТ II (Гур., Тен.) жерден қазылған мұз сақтайтын үй. Қыстың күні мұзды биқұтқа салып жинап аламыз (Гур., Тен.).

БИЛЕТПЕУ (МХР, Баян.) көп ішу, көп жеу. Тамақты билетпейтін адам ол (МХР, Баян.).

БИНЕТ (Ақт., Байғ.) бейнет. Байдың жылқысымен еріп кетіп, бинеттің нелер азабын шегіп жүруші едім (Ақт., Байғ.).

БИПАРАЗ (Орал) папирос. Жебесін ширатады қара мұрттың, тартады би-паризын қала жұрттың (Х.Ерг., «Құрманғазы»).

БИТ (Талд., Ақсу) бүршік. Темекінің сабағындағы битін алып тастамаса, жапырағы кіші шығады (Талд., Ақсу).

БИТАКАНДАЙ (Орал: Жымп., Чап.) кішкентай.

БИТТЕЙ (Гур., Маңғ.) кішкентай. Биттей кінә да адамды ұялатады (Гур., Маңғ.).

БИТИМДЕЙ (Қарағ., Ұлы.) кішкентай. Битімдей болып қызметке тұрыпты (Қарағ., Ұлы). К. битакандай.

БИШЕК (Қарак., Қоң.) күзде пісетін тарғыл сопақ қауын. Бишек басқа қауындардан кешірек егіледі (Қарак., Қоң.).

БИШЕМБІ (Гур., Маңғ.) бейсенбі.

БИХАТ (Гур., Маңғ.) бейсенбі.

БИҒУДА (Жамб., Жамб.) орындалмайтын, болмайтын.

БИКІТРЕУ (Алм., Шел.) биіктеу.

БИЯБЫР (Жамб., Жамб.) ұятсыз, абырсыз. Ол биябыр кісі. Биябыр әйелдің ащы дауысы көршілерді мазаласа керек. (Жамб., Жамб.).

БИЯЗ (Сем., Ұрж.) матаның түрі. Биязды да талап алып жатыр (Сем., Ұрж.).

БИЯЛА (Қост., Жанг.) Шамның лампасы. Шамның бияласы сының (Қост., Жанг.). К. пияла.

БИЯЛАЙ (Орал: Чап., Жымп.; МХР,



Баян.) колкап. *Қыстың көзі қырауда кішкене би ялай киген қолыңды иін ағаштың ілгері жағына салып, кіп-кішкене көрінетінсің* (А. Фад. Ж. гв. аудар. Ғ. Сл., 60). *Би ялайды қыста қолғаптың сыртынан киеді. Би ялайдың жалғыз бас бармағы болады* (МХР, Баян.).

**БИЯПАР** (Талд.) мазасыз, тынымсыз. *Кәрімжан би япар кісі* (Талд.).

**БЛАНТАТЫР** (Гур., Есб.) плантатор. *Бейсен блантатыр болып істейді* (Гур., Есб.).

**БОБАРТЫ** (К. орда, Қарм.) қазақы койға арабы қошқар шапса, бобарты туады. Бобартының құйрығы кепеш, еті майлы, жүні тығыз болады. *Біздің колхозда бобарты қойдың тұқымы аз* (К. орда, Қарм.).

**БОБЛЫҚ** (Гур., Маңғ.; Қост., Жанг.) хабар-ошар. *Боблық қылу — хабарлау. Екі-үш жылдай соғысты, өзінің білмей шамасы, Боблық қылып шақырды, Мен қазақтың баласы (Қашаған ақын).*

**БОБЛЫҚ БЕРУ** (Қост., Торғ.; Қарағ., Ұлы.) хабар беру. *Сол келген кісі боблық берді. Боблықтан кейін біз де қозғала бастадық* (Қарағ., Ұлы).

**БОБЫЛЫҚТАУ** (Түрікм., Таш.) іздеу, хабар салу, сұрастыру. *Оны бобылықтап бармаған жеріміз, сөйлеспеген кісіміз қалмады* (Түрікм., Таш.).

**БОГРЕ** (Қост., Аман.) сандық. *Шыны аяқты богреге сал.* (Қост., Аман.).

**БОҒАҚ** (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.) бұғақ. *Ол курортқа барған екен, боғағы салбырап, семіріп қайтыпты* (Сем., Ақс.).

**БОҒАТ** (Шымк., Қызылк.) дуалдын үстінен салынған камыс. *Әр тамның жоғарғы жиегіне боғат салынады.* (Шымк., Қызылк.).

**БОДАЛАҚ** (Ақт., Ырғ.; Сем., Абай) дәрекі, ажарсыз, ретсіз. *Сенің өрнегің бодалақ тоқылыпты ғой* (Ақт., Ырғ.). *Мынау туырлықты бодалақтау қылып басыпты* (Сем., Абай).

**БОДАЛОҚТАУ** (К. орда: Сыр., Жал., Қарм.) қалай болса, солай істеу. *Жұмысты бодалақтатып істемеу керек* (К. орда, Сыр.).

**БОДАЛАУ** (Қост., Жанг.) бодалақтау. *Түйбайдың әйелі тоқыған кілемін бодалай салыпты* (Қост., Жанг.).

**БОДАМ** (Сем.: Ұрж., Мақ.) сенек, кіре берістегі алдыңғы үй. *Үйдің бодамы кішкене* (Сем., Ұрж.). *Күн батар алдында Ефросинья Ниловна пешке от жақпақ болып, ауыздағы бодамға шықты. Бодамның іші ала көлеңке* (К. Ораз, «Жексен», 94).

**БОДАМ БОЛУ** (Сем., Ұрж.) біреудің кол астында болу, біреуге бағыну. *Баяғыда бір халық екінші халыққа бодам болатын* (Сем., Ұрж.).

**БОДАМСЫЗ** (Шығ. Қаз.: Күрш., Больш.) бағыншысыз, тәуелсіз. *Мынаның өзі бір бодамсыз кісі көрінеді* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**БОДАН** (Шығ. Қаз., Зайс.) үлкен пышак, лөкөт пышак. *Үлкен пышақты біз бодан деп те атаймыз* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БОДВОД** (К. орда, Арал) қайықтың алдыңғы жағындағы қуыс. *Ведро бодводта жатыр* (К. орда, Арал).

**БОДЫҚ** (МХР, Баян.) құмды от жағып қыздырады да, сойған малдың терісіне орап, сол қызған құмға етті пісіреді.

**БОЖБАНДАУ** (Орал, Қазт.) бажылдау. *Ол жайшылықтағысы былай тұрсын, бюрода да божбандап отырады* (Орал, Қазт.).

**БОЖУ** (Шығ. Қаз., Зайс.; МХР, Баян.) быршу, ашып кету. *Айраң божып кетті* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БОЖЫ** (Жамб.: Жам., Жуа.; Қарағ., Ұлы.; Көкш., Қыз.) делбе, *Мен божы ұстап келемін* (Қарағ., Ұлы).

**БОЖЫЛАУ** (К. орда, Арал) зекет, садақ жинау.

**БОЗ I** (К. орда, Арал) далада өсетін көде, селеу. *Бұл қонған жеріміздің маңайында боз көп* (К. орда, Арал).

**БОЗ II** (Көкш., I Май) жайылым жер. *Мал жайылатын жерді боз дейді* (Көкш., I Май).

**БОЗАЙ** (Алм., Нар.) бос, нашар. *Ол бір ынжық, бозай адам екен!* (Алм., Нар.).

**БОЗАҚАЙ** (Гур., Тен.) бозғылт, бозырақ. *Бейсембаевтың қайығының жалауы бозақай еді* (Гур., Тен.).

**БОЗБАСШЫЛЫҚ** (Т., Қоғалы) бозбашылық. *Қартайғанда бозбасшылық істейін деген екенсің!* (Т., Қоғалы).

**БОЗБҰҒА** (Сем.: Абай, Шұб.; Тау., Қош.; Жамб., Шу) шөптен жасалған дәрі. *Ол бозбұғаны емге ішті* (Сем., Шұб.).

**БОЗДАҚ** (Ақт., Ойыл) түйенің жүнін жүндеген жеріне қайта шығып келе жатқан майда жүн. *Түйенің боздағы жаңа шығып келе жатыр* (Ақт., Ойыл).

**БОЗДАҚТАУ** (К. орда, Қарм.) түйенің жүнін жүндегеннен кейін соның орнына жаңадан майда жүннің шығуы. *Ол бәрі бір енді боздақтап жатқан жоқ* (К. орда, Қарм.).

**БОЗДЫҚ** (Орал, Орда)-**БОЗ I**. *Біздің*

бұл арада боздық болмайды (Орал, Орда).

БОЗЖАП (Қарақ. Тахт.) ені 5—6 метрдей су жүретін арық. *Боз жап суды жақсы тартады* (Қарақ., Тахт.).

БОЗЖЕР (Көкш.: Еңб., Щуч.; Қ. орда, Арал; Түрікм., Таш.) жайылмын жер.

БОЗ ЖҮГЕРІ (Түрікм.: Таш., Тедж.) дәні бозғыл келетін жүгерінің түрі.

БОЗ МҮРТ. Қ. боз тұмсық.

БОЗ ОБА (Қар., Шет) шағыл (тасты, шөбі аз) жер.

БОЗ ОТ // ҚАУ (Көкш., Қ. ту.) қырға шығатын аласа шөп. *Боз от біздің жақта сирек болады* (Көкш., Қ. ту.).

БОЗ ТҮМСЫҚ (Орын.: Ад., Бөр.) тарының шала, піспеген кезі. *Тарының жары (қ.) пісіп, жары піспей тұрған кезін боз тұмсық дейміз* (Орын. Ад.).

БОЗ ҮЙ (Шымк.: Қызылқ., Сайр.; Жамб., Қорд.) киіз үй. *Бәріміз де боз үйге кірдік* (Жамб., Қорд.). *Бұрын жазда боз үйде отыратын* (Шымк., Сайр.).

БОЗА БОЛУ (Қ. орда, Арал) ашу, көгеру, бұзылу. *Бір пәшкі темекі алып едім, арасы боза болып кетіпті* (Қ. орда, Арал).

БОЗАҢ (Алм., Кег.) бос, нашар. *Ол бір ынжық, бозаң адам екен* (Алм., Кег.).

БОЗАРҒАН (Түрікм.: Красн., Таш., Тедж.) аздап қана сүт қосып ашытқан шалап көже. *Шөлдеп келдік, ағарғаның болмаса, бозарған бере ғой* (Түрікм., Красн.).

БОЗБАЙТАЛ (Қарақ.) өсекші. *Арадағы бозбайтал, Андағыны мұнда айтар, Мұндағыны анда айтар* (Қарақ.).

БОЗБАЛДАҚ (Гур., Маңғ.) бозбала. *Талай кетті бозбалдақ, Талай сұлу қызғалдық, Алладан өмір болған күн, Өлімнен бар ма құр қалмақ* (Кашаған акын, Гур., Маңғ.).

БОЗБАС (Алм., Шел.) бозбала, жастық. *Бұрын оқып едім, бозбастықпен тастап кеттім* (Алм., Шел.).

БОЗҒАНАҚ (Акт., Шалқ.) ұсақ жапырақты аласа шөп. *Бозғанақты қой сүйіп жейді* (Акт., Шалқ.).

БОЗЫМ (Акт., Жұр.) айыр өркешті түйе. *Бозым күшті болады* (Акт., Жұр.).

БОЗИНГЕН I (Түрікм.: Красн., Небид.) шөптің бір түрі. Оның қураған тамыры, жер астынан қазып алынып, лай жасауға қолданылады.

БОЗИНГЕН II (Гур., Маңғ.) борбас жер, жауын-шашыннан кейін батпақ болып жататын жер.

БОЙ (Қ. орда, Арал; Гур., Есб.) адамның бойы (өлшем ретінде). *Біздің құдығымыз терең болады, 6—7 бойға барады* (Қ. орда, Арал).

БОЙ-БОЙ (Алм., Шел.) жыртық-жыртық. *Чапаным бой-бой болып киюден қалды* (Алм., Шел.).

БОЙДА (Алм., Кег.) бойына. *Алты жыл бойда сауыншы болып істеймін* (Алм., Кег.).

БОЙДАҚ БИДАЙ (Шығ. Қаз., Зайс.) аңызға шыққан бидай. *Быйыл жаңбыр көп болып, бойдақ бидай жақсы шықты* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БОЙ ЖҮГЕРІ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) сабағы ұзын, собығы жұмыртқа тұлғалас, иіліп есетін жүгері.

БОЙҚУМА (Гур., Маңғ.) қуалай, сол бағытта. *Ауды бойқума етіп салма, балық түспейді* (Гур., Маңғ.).

БОЙЛАЙ (Түрікм.: Красн., Небид., Жебел, Ашх., Тедж.; Орал: Чап., Жымп.; Гур., Маңғ.; Акт.) үнемі, ылғи. *Жеке жағын бойлай қадағалады* (Түрікм., Тедж.). *...арзалар туралы сайлаушылардың алдында оқтын-оқтын бойлай есеп беріп тұрулары керек* («Қарабұғаз көл жұмысшысы» газ., 25. IV. 37). *Біз бойлай осы жерге келіп тұратынбыз* (Орал, Чап.). *Комсомол оқуын бойлай да тыңғылықты әзірлікпен өткізеді* («Қ-з жолы», 3. X. 53).

БОЙЛАҚ (Сем., Аяғ.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР, Баян.) төлсіз (мал). *Құлынды шығынсыз аяқтандыру үшін буаз биеден алдынала бойлақ жылқыдан бөлектеп қорада жемдейді*. (МХР, Баян., «Үгітші», 1987, № 4).

БОЙРА (Жамб., Св.; Шымк., Сайр.; Алм.: Кег., Жамб.) қамыстан тоқылған тоқыма. *Бойраны үйдің төбесіне киіздің астына салады* (Жамб., Св.). *Бүгін үйге бойра төсеп, үстіне киіз салып қояйық* (Шымк., Сайр.).

БОЙ ТЕМІР (Жамб: Мойын., Шу) су диірменнің тасы мен астындағы су ұратын дөңгелекті байланыстыратын темір.

БОЙ ТЕРЕК (Түрікм.: Мары, Таш., Тедж.) теректің түзу есетін түрі. *Осы бой теректерді соңғы үш жылдықта отырғызынбыз* (Түрікм., Таш.).

БОЙЫН (Жез., Ұлы) мойын. *Жас баланың бойыны* (Жез., Ұлы).

БОЙЫНДА (Түрікм.: Ашх., Мары, Таш.). *Қ. бойда. Екі күн бойында құтар (қ.) деп отыр* (Түркм., Таш.).

БОЙЫҢЫЗ ЖАҚСЫ МА? (Көкш.: Еңб., Щуч.) (ауру адамнан хал сұрағанда айтылады).

Ақсақал, бойыңыз жақсы ма, тәуір болдыңыз ба? (Көкш., Еңб.).

БОКЕС (Қост., Об.) бөкес. Шөп шапқан пішенінің бөкесіндей (Қост., Об.).

БОКОЙ (Ақт., Қараб.) тырнауыш жинап кеткен шөп.

БОҚАН ЕР (Ақт., Жұр.) алдыңғы қасы қошқар мүйіз болып келген, артқы қасы да иіліп келген ердің түрі.

БОҚЖАМА (Алм., Жам.) кішкене төрт бұрышты алаша.

БОҚТАУ (Жамб., Шу) жерге көн шашу. Жерді өңдеп, боқтаса, егін жақсы шығады (Жамб., Шу).

БОҚША 1. (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.) сумка, портфель. Мектепке баратын болсаң, боқшаң қайда? (Сем., Ақс.); 2. (Жамб.: Мер., Шу) қыздардың қуыршақ салып қоятын ыдысы. Жігітке кісе бо(л)са, қызда боқша бар (Жамб., Шу).

БОҚШАЛА (Сем., Аяг.)-БОҚША.

БОҚШЫБЫН (Қ. орда, Қарм.) малды құрттататын, құрт түсіретін шыбын.

БОҚЫРАУШЫ (Қост., Фед.) көпей, кенже туған төл. Бұл босағада өскен боқыраушы еді, үйден ұзамайтыны сол (Қост., Фед.).

БОЛАЖАҚ (Гур.: Есб., Маңғ.) болашақ. Ол қарт болажақты болжай біледі (Гур., Есб.).

БОЛАРШАҚ (Орал, Чап.) болашақ.

БОЛАТ (Шығ. Қаз., Зайс.) көздің нұры, қарашығы. Көздің болатына қарай доктор көзілдірік береді ғой (Шығ. Қаз., Зайс.).

БОЛАТНАЙ (Алм., Жамб.) матаның түрі. Өткен айдағы жалақыма үш метр болатнай алдым (Алм., Жамб.).

БОЛ-БОЛДЫ (Алм., Еңб.) ерте пісетін қауынның бір түрі. Қазір бол-болды пісіп қалыпты (Алм., Еңб.).

БОЛҒАНДА ҚОЙ СЕКІЛДІ (Қ. орда., Арал) болғанда қандай. — Бұл жерде маса бола ма? — Болғанда, қой секіледі! (Қ. орда., Арал).

БОЛДАҚ (Алм., Жамб.) шалбардың белбеу өткізетін жері. Шалбардың болдағы бітті ме? (Алм., Жамб.).

БОЛДЫРУ // БОЛҒЫЗУ (МХР, Баян.) ету. Ат-көлік, азық-түлік, киім-кешек, жатар орын тағысын тағыларды сақадай сай болғызды (Ж. өм., 1985, 30. VII).

БОЛЖЫМАС (Ақт., Ырғ.) бұлжымас. Колхоздың уставы біздің болжымас программamız ғой! (Ақт., Ырғ.).

БОЛМАЛЫ (Түрікм., Красн.) болуы керек. Бұл жақтың дәбі (қ.) бойынша ұзатылған қыздың жасауында міндетті түрде шай саңдығы болмалы (Түрікм., Красн.).

БОЛМЫС (МХР, Баян.) жағдай. Еңбекшілердің еңбек демалыс, тұрғын үй, тұрмыстық, мәдени болмысы мен қоршаған ортаны қорғау ісін жақсарту (Ж. өм., 1986 ж. 29. XI).

БОЛОКУШ (Орал, Қазт.) волокуш. 12 болокуш бір скірт болады (Орал, Қазт.).

БОЛТЫРУ (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) болдыру, шаршау.

БОЛУШЫ (МХР, Баян.) болып табылатын. Мектептің басты көрсеткіші болушы мектеп бітірту жоспарың орындауға арналған жан-жақты жұмыстар жүргізіліп, 100,2% орындау мүмкіндіктерін қолға келтірді (Ж. өм., 1983 ж., 8. III).

БОЛЫК (Қост.: Семиоз., Фед.) төсектің астына салатын төсегіш. Төсектің астындағы болықтықайтадан қағып сал! (Қост., Фед.).

БОЛЫМДЫ (Қ. орда, Қарм.) пысық. Ол да болымды болды ғой (Қ. орда, Қарм.).

БОЛЫС (Тау., Қош.; Сем., Абай; Шығ. Қаз., Больш.) көмек, жәрдем, қолғабыс Сіз бізге болыс жасаңыз (Тау, Қош.).

БОЛЫСТЫҚ-БОЛЫС. Колхозшыларға болыстық жасап жүрміз (Тау., Қош.). К. болыс.

БОЛЫС ҮЙ (Орын.: Ад., Бөр.) ұзататын қызға арналған кеш. Ілгері кезде қарындасын я жиенін т. б. ұзатқанда мен қарындасымның болыс үйін аламын деп жататын. Болыс үй жасаушы бір кеш тамаша жасап береді (Орын., Бөр.).

БОПАЙ (Сем., Абай) бос, болбыр. Ботай да бір бопай бала екен (Сем., Абай).

БОПАЛАМ (Гур., Маңғ.) аралас. Біз әй-шәйіңе қарамай бопалам сөйлей беретін қазақпыз (Гур., Маңғ.).

БОПИКЕ (Қ. орда, Қарм.) көйлекке тағатын шыны көз, танакөз (түйме). Шырағым-ау, көйлегіңнің тамағындағы бопикесі түсіп қалыпты ғой! (Қ. орда, Қарм.).

БОПСАЛАУ (Орал, Жән.) сыр тарту, пікірін білу. Баладана бопсалап көріп едім, шынын айтты (Орал, Жән.).

БОПЫР ҚОРА 1. (Жамб., Шу; Қ. орда, Арал) керегесін шөп, кимен өсірген отын қоятын немесе қыста малды күн

шуаққа қоятын төбесі ашық қора. 2. (Қост., Жанг.) көң, қоқыр (малдікі). *Ат-қораның іші б о п ы р болып кетіпті* (Қост., Жанг.).

**БОПЫРАУ** (Алм., Ұйғ.) бұрқырау, қатты қайнау. *Самауырды б о п ы р а т ы п жібергені!* (Алм., Ұйғ.).

**БОПЫРСЫТУ** (Алм., Шел.) астанкестенін шығару, шашу. *Мен суға барып қайтып келсем, балдарым үйді б о п ы р с ы т ы п ойнап жүр* (Алм., Шел.).

**БОР** (Жезк., Ұлыт.) алты қырлы асыл темір. *Жұмысшылар жерді б о р м е н т е с е д і* (Жезк., Ұлы.).

**БОРА** (Сем.: Ұрж., Мак.) қамба, астық сақтайтын жер. *Біздің астығымыз б о р а д а сақтаулы тұрады* (Сем., Ұрж.). Кейде «сусек» деп те атайды.

**БОРА-БОРА БОЛУ** (Қ. орда, Арал) егіл-тегіл болу. *Біздің жаққа барып, б о р а - б о р а б о л ы п жылап едің* (Қ. орда, Арал).

**БОРБАС // БОРПАС** (Алм.: Шел., Еңб.) сор. *Атпен б о р б а с т а н өту өте қиын* (Алм., Шел.). *Біздің жерде б о р п а с аз кездеседі* (Алм., Еңб.). *Б о р п а с жерде су болмайды, қарт адамда әл болмайды* (Халық макалы).

**БОРАЗНА** (Қар., Ұлы.) борозда. *Б о р а з н а н ы ң сүреңі де оңай емес* (Қар., Ұлы.).

**БОРАЛ** (Т. қор., Қоғ.) бозғыл түс.

**БОРАН** (Алм., Кег.) жел.

**БОРАН ҚЫЛУ** (Алм.: Кег., Нар.) жария қылу. *Бұл жұмысты ел ішінде ол б о р а н қ ы л д ы* (Алм., Кег.).

**БОРАН-ШАШЫН** (Орал: Жымп., Чап.) жауын-шашын. *Б о р а н - ш а ш ы н д а байқап жүру керек* (Орал, Чап.).

**БОРБАП ПАНАЛЫ ЖЕР** (Түрікм., Красн.) ықтасын жер. *Қыста қойды б о р б а п п а н а л ы ж е р г е жайған дүр ы с* (Түрікм., Красн.).

**БОРДАҚ** (Орал, Жән.) панасыз, жетім. *Ол баланың әкешесі жас кезінде өліп, б о р д а қ болып өсулі* (Орал, Жән.).

**БОРДАКТАУ** (МХР, Баян.) қайнаған шайға қуырған ұн араластырып, қайнатып, қойылу. *Чәй б о р д а қ т а й берейік* (МХР, Баян.).

**БОРДАҚ ЧӘЙ** (МХР, Баян.) талқанға шай құйып қойылу арқылы жасалған шай. *Қара чәйдан гәрі б о р д а қ ч ә й тәуір ғой!* (МХР, Баян.).

**БОРДАНА** (Қост., Торғ.) толқын. *Желді күні теңізде үлкен б о р д а н а болады* (Қост., Торғ.).

**БОРЕНКЕ** (Шымк., Мақт.) воронка. *Ана б о р е н к е н і әперші* (Шымк., Мақт.).

**БОРЖАСЫ БОЛУ** (Қ. орда, Арал) қолдың бос болуы, мұршасы болу. *Егер б о р ж а м б о л с а , бидайды орып бо-лып, қырманға да барам* (Қ. орда, Арал).

**БОРЖУ** (Қост.: Жанг., Торғ.) шіру. *Мынау б о р ж ы ғ а н ағаш қой, есіктің кәсегіне жармайды* (Қост., Жанг.).

**БОРЖЫМА** (Павл., Лсб.) айранды пісіп, майын алған сұйық сусын.

**БОРЛАТ** (Жамб., Шу) қып-қызыл мата.

**БОРЛАУ** (Сем.: Абай, Шұб.) айдап салу, қажау. *Мен оны осылай ет деп б о р л а п - б о р л а п жібердім* (Сем., Абай).

**БОРМАН** (Қар., Шет) қамба, қойма. *Астықты борманға салып қойдық* (Қар., Шет).

**БОРМИ // ПОРМИ** (Сем.: Акс., Аяғ., Мак., Ұрж.) жүгері. *Б о р м и биыл ерсі шығыпты* (Сем., Ұрж.).

**БОРСАСЫН ШЫҒАРУ** (Қ. орда, Қарм.) қатты ұрсып, есін шығару. *Кеше ағасы ұрсып, борсасын шығарып жіберген* (Қ. орда, Қарм.).

**БОРСЫҚЖҮН** (Сем., Ұрж.) таудың ұшар басындағы алаңда өсетін шөп. *Б о р с ы қ ж ү н д і жылқы малы сүйсіне жейді* (Сем., Ұрж.).

**БОРУ** (Ақт., Бірг.) шіру, қарау. *Шабылған шөпті жауынға тигізбей мезгілінде жиып алмаса, б о р ы п кетеді* (Ақт., Бірг.).

**БОРША // БОРШЫ** (Қарак., Қоң.) бұрге. *Бұл үйде б о р ш а бар екен* (Қарак., Қоң.).

**БОРША БОЛҒЫР!** (Түрікм., Таш.) түйе малына айтылатын қарғыс. *Үш-төрт күннен бері өрістен лөк қайтпай қойды, б о р ш а б о л ғ ы р , аман болса жарар еді!* (Түрікм., Таш.).

**БОРШЫН** (Орал, Жән.) сиырдың, түйенің көң терісінен тігілген шәркей. *Революцияға дейін б о р ш ы н тігіп күнелттім* (Орал, Жән.).

**БОРЫҚ I** (Шығ. Қаз., Зайс.) ау тартатын ұршық ағаш. *Қысты күні мұз астына салған ауды б о р ы қ арқылы тартып алады. Б о р ы қ т ы атпен тартады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БОРЫҚ II** (Сем., Ұрж.) борсыған, шалшық су. *Біздің жерде ішуге жармайтын б о р ы қ сулар көп* (Сем., Ұрж.).

**БОРЫҚ III I.** (Қост., Жанг.; Қ. орда: Жал., Сыр.) қамыстын, қоғаның тамыры. *Қоғаның б о р ы ғ ы тарам-тарам болады* (Қост., Жанг.). *Ашық қораны б о р ы қ - т а н да жасап аламыз* (Қ. орда, Сыр.);

2. (Сем., Абай) майда сабан. *Құрылысқа борық өте қажет* (Сем., Абай).

**БОРЫШ-ҚАРЫШ** (Сем., Абай) борыш-қарыз, бересі. *Сенің борыш-қарышың бар ма?* (Сем., Абай).

**БОРЫШҚОР** (Қост., Жанг.) борышты. *Мен Саламатқа 60 сом борышқормын* (Қост., Жанг.).

**БОРЫШ-НЕСИЕ** (МХР, Баян.) алған төлем. *Меншіктің есеп, санағын тиісті мерзімінде дұрыс, сапалы жүргізіп, келістіктер мен борыш-несие шығармау жөнінде жан-жақты шаралар белгілеу, қажет* (Ж. өм., 1987, 4. VI).

**БОС I** (Түрікм.: Красн., Небид., Таш., Ашх.; Гур., Маңғ.) жаңбыр суы, қак. *Жерің шағыл болса әрі жаңбыр сирек болса, бос қайдан келмелі?* (Түрікм., Ашх.). *Жылқы бостық суынан тез жериді* (Гур., Маңғ.).

**БОС II** (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) уақыт. *Мен сендерге барайын-ақ деймін, бірақ бос жоқ* (Тау., Қош.). *Біраз демалып қайтуға бос жоқ* (Шығ. Қаз., Больш.).

**БОСАДА** (К. орда: Сыр., Жал.) белгі, карауыл. *Аттардың шауып келетін жерін босада дейміз* (К. орда, Сыр.).

**БОСАТ** (К. орда, Арал) теңізден бөлініп қалған су.

**БОСАТУ** (Тау., Қош.; Шығ. Қаз., Больш.) бітіру, аяқтау. *Екінші балам тоғызыншы класты босатты* (Тау., Қош.).

**БОСАУ** (Тау., Қош.) біту, аяқталу. *Советшанелеріңіз босады ма?* (Тау., Қош.).

**БОСПА** (Алм., Кег.) инемен тіккен кесте, эшекей, өрнек. *Қолым тимеді, боспа тігіп отырмын* (Алм., Кег.). *Боспалаған орамал — кестелеген орамал* (Алм., Кег.).

**БОСТАҚ** (Қост.: Жанг., Торғ.; Қарағ., Ұлы.) жай, бос. *Онікі әшейін бостақ сөз ғой!* (Қост., Жанг.).

**БОСТАН БОЛУ** (Гур.: Бақс., Маңғ.) бостандық алу, босау. *Түнеугі жігіт бостан болып елге келе жатыр деп есітім* (Гур., Бақс.).

**БОСТЫАН** (Қост., Жанг.) құр, бекер, құрғақ, қысыр. *Құры бостыян әңгіменің не керегі бар* (Қост., Жанг.).

**БОСТЫҢ СУЫ** (Гур., Шевч.) жаңбырдың суы.

**БОСШІК** (Шығ. Қаз., Күрш.) ат арбамен жүк тасушы. *Бұл кісі конный двордың босшігі* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**БОСЫНА** (Гур., Маңғ.) босқа. *Сақалы босына ағарған* (Гур., Маңғ.).

**БОТАҚАН ОҒЫН** (К. орда, Арал) әлек, қиқу. *Ферманың малы өліп қалса, райзу ботақан ойынды салады ғой* (К. орда, Арал).

**БОТАЛАСУ** (Алм., Шел.) бірігу, ұйымдасу. *Боталасып колхозға қызмет істедер, шырақтарым!* (Алм., Шел.).

**БОТАНА** (Шымк., Қызыл.) лайлы. *Арыстың суы ботана боп ағып отыр* (Шымк., Қызыл.).

**БОТАСУ** (Орал: Жымп., Чап.) шатақтасу, ұрсысу. *Әке, аналар ботасып жатыр* (Орал, Чап.).

**БОҒКА I.** (Көкш.: Еңб., Шуч.) ұн, картоп, шөп араластырып малға беретін жем. **2.** (Чкал., Домб.) күріш, тары каша. *Қонаққа ботқа бердік, жағдай сол, барға риза болыңыз* (Чкал., Домб.).

**БОТСӘНДІК** (Қар., Ұлы.) күнбағар. *Ботсәндікті қуырып шақпаса, дәмсіз болады* (Қар., Ұлы.).

**БОТТАШЫК** (Орал: Орда, Қазт.) картоп. *Ботташық биыл жақсы шықпас, жауын болмай тұр ғой* (Орал, Қазт.).

**БОТУҢ** (Сем., Аяғ.) жалдаушы.

**БОТЫСУ** (Қост., Об.) 1. адасу, жаңылысу. *Мен ботыстым ба деп ойлап едім* (Қост., Об.); 2. К. **ботасу**.

**БОХ БОЛУ** (Талд., Қоғ.) ыстық, тымық болу. *Жел жоқ, тиімсіз бох болып тұр* (Талд., Қоғ.).

**БОШАҚ** (Ақт., Ойыл) карбыздың дәні. *Мына карбыздың босағы өте көп екен* (Ақт., Ойыл.).

**БОШАҚАЙ** (Қост., Аман.) ұзындығы бір жарым-екі метрдей ой жерге өсетін өсімдік. *Кей кезде бошақайдың түбіндегі дәнін де жейді* (Қост., Аман.).

**БОШАЛАҚ** [адам] (Тау., Қош.) нашар, бос, болбыр адам. *Оның өзі бір бошалақ жігіт екен* (Тау., Қош.).

**БОЯҚ I** (Алм.: Кег., Нар.; Жамб., Шу) бояу. *Әке, дүкеніден жейдеңді бояп беретін көк бояқ болса, әкелші* (Алм., Кег.); *Мына дастарқанның бояғы кете бастапты* (Алм., Нар.).

**БОЯҚ II** (К. орда, Арал) жылымның су бетіндегі қалтқылары.

**БОЯЛДАУ** (Ақт., Жұр.) аялдау, кідіру.

**БОЯН** (Түрікм.: Красн., Таш., Тедж.) арық жағалауына шығатын, ұзындығы 80—100 см, собығы бар, мал жеуге жарайтын жапырақ өсімдік.

**БОЯУЫ СӨНБЕГЕН** (Сем., Абай) ескіре, көнере қоймаған. *Мына пальтоны бояуды сөнбей тоздырғасың* (Сем., Абай).

**БӨБЕКТЕНУ** (Гур., Есб.) бәйек болу,

жағымпаздану. *Сен оған бөбектен бе* (Гур., Есб.).

**БӨБЕШІК I** (Сем.: Ұрж., Абай) кішкене тіл. *Бөбешік кеңірдек үшін керекті болса керек қой* (Сем., Ұрж.). *Сақау адамдарда бөбешік болмайды десседі* (Сем., Абай).

**БӨБЕШІК II** (Түрікм.: Красн., Невид., Жеб.) ошақтың аяқтарындағы қазан ұстап тұру үшін иіліп жасалған темірлер. *Қазаның үлкен ғой, бөбешігі жомайды* (Түрікм., Красн.).

**БӨБЕШІК III** (К. орда: Сыр., Жал.; Гур., Маңғ.) құлақтың қанаты, кішкене жұмсақ шеміршегі.

**БӨГЕЛЕК** (Қост.: Фед., Семиоз.; Тау., Қош.; Гур., Маңғ.; Павл., Екіб.) бөгелек. *Атқа бөгелек тиіп жүр* (Гур., Маңғ.). *Бөгелек жылқыға тыныштық бермейді* (Павл., Екіб.).

**БӨГЕН** (Орын.: Ад., Бөр.) бүкпе шананың екі табанын жалғастыратын ағаш. *Шегіршін деген мықты ағаш болады, содан шанаға бөген жасайды* (Орын., Ад.).

**БӨГЕНАЙЛАП ҚАРАУ** (Шығ. Қаз., Больш.) байымдап қарау. *Сен бұл мәселеге бөгенайлап қара!* (Шығ. Қаз., Больш.).

**БӨГЕТ** (Гур., Маңғ.) теңіздегі қайық жүре алмайтын тайыз яки мұзды жер.

**БӨГРЕБАС** (Көкш., Қыз.; Қар., Шет) ағаштан жасалған ыдыс-аяқ қоятын бұфет.

**БӨГІРЕ** (Қост., Аман.) сандық. *Шынақты бөгіреге сал* (Қост., Аман.).

**БӨДЕГЕ** (Ақт., Ойыл.) бүйрек. *Бүгін бөдегем ауырып, қатты қиналып жүрмін* (Ақт., Ойыл.).

**БӨДИТ** (Алм., Шел.) салық. *Халықтан бөдит жинайтын едік бұрын* (Алм., Шел.).

**БӨДКЕ** (Түрікм.; Красн.) күрке. *Қораның ар жағынан бөдке жасап, анау мынауды соған қойып жүргенбіз* (Түрікм., Красн.) ор. будка.

**БӨДІРЕТ** (К. орда, Арал) міндет. *Мен оны жібере қоятын бөдіретін алыппын ба?* (К. орда, Арал).

**БӨЗІР** (Гур., Есб.) шамның шынысы. *Соғыстан кейін бөзір де көбейді ғой!* (Гур., Есб.). ор. пузырь.

**БӨЙЕК** (Гур., Маңғ.) шыны ыдыс. *Бөйектің ішіне сары май құй!* (Гур., Маңғ.).

**БӨЙЕК БАУ** (Гур., Маңғ.) жәкірге байланатын кендір жіп. *Бөйек бау үзіліп кетіп, жәкір су түбінде қалды* (Гур., Маңғ.).

**БӨЙТЕКІ** (Сем.: Ақс., Көкп.) аса жақсы емес («Бөйтекі» сөзі ыңғайсыз, ыңғайсыздық деген мағынасында да айтылады). *Менің сөзім бөйтекілеу болды ма, неге күлдіңіз?* (Сем., Ақс.).

**БӨЙТІК** (МХР, Баян.) күзетшілер кие-тін теріден тігілген аяқ киім. *Бөйтi-гiңдi ки де жылқыға бар!* (МХР, Баян.).

**БӨКЕ I** (Түрікм.: Красн., Қиян., Қулы) қайықтың қабырғасы (бүйірі) арқылы тігінен қайықтың түбіне қарай салынған келте ағаштар. (Бөкенің санына қарай, қайықтың үлкен-кішілігі ажыратылады, 8—12 бөкелі қайық қауіпсіз болады).

**БӨКЕ II** (Қар., Ұлы.; Қарак.) шабылған шөптің жерде жатқан жалы. *Бөкені жинайтын бір адам болатын, қазір машина жинайды* (Қар., Ұлы.).

**БӨКЕБАЙ I** (Қар.: Қарк., Ұлы.; Көкш.; Щуч.; Павл., Леб.) шарф. *Мойынға салуға бөкебай тоқып беремін* (Қар., Ұлы.).

**БӨКЕБАЙ II** (Гур., Тең.) желкеннің кішірек түрі. *Қарім, бөкебайды көтер. Жел қатты соққанда тек қана бөкебаймен жүреміз* (Гур., Тең.).

**БӨКЕБАЙ САЛЫ // ШӘЛІ** (Қост.: Торғ., Жанг.; Қар., Ұлы.) ешкінің түбітіннен тоқылған шәлі. *Бөкебай салыға ол кезде біздер қатты қызығатынбыз* (Қар., Ұлы.). *Бөкебай салы саған жарасады-ақ!* (Қост., Жанг.).

**БӨКЕН** (Орал, Жән.) жылқының құйрығының, жалының арасына инедей қадалып, оны аздыратын жәндік.

**БӨКЕНДЕУ** (Гур., Маңғ.) түлеу, жүн тастау. *Семіз мал ерте бөкендейді* (Гур., Маңғ.).

**БӨКЕН ЖҮН** (Гур., Маңғ.) малдың қысқа жүні.

**БӨКЕС** (Алм., Шел.; Ақт., Жұр.; Қост.: Торғ., Жанг.; Тау., Қош.; Көкш.: Қыз., Щуч.; Шығ. Қаз., Больш.; Қар., Ұлы.) шабылған шөп жалы. *Бөкесті суға қалдырмай, тез жинап алайық!* (Алм., Шел.). К. Бал, Бөке II:

**БӨКЕТ** (Көкш.; Қыз.) қ. бөкес.

**БӨКЕТ ӨЛЕН** (Қост.: Жанг., Торғ.) той-томалақта кісі басы сайын айтатын үш ауыз салық өлең. *Құрманның шылдақанасында бөкет өлең айттыңдар ма?* (Қост., Жанг.).

**БӨКОС** (Алм.: Жамб., Шел.) Қ. бөке II.

**БӨКӨИ** (Ақт., Қараб.) Қ. бөке II.  
**БӨКПЕН** (Қост.: Жетіг., Семиоз., Түрікм., Красн.) ботка. *Бір аяқ бөкпенді*

жеп алып кешке дейін жүре беретінбіз (Кост., Жетіг.).

**БӨКСЕРЛЕУ** (Гур., Маңғ.) жетекке, буксирге алу. ор. буксир.

**БӨКСЕРІНЕ АЛУ** (Қ. орда; Қарм.) қарауына алу, қол астына алу. *Ол бізді бөксеріне алып жүрген кісі ғой!* (Қ. орда, Қарм.).

**БӨКТЕРГІ** (Сем.: Абай, Шүб.) кішкене қара қос. *Мына бөктергіде кім бар?* (Сем., Абай).

**БӨКТЕРІНШЕК** (МХР, Баян.) түйіншек. *Бөктеріншегіңіз қалқынды екен, құдаға барасыз-ау тегі?* (Ж. өм., 1985. 14. II).

**БӨКТИРУ** (Қ. орда, Арал). илеу, айдау. *Біз сазды бөктіріп, кірпіш жасаймыз* (Қ. орда, Арал).

**БӨКІ** (Гур., Маңғ.) түйенің терісінен істелген кебіс.

**БӨКІС** (Гур., Маңғ.) киіз қонышты етік.

**БӨЛДЕК** (Алм., Жамб.) кішкене төбешік. *Ана тұрған бөлдекті көремісің, бұл соның астында болған оқиға еді* (Алм., Жамб.).

**БӨЛДЕРКЕ** (Гур., Маңғ.) қолмен есетін кішкене қайық.

**БӨЛЕК** (Целин., Атб.) құндақ, бүркіт-тің құндағы. *Ол бүркітті бөлегіне бөлеп алады* (Целин., Атб.).

**БӨЛЕР** (Орал; Жән.) дәке. *Он метр бөлер қанша тұрады?* (Орал, Жән.). Қ. дәке.

**БӨЛМЕСЕК** (Гур., Маңғ.) бөлімше. *Бұл бөлмесек магазині ғой* (Гур., Маңғ.).

**БӨЛМЕШЕ** (Гур.; Маңғ.) бөлімше. *Бұл бір мал-жайдың арасында отырған бөлмеше ғой* (Гур., Маңғ.).

**БӨЛТЕК** (Шымк., Түлк.) бөлшек. *Әр колхозшының бөлтек жері бар* (Шымк., Түлк.).

**БӨЛТІРІК** (Шығ. Қаз., Зайс.) ащы улы шөп, көбінесе қой жейді. *Бөлтiрiк қауiптi шөп* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БӨЛІК** (Түрікм., Красн.) мүшелеп сойылған малдың әрбір мүшесінің жалпы аты. *Сатуға арнап сойған малдың бір бөлігін әкелдім* (Түрікм., Красн.).

**БӨЛІС АЛУ** (МХР, Баян.) конкур бойынша мамандыққа жолдама алу ...*ақыры бес бала бес бөлек қағазын маған беріп, өздері бөлісалған оқуларыңа, еңбек жолын бастайтын жерлеріне аттанған еді* (Ж. өм., 1985. 14. X.).

**БӨЛІСТІ** (МХР, Баян.) тиісті. *Сыр-*

*дың, бұзаудың бөлісті жайылымдары көрсетіліп, қажетті жемдер берілетін болды* (Ж. өм., 1985. 30. VII).

**БӨРДЕК** (Орал; Жән., Чап.) құдықтан су алуға арналып, кенеп не теріден істелген шелек тәрізді ыдыс. *Бөрдекті өзгiзбен тартып, мал сугарыңдар!* (Орал, Жән.).

**БӨРЕК 1.** (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) тұшпара. *Бөрегі қанша тұрады екен* (Түрікм., Ашх.). Түрікменше — бөрек — пельмен (Рус.-туркм. сл., 1956); қарақалпақша — бөрек (Рус.-карақ. сл., 1947); 2. (Орал, Жән.) бәліш тәрізді табаға пісірілген тағам.

**БӨРЕН** (Қ. орда, Арал) бөрене. *Әкелген бөрендері тіпті-ақ жуан екен* (Қ. орда, Арал).

**БӨРЕНЕ** (Алм., Қарат.; Кар., Ұлы.; Түрікм., Таш., МХР, Баян.) мәтке. *Үйдің бөренесі нашар* (Алм., Қарат.). *Енді бөрене сатып әкелу керек* (Кар., Ұлы.). *Бөрене сүтіңкеден жіңішке болады* (МХР, Баян.).

**БӨРЕНЕ БАҒАНА** (МХР, Баян.) баған.

**БӨРТЕК ЖЕР** (Тау., Қош.) ойлы, шұқырлы, белес-белес жер, бұйрат. *Жазатыр маңы бөртеқ жер* (Тау., Қош.).

**БӨРТӨБЕ** (Шымк.: Сайр., Қызылқ.) жылы суга салынған сүйексіз ет, құсқа берілетін жем. *Қаршығаға бөртөбе беріп, жемсауындағы жемді тазартады* (Шымк., Сайр.).

**БӨРТПЕ** (Тау., Қош.) ботқа. *Бөртпе оның сүйіп жейтін асы* (Тау., Қош.).

**БӨРТПЕ МАНДАМ** (Көкш., К. ту.) қотырланып шығатын мандамның түрі.

**БӨРТПЕ СӘЛІ** (Алм., Кег.) әйелдердің жібек жіптен тоқыған шашақты шөлісі. *Дүкенге бөртпе сәлі түсіпті, өзі арзан, Қаракөзге біреуін алып қояйын деп едік* (Алм., Кег.).

**БӨРТУ** (Қ. орда, Арал) тойыну, қампию. *Далаға, оты мол жерге жіберіп отырғанға атым бөртiп қалыпты* (Қ. орда, Арал).

**БӨРТІК** (Гур., Маңғ.) бөрткен. *Қолының бөртiгi бар, сол iсейiн десе керек* (Гур., Маңғ.).

**БӨРІ ҚҰЛАҚ** (Қ. орда, Қарм.) құлағы бөрінің құлағына ұқсас жылқы. *Жануар бөрі құлақ жылқы екен* (Қ. орда, Қарм.).

**БӨСТЕК** (Сем.: Акс., Көкп.) жүні көтерілмеген арық, нашар төл. *Мынауың бөстек мал ғой!* (Сем., Акс.).

**БӨСТЕКІ** (Сем.: Абай, Аяғ.) мақтаншақ, лепіреме. *Шәкен бөстекі жігіт ем-*

ес пе? Менің сөзім де бөстекілеу болды ма, неге күлдің? (Сем., Абай).

БӨСҮР (Орал, Чап.) жұтылған тырнақтын ішке барып өсуі.

БӨСІР (Орал, Жән.) шөлдеп ауыратын аурудың түрі. *Ертеде бөсір көп болған. Бөсір болып суырған адамды сыртқа шығармайды* (Орал, Жән.).

БӨТЕГЕ (Жамб., Жам.; Акт.: Ойыл, Ырғ.) бүйрек. *Бүгін бөтегем ауырып қатты қиналып жүрмін* (Акт., Ойыл.).

К. Бөтеке.  
БӨТЕКЕ (К. орда: Арал, Жал., Карм., Сыр.; Гур., Маңғ.; Тау., Қош.; Орал: Чап., Қазт., Жән.; Қост.; Семиоз., Фед.; Акт.: Ырғ., Қараб.) бүйрек. *Бөтекесі ауырып ауруханаға түскен еді, жазылып шықты* (К. орда, Жал.). *Қойдың бөтекесін балаға бер.* (Гур., Маңғ.). *Бөтекесін бөлек кесіп ал да бөлек сал* (Орал, Жән.).

К. Бөтеге.  
БӨТЕН (Орал, Жән.) өтірік. *Сейсеннің бұл сөзінің бөтені жоқ* (Орал, Жән.).

БӨТЕН ІІ (Гур., Маңғ.) маусым, мерзім. *Мен балық аулауға тек күзгі бөтенде ғана шықтым* (Гур., Маңғ.).

БӨТЕН ҚАРАЙ (Қост., Жанг.) баска, бөтен. *Ауылға кеше бөтен қарай кісі келді ме?* (Қост., Жанг.).

БРАҚЛАНУ (МХР, Баян.) брактану. *Брақланғаннан бағасын өткен жылы осы мерзіммен салыстырып көрсеніз — деген сауал қойдық* (Ж. өм., 1983 ж., 5.).

БРЕШКЕ (Алм., Жамб.; Павл., Леб.) үлкен арба, жүк арбасы. *Сиырымызға бір брешке шөп жинасақ әбүйір болар еді* (Алм., Жамб.).

БРИГАД // БРИГАТ (Жамб.: Жамб., Тал.) бригадир. *Бірнеше жыл бригад болып істедім* (Жамб., Жамб.). *Бригатымыз жақсы адам* (Жамб., Тал.).

БРӨДӨК (Қар., Ұлы.) азық-түлік. *Магазінде брөдөк бар ма?* (Қар., Ұлы.).

БУАЗУ І (Шығ. Қаз., Зайс.) егіннің бастануы, дән ала бастауы. *Егін буазу бастады. Буазыған егін алсын мойын суын* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БУАЗУ ІІ (Орынб., Ад.) білім алу. *Ерден ер буазиды* (мақал). (Орынб., Ад.).

БУА ҚҰРТ (Жамб., Шу) аттың артқы аяғының ісіп ауыруы.

БУАН (Акт., Ырғ.) буалдыр. *Ай кешкісін буан болып туады* (Акт., Ырғ.).

БУДЫЛ (МХР, Баян.) мейманхана, қонақ үйі. *Жолда будылға қондық* (МХР, Баян.).

БУЗЫРОК (Көкш., К. ту.) шамның

лампасы. *Бузырокты сүртпін жіберші* (Көкш., К. ту.).

БУЛЫҚ І (Жамб., Шу) самовардың түтінін өшіретін қақпақ. *Булқығын жаба тус, түтін шығып кетті* (Жамб., Шу).

К. бұлық ІІІ.  
БУЛЫҚ ІІ (Түрікм.: Таш., Мары) ауа алмасып тұру үшін, үй төбесінен әдейі қалдырылған тесік. *Үшекке (к.) шығып булықтың аузын ашсанә* (Түрікм., Таш.).

БУЛЫҚ ІІІ (МХР, Баян.; Орынб., Ад.) көрпенің жиегі. *Көрпеге булық салу ғана қалды* (Орынб., Ад.).

БУНАҚ (Көкш., К. ту.) перне. *Домбыраның бунаны тозып кетті* (Көкш., К. ту.).

БУЫЗ (Сем., Ұрж.; Шығ. Қаз.: Зайс., Тар.) кебек. *Мына ұнның буызы тым ірі екен* (Сем., Ұрж.). *Ұнды буызынан тазаладың ба?* (Шығ. Қаз., Зайс.).

БУЫЗЫ (МХР, Баян.) мәңгі.

БУЫЛУ (Қост., Аман.) тоқтау, жүрмей қалу. *Жазғытұры өзеннің сеңі буылды, кейде байланып жүрмей қалады* (Қост., Аман.).

БҰҒАЛЫҚ (Түрікм.: Қиян., Красн., Кулы.) желкен дінгегі. *Түрікменше — боғыдық* (Рус.-түрк. сл., 1956).

БҰҒДАЙ (Жамб., Жам.) бидай. *Бұйел бұғдай чықпай қалды* (Жамб., Жам.).

БҰҒЫЗ (Шымк., Мақт.) күректің, кетпеннің ұңғысы. *Кетпеннің бұғызы жүдә кең* (Шымк., Мақт.).

БҰҒЫЛЫ (Жамб., Сар.) үлкен тау. *Бұғылы таудың басына шықтым* (Жамб., Сар.).

БҰҒЫРДАҚ (Түрікм., Красн.) кеңірдек. *Маған атылған ала барыстың бұғырдағынан мен де ала түстім* (Түрікм., Красн.).

БҰДАЙ (Жамб., Жам.) бидай. *Биыл бұдай жақсы чықпады* (Жамб., Жам.).

К. бұғдай.  
БҰДЫР (Орал, Орда) шөп шыққан құмды төбешіктер. *Бұрынғы шағылдар шөп шығып бұдыр болып кетті* (Орал, Орда).

БҰЖБАН (Қост., Жанг.) бүйенге салып істеген шұжық, шұжықтың үлкен түрі. *Қыстыңүні тамақтың асылы бұжбан* (Қост., Жанг.). *Семіз етті бүйенге салып, бұжбан жасайды* (Қост. Торғ.).

БҰЖЫ (Гур., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх.) жаңа сойған қой етін бүйенге тығып әзірлеген шұжық тәрізді тағам. *Шұжыққа тоймасаң, бұжыға*



тоярсың (Гур., Маңғ.) *Бұжын майлы екен, жеңеше!* (Түрікм., Красн.).

**БҰЖЫҒҰН // БҰЖЫҒЫН** (Қарағ., Ұлы.) төмпешік жерлерге шығатын шөп. *Бұзауың құт болса, бұжығұн сал!* (Қар., Ұлы.).

**БҰЖЫРА** (Шығ. Қаз., Зайс.; Жамб.: Шу, Тал.) аттың тізгінін доғаға көтеріп байлайтын шығыршық. *Бұжыра өте қолайлы* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Доға бұжырасыз болмайды* (Жамб., Шу).

**БҰЗАТАР** (Шығ. Қаз., Күрш.) бұзақ. *Бұзатар болу жас балаларға жараммайды* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**БҰЗАУАҰЛЫҚ** (Акт.; Ойыл.) бір кісілік жеңіл шана. *Мыңа бұзаулықтарға қыстығүні мықты аттарды жегіп алып зымыратамыз* (Акт., Ойыл.).

**БҰЗАУ ТІС** (Сем., Абай; Жам., Шу; Түрікм.: Ашх., Красн., Небид., Таш.; МХР, Баян.) таспасы ірі жуан қамшы. *Бұзау тіс дойырыңнан кем соқпайды* (Түрікм., Ашх.).

**БҰЗУ 1.** (Орал, Чап.) айыру, майдалау (акшаны). *Он сомды бұзып беріп* (Орал, Чап.); **2.** (Орал, Жән.) ашу. *Бір телеграмма келген екен, оны кеше бұза алмадық* (Орал, Жән.).

**БҰЗЫ** (Шығ. Қаз., Больш.) **К. буыз.**

**БҰЗЫҚ** (Сем.: Акс., Көкп.) бұзықтық. *Бұзық керегі жоқ, тыныш жүріңдер* (Сем., Акс.).

**БҰЗЫҚ ШӨП** (Гур., Маңғ.) арам шөп. *Қыстауыш — сгіннің арасына шығатын бұзық шөп* (Гур., Маңғ.).

**БҰЙАҚ** (Түрікм., Красн.) бұл жақ. *Бұйақта арбадан басқаны білмейді* (Түрікм., Красн.).

**БҰЙҚҰТ** (Акт., Бірғ.) бейғам, алаңсыз, хабарсыз. *Бұйқұт үйде отыра бердім* (Акт., Бірғ.).

**БҰЙҚҰТ СОҒУ** (Түрікм.: Ашх., Красн., Таш.; Гур., Маңғ.) кенеттен, күтпеген жерден тиісу. *Оңбаған, бұйқұт соқты, зйтпесе ме?* (Түрікм., Таш.). *Бұрын біздің жақ шағын бір ауданның шағын әскер күшін топтап ап, бұйқұт соғатын* (Ә. Нұрп., Құт. күн., 78).

**БҰЙРА** (МХР, Баян.) [тау] адыры. *Өлкенің Жалпақ, Тұйық атты жерлерінің бұйралары мен қыстауларынан ала бұта, сарымсақ, суыр қиы, көк тезек сияқты жемдерді жинауға кіріскен* (Ж. өм., 1983. 28. IX).

**БҰЙРАҚЫЛША** (Алм., Жамб.) адырға шығатын шөптің түрі. *Бұйрақылша биыл өте қалың шығыпты* (Алм., Жамб.).

**БҰЙЫМ** (К. орда, Арал) бұйымтай. *Ал келген бұйымды айт!* (К. орда, Арал).

**БҰЙЫМ САЛМАУ** (Гур., Маңғ.) бұйым құрлы көрмеу. *Белдесе кетсе, сен құсаған жігіттерге әлде де бұйым салмайды* (Гур., Маңғ.).

**БҰЙЫМШЫЛАУ** (Акт., Байғ.) қалап алу. *Есқұловтың туған баласын қызықтап, бұзаулы сиырын бұйымшылап алды* (Акт., Байғ.).

**БҰЙЫТАҚТАУ** (Сем., Абай) бұйығу. *Біздің балалар бұйытақтап қатты ұйықтап қалыпты* (Сем., бай).

**БҰҚА** (Алм., Шел.) бөгет, буған қамыс. *Өстенді бұқамен тоқтатып, қолхозға су жібердік* (Алм., Шел.).

**БҰҚАЛАҚ** (Көкш.: Еңб., Щуч.) кестірілген еркек тайынша.

**БҰҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР** (МХР, Баян.) көпшілік мекемелері. *...оркестрде МХР гимні ойналып, салтанатты митингіге жиналған партиялық, әкімшілік, бұқаралық ұйымдармен Өлгий қаласы еңбекшілерінің өкілдері орындарынан тұрып, мереке құрметіне ізет білдірді* (Ж. өм., 1986. 21. VII.).

**БҰҚА ТАРТЫС** (Жамб., Шу) екі кісінің мойнына арқан салып тартысып ойнайтын ойын.

**БҰҚАЖАМА** (Жамб., Жуа.) бокжама. **БҰҚҚЫ** (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) бекініс. *Бұққы да жатқан әскерді олар байқамады* (Түрікм., Таш.).

**БҰҚПА I** (Түрікм., Красн.) мойны төмен біткен түйе.

**БҰҚПА II** (Қар. қаласы) сыраны ашытатын ашытқы. *Мұнда бұқпа сатылма?* (Қар.).

**БҰҚТА** (К. орда, Арал) жинақы, ұқыпты. *Барақ бұқта адам. Онан не іздегеніңнің бәрі табылады* (К. орда, Арал).

**БҰҚТЫРМА // БҰРКЕНШІК** (Көкш., К. ту.) самаурынның түтін өшіргіші. *Самаурынның бұқтырмасын да тазалап жу!* (Көкш., К. ту.).

**БҰҚТЫРУ** (Көкш.: Еңб., Щуч.) самаурынның қайнауын тоқтату. *Самаурынды бұқтыра түр!* (Көкш., Еңб.).

**БҰҚЫЛ** [Адам] (Орал, Жән.) сырын айтпайтын (адам). *Менің секретарым бұқыл адам* (Орал, Жән.).

**БҰҚЫРА** (Қар., Шет) ашытқы. *Пиваны бұқырамен ашытады* (Қар., Шет).

**БҰЛ** (Алм., Кег.; Сем.: Абай, Мак., Ұрж.; МХР, Баян.) мата, кездеме. *Бұлта киімдік бұл көп* (Алм., Кег.). *Қолхозшылар 75000 сомның бұл, аяқкиімдік*

бұйымдарын алды («Қызыл жұлдыз», 1947 ж. 13/11).

**БҰЛАҚ** (Шығ. Қаз.; Күрш.) будақ. *Түтін бұлақтап шығып жатыр* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**БҰЛАҚ АТ** (Жамб., Шу) тапал, құйрық жалды, жауырыны жалпақ ат. *Бұлақ ат жүріскер болады* (Жамб., Шу).

**БҰЛАН I** (Жамб., Шу) құланның бір түрі. *Жазық жота, кез құйрық, жүре шайқап бұландай* (Шулық халық ақыны Ж. Жантөбетов).

**БҰЛАН II** (Тау., Қош.) дүрбі. *Бұлан мен қара, сонда ғана көресің* (Тау., Қош.).

**БҰЛАН-ТАЛАҒАЙ** болу (Түрікм.: Ашх., Анн., Байр., Бенд., Красн., Таш., Тежд.) бұлан-талан болу. *Оның бұл ісіне мен бұлан-талағай болып ашуландым* (Түрікм., Байр.).

**БҰЛА-ТОЛА** (Гур., Маңғ.) біржола. *Бұла-тола көрісе келейін деген ғой* (Гур., Маңғ.).

**БҰЛҒАМАҚ** (Қарағ., Шет) талқанға сүт не қаймақ қосып жейтін тамақ.

**БҰЛҒАНУ** (Шығ., Қаз., Больш.) былғану.

**БҰЛҒАРЫ** (Сем., Аяғ.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.; МХР, Баян.) былғары. *Жиңалған көптің ішіндегі қара сақалды жасыл торғынмен тыстап, қара бұлғары мен астарланған, шошақ тымақ киген сом денелі адамды Назар тәйжі «Оспан батыр» деп таныстырды* (Черендорж Е. Ул., 21).

**БҰЛҒАУ** (Сем., Аяғ.; Қарағ., Ұлыт.; Тау., Қош.) былғау.

**БҰЛДЫР** (Алм.: Жамб., Ұзын.) көзге түсетін ақ. *Балиның көзі бұлдыр болғасын врацқа сылдыртқан едім* (Алм., Жамб.).

**БҰЛДЫ САТПАЙЫ** (К. орда, Арал) беталды лағу, артық сөйлеу. *Халықтың ішінде бұлды сатпайы болады* (К. орда, Арал).

**БҰЛҚАЙЫР** (Орал, Қарат.) сабағы жапырақтап шығатын дәрі өсімдік (шөп). *Ісік шыққан балаға бұлқайыр тарт!* (Орал, Қарат.).

**БҰЛТ I** (Орал, Чап.) резинкадан істелген мочалка.

**БҰЛТ II** (Қост.: Торғ., Аман., Жанг.; К. орда: Сыр., Жал.) дінгек, тіреу, бағана, шығырдың қадасы. *Бурынғыдай үрліктің астына бұлт салмайды* (К. орда, Сыр.). *Шығырдың төбесіндегі төбелдірігін ұстап тұратын ағашты бұлт дейді* (Қост., Жанг.).

**БҰЛТАЮ** (Алм., Кег.) бұлтию. *Бүгін*

*тоғай ішінде жаңқа тиген жерім бұлт айып ісіп кетіпті* (Алм., Кег.).

**БҰЛТЫҚ ЕТ** (К. орда, Арал) бұлшық ет. *Семіздігі тек санындағы бұлтық етінде ғана* (К. орда, Арал).

**БҰЛТ ІЛІНУ** (Шығ. Қаз., Больш.) бұлттану.

**БҰЛЫҚ I** (Алм.: Кег., Шел.) бөлме. *Мынау тамның (к.) бір бұлығы.* (Алм., Кег.), *Сырт көрінісінде қыстақтың өзге үйлерінен ешқандай айырмасы жоқ, бұл там (к.) қоржын тәрізді үш бұлық жай* (Б. Сок., Жекпе-жек, 18). *Қонақ көп келетін болған соң, үйді әтейді бұлық-бұлық етіп салдым* (Алм., Шел.).

**БҰЛЫҚ II** (Акт., Ырғ.; Гур., Маңғ.) былғары. *Оның астында бұлық көпшік бар екен* (Акт., Ырғ.).

**БҰЛЫҚ III** (Орын.: Ад., Бөр.). Түтін өшіргіш.

**БҰЛЫҚ IV** (Қост., Жан.; Орын.: Ад., Бөр.). Жиек, түтік, шырға. *Бұлық көрпенің жиегінде болады* (Қост., Жан.). *Бұл күнде көйлекке бұлық салмай қайыра саламыз* (Орын., Ад.).

**БҰЛЫҚ АЙДАУ** (Сем.: Акс., Көкп., Ұрж.; Шығ. Қаз., Зайс.) жер жырту, соқа айдау. *Бұлық сөзі орыстың плугінен шыққан болуға тиіс. Колхозшылар бұлық айдауға шықты* (Сем., Акс.).

**БҰЛЫҚТАУ** (Акт., Қараб.) шырғалау, көрпенің т.б. жиегіне тігіс жүргізу. *Көрпенің жиегін бұлықтап отырмыз* (Акт., Қараб.).

**БҰЛЫҢ I** (Қарағ., Ағад.) бұлынғыр. *Күн бүгін бұлың боп тұр* (Қарағ., Ағад.).

**БҰЛЫҢ II** (Алм.: Жамб., Кег., Шел.) бұрыш. *Мынау үй бұлың-бұлың екен!* (Алм., Кег.).

**БҰНДА** (Гур., Есб.) мұнда. *Аттар бұнда кірген жоқ* (Гур., Есб.).

**БҰНДАИ // БЫНДАИ** (Қарак., Қоныр.) мұндай. *Мақта теру жұмысы басталды. Бұндай жұмысқа халықта жұмылдыра қатыстыру керек!* (Қарак., Қоныр.).

**БҰННАН СОҢ** (Жамб., Жамб.) мұнан соң. *Мен бүгін келдім, конторда болдым, бұннан соң мал басына бардым* (Жамб., Жамб.).

**БҰНША** (Көкш., Қызыл.) мұнша.

**БҰНЫҢМЕНЕН** (Қарак.) мұнымен. *Бұныңменен мен әңгімеді айтып үлгірер емеспін* (Қарак.).

**БҰРАЛТАҢ** (Сем., Абай) бұрылыс. *Көлқайнар бұл жерден бұралтаң* (Сем., Абай).

**БҰРАМА ЖАУЛЫҚ** (Түрікм.: Ашх.,

Красн., Таш., Тедж.) баска бұрай орайтын ұзындығы 4—5 метрге жететін жаулық. *Кейде біз де бұрама жаулық салынамыз* (Түрікм., Ашх.).

**БҰРАМАЛЫ ҚҰДЫҚ** (МХР, Баян.) бұрап тартатын дөңгелегі бар құдық.

**БҰРАМА ЧЕЛПЕК** (МХР, Баян.) арасына пияз салып, бұрап-бұрап пісіретін нан.

**БҰРАНДА** (Шымк., Мақт.) бұрғы. *Ол ағашты бұрандалама, шабақ сия ма?* (Шымк., Мақт.).

**БҰРАН ҚАЛУ** (Сем., Ұрж.) өнерінен айрылу, қол ұзу. *Бұранқалып суретшілік талантымды өсіре алмадым* (Сем., Ұрж.).

**БҰРАҢ СОЗ** (Түрікм., Красн.) қызыл мата, қызыл шйт. *Қыздар бұраң создан көйлек тігіп киетін еді* (Түрікм., Красн.).

**БҰРАС // БҰРЫС** (Гур., Маңғ.) мәт-ке, арқалық. *Жаңа салып жатқан қораға әлі де он шақты бұрас керек* (Гур., Маңғ.).

**БҰРАУ** (Орын., Ад.) бұрғы. *Бұрауды маған бере тұршы* (Орын., Ад.).

**БҰРҒЫЛЫ ҚҰДЫҚ** (МХР, Баян.) бұрғылаған құдық. *Аймақ көлемінде 70-тей бұрғылы құдықтың моторисі жетіспеуде* (Ж. өм., 1983, 29. VIII).

**БҰРҒЫН** (Гур., Маңғ.) төрт дөңгелекті арба (орыстың «фургон» деген сөзінен алынған болса керек). *Бұрғынды жегуге біздің жер қолайсыз* (Гур., Маңғ.).

**БҰРҒЫНЫҢ ҚАНАТЫ** (МХР, Баян.) ағашты жонатын жері.

**БҰРДА** (Жамб., Жуалы) ең кішкентай. *Бір бұрда бидай* (Жамб., Жуалы).

**БҰРЖА** (Шымк., Сар.) мұрша. *Менің бұржам келмейді* (Шымк., Сар.).

**БҰРИТТАУ** (Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш.) бұрғылау. *Бұрғышы келді бұриттап жатыр* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**БҰРҚАҚ** (Жамб., Шу) күннің бір ашылып, бір жауып тұруы.

**БҰРҚАҚТАУ** (Алм., Шел.) бұрқырау (қайнау). *Қазандағы су демде бұрқақтай бастады* (Алм., Шел.).

**БҰРМА I** (К. орда: Сыр., Жал.) теріскен тәріздіс, арша тұқымдас басы майда, биіктігі бір метрге баратын өсімдік. *Бұрма мен шегендеген құдық көп уақытқа шыдайды* (К. орда, Жал.).

**БҰРМА II** (Орал, Жән.) үш бөлме үйдің ортадағы бөлмесі. *Балаларға төсекті бұрмаға сал* (Орал, Жән.).

**БҰРМАЙ БЕЛ** (Гур., Маңғ.) бұран бел.

**БҰРМА ТІКЕН** (Жамб., Шу) қойдың үстіне жабысатын тікен. *Бұрма тікен ошағаннан үлкен болады* (Жамб., Шу).

**БҰРМАША** (К. орда: Арал, Қарм., Сыр., Шнелі) ұршықтың мұрындығындағы жіпке арнап қиған жері. *Бұрмаша жіптің ширатылуы үшін керек* (К. орда, Арал). *Бұрмашам жіпке толған соң бөлек орап отырмын* (К. орда, Қарм.).

**БҰРМА ШӨПІ** (К. орда, Қарм.) майда, түсі боз, биіктігі кісі бойындай, құмақ жерге түп болып шығатын шөп; кой, түйе жейді. *Бұрма шөптің тамырын ұнттап, қазанға салып қайнатып, сары бояумен тері бояймыз* (К. орда, Қарм.).

**БҰРНАҒЫ КҮНІ** (ЖЫЛЫ) (Орал, Қазт.; Гур., Есб.; Қарағ., Ұлы.; Орынб., Ад.) алдыңғы күні (жылы). *Қамал үйге бұрнағы күні келді* (Гур., Есб.). *Үлкен балам бұрнағы жылы апрелде келді* (Орал, Қазт.). *Жаңбыр бұрнағы күннен бастап жауа бастады* (Орынб., Ад.).

**БҰРНАУ I** (Гур., Маңғ.) іштің бүріп ауыруы. *Ішім бұрнап отыр* (Гур., Маңғ.).

**БҰРНАУ II** (Гур., Маңғ.) қойды қосақтағаннан кейін қозыны емізбей тұрып бірінші сауу. *Қойды бұрнап болып отырғанымыз осы* (Гур., Маңғ.).

**БҰРУ** (К. орда, Арал; Орын.: Ад., Бөр.; Орал, Чап.; Гур.: Есб., Тең.) бұрыс. *Бас жолмен жүру қаншама бұру* (К. орда, Арал). *Аңқаты бұру болған соң оған соға алмадық* (Орал, Чап.).

**БҰРУ ҰЛТАН** (Қост.: Семноз., Фед.) ішкі ұлтан. *Етіктің бұру ұлтанын нашар былғарыдан салыпты* (Қост., Фед.).

**БҰРҰС** (Көкш., Қ. ту.) төрт қырлы ағаш.

**БҰРША I** (Шымк., Ленг.) К. бұржа.

**БҰРША II** (Ақт., Тем.) бұрге. *Қазіргі заманда бұршаны көрмейміз* (Ақт., Тем.).

**БҰРШАҚ** (Сем.: Көкп., Абай) жүгері (Ұржар, Мақаншы, Күршім, Зайсан ауданының тұрғындары жүгеріні *бормы деп те, бұршақ деп те* айтады). *Біздің колхоз жақыннан бері бұршақ егетін болды* (Сем., Көкп.).

**БҰРШЫ** (Шығ. Қаз., Күрш.) бұрғышы. *Бұршылар планды асыра орындайды* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**БҰРЫНҒЫ ЭЗІРДЕ** (Орал, Чап.) бұрынғы кезде. *Бұрынғы эзірде балықты көп аулаушы едім* (Орал, Чап.).

**БҰРЫНҒЫ РЕТТЕ** (Алм., Шел.)-БҰРЫНҒЫ ЭЗІРДЕ.

**БҰРЫНТАННАН** (Алм., Шел.) бұрын-ты заманнан, ерте кезден.

**БҰРЫҢҚЫ** (Тау., Қош.) бұрынғы.

**БҰРЫШТЫҚ** (Орал, Жән.) үйдің бұрышына кірпіштен жасалған биіктігі бір метрдей қорған сияқты нәрсе. *Бұрыштықты қыстаудың бұрышына мал сүйкенбеу үшін істейді* (Орал, Жән.).

**БҰТАҚ** (Қост.: Жанг., Торғ.) айырдың ашасы. *Менің айырымның бір бұтағы сынып қалыпты* (Қост., Жанг.).

**БҰТАҚТАЛУ** (Жамб., Шу) тарау. *Мынау айтқан болу керек, содан бұтақталып, көпшілігі естілті* (Жамб., Шу).

**БҰТАНА I** (Қост., Жанг.) мін, шашау. *Осы менің сөзімнен-ақ бұтана шыға береді-ау!* (Қост., Жанг.).

**БҰТАНА II** (Қост., Об.) бұта, шырпы, жаңа шығып келе жатқан ағаштың бұтасы, балапандап өскені. *Ол бұтанада, бұтананың арасында. Балалар бұтананың арасында ойнап жүр* (Қост., Об.).

**БҰТАНА III** (Орал, Жән.) бұратана, кірме.

**БҰТАНАҚ** (Ақт., Ойыл) шұқанақ, ойлы-шұңқыр жер. *Ана бұтанақ жерден арбамен жүрме* (Ақт., Ойыл).

**БҰТАНАЛЫ** (Қост., Торғ.) міні бар, кемшілігі бар. *Бұтаналы жұмыс* (Қост., Торғ.).

**БҰТАР** (Орал: Жән., Чап.) бала. *Ол кісілердің бұтары жоқ* (Орал, Жән.).

**БҰТАУ** (Алм., Шел.) қамшылау. *Колхоз басқармасы маған бір шабан ат беріпті, бұтасам да жүрмейді* (Алм., Шел.).

**БҰТТЫҚ** (Гур., Есб.) ішіне сегіз литр керосин сиятын шыны ыдыс. *Бұттық болса маған бер* (Гур., Есб.).

**БҰЮ I** (Қост., Жанг.) билеу. *Артист жақсы бұйиды екен* (Қост., Жанг.).

**БҰЮ II** (Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) үю, бір нәрсеге қатты ден қою. *Күй дегенді бұйып тыңдаймын* (Гур., Маңғ.). **К. бұю II.**

**БҰБИ** (Алм., Кер.; Жамб.; Мер.) бибі.

**БҰГЕЛІК** (Сем.: Абай, Шұб.) бүгелек.

**БҰГЕШЕК** (Көкш., Қ. ту.) ат тағалағанда аяғын бүгіп байлап қоятын ағаш.

**БҰГЕ-ШҮГЕ** (Көкш., Қ. ту.) бүге-шіге. *Бурабайға, әсіресе тұңғыш келгенде оның бүге-шүгесін билуге ынтық болдым* (Көкш., Қ. ту.).

**БҰГҮНДЕ** (Ақт., Ырғ.) бүгінде. *Бүгүнде менің жақын тумам жоқ* (Ақт., Ырғ.).

**БҰГІЛ** (Жамб., Шу) бүгін. *Бұл лебізді бүгіл айтып отырмысың?* (Жамб., Шу).

**БҮГІНЧЕ** (Сем., Аяғ.) бүгінше.

**БҮЖІ** (Гур., Маңғ.) ішекке ет, май тарап пісірілген тамақ. *Бүгін қой сойдың, бүжі жасаған шығар әйелің?* (Гур., Маңғ.).

**БҮЙДӘЙ** (МХР, Баян.) бидай. *Әнеу көрінген бірлестіктің еккен бұйдәйі* (МХР, Баян.). **Қ. Бұғдай.**

**БҮЙЕК** (Гур., Маңғ.) бірнеше қалқылардың жиынтығы.

**БҮЙЕН ЕМШЕК** (Жамб., Шу) сүтті биенің тезегі.

**БҮЙЕН ШЕЗЕК** (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) снырдың кепкен тезегі.

**БҮЙЕР** (Түрікм., Небид.) бұл жер. *Бүйерде біраз емдейді* (Түрікм., Небид.).

**БҮЙҚҰТ** (Ақт., Ырғ.) хабарсыз, алаңсыз. *Бүйқұт үйде отыра бердім* (Ақт., Ырғ.).

**БҮЙРЕК НАН // БӘЛІШ** (Қост.: Сем., Фед.) ұнды май мен суға араластырып ашытпай жайып, арасына ет, пияз салып, бетін бүріп жауып, табаға пісірілетін тағам.

**БҮЙРЕК I** (Орал, Чап.) 1. Бұрын қырмандағы астықты қызылдағанда сұраушыларға берілетін бидай. *Бұрын нашарлар бүйрек сұрайтын, молдалар құжыр сұрайтын. Баласы жоқ кемпір-шалдар бір-екі қап бүйрек алатын* (Орал, Чап.); 2. Соғым сойған үйдің басқа бір үйге беретін ет сыбағасы.

**БҮЙРЕК II** (Орын: Ад., Бөр.) түйе ауруы (Бүйрекпен ауырған түйенің аяғы іседі). *Бүйрекпен ауырған түйені бақанмен жазды деп жататын бұрын* (Орын., Ад.).

**БҮЙРЕК-СИРАҚ** (Көкш., Қ. ту.) бидай жинаған кезде зекет есбінде жетім-жесірге беретін құшыр.

**БҮЙІРҒҰМ** (Алм., Жамб.) тарбайып қызылша сияқты батпақты жерде өсетін өсімдік; қой жақсы жейді. *Сазға шығар бүйірғұм, қойдаң басқа мал жемес* (Алм., Жамб.).

**БҮЙІРУ** (Шығ. Қаз., Больш.) бүйідей тию, қысу.

**БҮЙІ ТЕМІР** (Орал, Қазт.) буксир. *Шофердің бүйі темірі жоқ екен, машинаны шығара алмады* (Орал, Қазт.).

**БҮК** (Сем., Ұрж.) желсіз, тымырсық. *Жазда тау шаттарында бүк күндер көп болады* (Сем., Ұрж.).

**БҮКПЕ I.** (Қост., Жанг.) шаңырақтың жарылған жерін қосып тұратын шалғының белбеуі секілді бүкпе ағаш. *Шаңырақтың жарылған жерін бүкпемен қосып қойсаң, мықты ұстайды* (Қост.,

Жанг.); 2. (Жамб., Шу) жас ағаштың басын иіп жасаған күрке. *Бүкпені қамыспен де жабады* (Жамб., Шу).

**БҮКТЕМЕ** (Сем., Абай) ақша қапшығы. Мұны күмәжник деп те айтады. *Менің ақшам бүктемеде* (Сем., Абай).

**БҮКТІЗЕ** (Жамб., Шу) ат тағалағыштағы аттың аяғын иіп қоятын жері. *Аяғын бүктізенің үстіне байлап қой* (Жамб., Шу).

**БҮКІМ** (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) бүкіл, барлық. *Бүкім ауданда бір жақсы домбырашымыз бар* (Тау., Қош.).

**БҮКІРЕШ АТ** (Жамб., Шу) жотасы томпақтау келген ат. *Бүкіреш ат жүкшіл келеді, белі талмайды* (Жамб., Шу).

**БҮКІРЖІК** (К. орда: Жал., Сыр.; Гур., Маңғ.) құрғұлақ. *Солтүстік аудандарға қарағанда бұ йақта бүкіржік ауруы кеміс деседі* (К. орда, Жал.). *Ақ ішпегендіктен менің балам бүкіржік болып ауырды* (Гур., Маңғ.).

**БҮЛГҮНДІК** (Орал, Жән.) Бүліншілік. **К. бүлгіншілік.**

**БҮЛГІН** (Акт., Ойыл) бүлік. *Еркек, үйіңде бүлгін салғаның не, ұят емес пе!* (Акт., Ойыл.).

**БҮЛГІНШІЛІК** (Гур., Бак.) бүліншілік. *Сарайшықта соғыс болып, бүлгіншілікке ұшырапты* (Гур., Бак.).

**БҮЛДІРГІ** (Гур., Маңғ.) қарашық, егінмен аралас шығатын қарашық.

**БҮЛКЕНДЕУ** (Гур., Маңғ.) бүлкілдеу. *Қасқырдың күшігі екі айдан соң енесінің артынан қалмай, бүлкендеп еріп отыруға жарап қалады* (Гур., Маңғ.).

**БҮЛТТЕЙ** (Алм., Нар.) түп-түгел. *Төсек-орың бүлттей дайын* (Алм., Нар.).

**БҮЛІС** (МХР, Баян.) плющ.

**БҮР** (Шымк.: Сар., Түрк.) қозаның ең алғашқы түйінінде оның көсегін орап тұрған жапырағы немесе бұтақтарына шыққан жапырақтар.

**БҮРГЕ БАЛЫҚ** (Шығ. Қаз., Зайс.) кішкене балық, қылтанақты, еті жеуге қолайсыз. *Бүрге балықты аулау пайдаль емес* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БҮРГЕЗ** (Т. қор., Қоғ.) тауда болатын өсімдіктің бір түрі

**БҮРГЕЛЕМБЕУ** (Алм., Кег.) анық, ашық айту. *Малды амандап келдіңіз ғой, бүрге лембей айтып беріңіз* (Алм., Кег.).

**БҮРГЕН** (Гур., Маңғ.) төрт дөңгелекті арба.

**БҮРГІН** (Түрікм., Таш.) күріш. *Да-*

*рияның суы жақын болған соң бұл жерге алғашында бұрғін егін те көрдік* (Түрікм., Таш.).

**БҮРЖЕНДЕУ** (Акт., Ырғ.) бүрсеңдеу. *Түйелер сендей соқтығысып, әркімнің қорасының ығында бүржең деп жүр* (Акт., Ырғ.).

**БҮРКЕНЧІК** (Жамб., Шу) самауырдың түтінін өшіретін қақпағы. Шу бойындағы аудандардың өзінде бірнеше сөз қолданылады: төбелдірік, түңлік, булық, от өшіргіш. Алматы облысының Шелек, Кеген аудандарында — *өшірткі, төңкерме*. Шымкент облыстың Түлкібас, Сайрам аудандарында — *басқыш*.

**БҮРКЕНШІК I. К. бұқтырма.**

**БҮРКЕНШІК II** (Түрікм., Красн.) келін болып түскенде қыздың басына бір түн салатын орамал. *Келін түскенде үлкен ақ орамалдан қыз басына бір түн бұркеншік салатын әдетіміз бар* (Түрікм., Красн.).

**БҮРКЕУ ЧІЛ** (МХР, Баян.) керосин шамның лампасы.

**БҮРЛЕН** (Алм., Жамб.) жапырағы қызғылт әдемі гүлді шөп. *Қырқаға бұрлен жылдағыдан қалың шығыпты* (Алм., Жамб.).

**БҮРЛЕС** (К. орда, Арал) түбі кең, аузы тар шелек.

**БҮРЛЕУ I** (Алм., Шел.) бүрмелеу, өрнектеу, өрнек салу. *Мария түс киізін келістіріп бұрлепті ғой* (Алм., Шел.).

**БҮРЛЕУ II** (Шығ. Қаз., Зайс.) өсімдіктің т. б. нәрсенің бүршігін алу. *Олар тежекіні бұрлеп жатыр* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БҮРЛЕУ III** (Қост.: Семноз., Фед.) бүршік ату. *Бұл жердің қысының кеш шығатыны сондай, ағаштар май айында ғана бұрлейді* (Қост., Фед.).

**БҮРМЕ I** (К. орда, Арал). **К. бүрлес.**

**БҮРМЕ II** (Көкш.: Еңб., Қыз., Шуч.; Орал, Чап.) жылқының қарнына салып қатырылған ет. *Біз көктемде бүрме бұзамыз* (Көкш., Еңб.).

**БҮРМЕ III** (МХР, Баян.) малдың қарнына бауыр, жүрек, сарымсак т. б. салып қайнатып пісірген тағам.

**БҮРМЕ ТІКЕН** (Жамб., Шу) қойдың үстіне жабысатын тікен. *Бүрме тікен ошағаннан үлкен болады* (Жамб., Шу).

**БҮРМЕ ҰЛТАН** (Көкш., Қызыл.) ішкі ұлтан. *Етігіме бүрме ұлтан керек еді* (Көкш., К. ту).

**БҮРТІК** (МХР, Баян.) жара. *С. Дәукен: — Буянтда быылғы 1 айдан 3 айға*

дейін іріңді бүртіктен ІІ түйе шығындалды (Ж. өм., 1986. 3. V.).

**БҮРШЕ** (Қост., Жіт.; Ақт., Қараб.; Орынб., Ад.) бүрге. Қазіргі уақытта бүршенің тұқымы құрып бітті ғой (Ақт., Қараб.). Дәрі сеуіп бүршенің бәрің құртқанбыз кезінде (Орынб., Ад.).

**БҮРШЕК** (Жамб., Шу) оралып-оралып түйін болып қалған ат жалы. Бүршек қарабайыр, жалдас жылқыда көп болады (Жамб., Шу).

**БҮТКІЛ** // **БҮТІЛ** (К. орда: Жал., Сыр.; Жамб.: Қор., Шу; Ақт., Қараб.; Түрік., Красн.) бүкіл, барлық Бүткіл колхозымызға қарасты жер осы атырап (К. орда, Сыр.). Бүтіл қора-жайды сыпырып қойдым (Жамб., Шу). Бүткіл жердің жарымынан артығына бидай егеміз (Ақт., Қараб.).

**БҮТҮ** (Жамб., Қор.) біту. Біздің ізбененің жұмысы әлі бүткен жоқ (Жамб., Қор.).

**БҮТІЛ** (Алм., Шел.) К. бүткіл // бүтіл. БҮН-БҮН! (Жамб., Шу) түйені суғарғанда айтылады.

**БҮЮ І** (Қост., Жанг.) билеу. *Артист жақсы бұйиді* (Қост., Жанг.).

**БҮЮ** // **БҮЮ ІІ** (Қост., Жанг.; Гур., Маңғ.) үю, бір нәрсеге ден қоя көңіл аудару. Аузыңнан сілекейің ағып, күйді бұйып, тұрып тыңдап отырсың (Қост., Жанг.).

**БЫҒУ І** (Шымк., Түлк.) 1. төп болу, төп болып қалу. *Ботқа бығып қалыпты* (Шымк., Түлк.); 2. ыбырсу. *Үй ішінде нәрселер бығып жатыр. Қимдеріңді бықтырмай, жинап іліп қой!* (Шымк., Түлк.).

**БЫҒУ ІІ** (Сем.: Абай, Шүб.) бұғу. *Асқар бығып жатыр* (Сем., Абай).

**БЫҒЫ-ЖЫҒЫ** (К. орда, Арал) ығы-жығы. *Базарда адамдар бығы-жығы, біреуді біреу білер емес* (К. орда, Арал).

**БЫҒЫТУ** (Шымк.: Сайр., Қызылк.) ыбырсыту. *Балалар нәрселерді күнде бығытып тастайды* (Шымк., Қызылк.).

**БЫДЫМ** [адам] 1. (Орал: Чап., Жымп.) мазасыз адам. *Мынау бір бояшя быдым адам ғой өзі!* (Орал, Чап.); 2. (Ақт., Қараб.; К. орда, Арал) жуан, семіз. *Сейтжан бір жылда быдым болды* (Ақт., Қараб.). *Быдым адамның саулығы келе болады* (К. орда, Арал).

**БЫДЫМ-СЫДЫМ** (К. орда, Арал) олай-бұлай. *Жүргең жүрісі быдым-сыдым деп әйтеуір құртты ғой* (К. орда, Арал).

**БЫЖЫҚ** (Шымк., Қызылк.) мылжын. *Быжық адамнан не ұғасың?* (Шымк., Қызылк.).

**БЫЗЫЛУ** (Шымк., Сарағ.) бұзылу. *Бұрын салған бір тамымыз бар еді, ол кешегі жылан жылында бызылып қалды* (Шымк., Сарағ.).

**БЫҒЫЛҚЫ: БЫЙЫЛҚЫ ЖЫЛ** (Жамб., Жамб.). *Быйылқы жыл менің қолымда 192 бас мал бар* (Жамб., Жамб.).

**БЫҚМЕРЕЗ** (Орал, Жән.) жаман ниетті. *Көптің ішінен бықмерездер де шығады* (Орал, Жән.).

**БЫҚПАУ** (Сем., Ұрж.; Шығ. Қаз., Тарб.) міз бақпау, елемей. *Ол қанша ескертсең де бықпайды* (Сем., Ұрж.). *Біздің әйел қалжың сөзге бықпайды* (Шығ. Қаз., Тарб.).

**БЫҚТЫРУ** (Алм., Кег.; Жамб., Жамб.; Ақт., Ырғ.) бұқтыру. *Шайды жеке бір құманға салып, бықтырып қойды* (Ақт., Ырғ.).

**БЫҚЫНАУ** (Жамб., Шу) ыбырсу. *Келім-кетім кісілеріміз көп, үйіміз бықынап жатыр* (Жамб., Шу).

**БЫҚЫРСУ** (К. орда, Арал) бықсу, коқсу. *Үй тар болса-ақ болды, бықырсып кетеді* (К. орда, Арал).

**БЫҚЫРУ** (Алм., Іле) ашу (айран туралы). *Менің ұйытқан айраным бықырып кетті* (Алм., Іле).

**БЫҚЫСУ** (К. орда, Арал) бықу.

**БЫҚЫ-ТЫҚЫ** (Гур., Есб.)-**БЫҒЫ-ЖЫҒЫ**. *Адам бықы-тықы көп екен* (Гур., Есб.).

**БЫЛАҒАЙ** (Гур., Маңғ.) шым-шытырық. *Былағай заман (мыс. 1916 ж.)* (Гур., Маңғ.).

**БЫЛАЙ** (Көкш., Қызыл.) бұлай. *Малды былай қайыр, көлікті былай айда,— деп шыбықпен соғып көрсетті* (Көкш., Қызыл.).

**БЫЛАЙЫМ** (Павл., Үрлі.) былайша. *Былайым айтқанда сені әурелеуге болмайды* (Павл., Үрлі.).

**БЫЛАЙЫМША** (Шымк., Арыс.) былайым. *Былайымша жаман кісі емес көрінеді* (Шымк., Арыс.).

**БЫЛАҚ** (Жамб., Жамб.; Гур., Маңғ.; Шығ. Қаз., Марк.) бұлақ. *Былақ суы жақсы болады* (Жамб., Жамб.).

**БЫЛҒАМАЛАУ** (Алм., Шел.) араластыру, былғау. *Үсеннің айтуы бойынша қыз ат дорбаның ішіне қолын салып былғамаларты* (Алм., Шел.).

**БЫЛҒАРЫ БАИПАҚ** (Қарағ., Ағад.) мәсі.

**БЫЛҒАУ** (Қост., Жанг.) шылау. *Қаймаққа тары былғап берсем, жер ме едің?* (Қост., Жанг.)

**БЫЛҒАУЫШ** (Шығ. Қаз., Күрш.) бидай, күрт қайнатқанда қолданатын ожау. *Былғауыш әкел, бидай қуырам* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**БЫЛЖЫР** (Сем.: Абай, Шұб.) балшық, лай. *Бізге былжыр керек болып тұр қора салға* (Сем., Абай).

**БЫЛЖЫРАҚ** (Сем.: Мақт., Ұрж.) иленген батпақ. *Былжырағың жете ме сылауға?* (Сем., Ұрж.).

**БЫЛЖЫРАҚТАУ** (Шымк., Түлк.) қыбырлау, жүрісі маңдымау. *Тасқа бұрын ат қосушы едік, енді мынау өгіздер былжырақтап жүргені* (Шымк., Түлк.).

**БЫЛҚИЮ** (Орал, Жән.) семіру. *Мына сиыр әбден былқиған екен* (Орал, Жән.).

**БЫЛШЫРАҚ** (Көкш., К. ту.) былжырақ. *Жер былшырақ болып кетті* (Көкш., К. ту.).

**БЫР** (Сем.: Абай, Қ. ту.; Шығ. Қаз., Больш.: Тау., Қош.) бір. *Ол он быр түйе айдап қайтты* (Тау., Қош.).

**БЫРЖУ** 1. (Қост.: Жанг., Торғ.) ысу. *Бүгін күн қандай ыстық еді, быржып кетті ғой, шырағым!* (Қост., Жанг.); 2. (Көкш., Қыз.; Қар., Ұлы.) ашу (айран туралы). *Айран қатты быржып кетті* (Көкш., Қызыл.).

**БЫРҚЫЛДАУ** (Гур., Есб.) мырс-мырс ету. *Бырқылдап неге күле береді, түге?!* (Гур., Есб.).

**БЫРСЫПЫРА** (Сем., Аяғ.) бірсыпыра.

**БЫРТ БОЛЫП КЕТУ** (К. орда, Қарм.) ісініп-кеуіп кету. *Түрінің жаманын-ай, бырт болып кетіпті* (К. орда, Қарм.).

**БЫРТ-СЫРТ** (Гур., Маңғ.) бос сөз, былшыл. *Бырт-сырт деп аузыңа келгенді оттамай отыр!* (Гур., Маңғ.).

**БЫРШЫЛДАҒАН** (Гур., Маңғ.) быртылдаған. *Қарақұйрық бұл күнде суға көп қайырылмайды, жерде быршылдаған көк шөп болса, соны жеп жүре береді* (Гур., Маңғ.).

**БЫРЫҒУ** (Орал, Қазт.; Гур., Есб.) былығу. *Мына үйдің іші бырығып кетіпті ғой, жинасаңшы!* (Орал, Қазт.). *Сенің қағаздарың мына жақта бырығып жатыр!* (Гур., Есб.).

**БЫРЫҚТЫРУ** (Орал, Чап.; Ақт., Алға) былықтыру. К. **бырығу**.

**БЫСЫҚ** (Сем.: Абай, Аяғ., Шұб.; Тау., Қош.) пысық.

**БЫСЫРУ** (Сем.: Абай, Шұб.) пісіру.

**БЫТБЫЛДЫҚ** (Орал, Жән.) байыпсыз, құрғақ әңгіме. *Оның бытбылдығы таусылмайды!* (Орал, Жән.).

**БЫТ-БЫТ** (К. орда: Қарм., Сыр.) быт-шыт. *Бір асау тайға мініп ем, өзімді тастап, егерімнің (қ.) быт-бытын шығарды* (К. орда, Қарм.). К. **Быт-сыт**.

**БЫТҚЫЛ** 1. (К. орда, Арал; Орал, Жән.) шөбі мол кедір-бұдыр ойлы-қырлы жер. *Бытқыл жер машинамен шөп шабуға қолайсыз ғой* (К. орда, Арал). *Ат бытқылда жайылып жүр* (Орал, Жән.); 2. (Тау., Қош.; Шығ. Қаз, Больш.) шұрайлы, отты, ағаш аралас өскен жер. *Бытқыл жер малға жайлы келеді* (Тау., Қош.).

**БЫТҚЫРАТУ** (Сем.: Абай, Шұб.) талқандау, тас-талқанын шығару. *Ол осы сөзді естісімен жұртты бытқыратты*. (Сем., Абай).

**БЫТПЫЛДЫҚ** I (Гур., Маңғ.; К. орда, Арал) кедір-бұдыр, ойлы-қырлы, шоқалақ жер. *Бытпылдық мәшін дейтінді қоймайды* (Гур., Маңғ.). *Мынау бір бытпылдық жер екен* (К. орда, Арал).

**БЫТПЫЛДЫҚ** II (Түрікм.: Красн., Бекд., Небид.) шөптің бір түрі. Шоқ-шоқ болып жиі өседі. *Бөдененің үйі жоқ, қайда барса, бытпылдық* (Мақал.).

**БЫТ-СЫТ** (Гур., Есб.) быт-шыт. *Келсем үйім быт-сыт болып жатыр* (Гур., Есб.). К. **Быт-быт**.

**БЫТҚАНА** (Орал: Чап., Жымп.) қорадағы ұсақ шыбын. *Бытқана көктемде көп болады* (Орал, Чап.).

**БЫТЫРЫҚТАУ** (Гур., Маңғ.) бытырау, бышырау. *Ой, сен бытырықтаптып отырғаның не, жолдас?* (Гур., Маңғ.).

**БЫШЫҚ** (Гур., Маңғ.) пұшық. *Бышық мұрын жегітті білмейсің бе?* (Гур., Маңғ.).

**БЫШЫРЛАТУ** (Гур., Есб.) бытырлату. *Бышырлатып алып жөнеледі екен өзі* (Гур., Есб.).

**БІГІЗ** (Жамб., Св.) біз. *Біздің үйде бігіз болмайды* (Жамб., Св.).

**БІЗБАҚПАУ** (Қост., Аман.) міз бақпау, елемей. *Біздің қолхозда басқармаға бізбақпайтын адам жоқ* (Қост., Аман.).

**БІЗДЕКТЕУ** (Гур., Маңғ.) безектеу. *Сен неғып біздектеп жүгіріп жүрсің?* (Гур., Маңғ.).

**БІКІР** (Алм., Нар.) пікір. *Өз бікірімді айтайын десем, жиналыстың аяқталып-ақ қалғаны* (Алм., Нар.).

**БІЛ** (Жамб.: Қор., Шу) піл. *Білді қалай ұстады?* (Жамб., Қор.).

**БІЛӘЛ** (Алм., Жамб.) дуал. *Біз кеше Омардың біләлін соқтық* (Алм., Жамб.).

**БІЛӘПІТ** (Гур., Маңғ.) былапыт. *Істеген ісінің бәрі біләпіт оның* (Гур., Маңғ.).

**БІЛДІГІМШЕ** (Жамб., Шу) білуімше. *Менің білдігімше осылай болу керек* (Жамб., Шу).

**БІЛДІК** (К. орда, Арал; Кост., Жанг.) білімі, білетіні. *Сейсембай — білдігі көп адам* (К. орда, Арал). *Өзінің білдігі сол шығар* (Кост., Жанг.).

**БІЛЕГЕН** (Шымк.: Арыс, Қызылк.) білген, білетін. *Майлының баласы білеген екен* (Шымк., Арыс.).

**БІЛЕК** (Гур., Маңғ.) шығырдың тегерінің тіс кіретін тесіктері.

**БІЛЕ КӨРЕ** (Гур., Маңғ.) біле тұра. *Өзің біле көре отырып, осылай деуің дұрыс емес* (Гур., Маңғ.).

**БІЛЕРМЕНДІКТЕРІ** (МХР, Баян.) білгені, түсінігі. *...дайындау бөлмшесінің бастығы А. Расол МХР Сауда министрлігінің нұсқауын бұзып, өз білермендіктерімен 28670 сомның кітабының мұқабасын алып тастаған* (Ж. өм., 1983, 19. V.).

**БІЛЕР ШЫҒАР** (Шығ. Қаз., Күрш.) білетін шығар. *Ол көп сөйлемейді, сөйлесе, білер шығар* (Шығ. Қаз., Күрш.).

**БІЛТ** (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары) билет. *Поштаға (қ.) білт алып па едің?* (Түрікм., Ашх.).

**БІЛІК I** (Шымк., Түлк.; Алм., Қарат.) үйдің төбесіне салатын арқалық. *Біздің үйдің төбесінің білігі қисық* (Алм., Қарат.).

**БІЛІК II** (Шымк., Мақт.; Алм., Шел.) шамның білтесі. *Шамның білігін салып, Май құйып, жағып жібер* (Алм., Шел.).

**БІЛІК III** (К. орда, Арал) жүк, тоғанақ байлаған арқан түйеге батпас үшін жөкеден, қамыстан тоқып салған нәрсе.

**БІЛІК IV** (Орал; Жән., Жымп., Чап.) білім. *Оның білігі көп адам* (Орал, Жән.).

**БІЛІК V** (Кост., Жанг.; Сем., Абай; Шығ. Қаз., Зайс.) арба дөңгелегін өткізетін ағаш ы темір. *Мұхаметжанның арбасының білігі сынып қалып, жолда жатыр* (Кост., Жанг.). *Арбаның еменнен жасалған білігі өте мықты болады* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БІЛІК VI** (МХР, Баян.) шалғының тұтқасы.

**БІЛІМДЕР** (Алм., Кер.) білімдар.

**БІЛІМСІЗ** (Қост., Торғ.) белгісіз. *Мына үйге бір білімсіз адам келді* (Қост., Торғ.).

**БІЛІМІМІЗДЕ** (Сем.: Акс., Көкп.) білуімізде. *Біздің білімімізде оның адвокат болғаны рас* (Сем., Акс.).

**БІЛІС** (Гур., Есб.) білетін, тавитын. *Ол өзі бір біліс адам еді бізге* (Гур., Есб.).

**БІНӘ БОЛУ** (К. орда; Қарм., Жал., Сыр.) пайда болу. *Оның әйелінің бойына бала бінә болса керек* (К. орда, Сыр.).

**БІРАЗДАП** (Алм., Шел.) аздап. *Үйдің маңын тазалап, біраздап жұмыс жасадым* (Алм., Шел.).

**БІРАҚСЫНДА** (Алм., Жамб.) бірақ та. *Оқу артық болмайды, әке, бірақсында енді біраз дем ал* (Алм., Жамб.).

**БІР АЛҚЫМ ЖІП** (Орын.: Ад., Бөр.) жіптің ұршық басына толуы, бір ұршық жіп.

**БІР АЛУАН** (К. орда, Қарм.) едәуір алыс. *Айшықтың жері осы жерден бір алуан жер келеді* (К. орда, Қарм.).

**БІРАТОЛА** (Гур., Маңғ.) біржола.

**БІР АТЫЗ ЖЕР** (Шымк.: Арыс, Қызылк.; К. орда, Арал) ширек гектар жер.

**БІР АУЫТ** (Гур., Есб.) бір мезгіл. *Бір ауыт есік алдына да шығып отыр-алықшы* (Гур., Есб.).

**БІР БАҚЫР** (Шымк., Шәу.) екі тиын.

**БІР БАУЫР ЖІП** (Көкш., Қыз.) ұршық басының толуы. *Бір бауыр жіп бір қолғап болуға жетеді* (Көкш., Қыз.).

**БІРБЕТКЕІ** (Көкш., Қыз.; Павл., Ерт.) лапас, бастырма. *Отынды бірбеткейдің астына жаңпап қой!* (Көкш., Қыз.).

**БІР БӨЛЕК** (Гур., Маңғ.) бірқатар, бірсыпыра. *Манадан бері бір бөлек жүрдік қой, енді кішкене тыныштап алсақ та болады. Өзің бір бөлек сөйледің ғой, шаршап қалған жоқсың ба?* (Гур., Маңғ.).

**БІР-БІРДЕП** (Қост.: Семноз., Фед.) бір-бірлеп.

**БІР-БІРЕУІН** (Гур., Маңғ.) бірін-бірі. *Олар бір-біреуін көруге арзу екен* (Гур., Маңғ.).

**БІРГЕ ТУМЫШ** (К. орда, Арал) тұтасқан. *Жағыпар менің бірге тумышым* (К. орда, Арал).

**БІРГІМ** (Тау., Кош.) ешкім. *Бүгін үйлерінде бірғім де болмад(ы)-ау деймін* (Тау., Кош.).

**БІР ДЕМ ЖЕР** (Шымк., Сар.; Жамб., Сар.) өте жақын жер. *Ташкен біздің ауданға бір дем жер* (Шымк., Сар.).

**БІРДЕН** (Сем., Аяғ., Тау., Қош.) біріншіден.

**БІРДЕН-БІР** (Орал, Қазт.) бірте-бірте. *Бірден-бір жақсы болып келе жатыр* (Орал, Қазт.).

**БІРДЕН ЕКІ-БІРДЕН ЕКІ** (Гур., Маңғ.) бірте-бірте. *Маңғыстау ойындағы адайлар бірден екі-бірден екі*



жылжи жазда Жем, Сағыз бойларына барып жайлап қайтатын (Гур., Маңғ.).  
К. бірден-бір.

БІРДЕН ТӨМЕН ЕМЕС РЕТ (МХР, Баян.) кем дегенде бір рет. Дайдындық малын сұмын өлкесінен шығарардың алдында міндетті түрде креолинге бірден төмен емес рет тоғыту жөн. (Ж. Өм., 1983 ж. 13. V.).

БІРДЕНКЕ (Алм., Кег.; Жамб., Шу) бірдене. Беретін бірдеңкең бар ма? (Жамб., Шу). Не бірдеңке деп мыңқылдап отырсың? (Алм., Кег.).

БІРДЕНЕ-СІРДЕНЕ (Сем.: Абай, Шүб.). К. бірденке.

БІР ДЕСТЕҢ (К. орда, Қарм.) түгелдей. Барған жұмысты бір дестең етіп бітіріп қайтты (Қ. орда, Қарм.).

БІРДҮЗМЕ (Акт., Қараб.) ажарлы шыт мата. Бір дүзме бір жуғаннан кейін оңыл кетеді (Акт., Қараб.).

БІРДІ-ЖАРЫМ (Сем.: Абай, Акс., Аяғ., Шүб.; Шығ. Қаз., Марк.; Қост.: Семноз., Фед.; Түрікм., Таш.) бірлі-жарым. Біздің ішімізде бірді-жарым жалқау да жоқ емес (Шығ. Қаз., Марк.). Осы жаққа қарай келген бірді-жарым адамдар жаңалықты айтып келіп жататын (Түрікм., Таш.). К. бір-жар.

БІРДІМ БОЛУ (Қост., Жанғ.) өзінен басқа кісі жоқ сияқты болу. Өзіңше бірдім болып жүреді (Қост., Жанғ.).

БІРДІНІ (Сем.: Акс., Көкп.) лүпілдету. Шелекті сүтке бірдіні ғып толтырды (Сем., Акс.).

БІРДІН АЙЫ (МХР, Баян.) қаңтар.

БІРЕГЕЙЛЕНУ (Акт., Бай.) бірдей, ұқсас болу. Қазақтың тіл байлығын, көркем әдебиет тілін барынша молайту үшін туысқан елдеріміздің алфавитіне ұқсас бірегейленген болуы үшін... («КД», I, 1965, 119-б.).

БІР-ЕКІ АЙДЫҢ АРТЫНАН (Гур., Маңғ.) бір-екі айдан соң,

БІР-ЕКІ МЕЗГІЛ (Гур., Маңғ.) бір-ауық, бір мезгіл.

БІРЕШКЕ (Жамб., Шу) төрт дөңгелекті бір атты жеңіл арба.

БІР-ЖАР (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш., Мары; Гур., Маңғ.) бірлі-жарым. Патиғаға бір-жар кісі болмаса, ауыл адамының бәрі келіпті (Түрікм., Ашх.). Сәбитовке барған кісі бос бармайды, жаныңа бір-жар шөлмек арақ алып барады («Жұмысшы», 14. I. 41.). Бағып отырған бір-жар малымыз бар (Гур., Маңғ.). Бір-жар жылдай Адай, Табынға паналағысы кеп, Маңғыстауға бет қойды (Ә. Нұрп., Қан мен тер, 256). К. бірді-жарым.

БІР ЖАСТЫ МАЛ (МХР, Баян.) 8—10 айлық мал. Биылғы жылы ...бір жасты малды үш категорияға бөліп табын.

БІР ЕСЕПТЕ (МХР, Баян.) бір есептен. Бір есепте оларды игілік ұйытқысы, халық ортасындағы қазына деп айтуға әбден лайықты («Ж. өм.», 1983, 15. VIII).

БІР ЕТЕК ҚАРМАҚ (Гур., Маңғ.) 20—25 м. кендір арканның он бойына 10—15 қармақ байланса, бір етек қармақ дейді. Мырзабек, қызыл балық аулайтын бір етек қармақ берші («КД», 1965, 152-б.).

БІРЕУ-ЖАРЫМ (Шымк., Сар.) бірлі-жарым. Менің мақта еккен жерімнің алақұласы біреу-жарым (Шымк., Сар.). К. бір-жар.

БІР ЖЕР (Қост.: Семноз., Фед.) бір қазыналық жер өлшемі. Шалғы тарта білетін үш жеміс күніне бір жер түсіріп кетуші еді (Қост., Фед.).

БІРЖОДА (Қост.: Семноз., Фед.) бір-жола. Жұмысқа бір жода кеттім (Қост., Семноз.).

БІРЖҮЗДЕМЕ (Алм., Жамб.) атлас. Магазиннен 6 метр бір жүздеме алып, көйлек қылып тігіп, киіп алдым (Алм., Жамб.).

БІР ИІН СУ (Жамб., Шу) жарғы күндік су (танертеннен түске дейінгі немесе түстен кеш батқанға дейінгі уақыттағы су). Бір қос жерге бір иін су жетіп жатыр (Жамб., Шу).

БІР КЕЗЕК (Түрікм., Красн.) бір рет, бір мәрте. Біздер де сол Алматыға жылына бір кезек барып қайтамыз (Түрікм., Красн.).

БІР КЕРЕН (Гур., Маңғ.) Бір рет, бір мәрте. Жаңағы айтқаныңды тағы бір керен қайталап шықшы? (Гур., Маңғ.).

БІР КЕСІМ ЖЕР (Алм., Кег.) гектардың 1/8 бөлігі. Октябрь революциясынан бұрын бір кесім жер айдадық деп айтатын едік (Алм., Кег.).

БІР КӨНЕК (К. орда, Қарм.) бір адамнан басқаға саудырмайтын сүтті бие. Көп малдың ішінде талай бір көнек биелер кездеседі (К. орда, Қарм.).

БІР КӨРІНІМ [жер] (Гур., Маңғ.) бір көрдім (жер) теңіздің қашықтық өлшемі (теңіз бетінде қара көрінетін жер бір көрінім, екі көрінім делінеді). Бұл бетте тереңдігі 5 құлаш жерлер бір көрінім, екі көрінім (Гур., Маңғ.).

БІР КӨСЕК (Қост., Жанғ.) бір қаптал тас шай. Бір көсек шай алып қойсаң, екі айға жетеді (Қост., Жанғ.).

БІР ҚАБАТ (Алм., Жамб.) бір рет.

*Бір қабат сен іш, бір қабат мен ішейін* (Алм., Жамб.).

**БІР ҚАБЫЗДАН** (К. орда, Арал) бір рудан. *Сіз бен біз бір қабыздан тарағанбыз ғой, бір-біріміздің сөзімізге жақсы түсінеміз* (К. орда, Арал).

**БІРҚАБЫҚ** (Орал, Қарат.) өсімдік аты. *Сыырлар бір қабықтй жерге өш келеді* (Орал, Қарат.).

**БІРҚАЙДА** (Тау., Кош.) ешқайда. *Ол әзір бірқайда да істемейді* (Тау., Кош.).

**БІР ҚАЙТЫМ** [жер] (Шымк., Қызылк.; К. орда, Арал) ширек гектардай жер.

**БІРҚАНША // БІРҚАНШАМА** (Сем Аяг.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Кош.) 1. бірнеше. *Ол қаладан бірқанша кітап әкелді* (Сем., Аяг.); 2. қанша рет, қайта-қайта. *Мен оған бұл туралы бірқаншама айттым* (Тау., Кош.).

**БІР ҚАРАУДА** (Гур., Маңғ.) бір есептен. *Бір қарауда солай істеу дұрыс болар* (Гур., Маңғ.).

**БІР ҚАРҚЫН** (Орын.: Адам., Бөр.) бір мезгіл, біраз. *Кешке бір қарқын отыруға болмады. Біжай да бір қарқын сөйлейді. Балаларды да шешесіне жібер, бір қарқын ойнап келсін* (Орын., Бөр.).

**БІР ҚАУЫМ** (Алм., Жамб.; Гур., Есб.) бірталай. *Ал, әке, бір қауым әңгімелестік, енді мен жұмысқа барайын* (Алм., Жамб.). *Ол осы арадан бір қауым жер* (Гур., Есб.).

**БІР ҚОЛ** [адам] (Қарак., Қоң.) бір топ (адам). *Кеше Сарыарқа жақты қазуға бір қол бізден кеткен еді, міне бүгін тағы сұрап отыр* (Қарак., Қоң.).

**БІР КОС ЖЕР** (Шымк., Қызылк.; Жамб., Шу) бір гектардай жер. *Бұрын 2 гектардай жерді де бір қос жер деп айта беретінбіз* (Жамб., Шу).

**БІР ҚОТАН ЕЛ** (Сем., Ұрж.) бір қауым ел. *Бала-шағасын қоспай-ақ, өздері бір қотан ел* (Сем., Ұрж.).

**БІР ҚҰЛАҚ** [су] (Алм.: Жамб., Нар.; Жамб., Қорд.) егін суғаратын арықтың бір тармағы. *Биыл бір құлақ ашылмаса да жауын болған соң, егін жақсы шықты* (Жамб., Қорд.).

**БІРҚЫЛ** (Алм., Жамб.) бір түрлі, кейбір. *Бірқыл жұмыс қолдан келе бермейді* (Алм., Жам.).

**БІРҚЫЛЫ** (Шымк., Мақт.) бірсыпыра. *Бірқылы адамдар келді* (Шымк., Мақт.).

**БІРҚЫРҚАР** (Арал: Жымп., Чап.) кеш күзге таман туған кенже қозы.

**БІРЛЕСТІҚАРАЛЫҚ** (МХР, Баян.) колхозаралық. *Бірлестіқаралық өндірісінің шофёрі Ә. Құзайыр биылғы жылдың бастапқы 5 айында 13 км жол жүрді* (Ж. өм., 1985 ж. 26. VII.).

**БІРЛЕСТІҚТЕНУ** (МХР, Баян.) кооперативтерге бірлесу. *Ауыл шаруашылығында бірлестіктену қозғалысының жеңуі нәтижесінде социалистік ауыл шаруашылығы саласы қалыптасты* (Үгітші, 1986, № 10, 12-б.).

**БІРЛЕСТІҚШІ** (МХР, Баян.) кооператив мүшесі. *Еңбек сіңірген бірлестікші Тээпилдің табынын ұзақ мерзімдік дербес есептеп жұмыстатқан тәжірибелері бар* (Ж. өм., 14. II. 85).

**БІРЛЕУ** (К. орда: Жал., Сыр, Тер.) жекелеу.

**БІР МАЙДАН** (Қарак., Қоң.) біраз уақыт, бір мезгіл. *Бір майдан біздің ауылға да келіп кетсе не қылады* (Қарак., Қоң.).

**БІРМЕ-БІР** (МХР, Баян.) бір аналықтан бір. *Қаракөл тобының малылары төлдеткен 450—650 басты қой, ешкіден бірме-бір төл аяқтандыруда* (Ж. өм., 1983 ж. 23. V). *Сауынға қамтылатындары дерлік бұзаулап, бірме-бір төл аяқтанды* (Ж. өм., 1987 ж. 13. VI.).

**БІРМЕК** (Қарағ., Ұлы.) бірлік. *Біздің жастардың бірмегі жоқ. Бірмек болмаған соң не болсын* (Қарағ., Ұлы.).

**БІР МОЙЫН ЖЕР** (Шымк., Қызылк.) ширек гектардай жер. *Бұрын кедей шаруалар бірлесіп, бір мойын жерге егін салатын* (Шымк., Қызылк.).

**БІР МҰНЧА** (Алм., Шел.) көп, бірнеше. *Біздің атамыз Қарымсақ бір мұнча жасқа кеп өліпті* (Алм., Шел.).

**БІРНӘРСЕ** (Қарак., Тахт.) біресе. *Тауықтар бірнәрсә үйге, бірнәрсә тамға кіреді* (Қарак., Тахт.).

**БІР НӘСТЕ** (Орал, Чап.) бір нәрсе. *Дүкенге бір нәсте түсті дейді ғой* (Орал, Чап.).

**БІР ОРАМАЛДЫҚ** (Гур., Маңғ.) бір шабарлық. *Жирен аттың бір орамалдығы бар* (Гур., Маңғ.).

**БІР ОРЫН ШӨП** (Шығ. Қаз., Зайс.) шөмеле. *Мен бүгін бір орын шөп даярладым* (Сем., Абай).

**БІР ӨҢКЕЙ** (К. орда, Арал) бірыңғай. *Шай қайнағанша бір өңкей бітіріп тастайын* (К. орда, Арал).

**БІР ПАРА** (Орынб.: Ал., Бөр.; Қарак.) бір қатар, бір бөлек, кейбір. *Жұрттың бір парасы бұлай айтты* (Орын., Бөр.). *Бір пара кісілер канал қазуға кетті* (Қарак. қаз.).

**БІР ПӘС** (Алм., Жамб.; Шымк., Сайр.) біраз, азырақ, сәл. *Әкем, бір пәс тұра тұр, мен үйге кіріп шығайын* (Алм., Жам.).

**БІР ПӘСТЕ** (Жамб., Шу) демде, жылдам. *Чөпті тасу бір пәсте болатын нәрсе ғой* (Жамб., Шу).

**БІР САЛІА** [жер] (Шымк., Қызылк.) ширек гектар (жер).

**БІР САЛАР I** (Көкш.: Еңб., Щуч.) 1. атқа салып мінетін ер, желком; 2. қонақтың астына төсейтін кішкентай қалың көрпе.

**БІР САЛАР II** (Сем., Ұрж.) дәрілік өсімдік. *Бір салар тауға шығады* (Сем., Ұрж.).

**БІР САН** (Гур., Маңғ.) я жүз, я мың. *Бір сан ақшаны қолына ұстата берді* (Гур., Маңғ.).

**БІР СӘМЕТТЕ** (Акт., Ырғ.; Қ. орда; Арал) бір сәтте, демде, лезде. *Ол жұмысты мен бір сәметте бітіріп қайтасы болар* (Акт., Ырғ.).

**БІР СҰҚПАЙ** (Түрікм., Таш.) шәркей. *Кемпір бір сұқпайын аяғына ілді де, сыртқа шығып кетті* (Түрікм., Таш.).

**БІР СЫЛАСЫ БОЛАР** (Акт., Байғ.) бірненсі болар. *Кетіп барам, бір сыласы болар* (Акт., Ырғ.).

**БІР ТАБАҚ ЖЕР** (Шығ. Қаз., Зайс.) **Бір мойын жер.** *Бір табақ жерге қауын салдық* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БІР ТАБИҒА** (Қ. орда, Арал) бірыңғай, өзара жақын. *Ана отырған бір табига колхозшыларымыз* (Қ. орда, Арал).

**БІРТАЙ** (Гур., Есб.) бір талай, біраз. *Дүйсеннің қалаға жүріп кеткеніне біртаяй уақыт болды* (Гур., Есб.).

**БІРТАЙ ЕЛ** (Тау., Қош.) бір тайпа ел.

**БІР ТАҚТА** (Алм., Кег.; Сем., Абай; Жамб., Шу) ширек гектардай жер. *Бұрын байлардан бір тақта жер алу үшін көп қызмет еттік* (Сем., Абай). *Бір тақта жерге егін салдық* (Алм., Кег.). *Жоңырышқаның бір тақтасы чабылып бітті* (Жамб., Шу).

**БІР ТАНАП ЖЕР** (Шымк., Қызылк.) егін есуге жарарлық алқап.

**БІР ТАП ЖЕР** (Қарак., Қон.) бір айдан жер. *Бір тап жер айдамай-ақ оның өгізі шаршады* (Қарак., Қон.).

**БІР ТАРАП** (Гур., Маңғ.) бір түрлі, бірдей. *Екі баламның екеуі де бір тарап* (Гур., Маңғ.).

**БІР ТАРТЫМ** (Алм., Кег.) жаулықтың бір түрі. *Бір тартымның желбіреп, Кайдан келдің елбіреп?* (Алм., Кег.).

**БІР ТАСАЯҚ ШАЙ** (Орал, Қазт.) 50 грамдық шай.

**БІР ТӘСІН** (Шымк., Мақт.) бір түрлі. *Бір тәсін қалам екен де!* (Шымк., Мақт.).

**БІРТЕКЕШ БОЛУ** (Көкш.: Еңб., Щуч.) быршу, ашып кету. *Біздің үйдегі айран біртекеш болып кетіпті* (Көкш., Щуч.).

**БІР ТУҒАН // БІР ТУМА** (Түрікм.: Красн., Небид., Тедж., Таш.; Орал, Қарат.; Гур., Маңғ.) асыл тұқымды түйе.

**БІР ТҮЙІР** (Гур., Маңғ.) жалғыз. *Бір түйір балам бар* (Гур., Маңғ.).

**БІР ҮКІРТАЙ ЕЛ** (Шығ. Қаз., Зайс.) бұрынғы бір болыс көлеміндегі ел. *Қытайда қара керейден үш үкіртай ел бар* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**БІРШЕК БОЛУ** (Шымк., Түлк.) бірігу, бірлесу, қосылу, звеноға бірігу. *Он-он бес үй бірігіп, біршек болды* (Шымк., Түлк.).

**БІРШІЛІК** (Орал: Чап., Жымп.) ұйымшылдық.

**БІР ШОҚТА ЖЕР** (Алм., Кег.) бір бөлек жер. *Бір шоқта жерге егін салдым* (Алм., Кег.).

**БІРШЫЛДАҚ** (Қ. орда, Қарм.) түсі жасыл, бойы тізеден асатын, жапырағы жіңішке, тақырға шығатын шөп. *Біршылдақты түйе, қой сүйсініп те, сүйіп те жейді* (Қ. орда, Арал).

**БІР ШЫНАШАҚ ЖҮН** (Гур., Маңғ.) бір шүйке жүн. *Бір шынашақ жүн бермейтін Хадиса сараң адам* (Гур., Маңғ.).

**БІР ШЫНЫ ШАЙ** (Орал, Чап.) 50 грамдық қағаз шай.

**БІРІККЕН ҰПАЙ** (МХР, Баян.) ұпай қосындысы. *Біріккен ұпаймен № 1 он жылдық, Улаанхус командалары алға шықты* (Ж. өм., 1983 ж. 8. III).

**БІРІН-ЖАРЫ** (Қ. орда, Арал) бірлі-жарым, кейбір. *Оның кім екенің бірін-жарымың білмей жатырмыз* (Қ. орда, Арал). **К. бірді-жарым.**

**БІРІНЧІ** (Гур., Маңғ.; МХР, Баян.) бірінші.

**БІРІНШІДЕ** (МХР, Баян.) біріншіден. *Қиын баланың белгілері: біріншіден, заң орнының бақылауына өткен, екіншіден...* (Ж. өм., 1985 ж. 26. VII).

**БІРІНШІ КЕЗЕК** (Гур., Маңғ.) тұңғыш рет, бірінші рет. *Бұл — менің самолетке бірінші кезек мінгенім.* (Гур., Маңғ.).

**БІСУ** (Гур., Маңғ.) пісу. *Тамағың біс-ті ме?* (Гур., Маңғ.).

**БІТ БОЛУ** (Талд., Қараб.) жұтау.

1933 жылы ішерге тамақ болмай, біт боддық (Талд., Қараб.).

БІТЕ І І. (Гур., Маңғ.) құмырсқа тәрізді жәндік. Түсі сары болады, үйдің, қораның ағаштарын жең, үгітіп тастайды; 2. (К. орда, Арал) қара күйе (кнімге түсетін қара күйе). Біте киімге, киімнің тері жағасына түседі, түскен жерін оймыштап төседі (К. орда, Арал).

БІТЕ ІІ (Жамб., Тал.) бата. Дүйсен қарт біте берді (Жамб., Тал.).

БІТЕУ (Шығ. Қаз., Глуб.; Сем., Абай) үсті жабық, жан-жағы қоршалған жылы қора. Осы күні колхоздар малға бітеу салатын білді (Шығ. Қаз., Глуб.).

БІТЕУ ЕТІК (Орынб.: Ад., Бөр.) басы мен қонышын жалғастырмай жасаған етік. Бұрынғы кезде әлі келгендер бір мал терісінен бітеу етік жасайтын (Орын., Ад.).

БІТЕУ ЖЕР (Сем., Ұрж.) ішін кісі жүріп аралай алмайтын қалың копалы жер. Қарағалдың бауыры кісі жүре алмайтын бітеу жер (Сем., Ұрж.).

БІТЕУ ҚАША (МХР, Баян.) жабық қора.

БІТЕУ ӨРКЕШ (Гур., Маңғ.) нар түйенің жалпы аты.

БІТИЯ (Гур., Бакс.) пайда. Біреуден біти я қыла қояйын деп ойлаған емес едім өзім (Гур., Бакс.).

БІТКЕНІ (Тау., Кош.) барлығы, бәрі, түгел, тұтас. Біздің біткеніміз ол үйге сыйып кеттік (Тау. Кош.).

ГАГАЙ (Шымк., Мақт.) арба дөңгелегінің шабағы. Дөңгелекті ұстаға апар, гагайын қондырсын (Шымк., Мақт.). Бұл — парсы сөзі, Оңтүстік өңірдің казактарына өзбек тілі арқылы ауысқан, өзб. кегай.

ГАРАМАТ // ГЭРЭМАТ (Түрікм., Окт.; Қарақ.: Хож., Шым.) керемет. Астындағы мінген аты бір гарамат ат екен (Қарақ., Шым.). Қызылорда жағында бұл сөз көбіне геремет деген үлгіде айтылады.

ГӘҚ (Гур., Тең.) желкен қайықтың дінгегін қайықтың ернеуіне байлап бекітетін арқан, ұшында ернеуге ілетін ілгек темірі болады. Гәкті бортқа тез іліп жібер (Гур., Тең.).

ГӘП (Шымк., Сарыағ.) 1. Сөз, әңгіме; 2. Хабар-ошар. Не гәп, не хабар? Жолдастар, жайлаудағы малдан не гәп бар? Естіген-білген гәбің болса, айта отыр

БІТКЕРУ (Гур., Маңғ.; К. орда, Арал; Акт., Қараб.; Түрікм., Таш.) бітіру. Жұмысты мезгілінде біткермей дем алуға болмайды деп тәртіп беріп кетті (Гур., Маңғ.). Мен бұл үйдің қабырғасының тоқуын біткеріп алсам жақсы болар еді (К. орда, Арал). Бастаған жұмысты тезірек біткеру керек (Акт., Қарат.). Жалғыз адамның шамасы келмейтіндей іс еді, үш-төртеуіміз жабылып зорға біткердік (Түрікм., Таш.).

БІТМЕР (К. орда, Қарм.) пікірі ішінде беріліп істемейтін адам. Ол шаруашылыққа ат салыспайтын бітмерлеу адам ғой (К. орда, Қарм.).

БІТПЕ (Шымк., Лен.) жазу нұсқасы, ескі жазу, ескі жазба. Бұрын бізде бітпе материалы жоқ еді (Шымк., Лен.).

БІТПЕС (Қарағ., Ұлы.) киіздің бетіне шүберектен салынған ою. Бітпес салынан түкті кілемді ал (Қарағ., Ұлы.).

БІТТЕ (Қарақ., Мойн.) қазір. Бітте барамыз да қайтып келеміз. (Қарақ., Мойн.).

БІТТЕЙ (Көкш., Щуч.) кішкентай, биттей.

БІТУЭЖА (Орал, Жән.) аралықта жүретін кісі. Екі адам араздасса араларында бітуэжа жүреді (Орал, Жән.).

БІТІГЕНЕ (Гур., Маңғ.) біраз. Бітігенеден соң (Гур., Маңғ.).

БІТІНУ (Қост., Аман.) біту. Жұмыс бітінуге айналды (Қост., Аман.).

## Г

(Шымк., Сарыағ.). Өзб. гап, парсы тіліндегі нұсқасы гәп (бос сөз, мылжын сөз).

ГЭРТ (Шымк.: Кел., Мақт.; Ташк., Ақк., О. Шыр., Калинин.) ұлпа, ұнтақ. Дегірманның (қ.) айналасына түскен гэрт аппақ болады (Таш., Ақк.). Өзб. гард — шан, тозаң.

ГЭРТҚӘМ (Тәж.: Колх., Корғ.) тәуекел. Гэртқәмға бел байладық. (Тәж., Колх.). Өзб. гардкам 1. ұтысқұмар ойын; 2. тәуекел.

ГЭУРӘН (Ташк.: Янг., Калинин.) кеурен. Қураған гэурәнді отқа жағып ауқат қылдық (Таш., Калинин.). Өзб. гаврон.

ГЭУІРТ // Геурт (Ташк.: Ақк., Калинин., О. Шыр., Ордж.) сіріңке, оттық. Бала-шағаның қолындағы гэуіртке көтер бар, гэуіртке үйір етпең (Ташк., Ақк.). Бұл — парсы тілінен ауысқан күкірт сөзінің жергілікті нұсқасы, Өзбек тілінде де басқы дыбысы ұяң айтылады (гуурт).

**ГЕДЕЙ** (Қарак.: Амуд., Бер.) кедей. *Гедей адам мырза келеді* (Қарак., Амуд.). Қарақалпақ тілінің оңтүстік диалектінде де *гедей*, өзб. — *гадой*, түрікм. — *гедай*.

**ГЕДЕРГІ** (Қарак.: Бер., Амуд.) кедергі. *Қылып жатқан жұмысына гедергі жасамайын деп мазалаған жоқпын* (Қарак., Бер.). Қарак. — *гедерги*.

**ГЕЖІ** (Қарак.: Мой., Қоң.) жүннен тоқылған гүлді ақшыл орамал. *Дүкәнгә гежі түсіп атыпты* (Қарак., Мой.).

**ГЕЖІМ** (Ташк.: Ақк., Янг.) шашак; атжабудың, орамалдың айналасына ұстайтын шашак. *Қып-қызыл жіпек гежім жылт-жылт көрінді* (Ташк., Ақк.). өзб. *гажим*, Бұл сөз оңтүстік өлкенің біраз жерінде *кәжим* деген үлгіде айтылады.

**ГЕЗ** (Қарак.: Хож., Қоң.) екі шоқынның, екі төбенің арасындағы ойпаң жер; кез, аша. *Тонау гездің теріскей беті бізің ауыл* (Қарак., Хож.). Бұл сөз Маңғыстау өңірінде кез деген үлгіде айтылады. Қойдың құлағына салынатын ойық енді маңғыстаулықтар *кез ен* дейді. Өзб. *газа*.

**ГЕЗЕК** (Қарак.: Кегей., Шом., Шым.) кезек. *Айтатұғын сөзімізді гезекпенен айттайық*. Қарак., түрікм. *гезек*.

**ГЕЗЛІК** (Қарак.: Мой., Қоң., Хож.) кездік, қыны бар кішкене пышақ *Бұрындары ер адам гезліксіз жүрмейтін, қазір ондай гезлігіміз жоқ* (Қарак., Мой.). Түрікм. *гезлик*.

**ГЕЗІК** (Қарак.: Хож., Қоң.) тұмау, суық тигеннен болатын ауру. *Қысымен қайта-қайта гезік кесел тиіп жүдеңкіреп қалды* (Қарак., Хож.). Бұл сөз Маңғыстау қазақтарында *кезік* деген үлгіде сүзек «тиф» мағынасында қолданылады: *Он ай кезік болғанмын, Онан да өлмей қалғанмын* (Ман., Маңғ.).

**ГЕЙДЕ** (Қарак.: Бер., Амуд.) кейде. *Гейде сондай да бір ой келеді басыңа* (Қарак., Бер.). Қарак. — *гейде*.

**ГЕЛДЕК** (Қарак.: Шымб., Хож.) жүгерінің, бидайдың, тарының шоғы, күлтесі, келтек. *Пітік шыққан тарының бір келдегі бір пыйала* (қ.) болады (Қарак., Шым.). Бұл — парсының *кәллә* «бас» деген сөзінен -к жұрнағының көмегімен жасалған сөз. Қарак. *геллек*.

**ГЕЛДЕКЛЕУ** (Қарак., Шым.) тарының, жүгерінің басын (шоғын, күлтесін) жұлу, ұзу, кесу. *Тарының гелдегін гелдеклеп аламыз да қолмен үгеміз* (Қарак., Шым.). Қарак. *геллекле*.

**ГЕНЗЕЛ** (Гур., Тең.) желкен қайықтың дінгегінің түбін бекіткен ағаш. *Шам*

*гензелдің үстінде тұр. Сен гензелге жақынырақ отыр* (Гур., Тең.).

**ГЕНЖЕ** (Қарак.: Қоң., Хож.) кенже. *Баламыздың генжесі болған соң атын Генжебай қойғанбыз* (Қарак., Қоң.). Қарак. — *генже*.

**ГЕРНЕЙ** (Қарак.: Хож., Бер.) керен, саңырау. *Гөрдің* (қ.) *қолына, гереңнің астына түспе* (Қарак., Бер.). Қарак. *герең*.

**ГЕРНЕЙ** (Ташк., Янг.) керней, үрлеп тартатын музыка аспабы. *Өзбектер той қылған болса, мақаланы* (қ.) *басыңа көтеріп герней шалады* (Ташк., Янг.). Парс. — *кәрней*.

**ГЕРПІШ** (Қарак.: Қоң., Шым.) керпіш. *Герпіш жасау үшін алдымен балшықты пісіреміз* (қ.), соннан соң құямыз (Қарак., Қоң.). Қарак. *герпиш*.

**ГЕРТАС** (Ман., Маңғ.) таразыға тарту үшін пайдаланылатын әртүрлі салмақтық. *Шеккіге шегейін десем, гертастарым толмай тұр* (Ман., Маңғ.). Бұл тіркестің бірінші сыңары орыс тілінен ауысқан: *гиря*.

**ГЕРІМДӘРІ** (Таш.: Қалин., Ордж.) қызыл бұрыш. *Қабығы жұқа герімдәрі кәттә* (к.) *әшті* (к.) болады. *Оңтүстік өңірдің қазақтарының тілінде бұл сөздің керімдәрі // келімдәрі* (к.) деген нұсқалары бар. *гәрімдару* — парсы сөзі. Өзбек тілінде де бұл сөздің басқы дыбысы ұяң айтылады: *гәрімдәри*.

**ГЕУГҮМ** (Ташк., Ордж.) ала кеуім, таңғы ала көлеңке. *Геугүмде арбаға ат жегіп жолға шықтық* (Ташк., Ордж.). Қарак. *геуім*, тәж. *гавгум*.

**ГЕУРЕК** (Қарак.: Қоң., Мой.) ашық далада өсетін биіктігі жарты метрдей қурай тәрізді өсімдік, басы үрпек болады. *Басында дәні болады. Геуректің дәнін қуырып, түйіп, талқан етіп те жеген уақытылар да болған* (Қарак., Қоң.). Қарак. *геурек*.

**ГЕУІЛ** (Қарак.: Шым., Тахт.) шөл далада өсетін басында дәні бар аласа өсімдік. *Торпағы* (қ.) *қызыл жер болмаса, геуіл ізейлі жерге шыға бермейді* (Қарак., Тахт.).

**ГЕУІМ** (Таш., Қалин.) таңғы ала кеуім. *Малды геуім тарай өріске айдаймыз. Қ. геуүм*.

**ГЕУІШ** (Қарак.: Хож., Мой., Шым.) кебіс. *Геуішті тізегін адам да, геуіштің өзі де бұ күнде жоқ* (Қарак., Хож.). Бұл сөз Маңғыстау жағында *кеуіш* деген үлгіде айтылады. Қарак. *геуиш*.

**ГЕШІР** (Қарак.: Бер., Амуд., Шым., Хож.) сәбіз. *Ас қылғанда ішіне геші-*

*р і н мол тура са, гүріш (қ.) жұмсақ боп піседі (Қарак., Хож.). Маңғыстау төңірегінде бұл сөз кешір түрінде айтылады. Қарак. гешир, түркім. кәшір.*

**ГӨБЕЛЕК** (Таш.: Акк., О. Шыр.) көбелек. *Пиллә (қ.) дер кезінде тайарланбаса (қ.), ішіндегі құрты гөбелек боп ұшып кетеді (Ташк., Акк.).*

**ГӨДЕК** (Ташк.: Акк., Янг., Калин.) нәресте. *Дүниеге жаңа келген жас гөдек нені біледі (Ташк., Янг.). Батыр аңқау, ер көдек дегендегі көдек те осы сөз. п. күдәк, өзб. гудак.*

**ГӨЗ** (Қарак.: Бер., Амуд., Төрт.) көз. *Гөзім түсіп кетіп еді — артына бұрылмастан зытып барады (Қарак., Төрт.). Қарак., түркм. гөз.*

**ГӨЗЕ** (Қарак.: Шым., Хож.) көзе. *Гөзе толы суды төбесіне қойып жерге бір тамызбай жүре береді (Қарак., Шым.). Сыңса сарттың гөзесі, Төгілсе сарттың бозасы. Бұл мәтел «не болса о болсын» деген мағынада қолданылады. Қарак. гөзе.*

**ГӨЖЕ** (Қарак.: Қоң., Хож.) көже. *Гөш жоқ жерде гөже де ас (Қарак., Қоң.) Қарак. гөже.*

**ГӨНЕ** (Қарак.: Хож., Шым., Амуд.) көне, ескі, ежелгі. *Осы жерде гөне жаптың (қ.) орны болған, кәзір дөңүрегінің (қ.) бәрі ізей (қ.) боп кеткен (Қарак., Шым.). Көне Үргеніш деген аудан орталығы. Қарақалпақстанда қазақтардың ауызекі тілінде гөне болып айтылады. Қарак. гөне Үргеніш.*

**ГӨҢ** (Қарак.: Амуд., Бер., Төрт., Шым.; Шымк.: Кел., Сар.; Жамб., Жам.) көн. *Баһарда егін-жайға гөң төгеміз (Қарак., Шым.). Қылча (қ.) егісінің әр гектарына бір тоннадан гөң төктік (Жамб., Жам.). Қарак. гөң.*

**ГӨР I** (Ташк.: Акк., О. Шыр.; Қарак.: Шым., Хож.; Түрікм., Таш.) көр. *Гөрге түскенше көрежағыңды көресің (Түрүкм., Таш.). гур, гурхан.*

**ГӨР II** (Түрікм., Таш.) соқыр. *Гөр адамның көрген күні осы ғой. Қарак. гөр, түркім. көр.*

**ГӨРӨК** (Қарак.: Шым., Хож.; Түрікм., Окт.) ішінде мақта бар мақта қауашағы. *Пақтаның ашылмай қалған гөрөғұн балдар қолымен ашады (Қарак., Шымб.). Қарак. гөрөк.*

**ГӨРЫСТАН** (Ташк.: Акк., О. Шыр.; Қарак.: Шым., Хож.; Түрікм., Таш.) көр, мола. *Көрмегенің гөрыстан болсын (Түрікм., Таш.). п. гурстан.*

**ГӨШ** (Ташк.: Акк., Калин.; Қарак.: Шымб., Хож., Амуд.) ет. *Қойдың гөші-*

*нен жасалған кәуәп (қ.) бәрінен мазалы келеді (Қарак., Хож.). Білді де талатқанын жауға гөшің, Шалдырды шапшаңдатып керней, сырнай. Тұрнан тунде тиген алуға өшін (Тұрмағамбет Ізтілеуов).*

**ГҮӘ** (Шымк., Сарыағ.; Қарак.: Амуд., Төрт., Шым.) куә. *Өтірік айтар жайым жоқ — мен мынауыңа гүә бола алмаймын (Шымк., Сарыағ.). Өзб. гувох, түркм. гувә, қарак. гүә, парсы тіліндегі алғашқы нұсқасы: гова.*

**ГҮӘЛІК** (Өзб., Сыр.) куәлік. *Гүәлігіңді көрсетсең болды, басқа қағаз сұрамаймыз (Өзб., Сыр.). Парсы түбірлі гүуә сөзінен лік жұрнағының көмегімен жасалған сөз.*

**ГҮБІР-СІБІР** (Маң., Маңғ.) күбір, күбірлеген дыбыс, пыш-пыш әңгіме. *Құлақ түрsem, бір гүбірсібір дыбыс естілгендей болады. (Маң., Маңғ.).*

**ГҮДЕ** (Қарак., Тахт.) кішкене мая, үйген шөп. *Қысқа деген бір-екі гүде шөбіміз бар (Қарак., Тахт.). Қарак. гүди — мая.*

**ГҮДӨРҮ** (Қарак.: Шым., Хож., Тахт.) жұқа былғары. *Үстіне кигені гүдөрү кемзал (Қарак., Шым.). Қарак. гудары. Бұл сөздің қатаң -к- дыбысынан басталатын нұсқасы Қазақстанның орталық-солтүстік аймағында кісі аттарында кездеседі. Мыс. Күдері ақын.*

**ГҮЗ** (Қарак.: Шым., Хож.) күз. *Гүз бойына пахтадан қолым тиген жоқ (Қарак., Шым.). Қарак. гүз.*

**ГҮЗЕТ** (Қарак.: Кегей., Шым., Тахт.) күзет. *Дүкәннің гүзетіңнен аптан шаршадым, енді анау гаррыға (қ.) табыс еткелі отырмын (Қарак., Кегей.). Қарак. гүзет.*

**ГҮЗӨР** (Тәж.: Колх., Қорғ.) өткел. *Гүзөрден қалай өттің (Тәж., Колх.). Өзб. гузар жол, парсы тіліндегі алғашқы нұсқасы гозар өткел.*

**ГҮЙ** (Қарак.: Қоң., Хож.) күй, хал. *Бізің (қ.) бүгінгі гүйүміз тым мазалы (қ.) (Қарак., Қоң.).*

**ГҮЙБӨН** (Қарак.: Амуд., Бер.) күйбең. *Ертеден қара кешке бар тірлігі гүйбөңмен өтетін (Қарак., Амуд.).*

**ГҮЙБӨНДЕУ** (Қарак.: Амуд., Бер.) күйбеңдеу. *Дамыл алмастан гүйбеңдеп жүрген адамнан не гәп сұрайсың (Қарак.: Бер.).*

**ГҮЛӘБІ** (Қарак.: Қоң., Шым., Амуд., Төрт.; Түрікм.) күзде пісетін, қабығы қалың, сопақ қауын; ұзақ сақтауға келеді. *Атыздан он-он бес гүләбі әкелген едім,*

*бәрі мазалы екен* (Қарак., Қоң.). Бұл — Гүләб деген жер атынан шыққан атау, гүләбі дегеннің соңындағы -і- парсы аффиксінің сүлдесі, *гүл* — парсы сөзі, *аб* — су, сонда *гүләб* осы екі сөздің бірігуінен жасалған. Қазіргі парсы тілінде *голаби* дегеннің анар мағынасы да бар.

ГҮЛІГЕ ҚІРУ (Шымк.: Сайр., Қызылқ.) гүл шашу. *Мақта гүлге кіргеннен кейін көсек* (қ.) *байлай бастайды* (Шымк., Сайр.).

ГҮЛДҮРЕУІШ (Қарак., Тахт.) күлдүреуіш. *Гүлдүреуіші мықты болса, шаңарақ* (қ.) *дауылда тас байласаң, былқ етпейді* (Қарак., Тахт.). Қарак. *гүлдиреуіш*.

ГҮЛДҮРМАМА (Қарак.: Хож., Қоң.) найзағай ойнап, күннің күркіреуі. *Жердің бетін жауын селдей басып, гүлдүр-мама тасыр-тұсыр ойнап қоя берді* (Қарак., Қоң.). қарак. *гүлдирмама*.

ГҮЛЗАР (Ташк.: Акк., О. Шыр.) гүл өсіретін жер, орын. *Шәзәрдің іші толған гүлзар* (Ташк., Акк.). п. *голзар*.

ГҮЛМӘНІН АШУ (Маң., Маңғ.) сырын ашу, әшкере қылу. *Бәлем, тұра тұр, осыдан гүлмәніңді ашпасам ба?* (Маң., Маңғ.).

ГҮЛМЫЙЫҚ (Қарак.: Қоң., Хож.) сатылы үлкен арба. *Қожалығымызда бұрындары гүлмыйық көп болатын, енді аптан азайық тұрыпты* (Қарак., Хож.).

ГҮЛНАР (Ташк.: О. Шыр., Калин.) анардың гүлі, анаргүл. п. *гүлнар*.

ГҮЛПАЗ (Шымк.: Сарыағ., Кел.) гүл өсіруші, гүл баптаушы. *Өзбек қазақтай емес, гүлпаз келеді ғой* (Шымк., Кел.). п. *гүлпаз*.

ГҮЛ ТӨГУ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) өсімдіктің дән байлаған гүлін тастауы, түсіруі. *Ерік* (қ.) *гүлін ерте төгеді* (Шымк., Сарыағ.).

ГҮЛ ТҮЙІНІ (Шымк.: Түркіс., Сарнар.) гүл тастағаннан кейін гүл орнында пайда болатын мақта түйіні. *Екі дүз гектар жердің жарымы гүл түйінін көрсетті* (Шымк., Сарыар.).

ГҮЛХАНА (Ташк., Янг.) гүл өсіретін жабық орын. *Шәэрге* (қ.) *жақын жердің совхоздарында гүлхана бар* (Ташк., Янг.). *Сөз қайтар қағазыма қарадағы, Миуа едің істі гүлханадағы* (Кете Жүсіп). п. *гөлхана*.

ГҮЛ ШАНАҚ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) мақта өсімдігінің гүл жаратын бүршігі, өнімдік элементі. *Пақтаның гүлшанағы көріне бастады* (Шымк., Сарыағ.).

ГҮЛШЕ (Шымк.: Түркіс., Сарыағ.) гүлдей бастаған бүршік, гүл шанақ (қ.). *Баптауды дұрыс жүргізбеу — гүлшелердің төгеліңе, өнімнің кемуіне жол ашуы мүмкін* (Шымк., Түркіс.).

ГҮМӨН (Қарак.: Хож., Шым., Мой.; Ташк.: Акк, Ордж., Бос.) күман, күдік. *Анық білмеген соң, гүмән сөз сөйлеп не керек* (Қарак., Шым.). Өзб. *гумон*, п. *гоман*.

ГҮМӨНДІ (Акт, Ойыл) екі қабат, жүк-ті. *Алма деп жүрген қызы гүмәнді боп қалыпты да, жігіт тез үйленіпті* (Акт., Ойыл).

ГҮМБЕЗ (К. орда: Қарм., Жал.; Қарак.: Шым., Хож.) күмбез. *Басына орнатқан гүмбәзі бір күндік жерден көрінеді екен дейді* (К. орда, Қарм.). П. *гомбаз*. Өзбек, каракалпак тілінде де басқы дыбысы ұяң нұсқада қолданылады: өзб. *гүмбаз*, қарак. *гүмбез*, түрікм. *гүмбез*.

ГҮМПУЛДЕК (Қарак., Мой.) судың бетіне ұрғылап, аудың тұрған жеріне балық шақыратын асбап. *Балық мына йерде көп екен, тез шақырың гүмпүлдегіңменен* (Қарак., Мой.).

ГҮМПУТУ (Маң., Маңғ., Шевч.) күмпілдеу (су туралы). *Мотор гүмпүтіп суды толқығанда, үйренбеген адамның басы айналады* (Маң., Шевч.).

ГҮМІЛЖІ (Қарак.: Хож., Қоң., Шым.) күмілжі. *Сен өзің олай гүмілжігенше, анықтап айтпайсың ба* (Қарак., Қоң.). Қарак. *гүмилжи*.

ГҮМІС (Қарак.: Тахта., Хож., Қоң.) күміс. *Атының ер-абзаль гүмүстен соғылған екен, соның бәрі біреудің қолында кеткен* (Қарак., Тахт.). Қарак. *гүміс*.

ГҮНӘ (Шымк.: Арыс, Кел.; Ташк.: Акк., Калин., Ордж., О. Шыр.; Қарак.: Бер., Амуд., Шым., Хож.) күна. *Біреуге қиянат жасап, гүна әрқалаған адам емеспін* (Ташк., Акк.). Түркм. *гүна*, қарак. *гүна*, өзб. *гунох*. Бұл түркі тілдерге иран тілдерінен ауысқан сөз: п. *генал*.

ГҮНӘҚӘР (Шымк.: Арыс, Кел.; Ташк.: Акк., Калин., Ордж., О. Шыр.; Қарак.: Бер., Амуд., Шым., Хож.) күнәқар. *Жасы жетпіске келгенде гүнаға батып гүнақар болар реті жоқ* (Ташк., Акк.). Бұл — парсы тілінен ауысқан сөз: *гүнақар*, түрікпен, каракалпак, өзбек тілдерінде де бұл сөздің басы осылайша ұяң айтылады.

ГҮНЖІ (Қарак.: Хож., Шым.) күнжіт, күнжара. *Бойдақ малға гүнжі беріп*

*семіртпін атыр* (Қарак., Хож.). Қарак. *гунжи*, түрікм. *күнжи*.

ГҮҢ (Ташк., Окт.) мылқау, тілі де, құлағы да жоқ адам. *Түк естимес тілсіз гүңнен де бірдеңе дөме қылмақсын ба, ау, жора* (Ташк., Окт.), түрікм., қарак. *гүн*.

ГҮҢГҮРТ (Қарак.: Бер., Төрт., Нөкіс, Шом.) күңгірт, еміс. *Жайдың іші гүңгүрт. Сөзіңді гүңгүрт естіп, жау-бағын (қ.) бере алмай атырмын, құлағыма тақап айт, балам* (Қарак., Нөкіс). Қарак. *гүңгірт*.

ГҮҢГІРӘЛІ (Қарак.: Амуд., Кегей., Кон., Шым.) пешпен жылытатын, ішінде пеші бар, пешінің мойыны сарайып көрініп тұратын (үй туралы). *Жарында бір гүңгегірәлі жай салмақ ойым бар, ағашы таяр боп тұрыпты, бірақ қол тимей кетпесе* (Қарак., Кегей.) қарак. *гүңгирәлі*.

ГҮҢЕЛЕҢ; ГҮҢЕЛЕҢ ГҮҢ (Қарак.: Қон., Хож.) мылқау, тілі де, құлағы да жоқ іштен туа көріп боп туған адам. *Оның гүңгелең гүң бір ағасы бар, бірақ пайдасына дузу* (Қарак., Қон.). Қарак., түрікм., гүң — «мылқау».

ГҮҢКҮЛ-МЫҢҚЫЛ (Қарак.: Шым., Кегей., Төрт.) күңкіл-сүңкіл. *Үйдегі қатын-қалаштың гүңкүл-мыңқыл сөздерін есітіп отырғанша, майданға шығып аңгіме айталы* (Қарак., Шым.). Қарак. *гүңкіл-мыңқыл*. Бұл сөздің екі сыңары да *гүңк*, *мыңқ* деген еліктеу сөзден жасалған.

ГҮПСЕРДЕЙ (Маң., Шевч.) ірі, зор, күпсердей. *Есіктен кіріп келсем, төрдің алдында гүпсердей біреу отыр.* (Маң., Шевч.). Бұл — парсы тіліндегі шоқпар, күрзі мағынасындағы гавсар деген біріккен сөзден жасалған сын есім, парсы тілінде *гав* — өгіз, бұқа, сар — бас. Қазақ тілінде бұл сөз *гавсар > гаусар > > гүпсөр // күпсөр* болып өзгерген.

ГҮПІ (Қарак.: Хож., Мой.) күпі. *Түйе азайғаннан бері гүпі кимейтін болдық* (Қарак., Мой.), қарак. *гүпі*.

ГҮР (Қарак., Мой.) ұсақ мұз. *Мұз ойып, қаза басқанда, гүр белмен (қ.) шетке сыйырып тастау керек* (Қарак., Мой.). Қарак. *гүр*.

ГҮРБҮК (Қарак.: Қон., Шым., Амуд.) үлкен қара қошқыл қауын. *Бийыл гүрбүк қауын жақсы шықты* (Қарак., Шым.). *Гүрбүктің бір тілігін жеген едім, кәттә (қ.) тойып қалдым* (Қарак., Қон.). Қарак. *гүрбөк*.

ГҮРЕК (Қарак.: Мой., Кегей., Шом., Бер.) күрек. *Мұздың бетіндегі гүрді*

*гүрекпен ер шетке таман сиырып (қ.) тастап, үкүге (қ.) ауды тығып, ұзын таяқпенен екінші үкүге жылжытамыз* (Қарак., Мой.). Қарак. *гүрек*.

ГҮРЕҢ (Қарак., Шым.) күрең Жиын—терін (қ.) біткен соң пәйге (қ.) болады соған гүрең атты қосаман (Қарак., гүрең).

ГҮРЕС (Қарак.: Бер., Амуд., Төрт.) күрес. *Гүреске түскен палуанның денесі аса зор көрінді* (Қарак., Бер.). Қарак. *гүрес*.

ГҮРЖІ (Қарак.: Тахт., Шым.) қоржынның ілгертері. *Қоржынның гүржісің өрген іш секілді біріне-бірің кигізіледі* (Қарак., Тахт.). Қарак. *гүржи*.

ГҮРКІЛ (Қ. орда, Арал) гүрсіл, гүркілдеген дыбыс. *Құлағыма гүркіл келеді* (Қ. орда, Арал). *Әдепкі қарқында жеке-леп жалғыз-жалғыздан естілген гүркілдер енді бір зор дауысқа ұласып, жерді үздіксіз қалтыратқан тұрақты гүрліге айналды* (Ә. Нұрп., Курл., 1950, 71-б.).

ГҮРЛЕУ (Қарак., Тахт., Қон.) дәуірлеу, дәурен сүру. *Ол да бір біздің Қоңыраттың гүрлеп тұрған кезі еді* (Қарак., Қон.).

ГҮРРЕ (Қарак., Қон.) есектің кодығы. *Бір сый кісіге тартуға тартамыз деп осы елден бір ақ гүрре тасба алмадық* (Қарак., Тахт.). Қарак. *гүрре*, түрікм. *күрре*.

ГҮРТ (Орал: Қарат.) нашар тұқымды түйе. Бұл атау Манғыстау атырабында көрт болып айтылады. Шөп жаманы көрт (мақал).

ГҮРТІК (Түрікм.: Таш.; Қарак., Хож.) асқан етке салатын кішкентай-кішкентай етіп қолмен жалпақтаған нан, қамыр. *Гүртік салған ет те, сорпа да мазалы болушы еді. Қазір оны қойдық* (Түрікм., Таш.).

ГҮРҮШ (Қарак.: Хож., Шым., Бер.) күріш. *Гүрүш тапсырудан әм озып шықтық* (Қарак., Хож.). Қарак. *гүрүш*, өзб. *гүрүч*.

ГҮЖІНУ (Қарак.: Хож., Қон.) кіжін. *Күніміз құр гіжіну мен өтті* (Қарак., Хож.).

ГІЛ (Жамб., Жам.) кіл, кілен, шылғи. *Айтқаныңның бәрі гіл өтірік* (Жамб., Жам.). *Қай санын қарасаң да газеттің айтатыныны — гіл егіс. Оқысаң, мақала емес гіл сыйпыр* (Жамб., Жам. «Колхозшы», 1935, № 45).

ГІЛЕМ (Ташк.: Қалин., Ордж., Акк., Қарак.: Шым., Бер., Амуд., Хож.) кілем. *Ең мазалы (қ.) гілем деп түрікпені гілемді айт* (Қарак., Шым.). Бұл сөз-



дің басқы дыбысының ұяң айтылуы көрші тілдердің ықпалынан. Өзб. *гилам*, қарақ. *гилем*, парсы тіліндегі бастапқы нұсқасында -г- дыбысымен айтылады: *гилам*.

ГІЛЕС // ГІЛЭС (Шымк.: Мақт., Кел., Сарыағ.; Ташк.: Ордж., Аққ., О. Шыр.) шие *Бұл йақтың гилесі Алматының гилесінен зор келеді, әм мазалы* (Шымк., Мақт.). Оңтүстіктің кей жерінде бұл сөз жылас деп қолданылады. Өзб. *гилос*.

ГІЛМАЛА (Қарак.: Амуд., Қож.) әндеме, андама/ үй сылауға арналған асбап, құрал. *Жайды сылауға гилмала іздеп жүріпін* (Қарак., Амуд.). Бұл сөз Қарақалпақстан жеріндегі қазақтардың тілінде кейде *жылмала* деген нұсқада да ұшырайды. түрікм. *гилмала*.

ГІНӨ (Қарак.: Бер., Амуд., Хож.) кінә. *Осыны әкелген өзің деп маған гінә қойып отыр* (Қарак., Хож.). Қарак. *гине*, өзб. *гина*.

ГІНӨЛӘ (Қарак., Хож.) кінәлау. *Сәл*

ҒАБАЛАҚТАУ (Қарак.: Шым., Хож.) қалбалақта. *Өзі бір ғабалақтаған адам екен, бәрімізді жақсы қарсылады* (қ.) (Қарак., Шым.). Қарак. *ғабалақла*.

ҒАЗ (Бұх.: Қан., Там.; Қарак.: Хож., Шым.) қаз. *Қатар ұшқан ғазға нұсқаған оғың біреуіне тимей қоймайды* (Бұх., Қан.). Қарак. *ғаз*, өзб. *ғоз*, түрікм. *ғаз*.

ҒАЗОТЫ (Қарак.: Амуд., Бер.; Өзб.: Бұх., Қан., Там.) қазоты, су жағасына шығатын майда жапырақты шөп. Жапырағы қатқан кезде ғазоты қолға батады, бірақ тікенеклі шөп емес (Бұх., Қан.). Өзб. *оғзоти*.

ҒАЖАЫП ЕМЕС (Торғ.: Жанг., Аман.) мүмкін. *Бүгін түстен кейін жүріп кетсем, ғажайып емес* (Торғ., Жанг.). ар. *ғаджәиб* ғажайып.

ҒАЖЫРЛИ (Қарак.: Хож., Қоң.; Түрікм., Таш.) қажырлы, күшті, қайратты. *Ғажырлы жігітке сексен қила бұйым емес* (Қарак., Қоң.), қарақ. *ғажырлы*.

ҒАЗАНУ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары.) не болу, бір нәрсеге қолы жету. *Осындағыдай аброй ғазану үшін көп уақыт кетер* (Түрікм., Ашх.), түрікм. *газан*, өзб. *қозон*.

ҒАЗИЙНЕ (Қарак.: Шым., Хож., Қоң.) қазына, байлық, мүлік. *Әумекі бала әкесінің жиған ғазийнесін судай шашыпты* (Қарак., Шым.). Араб тілінен

*нәрсеге кісіні гінәләй берме, кейін өзім-ақ жөндеймін* (Қарак., Хож.).

ГІНӘШІЛ (Қарак., Хож.) кінәшіл. *Кіп-кішкене болып өзінің гінәшілің қарай гөр*. (Қарак., Хож.).

ГЫРАБДА (Шығ. Қаз., Зайс.) 1. Тырнауыш, тырма; 2. Шөп жинайтын машинаның тырнауышы. *Шабылған шөп гырабдамен жиналады. Колхоз бастығы тағы да үш гирабда аламыз деп отыр* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ГІРЕБЕКТЕУ (Гур., Тең.) босату, аударыстыру. *Шаңдағы балық гиребектелді. Шаңды гиребектеуге кірістік* (Гур., Тең.). Бұл — орысша *гребок* деген сөзден өрбіген етістік.

ГІРПІ (Тәж., Колх.) жібек, шәйі. *Дүкәндә гірпи сатып атыр* (Тәж., Колх.). Бұл — орыс тілі арқылы енген *креп* сөзінің өзгерінді түрі.

ГІРІК ҚӨМБЕ ҚОНАҚ (Алм., Шел.) сары түсті жүгері. *Биыл гірік көмбе қонақтың өнімі жылдағыдан жақсы* (Алм., Шел.).

## Ғ

ауысқан бұл сөз әдеби тілде қазына деген үлгіде қалыптасқан. Оның көрсетілген атырапта фонетикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырауы көрші қарақалпақ тілінің ықпалынан.

ҒАЙРАТ (Қарак.: Шым., Хож., Бер.; Орын., Ад.) кайрат. *Жасынан ғайраты елден асқан адам еді* (Орын., Ад.). Араб тілінен ауысқан бұл сөздің басқы дыбысы түрікпен, өзбек, қарақалпақ тілдерінде де осылайша ұяң айтылады: түрікм. *ғайрат*; өзб. қарақ. *ғайрат*.

ҒАЙЫПТАН ТАЙЫП (Торғ.: Жанг., Аман.) ізім-қайым, зымзия; кенет көзден таяу. *Миніп келген атым бір түнде ғайыптан тайып жоқ болды* (Торғ., Жанг.).

ҒАЛБЫР (Қарак.: Бер., Амуд.) қалбыр, құты. *Ішіне су тола ғалбырды аяғымен қағып кетіп, үстімді былғады* (Қарак., Бер.). Өзб. *ғалвир* «темір торлы сүзгі».

ҒАЛЫ: ҒАЛЫ ГІЛЕМ (Қарак.: Шым., Хож., Қоң.) кілем, қалы кілем, түкті кілем. *Ғалы гілемнің бұрындары арқауы да жүн болушы еді, енді арқауын пахтадан да, басқадан да қыла беретін болды* (Қарак., Шым.). Қарак. *ғалы*, түрікм. *халы*.

ҒАМ (Қарак.: Қоң., Хож.) қам. *Жұмыстарыңыздың ғамын жеңіздер, мына ауқаттарыңды ішіп болғансын тезі-*

рек барың (Қарак., Қоң.). *Ғам жеме* — қам жеме, ар. ғам. Түрікпен, өзбек, қарақалпақ тілдерінде де бұл сөздің басқы дыбысы *-ғ-* үлгісінде игерілген.

**ҒАМҚОР** (Қарак.: Қоң., Хож.) қамқор, жанашыр. *Осы маңда оған ғамқор болар адам аз емес* (Қарак., Қоң.). Парсы тілінен ауысқан сөз ғамқор, өзбек, түрікпен, қарақалпақ тілдерінде де бұл сөздің басы ұян нұсқада орныққан. Мұндағы сөз негізі *ғам* — араб тіліндегі *ғам*, ал *-хур* — парсы жұрнағы.

**ҒАНЖАР** (Қарак.: Бер., Қоң., Хож.) қанжар. *Қолына ұстаған болат ғанжар күнне шағылысып жалт-жұлт етеді* (Қарак., Хож.).

**ҒАПЫЛДЫҚ** (Торғ., Жанг.) аңқаулық, бейқамдық. *Жастықта ғапылдық бола береді* (Торғ., Жанг.). *Көп еді ғапылдықпен еткен ісім*, *Бұл күнде сырқаулықтан кетті күшім* (Н. Ахметбеков).

**ҒАПЫЛ ҚАЛМАУ** (Торғ.: Жанг., Аман., Қамыш.) қапы қалмау, өкініп қалмау, *Қашан кемеліне келтірем деп жүріп, ғапыл қалма* (Торғ., Жанг.). *Қалар бос жалқау құлақ берген сыйдан, тыңдамай қалма ғапыл болып бейқам* (Н. Ахметбеков.).

**ҒАР** (Шығ. Қаз., Больш.; Сем., Абай) үнгір. *Осылай жүре берсеңіз, алдыңыздан үлкен ғар кездеседі* (Сем., Абай).

**ҒАРБЫЗ** (Қарак.: Бер., Шым., Амуд.) қарбыз. *Вагон-вагон ғарбыз тиіп ойғақырға жіберіп атырмыз* (Қарак., Төрт.). Бұл — парсы сөзі *тәрбуз*, оның оңтүстік өңірде айтылатын *тарбыз*, *дарбыз* дейтін нұсқалары бар. Қарак. *ғарбыз*, түрікм. *ғарпыз*.

**ҒАРҒЫС** (Қарак.: Хож., Қоң., Шым.) қарғыс. *Біреуден ғарғыс естіп көрген жоқпын* (Қарак., Хож.). Қарак. *ғарғыс*, түрікм. *гарғыш*.

**ҒАРРЫ** (Қарак.: Шым., Хож.) кәрі. *Құлсең ғаррыға құл деген* (Қарак., Шым.). **ҒАРЫ**.

**ҒАРЫ** (Қарак.: Қоң., Мой., Хож., Шым.) қария, кәрі. *Ғары кісілер де хазір азайып қалды* (Қарак., Хож.). Қарак. *ғарры*, түрікм. *гарры*.

**ҒАРЫҚ БОЛУ** (Шымк., Лен.) суға

кету, су апатына ұшырау. *Өзен тасып кетіп көп малы суға ғарық боқты* (Шымк., Лен.). Бұл тіркес Қазақстанның өзге жерінде қарық болу деген нұсқада ұшырайды.

**ҒАУҒА I** (Қарак.: Шым., Тахт., Бер.) қауға. *Құмда малға суды ғауғамен тартып құяды* (Қарак., Тахт.). Қарак. *ғауға*.

**ҒАУҒА II** (Орал, Жымп.) талас, тартыс, егес, дау-дамай. *Есесіне орыс патшалары ондай ғауғаға қарсы амал қолдануды үйренді, құдайға шүкір* (Б. Аманшин. «Жұлдыз», 1987, № 3). *Мәжіліске қарай ғауғамыз, Құдығымызға қарай қауғамыз* (мақал).

**ҒАШЫР** (Қарак.: Хож., Қоң.) қашыр. *Ғашыр жылқыдан төзімді келеді* (Қарак., Қоң.). Қарак. *ғашыр*, түрікм. *гашыр*.

**ҒОЗА I** (Қарак., Мой.) жаңғақ. *Әпте (қ.) базарда Мойнаққа барсам, базар тола ғоза екен* (Қарак., Мой.). *Ғоза ағаш — жаңғақ ағашы. Биыл колхоз ғоза ағашын молекті* (Қарак. Мон.). Түрікм. *хоз, хоз ағашы*.

**ҒОЗА II** (Таш.: Акк., О. Шыр., Калинин.) ішінде мақтасы бар мақта қауашағы. *Пақтасы алынбаса, ғозаны қолмен ашып аламыз* (Ташк., Калинин.). П. *ғүзә, өзб. ғуза*.

**ҒОЗА ПАЙА** (Ташк.: Акк., Калинин., Янг.) мақтаның сабағы. *Ғозасын комбайн теріп әкеткен пақтаның ғоза пайалары қылтып тұр* (Ташк., Калинин.). П. *ғүзәпайә, өзб. ғүзапоя*.

**ҒҰМАЙ** (Ташк.: Мақт., Кел.) шөптің бір түрі.

**ҒЫЖЫМ** (Өзб.: Акк., Калинин., Ордж.) барқыттың майда түкті түрі, мақпал, мазаты, мауыты. *Бұрындары (қ.) дүкәндә ғыжымның түр-түрі болушы еді, енді таба алмайтын болдық* (Өзб., Акк.).

**ҒЫЙЛЫМ** (Орал, Жанг.; Қост., Боровс.) ғылым. *Ғыйлым жолына түскен адам бәрін біледі* (Орал, Жанг.). Бұл — араб тілінен енген сөз, қазақ тілінде ол *ғылым // ілім // ылым // ғыйлым* деген әр түрлі нұсқада игерілген.

**ҒЫЛЛА** (Орал, Жән.) мүкіс, бұзық, кеміс. *Бір жерінде ғылла болса, мылтықты өзіме қайырып бер* (Орал, Жән.).

## Д

**ДА** (Шымк.: Кел., Сарығ., Түркіс.) «ғой» шылауының мағынасына жуық мағынада жұмсалатын шылау сөз. *Бүйер бұрындары көк орай шалғын болатын еді, кәзір шаңы шығып жатыр да*

(Шымк., Кел.). Бұл шылаудың өзінен бұрынғы сөздің соңғы буыны мен соңғы дыбысының ыңғайына қарай құбылып айтылатын бұдан өзге *-де, -та, -те* секілді фонетикалық нұсқалары бар: *Се-*

нен бір көмек бола ма деп, келіп едім де. Айтқаны рас та (Шымк., Түркіс.).

ДАБА (Жезк., Ж. арқа) таба // тапа, отқа нан көметін табақ тәрізді шойын ыдыс. Д а б а ғ а пісірілген нан оңды болады (Жезк., Ж. арқа). Қостанай, Торғай жағында бұл сөз тапа болып айтылды. Қазақ жерінің кей қоныстарында *табе* деген де нұсқасы бар.

ДАБА НАН (Жамб., Мойын.) табаға көмген нан, табаға пісірген нан. *Сырыңды айт, сыпатыңды айт жолдасыңа, Бір нәрсе әжетіңе жарағанға, Кей бәндә үйде отырып мас болады. Қарынын тойғызыл ап даба нанға* (Жамб., Мойын.).

ДАБ-ДАРДАЙ (Талд., Қоғ.; Торғ., Жанг.) зор, үлкен. *Баласы да б-дардай боп жұмыс істемей үйінде отыр* (Торғ., Жанг.).

ДАБРЫҒУ (Ман., Шевч.; К. орда, Арал) айқайлау, шулау, даурығу. *Осыншама астан-кестен боп неғып да б р ы ғ ы н жатсың?* (Ман., Шевч.).

ДАБРЫҚ (К. орда, Арал) айқай, у-шу. Көтерілген да б р ы қ қ а шыдамай, жануардың құлағы елеңдеумен келеді (К. орда, Арал). Өзб. *добрук*.

ДАБЫ (Сем., Шүб.; Алм., Кег.) түкті бөз. *Солардың алдында да б ы дамбалының ауы салақтай, қойқан-қойқан жүріп: «Бұл біздің ініміз» — деді* (Ғ. Мұст. Дау. кейін, 1959, 52). *...ала-божақ түкті да б ы д а н тігілген халат алып, шығына жамылды* (Мағ. Аласап. 1988, 28). *Кәдімгі ұзын балақ да б ы дамбал* (Б. Сок. Қайдасын, Гауһар? 27).

ДАБЫЛ (Торғ., Жанг.) данк, атак, дабыс. *Қыз екі бектің да б ы лың естіп, Сыртынан ғашық болады* (Торғ., Жанг.). Маңғыстау жағында бұл сөз дыбыл (к.) деген нұсқада айтылады.

ДАБЫЛ ҮЙ (К. орда: Арал, Сыр., Жал., Қарм.). Көшуге лайықталып жасалған кішкене киіз үй, жолым үй (к.), көшіп бара жатқанда жол-жөнекей тігетін киіз үй. *Қызылқұмға көшкенімізде да б ы л үй ді түйесе артып алатынбыз* (К. орда, Сыр.). Бұл күнде да б ы л үй дегенді ұмыта бастадық (К. орда, Арал).

ДАБЫРА (Ман.: Шевч., Манғ.) дапқырт, қауесет, сыбыс. *Қолымда отыр домбыра, Домбыраны күнә деп — Білмей айтқан да б ы ра, Кімнің жақсы-жаманын Алла білер соңыра* (Ман., Шевч.).

ДАБЫРАДАЙ (Шымк., Кел.) үлкен, зор. *Да б ы ра дай нәрсе есіктен оңайлықпен сия ма* (Шымк., Кел.).

ДАБЫРАЮ (К. орда, Арал) ербию, еңсесін көтеру. *Басқан жерінен қан шы-*

*ғарып, қан шықпаса, жан шығарып, Сонысымен аты шығып да б ы р а й ы н алған нағыз қара жүрек, қанды шеңгелдің өзі еді* (Ә. Нұрп., Курл., 1950, 92).

ДАБЫР УЫҚ (Түрікм.: Красн., Небид., Таш.) дабыр үйдің (к.) уығы (қысқа болады).

ДАБЫР ҮЙ (Ман.: Манғ., Шевч.; Түрікм.: Красн., Небид.: Таш.). Уығы қысқа кішкене киіз үй. *Байлар да б ы р үй ді ас-су үшін тігетін еді* (Түрікм., Красн.). Ильминскийде: *дабыр үй*. (Материалы..., 120).

ДАБЫРЫҚ (К. орда, Арал; Торғ., Жанг.) айқай шу, даңғаз. *Шыдамай айқай салған да б ы р ы қ қ а* (К. орда, Арал).

ДАБЫС (Ман.: Шевч., Манғ.) дауыс, үн. *Тымаураатқан да б ы с т ы Салсақ айқай, ашылар, Жиырма бестің күнінде кім көрінген масығар* (Ақтан.).

ДАБЫС ЕТУ (Алм., Жам.) хабарлау, құлақтандыру, жар салу. *Ел тегіс жиналып тобын көрсетсін деп да б ы с е ті п ті* (Алм., Жам.).

ДАҒА (Алм., Кег.) қалың, ну. *Да ғ а қарағайдың ішіне кіріп кеткен малды табу қиын* (Алм., Кег.).

ДАҒАЛАЙ (Сем.: Ұрж., Мақ.) бір жылдың ішінде екі рет лақтаған ешкінің соңғы лағы. *Ешкім екінші лақтап, міне да ғ а л а й ы да өсіп қалды. Әлі да ғ а л а й ы н көкпарға берді* (Сем., Ұрж.). Бұл сөз қазақ айтылымдарының шығыс тобында бұдан өзге далағай, дағалаң деген фонетикалық нұсқада да қолданылады.

ДАҒАЛАҢ (Сем.: Ұрж., Мақ.). К. дағалай.

ДАҒАР (Жамб.: Шу, Красног., Мер., Луг., Қорд.; Сем., Аяғ.; Алм.: Кег., Еңб. Қаз., Нар.; Талд., Кербұлақ; Шығ. Қаз., Зайс.) астық салатын үлкен қап, қанар. *Екі да ғ а р үн тартып әкелді, біразға жетер* (Жамб., Мер.). *Үлкен кенеп да ғ а р ды Асылханға бүркей салды... Да ғ а р ішінде шалажансар жатқан жас келіншекті еңгезердей солдат арқалай жөнелді* (Ж. Тіл. Жоңғар даласында, 110). *Көлденеңнен сұлап жатқан үн толған ұзын ала да ғ а р ды ғ о нақ отыратын жағына фуфайкесін жайлап төсеп, шаңын қаққыштып жатыр* (Б. Соқп. Қайдасын, Гауһар? 111).

ДАҒАРА I (Жамб., Св.; Қост., Об.; Қар., Қарк.; Алм., Жамб.; Шымк., Мақт.) темірден, мыстан жасалған үлкен ыдыс, шара, леген, шылапшын. *Мыңа кісілер қол жусын, да ғ а р а ны әкел* (Шымк.,

Мақт.). *Үлкен ыдыстың бәрін дағара деп айта береміз, тіпті үлкен қазанды да дағара дей саламыз* (Қост., Об.). *Бір дағараны жуды да ішіне қымыз құйды* (Қар., Қарк.). Әдеби тілде дағара сөзі дағаридай деген теңеу сөздің құрамында жиі қолданылады. *Құранды молда теріс оқыр Дағарадай болып сәлдесі, Мал құмар көңілі бек соқыр Бүркіттен кем бе жем жесі* (Абай).

**ДАҒАРА ІІ** (Жамб., Жуа.; Алм., Жам.) жүгерінің ұны. *Қол тиірменге жүгері тартып, дағарадан нан жабамыз* (Жамб., Жам.).

**ДАҒАРА ІІІ** (Ман., Маңғ.) үлкен етіп пісірілген нан. *Той өткен соң — дағара* (Ман., Маңғ.). **К. дағыра нан.**

**ДАҒАТ** (К. орда, Қарм.) тағат, шыдам, төзім. *Бір жерде ұзақ отыруға дағатым жоқ* (К. орда, Қарм.).

**ДАҒДУАДАҚ** (Шығ. Қаз., Зайс.) дуадақ. *Шөл далада қойдай жайылып дағдуадақ жүр екен* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**ДАҒДЫР** (Торғ., Жанг.; Қост., Семноз.) тағдыр. *Дағдырдың жазуы солай болса, оған не шара* (Торғ., Жанг.). *Пікірдің өңшең түлек қырандары Дағдардан үлес алған ұландары* (К. Аманж. 1952, I, 452).

**ДАҒДЫРАУ** (Гур., Мақат.) дағдару. *Не істерге білмей, дағдырап отырмын* (Гур., Мақат.). *Қолы қалтырап, ...қызылшақа сәбидің басына ұстара апара алмай дағдырап қалды* (Ә. Кекілб. Құс кан., 1978, 139).

**ДАҒ ЕТПЕУ** (Ман., Шевч.) түк те етпеу, ештеме де қылмау, залал шекпеу. *Мына иіс майды жағып, алсаң, маса деген дағ етпейді* (Ман., Шевч.).

**ДАҒУ** (Гур., Есб.) жәй, әшейін. *Бұл айтып отырғаның да бір дағу әңгіме ғой* (Гур., Есб.).

**ДАҒЫ** (Ман., Шевч.) «құптау» мағыналы шылау. *Өзің айтсаң, бар деген жеріңізге барамыз-дағы* (Ман., Шевч.). Интонациялық ыңғайға қарай кейде сұрау мағынасына ие болады: *О жақтағы халықтың тұрмысы жақсы дағы?* (Ман., Шевч.). Әдеби тілде бағындықы сөйлемнің баяндауышына тіркесе айтылғанда, оған шарттылық мағына үстейді: *Уайымқайғы қыл дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтқарарлық орынды характер табу керек.*

**ДАҒЫРА НАН** (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) тандыр пешке пісірілген үлкен нан. *Дағыра нанды той бергенде жабамыз* (Түрікм., Таш.). Түрікм. тағара — үлкен ағаш табак, өзб. *тоғора* — леген,

шылапшын тәрізді ыдыс, қарақ. *дағара* — музыкалық аспап. **К. дағара ІІІ.**

**ДАДА** (Жамб.: Жуа., Жам.) әке. *Үйде дадам бар ма екен?* (Жамб., Жуа.), *ұйғ. дада.*

**ДАДАН** (Гур., Есб.; Сем., Аяғ.; Тау.; Шығ. Қаз., Больш.) надан. *Ертеде ол елдің қазақтары дадан еді.* Ы. Алтынсарин шығармаларында бұл сөз осы үлгіде ұшырайды. (Болатов Ж. Шығ. Қаз. облысы, Больш. ауданы. ...Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығ., 217).

**ДАДАНДЫҚ** (Қост., Об.) надандық, сауатсыздық. Ы. Алтынсарин бұл сөзді осы үлгіде қолданған: *Дадаңдықтың белгісі іш ақылға жарымас* (Байжолов Ә. Ыбырай және халық тілі — Қазақстан мектебі. 1961, № 10, 53).

**ДАЖАЛ** (Қост.: Об., Жанг.) тажал. *Соларды діншіл қып-ақ тәрбиелеген жоқ па едім? Енді кернейлетіп, сырнайлатып дажалдың құралы болып отыр* (Б. Майлин. Шығ., ІІІ, 1962, 159).

**ДАЙАҒАТШЫ** (Көкш., Қызыл.) даяшы, жиын-тойды, ойынды басқаратын кісі. *Жалаңдаған дайағатшы қолындағы тоқпағын үйіріп, ойынның басталатынын хабарлады* (Көкш., Қызыл.). **К. дарағатшы.**

**ДАЙАРДАУ** (Тау., Қош.) даярлау. *Шүйге жүрейін деп дайарданып жатырмын* (Тау., Қош.).

**ДАЙАР ЖОҚ** (Тау., Қош.) дайын емес. *Шай әзір дайар жоқ* (Тау., Қош.).

**ДАЙРА** (Шымк., Мақт.) жерге төсеу үшін қамыстан тоқылған шыпта. *Алашаның астына дайра төсе* (Шымк., Мақт.).

**ДАЙЫ** (Түрікм.: Красн., Таш., Тедж., Мары.; Қарақ.: Хож., Шым., Амуд., Төрт.) нағашы. *Бала болса да дайы екеніңді біліп жармасып жатыр ма* (Түрікм., Таш.). *Менің дайым — қарақалпақ қой* (Қарақ., Шым.). *Чарджоуда тұратын менің бір дайым бар еді* (Түрікм., Таш.). Қарақ., түрікм. дайы — нағашы.

**ДАЙЫМ** (Орын.: Ад., Бөр.) ұдайы, әрдайым, үнемі. *Мінгенім дайым менің көк дөненді, Жегені көк дөненнің көк өлеңді, Ахунның атын сұрап не қыласың, Айта бер онандағы өз жөніңді* (Орынб.: Ад., Бөр.). **К. дәймі.**

**ДАЙЫМШЫЛЫҚ ҚЫЛУ** (Орын.: Бөр.) бір іспен айналысу, кәсіп қылу, шұғылдану. *Шатыраш ойнауды дайымшылық қылмадық* (Орын., Ад.).

**ДАЙЫН І** (Жамб., Шу) дерек, хабар-

ошар. *Екі туысқанымыз бар еді, солардан дайын да, хабар да жоқ* (Жамб., Шу).

**ДАЙЫН ІІ** (Ман., Манғ.) дайындық, мемлекетке тапсыратын азық-түлік, шикізат. *Биыл біздің ауыл дайынға кеш кірісті, жарын жылы дайынды қолға ерте аламыз* (Ман., Манғ.). *Дайынға жиырма келі ет бермекші едім, жаңа тәртіп бойынша он-ақ келі керек екен — құтылып қалдым* (Ман., Шевч.).

**ДАЙЫНДАНУ** (Сем.: Абай, Шүб.) дайындалу. *Жұмысқа дайындып жатырсың ба* (Сем., Абай). Бұл сөз қазақ говорларының көпшілік тобы мен әдеби тілде мұндай егіс формасында қолданылмайды.

**ДАЙЫР** (Түрікм.: Таш., Мары., Тедж.) анық, рас, шын. *Осы сөзінің жаны бар, дайыр сөз* (Түрікм., Таш.).

**ДАҚ** (Шығ. Қаз., Зайс.; Сем.: Абай, Шүб.; Алм., Жам., Кег.) дәл, нақ, тура, дәлме-дәл. *Жұмысқа дақ уақытында барады* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Көздегені дақ тиіп, бәйегені сол алды* (Алм., Жам.). *Дақ үстіңнен түстім бе? Дақ осылай жаза бер, әке* (Алм., Кег.). *Дақ дәл түбі* (Сем.: Абай, Шүб.).

**ДАҚ-ДАҚ БОСУ** (Жамб., Сар.) аяқты маңыздана, нығарлай басу (Жамб., Сар.). *Аяғын баппен дақ-дақ басып үйден шығып бара жатты* (Жамб., Сар.).

**ДАҚАЛУ** (Сем., Аяг.) такалу. *Машина ауылға дақалған сайын жарығы қоюлана түсті* (Сем., Аяг.).

**ДАҚБЫР** (Талд., Қаратал) данк, қауесет. *Той болады деген дақбырға ел түгел жиналып келсе керек* (Талд., Қаратал.).

**ДАҚПА-ДАҚТАУ** (Ташк., Бос.) нақтылап, жеріне жеткізе айту. *Әрбір сөзін дақпа-дақтап ұғындыра, көптің құлағына жеткізе, жоғары көтеріп қағаз оқып тұр* (Р. Райым. Жап. жаңғ., І).

**ДАҚЫЛ** (К. орда, Арал) егістік, егін салатын жер. *Қар кетісімен дақыл айдауға кірісеміз* (К. орда, Арал). Оңтүстік өңірдің көп жерінде «егін», «егіс» мағынасында қолданылатын бұл сөз әдеби тілімізде *культура* деген термин сөздің баламасы ретінде қолданылып жүр: ауыл шаруашылық дақылдары, дәнді дақыл т. б.

**ДАЛАБА** (Ман., Манғ.) дау, жанжал, машақат. *Шынында да, ашу үстінде төре тұқымының төлін зақымдап алар болса, қазаққа тағы да бір таусылмас далаба табылатын еді ғой* (Ә. Кекіл, Үркер, 1981, 95).

**ДАЛАБЕЗ** (Шығ. Қаз., Зайс.; Сем.:

Акс., Көкп.) қыдырымпаз, бір жерде тиянақтап байыз таппайтын (адам туралы). *Қойшыбай бір далабез адам* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**ДАЛАҒАЙ** (Сем.: Үрж., Мақ.). К. далағай.

**ДАЛА ЖЫЛҚЫСЫ** (Сем., Абай) далада жайылып, ел көрмей тағыланып кеткен асау жылқы. *Соғымға соярда атып алмаса, дала жылқысы айдауға, байлауға көнбейді* (Сем., Абай). Семей жағының көп жерінде дала сөзі «жабайы», «тағы» сөзінің орнына жиі қолданылады: *дала газы, дала үйрегі*.

**ДАЛАЙБАНА** (Жамб.: Сар., Тал.) қыз ұзатқанда жеңгелері алатын көде. *Еркежанның далайбанасы өзімдікі* (Жамб., Тал.).

**ДАЛАЛЫҚ** (Ақт., Байғ.; Ман.: Шевч., Манғ.) дала, сахара, ай дала. *Бұрын сор басып, арам шөп қаптаған далалығымыз қазір бітік, тұрақты өнім береді* (Ақт., Байғ.). *Колхоздың далалықтағы шаруашылық жұмыстарына кетті*. («Социалистік ауыл», 1940, № 82).

**ДАЛАН І** (Алм., Еңб. қаз.; Талд.; Жамб.: Қорд., Тал.) бөз, жібі жуандау ақ мата. *Даланның метрін бір сомнан алдық* (Алм., Еңб. қаз.).

**ДАЛАН ІІ** (Алм.: Кег.; Талд., Қаратал; Сем.: Акс., Көкп., Абай) кіре берістегі бөлме, ауыз үй. *Балалар даланда отыр* (Алм., Кег.). *Біздің осы отырған бөлмеміз — далан* (Сем., Акс.). *Оспанның соңғы жылдар салғызған жақсы қыстауының көп бөлмелеріне, даландарына тарап, үйір-үйір кеңеседі* (М. Әу., Абай жолы, II, 41). К. далан І.

**ДАЛАҢ І** (Алм., Кег.; Талд., Қаратал) кіре берістегі бөлме. *Ортадағысы далаң үй* (Б. Сок., Жекпе-жек, 18). К. далан II.

**ДАЛАҢ ІІ** (Ман.: Шевч., Манғ.; Сем.: Абай, Шүб.) дала, жазық жер, ең дала. *Бейнеу жақ бетте ел жоқ — далаң*. (Ман., Манғ.). *Ормандар алуан түрлі құбылып, араларында жатқан жазық далаңға әденеше тұр береді* (Т. Ахт. «Қаһарлы күндер», 288).

**ДАЛАҢҚАЙ І**. (Павл., Горьк.) өзеннің, сайдың алқабы, ояң жер. *Жидек далаңқайда өседі* (Павл., Горьк.). Бұл — дала сөзінен -ң және -қай жұрнақтарының көмегімен жасалған; 2. (Жезк., Акад.) бұтасыз, шөбі сирек ашық жатқан жер, алаң. *Өзен бойы кейде қалың ши, кейде аламыш далаңқай* (С. Сейфуллин. 4-том, 1962, 25).

**ДАЛАПТАЙ** (Гур., Бакс.) қып-қызыл, қан қызыл. *Екі беті далаптай* (Гур.,

Бакс.). *Далаптай* екі бетін ыстық жалап, Үстіне үлкен мұрын тер домалап (Х. Ерғ., Құр., 1958, 17).

**ДАЛБА** (Сем.: Акс., Көкп., Абай) күрке, үйшік, уақытша жасалған баспана. *Колхозшылар жұмыс басында дем алу үшін далаба жасап алады* (Сем., Акс.). *Күн ыстық болған соң, далаба жасап алдық* (Сем., Абай).

**ДАЛБАЙ** (Ақт., Ырғ.; Орал: Чап., Жымп.; К. орда: Арал, Сыр., Жал.; Торғ., Жанг.) күн өтпеу, маса шақпау үшін киетін тымақ тәрізді жеңіл бас киім. *Далабай кимеген шашы жоқ тақырбасты маса оп-оңай талап тастайды* (Торғ., Жанг.). *Мал базарының шетінде ат үстінде тұрған далабайлы кердерілер Жайықтың ішкі бетіне қарай иегімен меңзеп...* (Х. Есенж., Ақ Жай., 8). *Далабайлы кең желең киген бір маска келіп тоқтайды, князь ойланғып тұрады* (К. Аман. Толық жинақ., 2-т., 401). *Ақ таяғын кеудесіне тіреп, қара далабайды баса киіп Әлекең тұр* (Б. Майлин. Шығ., III, 1962, 247). Қ. күләпара, жалбағай.

**ДАЛБАР** (Талд., Қаратал) жоспар, жоба. *Биыл біздің колхоздың далабары ерте бітті* (Талд., Қаратал).

**ДАЛДА** (Сем., Шұб.; Алм.: Еңб. Қаз., Шел.; Шығ. Қаз., Больш.; Маң., Маңғ.) таса, ық, қалқалы жер. *Ит-құс жайылып жатқан малға далдамен келеді* (Маң., Маңғ.). *Тастың далдасы, шынында да, ысылдай соққан суық желдің бетін қайырып...* (О. Бөкеев. Өз отынды өшірме, 1981, 119). *Алдыңда ешқандай далдасы жоқ — есігіңізді ашаңыз да бірден кең дүниеге шығасыз* (М. Мағ. Көк кептер. 1979, 14).

**ДАЛДАЛАНУ** (Ақт., Ойыл) тасалану, жасырыну. *Ол маған жау келіп қалды, далдалан деп айғай салды* (Ақт., Ойыл). *Таңатар аузын түйенің табанындай алақанымен далдалай есінеп алды* (О. Бөкеев. Өз от. өш. 1981, 62).

**ДАЛДАМ** (Алм., Шел.) панам, қалқам, таянышым (баласын еркелеткенде, айналып-толғанғанда айтылатын сөз). *Жәу-теңдеген көзіңнен айналайын, далдам* (Алм., Шел.).

**ДАЛДАУ** (Орал: Жән.) имену, тайсау, сескену. *Хан екен деп именіп, Айта-тын сөзді далдаман* (Махамбет).

**ДАЛДЫҢ-ДҮЛДҮН** // **ДАЛДЫҢ-ДҮЛДҮН** (Торғ., Жанг.; Шығ. Қаз., Больш.) қалай болса, солай; арсың-гүрсін. *Ол ешнәрсені елемей, далдың-*

*дүлдің жүре береді* (Шығ. Қаз., Больш.).

**ДАМАТ** (Алм., Іле) салық. *Халық соған бұрын да мат төлеп тұрған* (Алм., Іле).

**ДАМЫҒУ** (Маң., Шевч.; Торғ., Жанг.; К. орда, Қарм.; Ақт., Тем.) зорығу, демігу (жылқы туралы). *Дамыққан атпен жол жүріп не көзертесің, одан үйіңде тыныш отырғаның жөн* (Маң., Шевч.).

**ДАМЫЛ**: **ТҮСКІ ДАМЫЛ** (Сем., Абай) түскі демалыс. *Түскі дамылға келдік, түскі дамыл бір-ақ сағат* (Сем., Абай).

**ДАМЫЛ АЛУ** (Орын., Ад.) дем алу. *Өнепайы жаза берген соң шаршайсың — дамыл ал* (Орын., Ад.).

**ДАНЫШМАН** (Орын., Ад.) данышпан. *Асан-қайғы деген бір данышман адам туыпты* (Орын., Ад.).

**ДАҢ І** (Ақт.: Байғ., Шалқ.) даңқ, атақ, атақ, мәшүр. *Ел-жұртқа даң болған кісі* (Ақт., Байғ.). *Осы ас көпке даң болды, Асқа сойған көп малдан Аққан өзен қан болды* (Н. Байғ., Шығ., 128). *Қарабай мен Сарыбай аға шыққан, Екеуінің дәуірі даңға шыққан* (Қозы Көрпеш-Баян).

**ДАҢ ІІ** (Алм., Нар.) дау, жанжал. *Ол бір сотынақ неме екен — бізге көңбей даң шығарды* (Алм., Нар.).

**ДАҢАЗА** (Маң.: Шевч., Маңғ.) 1. У-шу, даңғаз. *Құр даңазамен жүргенде жұмыс бітпейді* (Маң., Маңғ.); 2. Мақтаншақ, бөсіп отыратын (адам туралы). *Көпірме сөзді көп айтатын даңаза адамның оңғанын көрген жоқпын* (Маң., Маңғ.).

**ДАҢ БОЛУ** (Маң.: Шевч., Маңғ.) басы кату, не істерін білмей сасу. *Өзі даң болып отырған адамнан не ақыл сұрайсың? Жаманға дәулет, бақ қонса, Орын білмей даң болар* (Маңғ., Шевч.).

**ДАҢҒАЙЫР 1.** (Маң.: Шевч., Маңғ.) даңғыл, сара (жол туралы). *Үстірт жаққа шығатын жол даңғайыр* (Маң., Маңғ.); 2. (Сем.: Ұр., Мақ.) суырып салма, өрен жүйрік (ақындық, шешендік өнер туралы). *Даңғайыр асқан ақын оолсаң дағы, Ағажан, таба аласың мұны неғып* (Рысжан — Әсет айттысы); 3. (Ақт., Ырғ.; К. орда, Арал) тұтасып жатқан жота-жота құм. *Қарасудың жағасында даңғайыр болмайды* (Ақт., Ырғ.). *Теңіз түбінде тұтасып жатқан құмды да Арал маңында даңғайыр деп айта береді*.

**ДАҢҒАЛАҚТАУ** (Жамб., Жуа.) жаңғалақтау. *Даңғалақтау адам*

(Жамб., Жуа.). *Елдің мұң-мұқтажын біле бермейтін даңғалақтау, даңғазалау адам* (Жамб., Жуа.).

**ДАҢҒАРАДАЙ** (Сем., Абай) үлкен, кең, зор. *Мынау даңғарадай үй кімдікі?* (Сем., Абай).

**ДАҢҒЫЛ** (Алм., Шел.) жетік, білгіш. *Ал бір ескінің әңгімесіне даңғыл адам еді* (Алм., Шел.).

**ДАҢҒЫРА** (К. орда, Арал) даңғырлау үшін пайдаланатын қаңылтыр ыдыс. *Үйге кеп шелекті ағашқа байлап даңғыра қылдық* (К. орда, Арал).

**ДАҢҒЫРЫҚ** (Гур., Есб.) хабаршар. *Ғұмар істің насырға шабарын енді ұғынды, мына сықылды даңғырықты түсіндірудің оңай еместігін сезгенде тіпті қынжылып қалды* (Ж. Нәжім. Кішк. 1975, 30).

**ДАНДАМА** (Ман., Шевч; Акт., Ойыл; Орал: Чап., Жымп.) 1. у-шу, айқай-шу, дабырлаған әңгіме. *Даңдама біртіндеп көбіей берсе, жұмысқа кесел келтіреді* (Акт., Ойыл). *Кейде дабыр сөзімен қосарланып даңдама — дабыр деп те айтылады. Даңдама-дабырдан да түк ұға алмай, өзіне созылған әр ерінге бетін, маңдайын тосып, шаттана күліп жүрген-ді* (Ә. Нұрп. Күт.күн., 284); 2. ойын-сауық, ырду-дырду. *Күнді даңдама мен босқа өткізулі* (Маң., Шевч.).

**ДАНДАР** (Жамб., Шу) даңқты, аты әйгілі. *Осы бағаны қазақтың даңдар жазушысы Шәді Сұлтан Жәңгір ұлына да айтуға болады* (Жамб., Шу. «Кировшы», 1945, № 37).

**ДАҢДЫ** (Акт.: Байғ., Шалк.) даңқты, атакты, мәшһүр, әйгілі. *Ол даңды кісі* (Акт., Шалк.). *Ақтуған, Будан жанды су, Үш өзен, Самар даңды су* (Ер Тарғын).

**ДАҢҚЫЛДАҚ** (Маң., Шевч.) даңғой, мақтаншақ, күмпілдек. *Кимелеген даңқылдақтар тұрғанда бізге жол тие ме?* (Маң., Шевч.).

**ДАП-ДАЛА** (Шымк., Лен.) тілім-тілім, жырым-жырым, дал-дал. *Бақшаға деген жер дап-дала боп жыртылды. Жеген таяқтан баланың беті дап-дала* (Шымк., Лен.).

**ДАР 1.** (К. орда, Арал) шығырдың тергерішінің білігі. *Дарға кигізілген тегеріш суды сапырып науаға құйып атыр* (К. орда, Арал), 2 (Түрікм., Таш.) үйдің төбесіне көлденең салынатын, негізгі ауыртпалықты көтеріп тұратын бөрене. *Үйдің жарын тұрғызып қойғанымызбен, дар*

*болмай, төбесі жабылмай тұрыпты* (Түрікм., Таш.).

**ДАРА 1.** (Жезк., Ұлы.) сай, жыра. *Дарадан аққан су жолды бұзып кетіпті* (Жезк., Ұлы). *Ұлытау маңында Тілеуғабыл дарасы, Айбас дарасы деген сай аттары бар. Тәжікше дара — аңғар, сай-сала дегенді білдіреді* (Досқараев Ж. Ұлытау, Жезқазған..., — ҚТТ мен ДМ. 1960. 3-шығ., 167).

**ДАРА II** (Сем.: Абай, Шұб., Аяғ.; Алм., Жам.) дар. *Дараға асты. Сендер мына дараны күзетіп тұрыңдар, мен ханның өзін асатын дара әкеліп, дараға асайық* (Алм., Жам.).

**ДАРАБА ПЫШАК** (Шығ. Қаз.) нан ұрайттын үлкен пышақ. *Дараба пышақ мал союғи келмейді* (Шығ. Қаз.).

**ДАРАҒАТШЫ** (Көкш., К. ту) жиынтойды, ойынды басқарушы адам. **К. дайрағатшы.**

**ДАРАЖА** (Ташк., Акк.; Сем.: Ұрж., Мак.; Шымк.: Сарыағ., Кел.) дәреже. *Біз бірақ әртелді ол даражаға жеткізе алған жоқпыз* (Сем., Ұрж.). *Еңбегім арқалы даражаға еге болған адаммын* (Ташк., Акк.). **Өзб. доража.**

**ДАРАЙЫ** (Орал, Қарат.) жібек белбеу. *Дарайы белбеу белге жұмсақ келеді* (Орал, Қарат.).

**ДАРАК** (К. орда: Сыр., Жал., Қарм., Арал; Шымк.: Мақт., Сайр.; Жамб.: Шу, Луг., Мойын.; Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.; Ман.: Шевч., Маңғ.) биік, зәулім ағаш. *Тауға біткен дарақтың саясындай салқын екен* (Маң., Шевч.). *Орнынан тұра сала дереу дая, Түбінен дарақтардың тауып сая* (Рүстем дастан, 93). *Ақпарым күшті арнамын, аяғым айдын шалқыған, Миюалы дарақыны, Бутағым бұлт шарпыған* (Аралбай акын). Бұл сөздің төркіні — парсы тіліндегі *дарахт* сөзі. Өзбек, ұйғыр тілдерінде ол осыған жақын үлгіде *дәрәхт болып айтылады, қазақ тілінің говорлары мен қарақалпақ тілінде ол дарақ* деген үлгіде игерілген.

**ДАРАНДАУ** (Сем., Аяғ.) даландау, далақтау, далақ-далақ ету. *Дараңдай бермей бір дамыл ал* (Сем., Аяғ.).

**ДАРБАЗА** (Шығ. Қаз., Больш.; Сем.: Акс., Көкп., Абай; Тау., Қош.) оңар, ұятсыз, арысз (адам туралы). *Аузына келгенін именбей, қысылмай айта салатын дарбаза жігітте ар бола ма* (Сем., Больш.).

**ДАРБЫҒАН** (Жезк., Ағад.) саршұнақ, сар түсті дала тышқаны. *Қар шала ери*

бастасымен, дарбыған інінен шығады (Жезк., Ағад.).

**ДАРБЫЗ** (Шымк.: Кел., Сарыағ.; Жамб., Жам., Шу, Қорд., Луг., Мер., Мойын.; Алм.: Кег., Нар., Еңб. қаз.; Талд., Талд) қарбыз. Суын аз берген дарбыз жүдә мазалы болады, шырын боп қалады (Шымк., Кел.). Оу, мына дарбыз қамырақ (қ.) екен (Жамб., Шу). Қайным-ау, малдан қымбат тал мен терек — Алма, өрік ақша болар — мал не керек? Ақ бидай, қызыл тары — бәрі бізде, Қартышке, қауын-дарбыз жөні бөлек (Қ. Әзірб., Шығ., 1961, 141-б.). Екеуіңе дарбыз жарып берейін (Алм., Еңб. қаз.). ...қауын-дарбыз егісің ерекше өнімді еткен (Жамб., Жам. «Колхозшы», 1935, № 70). Жарған дарбыздың жартысындай шырайлы күн теңіздің о шетіне жайлап барып қонған (Ш. Мұрт. 41-ж. кел., 1972).

**ДАРДАЙ** (Торғ., Жанг.) үлкен, ірі. Үйінде бір дардай бала отыр (Торғ., Жанг.).

**ДАР-ДАЛА** (Жамб., Мер.) дал-дал, быт-шыт, пәре-пәре. Ол пышақ салуға батпай қолыма қойып қалып, бармағымды дар-дала қып кетті (Мерке аудандық «Сталин жолы» газеті, 1937, № 37.).

**ДАРҚАН** 1. (Маң.: Маңғ., Шевч.) диуана, дәруіш. Өй, оның сөзі құрсын, ол бір жүрген дарқан ғой (Маң., Маңғ.). Жұмақта жүрген дарқанға ай, Балағат сөзді көп айтып, Құрыстырдың арқамды-ай. Аямады барларын, Қашаған дарқан болды деп, Қойға бар деп бұйырды Жұмысшы малай балдарын. (Қашаған ақын); 2. (Алм., Кег.; Ақт., Ырғ.) ақ көңіл, жайдары, қайырымды. Ол дарқан адам — барған жеріне тез араласып сіңісіп кетеді (Алм., Кег.).

**ДАРҚАНДЫҚ** (Ақт., Ырғ.) жайдарылық, ақ көңілдік. Дарқандықтан жәбір шеккен жерің жоқ шығар (Ақт., Ырғ.). Ойларыңда дәнеңе жоқ, осындай ірі-ірі шайқастар соңынан солдат басына тиетін дарқандықпен дабырлап, даурығып сөйлеп, әзілдесіп барады (Ә. Нұрп., Курл., 276).

**ДАРҚАТАНА** (Шымк., Мақт.) құдырет. Сенің дарқатанаң адыра қалсын (Шымк., Мақт.).

**ДАРОҚ** (Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.; Сем.: Ақс., Көкп.) жалғыз оқ, шиті мылтықтың оғы.

**ДАРУ** 1. (Жезк., Ұлы.; Ақт., Ойыл; Орын.: Ад., Бөр., Тау., Қош.) дәрі, дәрі-дәрмек. Дәрігердің берген даруын ішіп, тәуір болды (Ақт., Ойыл); 2. (Гур.,

Есб.; Маң., Маңғ.) шипа, дауа. Теңіздің ауасының өзі дертке дару (Маң., Маңғ.). Бұл сөз Қостанай облысының Жангелді ауданында дәру деген жиішеке үлгіде айтылады да келтірінді мағылады. К. дәре.

**ДАРУАЗА** (Қарак., Қоң.) қақпа, ауланың қақпасы. Даруазадан екі адам шығып, бізің үйге қарай беттеді (Қарак., Қоң.).

**ДАРУЛТАН** (Орал, Орда) мәсі. Жазды күні киіп жүруге дарултаңның айылы: әрі жеңіл, әрі салқын (Орал, Орда.). Бұл біріккен сөз (дара+ұлтан).

**ДАРЫЛАУ** (Алм., Шел., Еңб. қаз.) дәрілеу, жараға, ісікке дәрі жағу. Тез дарылама саң, пышақ кескен жеріңнің қаны тоқтай ма? (Алм., Еңб. қаз.).

**ДАРЫМДАУ** (Жамб., Луг.) қарақұрт, бүйі шаққан адамды оқу (оқып емдеу). Бұрын қарақұрт, бүйі шаққан кісіні дарымдаушы еді, кәзір дарымдайтын адам да қалған жоқ (Жамб., Луг.).

**ДАРЫН** (Қ. орда, Арал) жаршы. Менің досым тойда, атишабарда қашан дарын болады (Қ. орда, Арал).

**ДАС I** (Жамб., Шу) билік, басшылық. Бригадир жоқ болған соң, саған да бір дас тиген ғой (Жамб., Шу). Бұл сөздің парсы тіліндегі әуелгі мағынасы — «күш, қуат» (дәст.). «Дәс тимеске дәс тиіп, табақ-табақ ас тиіп» деген накыл сөздің құрамындағы дәс деген де осы сөзбен төркіндес.

**ДАС II 1.** (Алм., Шел.) леген, шылапшын (қол, кір жуатын ыдыс). Әкем-ау, анау тұрған дасты үйге кіргізе сал (Алм., Шел.); 2. (Сем.: Ақс., Көкп., Аяғ., Ақс.) ішіне ас салатын ыдыс, тегене. Тойда етті дастпен тартады (Сем., Ақс.).

**ДАС ОРАМАЛ** (Жамб.: Жам., Тал.) кол орамал, сулық. Дас орамалың су боп қапты ғой — жайып қоймадың ба? (Жамб., Тал.).

**ДАСТҮРҚАН** (Жамб.: Жам., Мер.) дастарқан. Қашан барсаң да дастұрқаны жаулы (Жамб., Мер.). Үйлену тойына келген кісілер дастұрқан толы тағамға әбден-әбден тойды (Жамб., Мер. «Сталин жолы», 1936, № 18).

**ДАСТЫҚ** (Қарак., Қоң.) жастық. Екі адамның басына бір дастық аздақ қылады (Қарак., Қоң.). Бұл — жастық сөзінің фонетикалық бір нұсқасы. Сөз басындағы ж-д дыбыстарының алмасуы — қазақ тілінде сирек байқалатын құбылыс. Мұны дүз-жүз «сто», дүзік-жү-



зік сөздерінің басқы дыбысындағы өзгеріспен салыстыруға болады.

ДАТ I (Шымк., Түлк.; Алм., Кег.; Жамб.: Шу, Тал.) өтініш, шағым, арыз. *Сеңің оған айтатын дат ың болса, айт* (Шымк., Түлк.).

ДАТ II (Гур., Есб.; Торғ.: Жанг., Аман., Наурыз) тот. *Су тиген темірше дат басыпты. Дат басқан пышақ* (Торғ.: Жанг., Аман.). *Көптен бері ұсталмағасын — айырды дат басып қалты* (Торғ., Жанг.).

ДАТ БИРАТ (Жамб., Тал.) даурығу, бай-балам салу. *Жүдә дат бират бола беру — кәтте адамға жақсы мінез емес қой* (Жамб., Тал.). Қостанай, Торғай маңында бұл сөздің екінші сыңарындағы бират сөзі бүйрат боп ашулану деген тіркесте сәл өзгерінді нұсқада «ызалану, долдану» деген мағынада қолданылады.

ДАТҚА (Шымк., Кел.; Жамб.: Сарыағ., Мер., Луг.) ел билеуші. *Кіші дүзде Еспол датқа, ұлы дүзде Байзақ, Сыпатай, Чойбек датқа дегендер болған екен* (Жамб., Мер.). Бұл — XIX ғасырда Қоқан хандығы қол астында болған қазақ жерлеріне тараған жоғары лауазымды білдіретін саяси термин. Мұндай атақ ел билеушілерге берілген. Мұның Қазақстанның оңтүстік өңіріне таралу себебі осы өлкенің орыстар келгенге дейін коқандықтарға тәуелді ел болуына байланысты.

ДАТҚОЙ (Талд., Қоғ.) өкпешіл, кінәмшіл. *Оны-мұныны есіңе тұтасың да жүресің, сен бір датқой қатын екенсің* (Талд., Қоғ.).

ДАУА (Жамб., Тал.) таба, тапа. *Дауаға нан көміп жатыр* (Жамб., Тал.).

ДАУАЛ 1. (Сем.: Ұрж., Мак., Аяғ.) қабырға, дуал. *Үйдің дауалды көтеріп қойдық* (Сем., Ұрж.); 2. (Алм., Кег.) шарбақ, соқпа. *Дауалдың ішіне жүгері егеміз* (Алм., Кег.).

ДАУАЛЫ (Орал, Орда) даулы, дүрда-раздық. *Сұрамаған мал дауалы* (мақал) (Орал, Орда).

ДАУАМ 1. (Қарак., Мой.) істің барысы. *Оқу жылының дауамында оқушылардың үлгімі жақсы болды* (Қарак., Мой); 2. істің жалғасы, қорытындысы. *Әңгіменің дауамын шәй ішіп болып айттайық* (Қарак., Мой.).

ДАУАМАУ (Алм., Жам.) дауламау, бата алмау, қаймығу. *Ол кезде болыстың қасына баруға біздің жүрегіміз дауамайды* (Алм., Жам.).

ДАУАСЫ ТҮСПЕУ (Маң.: Маңғ., Шев.) емі, дауасы табылмау, шипасы болмау.

Бузаубас шақса, дауасы түспейді (Маң., Маңғ.).

ДАУАУ (К. орда, Арал) дауалау. *Жүрегі дауамады.* (К. орда, Арал). *Жолдасының мына қызға шынымен жүрегі дауап бара жатқанын көріп тұрса да, соған сенер-сенбесін білмеді* (Ә. Нұрп., Сен, 1983, 201).

ДАУ-ДАҒҒА (К. орда, Жанақор.) дау-дамай, дау-жанжал. *Босқа дау-дағуа жасап не керек* (К. орда, Жанақор.).

ДАУ-ДАЛАҒЫ (Маң., Маңғ.) дау-жанжал, жанжал, егес. *Дау-далағы дегенге билік айтып көрген емеспін. Бұрын дау-далағы болса, Асқабатқа қуынған* (Маң., Маңғ.).

ДАУТАР (Қарак., Қоң.) дутар (музыкалық аспап). *Мен даутарды шалғанда, сендердің естерің кетеді* (Қарак., Қоң.).

ДАУЫЛПАЗ (Орал: Орда, Жән.) дабыл (күс қайтаратын құрал). *Күсбегі құсын салып жіберіп, түйені мойнағынан істелген дауылпазын қағып-қағып қалды* (Орал, Орда). Бұл сөз Маңғыстау қазақтарында «Дауылпаздай аты бар еді, қасына барса, бір ұлтандық көн екен» деген мәтел сөздің құрамында сын есім формасында қолданылады.

ДАУЫС I (Түрікм.: Красн., Небил., Таш.) дауыс жетерлік жер мөлшері. *Күм ішінде екі-үш дауыс жер шықса да, адасу қиын емес* (Түрікм., Красн.).

ДАУЫС II (Талд.) жоқтау. *Мынау сол әйелдің ері өлгендегі дауысы еді.* (Талд.).

ДАУЫС ЕТУ 1. (Алм., Жамб.) жоқтау, дауыстап жылау. *Үйге кіріп келсем, апам мені өлді деп естіп, дауыс етіп отыр екен, әскери формадағы мені таныңқырмай қалды* (Алм., Жам.). Қостанай, Торғай төңірегіндегі қазақтарында бұл тіркес дауыс қылу түрінде айтылады; 2. (Маң., Маңғ.) дауыстау, айқай салу, дауыстап шақыру. *Дауыс етіп едім, ести қоймады* (Маң., Маңғ.).

ДАШАР (Түрікм., Таш.: Көнеұр.) алыс, жырық. *Дашардан келген қонақтарды өз алдына бөлек орналастырдық* (Түрікм.: Таш., Көнеұр.).

ДАЯУ (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) дембелше, толық келген мығым адам. *Есенғали даяу жігіт* (Түрікм., Красн.). Түрікм. даяв.

ДӘБІ (Шымк.: Сайр., Түлік) 1. себебі, дәлелі. *Менің оған дәбім бар* (Шымк., Сайр.); 2. талап, өтініш. *Дәбі не екен, дәбін орында* (Шымк., Сайр.).

ДӘБІРЛЕУ (Қост., Об.) дабырлау,

ұлап-шұлау. *Көп дәбірлеп мазаңы ала берме* (Қост., Об.). *Ал дәбірледі ме?.. Өй дәбірлеген сорлы, қорқарың бар, неге бердің уәдені* (Б. Майлин. Шығ., IV, 362). *Мен жөнін айтып ем: Бұрынғы әдегіміз еді... өзіңіз біліңіз — деп Түйебай дәбірлеп кейін шегіне түсті* (Сонда, 92).

**ДӘГІР** (К. орда, Арал) айғай-шу, қаңғыр-күңгір. *Мына естіген дәгіріміз де осил дәгір емес* (К. орда, Арал).

**ДӘДІЛ** (Шымк.: Арыс., Мақт.) дәлел, уәж. *Мұндай әңгімені дәділ болса ғана айту керек* (Шымк., Арыс).

**ДӘЙЕК I** (Сем., Абай) жұқа ақ мата. *Маазангге дәйек түсіпті. Дәйектен көйлек кидім* (Сем., Абай).

**ДӘЙЕК II** (Түрікм.: Красн., Таш.; Тәж.) қырмандағы астықтан әркімдерге беретін сый, кеусен. *Дәйек ал деуге егін екпейміз, мына тақаздан (қ.) алың* (Түрікм., Красн.).

**ДӘЙЕКСІЗ** (Жамб., Қорд.) хабар-ошарсыз. *Бір інім, бір қайным соғысқа кетіп, дәйексіз боп кетті* (Жамб., Қорд.).

**ДӘЙЛІМБІ** (МХР) матаның бір түрі. *Қара дәйлімбі әкеп берші* (МХР). Бұл — Монғолияда тұратын қазақтардың тіліне монғол тілі арқылы өткен қытай сөзі: монғ. *даалымба*, қытайша *да-линбу* (Б. Бухатын. Монғолияда тұратын қазақтардың...).

**ДӘЙЛІН** (Шығ. Қаз., Больш.) тұлып. *Серкені бітеу сойып терісінің аузын бұа салады, соны дәйлін дейміз* (Шығ. Қаз., Больш.).

**ДӘЙІМ I** (Сем., Абай) дәйім, ылғи, әрдайым. *Дәйімі осылай болса игі еді* (Сем., Абай). *Дәйімі осылай Абай ағамның абыройы ассын! Қызғаншақ жауыздың қарасы батсын* (М. Әу. Абай жолы, II, 372).

**ДӘЙІС I** (Ташк., Бост.) нәйіс, жексұрын, жұқсыз. *Көрінбе көзіме, дәйіс* (Ташк., Бост.). *Дәйістер ыңғай! Көре қояйын мен мұндай дәйістердің күшін* (Р. Райым. Жап. Жаңғ. 1981, 164).

**ДӘЙІС II** (К. орда., Арал) ұятсыз, арысз. *Ол дәйіс адам, оның дәйіс екені бұрыннан белгілі* (К. орда, Арал); 2. (Шымк., Мақт.) оңбаған, нәлет соққан (қарғыс сөз). *Мына дәйістің сауғызбай тұрғанын қарашы, басын ұстап жіберші* (Шымк., Мақт.). К. **лөйүз**.

**ДӘКӨЙ** (Сем., Ұрж.) дөкей, ірі. *Дәкөй пишақты ары алып қой* (Сем., Ұрж.).

**ДӘҚПІРСІЗ** (Жезк., Ұлы.) депкірсіз. *Бір дәкпірсіз бала: былай да, былай*

*да жүгіріп тыным таппады* (Жезк., Ұлыт.).

**ДӘКІ // ДЕКЕ** (Сем., Аяғ.) дәке. *Бұрын әптекке жиі түсіп тұратын дәккіні де көрмейтін болдық* (Сем., Аяғ.).

**ДӘЛ** (Қост., Жанғ.) балық аулайтын сүзекінің кереге көзінің жібі.

**ДӘЛДӘЛШІ** (Маң.: Маңғ., Шевч.) делдал. *Бесқаланың базары толған о кезде дәл дәлші болады, содан біреуі келіп өзіңді тауып алады* (Маң., Маңғ.). *Ол әкімнің дәл дәлшісі* (Маң., Шевч.).

**ДӘЛДУ** (Торг., Жанғ.; Қост., Об.) ерке, есерсок. *Үйінде бір дәлду баласы бар* (Торг., Жанғ.). *Ербосын дәлду қыздырманың тіліне еріп азып жүрген адам — кісі жақсылығын бағаларлық құндыреті жоқ* (Б. Майлин. Шығ., III, 1962; 251). *Кенжәлі ес білмейтін дәлду болып, Ақылды кісі болған екі ағасы* (Б. Майлин. Шығ., I, 1960, 182).

**ДӘЛДҮР** (Шығ. Қаз., Қатон.) есер, есі кірерлі-шығарлы. *Ол өзі бір дәлдүр бала* (Шығ. Қаз., Қатон.).

**ДӘЛДІ** (Шығ., Қаз., Тарб.) дәл. *Қолхоз шөп шабу жұмысына дәлді уақытысында кірісті* (Шығ. Қаз., Тарб. «Большевиктік колхоз», 1938, № 41).

**ДӘЛДІ БІЛМЕУ** (Сем., Абай) анық білмеу, кәміл білмеу. *Осы сөз кімнің айтқан сөзі екенін дәлді білмеймін* (Сем., Абай).

**ДӘЛДІЗ** (Маң., Маңғ.) дәліз, ауыз үй, кіре берістегі бөлме. *Жаздығүні көбінесе дәлдізде отырамыз: Үйіміз үш бөлмелі оның бірі — дәлдіз* (Маң., Маңғ.). *Парсыша — даһлиз* (даһлиз хана) — кіре берістегі бөлме (Л. Буд., I). Қ.: **дәліз, дәлез**.

**ДӘЛДІР** (Маң., Маңғ.; Гур., Есб.) Күміс ақша, күміс тиын. *Жігіт күнімізде орамалға түйген дәлдірді атпен шауып келіп, жердең қағып өтуші ек* (Маң., Маңғ.). Қазақстанның батыс аймағының кей жерінде бұл сөз дәлір түрінде айтылады.

**ДӘЛДІР-ДҮЛДҮР** (Торг., Жанғ.) жүрдім-бардым, қалай болса солай.

**ДӘЛЕЗ** (К. орда.: Арал, Қарм.: Қарак., Мой.). Қ.: **дәліз, дәлдіз**.

**ДӘЛЕКІ** (Қар., Қарк.) түлкінің күшігі. *Жұмабайдың тазысы неше бес дәлек алды* (Қар., Қарк.).

**ДӘЛЕҢКЕ** (Қост., Об.). Алаң, ашық жер. *Бұрын ауыл жаздығүні бір дәлеңкеде отыратын еді* (Қост., Об.). Бұл — орыс тілінен енген сөз: *делянка*.

ДЭЛЕР (Орын.: Ад., Бөр.). Бір сомдық күміс теңге. *Күміс теңгенің үлкенін дәлер теңге деген* (Орын., Бөр.). К. дәлр.

ДЭЛІЗ (К. орда.: Арал, Сыр., Жал.; Жамб.: Шу, Луг., Мер., Мойын.; Шымк., Кызылк.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) ауыз үй, сенек, кіреберіс. *Қол жуғыш дәлізде* (К. орда, Арал). *Аяғыңдығы галошыңды дәлізге қой* (К. орда, Сыр.). *Мен ләм деп үлгергенімше, дәлізден қоңырау үні сыңғырап қоя берген* (Б. Сок., Біз де бал. бол., 232). *Өзбекше — дахлиз* (Рус.-узб. сл., 1954); *каракалпақша — дәлиз* (Карақ.-рус. сл., 1958).

ДЭЛІР (Маң.: Маңғ., Шевч.) күміс ақша. *Келін түскенде жолына дәлір шашатын ырым болады* (Ман., Маңғ.). *Тас-талар дәлір, жамбы, тана тойға, Кимешек кигізеді-ау тағы апайға* (Ерг., Құр., 1958, 35).

ДЭЛІРУ (Маң., Маңғ.) есіру, дандайсу. *Семьяны билеп, дәліріп алған Дәметкен Ақбалаға ыық көрсетіп, үстем-үстем сөздер айтты* («Қолхоз жолы», 17. XII, 1955).

ДЭЛІРУ (Маң., Маңғ.) даңдайсу, асып-тасу. *Жөнсіз дәлірудің не жөні бар* (Ман., Маңғ.). *Сонда олардың орнын алатын жас билер әлеілер құсап дәліріп кетпей, тізгіндерін тарта ұстап, аяқтарын аңдап басатын болады* (Ә. Кекіл. Үркер. 1981, 531).

ДЭМ АЛҒАН (Маң.: Маңғ., Шевч.) оқыған, білім алған, көзі ашық. *Мен, айнам, онша көп дэм алған адам емеспін* (Маң., Шевч.).

ДЭМБЕ-ДЭМ (К. орда, Арал). Дамыл-дамыл, әлсін-әлі. *Үйі таза, дэмбе-дэм ақтайды* (К. орда, Арал). К. дембе-дем.

ДЭМБІЛШЕ // ЖЭМБІЛШЕ (К. орда, Сыр., Жал.) Ерте пісетін кішкене сары қауын. *Дэмбілшені ерте жейміз, бұдан ерте пісетін қауын жоқ* (К. орда, Жал.).

ДЭМЕГӨЙЛІ (Алм.: Жам., Үйғ.) дәмелі. *Ол менің айтқан сөзімнен дэмегөйлі боп қаған* (Алм., Жам.).

ДЭМ ҚАЙЫРУ (Көкш.: Еңб. Шуч.) ас қайыру, асқа бата қылу. *Ішіп болсаңыз, дэм қайырыңыз* (Көкш., Еңб.). Мұндағы дэм — араб сөзі.

ДЭН БАЗАР (Түрікм.: Таш., Ашх., Тедж., Мары) астық сататын базар, базардың астық сататын жері. *Сөк керек болса, дэн базарды арала* (Түркм., Таш.).

ДЭНГЕ ШЫҒУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) дәннен өну, дәннен көктеп өсу. *Дэнге шығатын шөпті өлі шөп дейміз. Өлі шөп жазда ерте құрайды. Мал күзде өлі шөптің сөгін жейді* (Ман., Маңғ.). Маңғыстауда жергілікті халық шөпті дэнге шығатын, тамырға шығатын шөп деп екіге бөледі. Тамырға шығатыны — өсімдік тамырынан өнетін шөптер, оны *қамба шөп* деп те атайды.

ДЭН-ДАНА БОЛУ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) дел-сал болу, не істерін білмеу. *Біраз уақыт болды — ол да бостан-босқа дэн-дана болып жүр* (Түрікм., Таш.).

ДЭНДҮРҮС (Сем., Абай) есалан, есі кірмелі-шықпалы. *Мынау бір дэндүрүс қой* (Сем., Абай). *Балаларға иман үйрет, намаз білдір, қол хатын үйрет деп алсам, өзі бір есі жоқ дэндүрүс болу керек* (М. Әу., Абай жолы, II, 359).

ДЭНЕ I (Маң.: Маңғ., Шевч.) дана. *Мына қағазыңның бір дәннесін маған бер* (Маң., Шевч.). *Бір дәне колхозшылар жиналысының қаулысы жолданды* (Ман., Маңғ.).

ДЭНЕ II (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары; Маң.: Маңғ., Шевч.) дән. *Міне, мынау — мәштің (қ.) дәннесі* (Түрікм., Таш.). *Бұйырған дәннені теріп жеп жүрміз* (Маң., Маңғ.). *Дәннесін терген тауықтай, Көрер ме екен жарықты-ай* (Аралбай акын).

ДЭН ЕГІС (Маң.: Маңғ., Шевч.) дәнді егіс, дәнді дақыл. *Біз о заманда дән егіс дегенді білмедік, қазір де аз егеміз* (Ман., Маңғ.).

ДЭНЕКҮСТЕУ (Шығ. Қаз., Қатон.) есерлеу, есерсоқтау, ақылы аумалы-төкпелі. *Дәнекүстеу бала* (Шығ. Қаз., Қатон.). *Осы жигіттің өзі дәлдур ма, дәнекүстеу ме?!* (К. Ысқаков. «Жұлдыз», 1988, № 6; 78).

ДЭНЕЛІК (Маң.: Шевч., Маңғ.) анықтық, ақиқаттық. *Шырақ, осы хабардың дәнелігін енді өзің айтышы!* (Ман., Маңғ.).

ДЭНЕҢКЕ (Шығ. Қаз., Больш.; Алм.: Еңб., Қаз., Іле, Нар., Сем., Аяғ.) дөнене, дөнеме. *Домбыра тұрмақ дәнеңке де білмейді* (Алм., Нар.).

ДЭН ЖОҚ (Маң., Маңғ.) түк жоқ, дым жоқ. *Осы таяуда ғана үш келі секер алып едім, содан қазір дэн жоқ* (Ман., Маңғ.).

ДЭН ҚОЮ (Маң.: Шевч., Маңғ.) алдау, мұзға отырғызу. *Қап, мынаның дэн қойып кеткенін-ай* (Маң., Маңғ.). *Бүгін келемін деп үдесін беріп, еді, дэн қойып кетті* (Маң., Шевч.).

ДӘН СУ (Шығ. Қаз., Құрш.) орақ суы. *Егін пісер кезінде дән суының болуы шарт* (Шығ. Қаз., Құрш.).

ДӘНГЕНДЕ (Алм., Жам.) құр көкірек, ешнәрсенің ретін білмей кеудесін керіп жүретін адам. *Ей, оңбаған, дәнгенде екенсің ғой* (Алм., Жам.).

ДӘНГІЛ ДЕ ЖОҚ (Қ. орда, Арал; Ман., Маңғ.) түк жоқ, дым жоқ. *Мына ауыл жұтап отыр — тамақ түгіл дәнгіл де жоқ. Дүкенде папирос түгіл дәнгіл де жоқ* (Ман., Маңғ.).

ДӘНГІЛДЕЙ (Ман., Маңғ.; Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш.) үлкен, енгезердей Темір дәнгілдей адамды да жықты сөйтіп (Түрікм., Красн.). *Сақалың дәнгілдей болып, ол жерде саған не бар?* (Ман., Маңғ.).

ДӘП І (Сем.: Абай, Шүб.) нақ, дәл. *Мен көргенде, ол дәп осы арада тұр еді* (Сем., Абай). Бұл сөз көбіне дәп осы, дәп сол, дәп солай секілді тіркестердің құрамында ұшырайды (Сем., Абай).

ДӘП ІІ (Ман., Маңғ.) әдет, ғұрып, дәстүр. *Біздің елде мұндай дәп жоқ* (Ман., Маңғ.). *Ел дәбі солай* (Түрікм., Таш.). *Сөйлесек тіліміз бір, ұстансақ дәбіміз бір өзіміз секілді көшпенді ағайындарымызға келіп қосылғанбыз* (Ә. Кекіл. Үркер, 1981, 89). *Олардың қол астындағы күнгей маңғұлдары мен шығыс маңғұлдары да жат жұрттық дәпке жабыла көшеді* (Сонда, 67). түрікм. дәп—әдет, дәстүр, ғұрып, а. әдет, дәстүр.

ДӘПАРА (Талд., Каратал) тез ара, тез арада. *Хасен батырдың келгенін хан дәпарада сезе қояды* (Талд., Каратал.).

ДӘПТЕУ (Ман., Маңғ.) әдет ету, салт ету. *Біз қашаннан ат шегуді дәптеген ел емеспіз* (Ман., Маңғ.).

ДӘРБИНАЛ[Ы] АРБА (Сем.: Мак., Үрж.) қанатты, сатылы арба. *Мыңандай арба дәрбинал[ы] арба деп аталады* (Сем., Үрж.). **К. дербен.**

ДӘРГӘЙ (Жамб., Шу) ниет. *Осыны мен оның дәргәйін сынайын деп істеп едім, — дейді* (Жамб., Шу).

ДӘРГЕЙІ (Сем.: Акс., Көкп.) қол асты, құзыры билігі. *Орыс патшасының дәргейіне қараған ел* (Сем., Акс.). *Дәргейіндегі бұратана халықтардың қайсысын, қуып шығып, қайсысын алып қалам десе де ұлы императордың өз қолында* (К. Жүмәділов. «Жұлдыз», 1988, № 4, 11-б.). *Әуелі таяу маңдағы ноғайлар мен татарлар, содан соң аулақтағы естектер мен мәнсилер бидің дәргейіне бас ұрды* (М. Мағ., Аласап., 1988, 115-бет).

ДӘРЕТ ОРАМАЛ (Көкш., К. ту.) сүлгі. *Балаш, әтәйіңе дәрет орамалды дайындап тұр* (Көкш., К. ту.).

ДӘРКӘР (Қарак., Қоң.) қажет, дилгер, керек, мұқтаж. *Жиен-ау, осы айтқаның кімге дәркәр* (Қарак., Қоң.). **К. дәркәр.**

ДӘРКЕР (Сем., Абай) қат, дилгер, керек, қажет. *Біз қазір ешнәрсеге дәрке ремеспіз* (Сем., Абай). **Қ. дәркәр.**

ДӘРМЕКТЕУ (Ман., Маңғ.) дәрілеу, сұйық нәрсеге, шайға дәмді, иісті шөп, т. б. нәрселер қосу. *Мен шайға Бесқаланың қалампыр, талышын, зәнзәбілін салып, дәрмектеп ішкенді жақсы көрем* (Ә. Кекіл. Үркер. 1981, 379).

ДӘРМЕНЕ (Сем.: Абай, Шүб) дермене, дәрі шөп. *Қалқам, бір дәрмене тауып әкеп қойшы* (Сем., Абай).

ДӘРПІ КЕТУ (Шымк., Арыс) атағы шығу, атағы жер жару. *Ол — дәрпі алысқа кеткен адам* (Шымк., Арыс).

ДӘРРУ (Қарак., Қоң.) дереу, шапшаң, тез. *Қонақтар келіп қалған екен, дәрру мына қойды бауыздай ғой* (Қарак., Қоң.).

ДӘРТ (Қарак., Қоң.) дерт. *Бойында дәрт жоқ* (Қарак., Қоң.).

ДӘРТЕ // ТӘРТЕ (Сем.: Акс., Үрж., Мак., Көкп.) арбаның жетегі, терте. *Шананың дәртесі* (Сем., Акс.). *Сыртта дәртенің сықырлағаны, әлде бір түйенің бық еткен дыбысы естіледі* (М. Мағ., Аласап., 1988, 30). *Бұл жолы... қолы артына қарай қайырылып, дәрте құсап созылып барып, ақыры бүлдіргесі үзіліп, қамшысы қолынан шығып кетті* (С. Мұрат., «Жұлдыз», 1988, № 2, 68). *Мойынағаш, дәрте, самиян тағы басқа керекті заттар бригадаларға бөлініп берілді* («Жаңа ауыл», 1935, 11/1). Мұның Ақтөбе жағында терте деген де нұсқасы бар.

ДӘРУ І (Торғ., Жанг.) мұқтаж, зәру, қажеттілік. *Сенің көзің маған дәру емес* (Торғ., Жанг.). Бұл сөз Жезқазған, Ұлытау жағында дәрі-дәрмек мағынасында жуан үлгіде дару болып айтылады. **К. дару.**

ДӘРУ ІІ (Сем., Абай, Шүб.) дәрі, дәрі-дәрмек. *Әптекке барып дәру әкел* (Сем., Шүб.). **К. дару.**

ДӘРІ-ДӘРСЕК (Маң.: Маңғ., Шевч) Малшыларға дәрі-дәрсек жеткізіп тұрғаның жөн (Ман., Маңғ.).

ДӘРІКОР (Алм., Шел.) емші, дәрігер. *Кеше келіп дәріқор көріп кетті* (Алм., Шел.).

ДӘС І (Сем.: Акс., Көкп.) мүлде бір-жола. *Отын дәс бітті. Мен шарап ішуді дәс қойдым* (Сем., Акс.).

ДӘС ІІ (Түрікм.: Таш., Ашх., Тедж.) үлкен, мол, зор. Алдымызға дәс табақ ет әкелді (Түрікм., Таш.).

ДӘС ӘУЕЛІ (Жамб.: Св., Жамб.) ең әуелі, ең алғаш. Мұнда дәс әуелі келген ноғайлар — аталырымыздың аталары болған (Жамб., Св.).

ДӘСЕЛІ БОЛУ (Түрікм.: Красн., Небид., Таш., Ашх.). Әлдеқандай болу, бұлданду. Жоқ затқа дәселі бола қоймаса қайтеді (Түрікм., Ашх.).

ДӘСЕРДЕЙ БОЛУ (Торғ., Жанг.) әлде қандай болу, маңғазсу. Өзі соған да дәсердей болып отыр ғой (Торғ., Жанг.).

ДӘСКЕР (Қарак., Мой.) тұтқыш. Қазанды түсіретін кез болды — дәскер қайда екен? (Қарак., Мой.).

ДӘС ҚОЮ (Торғ., Жанг.) түк қалдырмау, әбден тауысу. Алдында бір табақ етті түгел дәс қойды (Торғ., Жанг.).

ДӘСМАЛ (Түрікм., Таш.) қазан жуатын шүберек. Әйел қолындағы дәс малын сығып қазанның қақпағын жаба салды (Түркм., Таш.).

ДӘСПІ БЕРУ (К. орда, Арал) қол беру. Таңатар дәспіңді бер, екеуміз ескіше амандасайық (К. орда, Арал).

ДӘСІР (Акт., Ойыл) дөкір, ірі. Қоймадан қазыны ала қашқанында, бір дәсір жігіт қуа жөнелді (Акт.; Ойыл).

ДӘТ (Көкш., К. ту; Шығ. Қаз., Күрш.) тілек, арыз, сөз. Өзіңе айтатын дәтім бар (Көкш., К. ту); Бұрын ұлықтар кедейдің дәтін тыңдамайтын, (Шығ. Қаз., Күрш.).

ДӘТМЕЛ І (К. орда, Арал) ақыл, кеңес жөн. Көп істеген адамның дәтмелін алған жөн (К. орда, Арал).

ДӘТМЕЛ ІІ (Орал. Жымп.) мінез құлық. Шырағым, сенің дәтмелің жақсы екен (Орал, Жымп.).

ДӘТТІКЕМ (Алм., Жам.; Жамб., Жуа.). Төрт асықпен ойнайтын ойын. Бұрын төрт асықпен дәтікем ойнайтын едік (Алм., Жам.).

ДӘУДІРЛЕУ (Алм., Кег.) данғырлау, дауысын көтеру. Оспанбек, чырағым, сенің кейде босқа дәудірлейтінің бар-ау (Алм., Кег.).

ДӘУЕК (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) қырманда, егін бастыру. Түрікменше — дөвек (Туркм.-рус. сл., 1940).

ДӘУЕЮ (Шымк., Арыс) үлкею, ірілену. Өгіз семіріп бұрынғыдан дәуейіп кетіпті (Шымк., Арыс). Бұл сөздің түбірі — дәу, дәуею — үлкею деген секілді үлгімен жасалған етістік.

ДӘУЛЕН (Орал, Жән.) әл, шама. Сендер маған үйретпей-ақ қойыңдар, өздеріңе дәулеңдеріңізді білу жөн болар (Орал, Жән.).

ДӘУЛЕТ (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары, Ашх.) мемлекет. Біз дәулетке 10 тонна пахта тапсырмалымыз (Түрікм., Тедж.) Өзбекше — давлат (Узб.-рус. сл., 1959).

ДӘУМІТ (Көкш.: Еңб., Қызыл., Шуч.; Торғ.: Аман., Жанг.) үлкен, зор, ірі, дәу. Ауылдың қарсысынан бір дәуміт көл көрнеді (Торғ., Жанг.). Өңкей дәуміт шегінбейтін Бірін-бірі басып сүзіп Олар біраз кеңесеоді (Торғ., Аман. «Соц. шаруа», 1944, № 23). Мына бір дәуміт өгізді сойса, бір жырма пұт ет шығар (Көкш., Қызыл.).

ДӘУПІРІМ І (Орал., Қазт.) зор, ірі, зінгіттей. Дәуірім жігіт (Орал, Қазт.). Жауды жалғыз жайрататын дәуірім шығар десе — кәдімгідей жәй пенде, шілдірек сары екен (Б. Аманшин. «Жұлдыз», 1987, № 3, 20).

ДӘУПІРІМ ІІ (Орын.: Ад., Бөр.) маңғазданып, шіреніп, өтірік қосып сөйлейтін адам. Ой, мынау дәуірім ғой өзі (Орын., Ад.).

ДӘУПІРІМ // ДӘУПЕРІМ ІІІ (Сем.: Акс., Көкш., Абай) ізденгіш, білгір, тапқыр. Мынау бір дәуірім екен. Асан дәуірім мұғалім ғой (Сем., Акс.).

ДӘУРАН (Қарак., Қон.) дәурен, уақыт заман. Ерназардың дәуранындағы дихандар қатты қиналған еді (Қарак., Қон.).

ДӘУІЛДЕУ (К. орда., Қарм.) даурығу, улап-шулау. Осының өстіп бір дәуілдеп кететіні бар (К. орда, Қарм.).

ДӘУІММЕН КЕЗ БОЛУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) ойда жоқта тап болу, ойламаған жерден кез болу. Екеуміз, дәуіммен кез бола қалған екенбіз хал-жайды жата-жастаана сұраса житармыз (Маң., Маңғ.).

ДӘУІР (Жамб.: Қорд., Шу) жабу. Боз тобыршақтың үстіне дәуір жапқан (Жамб., Қорд.).

ДЕ (Шымк.: Сар., Кел.; Ташк.: Бос., Орда, Акк., Янг.) «ғой» мағынасындағы шылау сөз. Дем алайың деп келіп едім де (Шымк., Кел.). Өзі ілес айтылатын сөзінің соңғы дыбысының әуеніне қарай да, та, де, те деген төрт түрлі нұсқада айтылады: Бүгін бармаса, ертең барат та.

ДЕБДІРЕК (Қар., Шет.) жеңілтек, ұшқалақ (адам туралы). Тым дебдірек екен, соныңды қой-ақ қойшы (Қар., Шет.).

ДЕБДІРЕУ (Орал, Жән.) абдырау, абыржу, саскалақтау. *Неге дебдіреп отырсың* (Орал, Жән.).

ДЕГӘЛ // ДЫҒАЛ (Гур., Есб.; Ман.: Манғ., Шевч.) ірі, зор, мелжемді. *Жігіт болғанда да бір керім дегәл жігіт екен* (Ман., Манғ.).

ДЕГДАР (Тау., Қош.; Орын.: Ад., Бөр.; Ман., Манғ.; К. орда: Арал, Қаз.; Сем., Акс.) асыл, өте жақсы, ерекше тәуір. *Ол бір дегдар тұқым, әкесі де дегдар кісі болушы еді* (Сем., Акс.). *Мына ат бір дегдар мал ма деймін, науадан кір суды ұрттап алмайды жануар* (Ман., Манғ.).

ДЕГДІ (К. орда, Арал) 1. Бөтен, баска. *Дегді мал* (К. орда, Арал); 2. Өзінен тумаған, асыраған. *Қолында бір-екі дегді бала бар* (К. орда, Арал).

ДЕГДІР (Жамб., Шу) салдың үстіңгі жағының ағашы. *Бір нәрсені салмынан әпкеле йатқанда су болып қалмау үшін дегдірдің үстіне қояды* (Жамб., Шу).

ДЕГЕЙ ДЕСЕҢ (Шығ. Қаз., Больш.) «дейін десең» деген тіркестің орнына жүреді. *Бала дегей десең бала емес, шал дегей десең, шал емес, бірақ біраз жасқа келген адам сыйықты* (Шығ. Қаз., Больш.).

ДЕНГЕЛ (К. орда, Арал; Тау., Қош.; Түрікм.: Таш., Тедж., Мары, Байр.; Акт., Байғ.) тең, қатар, тете. *Енді әзір қазақтарды да басқалармен тек деңгел халықсың деп отыр* (Түрікм., Таш.). *Абдолла мен Тоқтамыс деңгел шыққан кісілер еді* (Тау., Қош.). *Деңгеліме келмес жау, Келсе егер қалмас сау* (Акт., Байғ.).

ДЕГЕЛДЕС (Шығ. Қаз., Ұл.) тетелес, құрбылас, шамалас. *Құдайберген біздермен дегелдес* (Шығ., Қаз., Ұл.).

ДЕГЕЛЕК (Ман., Манғ.) жыртқыш құстың бір түрі, көбінесе жыланмен қоректенеді. *Жылқының жауы — бөгелек, жыланның жауы — дегелек* (мақал). *Орман-таудың басында, Дегелек деген бір құс бар, Аспанда жүріп ызғырса, мың орда жылан басылған* (Қашаған ақын).

ДЕГЕЛЕҢ ҚАҒУ (Қост., Об.) құрақ ұшу, аяқ-қолын жерге тигізбеу, дедек қақтыру. *Істеген ісін дегелең қақтырады* (Қост., Об.). *Жап-жас балалар кеңеске сайланып, жұмысты дегелең қақтырып, икемдеп алып кетті* (Б. Майлин. Шығ., IV, 233).

ДЕГЕРЕК (Қарак., Мой.) төңірек, ман, атырап. *Осы дегеректен асқанша, үстілеріңе торпақ жұғады* (Қарак., Мой.).

ДЕГЕСІН ЖЕРДЕ (Қост., Камыш.) деген соң, дегеннен кейін. *Қостанайлық*

*дегесін жерде бармай кетсем, ренжітін болар дедім* (Қост., Камыш.).

ДЕЙ ТҰРҒАНМЕН (Орал: Чап., Жән.; Гур.: Есб., Бак.; Түрікм.: Красн., Небид.) дегенмен, алайда, сонда да болса. *Жұмыс жақсы жасалып жатыр, дей тұрғанмен барлық жерде бірдей емес* (Орал, Чап.). *Ол жаққа барудың көп қиындығы бар, дей тұрғанмен бір мүмкіндігін қарармыз* (Түрікм., Небид.). *Бұл тіркес кейде «дей тұрса да» деген үлгіде де қолданылады.*

ДЕГМЕНТ I (Ман., Манғ.) күміс белбеу, күмістеген, күміс жапқан белбеу.

ДЕГМЕНТ II (Ман., Манғ.) сабына күміс, алтын жапқан бағалы қылыш. *Бұрын түрікмендердің кейбіреулері дегмент асынатын* (Ман., Манғ.).

ДЕГІСПЕ ӘҢГІМЕ (К. орда, Арал) жай әңгіме, ағыны, тасқыны. *Сендердің дегіспе әңгімелерің бітпейді екен* (К. орда, Арал).

ДЕГІШ (Қарак., Қоң.) дарияның қатты толқыны, ағыны, тасқыны. *Төрткүл ауданының біразын Амударияның дегіші алып кетті* (Қарак., Қоң.).

ДЕЗМАЛ (Шымк., Мақт.; Ман., Манғ.) үтік. *Дезмалға шоқ сал* (Шымк., Мақ.).

ДЕЙ I (Жамб., Тал.) асық. *Кәрімнің дейін ұтып ал* (Жамб., Тал.).

ДЕЙ II (Жамб., Шу) бет алыс. *Олардың дейі жаман, жаман ғып жүрмесін* (Жамб., Шу).

ДЕЙ ТҰРСА ДА (Орал: Шыңғ., Жымп.) дегенмен, әйтсе де, алайда. *Дей тұрса қ та кейбір партия мүшелері оқушыларды мектепке түгел тартуға мән бермей отыр* (Орал, «Қызыл ту», 1942, 22 сәуір). *Дей тұрса да бірде-бір жұмыс жүргізбей отырғандар да бар* (Орал, «Соц. жол», 1939, 26 қазан).

ДЕЙІЛШЕ (Алм.: Жам., Шел.; Қ. орда, Арал; Шымк.: Сайр., Қызылж.; Жамб., Қорд.; Орал, Жән.) екі-үш пұттық қап. *Ұнды дейілішеге салып әкелдім* (Алм., Жам.). *Астық дейілішеге аз сияды, сондықтан ұсақ-түйек салып қояды* (Шымк., Сайр.). *К. делше.*

ДЕЙІНДЕ ОТЫРУ (Көкш., Еңб.) ықпалында болу, шылауында жүру. *Соның дейінде отырған соң, айтқанын істеу керек* (Көкш., Еңб.).

ДЕЙІС (Ақт., Қараб.) ұятсыз, арсыз. *Қ. дәйс.*

ДЕК (К. орда, Сыр.) қорқақ, үрейшіл. *ДЕКЕ* (Шымк., Лен.; Жамб., Луг) селдір шүберек, дәке.

ДЕКПІРІН АЛУ (Торг., Жанг.) маза-

сын алу. *Өзің кісінің депкірін алмай тыныш отыршы* (Торг., Жанг.).

ДЕЛ (Торг., Жанг.; Жезк., Ұлы.) балық аулайтын сүзекінің көзінің жібі.

ДЕЛБАЙ (К. орда, Арал) жазда киетін елтірісіз тымақ, *Басына делбай киіп алыты* (К. орда, Арал), К. далбай.

ДЕЛБЕ (Кост., Об.) божы, жеккен аттын екі жақ сулығынан ілінетін қайыс бау. *Күн көтеріле қаладан шықтық, жеккен атымыз Тасболаттікі. Тасболат делбе ұстап келе жатыр* (Б. Майлин. Шығ., IV, 71). *Өзің атты жүргізе алмадың ғой, делбені қағып қой* (Кост., Об.).

ДЕЛБЕГЕ (Орын.: Ад., Бөр.) божы, делбе. *Аттың делбегесі қолымнан шығып кетті* (Орын., Бөр.). *Аун бата ауылдан шықтық. Біздің де жеккеніміз пар ат. Делбегені өзім ұстадым* (Б. Майлин, Шығ., III, 1962, 22). *Өз қолдарымен баққан семіз аттарды делбеге ыспалап айдағанда құйындай ұшырады* (Б. Майлин, Шығ., V, 83).

ДЕЛБЕГЕИШІ (Орын.: Ад., Бөр.) ат қосшы, ат айдаушы. *Ол кісі 35 жылдай ахунның делбегейшісі болған* (Орын., Бөр.).

ДЕЛБЕКЕЗЕК (Шымк., Арыс; Алм., Жам.) сүзек ауруы. *Айтатұғын сөзіңді өзіме айтқын, Делбекезек кісідей шалқақтамай* (Жамб.).

ДЕЛБЕТАП (Алм., Шел.) жарымес, науқас, есуас. *Ол бір делбетан адам ғой* (Алм., Шел.).

ДЕЛБЕШІ (Кост., Об.; Орал, Жанг.) жеккен атты айдаушы кісі, ат айдаушы, қосшы, жәмшік. *Ертеде делбеші болып та жұмыс жасадым* (Орал, Жанг.). *Не делбеші, не курьер болуға бұл арланады, Ешбір істі қолдан келер ойлап-ойлап таба алмады* (К. Аманжолов, I, 1955, 350). Бұл — делбе деген сөзден -ші жұрнағының жәрдемімен жасалған сөз.

ДЕЛБІРЕК (Сем.: Мак., Ұрж.; Шығ. Каз., Зайс.) көңілшек, аккөңіл, көңіл жықпайтын. *Әлім деген бір делбірек адам* (Сем., Ұрж.).

ДЕЛДӘЛДІК (Шымк., Кел.) делдалдық, делдалшылық ету. *Делдәлдік қылу* (Шымк., Кел.). *Онымен қатар Құралбай делдәлдік істеді* (Шымк., Кел., «Ленин жолы», 1938, № 105).

ДЕЛЕГЕЙЛЕНУ (Орын.: Ад., Бөр.) желбегей журу, Түймеленбей, белдік бұмай журу. *Науа делегейленіп келе жатқан кім?* (Орын., Бөр.).

ДЕЛЕГЕЙ ТЕҢІЗ (Акт., Байғ.) телегей теңіз. *Су деген делегей теңіз болып жатыр* (Акт., Байғ.). *Орыс халқының делегей теңіз сөзінің, әдебиет*

тілінің қасиетін қазақ әдебиеті тіліне ұластыру (Акт., Байғ., «Социалистік ауыл», 1940. № 7).

ДЕЛШЕ (Жамб., Шу) екі-үш пұттық қап. К. дейілше.

ДЕМ (Жамб., Шу) ыстық, қапырық. *Быйыл жауын аз, жазымаң дем болып тұр* (Жамб., Шу).

ДЕМАЛЫС ЖАПЫРАҚ (Шығ. Каз., Зайс.) апынның домалақ басындағы бүршігі. *Демалыс жапырақ жақсы өсіпті* (Шығ. Каз., Зайс.).

ДЕМ БАР (Шымк., Сарыағ.) құр сүлдері, шықпаған жаны бар, кеудесінде жаны ғана бар. *Сексенге келдім, әйтеуір, жүрміз, шықпаған дем бар* (Шымк., Сарыағ.).

ДЕМБЕ-ДЕМ I. (Қарак., Төрт.; Шымк., Сарыағ.) әлсін-әлсін, ауық-ауық. *Бү йерде малды дембе-дем сугарып тұрамыз* (Шымк., Сарыағ.). К. дәмбе-дәм; 2. (Жамб.: Мер. Сарыағ.) тез, жылдам. *Чемірчек аируы жылқыны дембе-дем өлтіреді* (Жамб., Мер.).

ДЕМБЕЛШЕ (Талд., Қаратал) үлкен дорба (30 кг сиятындай).

ДЕМ БЕРУ (Шымк., Түлк.) ауа жіберу, қызылша егісіне құбыр арқылы ауа жіберу. *Әрбір көмбеге құбыр орнатылып, оның ішіндегі қызылшаға дем береміз* (Шымк., Түлк.).

ДЕМБІЛ-ДЕМБІЛ (Шымк.: Сайр., Сарыағ.; Жамб.: Жам., Мер.) ауық-ауық, әлсін-әлі, қайта-қайта. *Өйткені уақытылы жем-шөбі, суы беріліп, асты-үсті дембіл-дембіл тазаланып тұр* (Жамб., Жам., «Қолхозшы», 1935, № 6). *Алыстан мұнартып дембіл-дембіл көрінген қаралар жақындай келе шөп артқан арбалар болды* (Жамб., «Сталин жолы», 1936, № 95).

ДЕМБІРЕМ (Шымк., Сайр.) жедел, тез. *Бидайды дембірем жиып тастаймыз* (Шымк., Сайр.).

ДЕМДЕУ (Шымк., Сарыағ.; Алм., Енб. каз.; Жамб.: Тал., Шу) шай шығару. *Мен шайды демдейін, сен шынаяқты жуа бер* (Шымк., Сарыағ.).

ДЕМДІ (Торг., Жанг.) дым, ылғал (жер туралы). *Шубалаң табаны — Торғайдың демді жері* (Торг., Жанг.).

ДЕМ САҒАТТА (Талд., Қаратал) ілезде, дем арасында. *Самолет дем сағатта-ақ жеткізеді* (Талд., Қаратал).

ДЕМ СӘТТЕ (Кост., Об.) дем арасында, демде, қас пен көздің арасында. *Дем сәтте жоқ болды* (Кост., Об.). *Осыдан кейін дем сәтте аттанып кетпей ме* (Б. Майлин, Шығ., IV, 395).

ДЕМ ҰРУ (Алм., Жам.) жын ұру, жын-

дану, шалықтау. *Дем ұрған ба өзіңді, — тегі, жырқылдап күле бересің* (Алм., Жам.).

**ДЕНЕЙ** (Жамб.: Шу., Мер.; Луг.) кеней, кентай *Денейді тігіп қой* (Жамб., Шу).

**ДЕНЕ-ҚАРЫНЫҢ САУ МА?** (Алм., Жам.) дені-қарнын, аяқ-басын, дені-басын сау ма? *Е, дене-қарының сау ма, әкем?* (Алм., Жам.).

**ДЕНЕҢ САУ МА?** (Сем.: Абай, Шұб.) денін сау ма? *Денең сау ма, шырағым* (Сем., Шұб.).

**ДЕНІ** (Көкш., Енб.; Торғ., Жанг.) көпшілігі, көбі *Жүгерінің дені сүрлемге салынбаған кез еді* (Көкш., Енб.). *Бұл тоқсанда программалық оқу материалдарының дені өтілді* («Еңбек екпіндісі», 1955, 30 қаңтар). *Біраз орыс, дені қазақ үш жүздей жұмыскерлердің түрлері түрліше* (С. Сейф. Әңгіме-повестері, 1958, 8).

**ДЕН** (Орал, Жым.; Маң.: Шевч., Маңғ.) қатар, түс, тең. *Атыңды тебініңкіреп, кішкене берірек деңіме келші* (Маң., Шевч.).

**ДЕНБІТ // ДЕНБЕТ // ДЕНМЕНТ** (Маң., Шевч.; Гур., Есб.; Орал.: Казт., Орда, Жән., Қарат.) 1. алтын, күміс жапқан былғары белбеу; 2. зерлеген жібек белбеу. *Деңбет буынып шіренген төренің талайын көргем* (Орал, Казт.). *Сол бөрі рыцардың жолын қуған, былғары деңбетпенен белін буған* (Ерғ., Құр., 1958, 79). *Сарала деңмент қылыш бау, ішік киген мауыт шекпенді* (Қашаған). *Бұл — парсы сөзі.*

**ДЕНГЕЛ I** (К. орда, Арал; Тау., Кош.; Түрікм.: Таш., Тедж., Мары, Байр.) тең, бірдей, қатар, тете. *Енді дәір қазақтарды да басқа міндеттен деңгел халықсың деп отыр* (Түрікм., Таш.). *Отын-суы деңгел* (К. орда, Арал). *Абдолла мен Тоқтамьс деңгел шыққан кісілер* (Тау., Кош.).

**ДЕНГЕЛ II** (Маң., Маңғ., Шевч.) сыбаға, үлес. *Біздің деңгел — бір шуал балық* (Маң., Шевч.).

**ДЕНГЕЛДЕС** (Орал: Чап., Жымп.; Гур., Бак.) шамалас, деңгейлес, тетелес. *Ол үшеуінің жасы деңгелдес* (Орал, Чап.). *Арбаға жеккен аттардың күші деңгелдес* (Гур., Бак.).

**ДЕНГЕНЕ I** (Жезк., Ағад.; Семей, Абай) құрқұлақ, аштық кезінде тараған ауру. *Деңгене болған адамның тісінің көк еті қанап, аяғын баса алмай, мешел боп қалады* (Жезк., Ағад.).

**ДЕНГЕНЕ II** (Жамб.: Шу, Мер., Луг.; К. орда, Қаз.) серне, ортақтасып мал

сойып жейтін дәстүр. *Мына ауылдың жігіттері деңгене қып атыр екен* (Жамб., Шу). *Бір марқаны деңгене ғып жепті* (К. орда, Қаз.). *Деңгененің жолына мал шалуға кірісіп жүрген деңгененің ұйымдастырушысы* (К. орда, Қаз. «Большевиктік колхоз үшін», 1937, № 21); *Үш адам бір тоқтыны деңгене қып жеп тауысқанын өз көзіммен көрдім* (Маң., Маңғ.).

**ДЕНІЗ** (Қост.: Жетік., Боровской; Түрікм., Таш.; К. орда: Сыр., Тер., Жал.) теңіз. *Аштық жылы деңізге дейін барып қайтқанбыз* (Қост., Жетік.).

**ДЕП БЕРУ** (Сем.: Акс., Көкп.) айтып беру, сөйлеп беру. *Ой, шіркін, әңгімені деп берді емес пе* (Сем., Акс.).

**ДЕРГЕЙ I** (Шығ. Қаз., Зайс.) дер кезі, уақытында. *Естіген әңгімені дергейінде жазып отырмын* (Шығ. Қаз., Зайс.).

**ДЕРЕ I** (Акт., Қараб.; Торғ., Жанг.; Жамб., Шу) мал су ішетін науа. *Дереден мал рақаттанып су ішті* (Акт., Қараб.). *Ол дереге су құйып, жылқы суарды* (Торғ., Жанг.).

**ДЕРЕ II I.** (К. орда: Арал, Қарм.; Акт., Ырғ.; Маң., Шевч.) үлкен астау орнықты тұру үшін жасалған орын. Көбінесе кірпіштен, тастан, ағаштан жасайды. *Малшылар дерені кірпіштен жасап, оған мал суаратын астау орнатады* (Акт., Ырғ.). *Дерені мықтан орнату қажет, өйтпегенде қойлар астауды аударып кетеді* (К. орда, Қарм.). *Дерелерін түзетіп, құдықтың суын күзетіп* (Қашаған ақын). *Дулығасы биік төбедей, Төрт аяғы дередей, Кірпіктері жебедей* (Аралбай); 2. (К. орда: Сыр., Шиелі) судың жоғарғы сағасы, көмей. *Арықтың дересін бекітіп су жібермейді* (К. орда, Сыр.). *Қырғыз тілінде «кысынқы, тар жер» мағынасында* (Кир.-рус. сл., 1940).

**ДЕРЕ АЯҚ** (К. орда, Қарм.) ұзын сирақты, бұты терең жылқы. *Бәйгеге салғанда дере аяқ жылқыдан көп үміт күтуге болады* (К. орда, Қарм.).

**ДЕРЕБЕ** (Сем.: Көкп., Акс.) делебе. *Осындай әңгіме естігенде, Әшкеңнің дересі қозып кетеді* (Сем., Көкп.).

**ДЕРЕБЕН** (Шымк., Мақт.) арбаның қалқаны. *Арбаның дересіні* (Шымк., Мақт.). *К. дәрбиналы арба.*

**ДЕРЕГІНДЕ** (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары.) жөнінде, туралы. *Шахимен магнитофон дерегінде сөйлестің бе?* (Түрікм., Таш.). *К. деректі.*

**ДЕРЕДЕЙ** (Сем., Шұб.) енгезердей,



дындай, дардай. *Дередей жігіттің мұнысы несі?* (Сем., Шұб.).

ДЕРЕЖЕ (Маң., Маңғ.) дәреже. *Мұндай дережеге қолым жетеді деген үш ұйқасам түсімде жоқ еді.* (Маң., Маңғ.).

ДЕРЕЗЕ (Жамб.: Жам., Красн., Корд.) терезе. *Дерезе алдында тұрған анау не нәрсе?* (Жамб., Красн.).

ДЕРЕК I (Түрікм.: Ашх., Таш.) орнына, керегіне. *Ылымды дерегіне жұмсау керек* (Түрікм., Таш.). Түрікменше— *дерек* (Туркм.-рус. сл., 1940); каракалпакша — *дәрек* (Карак.-рус. сл., 1958).

ДЕРЕК II (Түрікм.: Таш., Мары, Тедж.) жауап, дәлел. *Бұған айтар дерегің бар ма?* (Түрікм., Тедж.).

ДЕРЕКТІ (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары) жауапты. *Ақтөбе жағында деректі қызметке орналасқан* (Түрікм., Таш.).

ДЕРЕН (Алм., Шел.) үлкен, жуан ағаш. *Тауда дерен ағаш көп* (Алм., Шел.).

ДЕРЕНЕДЕЙ (Алм.: Шел., Кег.; Тау., Кош.) еңгезердей, дардай. *Деренедей болмай бұлай тұршы* (Алм., Шел.). *Оның деренедей-деренедей ұлдары бар* (Тау., Кош.).

ДЕРЕУМЕ-ДЕРЕУ (Сем., Аяг.) тез, дем арасында, шапшаң. *Сен жұмысты дереу ме-дереу бітір* (Сем., Аяг.).

ДЕРЕЮ (Орал, Қазт.) терею, сораю, бойшаң тарту. *Бойы дерейген* (Орал, Қазт.). *Баласы қол-аяғы дерейіп өсіп, онысынан да бұрын бұрынғыдай жүнжіген жуас емес* (Б. Аманшин, «Жұлдыз», 1987., № 3, 77).

ДЕРКЕР (Жамб., Шу) тірек, бел. *Алатаудай айбатты, Ата деркер жігітке, Ағар дария бұлақтай, Ана деркер жігітке. Алдындағы жол басшы, Аға деркер жігітке* (Жамб., Шу).

ДЕРМЕ (Маң., Маңғ.) астаудың астына тастан, топырақтан жасалған биіктік. *Астаудың дермесі биік боп кетсе қой су іше алмайды* (Маң., Маңғ.).

ДЕР МЕЗІ (К. орда, Арал) дер кезі, дер уақыты, дер сәті. *Дер мезінде келе қоймасаң, уақыт өтіп барады* (К. орда, Арал).

ДЕРМЕН (Алм., Шел.; К. орда, Сыр.; Маң., Маңғ.) дірмен. *Соғыс кезінде дерменге тартар дәне болған жоқ қой* (Маң., Маңғ.). *Ауданымызда бір-ақ дермен бар, оның жұмысы да мәрдымсыз* (К. орда, Сыр., «Ленин туы», 1939, 5. III, № 20—21). Маңғыстауда *Ақдермен, Сардермен* деген тау аттар-

ында осы сөз дәл осы нұсқада айтылады.

ДЕРТЕ // ТЕРТЕ (Ақт., Ырғ.) арбаның, шанадың жетегі. *Шананың дертесін көтеріп, басын байлап қойса, көп орын алмайды* (Ақт., Ырғ.).

ДЕРТ ЕМЕС (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары, Байр.) керек емес, қажет емес. *Оның әйел алғаны бізге дерт емес* (Түрікм., Таш.).

ДЕРТТІМЕН, ДЕРТТЕСУ (Түрікм. Таш.) кайғы бөлісу, қиындыққа ортақтасу, мұндасу. *Ол кісі абзал адам еді, осында келіп дерттімен дерттесіп кететін* (Түрікм., Таш.).

ДЕРІС (Түрікм.: Ашх., Таш., Тедж., Мары) көң, мал қиы. *Қой қорадан 5—6 арба деріс алынды* (Түрікм., Таш.). Түрікменше — *дерс* (Туркм.-рус. сл., 1940); каракалпакша — *дарис* (Рус.-карак. сл., 1947).

ДЕСЕ (Алм.: Жамб., Еңб. қаз., Қаск.) қаратпа сөзге ілес айтылатын көмекші элемент. Тек осындағы *десе* деген формада ғана қолданып, қаратпа сөзге «еркелеу» мәнін үстейді. *Әпке десе, мен ертең қалаға жүретін болдым* (Алм., Жам.).

ДЕСЕ ДЕ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Жамб., Шу.) қалай да, дегенмен, сонда да. *Атыңның болдырған түрі бар. Десе де ақалтекенің тұқымы ғой, ауылға дейін сыр бере қоймас* (Маң., Маңғ.). *Десе де құдайға қараған жан екен* (Ш. Мұрт., 41-ж. кол., 1972).

ДЕС ОРАМАЛ (Шымк.: Мақт., Сайр., Қызылқ.) бет орамал. *Дес орамалды да жуа сал!* (Шымк., Мақт.).

ДЕС ОРУ (Сем., Көкп.) астық ору, егін ору. *Ертеде байларға дес ордым* (Сем., Көкп.).

ДЕСПЕ (Маң., Маңғ.) тасбик, тәспі. *Айнам, керегенің басында тұрған деспемді алып берші* (Маң., Маңғ.).

ДЕСПЕЛЕУ (Торғ., Жанг.) ыңғайын келтіру, ретін табу. *Сарбаздар жеңген соң, Әбдіғаларды да дестелеп жөнін тауыпты* (Торғ., Жанг.).

ДЕСТЕ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Торғ., Жанг.) орып жатқан егіннің (бидай, тары т.б.) бау тәрізді ең кішкене үйіндісі. *Он шақты дестеден үлкен бір бау шығады* (Торғ., Жанг.).

ДЕСТЕ БЕРУ (Жезк., Ағад.) егін орып жатқанда келген адамдарға егіннен сый беру, сыбаға беру салты. *Е, ораққа берсе берсін деп келген екенсіңдер — өздеріңе десте берейін, алыңдар* (Жезк., Ағад.).

**ДЕСТЕЛЕУ** (Маң.: Маңғ., Шевч.; Торғ., Жанг.) баулау, орып жатқан егінді (бидай, тары т. б.) десте-десте етіп жинау. *Қолмен орып келе жатқан егінді орақшылар дестелеу үйін кете береді, кейін дестеден қырманға тасиды* (Торғ., Жанг.).

**ДЕСТҮР** (Маң.: Маңғ., Шевч.) дәстүр. *Түрікпендердің дестүрі — шоқтың үстіне адам басына бір-бір дүмше қояды* (Маң., Маңғ.).

**ДЕС ТИЮ** (Қар., Қарк.) билік тию, билік құру, қожалық ету. *Оған да бір дестиген екен* (Қар., Қарк.). *Дестимеске дестисе, тек жатқызбас үйінде* (Ғ. Мұс., Дау. кейін., 1959, 357).

**ДЕТМЕЛ АЙТУ** (К. орда, Арал) ақыл айту, басалқы айту. *Үлкен адам жастарға детмелайтар болар* (К. орда, Арал).

**ДЖӘНӘЛІК** (МНР) жаңалық.

**ДЖӘРӘЙДІ** (МНР) жарайды, мақұл.

**ДИГАРИДА** (Жамб., Шу) намаздыгерде, күн батып бара жатқан кезде. *Мен дигарида малдан келдім* (Жамб., Шу).

**ДИДАР ҒАЙЫП** (Алм., Нар.; Ташк.: Ордж., Акк., Бос.) адам бір-бірімен қашан да болса көріседі, жолығысады. *Дидар ғайып деген осы, Шырағым, тағы да кездесіп отырмыз* (Ташк., Бос.).

**ДИКАН ДАРЫСЫН** (Алм., Жам.; Жамб., Шу) астық мол болсын, егінге береке дарысын, қырман тасысын. *О, жігіттер, диқан дарысын* (Алм., Жам.).

**ДИЛЫ** (Шымк., Қызылж.) күйлі, тын, күйі жақсы. *Малдары қыстан дилы шығыпты. Қария дилы екен.* (Шымк., Қызылж.). К. дилі.

**ДИЛІ** (Шымк., Арыс.) күйлі, тын. *Мал қыстан дилі шықты* (Шымк., Арыс.). К. дилы.

**ДИМАР** (Қарак., Қоң.) күш, әл-қуат, қайрат. *Өлген бала есіме түскенде димарым құрығандай болады* (Қарак., Қоң.).

**ДИСӘРІ** (Шымк., Түлк.) төрт килограмға тең салмақ өлшемі. *Төрт дисәрі бір бут болады* (Шымк., Түлк.).

**ДИУАЛ** (Қарак., Тахт.) дуал. *Жайымның сыртын айналдыра диуалмен қоршап бітірдім* (Қарак., Тахт.).

**ДИУАЛДАС** (К. орда, Арал) іргелес, қабырғалас, дуалдас. *Жалғыз інім бар еді, айалының үйі өзіммен диуалдас* (К. орда, Арал).

**ДИУАР** (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) үйдің қабырғасы. *Биыл үйдің диуарын ғана тұрғызып алсақ, келер жылы бітіріп алар-*

*мыз деп отырмыз* (Түрікм.: Таш., Көнеүр.).

**ДИЯХАН** (К. орда, Арал) молда, ғұлама молда, ишан. *Қасым дияхан адам болыпты* (К. орда, Арал).

**ДОБИТ** (Тау., Кош.) дойбы. *Кел, екеуіміз добит ойнап жіберейік* (Тау., Кош.).

**ДОБИТ БОЛУ** (Орал, Чап.) ойыннан ұтылған адам. *Ол дойбы ойнап добит болды* (Орал, Чап.).

**ДОБИЯ** (Жамб.: Мер., Шу) білезікке орнатылған қызыл түсті бедер. *Білезікті отқа салса, добиясы жанып кетеді* (Жамб., Мер.).

**ДОҒА** (Торғ.: Жанг., Аман.; Жамб.: Қор., Мер., Луг., Шу) айылбас. *Менің айылымның доғасы үзіліп түсіп қапты* (Торғ., Жанг.).

**ДОҒАБАС** (Сем., Абай) тартпаның, айылдың, үзенгінің басына тағатын металл ілгешек. *Бұрын доғабасты темірден, қоладан жасайтын, енді пластмассыдан да жасайтын болды ғой* (Сем., Абай).

**ДОҒАЛ** (Шымк., Мақт.) епсіз, олак. *Өзі бір доғал адам* (Шымк., Мақт.) К. доған.

**ДОҒАЛА I** (Торғ., Жанг.) малдың көзінің шел қаптауы, көбіне сокқыдан болады. *Бұзауымыздың көзі томпып шелденіп ісіпті, шамасы, доғала болған-ау* (Торғ., Жанг.).

**ДОҒАЛА II** (Жезк., Ұлы.) жіптің шатысып түйіншктелуі, түйіншек. *Жіп доғала боп қалыпты, соны жазамын деп көп әуре болдым* (Жезк., Ұлы.).

**ДОҒАЛАИ** (Сем., Ұрж.) үш-төрт айлық лақ. *Әли доғалайын көкпар тартуға беріпті* (Сем., Ұрж.).

**ДОҒАЛАИ БӨРЕК** (Сем., Ұрж.) елтірі бөрік, көбіне лақтың елтірісінен жасалады. *Менің доғалай бөркім қайда, біреу киіп кеткен бе?* (Сем., Ұрж.).

**ДОҒАЛАҚ I 1.** (Акт.: Шалк., Ойыл., Тем., Жұр.; Қост.: Об.) арбаның дөңгелегі. *Арбаның доғалағын жөндеді* (Акт., Шалк.). *Мына бір доғалақтың он екі шабағы бар екен* (Қост., Семноз.). 2. (Қост., Об.; Маңғ., Шевч.) шығыршық. *Маған бір доғалақ керек еді, сенде бар ма?* (Қост., Об.).

**ДОҒАЛАҚ II** (Алм., Іле) түйеге артқан жүк, тең. *Олар түйеге доғалақ артты* (Алм., Іле).

**ДОҒАЛАҚ III** (К. орда, Арал) дәрскі тұрпайы, қарапайым. *Біздің әңгімелер доғалақ қой* (К. орда, Арал).

ДОҒАЛАТПА (Тау., ош.; Шығ. Қаз., Зайс.) ұнды майға қуырып, оған сүт не су қосып жасаған тамақ; бөкпе көже. Анасы Мәделге доғалатпа жасап берді (Тау., Қош.).

ДОҒАЛАУ (Сем.: Абай, Шүб.) дуалау, дуалап басын айналдыру. *Сені біреу доғалап жіберді ме — басың айналып қалған сыйықты* (Сем., Шүб.).

ДОҒАН (Қост., Об.) олақ, дөкір. Мынау бір доған адам екен (Қост., Об.).  
К. доғал.

ДОҒАНАҚ // ТОҒАНАҚ (К. орда, Арал; Ақт., Ырғ.) сүйретпенің арқан байлайтын ілгек ағашы. *Арқанды доғанаққа байлаймыз* (Ақт., Ырғ.).

ДОДА I (Сем.: Ақс., Көкп., Абай; Шығ. Қаз.: Зайс., Тарб.) шашылып жатқан коқыр-соқыр, кикым-сиқым. *Анау жатқан — қалың бозды жерден шабылған шөптің додасы* (Шығ. Қаз., Зайс.).

ДОДА II (Алм.: Шел., Кег.; Торғ., Жанг.) көкпар тартушылардың бір жерге ұйлыққан тобы, апыр-топыр шоғыры *Болатбай додаға кірді дегенше, көкпарды алып шығады* (Алм., Кег.).

ДОЗҒАҚ (К. орда, Арал) қоғаның басы, өсімдік қураған кезде желге ұшып кегеді.

ДОИ ДАЛА (К. орда, Қарм.) иен дала, елсіз дала. *Жақсы адам бір анадан, Жаман адам той даладан* (К. орда, Қарм.).

ДОИМА (К. орда, Қарм.) егіннің басын үгітетін құрал. *Егінді той мамен де сабалап үгіп алатынбыз* (К. орда, Қарм.).

ДОИМАН (Шығ. Қаз., Больш.) ірі, атайман, сайдаут (адам туралы). *Кәдірхан күрескенде тойман жігіттерді жығып кететін* (Шығ. Қаз., Больш.).

ДОЙЫР I (Түрікм., Небид.; Маң.: Маңғ., Шевч.; Орал, Жән.) қорғасын өзек салып өрілген ерекше қамшы. *Арқасын тойыр батқан адам не амал жасамасқа* (Маң., Маңғ.). *Қара жігіт қонышындағы тойырын суыра Жалықнасқа тап берді* (Ә. Сәрс. Толк. туғ., 336). *Қасқыр болар, сірә, — деді жігіт көк алақан тойырын нығырлап* (Ғ. Сл. Дөң ас., 8). Ильминский: *дойыр* (Материалы... 122).

ДОЙЫР II (Түрікм.: Красн., Ашх., Небид., Таш.) шынжыр балақ, шұбар төс; азулы. *О кезде атқа мінгендер ылғи жуан тойыр, кең балақтар тұқымы* (Түрікм., Таш.). Бұл сөз көбіне жуан дойыр деген тіркестің құрамында ұшырайды.

ДОЙЫР ЖЫҒАР (Маң.: Маңғ., Шевч.) қыз ұзатылардағы алатын алым, кәде. *Күйеу аттанарда жеңгелері тойыр жығар алатын* (Маң., Маңғ.).

ДОҚАБА (Жамб., Жуа; Шымк., Кел.) түкті барқыт. *Кісілерге доқабамең тыстаған жастық тастады* (Шымк., Кел.). *Сайлардың бетегелі бұлымдары бір жері тақыр, бір жері ашаң, жасыл тозған доқабадий* (Ш. Мұрт. 41-ж. кел., 1972). Барқыттың бұл түрін Торғай маңының казактары бұлыш, бұзау жалаған деп атайды. Оңтүстік өңірдің көп жерінде бұл сөз доғада деген фонетикалық нұсқала айтылады.

ДОҚ ҚЫЛУ (Жамб., Тал.) дікілдеу, коқандау, бұйрық қылу. *Жүрсен доққылмай жайыңа жүр* (Жамб., Тал.).

ДОЛАЙЫМ (Маң.: Маңғ., Шевч.) толайым, түгелімен, сыпыра. *Шапқан шөпті жел долайым ұшырып әкетіпті* (Маң., Маңғ.).

ДОЛАН (Қост., Об.) сөзге орашалақ, шоркақ. *Азамат сөзге, әзілге долан, құлық білмейтін олақ көрінді* (Б. Майл., Шығ., V, 79).

ДОЛАН ТОПШЫ (Сем., Ұрж.) қарағаш тәрізді ағаштың бір түрі. *Көктерек шатыда долан топшы көп өседі — долан топиының көргің келсе, сонда бар* (Сем., Ұрж.).

ДОЛАН (Торғ., Жанг.; Қост., Об.) 1. топас (адам туралы). *Сенің айтып отырғаның — бір долаң адам ғой деймін* (Торғ., Жанг.); 2. қолапайсыз, икемге көнбейтін. *Анау өгіз долаң мал — бұрылуының өзі қиын* (Қост., Об.).

ДОЛАУ (К. орда, Қарм.) долы, ызақор, ашушан. *Ол жігітің бір долау қатыңға кез болыпты ғой* (К. орда, Қарм.).

ДОЛУРУ I (Маң., Маңғ.) ызалану, ашуға булығы, долдану. *Неғын долұруп отыр өзі* (Маң., Маңғ.). *Шақар адамдардың әбден амалы таусылғанда қатынша долырып, өз шаштарын өздері жұла беретін әдеті емес пе?* (Ә. Көкіл. Үркер. 1981, 305).

ДОЛУРУ II (Торғ., Жанг.) ісіну, қызарыну, домбығу. *Жылғаннан беті-аузы долұрып ісіп кеткен* (Торғ., Жанг.).

ДОЛЫ I (Шымк.: Сайр., Қызылк., Тұл.; Қарағ., Қарк.; Жезк., Ағад.; Жамб., Шу) бұршақ, қатты даулы араласқан жаңбыр, қара нөсер. *Биыл бір мәрте долы жүрді* (Шымк., Сайр.). *Егінді долы ұрған жоқ* (Жамб., Шу). *Долы жүріп егінді ұрып кетті* (Қарағ., Қарк.).

ДОЛЫ II (Маң.: Маңғ., Шевч.; Ақт.: Ырғ., Шалк.; Түрікм., Красн., Небид.)

кұдықтың өлі балшығын сыртқа шығаруға арналған теріден, қалың матадан жасалған ыдыс. Шымыраудың түбіндегі балшықты сыртқа долымен шығарамыз. До­лының арқаны шығарға ілініп, оны түйемен тартады (Маң., Маңғ.). К. долық.

ДОЛЫҚ I (К. орда, Арал) шыңырау құдықтың лай, батпағын арылту үшін қолданылатын қап, ыдыс. Шыңырау құдықтан долықпен лай шығарып, судың бетін аштық (К. орда, Арал). К. долы II.

ДОЛЫҚ II (Сем.: Абай, Ақс., Көкп., Шұб.) бәйге атының желігі. Аттың долығын шығарайын деп едім (Сем., Абай).

ДОЛЫҚ III (Ақт., Жүр.) сазды, багпақ жер.

ДОЛЫҚ IV (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары) жезөкше, жөлеп (әйел туралы). Бұрын бір долыққа кез болып, кейін әйел алмай қойды (Түрікм., Тедж.).

ДОЛЫҚ V (Талд., Ақсу) ашу, ыза. Долданған долығыңа шыдай алмай, Алдында үріккен қойдай дүркіресін (Талд., Ақсу «Ленин жолы», 1942, № 18).

ДОЛЫЛАУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) құдықтың түбіндегі өлі балшықты долымен (к.) тазалау. Шымырауды кеше ғана долылап болдық (Маң., Маңғ.).

ДОМ (Шымк., Қызылқ.) шыбықтан тоқылып, үстіне тор құрылған құрал, ау. Домды биіктеу жерге құрып, қырғи аулаймыз (Шымк., Қызылқ.).

ДОМАЛАҚ БАС [бидай] (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) дәні домалақ болып келетін бидайдың бір түрі.

ДОМАЛАШ ЖІЛІК (Торғ., Жанг.) тоқпан жілік. Домалаш жіліктің бір басы кемік болады (Торғ., Жанг.). Бұл сөздің тоқпан жілік, тоқбас жілік, тоқпақ жілік деген де нұсқалары бар.

ДОМБАЗДАУ (Жамб., Жам.) балшықтан соғу. Балшықтан домбаздап соққан қиқы-жиқы үйлер (Ш. Мұрт. Жұл. көп., 1984, 253).

ДОМБАЙ (Орал: Чап., Жымп., Жән., Қазт.; Гур., Есб.) биік етіп шошайта үйілген шөп. Бір домбай ең аз дегенде бес-алты арба шығады (Гур., Есб.).

ДОМБАҚ (Сем., Аяг.) ірі, зор, үлкен (нәрсе туралы).

ДОМБАҚТАУ (К. орда, Арал) топырақты майдалау. Домбақталған

жердің күлл өвоцы жақсы болады ғой (К. орда, Арал).

ДОМДАП СОҒУ (Жезк., Ұлы.) дуалды балшықтан құю. Үйдің қабырғасын домдап соғып жатырғанбыз. Домдап соққан да еш нәрсеге бұрылуға шамаң келмейді ғой (Жезк., Ұлы.).

ДОНДЫ ЖЕР (К. орда, Қарм.) атаққы жер, данқты тұқым, шынжыр балақ. Ол бір бай, донды жердің қызы көрінеді (К. орда, Қарм.).

ДОНДЫҚША (Орал, Жән.) 15—16 шамасындағы бала. Біз ол кезде дондықша жігіт едік (Орал, Жән.).

ДОҢ АЙБАТ (К. орда, Арал) зор айбат, қорқыту, айбат көрсету. Бізге доң айбат көрсетті (К. орда, Арал). Өз күшін осылай өнімсіз контракалар жасап, доң айбатпен жасырмақ болды (Ә. Нұрп., Курл., 1950, 429).

ДОҢҒАЛАҚ (Торғ.: Жанг., Аман; Павл., Ерт.; Ақт.: Ойыл, Тем.; Орал, Қарат.; Түрікм., Таш.) дөңгелек. Арбаның доңғалағы сынып, жолда тұрып қалдық (Ақт., Тем.). Әртел шебері доңғалақты қалайша қалпына келтірудің жөнін таба алмай қиналуда (Ақт., Ойыл). Осы сансыз көп аяқтар мен доңғалақтардың әлсін-әлсін көтерген сарғылт тозаңы бүкіл жол бойындағы әуеде кілкіп, мұнарланып тұр (Ақт., Тем.).

ДОҢҒАЛАУ (Шығ. Қаз., Больш.) дөңгелеу, дөңгелеп айналу. Қырдан ойға қарай доңғалап барады (Шығ. Қаз., Больш.).

ДОҢЫЗ (Торғ.: Аман., Жанг.) өлең шөптің бір түрі, сабағы ұзын, жуан болады. Доңыз тек сулы жерге шығады (Торғ., Жанг.).

ДОҢЫЗ АЙБАТТАНУ (Алм., Кег.) ызасы келу, қатты ашулану, ашуға бұлығу. Востан-басқа доңыз айбаттанып отырудың жөні жоқ (Алм., Кег.).

ДОНЫЗ ҚОҒА (К. орда: Қарм., Жал., Сыр.) түсі кара қоңыр қоға. Сырдың бойында доңыз қоға өседі (К. орда, Қарм.).

ДОНЫЗ ҚОЙ (Түрікм.: Таш., Көнеүр.) мериносъ, биязы жүнді қой. Құйрықты қазақы қой болмаса, біз доңыз қойды мал екен деп ұстамаймыз (Түрікм., Таш.).

ДОҢЫЛ МІНЕЗ (Маң., Шевч.) тоң мінез, жаман мінез.

ДОПИЯЗ (Жамб., Шу) жуа тәріздес, түсі ақшыл қышқыл дәмді тау өсімдігі. Допияз таулы, тасты жерге шыға-

ды, жуандығы шынашақтай болады (Жамб., Шу).

**ДОПЫ** (Жамб., Жам.) такия. *Допы киген бала кім?* (Жамб., Жам.). **К. топы.**

**ДОРМЕТ** // **ДӨРМЕТ** (Қарак., Қон.) бүліншілік, дүрбелен, ылаң. *Бұрынғы кездегі баспашылар тыйыш отырған елді дорметке ұшырататын* (Қарак., Қон.).

**ДОС АЙТЫСҚАН** (Ман.: Маңғ., Шевч.) достасқан, дос болмаққа уәде байласқан. *Сейтақмет пен Иса осылай да осылай деп, ақыры, дос айтысып тарасқан екен* (Ман., Маңғ.).

**ДОСҚЫ ШӘЙ** (Ман.: Маңғ., Шевч.) тақта шай. *Дүкенге түскен досқы шәйдің бір бөлігін алдым* (Ман., Маңғ.). Мұндағы *досқы* — орыстың «доска» деген сөзінің өзгерінді нұсқасы.

**ДОСОРАМАЛ** (Жамб., Жам.) қол орамал, сулық. *Әке, ана досорамалды орнына іле сал* (Жамб., Жам.).

**ДОШАЛА** (Шығ. Қаз.: Зайс., Гл.) таулы, тасты жерде өсетін жеміс түрі, дәмі қышқыл. *Қарап жүргенше тауға барып дошала теріп қайтыңдар* (Шығ. Қаз., Гл.). **К. тошала.**

**ДӨБӨЙТ** (Ақт., Қарба.) шыдау, бару, жүрегі дауалау. *Менімен қалжыңдасуға жүрегің қалай дөбөйт* (Ақт., Қараб.).

**ДӨДЕГЕ** (Талд., Ақсу; Сем.: Абай, Аяғ., Шұб.) шатырсыз үйдің төбесінің жиегіне салынған бума камыс. *Дөдегесі жоқ үйдің қабырғасын жаңбыр шайып кетеді* (Талд., Ақсу). Киіз үйдің үзігінің жиегіне салған өрнек мағынасында бұл сөзді казак елі тараған қоныстың орталық — солтүстігінен, батысынан кездестіруге болады.

**ДӨДЕК ҚАҒУ** (Сем., Аяғ.) дедек қағу, тыным таппау. *Дамыл таппайды ертеден кешке дөдек қағады* (Сем., Аяғ.).

**ДӨЙ I** (Ақт., Ойыл) дәу, ірі, денелі. *Дөй қара жігіт өзі мен Назар екеуінің арасында тұрған кісілердің үстінен созылып, Назарға тіл қатып жатыр* (Т. Ахт., Дала сыры, 165).

**ДӨЙ II** (Сем.: Мак., Ұрж.; Жезк., Ағад.) даңқы зор, атакты. *Бәрің де институтты бітіріп дөй боп шығамын де* (Сем., Ұрж.). *Дөйлердің аузынан шыққан сөзі де дөй* (Жезк., Ағад.).

**ДӨЙДІР** (Сем., Абай) дәу, үлкен, зор. *Анау өзі бір дөйдір кісі екен* (Сем., Абай).

**ДӨЙПЕС** (Алм., Кег.) ірі, зор, дөкей. *Өңкей бір дөйпес жігіттер жиыналған екен* (Алм., Кег.).

**ДӨЙІЗ** (Алм.: Енб. қаз., Шел., Іле) оңбаған, антұрған, жексұрын. *О, мы-*

*науын бір дөйіз екен. Бұл — араб сөзі. К. дәйіс.*

**ДӨКЕЙ** (Орын., Домб.; Көкш., Қызыл.; Сем.: Абай, Шұб., Ақс., Көкп.; Тау., Қош.; Павл., Леб.; Ман.: Маңғ., Шевч.; Қарак., Мой) ірі, зор, үлкен. *Сенің сұрап отырғаның — бір дөкей жігіт болатын* (Орын., Домб.). *Бұл екеуінің ең дөкейі — пристав* (Ә. Сәрс., Толк. тұғ., 1953, 403). *Осы үш дәудің ең дөкейі қайсы екені әзірге маған белгісіз* (Сонда, 403).

**ДӨКЕТ** (Көкш.: Уәлих., Қызыл.; Павл., Леб.; Қар., Қарк.; Шығ. Қаз.: Марк., Больш.; Қарак., Мой) үлкен пышак. *Ана дөкетті әкелші, мен сонымен айырдың сабын жоңайын. Дөкет пен ет турауға болмайды* (Көкш., Қызыл.). Бұл сөздің Көкшетау, Торғай маңында айтылатын *лөкет* деген де нұсқасы бар. *Дөкет* дегеніміздің барлық өңірдегі білдіретін мағынасы біркелкі емес: шығыс алқаптың қазақтары *дөкет* деп өтпейтін пышақты айта, Қазақстан қазақтары ұстараны осылай атайды.

**ДӨКІТУ** (Шығ. Қаз., Больш.) жайпап тастау, апырып-жапырып істеу. *Ол келе сала шөпті дөкитті* (Шығ. Қаз., Больш.).

**ДӨКІР** (Ақт., Ойыл) дөң мінез, тон мойын. *Азды жеткізем, жоқты бар қылам деп азапқа түскенімді, дөкірлерден сөз естіп, жалақордан жапа шегім түңі бойы жылап шыққанымды да ешкім көрген жоқ* (Т. Ахт., Дала сыры, 249).

**ДӨЛЕНЕНІ ҚАҒУ** (Орал, Орда) аңның декбейін алу үшін айқай салу, қиқулау. *Біздің аяңдай бастағанымыз сол-ақ еді, артымыздан бір адам дөленені қағып келе жатыр. Шошып кетіп тұра қалдық, сүйтсек қасқырды апанға қуып тыққан екен* (Орал, Орда).

**ДӨМПЕЙІС** (Гур., Бакс.) дөнес, биіктеу жер. *Осы көрінген дөмпейіс ертеде қорған болыпты* (Гур., Бакс.).

**ДӨҢБЕКШІТУ** (Сем.: Абай, Шұб.) отты көсеу, аударыстыру. *Ошақтағы отты ары-бері дөңбекшітіп отырып өшіріп алды* (Сем., Абай).

**ДӨҢГЕЛЕК** (Сем.: Ақс., Көкп., Шұб.) шелпек, майға пісірілген жуқа нан. *Ол қонақтарға арнап дөңгелек пісірді* (Сем., Ақс.).

**ДӨҢГЕЛЕК БӨРІК** (Орал, Жән.) бөрік (жиегіне айналдыра елтірі ұстайды). *Дөңгелек бөркіңді тіктіріп қойып, қысқа дайын отырсың ғой, сірә?* (Орал, Жән.).

ДӨНДЕЙ (Сем., Абай) ірі, зор. *Мынауың бір дөңдей өгіз екен* (Сем., Абай).

ДӨҢКЕ (Шымк.: Сайр., Қызылқ.) жанғырық ағаш. *Дөңкені астына қоймасаң, балтаның жүзі мұқалады* (Шымк., Сайр.).

ДӨҢСЕ (Маң.: Маңғ., Шевч.; Гур., Есб.; К. орда, Арал) дөнес, биіктік, қыраңдау жер. *Осы дөңселердің бәрі зілзаладан болған дейді* (Гур., Есб.). *Сол жақ қапталдағы дөңсені айнала бергенде, алдыңнан бір дәуірім сай кездеседі* (Маң., Маңғ.).

ДӨҢІРЕК (Қарак.: Қоң., Шым.) төнірек, маңай, айнала. *Ауылдың дөңірегіндегі жайылып жүрген малдарды мақтаға түсіп кете ме деп, Жаңабай қырды асырып жіберді* (Қарак., Шым.).

ДӨП (Қост., Фед.) талдың қабығынан алынатын қызғылт сары түсті бояу. *Дөпке салған тері қарамаға жақсы әрі жұмсақ келеді* (Қост., Фед.).

ДӨПІТ (Сем.: Ақс., Көкп.) айғайшыл, қара дүрсін, о жар. *Мына кісі баяғыда дөпіт белсенді атанған еді* (Сем., Ақс.).

ДӨР (Орал, Жән.) төр, үйдің төр жағы. *Дөрге шығыңыз, сыйлы қонағымыз болыңыз* (Орал, Жән.).

ДӨРБИГЕН (Талд., Қоғ.) дорбыйған. *Аузы-басы дөрбиген біреу екен* (Талд., Қоғ.). *Аяғында ақжұлықтанған ескі қонышқа қоңыр көннен бас салып тігілген дөрбиген үлкен етік* (С. Мұрат., «Жұлдыз», 1987, № 1, 7).

ДӨРКЕР (Талд.) зәру, ділгер. *Біз ондай нәрсеге дөркер емеспіз* (Талд.). **К. дәркер.**

ДӨРТ (Орал: Чап., Жән., Қазт.; Сем.: Ақс., Көкп., Аяғ., Абай, Шұб.; Шығ. Қаз., Больш.) төрт. *Біздің елде дөртуыл найман дейтін ру бар* (Сем., Аяғ.). Бұл сан есімнің басқы шебіндегі дұяңы осы сөзден жасалған өзге туынды, біріккен сөздердің құрамында да сақталып айтылады (Дөртбай, дөртінші т. 6.).

ДӨШІН (Сем., Абай) бөлек, ерекше. *Бұл дөшін нәрсе екен* (Сем., Абай).

ДУАИПАТ (Жамб., Жуа.) дәрекі, дүлей (адамның мінезі туралы). *Дуайпат мінез* (Жамб., Жуа.). *Қаниа дуайпат айқайшыл болса да, туысқан шіркін қиын екен* (Ш. Мұрт., Жұл. көп., 1984, 82). *Көріңген дуайпатқа үлестіріп жатыр деп не ең мұны өкімет* (Ш. Мұрт., 41-ж. кел., 1972).

ДУАЛАК (Сем.: Ұрж., Мак.; Жезк.: Жаңар., Ұлы.) дуадақ. *Дуалақ жерден бір көтеріліп, біраз ұшып барып*

*қайта қонды* (Жезк., Ұлы.). Бұл сөздің осы нұсқасы қазақ жұрты тараған өңірдің оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймағы мен орталық аймағының кей жерлерінде кездеседі. Солтүстік алқаптың қазақтарында ол тек *дуадақ* деген үлгіде айтылады. Әдеби тілімізде *дуадақ* // *дуалақ* дегендер жарыса қолданылып жүр. Бұл сөз - дақ (лак) деген қосымшаның көмегімен *дуа* деген сөзден жасалған *түйе* сөзінің осы нұсқасы (*дуа*) кей түркі тілдер мен көне жазбалардан кездеседі (Досқараев Ж. Кейбір фонетикалық құбылыстар. КТТ мен ДМ, 5-шығ., 144).

ДУАЛЫ (Маң.: Маңғ., Шевч.) өтірік айтпайтын, ұшқары сөйлемейтін. *Өскембай — дуалы деген жігіттердің біреуі* (Маң., Маңғ.). Бұл сөз Торғай жағында *аузы дуалы* деген тіркестің құрамында ғана айтылып, «айтқаны тура келетін, аузынан шыққан сөзі расқа айналатын» деген мағынаны білдіреді.

ДУБАН (Шығ. Қаз., Зайс.; Сем., Ұрж.) өлке билеушісі, патша өкіметі тарапынан қойылған ресми өкім. *Дубан келе жатыр дегенде жылаған бала жылауын қоя қоятын* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Өлке қожасы бұрын дубан атанғанымен, қазіргі халі мүшкіл* (Ж. Тіл., Жоңғар, 1959, 6). Ж. Болатовтың көрсетуінше бұл — қытай тілінен ауысқан сөз.

ДУДАН (Маң.: Маңғ., Шевч.) шөлді жерде тіршілік ететін дуадақ тәрізді құс. *Дуданды біз құл құс дейміз* (Маң., Маңғ.). Бұл сөздің түбірі *дуадақ* сөзімен бір болу керек. **К. дуалақ.**

ДУЛЫҒА (Маң., Шевч.; Орал: Орда, Жән.; К. орда, Арал; Түркм.: Красн.-Таш., Тедж.) 1. айыр түйенің өркешінің ұшар басындағы шуда. *Шіркін, түйе-ақ емес пе — екі өркештің арасына отыра қалсаң, дулығасы басыңнан асып тұрады екен* (Орал, Орда). *Жылқылары жабы екен. Қоңыр атан қос өркеи, Дулығасы дудардай, Нағыздан туған нарекен* (Гур., Маңғ.); 2. үйдің шатырының қыры, биік жері. *Үйіңнің дулығасы тым аласалау ма деп ойладым* (К. орда, Арал).

ДУРЫ (Түркм.: Таш., Көнеүр.) тура, дұрыс, жөн. *Істеген ісіңнің бәрі дұры болса, өзіңе-өзің сенімді боласың* (Түркм., Көнеүр.).

ДУШАРЫНА КЕЛУ (Маң.: Маңғ., Шевч.) маңдайына жазу, талайына кездесу. *Осы бейнетті құдайдан тілеп алды деймісің, дұшарына келсе не қайран қылсын* (Маң., Шевч.).

ДУМАЛАК (Алм.: Жам., Еңб. қаз.;

Шымк., Кел.) домалақ. *Жерді дұмалақ деп айтады ғой, шыннан да, солай ма екен?* (Алм., Жам.). Кейде бұл сөзге күшейткіш буын жалғанып, *дүп-дұмалақ* деп те айтылады: *Жыланның жұмыртқасы дүп-дұмалақ болады* (Алм., Жам.).

**ДҰМАН** (Қарак.: Қон., Шым.) тұман. *Күздің суық дұманы егінді мұздатып кетпесе болар еді* (Қарак., Қон.). Қарак. *думан*.

**ДҰРБАТ** (Маң., Маңғ.) тұрпат, адамның сырт пішімі, тұтас бейнесі *Түрікпендердің моласында адамның ұзын дұрбатына ұқсайтын тас болады* (Маң., Маңғ.).

**ДҰРЫҚ** (К. орда, Арал) некесіз туған. *Бұл өз әкесінің баласы емес, дұрық туған бала болу керек* (К. орда, Арал).

**ДҰШПАН** (Түркм.; Таш., Көнеұр.; Қарағ., Шет.; Торғ., Жанг.) дұшпан. *Ауызың толаған қан болса, дұшпаныңның алдына төкпе* (Қар., Шет).

**ДҰШПАРА** (Жамб., Сар.; Шымк., Келес) тұшпара. *Дұшпараның ішіне пияз, бұрыш салады, кейде бөлектеп жұмыртқа да салады. Дұшпара өте сүйкімді тамақ* (Жамб., Сар.).

**ДҰШПАРАЛАУ** (Қар., Шет) тұшпара т. б. ет тағамдарын дайындаған кезде ішіне сарымсақ, пияз, бұрыш, лавр жапырағын қосу. *Тартқан етіңе сарымсақ, бұрыш қосып дұшпаралап жібер* (Қар., Шет).

**ДҰБӘРӘ** (Орал: Чап., Жымп., Қарат.) ерте туған бұзау. *Дүбәрә семіз болса, күзде союға жарап қалады* (Орал, Жымп.). **К. дүбірә.**

**ДҰБІЛУ** (Орал, Жән.) дүрлігу. *Неменеге осынша дүбіліп жатырсыңдар* (Орал, Жән.). *Сағаға соға кетейін деп ымырттатып келсем, Танекең жігіттері ойын жасаймыз деп дүбіліп жатыр екен* (Х. Есенж. Ақж., I, 181).

**ДҰБІЛІС** (Гур., Есб.) дүрлігіс, жиын. *Талжібек осы дүбілісті пайдаланып, келіп құттықтамақ-ты, жаңағы кірген есігінен адасып қалды* (Ж. Нәжім. Кішк. 1975, 147).

**ДҰБІРАЯҚ** 1. (Сем.: Ақс., Қөкп.; Жам.: Шу, Мер., Корд., Луг.) ерте туған төл; бұзау, қозы-лақ, құлын. *Мынау дүбіраяқ кімдікі?* (Сем., Ақс.). *Дүбіраяқ мезгілсіз уақытта туады* (Жамб., Мер.); 2. (Талд.: Гв., Қоғ.; Тау., Қош.; Сем., Абай) қыста, ерте туған бұзау. *Бұл бұзау ерте туған дүбіраяқ екен* (Талд., Гв.). *Сіздің фермада*

*қазір қанша дүбіраяқ бар, барлығын санаңыз* (Тау., Қош.).

**ДҰБІРӘ** 1. (Маң.: Маңғ., Шевч.) ерте туған қозы; 2. (Қар., Қарк.) ерте туған бұзау. **К. дүбәрә.**

**ДҰБІРӘ ҚОЙ** (Түрікм.: Таш., Тедж.) екі тұқымның арасынан шыққан қой. *Қоңыр қозы дүбірә қойдың қозысы ма жеңеше?* (Түрікм., Таш.).

**ДҰБІРӘН** // **ДҰБІРӘНӘ** (Сем., Абай) бұзау, тайынша. *Мынандай ересек бұзауды біз дүбірән дейміз* (Сем., Абай).

**ДҰБӘРӘНДІК** (Қар., Шет) ерте туған төл. **К.: дүбәрә, дүбірә, дүбіраяқ.**

**ДҰЗГҮН** (Түрікм.: Таш., Ашх., Байр.) тәртіп, ереже, заң. *Елдің дүзгүніне бағынбауға бола ма?* (Түрікм., Таш.). Түрікменше — *дузгун* (Түркм.-рус. сл., 1940).

**ДҰЗТЕРУ ШИ** (Түрікм.: Красн., Ашх., Таш.) Қошқар мүйіз өрнегімен оралып тоқылған ши.

**ДҰЗІ** (Маң., Маңғ.) Өлген адамды жүз күннен кейін еске түсіру салты. *Ертең — кемпірімнің дүзі, мынау — соған дайындаған малым. Әкесінің дүзін берейін деп жатыр* (Маң., Маңғ.). **ДҰЗІК** (Алм., Жам.) дұрыс. *Жолы дүзіктің ісі алға баспақ, әкем* (Алм., Жам.).

**ДҰЗІЛІС** (Қарак., Қон.) құрылыс, түзіліс. *Колхоз дүзілісі Отан соғысы кезінде өзінің мықтылығын көрсетті* (Қарак., Қон.).

**ДҰКЕНШІК** (Қост., Ордж.) сатушы. *Үй іесінің әйелі дүкеншік еді, бүгін қалаға кетіпті* (Қост., Ордж.).

**ДҰКЕРТ** I (Сем.: Мақ., Ұрж.) өткір пышақ. *Дүкерт болмаса, анау-мынау кездікті қынға салмаушы едік* (Сем., Ұрж.).

**ДҰКЕРТ** II (Сем., Абай) ауыр, қиын іс. *Осы жұмыс маған бір дүкерт болды* (Сем., Абай).

**ДҰКЕРТ** III (Алм.: Іле, Жам.) қайшы. *Дүкертті әперші, кездеме қыяйын* (Алм., Жам.). Парсыша — *дәһрә* — кескіш, үлкен пышақ (Қрат. перс.-рус.-азер. сл., 1945). **К. дүкірт.**

**ДҰКІРТ** (Алм.: Жам., Енб. қаз.) мұрт басатын кішкене қайшы. *Мұрт басуға бұл үйден дүкірт табылмас па екен?* (Алм., Жам.). **К. дүкерт III.**

**ДҰЛДӘЛ** (Сем.: Абай, Шүб.) дүләмәл, күмәнді, екіұшты. *Оның айтып отырғаны — бір дүлдәл сөз, өз басым ондайды естіген емеспін* (Сем., Шүб.).

**ДҰЛЕГЕЙ** **ТЕҢІЗ** (Шымк.: Сайр.,

Кызылк.) телегей теңіз. Сайрам тасығанда дүлегей теңіз боп, жерді су алып кетеді (Шымк., Сайр.). Қ. делегей теңіз.

ДҮЛЕУ (Шығ. Қаз., Больш.) шулау, даурығу. Олар кеше тәуір-ақ дүледі (Шығ. Қаз., Больш.).

ДҮМБЕ (Сем., Ұрж.) күздік бидай. Өткен күзде 100 гектар жерге дүмбе ектік (Сем., Ұрж.).

ДҮМБЕЗ (Қост., Жетік.) дүмбілез, шала піскен. Асыққаннан ба, еті аздап дүмбез екен (Қост., Жетік.).

ДҮМБІЛ 1. (Жамб.: Св., Жам.: Қар., Ағад.) дүмбілез, шала піскен, шикі, жас. Дүмбіл қауын (Жамб., Св.). Дүмбіл сүт (Жамб., Жам.); 2. (Жамб.: Шу, Мойын.) жүгерінің шала піскен сүт кезі. Дүмбіл жесе, тез етейді. (Жамб., Шу).

ДҮМБІЛЕЗ (Ман.: Манғ., Шевч.) биіктеу, дөнестеу (жер бедері туралы) Тона көрінген дүмбілез жер — құмырқаның илеуі болар (Ман., Манғ.).

ДҮМДЕЙ (Сем.: Акс., Көкп.) үлкен, дәу, дардай. Біз келе жатсақ, жолда дүмдей болып бір нәрсе жатыр екен (Сем., Акс.).

ДҮМЕУ (Торғ., Жанғ.) қаптау, толу, лықсу (Қост., Жанғ.). Үйіне жаздай кісі деген дүмеу жатыр (Торғ., Жанғ.).

ДҮМПІШТЕУ (Қарак., Қон.) пісіп тұрған егіннің басындағы дәнін үгіп алу. Кеше үгіп алған жүгерісінің бастарын дүмпіштеп жатыр (Қарак., Қон.).

ДҮМШЕ 1. Қ. орда: Сыр., Жал.; Түрікм.: Небид., Жеб.; Орал; Ман., Манғ.) шай шығаратын аққұман. Дүмшеге шай демдей қой, балам (Қ. орда, Жал.); 2. (Қ. орда, Арал; Түрікм.: Таш., Мары, Қиян.) қолға су құятын ұзын мойынды құман. Дүмшеге су құйып әкеліп, қонақтың қолына су құй (Қ. орда, Арал). Дүмшені әкеп мимандардың қолына су ағыз (Түрікм., Таш.). Дәмі ұнамаса, айтыңыз, сізге басқа дүмшені құйсын (Ә. Кекіл. Үркер, 1981, 379).

ДҮМШЕДЕЙ (Ман.: Манғ., Шевч.) кішкентай, домаланған (домалақ, жұмыр нәрсе туралы). Дүмшедей басына дәңгелдей этішкірмен салып қалыпты (Ман., Манғ.).

ДҮНГЕНШЕ АРБА (Жамб., Шу) екі дөңгелекті арба. Дүнгенше арбаға тек ешек жегеміз (Жамб., Шу). Дәл осындай арбаны қырғыз арасындағы шалақазақтар екі аяқты арба, ал Алма-

ты төңірегіндегілер көтек арба дейді. Бұқар, Хорезм жағының қазақтары мұны қоқан арба дейді (Жамб., Шу).

ДҮНГЕНІ (Көкш.: Еңб., Шуч.) қиянқы, қисық (адам туралы). Ондай дүнгені адамды көрсем, көзім шықсын (Көкш., Еңб.).

ДҮН-ДҮНИЭТ (Гур., Есб.) дүние-мүлік, қазына. Дүн-дүниэт құған адам емес едік (Гур., Есб.).

ДҮНИЕ ҚАЙЫМ (Торғ., Жанғ.; Ман., Маңғ.) қиямет қайым, ақыр заман. Мұндай нәрсе дүние қайым болса да жоғалмайды (Торғ., Жанғ.).

ДҮҢГІРЕК (Түрікм., Красн.) шәшке, шай аяқтың стакан сияқты бөлігі. Шай аяқтың дүңгірегі сынып қалып, шайды кесемен ішіп отырмын (Түрікм., Красн.).

ДҮҢГІРШЕК // ДҮҢГІРЧЕК (Алм., Шел.) қойдың жұмыршағы, Бұрын дүңгірчекке май салатын едік (Алм., Шел.).

ДҮҢГІРШІК (Алм.: Еңб. қаз., Кег.) құты, қаңылтырдан жасалған ашпалы-жаппалы ыдыс. Дүңгіршігі тола су Алм., Кег.).

ДҮҢКІ ЖҮРУ (Қ. орда, Арал) дөрекі мінез көрсету. Бәрі өздеріңнен — түзу жүрмей, дүңкі жүресіңдер (Қ. орда, Арал).

ДҮҢШЕ (Шығ. Қаз., Зайс.) тілмаш, аудармашы. Қытай қазақтарында — дунча — полиция, кеңсе жұмысының адамы.

ДҮПӨҢ (Түрікм.: Таш., Окт.) мылтық, құс мылтық Кешке қарай иығына дүпөңін салып, ойға қарай біреу кетіп бара жатыр еді (Түрікм.: Таш.).

ДҮР I (Жамб., Жуа.; Сем.: Акс., Көкп., Шүб.) шебер, маман. Дүр екенсің, дүрілдеген ақынның бірі екенсің (Жамб., Жуа.). Ақсуат ауданының Калинин колхозында әңгімеге дүр шалдар көп (Сем., Акс.).

ДҮР II (Тау., Қош.) бөспе, мақтаншақ. Біз оны дүр Иманалы дейміз, өйткені ол мақтанып көп сөйлейді (Тау., Қош.).

ДҮР III 1. (Ман., Манғ.) ғұлама, дін оқуын меңгерген адам. Киелі Маңғыстаудай жерлерім бар, Ашпай кәләм оқыған дүрлерім бар (Қашаған ақын). Адамды ақырғаны тоңдырады, бір өзі бір жігіттей он дүр еді (Х. Ерг.); 2. (Түрікм.: Ашх., Тедж., Мары, Таш.) үлкен, зор, ірі. Осы ісімді ішкімнің дүр



қызметіне шалыстырмаймын (Түрікм., Таш.).

ДҮРБІЛТАЙ (Орал: Чап., Жымп., Жән.) кішкентай, шағын. *Құм жақта бір дүрбілтай бие жүр* (Орал, Жән.).

ДҮРЕ (К. орда, Арал) дым, түк, еш-нәрсе. *Бұл қақында мен дүре білмеймін.* (К. орда, Арал).

ДҮРЕГЕЙ (Торғ.: Жанг., Аман.; Сем.: Акс., Көкп.) тазы мен қораға айналатын иттің арасынан туған дүбәрә. *Дүрегейдің ішінде де аңға қосатындары болып қалады* (Торғ., Жанг.).

ДҮРЕГІ (Көкш., К. ту.) үстінде қоршауы жоқ жайдақ арба. *Дүрегі жегіп, астына шөп салайын, соған мініңіздер* (Көкш., К. ту.). Бұл — кірме сөз, орысша *дрог*, *дрог деген сөздің фонетикалық тұрғыдан өзгерген нұсқасы*.

ДҮРЕН // ТҮРЕН (Торғ., Жанг.) соқ-аның жер жыртатын тілі, пышағы. *Қойманың ішіне кілтіші дүренді толтырып қойыпты* (Торғ., Жанг.).

ДҮРЕС ҚОЮ (Жамб., Жам.) дүрсе қою. *Қой деп айтып едім — өзіме дүрес қоя берді* (Жамб., Жам.).

ДҮРЕУ (Акт.: Тем., Жұр.: Түрікм.: Ашх., Красн., Таш., Мары) тарау, өсіп-өну, өрбу. *Біз де содан дүредік, Таргулы жатқан желімсің, Атағы шыққан аймаққа, Айдын шалқар көлімсің* (Акт., Тем.). *Түмен дегеннен қырғыз дүреді* (Акт., Жұр.). *Адайдан сегіз бала дүреді* (Түрікм., Красн.). Түрікменше — *дүремек* (Туркм.-рус. сл., 1940); *қарақалпақша — дөре* (Қарак.-рус. сл., 1958); *togat* — жасау, тудыру (С. Мал., ПДП, 433);

ДҮРЕШКЕ (Жамб.: Шу, Мер., Корд.) жеңіл арба. *Бір кездегі біз мінетін машина дүрешке болатын* (Жамб., Шу).

ДҮРІМ ЖОҚ (Гур.: Есб.; Маң.; Шевч.) түк жоқ, дым жоқ, түк қалған жоқ. *Әуелде сегіз жан еді, содан енді дүрім жоқ* (Гур., Есб.). *Қалтасында ақша дегеннен дүрім жоқ* (Маң., Маңғ.).

ДҮРІС (Сем., Аяг.) дұрыс, жөн. *Осы айтқаныңның бәрі дүріс* (Сем., Аяг.).

ДҮРІШКЕЛЕУ (Түрікм., Небид.) шайға қалампыр, қара бұрыш қосу. *Отағасы жұмысқа кеткенде абысын-ажын жиналып алып, өсекті соғып отырып дүрішкелеп шай ішеді* (Түрікм., Небид.).

ДҮШПӘРӘ // ТҮШПӘРӘ (К. орда., Сыр., Жал., Жаңақор.; Шымк.: Сарыағ., Қел.) ішіне тартқан ет салып қамырын бүріп пісіретін тағам. Бұл оңтүстік өңір-

дің қазақтарына өзбек тілінен ауысқан сөз. Өзге жердің қазақтары бұл сөзді көбіне орысша нұсқасында қолданады. **Қ. дүшпара.**

ДЫБЫЛ (Маң., Маңғ., Шевч.; Акт.: Ойыл, Ырғ.) дыбыс, дабыл. *Есікті ептеп ашсам, үйде біреудің дыбылы шығарды* (Акт., Ойыл.). *Олар көтеріліс жасаған елдің дыбылынан қорқып Ырғызға келді* (Акт., Ырғ.). *Осы қойшының дыбылы көп шығады, соған қарағанда қоздаған қойының жалқысы жоқ па дейм* (Маң., Маңғ.).

ДЫБЫРЛАУ (Сем.: Көкп., Акс.) дабырлау. *Біз келе жатыр едік артымыздан біреулердің дыбырлаған дыбысы естілді* (Сем., Көкп.).

ДЫБЫСТЫ АДАМ (К. орда, Арал) даңқты, атакты адам. *Мынау Мақаштың өзі дыбысты адамның бірі екен ғой* (К. орда, Арал).

ДЫҒАЛ (Орал: Чап., Жән.; Маң.: Маңғ., Шевч., Есб.) үлкен, зор. *Қолхозда дығал өгіздер көп* (Орал, Жән.). *Маған екеуі де жетеді мына дығал табандардың, әйтпесе, тіпті керегі жоқ* (Х. Есенж., Ак Ж., I, 272). **К. дегәл.**

ДЫҒАЛДАНУ (Гур., Есб.) ірілену, үлкен, зор болу. *Кішкентай ғана бала еді, өзі дығалданып кетіпті ғой* (Гур., Есб.).

ДЫҒЫРЛАҚ (Орал, Чап.) арбаға тиеген шөпті бастырағын ағаштың, бастырықтың тесігі.

ДЫЗЫҒУ (Акт., Қараб.) жан таласу, аптығу, саскалақтау. *Екеуінен бірдей айырылып қалам ба деп жаны дызыққан Жаңыл ойымен әр нәрсені бір қармап, ақыры ақыл тапты. Сөйткенше дызығып иттер де үре бастады* (Т. Ахт. Дала сыры, 34, 69).

ДЫМ I (Алм., Жам.) үн, дыбыс, дауыс. *Аузыңды жап, патшахар, дымыңды шығарма* (Алм., Жам.).

ДЫМ II (Акт., Қараб.; Орал: Чап., Қазт., Маң., Маңғ.; К. орда: Арал, Қаз) тым, аса, өте. *Біз сөзге дым сараңбыз* (Маң., Маңғ.). *Дым қары кісі әңгіме айтып жарыта қоймас* (Маң., Шевч.). *Белағаш советінде ел тәртібі дым босаң* (Орал, Чап. «Екпінді жоғ», 1939, № 2).

ДЫМКОС (Маң., Маңғ.; Гур., Бакс.; Түрікм., Красн.) науқас, ауру, сырқат. *Ол кісі дымқос, бізбен бірге далаға шығып жүре алмас* (Түрікм., Красн.). *Өзі ай жарымнан бері дымқос, үйден аттап шықпаған* (Ж. Нәжім, Кішк., 1975, 15).

ДЫҢҒЫЛ (Орал, Жән.) өрескел,

о жар, дөрекі. О, бала, осындай дың-ғыл мінезді қойғаның жөн болар (Орал, Жән.).

ДЫҢДАИ (Алм.: Кег., Енб. қаз.) тыңдай, тың нәрседей, тың. Көбіне «өтірікті шыңдай, ақсақты дыңдай» деген фразеологизмнің құрамында айтылады.

ДЫҢҚЫЛДАУ (Қ. орда, Арал) дінкілдеу, дікілдеу, зіркілдеу. Бастығым дыңқылдап мазамды ала берген соң, асығып жүріп кеттім (Қ. орда, Арал).

ДЫР I (Гур.: Есб.; Маң., Маңғ.) 1. ірі, зор, үлкен. Балаң дыр жігіт болыпты ғой (Гур., Маң.); 2. (Гур., Есб.; Орал, Жән.) үлкен жуан қамшы. Атқа мінгенде дыр қолға ұстауға қолапайсыздау — кішкентай қамшы ұстау керек. (Орал, Жән.).

ДЫР II (Сем., Ұрж.) зор атакқа, беделге ие ел ағасы адам. Ол өзі бір дыр болған кісі (Сем., Ұрж.).

ДЫР ҚАМШЫ (Қарак., Мой.) жуан қамшы. Дыр қамшы мен бастан тартып кеп жібергенде, қақ айырып түседі екен (Қарак., Мой.).

ДЫРАҢ (Гур., Мақат) ірі, зор, үлкен, дәу. Қонақтарының бәрі өңкей дыраң кісілер екен (Гур., Мақат).

ДЫРАПА (Маң., Маңғ.) биік, үлкен, жуан. Ағаштың да дырапасы болады. Ондай дырапа ағаштар біздің жерге өспейді. Айрақты — дырапатау (Маң., Маңғ.).

ДЫРАУ (Орал: Орда, Жән., Қазт.; Гур.: Есб.; Маң., Маңғ.; Алм., Кег.; Жамб.: Шу.; Акт., Караб.) үлкен, енгезердей, зор, ірі. Қолың керім дырау екен (Гур., Есб.). Дырау қап толы ұн. Дырау жігіт (Маң., Маңғ.). Мен өзім орыс тілін дырау жігіт болған соң оқыдым (Орал, Қазт.). Деуші еді жұрт жас жігіттің бұл дырауы (Т. Жароков. Таңд. шығ., 165). Орал жағында бұл сөздің алдына күшейткіш буын қосылып дындырау болып та айтылады.

ДЫРАУ ҚАМШЫ (Қөкш., Қызыл.; Алм., Кег., Жамб., Шу) өзегін қорғасыннан жасаған үлкен қамшы. Тобылғы сапты дырау қамшысын оңтайлап, ат үстінен шүйліге ұн қатты (Б. Соқп. Біз де бала, 136).

ДЫРАУЫНДАИ (Торғ., Жанг.; Жезк., Ұлы.; Орын.: Ад., Бөр.) енгезердей, ер тұлғалы, ірі, мелжемді. Үйге дырауындай екі жігіт кіріп келді (Торғ., Жанг.).

ДЫРДАИ (Орал., Жән.; Маң., Маңғ.) ересек, ірі денелі (адам туралы). Кеңсе

алдында бір дырдай бала тұр еді, сол сен екенсің ғой. Баласы дырдай жігіт болыпты (Орал, Жән.). Даудың басы қылдай, аяғы дырдай (Маң., Маңғ.).

ДЫРКЫ (Алм., Шел.) күлегеш, күлкішіл (орынсыз күле беретін адам туралы). Дырқы адамды жақтырмайтын мінезім бар (Алм., Жел.).

ДЫРМАН (Маң., Маңғ.) үлкен, зор, ірі. Мынадай дырман жігіттер тұрғанда, басқа адам іздеп қайтесіңіз (Маң., Маңғ.).

ДЫРПАН (Орал, Чап.) үлкен, зор. Дырпан нәрсені қалай жасырарсың? (Орал, Чап.).

ДЫРЫМБАЙ (Қ. орда, Сыр.) зор, ірі, мықты, айтулы (кісі туралы). Бұның екеуі де нағыз дырымбайдың тұқымы (Қ. орда, Сыр.).

ДЫРЫЛДАҚ (Орал, Чап.) бір катушка жіп. Жібі жоқ катушканы да дырылдақ дейді (Орал, Чап.).

ДІБӘЙЛАУ (Қарак., Мой.) алдарқағу, жұбату. Мен баланы дібайлап отырғанда қауынға мал түсіп кетіпті (Қарак., Мой.).

ДІГЕР (Акт., Шалк.; Алм., Шел.) үлкен, жуан, зор. Дігер қамшы. Оның дігер үйі бар (Акт., Шалк.).

ДІГІРЛЕУ (Қ. орда: Сыр., Жал.; Маң.: Маңғ., Шевч.; Торғ., Жанг.) дікілдеу, асықтыру, маза бермеу. Колхоз бригадирі жұмысқа шық деп дігірлеп маза бермеуші еді, енді әркім жұмыс бер деп дігірледі (Қ. орда, Сыр.). Жабысып етегінен жібермеді, Бітір деп арманымды дігірледі (Рүст. Даст., 175). Өзің дігірлеп шайымызды да тыныш ішкізбең ғой (Маң., Маңғ.).

ДІГІРМАН (Түрікм., Таш.) диірмен. Со кезде төне бір тұста дігірман болыпты (Түрікм., Таш.).

ДІГІРШІК (Маң.: Маңғ., Шевч.; Түрікм., Красн.) арбаның дөңгелегі. Екіаяқ арбаның екі дігіршігі болады (Маң., Маңғ.). Ноғай тілінде — дегершик.

ДІЛ (Жамб.: Тал., Сар., Шу) көңіл, ниет, ой, пікір. Бұл сөз менің діліме келген жоқ (Жамб., Тал.). Тұшпандар қарғап жатыр ма, Содан ары өлгін деп? Ақ еді ділім еліме, Жалынам тілек бергін деп (Жамб., Шу).

ДІЛБАС I. (Қар., Шет; Павл., Май; Қөкш., К. ту) түйенің көмейінен ауыратын ауруының аты. Біздің саратанның көмейі ділбас боп аузынан шөп бүркіп жүр (Қар., Шет); 2. (Торғ., Жанг.)

адамда болатын ауру, тамақ ісіп, қызарып ауыруы.

**ДІЛМАР** (Шымк., Түлк.; Торғ., Жанг.) тілмар, сөзуар, шешен. Ол бір ділмар адам (Торғ., Жанг.).

**ДІЛУАР** (К. орда: Жал., Қарм.; Жамб., Сар.) тілмар, шешен, сөзшен. Осы колхоздың бір ділуары — осы кісі (Қ. орда, Қарм.).

**ДІМКӘСТАНУ** (Торғ., Жанг.) науқастану, сырқаттану. Соңғы кезде сәл дімкәстанып жүрмін — көп ас та батпайды (Торғ., Жанг.).

**ДІМКЕС** // **ДІМКЭС** (Торғ., Жанг.; Жезк., Ұлы.) сырқат, науқас, дерт, ауру. Бойында дімкәсі бар адам ыстықта жұмысқа жарай ма? (Торғ., Жанг.).

**ДІН АМАН** (Жамб., Жам.) түгел аман, тегіс аман. — Қалай, ақсақал ауылыңыз аман ба? — Дін аман (Жамб., Жам.).

**ДІҢ** (Торғ., Жанг., Аман.; Ақт., Қараб.) құладүз, жазық даладағы дөң, төбе, шоқы. Анау көрінген діңге шықса, алыстағының бәрі көрінеді. Қостанайдан Торғайға қарай жүргенде жол үстінде Көкйық деген дің бар (Торғ., Жанг.). Бұл сөз Торғай төңірегіндегі кей жер аттарында да кездеседі. Текенің діңі, Екі дің т.б. діңдей // дыңдай: діңдей екі жігіт, дыңдай екі жігіт дегендегі түбір дің-, дың- осы сөзбен төркіндес болу керек.

**ДІНДЕЙ** (Сем.: Ақс., Көкп.; Алм., Іле) дыңдай, үлкен, зор. Өзің діңдей жігіт болыпсың ғой (Сем., Ақс.). Қарт адам болсам да газет оқуға діңдеймін (Алм., Іле). Бұл сөз өзге өңірде дыңдай деген үлгіде ұшырайды.

**ДІҢКӘСІ ҚҰРУ** (Шымк., Арыс) дінкесі құру. Аптан діңкәсі құрып шар-

шаған көрінеді жеткен жерім осы деп отыра кетіпті (Шымк., Арыс).

**ДІҢКЕ** (Сем., Ұрж.) қауын. Біз Николайдан тоғыз діңке алдық. Діңкесі тәтті екен (Сем., Ұрж.).

**ДІРЕБЕН** (Көкш., Қызыл.) арбаның сатысы.

**ДІРЕК-ДІРЕК** (К. орда: Сыр., Жал., Қарм.) дірдек-дірдек. Мұздай суға түсіп дірек-дірек етіп тұрған түрі — анау (К. орда, Қарм.). Бір итке жегізіп ет табанда өлді Қан кетіп мұрынынан дірек-дірек (Т. Ізтілеуов. Рүстем дастан, 197).

**ДІРМӘН** (Шымк., Мақт.; Алм., Еңб. қаз.) дәрмен, күш-қуат, эл. Аптан дірмәнім құрып шаршап отырмын (Шымк., Мақт.). Дірмәным қалмады (Алм., Еңб. қаз.). Қайтейін, амал қанша, өзімнен дірмән кеткен соң, әр жерге арыз түсіріп ақырын күтіп отырмын (Алм., Еңб. қаз., «Үлгілі колхоз», 1934, 18 шілде, № 26).

**ДІРІ** (Сем.: Көкп., Ақс.) тірі. Сталинград соғысынан кейін немістің ол генералының өлі, дірі екені белгісіз боп қалды (Сем., Көкп.).

**ДІТ** (Шымк.: Сайр., Түлк., Қызылқ.; Жамб., Шу) пікір, ой, ниет. Сенің көздеп отырған дітің не? Соныңды айтыш (Шымк., Сайр.). Делдал мал сатушыны дітіне келтірмейді (Шымк., Түлк.). Дітіңді бітелемей білдіре айтыш, Саласың қандай қолқа, тегі, маған (Жамбыл).

**ДІТТЕУ** (Алм., Шел.) ойлау, жорамалдау, топшылау. Балдарың четінен оқуға джақты ғой деп діттеймін (Алм., Шел.).

## Е

**Е** (Сем., Аяг.) небір. Бұл дүниеде е жақсы адам өткен емес пе! (Сем., Аяг.).

**ЕБДЕЙ** (Орал, Чап.) мүсін, тұлға, тұрпат. Адамның ебдейі дұрыс емес, әр нәрсені ойлап, бір қалыпта тұрмайды (Орал, Чап.).

**ЕБДЕЙСЕК** (Орал, Чап.) ебдейсіз, икемсіз. Ебдейсек ересектер тасығалы, Шараны шайқап ұстап асығады (Х. Ерғ., Құр., 75).

**ЕБДЕПСІЗ** (Торғ.: Жанг., Аман.) икемсіз. Аты бір нәрседен бесең алып,

жалт бергенде Шермектің ебедейсіз тақымы қолбаң етіп, ер-тоқымды құшақтай атан қалпақтай ұшқан секілді болды (Б. Майл., Шығ., 3).

**ЕБЕЙ** (Торғ., Жанг.) шығырдың дөңгелегі тұратын ойық. Тегеріш (қ.) тұратын орынды ебей дейді (Торғ., Жанг.). Ебей шығыр дөңгелегінің имесі, айнала көрінісі. Көлік ебейдің айналасынан аспайды. Шығырға жеккен көлік жүргенде ебей қозғалып айналады (Торғ., Жанг.).

**ЕБЕЛЕК** (Торғ., Жанг.) егін машина-

сының айналып тұратын ағаш қалағы. *Мына машинаның ебелегі өте әдемі екен* (Торғ., Жанг.).

**ЕБСЕК** (Торғ., Жанг.) икем, еп. *Ол қолының ебсегі бар адам* (Торғ., Жанг.).

**ЕБІ** (Шығ. Қаз., Зайс.; Алм.: Шел., Епбказ.) шығыстан соғатын қатты жел. *Тарбағатайда ебі желі болып тұрады* (Шығ. Қаз., Зайс.). *Төрт күннен бері ебінің желі тоқтамай соғып тұр* (Алм., Шел.).

**ЕГА** (Жамб., Жам.) не, қожа. *Бұл тананың егасы кім?* (Жамб., Жам.). К. еге.

**ЕГАЛАНУ** (Жамб., Жам.) не болу, нелену. *Бұрын жерді байлар егаланған* (Жамб., Жам.). К. егелену.

**ЕГАР** (К. орда, Арал) егер. *Егар, Смағұл сен келсең, мен сенімен конторға еріп барам* (К. орда, Арал).

**ЕГДЕРУ** (Маң., Маңғ.) егделену, москал тарту. *Мен Ақбөбекті егдәуір егдеріп қалған кезінде көрдім* (Маң., Маңғ.). *Бір күні жасы егдеріп кеткенмен ажары таймаған неміс әйелі есік қақты* (Ә. Кекіл., Құс., 245).

**ЕГЕ** (Жамб.: Св., Сар.; К. орда: Сыр., Жал., Қарм., Шиелі.; Шымк., Қызылк.) не. *Мынау аттың егесі қайда?* (Жамб., Св.). *Бұрын бұл жердің егесі қарақалпақ ел болған* (К. орда, Сыр.). *Бұл үйдің егесі — мен, кімнің қандай шаруасы бар?* (Шымк., Қызылк.). *Қолхоз малын жақсы өсіру нәтижесінде стахановшы деген ұлы атқа еге болды* («Екп. жол», 2. III. 1938).

**ЕГЕ ДЕСЕҢ** (Сем., Абай) неге десен.

**ЕГЕП** (К. орда: Сыр., Жал.) тірек, камкөр. *Тұрмағамбет ақын ел егейі еді* (К. орда, Сыр.).

**ЕГЕП ТӨС АТ** (Торғ., Жанг.) арба, шанаға мықты ат. *Егей төс ат деп арба, шананың мықты атын айтады* (Торғ., Жанг.).

**ЕГЕЛЕНУ** (Жамб.: Там., Луг.; Шымк.; Түрк.: К. орда: Жаңақор., Шиелі) нелену. *Соның нәтижесінде колхозшылар арасында жұмысқа шықпай тек колхоз мүшесі деген атақты егеленіп жүргендері жоқ емес* (Стах», 23. V. 1939). С. А. Аманжоловта: *егелену* «статья владельцем, присвоить». «Екпінді», 15. III. 35 (С. А. Аманж., ВДийКЯ).

**ЕГЕР** (Шымк., Мақт.; Түрікм., Таш.) ер. *Егерді алып кел* (Шымк., Мақт.).

**ЕГЕРЛЕУ** (Шымк., Сарыағ.) ерттеу.

*Атты егерле, тез жүрейік* (Шымк., Сарыағ.).

**ЕГЕРШЕ** К. орда: Қарм., Сыр.) ершік. *Аттың егершесін жөндеп отырмын* (К. орда, Қарм.).

**ЕГЕРШІЛІК** (Жамб., Шу) ескі қазақ өмірінің жағымсыз жақтарымен байланысты іс-әрекет, қылық. *Сіз егершілікке кіріп кетіңіз ғой* (Жамб., Шу).

**ЕГЗЭЙПТІ КІСІ** (Орал, Қазт.) ерлі-зайыпты.

**ЕГІЗ-ТЕГІЗ** (К. орда: Арал, Қарм., Сыр.) 1. егіл-тегіл. *Не керек, егіз-тегіз болып жылап қалды* (К. орда, Арал); 2. ағыл-тегіл, мол. *Күз айы астықтың егіз-тегіз боп жататын уақыты* (К. орда, Қарм.).

**ЕГІНДІ АЯҚҚА БАСТЫРУ** (Қарак., Тахт.) астық басу. *Біздің колхоз егінді аяққа бастырғанына міне бірнеше күн өтті* (Қарак., Тахт.).

**ЕГІН ҚЫРҚУ** (Көкш., Қызыл.) астық ору. *Оңтүстік облыстарда бізден гөрі егінді ертеден қырқады* (Көкш., Қызыл.).

**ЕГІННІҢ ҚАРАСЫН БАСУ** (К. орда: Сыр., Шиелі, Қарм.) егісті бірінші рет суару. *Май — июнь айларында егіннің қарасын басамыз* (К. орда, Қарм.).

**ЕГІН ТАҚТА БОЛУ** (К. орда: Қарм., Сыр.) егіннің бас тартуы. *Егін тақта бола бастады* (К. орда, Қарм.).

**ЕГІН ҰШЫП КЕТУ** (Қарак., Тахт.) егінді суық ұру, үсік жүру. *Былыр колхоздың егіні ұшып кеткен еді* (Қарак., Тахт.).

**ЕГІН ШАШУ** (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Қош.) егін егу. *Шүй бойына егін шашылмайды* (Тау., Қош.).

**ЕГІН ШОЛА** (Сем., Абай) селдір. *Былыр егін шола болған еді* (Сем., Абай).

**ЕГІС ЕГУ** (Маң., Маңғ.) егін егу. *Биыл колхоздарың неше гектар егіс екті?* (Маң., Маңғ.).

**ЕГІС СУЫ** (Түрікм.: Таш., Мары) техниккалық егіс егілетін жерге оның тұқымын, көшетін отырғызбастан бұрын берілетін су.

**ЕҒЛАН** (Қост., Об.) хабарландыру, құлақтандыру. *Басқарма жиналыс болатыны туралы бізге еғлан қылған* (Қост., Об.).

**ЕДЕЙ** (Орал, Қазт.) жаза, сазай. *Бері келші едейінді берейін* (Орал, Қазт.).

ЕДЫРА (Түрікм.: Таш., Ашх., Мары) кенсе. *Сенің едыраңа барып шығып едім, өзің жоқсың* (Түрікм., Таш.). Түрікменше — *эдара* (Рус.-туркм., сл., 1956). Өзбекше — *идора* (Узб.-рус. сл., 1959). Ұйғырша: *идара* — контора, учреждение» (Ұйғ.-рус. сл., 1968).

ЕЖА // ЕЖЕ ие. (С. А. Аманж., ВД и ИКЯ).

ЕЖЕ I (Жамб., Мер.) нағашы апа. Бұл сөз кыргызбен шектес Мерке, Қордай аудандарында қолданылады. Кыргыз тілінде *еже* — апа мағынасында.

ЕЖЕ II (Түрікм., Мары) ең. *Түйе еже шетке шығып жайылып жүр* (Түрікм., Мары). *Майданноң еже алдында боламын мен, Келе алмас біздің қолға ешбір жау тең* («К. жолы», 7. VIII, 1941). Башқұртша *ызан* — шек, шекара. Ертедегі түркі жазба ескерткіштерінде: *исре* — шеткі, шегіне жеткен, ең алыс, *исра* — соңы, ақырғы шегі; *исре* — тысқары, шектен тыс (А. Құрыш., ИЛТАС, 118).

ЕЖІГЕИ (Сем.: Абай, Ақс., Шұб.; Шығ. Қаз., Больш.; Көкш.: Чкал., Уәлих.) жас сүзбеге ірімшік қосып жасалған майлы, дәмді құрт. *Жарма құрт ежігейден жасалады* (Сем., Ақс.).

ЕЖІЛ-ҒОЖЫЛ БОЛУ (Торғ., Жанг.; Жамб.: Шу, Мойын.) мең-зең болу, мыжмыж болу. *Кешегі мәжілістен кейін ежіл-ғожыл болып қалыпты* (Торғ., Жанг.).

ЕЖІЛ-ҚОЗЫЛ БОЛУ (Торғ., Аман.) сыр айтысып шүйіркелесу. *Шұға жәй сөйлескені болмаса, Әбдірахмаңмен оңша ежіл-қозыл бола алмады* (Б. Майл., Шығ., 168).

ЕЖІРЕ ҚЫЛУ (Жамб.: Шу, Мойын.) келісу, уәделесу. *Қалың малы 47 босын деп ежіре қылыпты* (Жамб., Шу).

ЕЗГУ (Көкш.: Шуч., Еңб.) білімді, мейірбанды. *Біздің үйде де былтыр бір езгу адам жатқан* (Көкш., Шуч.). *Ләззәттің осы еді шын ашынғаны, Толқыған ой теңізі басылмады. Ақтарып салды ортаға барлық сырын, Шындығын езгу жаны жасырмады* (К. Аманж., Шығ., I, 329).

ЕЗЕУРЕУ (Қост., Об.) ашулану, ызылану. *Ол онда аса езеурей барған екен* (Қост., Об.).

ЕЗМАЛТА (Сем.: Ақс., Көкп.) жарымес, нақұрыс. *Соның өзі езмалта болғаннан сау ма?* (Сем., Ақс.).

ЕКЕН-САЯҚ (Сем.: Аяғ., Көкп., Ақс.; Тау., Қош.; МХР, Баян.) некен-саяқ, си-

рек. Бұл сөз біздің өңірде екен-саяқ қолданылады (Сем., Көкп.).

ЕКЕНШЕ (Алм.: Жам., Шел.) кішігірім қап. *Бір дейліше (қ.) тарыны екі екеншеге бөліп салып, аузын тігіп, жүк астына жиып тастадым* (Алм., Жам.).

ЕКПЕ ЖУА (Торғ., Жанг.) пияз. *Етке екпе жуа тураса, дәмді болады* (Торғ., Жанг.).

ЕКПІНДІ АҚ СУ (Жамб., Мер.) тау суы. *Қара судан гөрі екпінді ақ су тез ағады* (Жамб., Мер.).

ЕКСЕ (Шығ. Қаз., Больш.) кенде, зәру емес. *Біздің колхоз мал мен жерге ексе емес* (Шығ. Қаз., Больш.).

ЕКСІМ (Торғ., Жанг.) бір нәрсенің салқыны; елегізіп кететін қызбалық. *Өзімнің ексімім бар, сондайды көрсем шыдай алмаймын* (Торғ., Жанг.). *Бір нәрсенің ексімі тигендей есіп сөйлеп тұрған алпамсадай жігіт демде басылып, қабағы түсіп, томсарып қалды* («Жұлд», № 10, 1988). *Ексім жел. Бізғарлы, суық жел. Ысқырған ексімді жел арбаған қу қаңбақты домалатып, ескі апандарға, сай жырасына малша шіріп, тыға түседі* (Б. Майл., Шығ., 354).

ЕКСІМДЕНУ (Торғ., Жанг.) тез көтерілу, өкілену. *Неге босқа ексімденесің* (Торғ., Жанг.). *Екілене ескектеген обыр неме ексімдене соғып, ілгері жібермейін дегендей, әлсін-әлсін өңменіңнен кәдімгідей кері итереді* («Жұлд», № 4, 1988).

ЕКСІМДЕУ өкілену «открываются, действовать с удвоенной энергией» (С. А. Аманж., ВД и ИКЯ).

ЕКШЕ (Шымк., Мақт.) кимешек. Бұ жақтың *екшесінің құйрығы аяғының басына түседі* (Шымк., Мақт.). С. А. Аманжолов мұны: «В лит-рном языке обозначает «отсеять», «отбирать», а здесь: кимешек — вышитый женский головной убор, носимый под жаулықом т. е. под верхним головным убором (С. А. Аманж., ВД и ИКЯ) деп түсіндіреді.

ЕКШЕЙ КӨРСЕТУ (К. орда, Арал) мейлінше анық, дәл көрсету. *Ауданымыздағы саяси-үгіт жұмысының нашар екендігің екшей көрсеткен* (К. орда, Арал).

ЕКШЕНДІ (Жезк., Ұлы.) қорытынды. Сонымен, жолдастар, азаматтар! ...*Кейінгі сөздің екшендісі сол* (С. Сейф., Шығ., V, 54).

ЕКІ АҒАЙЫНДЫ (Алм.: Шел., Еңб-

каз; Жамб., Қорд.) ақпан айының жергілікті жердегі аты.

ЕКІАҚА (Алм., Шел.) екі ашалы ағаш айыр. Ақасының сиына қарай екі ақа ұшақа деп айта береміз (Алм., Шел.).

ЕКІ АРЫС (Павл., Ерт.) бір атты арбаның жетегі. Арбаның оң жақ екі арысын кеше сындырып алдым (Павл., Ерт.).

ЕКІ АСЫРУ (Түрікм., Красн.) малды екі күннен кейін суару. Су тапшы болған соң, қыста малды екі асырып та суғарамыз (Түрікм., Красн.).

ЕКІ АЯҚТЫ АРБА (Көкш., Қызыл.; Торғ., Жанг.) екі дөңгелекті арба. Қолға екі аяқ арба түсіріп алса, өте жақсы болар еді (Көкш., Қызыл.). Екі аяқ арбаға жеккен қарны кебежедей қара биенің үстінде жарбиып Қасым келе жатыр (Б. Майл., Шығ., 187).

ЕКІБАСТАН 1. (Ман., Маңғ.; Гур., Есб.; К. орда: Арал, Сыр., Жал.) сөзсіз, даусыз. Беретің ұның, екі бастан, былай тұр ғой (Ман., Маңғ.). Балам, екі бастан, семьяң бар болар (К. орда, Сыр.); 2. (Акт., Қараб.) бұрыннан, әуелден. Екі бастан қой бағып, осы дәрежеге жетіп отырмын (Акт., Қараб.).

ЕКІ ЕСЕПТЕН (Ман., Маңғ.) сөзсіз, міндетті түрде. Олар менің келгенімді екі есептен білді ғой! (Ман., Маңғ.).

ЕКЕСТІ (Алм.; Шел., Еңбқаз.) есерсоқ, әңгүдік, есалаң.

ЕКІ ЖАҢҒЫЗ (Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Кош.) бірлі-жарым, бірен-саран. Біздің елде екі жаңғыз кісінің ғана ол кезде сауаты бар болар (Тау., Кош.).

ЕКІ ЖҮЗДЕМЕ (Сем.: Абай, Шүб.) екі жүзді, монтаны. Оңдасын өз басынан жақсылығы аспайтын екі жүздеме кісі (Сем., Абай).

ЕКІ ҚАТАР ҮЙ (Орал, Чап.) екі қабат үй. Былтырдан бері екі қатар үйде тұрамыз (Орал, Чап.). Ақчуриндердің екі қатар тас үйлерінің ішкі жағы биік дуал (Х. Есенж., Ақ Жайық, I, 78).

ЕКІ ҚҰЛАҒЫ ТӨРТ БОЛУ (Ман., Маңғ.) тағатсыздана хабар күту, елеңдеу. Үйінде екі құлағы төрт болып, шешесі отыр (Ман., Маңғ.). Тек төңеректен хабар тосып, екі құлағы төрт болып, елеңдесіп отырған хан ауылына, тезірек жеткілері келген (Ә. Кекіл., Үркер, 33).

ЕКІІ (Жамб.; Қорд., Шу) жігерлі, қайратты. Жас кезімде мен екіл едім (Жамб., Қорд.).

ЕКІНДІ (Орал, Жән.) намаздыгер. Біз екінді намазын оқып қойдық (Орал, Жән.). Сол күні екінді әлетінде Жәкең тас шоқының басына шығып, кең алқапқа көз жіберді (Б. Майл., Шығ., 171).

ЕКІНШІЛЕЙ (Павл., Үрлі.; Түрікм., Красн.) екіншідей. Үлкендігі екіншілей екен (Павл., Үрлі.). Сыбағасын алғаннан кейін ол екіншілей ондайға жоламайтын болды (Түрікм., Красн.). Оқа жоқ, бұл сабақ болды, екіншілей осыны есіңнен шығарушы болма! (Б. Майл., Шығ., 363).

ЕКІ ОҚТЫЛАУ БОЛУ (К. орда: Арал, Сыр.) екі ойлы болу, толқу. Айтарын айтсам да, барар-бармасым екі оқтылау болып тұр (К. орда, Арал). Әйел орнынан ұшып тұрса да, әлденеден ұялып, тақтаға барар-бармасын білмей екі оқтылау болып тұрды (Б. Майл., Шығ., 60).

ЕКІ ПАЙ (Торғ., Жанг.) екі ұдай. Сол кезде ел екі пай болып тұр еді (Торғ., Жанг.).

ЕКІ ТАРЫП БОЛУ (К. орда, Сыр.; Шығ. Қаз., Больш.; Тау., Кош.) екі жақ болу. Бұрын байлар екі тарып болып айтысатын да жататын (К. орда, Сыр.). Ол кезде Шүй қазақтары екі тарып болып, өзара айтысушы еді (Тау., Кош.).

ЕКІ УАҚ (Алм., Шел.) екі мезгіл, екі дүркін. Әйел ауладан екі уақ отын әкелді (Алм., Шел.).

ЕЛ АУЗЫНА ЕЛЕК ҚОЮ (Жезк., Шет.) ел аузына қақпақ болу.

ЕЛ АУЗЫНА ЕТЕК ТЫҚПАҚ БОЛУ (Ман., Маңғ.; Орал: Жән., Жымп.; Акт., Қараб.) ел аузына қақпақ болу. Мені өсектеді деп елге кінә қоюға болмайды, ел аузына етек тықпақ бола ма, айта берсін, өздері қояды (Ман., Маңғ.). Не десе о десін, ел аузына етек тықпақ бола алмаймыз (Акт., Қараб.).

ЕЛБЕЗЕК ұшкалақ «легкомысленный» (С. А. Аманж., ВД и ИКЯ).

ЕЛБЕЛЕК көбелек «бабочка» (С. А. Аманж., ВД и ИКЯ).

ЕЛБЕЛЕУ елбелендеу «летать медленно, подобно бабочке» (С. А. Аманж., ВД и ИКЯ).

ЕЛБЕТ (Ман., Маңғ.) бет пішіні, әлпет. Жылқыбектің елбеті жақсы емес еді (Ман., Маңғ.).

ЕЛБЕУ ілбу «ходить чуть переступая с ноги на ногу, плестись» (С. А. Аманж., ВД и ИКЯ).

ЕЛГЕЗЕК (Ман., Маңғ.) жүрдек. Мынау бір елгезек ат қой (Ман., Маңғ.).

ЕЛГЕЗЕР (Торғ., Жанғ.; Алм.: Кег., Жам., Еңбқаз., Нар.; К. орда: Сыр., Жал., Арал.; Жамб.: Жуа., Шу) елеуіш. Жәкен елгезерді бере тұрғын, үн елеп алайын (Алм., Кег.). Кіші апамдардың елгезерін әкеп, азырақ нан ашытып қоймасам, таңертең шайға салатын ештеңе жоқ, — деді жеңгем (Б. Сок., Біз де бал бол., 106).

ЕЛДІҢ БАСЫН ҰСТАУ (Тау., Кош.) басқару, басшылық ету. Бекетай зйтеуір көп жылдан бері осы елдің басын ұстап тұр ғой (Тау., Кош.).

ЕЛЕБІ кейпі, пішіні, бет ажары (С. А. Аманж., ВД и ИҚЯ).

ЕЛЕГЕН (Алм.: Кег., Еңбқаз., Шел.; Шымк., Түлк.; Сем.: Абай, Шуб., Көкп., Аяғ., Ақс.; МХР, Баян.) леген. Елегенге арпа салып, атқа апарып берді (Алм., Кег.). Парсы тілінде: *ләгән* — шылпашын, жуынды-шайынды құятын ыдыс (Қр. перс.-рус.-азерб. сл., 1945).

ЕЛЕК 1. (Жамб.: Жуа., Жам.; Маң., Маңғ.; Орал: Жән., Қарат., Чап.; Ақт.: Қараб., Ойыл, Ырғ.; Шымк.: Шәу., Қызылқ.; Орын.: Бөр., Ад.; Түрікм.: Красн., Таш.) елеуіш. Астықты (қ) електен өткізіп алу керек (Шымк., Қызылқ.). Анау үйден елек әкелші, айнал! (Ақт., Ойыл.); 2. (Қост., Жетік.) бидайдың қауызы. Қазақта «тарыдан — кебек, бидайдан — елек» деген нақыл сөз бар (Қост., Жетік.).

ЕЛЕК-ҚАЛАҚ (Жамб.: Жуа., Жам.) елең-алаң, алагеуім. Ертең елек-қалақ болғанша істейміз (Жамб., Жуа.).

ЕЛЕМЕ (Шығ. Қаз., Қатон.) кебек. Бұрын қол сүртуге елеме беретін (Шығ. Қаз., Катон.).

ЕЛЕМЕК (Гур., Есб.) елеуіш. Сағынғалы-ай, ар жағыңда тұрған елемекті әкелші (Гур., Есб.).

ЕЛЕҢ-ҚАЛАҢ (Талд., Талд.) ұшып-қонып жүретін, жеңілтек.

ЕЛЕТ (Жамб., Шу) үрім-бұтақ, әулет. Батыр өзінің елетімен Іле бойында жүреді (Жамб., Шу).

ЕЛПЕК I (Шығ. Қаз.: Больш., Зайс.) елгезек, тіл алғыш. Мен өзім біре лпек адаммын (Шығ. Қаз., Зайс.).

ЕЛПЕК II (Жамб., Жуа.) жұмсақ (С. А. Аманж., ВД и ИҚЯ).

ЕЛПЕК АТ (Шығ. Қаз., Больш.) жүрдек ат. Мәденнің мінгені аты елпек ат екен (Шығ. Қаз., Больш.).

